



**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЛАШТЫҢ  
РУХАНИ КӨСЕМІ»**

*халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының материалдар  
жинағы*

Нұр-Сұлтан, 2022

УДК 80/81  
ББК 80  
А 23

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы*

А 23

«Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы // *Құраст. С.Есіркеп, Г.Мұқан* // – Нұр-Сұлтан, 2022. – 300 б.

ISBN 978-601-7390-02-0

Жинаққа Нұр-Сұлтан қаласында 2022 жылғы 25 ақпанда өткізілген Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның баяндамалары енгізілген. Бұл еңбектерде қайраткер ғалымның жан-жақты мол мұрасы туралы ғылыми пікірлер мен тұжырымдар айтылып, қазіргі кезеңдегі өзектілігі сөз етілген. Сондай-ақ, оның күрескерлік өміріне және шығармашылық тұлғасына байланысты деректік мәліметтерге құрылған материалдар да қамтылған.

Жинақ ғалымдарға, мұғалімдерге, білім алушыларға және ұлт рухани-жыты қызықтыратын жалпы көпшілік қауымға арналған.

УДК 80/81  
ББК 80

ISBN 978-601-7390-02-0

## АЛҒЫ СӨЗ

Сан ғасырлық тарихымыздағы айрықша тұлғалардың ұлт алдындағы еңбектерін бағалау – біздің мәдениеттілігіміздің айғағы. Ахмет Байтұрсынұлы сияқты барша саналы ғұмырын халқының азаттығы мен теңдігіне, рухани құндылықтарының қалыптасуы мен жаңғыруына арнаған қайраткер қаламгердің мерейтойын өз деңгейінде лайықты атау әрі тағылым, әрі тағзым.

Ахмет Байтұрсынұлы және жалпы Алаш қайраткерлері ХХ ғасырдың басында туған халқы үшін барлық дәуірлік өзекті жұмыстарды атқарды дей аламыз. Қазақ тарихы үшін Жаңғыру дәуірі болған осы кезеңде Алаш ұлт-азаттық қозғалысымен бірге олар ұлтының жаңа мәдени деңгейге көтерілуі үшін де күресіп, бұл салада аса ірі нәтижелі жұмыстарды орындады. Ақаңның өзі алғашқы ұлттық әліпбиден бастап, тілдің басты салаларының ғылыми негізін қалады. Сонымен қатар қазақ әдебиеттануы мен қазақ тілінің әдістемесіне бағыт сілтеді. Алаш қозғалысының бастауында тұрып қайраткер ретінде саяси серіктерімен бірге алдымен Алаш автономиясына, кеңестік кезеңде Қазақ автономиясына қол жеткізді. Сондықтан біз Ахмет Байтұрсынұлын ұлт ұстазы ретінде де, ұлт күрескері ретінде де ерекше бағалаймыз.

Бүгінгі 150 жылдық мерейтойы Ахаң мен оның замандастары, рухтастары егемендігін арман еткен туған елінде, сондай-ақ алыс шетелдерде кең көлемде аталып өтпек. Жыл бойы Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына арналған шаралар Қазақстанның барша аймағында, оның ішінде киелі Түркістан жерінде, сондай-ақ, Ыстамбұлда тойланғалы отыр. Ұлт көсемі, қазақ ғылымының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО-ның 41-ші Бас

конференциясының арнайы қарарымен 2022-2023 жылдарға арналған халықаралық мерейтойлар тізіміне енгізілгені де зор қуанышымыздың бірі. Халықаралық деңгейде мерейтойдың Париж сияқты жалпы әлемнің мәдени астаналарының бірінде өткізілуі – еліміз үшін үлкен мәртебе.

Бұл халықаралық конференция еліміздегі Ахмет Байтұрсынұлына арналған шаралардың беташары – алғашқы ашылу салтанаты. Бұған еліміздегі және шетелдік ахметтанушы ғалымдар, тілтану, тарих т.б. ғылым салаларындағы белгілі зерттеушілер қатысып, ахметтану ғылымының әрі қарай дамуына игі ықпалын тигізіп отыр. Конференцияға ұсынылған баяндамалар мен мақалалардың тақырыптары да сан алуан, соған сай ахметтануда жаңа бағыттардың пайда болуына жол да ашыла бермек. Ғылымының өрісі кеңейсе, өнеге де артар. «Ғылым мен өнер елсізді елдіге, жоқты барға теңгереді» демекші, ғылым жолында еткен істің берекелі болмағы – үлкен абырой, игіліктің өзі.

Конференцияда отандық және шетелдік ғалымдардың баяндамалары тыңдалып, Ахмет Байтұрсынұлының күрескерлік және шығармашылық жолына ғылыми баға берілді. Ғылыми жиында айтылған тың ғылыми пікірлер ахметтануға өзіндік үлес қосарына сенім мол. Дарыны жан-жақты тұлғаның өмірі мен мол мұрасын тану арқылы біз халқымыздың болмысын, тарихын және рухани әлемін біле түсеміз.

Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы бізді елшілдікке, ұлттық ұйысуға, білім әлеміне үндейді. Бұл біз үшін қашанда аса маңызды.

## ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БІРІЗДІЛІК ТУРАЛЫ

*Мәмбет Қойгелдиев*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің профессоры,  
ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы*

1933 жылы ақпанның суық аязында Архангельскіде абақтыда отырған Ахмет Байтұрсынұлы саяси қуғындағы зиялыларға көмек қорының басшысы Екатерина Павловна Пешковаға жолдаған өтініш хатында «Мен қазақ халқын ағарту жолында 34 жыл бойы қызмет атқарған педагогпын, менің бұл қызметім ағартушылық қызметке қажет ғасырлар бойы қалыптасқан даярлығы бар басқа мәдениетті елдердің педагогтарының қызметінен мүлдем бөлек жағдайда өтті. 1905 жылғы революцияға дейін қазақ тілінде жазуға, оқуға, білім алуға рұқсат берілмеді, сондықтан да бұл тілде ағартушылық қызметті жүргізуге мүмкіндік туғызатын қарапайым даярлық та болған жоқ, яғни оның алфавиті, орфографиясы, грамматикасы, тіл теориясы, оқулықтары, баспа әдебиеті, газеттері болған емес. Маған осылардың бәрін жаңадан жасауға және негіздеуге тура келді, өйткені 1905 ж. соң тілге берілген еркіндік менің шығармашылықтағы қуатты шағымға тұс келген еді.

Мен ағартушылықты қоғамдық-мәдени, публицистикалық, әдеби қызметпен байланыстырған педагогпын, сондай-ақ езгіге түскен ұлттың перзенті ретінде қызметімді белгілі бір идеямен – қазақ халқын күрес арқылы, ұлттың мәдениетін және сана-сезімін көтеру арқылы билік құрған жүйеден құтқару идеясымен ұштастырдым. Сол үшін де патшалық тұсында түрмеде отыруға, жер аударуды бастан өткеруге тура келді. Мен, қоғамдық дамуда артта қалған ұлттың ұлы ретінде құлшына жұмыс істедім, қазақ халқын ағарту ісіне бар күшім мен қабілетімді, тіптен денсаулығымды сарқа еңбек еттім. Енді міне тағдырдың жазуымен қазақ халқына атқарған осы еңбегімнің өтеуіне қартайған шағымда (62 жастамын) 20 ай түрмеде, 22 ай концлагерьде жүрмін» [1], – деп жазды.

Бұл хаттан мынадай екі жағдайды анық байқауға болар еді және оларды күрескер тұлға анық білдіріп те отыр. Біріншіден, азаматтық ұстанымы және кәсібі тұрғысынан ол ең әуелде ағартушы екендігін, сондай-ақ, бұл қызметін туған халқына арнағандығын, екіншіден, осы қызметі үшін бұрынғы патшалық және жаңа советтік биліктер жүйесінен қуғын-сүргін

көріп келе жатқандығын жеткізуі еді. Сонымен бірге бұл арада, әрине, мынадай бір жағдайды да ескерген артық емес. Ол қайраткердің өзі өмір сүрген кезеңде қазақ қоғамында қалыптасқан жағдайға байланысты ағартушылық және шығармашылық қызметін туған елін әділетсіз отарлық жүйеден құтқару ісімен, яғни саяси қызметпен байланыстыруға мәжбүр болғандығын білдіруі еді. Қорыта айтқанда, хаттағы орталық идея ол, әрине, азаттық идеясы, өз ретінде бұл идеяға екі жүйенің де, патшалық және советтік, қарсы болғандығын автордың зор өкінішпен жеткізуі еді.

**А.Байтұрсынұлы және патшалық режим.** Біздің қолымызда ССРО Бас Прокуратурасына тиесілі қордан алынған құжат. Ол Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінде (ГАРФ) сақтаулы [2].

Іске байланысты берілген мәліметтен оның 1909 жылы, яғни патшалық билік тұсында полиция департаменті тарапынан ашылғанын аңғаруға болады. 39 беттен тұратын бұл істе 1909 жылдың 26 июлінен келесі 1910 жылдың 6 мартына дейінгі аралықтағы Ахмет Байтұрсынұлының сот ісіне қатысты құжаттық материалдар тіркелген. Тіркелген құжаттардан патшалық әкімшіліктің архив ісін жүргізуде жоғарғы мәдениет қалыптастырғанын байқауға болады.

Істегі материалдар қамауға алынған А.Байтұрсынұлы туралы мәлімет берілетін анкетадан басталады. Советтік кезеңге тиесілі тергеу материалдары да осы тәртіпті еске салады. Тергеу ісі бойынша тіркелген құжаттық материалдар осы анкетадан басталады. Бұл арада екі жүйедегі саяси полиция қызметі арасындағы сабақтастық қатаң түрде сақталғандығы байқалады. Сонымен анкетадағы мәліметтер бойынша патшалық полиция органы қамауға алған Ахмет Байтұрсынұлы кім?

Айыпталушы ретінде жауапқа тартылған қырғыз (қазақ – *авт.*) Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов Қарқаралы қаласындағы орыс-қырғыз училищесінің бұрынғы меңгерушісі. Қамауға алынған кісі туралы алғашқы мәлімет «Лит.А» деген белгімен 1909 ж. №226. 11 июльде берілген.

Туған уақыты: 1873 жылдың 5 сентябрі.

Туған жері: Тосын болысы Торғай облысы.

Діні: магомандық, яғни мұсылман.

Тегі: Қырғыз (қазақ – *авт.*)

Халқы: Торғай облысының қазағы Азаматтығы: орыстық.

Тұрған мекені: Қарқаралы қаласы, Семей облысы. Тіркелген жері: Торғай облысы, Торғай уезі.

Кәсібі: мұғалім.

Табыс көзі: жеке еңбегі.

Отбасы жағдайы: зайыбы – Бадри-Сафа Мұхаммед Садыққызы Қарқаралы қаласының тұрғыны. Қызметі жоқ. Балалары жоқ.

Туыстық байланысы: анасы – Күнші, бауырлары: Қали 41 ж., Хакімжан 40 ж., Махмұд 36 ж. Байтұрсыновтар Торғай уезі Торғай облысында тұрады. Мал шаруасымен айналысады. Қарындасы – Зибиш Бисалы Баясыловқа тұрмысқа шыққан, Торғай уезінде мал шаруасында.

Ата-анасының далалықтарға тән шаруасы бар.

Анкетада тергеудегі кісінің білім алған орны туралы сауал бар. Берілген жауапта 1886 жылы Торғайдағы 2 кластық орыс-қазақ училищесіне оқуға түсіп, онда 5 жыл болып, 1891 жылы толық курсын аяқтап шыққандығы, тура сол жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданып, оның да толық курсын 1895 жылы аяқтап шыққандығы туралы мәлімет берілген.

Кімнің есебінен білім алды деген сауалға «Шаңырақ басынан жиналған салық есебінен» деген жауап бар. Ахаң ата-анасы арқылы алған діни сеніміне үлкен ыждағаттықпен қараған. Жеңіл болмаған өмір жолында ислам дінінің негізгі талаптарын орындауға ден қойған. Мәселен, сүйікті жары Александра Ивановна анамыз Аханды сыйлағандықтан болса керек мұсылмандыққа өтіп, мешітке барып Бәдрисафа Мұхаммед Садыққызы есімін алған. Отбасында мұсылмандық талаптары қатаң сақталған. Ахаң тіптен ауыр жағдайда лагерьде жүріп те ораза ұстаған. Ол жөнінде өмірлік досы Әлекеңе (Ә.Бөкейхановқа) жазған.

Қандай негізде жауапқа тартылды деген сауалға: «Қарқаралы уездік бастығы жүргізген тергеу ісі бойынша Ахмет Байтұрсынов қазақтар арасында сепараттық мазмұнда үкіметке қарсы үгіт жүргізген, сондай-ақ (жер аударылған қазақ Ақпаевты қайтару туралы) арыз-хат даярлап, оған қол жинаған.

Қарқаралы қаласында 1909 жылы 1 июль күні үйінде тінту жүргізіліп, тұтқынға алынған.

Тінту кезінде көзге түсерлік не алынды деген сұрауға: «қылмысқа лайық ештеңе де көзге түспеді» деген жазу жазылған.

Осы арада мынадай бір детальға көңіл аударуға тура келеді. Аханды июльдің бірінде қамауға алады да, тергеу жұмысын июльдің 16-нда бастайды, яғни жарты ай абақтыда ұстаған соң. Бұл, әрине, полицейлік режим тарапынан тұтқынға алынған тұлғаны сындыру, оған жасалған рухани қысымның түрі еді. Тұтқынға алынған тұлғаға байланысты тура осы қысым түрін кейін патшалық режимнің орнына келген советтік саяси полиция органдары да іске асырды. Бұл екі режим арасындағы өзара сабақтастық тың нақты көрінісі болатын.

№261 анкетаны Омбы жандарм басқармасы бастығының көмекшісі рот-мистр Левановский қолын қойып бекіткен. Күні 1909 ж. 26 июлі [3].

Сонымен, анкетадағы мәліметтерден байқағанымыздай Ахаң орыс-қазақ

училищесінде бес жыл оқып, артын ала білімін Орынбордағы мұғалімдер мектебінде жалғастырып, мұғалім деген мамандық алумен аяқтайды. Оқуын аяқтағанда ол 22 жастағы жігіт еді. Ұлы дарын иесін осы алған білімі елін зор азаттық және теңдік үшін күрес жолына бастап шығуға негіз болды.

Анкетада берілген мәліметтерден көңіл аударуға лайық мәселе, әрине, Аханды полиция департаментінің қандай себеппен қамауға алғандығы болса керек. Бұл сауалға байланысты тергеуші анкетада А.Байтұрсынұлы «қазақ арасында сепараттық мазмұнда үкіметке қарсы үгіт жүргізді» деген түсінік берген. Бірақ кейінгі күндері тергеу жүргізуші жаққа бұл аргумент жетімсіз көрінген сияқты. Сол 1909 жылғы 2 желтоқсанда, яғни бес айдан соң ротмистр Левановский «А.Байтұрсынов 1905 жылдан бастап қазақ арасында қылмысты үндеу таратып, қазақтарды салық төлемеуге, қоныс аударар келгендерге жер бермеуге және басшыларға бағынбауға шақырды» деген айыптаулар қосады [4].

Сонымен, жандарм тарапынан қамауға алынған А.Байтұрсынұлына таңылған алғашқы кінә міне осы мазмұнда болды.

А.Байтұрсынұлын қолдап, онымен бірлікте билікке қарсы үгіт жұмысын жүргізді деген Қарқаралы уезінің тағы жеті азаматы, яғни Смахан Бөкейханов, Ыбырай Ақбаев, Хасен Ақаев, Ахмет Райымбеков, Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сүлейменов және Смайыл Бәйтенев 1910 жылдың наурызынан бастап, келесі жылдың 16 сәуірінде елге қайтуға рұқсат берген министрдің жарлығы шыққанға дейін Том губерниясында тұрады [5].

**Араша түскендер.** Қандай заман және тәртіпте болмасын әділетсіздік салтанат құрып, шаңырақ иесі абақтыға жабылғанда, бұл жағдайдың азабын шегетін алдымен отбасы мүшелері, отағасының жары. Ахаңның жары Бәдрисафа Байтұрсынова далалық облыстардың генерал-губернаторына «белгісіз себептермен абақтыға жабылған» [6] күйеуінің ісі бойынша тергеу жұмысын тездетіп, оның кінәлі екендігі дәлелденбеген жағдайда босатуын өтініп арыз жазады. Мұндай арыздағы өтінішті жауапсыз қалдыру жандарм орындарына тән мінез еді.

Мұндай жағдайда Ахаң көмекке келетін досы Әлекең, Әлихан Бөкейханов еді. Екі жүйеде де солай болды. Әлекеңнің дамылсыз ізденісінің нәтижесінде Петербургте шығатын «Современное слово» газетінде «Киргизский народный поэт в тюрьме» атты мақала жарық көреді. Мақаланы «Русские ведомости» және «Волость» газеттері көшіріп басады.

Ә.Бөкейханов Аханды осы жолы абақтыдан шығарып алу ісіне көп үлес қосқан тұлға, Мемлекеттік Думадағы сібірлік депутат Николай Лукич Скалозубов болғандығын айтады. Тура осындай қызметті Қарқаралылық



сотталған жеті азаматты айдаудан қайтаруға байланысты Н.Л. Скалозубовпен бірге жүріп атқарған тағы бір сібірлік депутат Михаил Александрович Дзюбинский еді. Әлекең Н.Л. Скалозубовтың өмірден озуына байланысты «Қазақ» газетіне жазған қазанамасында: «1910 жылы біздің Қарқаралыдан Хасен, Ыбырай, Смахан, Бодаубек, Ахмет Райымбек баласы, Асылбек Сүлейменов екі жылға жер аударылды. Жазықтары: бірі менімен бір туысқан, бірі Жақыппен бір туысқан, бірі Ахмет Байтұрсынұлының өлеңін айтқан, өзгелері осылармен таныс. Осы жігіттер күні толмай үйлеріне қайтты. Столыпинге неше қайтара барып, байды сөзге түсіріп, осы алты (алтау емес, жетеу, бұл арада Смайыл Байтенов аталмаған – *авт.*) жігіттің қайтуына көп қызметін өткізген Г.Совет члені Л.Н. Толстой досы Михаил Александрович пен Н.Л. Скалозубов болатын» [7], – деп жазды.

**А.Байтұрсынұлы және Совет өкіметі.** Біздің қолымызда ССРО Бас прокуратурасына тиесілі архив қорынан алынған құжат [8]. Арнайы папкаға тігілген құжаттар топтамасы 1959 жылдың 13 наурызы мен 1988 жылдың 30 тамызы аралығында Ахмет Байтұрсынұлын ақтау ісіне (реабилитация) байланысты жүргізілген түрлі қағаздардан тұрады. Ақтау процесінің отыз жылға созылғандығын ескерсек, Ахаңның совет өкіметі алдында жасаған «қылмысы» соншалықты ауыр екен деп топшылауға болады. Осы ретте тарихи фактілер не дейді?

Істегі құжаттар Ахаңның өзінен үлкен ағасы Қалидың қызы Сәкен Бектемісованың 1959 жылы 15 ақпанда ССРО-ның Бас прокурорының атына А.Байтұрсынұлының ісін қарап, егер онда қылмыс құрамы болмаса заңдық тұрғыдан ақтау туралы шешім қабылдауын өтінген.

С.Бектемісова шағым-хатында «Октябрь революциясына дейін менің ағайым Орынбор қаласында шығып тұрған «Қазақ» газетінің шығарушысы болды, сол кезде ол қазақ халқын патшалыққа қарсылыққа шақырған «Қырық мысал», «Маса» және басқа кең танылған шығармаларын жариялады.

Қазақстанда совет өкіметі орнаған соң ағайым халық ағарту саласында қызмет жасап, алдымен Орынбор қаласындағы Қазақ халық ағарту институтында оқытушы, сонан соң Қазақ мемлекеттік университетінде және басқа Қазақстанның жоғары оқу орындарында жұмыс істеді», – деп көрсетті [9].

Советтік кезеңдегі қызметі туралы толық мәліметті Ахаңның өзі де 1929 жылы 12 мамырда жазған ғұмырнамасында береді. Осы арада мынадай жағдайға көңіл аударған артық емес. Ғұмырнамалық құжатты мұқият оқи отырып қайраткердің өмір жолынан өмірлік қажеттіліктен туындаған жүйелілікті жеңіл байқауға болады. Бұл ретте оның 1917 жылғы октябрь төңкерісіне дейінгі өмірінде халыққа арнап көркем шығарма жазу және аудармашылық, қазақ тілі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу (фоне-

тикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан), қазақ алфавитін реформалау, тұңғыш жалпы ұлттық «Қазақ» газетін тұрақты түрде революциялық өзгерістерге дейін шығарып тұру, осы басылым арқылы азаттық идеологиясын қалыптастыру сияқты ағартушылық және шығармашылық қызметі басымдық алды. Сонымен бірге ол жоғарыда баяндағандай, ағартушылық қызметті нақты саяси-практикалық қызметпен де ұштастырып, халық арасында жүргізген үгіт-насихат қызметі үшін Орынбор қаласына жер аударылды.

1917–1921 жылдары Ахаңның өмір жолы жалпы елдегі саяси өзгерістермен тығыз байланысты жүрді. Сондықтан да қалыптасқан жағдайға байланысты оның қызметінде саяси-практикалық бағыт басымдық алды. Басқаша болуы мүмкін емес-тін. Ел тағдырына тікелей қатынасы бар өзгерістер жүріп жатқанда Ахаң сияқты белсенді тұлғаның ол өзгерістерден сырт қалуы, әрине, қисынсыз болар еді.

1916-1917 жылдардағы ел өміріндегі аласапыран өзгерістерді Ахаң басқаратын «Қазақ» газетіндегі күнделікті ел өміріндегі оқиғалардың шежіресіндей болған материалдарсыз тура түсіну мүмкін емес. Мәселе мынада.

Бүкіл империя өмірі ауыр да қауіпті өзгерістер арнасына түсіп, әркім өз басын арашалау қамына кіріскен жағдайда Ахаң басқарған басылым бүкіл ұлт өміріне жөн сілтейтін орталыққа айналды. Әлихан Бөкейханов бастаған саяси басшылық газет төңірегіне топтасып, ел өмірін мүмкін болғанша белгілі бір ағымда ұстауға күш салды. Өйткені патша өкіметі сияқты оның орнына келген Уақытша өкімет те қазақ халқының ішкі өмірінен мүлдем хабарсыз, одан алыста тұрған билік жүйесі еді.

Осы ретте Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлының 1905 жылдан бастап жалпы ұлттық газет шығару әрекеті бірден-бір дұрыс шешім болғандығы, әсіресе, осы 1916-1917 ж. аласапыран тұсында анық байқалды. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда осы тар жол, тайғақ кешу тұсындағы «Қазақ» газетінің ұлт өмірін ұйымдастыру ісінде атқарған қызметі баға жеткісіз, ешуақытта ұмытылуға тиіс емес, қайталанбайтын, ерекше іс болатын. Мұны сол тұстағы ел бастаған ұлт зиялылары жақсы білді, өкінішке орай, ол туралы арнайы пікір білдіріп, кейінгіге жазып қалдыруға большевиктік ылаң мүмкіндік бермеді. Большевиктік идеологиямен ере келген берекесіздік ұлттың жадын лайлап, адастырды, олар қолындағы мемлекеттік билікті пайдаланып ұлт үшін жасалынған орынды құндылықтарды «орынсыз» зиянды қызмет ретінде көрсетуге күш салды.

Большевизм билікке келген бірінші күннен бастап елді оның бастаушы саяси тобынан ажыратып алуға, сөйтіп халықты тек өзіне қаратып, айтқанын

істетіп, айдауында жүретін тобырға айналдыруға тырысты. Бұл ретте большевизм ұлт өміріне қарсы дүлей күш болатын, оны саяси тәжірибесіздігіне байланысты ұлттың өзі де түсіне алмады. Ұлт өмірін тура түсініп, оған басшылық жасау ісінде большевиктер алаштық топ деңгейінде емес-тін. Бұл кемшілігін тура түсініп, алаштықтармен өзара ымыраға келіп, қазақ өмірін тура жолға салуға олардың білімі де, ішкі мәдениеті де, ел басқару ісіндегі тәжірибесі де жетпеді. Бұған қосымша, В.И. Ленин бастаған саяси партияда жергілікті ұлттық саяси күштерге байланысты біржақты, тар ұстаным басымдық алды, олардың түсінігінде қазақ сияқты халықтың бастаушы тобында елеуге тұрарлық пайдалы идеяның болуы да мүмкін емес-тін. Басқаша айтқанда, большевизм ұлт мәселесінде тәкаппарлық ұстанымындағы ағым болып шықты.

Сонымен Ахаңның советтік билік тұсындағы қызметі қалай жүрді, осы тақырыпқа тоқталайық. Жоғарыда аталған ғұмырнамасында ол «Орынбор қаласында 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері болып өткен Жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес 1918 жылдан бастап мен Орталық Қазақ Үкіметі «Алашорданың» жанындағы оқулықтар даярлауға құрылған Комиссияда жұмыс істеуге тиіс едім, бірақ сол уақытта қалыптасқан жағдайға байланысты ондай жұмыспен шұғылдануға мүмкіндік болмады. 18-нші жылдың басынан 19-ншы жылдың басына дейін мен «Алашорда» ұйымында жұмыс істедім.

19-ншы жылдың екінші жартысынан 20-ншы жылдың соңына дейін Қазақ Өлкелік Әскери-Революциялық Комитеті құрамында оның мүшесі ретінде қызмет атқардым. Әскери-Революциялық Комитеттің мүшесі бола жүріп 20-ншы жылдан мен өзімнің лингвистикалық жұмысымды жандандыра бастадым, ал 21 жылдан тек лингвистикалық ғана емес, оқу-педагогикалық жұмысты да қатар жүргізіп, Қазақстанда жауапты қызметтер атқардым: әуелде оқу-ағарту ісі бойынша Халық Комиссары, сонан соң оның орынбасары, сонан соң Академиялық орталықтың төрағасы, одан ары Академиялық орталық комиссиясының мүшесі, ең соңында, Қазақ оқу-ағарту комиссариаты жанында ғылыми методист қызметін атқардым. 21 жылдан 28 жылға дейін мен қазақ тілінен, қазақ әдебиетінен және мәдениет тарихынан Қазақ халық-ағарту институтында, одан тыс 1926 және 1928 жылдар аралығында, ҚазМУ-не ауысқанға дейін Ташкенттегі Қазақ педагогикалық жоғары оқу орнында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті қызметінде болдым.

1928 жылдың 1-нші октябрінен Қазақ оқу-ағарту комиссариаты мені Қазақ мемлекеттік университетіне қазақ тілі кафедрасы бойынша профессорлық қызметке шақырды, ол жөнінде аталған комиссариатпен айрықша келісім

жасалған», – деп жазды (Құжат Ахмет Байтұрсынұлының музей-үй қорынан алынды).

Сонымен байқағанымыздай, Ахаңның өзі жазған ғұмырнамада оның советтік кезеңдегі өмір жолы жетерліктей анық баяндалған.

Көз жүгіртіп қарап шыққан кісіге Ахаңның бұл жүріп өткен жолы біркелкі тиянақты болып көрінуі әбден ықтимал. Ал шын мәнінде бұл кезең Ахаң үшін, жалпы алаштық буын үшін қандай асқақ, үмітке толы кезең болса, тура сондай тауы шағылып, үміт-тілегі үзілгендей ауыр күй кешті.

1920 жылы 15 сәуірде «Известия киргизского края» газеті Ахаңның коммунистік партия қатарына кіру туралы РК(б)П Орынбор Комитетіне жазған мәлімдемесін жариялайды. Мәлімдеме оның «ғасырлар бойы қанаудағы қазақ халқын азат ету жолын ұзақ уақыт іздеумен жүріп мынадай сенімге келдім» деген сөздерімен басталады. Одан әрі Ахаң не себепті коммунистік партия қатарына кіру туралы шешім қабылдағанын түсіндіреді. Осы ретте 1) тәуелсіздік алған қазақ халқы бақытқа тек адамзаттың басқа да қанаудағы бөлігімен бірге ғана жете алады, яғни әлемдік революцияда, әлемдік федерацияда және 2) бұл мақсатты өзінің тікелей міндеті санап және оны белгілі дәрежеде таптар мен ұлттарды азат ету түрінде іске асыра бастаған интернационалшыл коммунистік партиядан басқа ешкім де атқара алмайды деген ойын білдіреді.

Одан әрі Ахаң бұл мақсатқа жетудің өтпелі кезеңінде адамзаттың еңбекші бұқара бөлігінің саяси және экономикалық диктатурасының қажет екендігін, өз ретінде ол билік түріне адамзаттың еңбекші бұқарасы саналы түрде қолдау көрсетіп, оның төңірегіне топтасуы қажеттігін, мұндай ұстанымның қазақ халқына қанауға түскен халық ретінде пайдалы екендігін, сондай-ақ ұлтаралық қатынасқа байланысты РК(б)П-ның, ж. Лениннің көзқарасы егер ол өмірде тура іске асырылатын болса онда қазақ ұлтының да мүддесі орындалатын болады деген тұжырымын баяндап, осы себепті коммунистік партия құрамына ену туралы шешім қабылдағандығын мәлімдейді [10].

«Известия киргизского края» газеті осы санында «Заявление т. Ахмета Байтурсунова» деген атпен Ахаңның мәлімдемесіне қосымша түсінік хат жариялап, онда «Ахмет Байтұрсынов жолдасты бүкіл дала біледі. Әрбір қазақ өз халқының көсемінің, ірі қоғам қайраткерінің және әдебиетшісінің атын естіген. Қазақ халқының соңғы онжылдықтардағы саяси қозғалысы қоғамдық ойының өсуі бүтіндей Байтұрсыновтың есімімен тығыз байланысты» [11], – деп жазды.

Аталған басылым бетінде жарық көрген бұл түсінік хаттан большевиктер билігінің А.Байтұрсынұлының қазақ халқының өмірінде, оның азаттық үшін

қозғалыс жолында алатын орнын жақсы білгендігін аңғару мүлдем қиынға түспейді. Хаттың соңында «Байтұрсынов ж. коммунистік партия құрамына енуі қазақ арасындағы қызметіміздің ірі жеңістерінің бірі» деген тұжырым жасалынады.

Ахаң бұл мәлімдемесін 1920 жылы 4 сәуірде жария етті. Бұл оның Алашорда басшылығының шешімімен Мәскеуге келіп, советтік басшылықпен және оның қызметімен танысып, Қазақ революциялық комитетінің құрамында Орынбор қаласында (сол кездегі астаналық қала – *авт.*) басшылық қызметте жүрген шағы болатын. Кейін ол (1929 ж.) бұл шешімі туралы берген көрсетуінде «1920 жылы Фрунзе Орынборда жұмыс істейтін, ол маған БК(б)П қатарына кіруді ұсынды. Сәл кейінірек осы ұсыныс Седельников ж. тарапынан да айтылды. Мен бұл ұсыныстарды ой таразысынан өткізіп, партия қатарына кіру туралы шешім қабылдадым», – деген ойын білдіреді. Бірақ Ахаң келесі 1921 жылы партияға мүшелікке кандидаттықтан шығып қалады. Бұл жағдайды ол аталған көрсетуінде мынадай себеппен түсіндіреді: «Партияға мүшеліктен 1921 жылы тазарту барысында пассивтік ұстанымым үшін шығарылдым. Менің бұл кездегі белсенділігімнің төмендігі мынадай жағдайға байланысты болды: мен ғылыми жұмысқа ден қойдым, соған байланысты партия жиналыстарына қатынасқан жоқпын, жалпы саясатқа аз уақыт бөлетін болдым, өйткені тіл мен қазақ әдебиетіне қатысты ғылыми жұмысымды негізгі міндетім санадым, мен үшін онсыз ағартушылық жұмыс жүргізу туралы ойлаудың өзі мүмкін емес-тін» [12]. Ахаң партиядан шығып қалуын ОГПУ тергеушісіне осындай себеппен түсіндіреді. Істің шын мәнісіне келсек, мәселе баяндалған себептен анағұрлым тереңірек жағдайға байланысты еді. Анығырақ айтқанда, Ахаңның большевиктер билігінен көңілінің қала бастауында болатын. Енді осы жағдайға тоқталайық.

**А.Байтұрсынұлы: қазақтар үшін коммунизм идеясы «жат қонақ» есебінде.** 1921 жылы қарашада Ахаң коммунистік партия қатарынан шығарылғандығы туралы хабар алады. Мұндай шешімге негіз болған: 1-ден, оның партия жиналыстарына қатыспауы, 2-ден, мүшелік жарнаны өз уақытында төлемеуі және 3-ден Алашорда ұйымында болғандығы екен [13].

Архив қорында Ахаңның осы жағдайға байланысты партиялық тазарту комиссиясының атына жазған мәлімдемесі тіркелген. Құжатта Ахаң губерниялық тазарту комиссиясының өзін партия қатарынан шығару туралы шешімімен келісе алмайтындығын білдіріп, уәждерін келтірген. Қайраткердің сол тарихи кезеңдегі саяси ұстанымы мен көзқарасына тікелей қатынасы бар бұл құжатқа тоқталу артық емес. Өйткені онда сол тұстағы қазақ өміріне қатысты өзара үйлесімсіз екі көзқарастың қақтығысы орын алғандығын байқауға болады.

Үйлесімсіздік ең алдымен екі жақтың өкімет түріне байланысты көз-қарасының өзгешелігінен туындайды. Қазақ қоғамы үшін өкімет ортақ ұлттық мүдде төңірегіне елдегі барлық әлеуметтік топтар мен күштерді жұмылдыра алатын ұйытқы элемент міндетін атқаруға тиіс еді. Бұл сол уақытқа дейін отарлық езгіде болып келген ұлтқа қорланып қалған түрлі экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелерді жалпыдемократиялық тұрғыдан шешудің жалғыз тура жолы еді. Сондықтан да, қазақ азаттық қозғалысынан ұлттық мүддені қорғау арнасынан шығып, одан өз ішінде таптық-әлеуметтік жіктелу жолына түсуді талап ету, бұл оны алдымен әлсіретіп, сонан соң біртіндеп жоюдың өзі болатын. Бұл, әрине, асыра сілтеушілік еместін, дәлірек айтқанда, империя құрамындағы ұлт-азаттық қозғалысқа саналы түрде жасалынған қиянат еді. Оны В.И. Ленин мен И.В. Сталин білмеді емес, білді, көре тұрып, көрмегендей сыңай танытты. Революциялық өзгерістер тұсында орын алуы мүмкін «ауытқудың» көрінісі ретінде бағалады.

Мәскеулік басшылық әуелде Ресейдегі социалистік революцияның еуропалық елдерде өз жалғасын табатындығына, бұл процесте капиталистік қанаудағы Шығыстан қолдау алатындығына сенді. Бірақ өмір басқа жағдайды көрсетті. Ресейдегі пролетарлық революция еуропалық елдерде жалғасын табады деген пікір негізсіз болып шықты, ал «ұйқыдан оянған шығыстың» бұқарасының Ресей пролетариатының соңынан еріп, өзінің таптық мүддесін қорғауға көтерілуі де аңызға жақын бірдеме еді. Соған байланысты большевиктік басшылыққа ендігі уақытта социалистік құрылыстың бір ғана елде жеңе алуы мүмкін деген жаңа теориялық ұстанымға көшуіне тура келген еді. Қалыптасқан жаңа жағдайда большевиктік басшылық үшін Ресейдің мемлекеттік тұтастығын сақтап, оны нығайту ісі алдыңғы орынға шықты. Өз кезегінде бұл межеге Орталық Мәскеулік билікті күшейте түсу арқылы ғана жету мүмкін еді. Ендігі уақытта қазақ сияқты халықтардың өзін-өзі басқару идеясының ресейлік ұлыдержавалық мүддемен қайшылыққа келмеуі тіптен де мүмкін емес-тін.

Мәскеулік орталық, ұлт саясатының тізгінін қолында ұстаған И.Сталин қазақ, татар және басқа халықтардың басшылығынан ұлттардың өздерін-өзі басқару идеясынан бас тартуларын талап етті. Бұл азаттық және еркін даму платформасында тұрған ұлт қайраткерлерінен іс жүзінде идеялық қарусыздануды талап етудің өзі еді. 1923 жылы 9-12 маусым күндері Мәскеуде РК(б)П ОК ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен өткізілген төртінші кеңесі осы ұстанымның нақты көрінісі болды [14]. Орталықтағы басшылықтың ұстанымындағы бұл өзгерісті дәл байқаған Ахаң арнайы мақала жазып, онда қазақ қаламгерлерінің ұлтшылдық ұстанымы қандай себептерге байланысты өмірге келгендігіне тоқталып:



«Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

1) Қазақ қалам қайраткерлері орыстан қорлық көрген, тайақ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған.

2) Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан» екендігін ескертіп, енді міне жаңа совет заманында «қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұрттың адамдары» қазақ үшін, «ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» деген таңба» басатын болды. «Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып, сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құрайды деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы» дейтіндер шыққандығын факті ретінде келтіріп, мұндай жағдайда ұлт қаламгерлерінің ұстанатын бағыт-бағдарына тоқталып:

«Қалам қайраткерлері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес... Қазақ мәдениеті қасындағы жұрттардан кем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасқа керек» [15], – деп жазды.

Азаттық қозғалыстың мүддесіне байланысты Мәскеулік орталық биліктің аяқ алысын мұқият сараптаудан өткізіп отырған Ахаңның төзімін тауысқан жағдай түрік халықтарының әліпбиін латын графикасына көшіру туралы шешім болды. Бұл тақырып алдымен 1924 жылы 12 маусым күні Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыға түсіп, съез тұтыныста жүрген араб графикасындағы әліпбиді латын әліпбиіне ауыстыруды орынсыз деп табады [16].

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселе мұнымен аяқталған жоқ-тын. Мәскеулік орталықтың тікелей тапсырмасымен бұл мәселе 1926 жылы 24 ақпан және 5 наурыз аралығында Баку шаһарында өткен түркологтардың бірінші жалпыодақтық съезінде арнайы күн тәртібіне қойылады. Съезге А.Байтұрсынұлы одаққа белгілі түрколог ретінде шақырылып, Қазақстаннан барған ғалымдар тобын басқарып барды. Қазақстандық делегация мына құрамда болды: А.Байтұрсынұлы (жетекші), Е.Омарұлы, Б.Сүлейұлы және Бай – Сейдуәлі Әзиз.

Съез А.Байтұрсынұлының ғалым және ірі қайраткер тұлға ретінде абыройының халықаралық деңгейде аса биіктен көрінген сәтінің айғағы болды. Оның Ахундов, Бартольд, Ольденбург және Самойлович сияқты аса беделді ғалымдармен бірге съезд президиумына сайлануы, баяндамасы мен жарыссөзде айтқан пікірлерінің зор ықыласпен қабыл-

дануы, сондай-ақ президиум атынан қорытынды сөзбен сөйлеуі осы ойдың көрінісі еді. Ахаң бірнеше комиссияның, солардың арасында, мәселен Ә.Науаидың 500 жылдығын атап өтуге байланысты құрылған комиссияның құрамына енгізілді.

Осы арада ескерерлік жағдай, Қазақстаннан барған делегация түркі халықтарының латын алфавитіне көшуіне ашық қарсылық танытқан жалғыз делегация болды. Сонымен бірге бұл арада мынадай жағдайды ескерген жөн. Бұл уақытқа дейін латын алфавитін Азербайжан Республикасы қабылдап, белсенділік танытқан еді. Бұл мәселеге қатысты ортақ шешімге келу туралы түркологтар съезінің Бакуде өткізілуі осы жағдайға байланысты болатын.

Съездің күн тәртібіне негізгі мәселе ретінде одақтағы түрік тілді халықтарды ортақ алфавитке, яғни латын алфавитіне көшіру мәселесінің қойылуының астарында, әрине, саяси мақсаттар жатты. Түркі этносы сан жағынан одақта екінші орында тұрды, сондай-ақ саяси және экономикалық салмағы тұрғысынан да алдыңғы қатарда болды. Түркі факторы И.Сталин басқарған орталық үшін ең жайсыз факторлардың бірі еді. Сондықтан да түрік халықтарын латын алфавитіне көшіру, біріншіден, оларды бір орталықтан басқару ісін жеңілдету үшін қажет болса, екіншіден, болашақта кириллицаға көшіру ісін жеңілдетудің қамы-тын.

А.Байтұрсынұлының және ол бастаған делегацияның (Е.Омаров және Б.Сүлеев) араб алфавитіндегі жаңа емлені қорғап сөйлеп, басқалардан бөлек ұстаным танытуы негізсіз емес-тін. Мәселе мынада. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған жаңа емле, ғасыр басында қазақ тілінде миллиондаған тиражбен жарық көрген кітаптар арқылы тұңғыш жалпыұлттық басылым «Қазақ» газеті арқылы айналымға түсіп, бүкіл ел болып қабыл алған ұлттың әдеби жазба тілінің үлгісі еді, сондай-ақ ол ғасыр басындағы ұлт мәдениетінің ең ұлы жетістігі-тін. Тура осы тарихи кезеңде А.Байтұрсынұлы даярлаған емлеге сүйенген қазақ тілі ұлттық сананы оятушы, ұлттық ұюға негіз болған құралға айналып үлгерген еді. Міне осы жағдайды ешқандай да есепке алмастан араб алфавиті негізінде қалыптасқан емлені тастап латын графикасына көшуді талап ету бұл ұлттың руханиятына ашықтан- ашық жасалған қиянаттың өзі болатын.

Большевиктер партиясының Қазақстандағы алғашқы басшыларының бірі А.Д. Авдеев «біз мұнда келгенде Алашордадан тараған рух анық сезіліп тұрды» [17] деген ойды айтқан еді. Ал осы алашордадан тараған ықпалдың екі тіреуі бар-тын: олар қазақ жері мен қазақ тілі еді.

А.Байтұрсынұлы Бакудегі съез мінберіне төрт рет көтеріліп, одақ құрамындағы қазақ және басқа түрік халықтарына алфавит ауыстырып, латын графикасына көшуге ешқандай да төтенше жағдай жоқ екендігін дәлелдеуге күш



салды. Бұл ретте ол татарстандық ғалым Шараф Ғалымжанның съезде сөз «әліп-би қалау» мәселесі емес, «әліп-би алмастыру» мәселесі, «әліп-би қалау» деген мен «әліп-би алмастыру» деген екі ұстанымның айырмашылығына көңіл аударып, түрік жұрттары үшін «қашан және қандай жағдайда алфавитті өзгерту туралы мәселе қойылмақ?» деген сұрау қойып, оған «түрік жұрттары – тұтынып отырған әліпбиі бар жұрттар. Көбінің әліпбиімен байласқан әдебиеті, мәдениеті бар», – деген жауабын айтып, соңында «бірақ құрылтай дүкенін жасаушылардың қолында болғандықтан, күн бұрын қолайлап бәрін икемдеп қойғандықтан, қазанның құлағы қазаншының қалаған жерінен шықты: «Латын әліпбиінің артықтығына құрылтайдың көзі жетті», – деген тұжырымын білдіреді [18].

Съезден оралған соң «Жаңа мектеп» аталатын басылымда жариялаған есебінде Ахаң қазақ тарапынан барған делегацияның ұстанымына байланысты мынадай ойды айтты: «біздер мәдениет жүзінде кейін қалған жұрт болғандықтан, мәдениет қуатымыз да, мал қуатымыз да шағын, сол шағын қуатымызды қазірде өте-мөте керек нәрселерге ғана жұмсап жатырмыз. Қазіргі бізге өте-мөте керек нәрсе оқу кітаптары. Бар күшімізді соған салып жатырмыз. Басқа керек нәрселер де толып жатыр; оларды қоя тұрып, өте керегін істеп жатырмыз. Қаріп жағынан өте-мөте керек болып қысып тұрған мұқтаждық жоқ. Осы құрылтайда айтылған пән пәтуаларынша ең жақсы емле де, ең жақсы әліпби де біздікі болып шықты. Емле мен әліпби жағына келгенде, біз орыстан да, немістен де, француздан да, ағылшындардан да алда тұрғанымыз мәлім болды. Аз ғана күшімізді озған үстіне озамыз деп, озып тұрған жерімізге жұмсауымыз керек. Бізге жаны ашитындар қаріп тауып береміз демей, мектептерімізді бұзау мен қозы алатын үйлерде пысынатпай, соларға үй салып берсе екен делінді» [19].

Съезде сөйлеген сөздерінде Ахаң отаршыл және зорлықшыл елдердің өздеріне тәуелді елдерге жасап отырған қиянатын ашық айтуды өз міндетіне алғандығын анық байқатқан еді. А.Байтұрсынұлы съезде кезекті сөйлеген сөзін терминология мәселесіне, анығырақ айтқанда қазақ тілінде термин жасау ісіне, оның принциптеріне тоқталып, бүгінде өз өзектілігін жоймаған мынадай мәселеге көңіл аударды.

Ахаң сөзінде «бүгінгі мәдениет тек бір ғана ұлттың немесе нәсілдің жасаған жетістігі емес, ол жалпы адамзат еңбегінің жемісі», халықтардың мәдениет саласындағы өзара ықпалдастығы да табиғи, үзіліссіз жүріп отыратын процесс, ал бұл ықпалдастық жағымды және қолайлы жағдайда ғана іске аспақ, өкінішке орай, Ресейдегі орыс және түрік халықтарының арасында өзара мәдени қатынасқа жағымды жағдай жасалынбады, орыс үкіметі өзге халықтарға байланысты кемсіту, орыстандыру, шоқындыру саясатын жүргізді.

Орыс халқының мәдениетімен өзара ықпалдастыққа түсу бұл сол халықтан алдыңғы ұғымдар мен идеяларды да қабылдау дегенді білдіреді. Ал ол үшін ана тілінің сөз қоры, әрине, жетімсіз. Жаңа советтік жағдайда жаңа сұраныстарға байланысты ана тілінің әдебиет, ғылым және саясат тілі ретінде тынымсыз өсу, өзгеру жолына түсуіне тура келеді. Мұндай тынымсыз өзгеріс және өсу жолына ол қолайлы жағдай және қолдау жасалынғанда ғана түсе алады. Ондай мүмкіндік болмаған күнде ана тілі үстем мәдениет пен тілге тәуелді, күнделікті отбасы, ошақ қасы тіл дәрежесінде қала бермек. Яғни тілдің лексикалық қоры, мүмкіндігі тарыла түспек.

Съездің төрағасы қорытынды сөзді А.Байтұрсынұлына береді. А.Байтұрсынұлы: «Съезде біз түрік халықтарының ояну, өрлеу арнасына түскеніне көз жеткіздік... Ғылым мен білімнің мақсаты адамның азабын жеңілдету, өмірдегі игіліктерді молайтып, оны адамға жағымды ету. Осының бәрі мәдениет жетістіктері аталады, ал осы мәдениет жетістіктері барлық адамзаттың мақсатты қызметінің жемісі екендігі мәлім, солай бола тұрып ол мәдениет жетістіктері барлық адамзатқа бірдей тең түрде қызмет жасамай отыр, өйткені ол игіліктер империалистердің, капиталистердің, отаршылдардың қолында. Бүгінгі жағымды ғылым мен жетілген техника табиғатты неғұрлым толығырақ қанауға қызмет етумен бірге, сол табиғаттың бір бөлігі адамды адаммен қанауға қызмет жасауда. Бүгінгі адамзат өзін жоғарғы мәдениет иесі ретінде тәкаппарлық танытып, алғашқы қауымдық адамнан ұзай түсіп, білімі молайып, идеясы кеңейіп, техникалық тұрғыдан жетіле түскенімен, оның ішкі табиғаты өзгеріссіз қалып отыр. Керісінше, мәдениет адамның ең төменгі сезімдеріне қуат беріп, оларға жамылғы міндетін атқаруда... Теория белгілі бір бағытта ілгері кетсе, практика мүлдем басқа нәтиже беруде, соның нәтижесінде өмірде әділетсіздік және ұйымдасқан екіжүзділік кең өріс алды. Жарық дүниеде емдеуге мұқтаж бір үйлесімсіздік болып жатқанын бәрі де сезгендей еді. Ең құдіретті деген ақыл иелері бұл дертке ем іздеді, бірақ оны таба алмай қиналды. Соған байланысты түрлі ағымдағы ойлар дүниеге келді. Сондай әрекеттің бірі социализмді орнатуды көздейтін Ұлы Орыс Революциясы. Социализм қоғам ісін үйлестірудің ең жоғарғы түрі және ол өте жоғарғы мәдениетті талап етеді. Оған апаратын жалғыз тура жол әділеттілік.

...Ал әділеттілік бұл жайылған дастархан бетіндегі түрлі тағамдар емес, әркім өз қалағанын алып қанағаттанатын. Әділеттілік басқаның құқына деген құрметті білмейді, өйткені табиғатта күш қана билік құрады. Ал күш билік құрған жерде әділеттілік болмайды. Дегенмен, табиғаттың күшін белгілі бір дәрежеге дейін ретке келтіретін, сабасына түсіретін тағы бір күш бар,

ол күш – мәдениет күші. Әділеттілікті жасайтын адам. Адам әділеттілікке мәдениеттерді теңестіру арқылы ғана жетеді. Мәдениеттер теңдігі сатылмайды немесе сыйлыққа берілмейді, ол қажымай-талмай жасаған еңбектің нәтижесі есебінде келмек. Өмір қайыр-садақа бермейді, өмір көш соңында қалғандарға демеу жасап, күтіп тұрмайды» [20].

Ахаңның Бакудегі түркологтар съезінде сөйлеген сөзі бар болғаны 13 жылда (осы съезде сөйлеген сөзінде атаған уақыты – *авт.*) қазақ ұлтының басын біріктіріп, ел екендігін білдіру ісінде ерекше қызмет жасаған ана тілінің өзі даярлаған алғашқы ғылыми емлесін жанұшыра қорғауы болды. Ұлы ойшыл-қайраткердің Ресей империясындағы беделді деген ғалымдар бас қосқан үлкен аудитория алдында мұндай қадамға баруға толық моральдық құқы бар-тын. Бұл оның империялық зорлыққа, яғни советтік билік жүйесінің өсу жолында тұрған ұлттық санаға жасап отырған қиянатына алаңсыз ашық қарсылық көрсетуі болды.

А.Байтұрсынұлының түркологтар съезінде сөйлеген сөзі билік тарапынан түрік халықтарын латын алфавитін қабылдауға қарсылық көрсетуге шақырғандай қабылданды. Қазақ қайраткерінің жаңа өкіметтің империя құрамындағы түрік халықтарына жасап отырған қиянатын ашық айтып, оған қарсылық көрсетуге үндеуі сталиндік басшылыққа, әрине, ұнамады. Мұндай қарсылықты А.Байтұрсынұлы 1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде, сондай-ақ 1925 жылы Пішпекте болып өткен қырғыз елінің ағарту қызметкерлерінің бірінші съезінде де ашық білдірген еді. Соңғы жиында сөйлеген сөзінде ол мынадай ойды айтты: «...культура есть видоизменение эксплуатации. Это видно из того, что и теперь Англия и Америка, как самые культурные страны, эксплуатируют отсталые нации. Это общий закон природы, и в отношении развития они идут впереди.

Народность, которая могла бороться, идет вперед, может создать высокую культуру. Мы же не могли этого сделать и отстали... Москва, Компартия конкурируют с другими странами, но мы всегда остаемся в хвосте. Победителями в борьбе могут выходить те, кто способен совершенствоваться, а для того чтобы быть способным, нужно быть культурным, технически вооруженным...

К нам, беспартийным, Советская власть относится с недоверием, но мы не дураки, чтобы не оценить значения Советской власти, дающей нам возможность проявить себя» [21].

Жалпы Баку съезі Ахмет Байтұрсынұлына Совет өкіметіне қатысты ұстанымын біржола анықтау сәті болды. Бұл жолы ол биліктің еліне өз тағдырын өзіне шешу мүмкіндігін бермейтіндігіне көзі жете түскен еді. Қайраткердің бұл жолғы жеңілісі Алашорда үкіметін құру әрекетінен

(1917–1919) кейінгі екінші жеңілісі-тін. «Байтұрсынов коммунист болған емес, болмайды да» деген пікірдегі сталиндік билік араға 3 жыл 3 ай салып оны қамауға алды. Қайраткердің ендігі өмірі рухани күйзелісте, қуғын-сүргін жағдайда өтті.

### **Ескертулер:**

1. Кеңестік идеология жасырған ақиқат // Жас Алаш. – 2016 ж. 29 қыркүйек.
2. Государственный архив Российской Федерации (ГАРФ) 7-к., 109-т., 2881-іс.
3. Сонда, 3-4об пп.
4. Сонда, 33, 38 пп
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылым. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 бет, суретті. – 167-168 б.б.
6. ГАРФ. 7-к, 109-т., 2881-іс, 16-п.
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. 1 кітап. Сонда, 174 б.
8. ГАРФ. 1-8131к., 31-т., 86105-іс.
9. Сонда, 1-п.
10. Известия Киргизского края. – 1920. 16 апреля. №16.
11. Сонда.
12. ҚР ИМ Алматы қаласы бойынша архиві, 6-к., арх.№124, 2-т., 159-160-п.п.
13. ҚР ИМ АҚДА., 6 қ., №09797 іс, 114-118 п.п.
14. Тайны национальной политики ЦК РКП «Четвертое совещание ЦК РКП с ответственными работниками национальных республик и областей в г. Москве 9-12 июня 1923 г.» Стенографический отчет. М., 1992.– 296 с.
15. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. 5-т., – Алматы, 2013. – 182-187 бб.
16. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. – Алматы, 2005. – 93 б.
17. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. 1 кітап. Сонда, 103 б.
18. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. 4 т. – Алматы, 2013. – 298 б.
19. Сонда, 299 б.
20. Первый всесоюзный тюркологический съезд. 26 февраля – 5 марта 1926 г. (стенографический отчет). – Баку. 2011. – 509-511 с.
21. Карбозов Д. Ахмет Байтұрсунов және қырғыз тили // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы, – 1999. – 220-233 б.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

*Шерубай Құрманбайұлы*

*ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор*

Ахмет Байтұрсынұлы халқына қалтқысыз қызмет еткен ұлт қайраткері. Алаш ардақтысы көпқырлы, кең тынысты, энциклопедиялық білім иесі. Ол – аса көрнекті тілші, әдебиетші ғалым, ұлы ұстаз, ағартушы, көсемсөзші, аудармашы, ақын. Көрнекті тұлғаның сан-салалы еңбегін, мол мұрасын түрлі сала мамандарының өз тараптарынан жан-жақты зерттеп, ғылымға, сол саланың және жалпы ұлттық ғылым мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесін объективті түрде анықтап, ғалымның құнды ғылыми тұжырымдары мен қол жеткізген нәтижелерін қажетке жарату маңызды міндет. Жүз жылда, мың жылда бір туатын бүкіл саналы ғұмырын адамзаттың, халқының игілігіне, ғылымға арнаған ірі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын терең зерделеп, одан өнеге алу, олардың ашқан жаңалықтары мен айтқан ой-пайымын, тоқтам-түйіндерін ыждағатпен талдап-таразылау арқылы сабақ алу, ұлт алдындағы қызметін әділ бағалау өркениетті жұрттардың бәрінде бар тәжірибе. Қазақ халқы үшін Ахмет Байтұрсынұлы да осындай қалың жұрты оған қарап ой түзейтін, бой түзейтін, үлгі-өнеге алатын аса ардақты да тұлға.

XX ғасыр басында жарық көрген Аханның өмірі мен шығармашылық мұрасы туралы жазылған жарияланымдарды айтпағанда алаш зиялылары ақталған 30 жылдан астам уақыт ішінде ұлт ұстазының сан салалы еңбектері әр қырынан зерттелді. Оның соңына қалдырған мұрасын түгендеп шығармалары жинағын шығарудан бастап, әр ғылым тұрғысынан зерттеп-зерделеу бағытында атқарылып жатқан істер аз емес. Алаш зиялылары ақталған 1989 жылдан бері А.Байтұрсынұлы мұрасы тіл мамандары тарапынан да біршама зерттелді. Ғылыми монографиялар мен кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды, өмірі мен шығармашылығына қатысты бірнеше ғылыми, ғылыми-танымдық кітаптар шықты, көптеген мақала, баяндама жазылды, конференциялар ұйымдастырылды, фильмдер түсірілді. Ғалым өз еңбектері әр жылдары жеке-жеке кітап түрінде де, көптомдық жинақ түрінде де жарық көрді. 2013 жылы шығармаларының 6 томдығы [1] басылып шықты. Ғалымның өмірі мен шығармашылығына байланысты академик Р.Сыздық бірнеше ғылыми, ғылыми-танымдық мақалалар жариялады [2]. Белгілі филолог ғалымдардың Байтұрсынұлы шығармаларының тілтанымдық еңбектерінің теориялық, ғылыми-тәжірибелік және әдеби құндылығы жай-

лы ғылыми мақалалары әлі толассыз жазылып жатыр. Ағартушы-ғалымның құнды мұрасымен қалың көпшілік, сала мамандары, филологтар, тілшілер қауымы да танысып, оның еңбектері ғылыми айналымға шығып, кеңінен пайдаланыла бастады. Осы еңбектерде оның өмірі мен шығармашылығына қатысты айқындалған, басы ашылған мәселелер, мәліметтер мен дерек-дәйектер өте мол. Бірақ соған қарамастан Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы толық әрі жан-жақты зерттелді деуге әлі ертерек. Ахметтану ісі жалғаса бермек. Бұл бағытта әлі де нақтыланатын, терең зерделенетін тұстар баршылық. Осы тұрғыдан келгенде тіл мамандарының алдында да атқаратын істер аз болмауға тиіс.

Өткен ғасырдың 30-90-жылдар аралығында атын атауға тыйым салынған алаш зиялысы қазір отандық лингвистика ғылымында ең көп сілтеме жасалатын, аты ең көп аталатын ғалым, бүкіл қазақ қоғамына кеңінен танымал тарихи тұлға. Ахмет Байтұрсынұлы аса құнды ғылыми еңбектері мен ұлт үшін еткен қалтқысыз қызметі ол өмірден озғаннан кейін араға 60-70 жыл салып барып өз халқы тарапынан әділ бағасын ала бастады.

Ахаң ең алдымен ірі тілші ғалым. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ескі жазба тілін, жазуын халықтың өз ауызша тіліне негіздей отырып, ұлттық әліпби түзген, ұлттық жазудың фонемаграфиялық жүйесін жасаған, жазу реформасын жүзеге асырған ұлы реформатор. Халықтың өз тілінен айырмасы көп кітаби тілді, шынайы қолданыстағы қазақ тіліне, қалың бұқараның күнделікті өмір-тіршілігінде қарым-қатынас құралы ретінде кеңінен пайдаланып отырған ауызша тілге барынша жақындатқан графикасын, жазу жүйесін қалыптастырған аса ірі лингвист ғалым. Бұл жөнінде Ә.Жүнісбек, С.Мырзабек, Н.Уәли, М.Жүсіпұлы сияқты фонетист, фонолог ғалымдар еңбектерінде таратылып айтылып, жан-жақты талданады. Мәселен, ғалым мұрасын арнайы зерттеп, ғылыми монография жазған өзбекстандық ғалым Маханбет Жүсіпұлы былай деп жазады:

«А.Байтұрсынұлының сингармофонемографиялық ізденістерін бағалағанда, тек алфавит мәселесіне көңіл бөлумен шектелуге болмайды. Себебі А.Байтұрсынұлы қазіргі әлемдік тіл біліміне, әлем графикасына, орфографиясына (көне түркі Орхон-Енисей жазуынан соң) мүлдем жаңа жазуды – сингармофонемографиялық жазу теориясы мен дағдысын енгізді» дей отырып, оның фонетика, фонология, графика, орфография мәселелері бойынша жүргізген зерттеулерін жүргізді дейді: «1. Түркі тілдерінің сингармонизм заңына бейімдеп, араб графикасының реформасын жасау; 2. Қазақ тілі материалының негізінде түркі тілдерінің ішкі және сыртқы қасиетіне сай сингармофонологиялық алфавит жасау; 3. Қазақ тілі материалының негізінде түркі тілдерінің ішкі және сыртқы қасиетіне сай сингармофонологиялық орфография жасау [3, 88-б.].»



Бұл тұжырымда А.Байтұрсынұлының жазу реформасын жасау, сингармофонологиялық әліпби түзу, сингармофонологиялық орфография жасаудағы негізгі ірі жаңалықтары аталып көрсетіліп отыр. Оның үстіне Ахмет Байтұрсынұлының түркі, қазақ тілінің фонетикалық заңына негіздей отырып жасаған араб таңбалы әліпбиі ұйғыр тілінен бастап, өзге көрші түркі тілдерінің араб графикасына негізделген жаңа әліпбилерінің түзілуіне де негіз болды.

«Мен ойлаймын, емле жазу үшін шығарылған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының аяғы болып шығады» [1, 4-т. 271] деп, тілдің дыбыстық жүйесінің төл табиғатын, соған негізделіп жасалатын емленің орнын тап басып көрсеткен Ахаңның әліпби, жазу, емле жөніндегі ой-тұжырымдары жоғарыда аталған еңбектерде едәуір жақсы талданған.

Он сегізінші ғасырдың екінші жартысынан бастап жиырмамыншы ғасырдың басына дейінгі хатқа түскен жазба, еңбектер, өлең-жыр, прозалық шығармаларда, газеттер мен ресми хаттарда қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық табиғатына жаттау көптеген қолданыстар кездеседі. Беріректегі Алаш қайраткерлерінің шығармаларында да кітаби тілдің элементтері (әсіресе кірме сөздер қолданысында) аз қолданылмады. Ахаң сол кезеңдегі жазбалардың қазақ тілінің айтылым заңына, ауызекі тіліне қайшы жазылғанын көріп, өзіне артылған миссияны жақсы түсініп, ең алдымен тілші ғалым ретіндегі алғашқы парызы емлені жалпы қолданыстағы қазақ тілінің сөйлеу тіліне бұрды. Осылайша «тілді бұзып емлеге емес, емлені тілге ыңғайлап» түркі халықтарына үлгі болған қазақ әліпбиін түзді.

Тілші-ғалым Н.Уәлиұлы былай деп жазды: «Шындығында, ол кездегі түркі жазба тілі белгілі бір халықтық тілдің («тірі» тілдің) лексикалық, грамматикалық, дыбыстық жүйесін дәлме-дәл бейнелеген емес. Ол халықтық тілден едәуір айырмасы бар кітаби тілдің тұрпат межесін белгілейтін графикалық жүйе болатын. Сондықтан сол кездегі тілдік жағдаятты халық тілі өз алдына, ал жазба тіл өз алдына жүйе деп тануға болады» [4, 10-б.].

Жиырмамыншы ғасырдың басына дейін шығыстағы түркі халықтарының бәрі дерлік (ұйғыр, өзбек, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен) ортақ жазу тілін қолданды. Ортақ әдеби тіл туыс халықтардың түсінісуіне, хат жазысуына керек әрі маңызды болғанмен, ол жазбаны халықтың дені, дала қазағы түсінбейтін. Ресми жазба тілін оқығандар ғана, яғни халықтың аз ғана бөлігі білсе, халықтың көбі қазақ тілінде, қазақтың ауызекі тілінде сөйлейтін. Ғалымның айтқанындай, сол кездегі тілдік жағдаят екі түрлі болған, «халық тілі өз алдына, ал жазба тіл өз алдына бір жеке тіл» бол-

ды. Бұл мәселені «халық тілін жазба тілі ету» арқылы шешу керек екендігін алаш қайраткері жақсы түсініп, қазақ әліпбиіне, тіліне реформа әкелді. Сөйтіп қазақтың шынайы қолданыстағы өз тілі мен одан ара-жігі алшақтап кеткен сол кезеңдегі жазба тілдің арасын жақындатып, жазу жүйесін ұлт тіліне лайықтап берген де ірі фонетист, фонолог та Ахаң болды. Ол қазақ тілінің дыбыстық, морфемалық, сөздік және сөйлем жүйесін жеке-жеке ажыратып көрсеткен алғашқы лингвист ғалым. Қазақ тілін ғылым тұрғысынан қарастырып, оны ғылым саласы ретінде танып, оған «тіл білімі» деп ат қойып, қазақша тіл білімі терминдерін жасап осы саланың негізін салушы да Ахаң. А.Байтұрсынұлының қазақ әдеби тілінің функционалды стильдерінің қалыптасуына сіңірген еңбегі зор. Бұл мәселе де тіл мамандары тарапынан арнайы қарастырылып, зерделенді. Соның ішінде публицистикалық стильдің, БАҚ тілінің қалыптасуына да ғалым зор ықпал етті.

Ахаң басқарған «Қазақ» газетінің ел өміріндегі орны, рөлі туралы осыдан бір ғасыр (1923) бұрын айтқан Мұхтар Әуезовтің пікірі баршаға белгілі:

«Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын. Ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген еспесі жоқ қайықта теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала сезетұғын. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына» түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпіні кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айғайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ахаңның екпіні болатын...», [5, 6-т. 121-б.].

Осы «Қазақ» газеті халықты «өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп» қана қоймай, ол тұңғыш жалпыхалықтық басылым ретінде ұлттың баспасөз тілінің, публицистикалық стильдің қалыптасуына негіз қалады. Бұл газетке қазақтың бас тілшісі Аханның өзі редактор болуымен қатар, алаштың алдыңғы қатарлы оқығандары үздіксіз мақала жазып тұрды. Газет қазақ арасына кең тарап, оны қалың жұртшылық жаппай оқығандықтан онда қолданылған оралымдар орнығып, жаңа атаулар мен тіркестер тұрақтап, бұл басылым тілі ұлттық баспасөз тілінің үлгісіне айнала бастады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің, оның функционалдық стильдерінің, соның ішінде баспасөз тілінің дамуы мен қалыптасуы тұрғысынан қарағанда «Қазақ» газетінің және осы басылымның негізгі жүгін арқалаған бас редактор Ахмет Байтұрсынұлының жеке үлесін ұмытуға болмайды. Көне



түркі тілі дәуірінен бері қарай дамып жеткен, жеке тіл болып қалыптасқан қазақ халық тілінің «жазба тіл» болып берік орнығуына аталған газеттің қызметі орасан зор болды. «Қазақ» газеті мен сәл бұрынырақта шығып тұрған мерзімді басылымдардың тілін салыстырғанда, стильдік тұрғыдан біраз айырмашылықтар айқын аңғарылады. Мәселен «Дала уәлаяты», «Түркістан уәлаяты» секілді басылымдардың материалдарында кітаби тілдің элементтері басымырақ болса, «Қазақ» газетінде халық тіліне тән формалар әлдеқайда көп кездеседі.

«Қазақ» газеті де арнайы зерттеу нысаны ретінде филолог мамандар тарапынан зерттелді. Газеттің бірнеше жылғы басылымы жеке кітап ретінде жарық көріп, ғылыми қауымның, көпшіліктің игілігіне айналды [6].

А.Байтұрсынұлының тілші ғалымдылығына келсек, ол әлем халықтарының тілдерін грамматикалық құрылысындағы негізгі ұқсастықтар мен өзгешеліктеріне қарай топтастырады. Осы жіктелімді тіл білімінде типологиялық жіктеме (классификация) деп атайтыны белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы тілдердің типологиялық жіктемесін де алғаш көрсетіп, олардың неге бұлай топтастырылатынын түсіндірген және қазақ тіл білімінде сол тілдік топтардың ұлттық ғылыми атауын жасап, тұңғыш рет қолданысқа енгізген ғалым. Мысалы: «Дүниедағы жұрттың тіл негізінде үшке бөлінеді: 1) *Түбіршік тіл*, 2) *Жалғамалы тіл*, 3) *Қопармалы тіл*. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай һәм иапон тілдері. Жалғамалы тіл – түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып өзгертін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы болғандықтан жалғамалы» [1, 3-т. 25-б.] – деп жазады, ғалым.

Бұл типологиялық классификацияны Ахмет Байтұрсынұлы алғаш ұсынып, әлем тілдерін құрылымына қарай жіктеп отырмағаны белгілі. Тілдерді грамматикалық құрылымына қарай оған дейін жіктеп, бөліп көрсеткен лингвистер болды. Ол қазақтан шыққан тұңғыш тіл ғалымы ретінде лингвистиканың сол кезеңдегі жетістіктерімен жете танысып, қазақ қауымына дүниежүзі халықтарының тілдері туралы жан-жақты мәлімет беріп, олар қандай топтарға бөлінетінін көрсетіп отыр. Жай ғана көрсетіп қоймай, олардың табиғатын танытатын ұлттық атау, төл термин жасап ұсынады. Ол «аморфные (изолирующие) языки» терминін – *түбіршік тіл*, «агглютинативные языки» терминін – *жалғамалы тіл*, ал «флективные языки» терминін – *қопармалы тіл* деп қазақша атап отыр. Ғалымның жалғамалы тіл, түбіршік тіл секілді сәтті ұсынған терминдердің көбі осы күнгі тіл білімінде қолданылады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтарды, ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалаларды жазды. Оның негізгі ғылыми, оқулық және

әдістемелік еңбектері қазақ тілі білімінің, әдебиеттанудың және қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік негізін қалады. Олардың негізгілері мына төмендегі еңбектер: «Оқу құралы». Бірінші кітап. Балаларға арналған әліппе. (1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922, 1923, 1925), «Оқу құралы». Екінші кітап: Алифбаға жалғасты. (1913, 1923, 1924), «Тіл – құрал». Бірінші жылдық. Дыбыс жүйесі мен түрлері. (1914, 1918, 1922, 1924, 1925, 1927), «Тіл – құрал». Қазақ тілінің сарфы. 2-нші жылдық. (1914, 1920, 1922, 1923, 1927), «Тіл – құрал». Сөйлем жүйесі мен түрлері. 3-нші жылдық. (1923, 1924, 1925, 1926, 1927, 1928), «Әліп-би» Жаңа құрал (Қызыл-Орда, 1926), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Байаншы» Әдістемелік құрал. (1920), «Сауат ашқыш» Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби. Сауатсыз үлкендер үшін I-ші кітап (1924, 1926), «Әліппе – астары» Әліппеге жетекші құрал (1924), «Тіл – жұмсар» (1928, 1929).

Осы еңбектер және XX ғасыр басында жарық көрген өзге де алаш оқығандарының қаламынан туындаған оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми, ғылыми-танымдық мақалалар тіл, әдебиет және математика, өсімдіктану сияқты өзге де арнаулы пән тілінің, қазақтың ғылым тілінің де негізін қалады. Сөйтіп, ол ескі жазба әдеби тілін өзге, шағатай, араб, татар тілі элементтерінен тазарған жазба тілдің негізгі тармағының бірі – ғылым тілінің іргетасын бекітті.

Біздің бүгінгі қолданыстағы ғылым тілінің бастауы – XX ғасыр басында жазылған төл оқулықтар. Ал сол оқулықтарды жазғандар Ахаң мен алаш көсемі Әлихан бастаған алаш оқығандары. Әрине, Ахаңның барлық арнаулы пәндер мен барлық жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар саласының терминдерін жасап, оқулықтарын жазып беруі мүмкін емес еді. Ол негізінен тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының базалық оқулықтарында қолданылатын негізгі тірек терминдерін, термин жүйесін жасады. Сонымен қатар әдістеме мен оқу үдерісіне қатысты педагогика терминдерін де жасады. Олар ғалымның оқу құралдарында қолданылады. Мәдениет, этнография мен тарих саласына қатысты да бірқатар терминдер Ахаң қаламына тиесілі.

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы ғылым тілінің негізгі терминдерін, терминологиялық тіркестерін, арнаулы оралымдарын және ғылыми ойды баяндау мәнерінің үлгісін көрсетіп, ғылыми стильдің орнығуына да негіз қалап берді. Ғалымның бұл бағытта атқарған ісінің тілдегі көрінісі, еңбегінің нәтижесі жөнінде М.Жүсіпов пен Қ.Ибраймов монографиясында жақсы зерделенді. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасына арналған зерттеулер көбіне мақала түрінде, конференция жинақтарындағы баяндамалар деңгейінде жиірек сөз болып, көлемді монографиялар, ғылыми кітаптар әлі де көп шыға қойған жоқ. Алда тек шағын зерттеулермен ғана шектеліп

қалмай, осы саладағы (әсіресе мәтінтану, қолжазбалар) ізденістер жалғасын тауып, А.Байтұрсынұлының ұлттық терминтану ғылымы мен терминқордың қалыптасуына қосқан үлесі мен оның терминжасам тәжірибесі, тілдік ерекшеліктері әлі де жан-жақты сөз болып, ахметтану ілімі, тілі теориялық, практикалық тұрғыдан жаңа дерек-дәйек, тың тұжырымдармен толықса деген ниеттеміз.

«Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып, кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ» [1, 4-т. 271-б.] деп, кірме сөздерді тілдің игеруіне ерекше мән берген Ахмет Байтұрсынұлының бұл мәселедегі ұстанымы дәл қазір де өте өзекті. Ғалымның терминология жөніндегі ұстанымы мен жазған еңбектері лингвистер тарапынан арнайы қарастырылғанмен бұл салада әлі де терең зерделейтін тұстар бар. Алда ол жөнінде кеңірек сөз қозғап, тереңірек талдау ниетіндеміз. Жоғары оқу орнындағы филолог ғалымдар да осыған ерекше назар аударып, жас зерттеушілерге, докторанттарға алаш қайраткерлерінің қолжазбаларын мәтінтану тұрғысынан зерттеуге көбірек мән беріп, тақырыптар ұсынса деген тілектеміз.

Тағы бір назар аударатын маңызды мәселе – Ахмет Байтұрсынұлының кейінгі 30 жыл көлемінде жарық көрген еңбектерінің мәтініндегі түпнұсқамен сәйкес келмейтін тұстарды сәйкестендіріп, өзге авторларға телініп жүрген кейбір мақалалары мен бұрынғы жинағына еңбеген еңбектерін түгендеп, академиялық толық жинағын сапалы шығару. Бұл ғалым мұрасын зерттеу, тану мен оны кеңінен пайдалану, насихаттау үшін ең алдымен атқарылуға тиісті аса маңызды іс. Ахаң жайында айтылатын барлық сөз оның қазаққа қаз-қалпында жетіп, елдің қолына тиген құнды мұрасынан бастау алуға тиіс.

Жалпы қазіргі қоғамда да, лингвист ғалымдар арасында «А.Байтұрсынұлы тіл білімінің негізін қалаушы», «қазақ филологиясының негізін қалаушы» деген пікір әбден орнықты. Мұны жетекші тілші ғалымдардың көбі негіздеп, айтып-жазып келеді. Бұған еш дау, талас жоқ, ғылыми қауым тоқтаған, мақұлдаған тұжырым деуге негіз бар. Енді осы тұжырымды ғалым мұрасын одан да терең әрі сала-сала бойынша жан-жақты тарқатып зерттеу арқылы дәлелденген үстіне дәлелдеп, бір жағынан тіл тарихы үшін, екінші жағынан, Ахмет Байтұрсынұлының құнды ғылыми ой-тұжырымдарын ғылым игіліне, қазіргі тіл білімі ғылымының қажетіне жарату үшін де өте қажет. Бұл бағыттағы ізденістер, зерттеулер жалғасып та жатыр. Осы тұрғыдан келгенде биылғы мерейлі жылда ахметтану құнды зерттеулермен, Ахаң шығармашылығына, тілдік ерекшеліктеріне қатысты жаңа дерек-дәйектермен толық түседі деп ойлаймыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013.
2. Сыздықова Р. Қазақтың ғылым әлеміндегі алғашқы алыптар. 13-том. – Алматы, «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
3. Джусупов Маханбет, Ибраймов Қапар. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. – Алматы, «Әлем», 2015. – 215 б.
4. Уәлиұлы Н. Ұлттық жазудың ұлы диқаншысы//«Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: өткені, бүгіні мен болашағы», Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты қазақша әліппесіне 105 жыл толуына орай ғылыми-әдістемелік G-Global платформасында онлайн-семинар материалдары. (2017 жылдың 12-19 қаңтары). – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2011. – 165 б.
5. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық юбилейі// «Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. 6-т.
6. «Қазақ» газеті. Құрастырғандар: Ү.Сухбанбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.; «Қазақ» газеті. 1913 жыл (Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс», 2009. – 480 б.; «Қазақ» газеті. 1914 жыл (Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс», 2009. – 504 б.; Қазақ» газеті. 1914 жыл (Құраст.: С.О.Смағұлова, Г.М.Абикова. – Алматы: «Елтаным», 2017. – 528 б.

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ :**  
**«ЖАЗҒАН СӨЗ ЖАНЫМ АШЫП АЛАШЫМА»**

*Айгүл Ісімақова*

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым,  
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.  
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,  
Көңілін көтеруге құл халықтың.*

*А.Байтұрсынұлы*

Ахмет Байтұрсынұлы (5.09.1872-8.12.1937) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, «Алаш» партиясы, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алаш-орда» үкіметінің негізін қалаушы, мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы ғалым, ақын, аудармашы, «Қазақ» газетінің (1913–1918) ұйымдастырушысы әрі бас редакторы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасаған өзгерістердің ұйытқысы бола білген бірегей мемлекет қайраткері, отаншыл саясаткер. Ұлт ұстазының қоғамдық-саяси қызметі мен мемлекет тарихында алған орны тарихшылар зерттеулерінде анықталған. Академиктер М.Қозыбаевтың «Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы», «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» [1,103-121-б.], К.Нұрпейісовтың «Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері» [2,11-б.] М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы», «Саяси элита және ұлт мүддесі» [3, 195-210-б.] атты ғылыми зерттеулерін осы ретте ерекше атап өту қажет.

Қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш партиясының жетекшілерінің бірі болып, Қазақ елінің тәуелсіз мемлекеттігі үшін саяси күресте шыныққан тарихи тұлға. Ресей патшалығы кезінен басталған қуғын-сүргінге қарамай ғалым Алаш басшылығының келісімімен Қазақ революциялық комитетіне мүше болып тағайындалды яғни совет өкіметі кезінде де қай қызметте болса да Алаштың Отаншылдық идеясын іске асыруға тырысты. Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Қазақстан халық комиссариаты Академиялық Орталығының жетекшісі, Алматы, Ташкент жоғары оқу орындарының профессоры болды.

А.Байтұрсынұлының жары Бадрисафаның шын аты – Александра Иванқызы Журавлева. ҚазКСР Жоғарғы Сотының 25.06.1990 жылғы 12.118 нөмірлі «Ақтау туралы анықтамасына» сүйенсек, Б.Бадрисафа 1878 жылы Орал өңірінде туған. Бадрисафа аталуына онымен некелескенде Ахмет Байтұрсынұлының жарына мұсылманша есім таңдап алуы себеп болған.

Жалынды да ойлы көсемсөз шебері, баспагер әрі ұйымдастырушы Ахмет Байтұрсынұлы өзі құрған «Қазақ» газетін осы тұрғыдан пайдалануды ұсынып, бұл басылымның алдына қойған мақсатын «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп тап басып көрсетті. Бас редактор ретінде ол сол кездегі білімді, зерделі азаматтардың басын қосып, оқу-ағарту, ұлт, жер, тіл, шекара мәселелерін ба-тыл көтерді.

Бұл газеттің қазақ ұлты тарихында алатын орны қандай? деген сауалға жауап іздегенде, М.Әуезовтің 1923 жылы жазған төмендегі пікірі бірден ойға оралады: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығына жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

Қазақ, жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде, менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұндалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын, ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген ескегі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын.

Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызыңдап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын» [4, 69-б.].

Совет үкіметі феодалшыл деп жоққа шығарған Абай мұрасын қорғауды Алаш саяси элитасы Ұлттық құндылықты сақтау деп санады. Ұлт ғылымын, мәдениетін, әдебиетін жаңа деңгейге көтерген осынау буынның Темірқазығына айналған тұлға Абай екені олардың арнайы зерттеулерінен



байқалады. Бұл – классикалық мұраны мойындау ғана емес, Абай мұрасындағы ұлттық құндылықтар мен ұлттық кодты отарлаудан сақтап қалу еді. А.Байтұрсынұлы реформаторлық тұрғыдан мақаласының атына өзекті, өзінің замандастары ғана емес, бүгінгі ХХІ ғасырда мойындалып отырған тұжырым қояды яғни Абайдың «Қазақтың бас ақыны» екенін өзге жұртқа да, өзімізге де жете танытты.

Әлихан Бөкейханның Абай Құнанбайұлы (1905) атты мақаласын негізге алған Ұлт Ұстазы тұңғыш рет ақын мұрасын теориялық тұрғыда танытты: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармап жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады» [5,154-б.]. Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1913 жылдың өзінде-ақ «көркем сөз» категориясына нақты теориялық анықтама берді: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған», – деп түйіндеген [6, 158-б.].

Әлихан Бөкейханның Семипалатинский вестникте жарық көрген тұңғыш абайтанулық мақаласынан кейін қазақ әдебиеттануында абайтанудың берік іргетасы осылай бекітілді. «Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректіктің үстіне Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын көп оқыған... Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың сөзін мың қайтара оқып жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар. Тіпті «Осының мағынасы не?» деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда... Оған оқушы түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» [5,162-б.], – деп тұжырымдаған Ахмет Байтұрсынұлының мұндай ойларын өзгеге өсиет ретінде ұсынып қана қоймай, өз өлеңдерінде де іске асырғанына ғалымның «Қырық мысал» мен «Маса» жинақтары дәлел.

Осы ретте, А.Байтұрсынұлы стиліне қатысты М.Әуезов пен Ж.Аймауытов «Абай» журналының 1918 жылғы 5-санында «Екеу» деген бүркеншік есіммен жарияланған «Абайдан соңғы ақындар» мақаласында қазақтың Бас ақынынан кейінгі орынға қоюға болатын тоғыз ақынның есімін атап, оларды үш жікке бөліп атап өткен: «Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шаһкәрім, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңінің сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына

жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады.

...Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана арналған өлеңдер Ахмет Байтұрсыновтікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдап шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса, халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кетпейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір өнері – переводқа шеберлігі» [7, 93-94-б.], – деп ақынның жазу дискурсының мазмұндық түрін айқындап берген.

А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» (1909, 1913, 1922) бірнеше рет жарияланды. Мысал жанры сияқты әлем әдебиетіндегі ортақ сюжеттерге жазылған туындылар белгілі мотивты пайдаланушы автордың төл туындысы болып табылатыны әдебиет теориясы мамандарының тарапынан дәлелденген, ғылымда орныққан, дау туғызбайтын тұжырым екені А.Байтұрсынұлына мәлім болғанын байқаймыз [8].

Шығыс әдебиетінің көне дәуірдегі үлгілерінен мысал жанрының барлық халықтарға ортақ қазынаға айналған дәстүрлі сюжеттері табылатыны мәлім. Дегенмен қазақ ақын-жазушыларының мысал жанрында қалам тербеуіне И.А.Крылов шығармаларының әсері болғанын да мойындауға тиіспіз.

Орыс әдебиетімен жақсы таныс А.Байтұрсынұлының мысал жанрына көңіл бөлуі де тегін емес еді. Мысал жанрының шағын көлемді мәтіндер арқылы маңызды ойлар айта білуі, отарлау кезде осылай астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зор екендігін жете сезінген А.Байтұрсынұлы әлеуметтік ортаға саяси, зерделі ықпал ету үшін «Қырық мысал» жинағын 1909 жылы Петербургте жариялайды.

Бұл кітапқа енген мысалдар көлемімен де, сюжеттік дамуымен де өзге сөз зергерлері туындыларынан дараланып тұрғаны айқын. Бұрыннан белгілі сарынның негізінде дүниеге келген мысал сол автордың шеберлігінің арқасында төл туынды болып кете беруі түсінікті жай. Оған дәлел – Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов мысалдарына арқау болған сюжеттік жүйенің ортақтығы.

XX ғасырдың басында бұл жанрдың қазақ әдебиетінде кең орын алуына Абай, Ыбырай, А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, А.Құрманбаев, т.б. ақын-жазушылардың айтулы үлес қосқаны анық.

А.Байтұрсынұлы мысалдарында халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны қазақ өміріне бейімделінген, сол кездегі қазақ қоғамының саяси-әлеу-



меттік сұранысына қажетті ойлармен толықтырылып тұр. Крыловтың шығармаларында он тармақтан тұратын «Шымшық пен Көгершін» атты мысалды А.Байтұрсынұлы отыз екі жолға дейін ұлғайтып, мүлдем басқа туынды деңгейіне көтереді. Ақын өз жанынан қосқан ойлары арқылы бұл мысалды қазақтың төлтума рухани мұрасына айналдырды.

Мұндай ерекшелік «Өзен мен қара су» мысалына да тән: «Меңзеймін қара суды, қазақ, саған, Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан. Барады қатар жұрттың бәрі озып, Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам. Оянып, жан-жағыңа сал көзінді, Түбіңе жетпей қалмас қамсыз жатқан» [6, 94-б.].

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары мен жақсы-жайсаңдарының ел қамы үшін белсенді саяси әрекетке баруына түрткі жасау мақсатын А.Байтұрсынұлы «Малшы мен Маса» мысалында былайша нақтылай түседі: Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан, Жыланды пәле делік аңдып баққан. Пәленің түрін көретін мен – Сары маса. Халықты оянсын деп сөзбен шаққан. Ойлаймын: «Осы сөз де жетеді, – деп. Қатты айтсам, сөзім батып кетеді, – деп. Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді, Қорқамын Сары масадай етеді деп [6, 96-б.].

Академик Р.Нұрғалиев «Ақжол» жинағының алғысөзінде қазақ ақын-жазушылары мысалдарының ерекшеліктерін: «Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен дәлме-дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған. Ал, Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанымен, жаңа ойлар айтылады... Крыловтың он жолдық «Шымшық пен Көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынов аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен Бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол. «Қасқыр мен Тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол. «Арыстан, Киік һәм Түлкі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол. «Қасқыр мен Қозы» орысшада – 37, қазақшада – 68 жол. «Ағаш» орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеуірін, ишара, меңзеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» (Орынбор, 1911) кітабында ашық, анық, айтылады» [9, 7-б.], – деп анықтап берді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағындағы «Сөз иесінен» атты беташар өлеңінде «Маса» деп отырғаны өзі екенін ұқтыра келіп, автор өз шығармашылығының басты нысанасын: Ызындап ұшқан мынау – біздің Маса, Сап-сары, аяқтары ұзын Маса. Өзіне біткен түсі өзгерілмес, Дегенмен, қара яки қызыл Маса [6, 98-б.], – деп атап көрсетеді. Бұл жинаққа «Маса», «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Туысыма», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Жауға түскеннің сөзі», «Адамдық диқаншысы», «Бақ», «Тарту», «Қа... қаласына»,

«Жұртыма», «Жұбату», «Н.Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездеме хат», «Жауап хаттан», «Ғылым», «Замандастарыма» сияқты төлтума өлеңдерімен қатар Вольтер, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ю.В.Жадовская, С.Я.Надсон сияқты Ресей мен Еуропа ақындарының өлеңдерінен аудармалар мен автордың үш мысалы енген.

Ақындыққа өзінің де таласы барын А.Байтұрсынұлы «Оқу құралы» жинағының беташары ретінде жазылған «Тарту», «Ер Сайын» жинағына алғысөз іспетті «Г.Н.Потанинге тарту» өлеңдерімен паш етті. Ақынның бүкіл шығармашылығына терең ішкі мазмұн мен сыртқы түрдің үйлесімділігі тән, соған сәйкес ол туындылардың өзіндік сипаттары да айрықша.

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (Қызылорда, 1926) «Бисми-иллаһи-рахмани-рахим» сөзімен ашылса, ақынның өлеңдерінде кездесетін діни түсініктер (Алла, Құдай, аят, хадис, Лаухул-Мағфуз, Иман, Лат-Манат, он екі имам әулие, жиырма сегіз әмбие, т.с.) мен діни аңыз кейіпкерлерінің аты (Әбіл мен Қабыл) оның діни білімінің де жоғары болғанын айқындай түседі.

А.Байтұрсынұлының лирикалық кейіпкері шындықты айтады, ол – білімге, жігерлікке ұмтылған намысшыл Ел қорғаны. Бұл өлеңдерге дейін елін сынап отыру, оның кейбір кемшіліктерімен күресу, елі үшін күңірену Дулат, Шортанбай, Махамбет, Шернияздың өлеңдерінде кездескенімен, еліне қамқоршы бола білу, өзін Елі үшін жауапты санау Абайдың ғана өлеңдерінде айқындалған эстетикалық мұрат еді. А.Байтұрсынұлының ақындығы Абайдан мирас болып қалған классикалық поэзияның осы жағын, осы әуенін дамыта түскен. Лирикалық кейіпкер елін маса болып шағып, оның намысын, жігерін оятуға бет алған. Сондықтан болар, азаматтық сарыны басым бұл өлеңдер сол кездегі зиялыларға ерекше әсер еткені белгілі.

*Қазағым – елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.*

*Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзіңді оянып!*

*Қанған жоқ па әлі ұйқың?  
Ұйықтайтын бар не сиқың? [6, 114-б.].*

А.Байтұрсынұлының біліктілігін, ойлау жүйесінің кеңдігін, оның тіршілікке деген көзқарасын «Тілек батам» атты өлеңінен аңғаруға болады: *Я, Құдайым! Аққа жақ! Өзіңе аян: мен нақақ. Аққа деген жолымның Абыройын ашпай, жап. Аят пенен хадисте Адал ниет, ақ іске, – Жаңылмасам, жоқ еді – «Жаза тартсын», – деген бап [6, 116-б.].*

*Мұны көріп көзіміз. Бірігер деп сөзіміз. «Кен болар» деп балшықты.*

*«Көл болар» деп шалшықты біз үмітпен қазып ек. Дәреті жоқ аяқтар. Қорсылдаған саяқтар былғамасын қасыңды. Қасиетті басыңды. Дегеніміз болмаса. Қазаққа не жазып ек?! [6, 117-б.].*

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы яғни араб таңбаларын негізінде ұлттық әліпбиге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері өз замандастары тарапынан лайықты бағасын алып қана қоймай, күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

А.Байтұрсынұлының төмендегідей ғылыми еңбектері болғаны мәлім: Тіл құралы. 1-бөлім. Фонетика; 2. Тіл құралы. 2-бөлім. Морфология; 3. Тіл құралы. 3-бөлім. Синтаксис; 4. Әдебиет танытқыш; 5. Баяншы, методикалық жазбалар; 6. Тіл жұмсар. 1-бөлім. Практикалық грамматика; 7. Тіл жұмсар. 2-бөлім. Практикалық грамматика; 8. Оқу құралы (балалар әліппесі); 9. Әліппе; 10. Сауат ашқыш (ересектер әліппесі); 11. Әліппе-астар (Әліппеге методикалық нұсқау); 12. Оқу құралы (хрестоматия) (Т.Шонановпен бірге). 13. Ер Сайын; 14. 23 жоқтау;

Алаштың көзі Жайық Бектұровтың Әлімхан Ермековтен алған мәліметі бойынша Ахаң Мәскеуге Ә.Бөкейханға тағы бір кітабын жіберген. Екінші данасы Бадрисафада қалған [10, 12-13 б.]. Осы кітаптың да тағдыры белгісіз. Бұл туралы «Алаш зиялылары және ғылым» атты зерттеуімізде айтқан едік. Кезінде М.О.Әуезов 1923 жылы ауызға алған, қазір зерттеушілер тарапынан сөз болып жүрген «Мәдениет тарихы» атты еңбегін табу үшін жасаған әрекеттеріміз нәтиже бермеді. Бірақ бұл еңбектер еш кетпей, басқа біреулердің атымен жарияланып, халық мұрасына айналды деген болжам да бар...

Ар сөзімен басталатын қазақ тіліндегі тұңғыш әліпбидің авторы – А.Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлының лингвистикалық еңбектерінде бүгінгі қазақ тілі мен әдебиеттану теориясының негізі қаланып, бізге үйреншікті «пән сөздері» категориялар алғаш рет қалыптасып, қолданысқа енгізілді. А.Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл құралы» атты еңбегі төмендегідей тараулардан тұрады: Сөз мүшелері. Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері. Жазу қағидалары. Атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік). Шылау сөздер (үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз). Тарау соңында берілген «Қорытуда» ғалым зерттеудің токетерін айтады: «Сөйтіп, сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді: 1) түбір сөз, 2) туынды сөз, 3) қос сөз, 4) қосалқы сөз, 5) қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа бөлінеді: 1) зат есім, 2) сын есім, 3 сан есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу, 7) демеу, 8) жалғаулық, 9) одағай.

А.Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тілі» деген терминді де өзі ұсынғанын біз есте сақтауымыз қажет. А.Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш Әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта ба-сылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажет құндылықтарға айналғанына көз жеткізеді.

А.Байтұрсынұлының араб таңбаларын Қазақ тілінің фонетикасына сай бағындырып берген жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (өзбек, татар, т.б.) да оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. Осы орайда академик Ахметтанушы Рабиға Сыздықованың сөзіне жүгінсек: «А.Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастаған» [5, 34-б.].

Араб жазуы тікелей ислам дінімен байланыстырылып, ғалымның сан жылғы еңбегі жоққа шығарылды. Уақыт көрсеткендей, латын жазуының да тағдыры ұзаққа бармады. А.Байтұрсынұлының Құран әріптерінен тұратын, ғылыми негізі дәлелденген «жаңа емлесін» латын әріптерімен, одан кейін кириллица таңбаларымен алмастыру Ұлы даланың сан ғасырлық ескерткіштері болып табылатын бағалы жазба мұраларынан қол үзіп қалуымызға әкеліп соқтырды.

Ана тілі жазуының реформаторы енгізген, араб жазуының таңбалары негізінде жасалған қазақ әріптері – жат жұрттарға қоныс аударуға мәжбүр болған (Қытай, Ауған, Иран, т.с.с. шет жұрттарда тұратын) қандас бауырларымыздың ХХ ғасырдың 1910-жылдарынан бастап, осы бүгінгі күнге дейін қолданып келе жатқан графикасы.

Бүгінгі ғалым-тілшілер қолданып келе жатқан лингвистикалық атаулар мен парадигмалар А.Байтұрсынұлынікі екені айтылмай, қолданылып келді. Оларды атап айтсақ: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, анықтауыш, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі, т.с.с. «пән сөздері». Әрқайсысы сол өзі атауы болып тұрған категорияның мағынасын дәл білдіріп тұр.

Сонау тар жол тайғақ кешкен заманда А.Байтұрсынұлы атқарған қоғамдық қызметтің бір саласы – қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, баспаға дайындау, жарыққа шығару болды. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, оны жарыққа шығарудың мән-маңызын жете ұғынып, өздерінің міндеті деп санаған азаматтардың қатарына ХІХ ғасырдың соңында қосылған А.Байтұрсынұлы 1895 жылы «Тургайская газетаның» №39 санында «Киргизские приметы и пословицы» деген мақала жариялайды.

1923 жылы Мәскеу қаласындағы Ұлттар комиссариатына қарасты Күн-

шығыс баспасынан жарық көрген «*Ер Сайын*» жырын баспаға дайындаған – А.Байтұрсынұлы. Бұл кітап Г.Н.Потаниннің 80 жасқа толуын құрметпен атап өту үшін дайындалғандықтан, оның беташары ретінде А.Байтұрсынұлының «Г.Н.Потанинге тарту» өлеңі берілген. Соңында «Қыр баласының» яғни Әлихан Бөкейханның мерейтой иесін қазақ оқырмандарына жете таныстыру үшін ресейлік ғалымның өмірбаяны, ғылыми қызметі, халқымызға сіңірген ерен еңбегі жайында баяндаған көлемді мақаласы және «Ер Сайын» жырының жиналуы, жыр мазмұны жөніндегі ғылыми түсініктеме-мәліметі келтірілген.

Ахмет Байтұрсынұлы жинап, сұрыптап, бастырған асыл сөз үлгілерінің екіншісі – 1926 жылы Мәскеуде жарияланған «*23 жоқтау*». Бұл кітапқа енген мәтіндер төрт ғасырлық ұлт азаттық қозғалыстардың қаһармандары - тарихи тұлғаларды жоқтау еді. Ғалымның Кеңес өкіметіне деген көзқарасы осылай айғақталған. Басқалар ұрандап жатқан кезде, Ахаң мен Ә.Бөкейхан ата-баба жоқтауын советтік отарлауға қарсы қойған. А.Байтұрсынұлы сол кездегі Ресей ориенталистерімен іскерлік байланыста болған, А.Е.Алекторовпен жүздескен. Сол кездегі ресейлік түркологтар Ахаңды реформатор деп мойындаған.

А. Затаевич 1925 жылы Орынборда шыққан «Қазақ халқының мың әні» деген кітабында Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әндерін жақсы білетіндігін әрі шебер домбырашы болғанын, оның өзіне етене таныс Торғай, Ақтөбе, Бөкей Ордасы, Қарқаралы өңірлерінде айтылып келген әндерді қағазға түсіруге көмектескенін, бірнеше күйді өзі орындап бергенін жазған: *«Но мог ли я пройти равнодушно мимо тех сокровищ, которые так неожиданно передо мною открылись? Культурному миру они до сих пор оставались совершенно неизвестными, а между тем их уже коснулась гибельная рука вымирания! Нужно было спешить с записью того, что еще осталось целым! Понятно, что довести эту громадную работу до конца можно было только при помощи целого ряда сведущих и сочувствующих ей лиц. Из них я особенно себя считаю обязанным А.Байтурсинову и А.Н.Букейханову, высококомпетентными указаниями и пояснениями которых я лично руководствовался»* [11, 22-б.].

Қазақ тіл білімі ғылымының теориялық негізін орнықтырған Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының іргесі қалаған ғылыми зерттеудің де авторы: «Әдебиет танытқыштың» (1926).

1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет – сөз өнері болса, оны халыққа түсіндіріп, оның көркемдік

ерекшеліктерін, адамгершілік, кісілік, яғни имани, ғибратты, рухани сипаттарын таныту әдебиетшілердің, зерттеушілердің кәсіби парызы екенін А.Байтұрсынұлы осы екі сөзбен ғана түсіндіріп кетті.

«Әдебиет танытқышта» бұл орайда көркемсөздің тектері мен түрлері «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. Адамның жан сақтау емес, жан қоштау керегіне қажетіне бағытталған: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература»... Ғалым әдебиеттің басқа ғылымдардан айырмашылығын айта кетеді: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіретпен көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді».

Осы ретте А.Байтұрсынұлы М.Бахтинның «Эстетика словесного творчества» еңбегінің басты қағидаларын сонау ХХ ғасыр басында қазақша айқындап бергені таңғалдыра түседі. «Қарасөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді» дегенге келесі ой жалғасқан: «Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда, ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді: 1) ғалам тарапына; 2) Құдай тарапына; 3) ғылым тарапына; 4) әлеумет тарапына; 5) үгіт-тәрбие тарапына; 6) сын тарапына» [6: 256-б.].

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты теориялық ұстанымдары:

1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөнінде. «Сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару социализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды. Әдебиеттанушы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалайда асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі» [6, 281-б.].

2. Әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады, яғни «пән сөздері» басты міндет атқаруын басып айтады. Сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көпсөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады.

3. «Жазу әдебиет» тарауында А.Байтұрсынұлы бүгінге дейін біз мойындамай, үрейленіп келген қағиданы дәлелдеп береді: «Қазаққа жазу дінмен



*бірге келген... Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен» [6, 316-б.].*

4. Жазба әдебиетті екі дәуірге бөледі: 1) діндар дәуір; 2) ділмар дәуір. *Діндар – «діншіл» деген мағынада, ділмар – «тілшең» деген мағынадағы сөздер» [6, 318-б.]. «Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып» соған еліктегеннен пайда болса, «ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр» [6, 318-б.]. Бұл құбылыс тек қазақ емес, «барша жұрттың басында болған іс».*

5. Діндар дәуір әдебиеті немен ерекшеленеді? Ол туралы былай делінген: *«Діндар дәуір ауыз әдебиеті түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырылмаса, айрықша түр-түрпатымен айырыла қоймайды. Діндар жағының басымдығымен айырылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме» [6, 319-б.].*

6. «Әдебиет танытқыш» әлемдік контексттегі хронотопымен ерекше. *«Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды» [6, 276-б.]. Қазіргі әдебиеттанудағы синкретизм, типология, генезис, әдебиеттердің қарым-қатынасы, ортақ сюжеттер деген мәселелер туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған» [6, 276-б.].*

7. А.Байтұрсынұлы пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, *«адамның жан қоштау керегінен шыққан» әдебиет – «асыл сөз».* Сондықтан *«Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынай біледі» [6, 337-б.].* Өйткені *«Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады» [6, 337-б.]. «...Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтыпта жұртты хабардар қылды... Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сөзді сынай білмекші; сынай білуден сөз талғауы күшеймекші. Солай болған соң асыл сөздің басты-басты сипаттарын білу сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады»*

[6, 338-б.]. Әдеби стиль, даралық стиль, көркемдік категорияларын ғалым осылай қазақша танытады.

М.М.Бахтиннің «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ ғасырдың 1920-жылдары түсіндіріп кетіпті. А.Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былай пайымдайды: *«Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында ғана айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды». Яғни басты мәселе «айтылу аудандарында» ғана екен [6, 343-б.].*

А.Байтұрсынұлы осы ретте нақты теориялық айқындау береді: *«Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек. Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады» [6, 343-б.].* Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады екен. М.М.Бахтиннің: «Романдық стиль повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді» деген әйгілі қағидасын А.Байтұрсынұлы сонау 1926 жылы Ресей теоретигінен қырық жыл бұрын осылай дәлелдеп берген екен!

*«Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек». Демек, роман стилін жүйелей келе А.Байтұрсынұлы оны айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс деп жіктейді. [6, 273-б.].»*

Ұлт Ұстазының еңбектерінен кәсібилік пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық, жалпыадамзаттық имандылық есіп тұр. Аналитикалық талдаулар мен жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған.

Отанына, ұлтына, еліне адал қызмет ету үлгісін көрсеткен, ғылым мен білім саласының дамуына нақты үлес қосқан, әдебиетті ұлттың тарихымен бірлікте қарастырған ғалым А.Байтұрсынұлы еңбегінің Қазақ Елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жасар замандасы М.О.Әуезов кезінде былайша тұжырымдапты: *«Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын: Алаштың үмбетінің бәрі мәлім. Кім қалды таразыға тартылмаған?! – деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз.*



*Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ақаңның гана ардақты атын атаймыз.*

*Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [4, 70-б.]. Бұдан артық айта алмаспыз.*

Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, Х.Досмұхаммедұлылар бастаған Алаш саяси элитасы Тәуелсіз кездегі жастар үшін Отанға адал қызмет ету мен Отаншыл болудың үлгісі болып қала бермек.

Ә.Бөкейхан, М.О.Әуезов, Е.Омаров, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы, С.Сейфуллин, А.Н.Самойлович (1919), Е.Д.Поливанов (1924), А.Н.Кононов (1924), Н.Ф.Яковлев (1928), Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмаиловтар Ахметтанудың негізін салып берген ғалымдар. Тәуелсіздік кезде Ахметтануды Р.Сыздықова, Ш.Қ.Сәтбаева, Ә.Кекілбаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Т.Кәкішев, С.Қирабаев, Р.Нұрғалиевтер жалғастырды.

Ғалымның «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген өлеңінің жалғыз тармағына сыйғызылған азаматтық ұран Отан алдындағы адалдықтың үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлының ғибратты күрес және шығармашылық жолының Темірқазығы болып табылатыны оның кез келген еңбегінен, тіпті сөйлемінен де аңғарылатыны айқын.

*«Көшпелі һәм отырықшы норма (1913)» мақаласында А.Байтұрсынұлы Отанға қатысты: «Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс қылыңдар! Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істеңдер. Сендер адассаңдар, арттарыңнан ерген Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар!» [12, 167] – деп Тәуелсіздікті бізге аманат еткенін бүгін есте сақтауымыз қажет.*

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы. Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999.
2. Нұрпейісов К. Ахмет Байтұрсынұлы – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері // Ұлттың Ұлы Ұстазы. – Алматы, 1999.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995; Саяси элита және ұлт мүддесі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: Ғылым, 1999.
4. Әуезов М. Ахаңның 50 жылдық тойы // М.Әуезов 50 томдық шығар. жинағы, 2-том. А., 1998.

5. Бөкейхан Ә. Таңдамалы / Бас ред. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопед., 1995.
6. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003.
7. Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы: Арыс, 2001.
8. Веселовский А.И. Историческая поэма. – Л., 1940; М., 1999; Теория литературы. Основные проблемы в историческом освещении. Т. 2. – М.: Наука, 1965; Теория литературных стилей. Том 2. – М.: Наука, 1978; Курилов А.С. Литературоведение в России XVIII века. – М.: Наука, 1981.
9. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.
10. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері Жақып Ақбаев. – Алматы: Жеті жарғы, 1996.
11. Затаевич А. 1000 песен казахского народа. – Алматы: Дайк Пресс, 2004.
12. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Алаш, 2006.

## АЛАШ АҒАРТУШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ ҚҰБЫЛЫСЫ

*Дихан Қамзабекұлы*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры,  
ҚР ҰҒА академигі*

Алаш – Қазақстанның бүгінгі жаңару мұратын өз тұсында саясат пен руханият тұрғысынан тереңдеткен, айшықтаған кезең атауы.

Алаш – Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілдік мүддесінің үзілмеген арқауы.

Алаш – қиын кезеңдерде ұлттың батыл да бастамашыл білік пен парасат, білім мен жауапкершілік тарихына қараған айнасы.

Бірсыпыра замандасымыз «Алаш қозғалысы», «Алаш партиясы», «Алаш үкіметі» деген ұғымдарды шатастырады. Айталық, біз бүгін «Алаш қозғалысы» деп жүрген қоғамдық-саяси серпіліс немесе ояну 1917 жылдан әлдеқайда бұрын пайда болған.

Ал, Түркістан мұхтарияты (1917 жылдың 27 қарашасы), Алаш автономиясы (1917 жылдың 13 желтоқсаны) – мемлекетшілдік тәжірибе бастауы. Елдік мәртебенің айқындалған күні, ұлт жұлдызының жанған күні. «Елім-айлап!» аңыраған шақтан Хан Кене туы жығылған күнге дейінгі және кейінгі қалың қайғыны серпілткен меже.

Сол қуаныштың, сол азаттықтың ақшаңқан үйін көп кешікпей большевизм дауылы зорлықпен жықса да, елдің бірлігі мен ердің білігі жұрт санасында сақталып қалды.

Исі қазақ осыдан бір ғасыр бұрын жүрегінде Алаш ерлігіне, Алаш жанқиярлығына, Алаш азаматтығына ескерткіш орнатып үлгерген еді.

Тарих пен ұлт шежіресін парактап жіберсеңіз, сын сағаттарда халық Алашты еске алған. Алашқа жүгінген. Ойының астарында, ділінің түкпірінде, тілінің ұшында Алаш тұрған.

XX ғасырдың сан қанқасап кезеңінде – ашаршылығында, қырғынында, соғысында, тұтқынында, тұқылында, меңіреуінде, еңіреуінде – ел Алашты жадында жаңғыртып жұбанған. Тәубаға келген. Тірілген. Намысын түйіп сақтаған шүберекпен көз жасын сұрткен... Осының бәрі Алаш ағартушылығының нәтижесі еді.

Күн сәулесі түсер шаңырақ тұмшаланғанда, есік-терезе бекітілгенде, жаңаны ескіге қарсы қойса да, тап тегеурінін табандатса да, аға толқын рухани ортаға Абай деп – тұтас қазақ әлемін, Махамбет деп – хандық тұсындағы жырау толғауын, Сұлтанмахмұт деп – ұлт зиялылары жұрнағын

алып келді. Бұл да – үзілмеген Алаш арқауы еді. Мұның да негізінде ағартушылық аңсар тұр.

Елуінші жылдары Мағжан өлеңін оқығандарды 25 жыл абақтыға жапқанда, сексен алтыншы жылы «әр ұлтқа - өз басшысы» деп айтқан жастарды ату жазасына кескенде, тоталитарлық билікке қасқайып бас көтерген ерлер де - Алаш арқауының, Алаш ағартушылығының жемісі-тін.

Қазір таза тіл, ұғынықты тіркес, жүйелі сөйлем іздесек, көркем сөзге ұста ұлт зиялылары мұрасына – классикаға жүгінеміз. Осы да – Алаш арқауы. Білім, ғылым бастауына ұмтылсақ та, Алаштан шығамыз.

Тәуелсіздіктің отыз жылдық межесінде дара жолымыздың тағылым-сабақтарын парықтадық. Үздіксіз, үзіліссіз алға жылжыған тарих көшінде ұлтты – ұлт, елді – ел еткен құбылыстар, оқиғалар, тұлғалар бағамдалды. Осы аяда Алаштың, ұлт зиялыларының шоқтығы биік екені айқындалды. Жаңа дәуірде Алашты зерттеу – ұлттық даму мен өркендеуді зерттеу, елдік ұйысудың саяси-мәдени тетіктерін анықтау, мемлекеттік рухани сапа мен жауапкершілікті зерделеу болып шығады.

Алаш пен ұлт зиялыларын зерттеудің бағыттары біршама:

**Алаштанудың тарихи-танымдық бағыты.** Мұнда қаралатын негізгі мәселелер: Алашқа қатысты маңызды, тың мәліметтерді, дерек көздерін табу, жүйелеу және кешенді зерделеу; оларды жаңа көзқарас тұрғысынан мұқият зерттеу. Сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы ұлт оянуын әлемдік саяси үдерістер аясында қарау маңызды.

**Алаштанудың тілдік-әдеби зерттеулер бағыты.** Бұл бағыт бойынша Алаш кезеңінің көркемөнері мен тіл-әдебиет зерттеулері ғылым зәруліктері тұрғысынан сараланады. Әлем және түркі дүниесі рухани дамуындағы ұлт тілі, ұлт әдебиеті ерекшелігі зерделенеді.

**Алаштанудың дүниетаным, діни ұстаным, мәдениеттану бағыты.** Бұл бағытта философия, психология, дінтану мәселелері жәдитшілдік, түрікшілдік, ортақ тарихи-мәдени кеңістік аясында зерттеледі.

**Алаштанудың стратегиялық зерттеулер бағыты** геосаясат, қауіпсіздік мәселелері, шектес ел мен шетел ықпалдастығы, қарама-қарсылығы, өзара байыптамалары тұрғысынан қарастырылады.

Бұл зерттеу жүйесі де Алаш тәжірибесінің үзілмейтінін айқындайды.

Ел қазіргі алаштанудан елеулі серпілісті – елдік, бірлік, өрлік, ерлік арқауындағы істі күтеді. Ахмет Байтұрсынұлының «ғылым мен өнер елсізді – елдіге, жоқты – барға теңгереді» деген нақылын заман сұранымына сай байыптау – уақыт талабы.

**Алаш ағартушылығы** – Алаш қозғалысының құрамдас бөлігі. Ағартушылық – жақсылыққа, бақытқа ұмтылған күллі елдің бастан өткерер жетілу

һәм өрістеу жолы. Сондай-ақ мұны әр ұлт бірі-біріне ұқсай бермейтін мазмұнда қилы жағдайда, сан түрлі мерзімде жүріп өтеді. Бұлай болуы қоғамдық-тарихи факторларға байланысты.

Ағартушылық кезеңнің бар мақсат-мүддесін бойына жинақтайтын руханияттың функциясы білім-іліммен ғана шектелмейді. Осы ретте Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: «Оқу-білім болса, мақсат бәрі табылады дегендей көрінеді. Бұлай болса, бұл – адасқандық болды. Біліммен мақсат шықпайды. Ғәзәзіл ұжмақтан надандықтан шыққан жоқ. ...Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден. ...Жақсы мінезге тоқтаған адам аз. ...Неше түрлі залалды қазақ мінезі бұзық орысша, мұсылманша хат білгендерінен көрініп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді. Білімнен жақсы мінез шықса, бұ қалай?» – дегені мәлім. Ағартушының «жақсы мінез» дегені – адамшылық, имандылық, елшілдік. Аталған кезеңнің қаламы осыны орнықтыруға жұмсалды. Сонымен бірге ол ұлт сұранымын іс жүзінде қанағаттандыруға жұмылды.

«Басқадан кем болмас үшін біз білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», - деп жазады Ахмет Байтұрсынұлы.

Қазақ ұлты тарихындағы Ағартушылық кезең шамамен ХІХ ғасырдың 60-жылдарынан ХХ ғасырдың 30-жылдарына дейін жетпіс жылға жуық созылады. Ал мұны бір-бірімен байланыстағы үш бөлік құрайды: **1. Бастапқы Ағартушылық (1860-1890); 2. Негізгі Ағартушылық немесе Алаш ағартушылығы (1890-1920); 3. Инерциялы Ағартушылық (1920-1929).**

**Бастапқы Ағартушылық** біздің тарих пен әдебиеттануда біршама зерттелінді. Бұл ХІХ ғасырда қоғамымызды ағартуға талпынған Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, М.Бабажанов сынды тұлғалардың әрқайсысы өз бетінше жасаған қадамы еді. Олардың еңбегінде әлем тарихында кездесетін Ағартушылық кезең тұлғаларына қоятын талаптың бәрі дерлік бар. Бірақ ерекшелігі де жоқ емес. Бұл ағартушылықтың «бастапқы» болатыны - олардың ағартушылық ісінің басында тұрғандығымен және аталған тұлғалардың бір күшке бірікпей, жеке-дара күрескендігімен түсіндірілуі тиіс. Әрине, оларда шәкірт немесе пікірлес болмады дей алмаймыз. Алайда шәкірт санаулы, пікірлес байлаулы еді. Солай болғанның өзінде бұл ағартушылар кейінгі толқынға көп нәрсе нұсқап кетті.

**Негізгі Ағартушылықты** (Алаш ағартушылығын) ұлттың ұйысуға қарай жасаған қадамы тудырды. Мұны кейбір зерттеушілер Ренессанс деп асығыс тұжырымдап жіберген кезі де болды. Мұндай еліктеу реңкті пайымдар аталған кезеңнің дәл сипатын түсіндіріп бере алмайды. Егер ояну мен өрлеудің бәрі Ренессанс болса, бізде оның «бірнешесі» болған. Сондықтан

еуропалық Қайта өрлеу дәлме-дәл қайталанды дегеннен гөрі кейбір сипаты ұшырасты деу – біздің шындыққа жақынырақ. Негізгі Ағартушылық тұлғаларында біртілектік пен ұйымдасу бар. Бірігіп қамдану мен қорғану бар. Ұмытыла бастаған «бір тудың астына жиналу» ұраны осы кезде көтерілді. Байлардың пейілі - меценаттыққа ұласып, ортадан қаражат шығарып кітап, газет-журнал жариялау, қозғалысқа бірігу - осы Ағартушылықтың дәйекті жұмысы. Дін мен зиялылық, жәдитшілдік пен зайырлық үйлесім тауып, жаңаруға қадам басты. Бұл шақта әсіре қарама-қарсы күш болған жоқ. Болуы да мүмкін емес еді. Себебі тілек – бір, арман – бір, жау да бір болатын.

**Инерциялы Ағартушылық** - Ресейдің шет аймақтарында һәм өз ішінде ғана байқалған тарихи-рухани үдеріс еді. Яғни, 1917 жылғы төңкеріс бүкіл жүйені шайқады. 20-жылдардан бастап ресми басқа қоғам құрылды. Бірақ осылай болғанның өзінде халық тағдырын, рухани мұратын бірер жылда басқа арнаға салу мүмкін емес-тін. Сондықтан негізгі Ағартушылықтың ұшқындары инерциялы түрде өмір сүре берді. Қарама-қарсы күштер осы кезде пайда болды. Оларды объективті жағдайлар ымырасыз етті. Инерциялы Ағартушылық уақытында Негізгі Ағартушылық көсемдерінің орнына дәстүр мен салтты, әлемдік тарих тәжірибесін құнттаған жаңа тұлғалар шықты. Бұл күш әсіре пролеткультшілдіктің тегеурінін жұмсартып, еркін рухани-мәдени дамудың күнін ұзартты.

Енді Алаш ағартушылығының титаны немесе кіндік тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы құбылысына келейік. Ол – осы кезеңдегі руханияттың берік ұстыны еді. Ағартушының 50 жылдық мерейтойы қарсаңында Мұхтар Әуезұлы оның ұшан-теңіз еңбегін мына нақты үш тіркеске сыйдырған: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран» [1]. Бұдан А.Байтұрсынұлының заманында ұлттың рухани ұстазы болғаны аңғарылады. Әлбетте, жәдитшілдіктің Алаш қозғалысына ұласар шағында Ахметтің мол күш-жігері елді ағарту (баспасөз, оқулық шығару) ісіне жұмсалды. Орайы келгенде ғана әдебиетке қатысты ой айтты. Бірақ бұл ойы темірқазықтай еді. Сонымен бірге осы уақытта әдебиеттануымыздың алтын қорына қосылған «Қазақтың бас ақыны» атты зерттеу мақаласын жазды.

Ахмет – ең алдымен ағартушы. Ол – поэзияда да, көсемсөзде де, ғылым-ілімде де ағартушы. Өзі: «**Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқуменен түзеледі**», - деп жазғандай [2], аталған шақта сауатты, білгір А.Байтұрсынұлы **халыққа көшбасшы ағартушы** ретінде қажет еді.

«Қазақ» газетінің бастапқы нөмірінің бірінде (бас мақала) әлгі ойын Ахмет былай деп өрбітеді: «Докторлық ғылымын оқығандар денсаулық жайынан



керек кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; шаруа жайын оқығандар шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын жақсылап шығаруға мүмкін нәрсе; әдебиет аудаһында жүйріктер халықтың қылығын, құлқын түзетуге керегі бар жақсы романдар уа ғайри сондай сөздер шығаруға мүмкін нәрсе» [3].

Ахмет Байтұрсынұлының ендігі бір мақаласында: «Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып, азып-тозып, жоғалмақшы. ...Басқа жұртпен араласқанда, өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады? Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды», - деп, ұлт пен тіл мәселесін терең таразылайды [4].

Міне, осының баршасы ағартушы, ұстаз Ахметтің руханиятқа қазақтың жоғын жоқтап келгенін айғақтайды. Әлбетте, ол нағыз ақындықтың (Абай өлшеміндегі) қадір-қасиетін білді. 1909 жылы Петерборда басылған «Қырық мысал» жинағының (мұны да Әлихан бастыртқан, ол тіпті бұл жинақты 1905 жылы жарияламақшы болған) бір қайырымында қаламгер:

*Ахмет, осы айтқаның жетер, тоқта!*

*Көрдің бе, сөзің онша ажарлы емес,*

*Ұялмай сынатарға салып топқа.*

*Алайда тыңдағандар бір ойланар...* - дейді өзіне [5, 96-б.]. Мұндай сөз иманды адамның ғана аузынан шықса керек.

Ә.Бөкейхан секілді Алаш руханияты жаңарса, жаңа түрмен биіктесе дегенді Ахмет те айтты. «Қырық мысалда» «Өзен мен қарасу» мысал-тәржімесін ұсына отырып, оның түйіндемесінде былай дейді:

*Мысалы үлкен өзен тынбай аққан –*

*Халықтар мехнат шегіп, рахат тапқан.*

*...Меңзеймін қарасуды, қазақ, саған,*

*Талпынбай талап ойлап қарап жатқан* [5, 101-102-б.].

Қалай дегенде Ахмет қазаққа тоған-тіршілікті емес, ағынды өмірді қалады.

А.Байтұрсынұлы – азаматтығы жоғары тұлға. Сондықтан оның жазуға қоятын талабында да азаматтық ар мәселесі алғашқы кезекте жүреді. Мысалы:

*Тасалама ойыңды!*

*...Тірі көмбей бойыңды,*

*Жүрегіңнің жарасын*

*Көрсет жұртқа, қарасын* [5, 26-б.].

Немесе:

*Иланбасам айтпаймын,  
Иманымнан қайтпаймын [5, 27-б.].*

1915 жылы Г.Н.Потанинге арнаған өлеңінде төбеден қарауыл қараған қиын кезеңнің ахуалын сипаттай келе, орыс зиялысы келешекте қазақ бақытына ортақтаса алатынын:

*Жаз келер, жадыраған күндер туар,  
Жыр жырлап, ту түбінде шуақтайтын,-* деп түйіндейді [5, 44-б.].

Шүкір, бүгін біз Азаттық туы түбінде шуақтап, Ақаң бастаған ұлт тұлғаларының ерен еңбегін байыптайтын кезеңде тұрмыз.

XX ғасырдың 10-жылдары А.Байтұрсынұлы Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» атты еңбегінде шеберліктің үш негізін («Үш керек») анықтайды. Олар: 1) «сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек»; 2) «ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек»; 3) «мағыналы, маңызды болуына білім керек».

Абайда байқалған бұл үш негізді Ахмет «жаңа заман қаламгерінде болса екен» деген ниетпен тұжырымдады.

Ақаң дана ақынды ой мен көркемдік бірлігінің биігі деп есептейді де, қаймана оқушы сол асқарға ұмтылса деп тілейді. Бұл ретте ол: «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. ...Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын, емтихан болғандай», - дейді.

Ахмет өзі аспандата көтерген ақыннан жалғыз ғана мін табады. «Ол мін өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық», - дейді. Кейін «Әдебиет танытқышында» бұл мәселеге қайта оралады. Бұл мін, Ахметтің ойынша, өлеңді оқығанда, әнге қосқанда дауыс ағынын бұзады. Сондықтан ағартушы ауысқан буындарды «өз орнына» қоюды ұсынады.

**Ахметтанушылар мен жалпы поэзиятанушылар жоғарыда айтылған «мінді» көбіне айналып өтеді. Біздіңше, бұлай жасау Абайдың да, Ахметтің де мұрасына адалдық емес.** Бұл жерде мәселені кеңірек қарау қажет. Абай – ескінің соңы, жаңаның басы. Сондықтан оның поэзиясында бұрыннан бар жалпы формалық еркіндік ұшырасуы заңдылық. Және оны табиғилық деп қарау керек. Бунақтың құбылуы туралы көп мысал келтіруге болады (Бүгінгі поэзиядағы формалық ізденістер де бұған мысал). Ахмет – жүйелікке, ғылымға, нағыз ағартушылыққа ұмтылған кезеңнің тұлғасы. Байтұрсынұлы үшін бәрінде жүйе, қағидат болу керек. Тіпті оған «ақын бунақтарын ауыстырайықты» айтқызып отырған – осы принцип. Абайды жаңа әдебиеттің басы десек, ендеше оны да жүйелі қабылдайық, жаңа ба-

сылымын ретке келтірейік дейді ол. Мұны Ахметтің өзі де жасырмаған: «Ер Сайынның» мұқабасына «Жыршылар аузынан алып, өңдеп өткеруші – Байтұрсынұлы Ақымет» деп жазған [7]. Олай болса, осының бәрін - ғылымға, жүйелікке өтердегі міндетті түрде бастан кешіретін құбылыс деп қабылдау керек. Бұл – баспалдақ. Баспалдақсыз табалдырыққа кісі қалай көтерілмек? Зәулім үйге қайтіп еңбек? Баспалдақсыз аласа үйге ғана кіруге болады...

А.Байтұрсынұлының өнер мен мәдениеттегі ой-пікірін, деңгейін, құбылысын айқындайтын мұрасы – «Әдебиет танытқыш» еңбегі /5/.

«Әдебиет танытқыш» – көркем өнердің болмысы мен құрылымын, қазақ әдебиетінің ерекшелігі мен сипатын, әдеби үдерістің мәнін, жанрлар қалыптасуының қоғам тағдыры мен талғамына қатысын, сөздің - өнерге, өнердің – пән ғылымына айналу жолын, сөз жүйесі мен ой жүйесінің мәйегін, өлең мен қара сөздің пішіндік, мазмұндық құрылысын, ауыз әдебиет пен жазу әдебиеттің дара соқпағын, басты жанрлар мен оның ішкі бөліністері қағидаттарын, әдебиет пен дәуір, әдебиет пен сана, әдебиет пен діл, әдебиет пен ой, әдебиет пен мүдде қарым-қатынасы жайын жік-жігімен түсіндіріп беретін ұлттық білім, таным, ғылым, әдістеме, әдіснама кешені [8].

Ақаң осы зерттеуі арқылы мынандай нәтижеге қол жеткізді:

**Біріншіден**, қоғамның әлеуметтік-мәдени түсінігін, талғамын жетілдіріп, әдеби үдеріс, рухани мұра халық парасатымен, ішкі мүмкіндігімен, сарқылмайтын қазынасымен өзектесетінін нақты мысалдармен дәлелдеді.

**Екіншіден**, бай дәстүрі бар, шығыс пен батыс құндылықтарын мейлінше игерген қазақ әдебиетіне ғылым нысанасымен қарады, тұңғыш рет әдіснамалық, теориялық қағидаттарды қалыптастырып, ішкі түзілісі мен мазмұндық-пішіндік ерекшелігіне баға берді.

**Үшіншіден**, өнертанудың, әдебиеттанудың қызметін айқындап, өнер мен әдебиеттің қоғамдағы мақсат-міндетін, орнын дәйектеді.

**Төртіншіден**, өнер мен әдебиетке қатысты ана тілімізде жаңа да орайлы пән сөздерін тауып, әлемдік аяда қазақ тілінің ғылым тілі ретінде мүмкіндігіне жол ашты.

**Бесіншіден**, әдеби үдерісті, жеке тұлғалардың шығармашылығын, рухани мұраның әдебиет тарихындағы рөлін түрлі ғылымдар (тіл білімі, философия, психология, әдебиеттану, жаратылыстану т.б.) ықпалдастығымен зерттеуді бастап, таптаурындыққа бармауды аманаттады.

**Алтыншыдан**, әлемдік ғылымдағы жүйелілік, сабақтастық, шынайылық қағидатын ұстанып, қазақ әдебиеті мен фольклорына тұтас құбылыс ретінде қарай алды.

**Жетіншіден**, салыстырмалы талдау әдісіне иек артып, ұлт тағдырының ай-

насы саналатын өнері мен әдебиетінің асыл арқауын, негізгі ерекшелігі мен сипатын бағамдады.

Ақаңның осы және тіл біліміне қатысты қадау-қадау оқулықтары қазіргі және болашақтағы отандық педагогика үшін адастырмас темірқазық. **Оқулық – жай білім немесе пән үйрететін емес, ұлт жанын, тарихын, адамзат құндылығын қоса үйрететін құрал болуы керек.** Мұны идеология деуден бұрын ұлт бірегейлігінің арқауы деген дұрыс. Ұлт тарихындағы А.Байтұрсынұлы құбылысын танудың, құпия сырын ашудың бір кілті осында. Ақаң – бүтіннің бөлшегі емес, ғасырлар бойы жинақталған халық білігі сапасының және бүтін бітімнің өзі.

Алаш ағартушылығының негізгі сипатын көрсететін А.Байтұрсынұлы құбылысы әлі де жан-жақты зерттеуді талап етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әуезұлы М. Ақаңның елу жылдық тойы (иүбелей) // Ақ жол, 1923 жыл, 4 ақпан.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан // Қазақ, 1913 жыл, 16 мамыр.
3. Байтұрсынұлы А. Білім жарысы // Қазақ, 1913 жыл, 31 мамыр.
4. Оренбург. 10 феурал // Қазақ, 1913 жыл, 10 ақпан.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары.-Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
6. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны//Қазақ, 1913, 23-30 ноябрь, 22 декабрь.
7. Ер Сайын. Жыршылар айтуынан алып, өндеп өткеруші Байтұрсынұлы Ақымет. - Мәскеу: Ұлттар Комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы, 1923. - 93 б.
8. Қамзабекұлы Д. «Әдебиет танытқыш» - әлемдік құндылық // Егемен Қазақстан, 2022 жыл, 17 қаңтар

## QAZAX MILLI-ƏDƏBİ DÜŞNCƏSİNİN INKIŞAFINDA ƏHMƏD BAYTURSUNOĞLUNUN ROLU

*Elçin İbrahimov*

*Filologiya üzrə fəlsəfə doktoru, dosent*

*Qazax ədəbi mühitinin formalaşmasında, milli-ədəbi düşüncəsinin inkişafına qazax elmi və ictimai fikir tarixinin görkəmli simalarından olan Əhməd Baytursunoğlunun böyük xidmətləri olmuşdur.*

Əhməd Baytursunoğlu 28 yanvar 1872-ci ildə Turqay vilayətinin Tosun kəndində (Sartıbek aulu) dünyaya gəlmişdir. Onun babası Şoşaq vilayətinin ən nüfuzlu şəxslərindən olmuşdur. Orta jüzün (cuz) Arqun nəslindədir. Atası Şoşaqulu Baytursun və əmisi Aktası XIX əsrin 80-ci illərində kəndlərinə hücum edən qəza rəisi Yokovlevə qarşı çıxırlar. Bundan sonra sonra İrqız və Turqaydan aula cəza dəstələri göndərilir. Cəza dəstələri üsyançı adlandırdıqları qazaxlara divan tutur, auldakıların hamısını aparıb Turqay hərbi dairəsinin qaupvaxtına salır, mal-mülklərini də müsadirə edirlər. Bir il sonra Kazan Hərbi Dairəsinin Məhkəməsi şoşaqları mühakimə edir. Tərcüməçilər rus dilini bilməyən qazaxların ifadələrini hakimə olduğu kimi çatdırmır, əksinə, təhrif edərək Yakovlev və onun kazak dəstəsinin lehinə tərcümə edirlər.

Kazan Hərbi Dairəsinin Məhkəməsi Əhmədin atası Baytursunu, əmiləri Aktası, Sabalakı və digərlərini hökumətə qiyam qaldırmaqda ittiham edərək 15 illik katorqa cəzasına məhkum edir və onları Sibirin ucqar bölgəsinə – İtjekkenə sürgünə göndərir. Auldakı kişilərin çoxuna da müxtəlif müddətli həbs cəzası verilir. Əhmədin əmisi Erqazı da dörd il həbs cəzası alır. Erqazı həbsdən çıxandan sonra qardaşı uşaqlarını da himayəsinə götürür. Rus dilini bilmədiklərinə görə məhkəmədə çəkdikləri əziyyəti nəzərə alaraq övladlarını və Əhmədi rus dilində məktəbdə oxutmağa qərar verir.

Anası Künşinin razılığı ilə əmisi 1886-cı ildə Əhmədi də Turqay qəsəbəsindəki ikisinifli rus-tuzem (Qafqazda rus-tatar məktəbi adlandırılan bu tip məktəblər Türkünstanda və Sibirdə rus-tuzem məktəbi adlanırdı. Bu məktəblər əsasən kiçik məmur, tərcüməçi hazırlamaq üçün nəzərdə tutulsa da, oranı bitirənlər arasından çoxlu məşhur insanlar çıxmışdır – Əli Şamil) məktəbinə oxumağa göndərir. Əhməd maddi sıxıntılar çəksə də, 1891-ci ildə həmin məktəbi bitirir Orenburqdakı müəllimlər seminariyasında oxumağa gedir.

1895-ci ildə müəllimlər seminariyasını bitirən Ə.Baytursunoğlu Aktyubinsk qəzasının Batpak nahiyəsindəki Əhmədgeray Katıbakovun açdığı məktəbdə müəllim işləməyə başlayır.

Bu məktəbdə İbray Altınсарının fikirləri ilə yetişdirilən Ə.Baytursunoğlu 1896-

1907-ci illər arasında Aktəpə, Konstanay və Korqaralı bölgələrində ikisinifli kənd məktəblərində müəllim işləyir. Rus-qazax məktəblərində dərs deyir, bir sıra ictimai fəaliyyətlərdə iştirak edir. Qazax dili və ədəbiyyatının tarixi və nəzəriyyəsi ilə bağlı araşdırmalar aparır.

1896-cı ildə qazax çöllərini gəzərək folklor nümunələri toplayan, qazax xalqının etnoqrafiyasını, dialektlərini öyrənən çuvaş araşdırmaçısı Alektorovla tanışlıq gənc müəllimin dünyagörüşündə böyük dəyişiklik yaradır. Ə.Baytursunoğlu ilk dəfə ondan qazaxların yaşadığı geniş ərazi haqqında, Rusiya hökumətinin işğalçılıq siyasətinin mahiyyəti haqqında, eləcə də rus alimi İlmnskinin maarifçilik adı altında missionerlik fəaliyyəti ilə məşğul olduğu barədə geniş məlumat alır. Gənc vətənsəvər xalqının yaşadığı coğrafiyanı, millətinin həyat tərzini öyrənir, folklor nümunələrini toplayır, uşaqların daha yaxşı təhsil alması, biliklərə tez yiyələnməsi üçün metodlar axtarır. Bu axtarışlar onu köhnə tədris üsulu ilə dərs deyən, keçmiş olduğu kimi qoruyub saxlamaq istəyən mühafizəkarlardan ayıraraq təhsili Avropa metodlarına uyğunlaşdırmaq istəyən, elmi-texniki yenilikləri tədrisdə tətbiq etməyə çalışan cədidçilərin sırasına gətirir.

Ə.Baytursunoğlu Korqaralı qəzasında işləyərkən ictimai-siyasi fəaliyyətlərdə aktiv iştirak edir. 1905-ci ildə Rusiyanı bürüyən inqilabi əhval-ruhiyyə ona da güclü təsir edir.

Korqaralıda dərs dediyi illərdə hökumətin siyasətinə qarşı çıxdığı üçün həbs olunub Semey həbsxanasına göndərilir (iyul 1909). Daha sonra Qazaxıstan sərhədlərindən kənara bir həbsxanaya köçürülür. 1910-cu ildən 1917-ci ilə qədər Orenburq qalasında həbsxanada saxlanılır. Ə.Baytursunoğlu həbsdə olsa da, elmi və ictimai fəaliyyətini davam etdirir.

Sürgün illərində pedaqoji təcrübəsinə əsaslanaraq “Oxu qaydları” kitabını yazır (1910). Müəllimlər üçün hazırladığı bu kitabda ərəb əlifbasında yazılmış mətnlərdə saitlərin tələffüz qaydalarını izah edir. Əslində, Ə.Baytursunoğlu bununla da İ.Qasıralının başlatdığı üsuli-cədid təliminin qazaxlar arasında yayılmasına xidmət edirdi.

1911-ci ildə “Masa” (Ağcaqanad) adlı şeir kitabını və tərcümə etdiyi şeirləri Orenburqda çap etdirə bilir. Rus dilindən etdiyi tərcümələri 1909-cu ildə bir kitabda toplayıb çap etdirir. “Qırx misal” adlı bu kitaba əsasən İ.Krılovdan tərcümələri ilə yanaşı, V.İ.Maykov, A.S.Puşkin, M.Lermantov və S.Y.Nadsondan elədiyi tərcümələri daxil edir. Satirik şeirlər yazan, rus dili vasitəsilə rus və Qərbi Avropa klassiklərindən əsərlər tərcümə edən Ə.Baytursunoğlu 1911-ci ildən başlayaraq “Türküstan valayati” (1870-1918), “Dala valayati” (1888-1902) qəzetlərində, “Aykap” (1911-1915/16) və “Şura” jurnallarında məqalə və şeirlər çap etdirir. 1913-cü ildə “Qazax” adlı həftəlik qəzeti təşkilatlandırır və 1917-ci ilə qədər qəzetin redaktoru olur. “Qazax” qəzetinə yazdığı ilk baş yazısında qəzeti millətin görün gözü,



eşidən qulağı, danışan dili adlandırılan Ə.Baytursunoğlu millətinin maariflənməsi uğrunda gecə-gündüz çalışır. O, yazılarında gah qazax ziyalılarının millət üçün gördükləri işləri təqdir edir, gah məktəblərin yenidən qurulması, dərslərin hansı metodla keçilməsi haqqında müzakirələr açır, gah da yaramaz, mühafizəkar və rüşvətxor məmurları kəskin tənqid edir. “Qazax” qəzeti qazaxların ictimai-siyasi və mədəni həyatını işıqlandıran yeganə qəzetə çevrildiyinə görə abunəçilərin sayı elə birinci il üç min nəfərə çatır.

1913-cü ildə “Qazax” qəzetində çap etdirdiyi “Qazaqtın bas akını” (“Qazağın böyük şairi” məqaləsində Abayın (İ.Kunanbayev) həyat və yaradıcılığından, ictimai fəaliyyətindən, qazax ədəbiyyatına gətirdiyi yeniliklərdən söz açır. 1914-cü idə çap olunan 80-ci saydakı “Qazax vilayətini idarə etmə üsulları” tənqidi yazısı böyük əks-səda doğurur. Dəfələrlə redaksiyasında axtarışlar aparılan, redaktoru qubernator və qəza idarəsinin rəisi tərəfindən istintaqa çağırılan “Qazax” qəzeti bağlanmaq təhlükəsi ilə üzləşir. Belə ki, qubernator general-leytenant N.Suxumlinov qəzetin redaktoru Ə.Baytursunoğlunu 1500 manat cərimə edir. Ə.Baytursunoğlu qəzet bağlanmasın deyə cərimənin əvəzinə səkkiz ay həbsdə yatmağa razı olur. Həbsxana şəraiti səhhətinə mənfi təsir eləsə də, xalqın ziya işığı kəsilməsin deyə həbsxanaya getməli olur. Bundan xəbər tutan oxucular və xeyirxah insanlar müxtəlif şəhər və kəndlərdən cərimə pulunu teleqrafla göndərirlər və Ə.Baytursunoğlu həbsdən azad edilir.

Qazax xalqının maariflənməsi və oyanışında böyük rol oynayan “Qazax” qəzeti 1917-ci ildə “Alaş” təşkilatının rəsmi orqanına çevrilir. Ancaq çox keçmir ki, Turqay bölgə məhkəməsinin qərarı ilə qəzetin nəşri dayandırılır.

Ə.Baytursunoğlu 1917-1919-cu illərdə “Alaş” təşkilatında çalışır. 1919-cu ildə öz istəyi ilə bu təşkilatdan uzaqlaşır. Ölkəsinə xidmət etmək məqsədilə Sovet hökumətinin müxtəlif qurumlarında bir çox vəzifələrdə çalışır.

4 aprel 1919-cu ildə və ondan əvvəlki illərdə “Alaş Orda” təşkilatında çalışıb, cəza alanlar üçün hökumət əfv qərarı çıxarır. Ə.Baytursunoğlu da bu əfvdən yararlanır və Sovet hökumətinin fərqli qurumlarında çalışır. “Alaş Orda”çıların bir qismi isə təslim olmur, qazax çöllərinə çəkilərək bolşeviklərə qarşı döyüşü davam etdirir. Qaynaqlar Ə.Baytursunoğlunun Moskvada M.S.Soltanqaliyev, Z.V.Toqan, T.Rıskulov, V.İbrahimov, F.Hoca və N.Hocayevlə birlikdə “İttihad və tərəqqi” adlı gizli bir təşkilat da qurduqlarını yazırlar. Rusiya Kommunist (bolşeviklər) Partiyasının üzvlüyünə qəbul edilən Ə.Baytursunoğlu 1919-cu il aprelin 24-də qurulan RSFSR Xalq Hərbi Komissarlığı nəzdində Qırğız (Qazax) bölgəsini idarə edəcək Hərbi İnqilab Komitəsinə üzv təyin edilir. Bolşeviklər bölgədə hakimiyyət qurduqdan sonra Ə.Baytursunoğlunu Qazaxıstan MSSR Maarif Naziri təyin edirlər. Çox keçmir ki, bolşeviklər əhalinin mal-mülkünü mənimsəməyə, insanları kütləvi şəkildə həbs və sürgün etməyə, azacıq müqavimət göstərəni güllələməyə başlayırlar.

Qazaxlar da məcbur qalib qonşu ölkələrə köçməklə işğalçıların hakimiyyəti altında yaşamaqdan, sürgün və ölümdən qurtulmağa çalışırlar. Ə.Baytursunoğlu Mərkəzi Komitədə, Qazaxıstan MSSR Mərkəzi İcraiyyə Komitəsində müxtəlif vəzifələrdə və Türkünstan Kommunist Partiyası Mərkəzi Komitəsinin orqanı “Ak jol” qəzetində işləyə-işləyə elmi-pedaqoji fəaliyyətini də davam etdirir. Ancaq 1926-cı ildə partiya üzvlüyündən və vəzifəsindən çıxarılır.

1910-cu illərdən ərəb əlifbasını türk dilləri üçün uyğunlaşdırılması üzərində çalışan Ə.Baytursunoğlu 1915-ci ildə Orenburqda “Til kuralı”, 1920-ci ildə Kazanda nəşr etdirdiyi “Kazaxca əlippege bayanşı” (Qazaxca əlifbaya başlama), 1925-ci ildə Orenburqda çap etdirdiyi “Til tanıtqış” (Dil nəzəriyyəsi), 1926-cı ildə Daşkənddə çap etdirdiyi “Ədəbiyyet tanıtqış” (Ədəbiyyat nəzəriyyəsi), 1928-ci ildə Qızıl Ordada çap etdirdiyi “Til jumsar” (Dilin işlədilməsi) və d. kitabları onun çoxsahəli elmi fəaliyyətindən xəbər verir. M.Ayvazov isə məqalələrinin birində qeyd edir ki, Ə.Baytursunoğlu 1923-cü ildə “Mədəniyyət tarixi” adlı bir kitabını tamamladığını yazsa da, bu kitab haqqında bugünədək heç bir məlumat əldə edilməmişdir.

Görkəmli türkoloq alim A.Kononov Ə.Baytursunoğlunun yazdığı qrammatika kitablarını yüksək qiymətləndirmiş, onun məşhur türkoloqlardan biri olduğunu yazmışdır. 1924-cü ildə Orenburqda qazax-qırğız elm və mədəniyyət xadimlərinin qurultayında Ə.Baytursunoğlunun ərəb əlifbası əsasında hazırladığı yeni əlifba qazax-qırğızlar üçün rəsmi əlifba kimi qəbul edilir və 1928-ci ilə, yəni birləşdirilmiş türk-latın (yanalif) əlifbasının qəbuluna qədər işlədilir.

Ə.Baytursunoğlu 1926-cı ildə Bakıda keçirilən Birinci Bakı Türkoloji Qurultayının VI iclasında “Orfoqrafiyanın əsas prinsipləri və sosioloji əhəmiyyəti” mövzusunda çıxış edir. Qurultayda türk xalqları üçün hazırladığı əlifba layihəsini müzakirəyə təqdim etsə də, onu qəbul etdirə bilmir. O, Qurultayda F.Köprülüzadə, Əli bəy Hüseynzadə və b. ilə görüşərək onların vasitəsilə mühacirətdə olan keçmiş məsləkdaşları ilə əlaqə yaratmağa nail olur.

1921-1925-ci illərdə elm və ədəbiyyat komissiyasına rəhbərlik edən, Qazaxıstan Tədqiqlər Cəmiyyətinin fəxri sədri olan A.Baytursunoğlunun üzərində Sovet xüsusi xidmət orqanlarının güclü nəzarəti bir an da olsun azalmır. Orenburqdakı Qazax Pedaqoji İnstitutunda müəllimlik edən, sonra Daşkənddəki Qazax Pedaqoji İnstitutunda qazax dili və ədəbiyyatından dərs deyən A.Baytursunoğlunu 1928-ci ildə Almatı Qazax Universitetinə işə dəvət edirlər. O, burada qazax dili və ədəbiyyatı üzrə professor seçilir. Lakin bu hal çox da uzun sürmür. Ə.Baytursunoğlu maarif sahəsində çalışsa da, elmi araşdırmalarla məşğul olsa da, siyasi fəaliyyətdən əl çəkmir. Gizli millətçi təşkilatın qurulmasında, türk xalqlarının rus işğalçılarına qarşı birgə mübarizəsinin planlaşdırılmasında fəal iştirak edir. Maarif və elm sahəsindəki misilsiz xidmətlərinə baxmayaraq, onu 1929-cu il iyunun 12-də həbs edirlər. Uzun və işgəncəli istintaqdan sonra məhkəmə millətçi təşkilatda iştirakına görə güllələnmiş

hökümünü oxuyur. Səkkiz ay güllələnməyəyi günü gözləyən Ə.Baytursunoğlunun ölüm hökmü, nəhayət, 10 illik həbslə əvəzlənir. Solevki adalarındakı həbsxanalara göndərilən Ə.Baytursunoğlu vaxtından əvvəl 1934-cü ildə həbsdən azad edilir. Həbsdən azad olunduqdan sonra ailəsi də sürgündən buraxılır. Lakin burada Ə.Baytursunoğlunun sənədlərinin üzərinə “Heç bir peşə sahibi deyildir” yazıldığına görə ona iş verən tapılmaz. Ailə maddi çətinliklərlə üzləşir. Ə.Baytursunoğlu həbs və sürgündə elmi və bədii yaradıcılıqla məşğul ola bilmir. 1937-ci ildə onu yenidən həbs edirlər. Ə.Baytursunoğlu keçmiş “alaşçı”lardan Q.Nurumovla, A.Kasimovla, A.Yermakovla, eləcə də Qazax Xalq Maarif Komissarı T.Jurqenevlə, RSFSR Xalq Komissarlar Sovetinin müavini T.Rıskulovla, Bakıda yaşayan professorlardan B.Çobanzadə və Q.Qubaydullinlə və b. ilə birlikdə antisovet təbliğat apardığına, Sovet dövlətini devirməyə cəhd etdiyinə görə güllələnməyə məhkum edirlər. Ölüm hökmü 1937-ci il dekabrın 8-də yerinə yetirilir.

Ə.Baytursunoğlu yazıçı, tərcüməçi, naşir, dilçi və ədəbiyyatçı kimi qazax xalqının ictimai və mədəni oyanışına xidmət edən görkəmli qazax alimi olaraq bu gün də unudulmur, öz həyat və yaradıcılığı ilə türk ziyalılarına yol göstərir.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ: ҒАЛЫМ, ҒАЛЫМ-АҒАРТУШЫ, ҒАЛЫМ-ҚАЙРАТКЕР**

*Анар Фазылжан*

*ҚР Білім және ғылым министрлігі*

*Ғылым комитетінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институтының директоры,*

*филология ғылымдарының кандидаты*

Ахмет Байтұрсынұлы – көрнекті лингвист-ғалым, қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымының, журналистикасының негізін салушы, ұлттық әліпби мен емле реформаторы, алғашқы әліппенің авторы, қазақ ғылымы мен білім беру жүйесін ұйымдастырушы, қазақ филологиясының тұңғыш профессорларының бірі (1928), (РК, фонд 1142, офис 1, дело 1), ақын, философ, мәдениеттанушы, саясаткер, идеолог, педагог, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларын тәрбиелеген ағартушы ғалым, қазақ рухани-яты тарихындағы аса ірі тұлға, қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының ғана емес, барлық замандағы ұлтшылдардың рухани көсемі, халқы ұлықтаған Ұлт Ұстазы.

Ахмет Байтұрсынұлының мұнан басқа да атқарған игі істері жетерлік, сонда бір басына осынша қасиет пен қайраткерлік дарыған тұлғаның қозғаушы күші не болды, мұндай тұлғаны қалай атауға болады деп іздендік. Ізденіс қорытындысында Ахмет Байтұрсынұлын «пассионарлық тұлға» деп атау дұрыс деп санадық.

Пассионарлық идеясының авторы әйгілі тарихшы ғалым Л.Н.Гумилев [1]. Оның этногенезге қатысты пассионарлық теориясына туралы ғылыми пікір әртүрлі. Академик Д.С.Лихачев бастаған ғалымдардың бір тобы Л.Гумилевтың пассионарлық ілімін жер бетіндегі этностар эволюциясы қозғаушы күшінің биосфералық, географиялық, астрофизикалық негіздерін көрсеткен әрі нәсілшілдік ілімге негіз болған біралуан теорияларға қарсы қоятын, этногенезге қатысты гуманитарлық және жаратылыстанушылық білімдерді ұштастырған ғылыми жаңалық деп жоғары бағаласа [2; 3], енді бір тобы ғылыми дәйегі әлсіз, қиялшыл т.б. себептер айтып, жоққа шығарып, сынады [4; 5]. Бір қызығы, сынаушыларының көптігіне қарамастан, Л.Гумилев теориясының басты ұғымы «пассионарлық» басқа да ғылым салаларындағы құбылыстарды сипаттауда пайдаланылып, оны тарихшылар ғана емес, психологтар, педагогтар, тұлғатанушылар да белсенді қолданып жүр [6; 7]. Демек пассионарлық идеясынан басқа идеямен түсіндіруге келмейтін құбылыстардың бары ақиқат. Сондай ақиқаттың бірі - Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасы.

Сонымен, бүгінгі ғылыми айналымда «пассионарлық тұлға» деген ұғымға әртүрлі анықтама беріліп жүр, бірақ олардың барлығына ортақ белгілер мынадай:

- үнемі қозғалыс үстінде жүретін, ізденістен ләззат алатын жасампаз әрекетшілдік иесі;
- қалыпты жағдайды, дәстүрді, бәріне үйреншікті «комфортты» бұзатын тасқын энергия иесі;
- күллі бір қоғамды, тұтас этносты жаңа сападағы деңгейге шығаратын қуатты идея иесі;
- өз ісіне деген орасан махаббат мен жанкештілік иесі, ісіне деген адалдығы соншалық зор, мақсатына жету жолында жеке басын, тіпті отбасы мен айналасындағы жақындарын да құрбан ете алатын тұлға;
- тұтас бір қауымның, қоғамның, ұлттың мүддесін және, бір қызығы, сол ұлттың болашақтағы мүддесін проекциялап, оны да әрдайым бір өзінің немесе азғана топтың мүддесінен биік қойып, соған қызмет ететін тұлға.

Аталған қасиеттердің Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасына тән екенін ахметтану бағытында ізденген өз замандастары М.Әуезов, М.Дулатов, И.Омаров, С.Сейфуллин, Т.Шонанұлы, Е.Омаров, орыс ғалымдары А.Самойлович, Е.Поливанов, Н.Яковлев, А.Кононовтан бастап, заманымыздың ғалым зерттеушілері Ә. Кекілбаев, Р.Сыздық, Ә. Қайдар, М.Жүсіпов, Н.Уәли, Д.Қамзабек, К.Хұсайын, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Сәтбаева, Ү.Субханбердина, Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, Ғ.Ахмедов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Р.Нұрғали, Т.Қордабаев, С.Өзбеков, М.Қойгелдиев, С.Қирабаев, Т.Кәкішұлы, Ж.Ысмағұлов, К.Сағадиев, Ш.Елеуқенов, Б.Әбілқасымов, Е.Жанпейісов, Н.Уәлиұлы, С.Дәуітұлы, Т.Жұртбай, А.Ісімақова, Ө.Әбдиманұлы, Д.Қамзабекұлы, Ш.Құрманбайұлы, А.Қыдыршаев, Қ.Сақ, А.Мектептегі, Ж.Байтілесова, Ұ.Еркінбаев, Р.Имаханбет, О.Жұбаева, түрік ғалымдары Ахмет Бижан Ерджиласун, Нергис Бирай, қырғыз ғалымы К.Дыйқанов және басқа да көптеген зерттеушілердің бәрі де көрсеткен десек артық емес.

«Репрессияланған ғылым» терминін ғылыми айналымға енгізген, тұлғатанудың (персонология) психологиялық негіздерін, ғылым психологиясын зерттеген ғалым М.Ярошевский (өзі де қудаланып Л.Гумилевпен ГУЛАК-та бірге азап шеккен) зерттеуші тұлғасының параметрлерін былай анықтайды [8, 205-235]:

- идеогенез
- категориялды апперцепция
- ішкі уәждеме
- оппоненттік орта
- дара танымдық стиль

- санадан жоғары дүние

Осы шамалар бойынша Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасы төмендегідей талданды.

**Идеогенез.** Ғалым еңбектеріндегі тарихи маңызды нәтижелерге әкелетін идеялардың туындауы мен жетілуі. Бұл оның есімін тарих үкімімен ғылым жадында сақталған адамдар тізіміне енгізеді. Ахмет Байтұрсынұлының идеогенезі 1882-1884 жж. ауыл молдасынан алған діни білімдері мен 1886-1891 жж. Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінен алған дүнияуи білімдерінен бастау алады, 1895 ж. Орынбор мұғалімдер мектебіндегі бастауыш училищенің оқытушысы ретінде игерген білімімен жалғасып, өмір бойына толығып отырды. Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасының идеогенезіне әсер еткен бастапқы екі факторды өз замандастары атап кетті. Біріншісі, М.Дулатұлының [9, 18] «...В раннем детстве он кое-как научился мусульманской грамоте у аульного муллы. Этим закончилось бы его образование и он остался бы на всю жизнь полуграмотным..., если бы, по поговорке «не помогло не счастье» - деп, әкесі Байтұрсынның Патшалық Ресейдің отарлаушы шендісі, оязды сабап, жер айдалып итжеккенге кеткендегі халін, ағасының оны дүнияуи оқуға бергенін айтып тұр. Екіншісі, М.Әуезовтың: «...1896-шы жылы Омбыға барған. Қазақ жеріндегі мектептерді басқарып тұрған инспектор Алекторовпен<sup>1</sup> кездесіп, кеңесуі Ахметтің ойының оянуына үлкен әсер етті» деген пікірі [9, 11], содан бері Ахметтің отаршылдық саясатқа қарсы бағытталған идеясы жетекші орын алды.

Осылай бастау алған ұлтын отарлықтан аман алып қалу идеясы ағартушылықпен ұштасты. Бұған әсер еткен алып тұлғалардың басында Абай тұрды, Абайды қазақ даласына танытқан «Қазақтың бас ақыны» мақаласы Ахметтің өзін де танытты. Ахмет Байтұрсынұлы алдымен халқын Абайдай оятпақ болып, дәл ұстазындай халыққа түсікті мысал жанрындағы А.Крыловтың шығармаларын аударды, сол кезде өз миссиясын аллегориямен халқына «Масамын» деп жеткізді. Бұдан кейінгі кезеңде оның идеогенезінде проактивті ағартушылық идеясы орнықты десе де болады, бұл кезеңде Ахмет Ыбырай Алтынсариннің ізімен оқулық жазу, халықтың сауатын ашу идеясына көп қызмет етті. Осылайша әр салада, арнада атқарған қызметі кеңейе түсті, сан салалық білімдері синкреттеліп, ұлы синергияға ұласты. Ахмет Байтұрсынұлы ғалымдық тұлғасының бір параметрі ретіндегі идеогенезі әлі де терең зерттеулерді қажет етеді. Біз

<sup>1</sup> Александр Ефимович Алекторов (1861-1918 немесе 1919) — Қазақ және башқұрт халықтарының тарихын, мәдениеті мен этнографиясын зерттеген орыс тарихшысы, этнограф, шығыстанушы, миссионер. Орынбор және Астрахань губерниялық Мұрағат комиссиясының мүшесі.



тек оның бастауын ғана көрсетіп, болашақ зерттеулерге қажет проблеманы алға тартып отырмыз.

**Категориялды апперцепция.** *Априорлық ғылыми-философиялық категориялар: ғылыми танымның алдыңғы тарихи тип санаттарының торы, ғылымда жаңадан танылатын кез келген мазмұн соның призмасы арқылы қабылданады.* Ахмет Байтұрсынұлы ғалымдық тұлғасының қалыптасу, жетілуіне әсер еткен оның ғылыми таным кеңістігінің жүйеленуіне себеп болған контент мыналардан құралады: бала кезінен отбасы мен ортасы тәрбиесінен сусындаған дәстүрлі жалпыхалықтық білімдер жүйесі, алғашқы білім алған мектептеріндегі діни және дүнияуи білімдер жүйесі, Абай, Ыбырай және орыс миссионерлері мен зиялыларының ағартушылығы, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Еуропадағы және Ресейдегі ғылыми ілімдер, Ысмайыл Гаспаралы бастаған сол кезде ерекше қуат алған түркі өркениетіндегі жадидшілдік ағым, Алаш идеясы.

**Ішкі уәждеме.** *Бұл шама тұлғаның ақиқатты іздеуге деген сүйіспеншілік, ғылыммен айналысуға итермелейтін құндылықтар жүйесін білдіреді.* Ғылыми қызмет психологиясын зерттеген ғалымдар әдетте ғалым тұлғасының ішкі уәждемесіне ақиқатты тануға деген сүйіспеншілік пен атақты болуға деген талпынысты басты ретінде көрсетеді, алайда Ахмет Байтұрсынұлының өмірлік деректері мен оның ғылыми мұрасы мәтіндерінің ішкі интенциясы оның бүкіл қызметінің қозғаушы күші ерекше асқақ екенін дәлелдейді. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының ішкі уәждемесіне жоғарыда көрсетіп кеткен пассионарлық қасиетін, ұлтын сүюді жатқызуға болады.

**Оппоненттік орта.** *Ғалым шығармашылығының жолында қарсылық көрсеткен ортасы, қарсы пікір білдірген оппоненттері.* Әдетте бұл шама бойынша нақты тұлғаларды көрсетеді, ал Ахмет Байтұрсынұлына келгенде, біздіңше, бұлар жеке тұлғадан гөрі тұтас бір жүйе деген орындырақ болар еді, сонымен ғалымның оппоненттік ортасы ретінде Отаршыл Патшалық Ресей, Кеңестік репрессия, алауыздық пен надандық, сауатсыздық көріністерін атауға болады. Мұны ғалым «Қалам қайраткерлігі жайынан» деген еңбегінде өзі де айтады.

**Дара танымдық стиль.** *Бұл шама ғалымның ойлау желісі, әдістері, таным ерекшелігін көрсетеді.* Аталған шаманың Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасындағы ерекшелігін анықтау үшін, біздің ойымызша, ең алдымен оның жасаған терминдер жүйесінің негіздеріне, терминдері өміршеңдігінің сырына тоқталу аса маңызды. Әрине, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің әдістері мен ойлау желісі, таным ерекшелігі тек осы мәселемен ғана анықталып ашылмайды. Бұл бағытта да алда зерттеулер жүргізілуі керек. Мақалада

оның терминжасамы негізін, терминжүйесінің өміршендік себебін ғана көрсету арқылы дара танымдық стилін анықтауға тырыстық. Біздің ойымызша, мұның сыры Ахмет Байтұрсынұлы авторлық прагматикасының мықтылығында.

Прагматика дегеніміз, қарапайым тілмен айтқанда, мәтін жасаушының сол мәтінді тұтынушыны үнемі ойлап отыруы, мәтінді тыңдаушы немесе мәтінді оқушы бірден түсіне кететіндей, ойын жеткізуде тілдің сол тұтынушыға таныс, соған етене жақын тіл бірліктері мен құралдары арқылы безендіру. А.Байтұрсынұлының кез келген туындысы салалық кәсіби аудитория, тек ғалыми ортаға емес, қалың халыққа арналған. Сонымен бірге, бір қызығы, қандай да бір салалық ғылыми ақпарат та жүйелі әрі ғылыми стильдің талаптарына үйлес берілген. Осыны академик Р.Сыздық «басқа ұлттың ғалымдары (орыс ғалымдары): «Қалайша мектеп оқулықтарын ғылымның басы дейсіз?» – деп таңғалады. Әрине, бұрыннан оқу-жазуы бар, ғылымы бар, университеттері осыдан үш жүз, төрт жүз жыл бұрын ашылған халықтар үшін ғылымның бастауын мектептен бастау оғаш көрінетін шығар. Шындығында, қазақтың ұлттық ғылымы – қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тарихы. Физика – қазақтың ұлттық ғылымы емес, биология – ұлттық ғылым емес. Әрине, ондай ғылым салалары қазақ үшін керек, қазақтар зерттеп жатқан ғылымдар. Бірақ қазақтың нағыз ұлттық ғылымы – қазақ тілі туралы ғылым, қазақтың әдебиеті, қазақтың тарихы туралы ғылым», - деп түсіндіреді [10].

Ғалым Ш.Жалмаханов Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми айналымға енгізген тілтанымдық терминдерінің жалпы саны 310 болса, оның 38,5%, яғни 118-і бүгінгі күні де белсенді қолданыста екенін анықтады [11, 3]. Бұл үлкен жетістік, тіпті әлемдік ғылымда мұндай тұлғалар саусақпен санарлық десе де болады. Әйгілі орыс ғалымы В.Виноградов ғылыми айналымға үш терминді енгізіп, сол термин білдіретін ұғымды жалпақ жұрттың операциялық санасының құралдарына айналдырған ғалым – ұлы ғалым деген пікірін профессор Ербол Жанпейісов дәрістерінде мысалға жиі келтіретін. Олай болса, Ахмет Байтұрсынұлы терминдерінің феномені неде деген сұрақ талай тілтанушының зерттеуіне арқау болып келе жатқаны бекер емес. Мәселен, Ш.Құрманбайұлы «Терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіне де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры – оның нағыз терминші ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек» деген қорытынды жасайды [12].

Соңғы пікірдегі соңғы ой бойынша Ахмет Байтұрсынұлы бірер тер-

минінің концептологиялық, лингвокогнитологиялық негіздеріне тоқтала кеткен жөн болмақ. З.Д.Попова, И.А.Стернин дүниенің ұлттық когнитивтік бейнесі деп халықтың жекелеген өкілдері санасындағы жалпы, тұрақты әрі қайталана беретін дүние бейнесін айту керек деп көрсетеді [13, 5]. Ғалымдар дүниенің ұлттық бейнесі, бір жағынан, абстракциялық құбылыс болса, екінші жағынан, когнитивтік-психологиялық ақиқат, ол халықтың ойлау, таным әрекеттеріннен, физикалық және вербалды мінез-құлқы мен әдебінен анықталады; дүниенің ұлттық бейнесін стереотипті жағдаяттардағы халықтың бірізді, біртекті жүріс-тұрысы мен әдеп-қылығынан, ақиқат дүние туралы санасындағы ортақ түсініктерден, «ортақ пікірден», пайымдауларынан, мақал, мәтел, нақыл сөздерден «ұстап алуға» болады деп ой түйеді [13, 5]. Біздің ойымызша, Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдері өміршендігінің бір сыры осында жатыр. Оның термин ретінде алған сөздері мен сөз тіркестері, тіпті мәтіндерінде қолданған бейнелі орамдары мен тұтас синтаксистік құрылымдары қазақ халқы санасындағы дүниенің ұлттық когнитивтік бейнесіне негізделеді.

Осы тұста дүниенің ұлттық бейнесі мен тілдік бейнесі ұғымдарын ажыратып алған дұрыс. Ғалымдар халықтың ойлау жүйесі тілде толықтай, еш өзгеріссіз, сол күйі көшіріліп берілмейтінін дәлелдеп отыр, алайда ол тіл арқылы көрініс табады, тіркеледі, номинацияланады, сыртқы түрге ие болады (овнешняется), сондықтан халықтың ойлау жүйесін, оның санасындағы концептілерін (танымның ең шағын бірліктерін), концептосферасын (концептілер арақатынасы мен жүйесін) анықтайтын әмбебап құрал тек тіл болып отыр. Осы себепті лингвокогнитологияда дүниенің ұлттық бейнесі мен тілдік бейнесі деген ұғымдар ажыратылады. Егер дүниенің ұлттық бейнесі халықтың концептосферасын құрайтын концептілер түрінде өмір сүрсе, дүниенің тілдік бейнесі тілдің семантикалық кеңістігін құрайтын тілдік таңбалардың мағынасы түрінде өмір сүреді. Бұнда да анықталған бір мәселе, осы екеуінің арақатынасында жатыр: дүниенің тілдік бейнесіне қарап дүниенің ұлттық бейнесі туралы толық, барабар ақпарат алу мүмкін деп ойлау жаңсақ болмақ, себебі дүниенің тілдік бейнесі санадағы дүниенің ұлттық бейнесі масштабының бір бөлігін ғана жеткізе алады. Осыған қатысты В.И.Карасик, Г.Г.Слышкин тілде тек қазір немесе бұрын өзектіленген, мән алған, халық үшін коммуникативтік мәнділігі жоғары ақпарат көрініс табады, тілдік бірліктің коммуникативті маңыздылығы оның таңбалап тұрған концептісінің халық мәдениеті үшін құндылығымен байланысты деп көрсетеді [14, 77].

Жоғарыда келтірілгендер соңғы жиырма-отыз жылда анықталған тіл ғылымындағы антропоэлекті парадигманы құрайтын лингвокогнито-

логия саласындағы тың ғылыми білімдер болып табылады. Ал Ахмет Байтұрсынұлының терминжасамының негізінде осы білімдер жатқанын ойласақ, ғалымның дара танымының сол кездегі ұлттық ғылыми танымнан қаншалықты озық екені айқын білінеді. Осы озықтығының арқасында, ұлттық санадағы дүниенің когнитивтік және тілдік бейнелерін жақсы білгендіктен және соларды терминжасамы мен жалпы мәтіндерін құруда тиімді пайдаланғандықтан, Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінің өміршеңдігі бүгінгі күні де қуатты.

Мысалы, қазіргі қазақ тілінде ресми қарым-қатынаста жиі қолданылатын *күрделі* сын есімінің кең айналымға енгізген Ахмет Байтұрсынұлы болса, бұл сөздің этимологиясы халықтың жылқышаруашылығына қатысты асауды жуасыту не сауғанда биені тұқыртудың *күрделен байлау* әдісі атауына байланысты қалыптасқан. Бұл ұғымның этнографиялық жан-жақты сипаттамасы «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бірегей энциклопедияда былай берілді: «Күрделеу – жылқы түлігін бекітудің, қозғалысын шектеудің тәсілі.... ол үшін ұзын арқанның бір ұшын жылқы мойнының алқым тұсына таман күрмеп байлайды. Арқанның екінші ұшын абайлап қамшылақ жақ артқы аяқтан іліп алып, мойынға байланған тұйығынан өткізіп тартады да жылқының аяғы жерге тимейтіндей байлап бекітеді. Артқы аяғын жерден көтеріп қойған жылқы тепе-теңдігінің бұзып құлар қалмас үшін орнынан тапжылмай тұруға мәжбүр болады» [15, 297]. Біртомдық үлкен түсіндірме сөздікте *күрделеу* сөзі «жылқының мойнына арқан байлап, арқанның екінші ұшын шоқтығынан асырып немесе қолтығының астынан, яғни бақайынан тұйықтап өткізіп, күшпен тартып, артқы аяғын көтеруіне мәжбүр ету» деп анықталды [16, 707] Сөзіміз көрнекі болу үшін төмендегі суреттер осы энциклопедиядан беріліп отыр.



*Күрделен жығу тәсілі. ҚР МОН материалдары бойынша суретін салған Б.Досымов*



*Күрделеу тәсілі. ҚР МОН материалдары бойынша суретін салған*

*Ж.Шайкел*

Сөйтіп, қазіргі кезде күрделі сөзі мағынасының астарында жатқан дүниенің тілдік бейнесі және ол көрсетіп тұрған дүниенің ұлттық бейнесінің бір бөлшегі – Ахмет Байтұрсынұлы заманында өзекті болған мәдени ақиқаттың (жылқыны тұқыртып байлау әдісінің) көрінісі, осы себепті де сол кездегі тілдік-мәдени қауымдастық өкілі бұл сөзді санасына тез-ақ байлап алды. Себебі халық санасында дүниенің когнитивті бейнесі арқылы күрделеп байлаудың «жеңіл еместігі» мен «күрделі» сын есімі білдіретін «қиын, қию-қию» деген мағыналардың арасында байланыс бірден орныға кетеді, сөйтіп сөз тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді десе де болады.

Ахмет Байтұрсынұлының *көсемше* терминінің де лингвокогнитивтік негізі халықтың тұрмыстық мәдениетіне тән *көсем ат* деген реалиймен байланысты дүниенің ұлттық бейнесіне, оның тілдегі көрінісіне құрылады. Жоғарыда аталған этнографиялық еңбекте *көсем ат* ұғымы «озыңқы жүретін жылқыны білдіретін атау. Бұл ұғым әртүрлі жағдайларда қолданылады. Топ аттылардың ішінде өзге аттардың озуына жол бермей, озық жүретін жүйрік, белді аттарды көсем ат деп атау кездеседі» деп сипатталған [15, 220]. Біртөмдық үлкен түсіндірме «Қазақ сөздігінде» көсем ат «тіркестіре жеккен аттың алдыңғысы, жол бастайтыны, түпкі аттың алдына жегілетін ат» деп анықталды [16, 686]. Ал екі компоненті сабақтаса байланысқан тілдік құрылымдағы басыңқы компонент алдынан келетін бағыныңқы компоненттің ерекше формасын атау үшін оның басқа қасиеттерінен бұрын осы «алдында тұратын» қасиетін арбаға жегілген аттардың ішіндегі «алдында жүретін аттың» атауынан жасап, негізгі уәж ретінде алға шығаруы бұл терминнің де халық қабылдауына жеңіл тиуінің

бірден-бір себебі болды. Сөзіміз көрнекі болу үшін төмендегі сурет аталған энциклопедиядан беріліп отыр.



*Көсем жегілген ат. Фрагмент. Суретші Хлудов Н.Г. ҚР МОМ қорынан (КП 3637).*

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы ғалымдық тұлғасының бір шама-сы ретіндегі дара танымдық стилін ашып көрсету үшін біздің келтірген талдауымыз бұл мәселенің бір ұшын ғана шығарып отыр. Ал оның толық картинасы Ахмет Байтұрсынұлы терминжүйесінің лингвокогнитивтік аспектідегі терең талдануы, тудырған мәтіндері лингвопрагматикасы мен сөзжасамаы детерминизмінің жан-жақты зерттелуі, метатілі ерекшеліктерінің анықталуы және т.б. аспектілерде қарастырылуы нәтижесінде ғана алынбақ.

**Санадан жоғары жүйе.** *Зияткерлік-уәждемелік шығармашылық белсенділіктің шартты түрде алған формасы, ол арқылы субъект білім нысанын дамытуда осы нысанды жетілдірудің бұрын-соңды болмаған әртүрлі жобаларын жасайды.* Бұл тұрғыда айтылатын, зерттелетін мәселе көп, себебі ахметтанушылардың дені ғалымның практикалық еңбектеріне негіз болған теориялық тұжырымдар оның өзі өмір сүрген кезеңі үшін тың жаңалық екенін алға тартады. Біз солардың біріне ғана тоқтала кетпекпіз. Ол Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі тілдің ең төменгі дыбыстық қабатына сәйкес санадағы бірліктері – фонемаларға қатысты мәселе. Ғалым М.Жүсіпов Ахмет Байтұрсынұлының сингармофонологиялық ілімін терең талдай келе, А.Байтұрсынұлының фонема ұғымы ол туралы ұғым әлемдік тілтанымда әлі бұлыңғыр болған кезде анық қалыптасқанын дәлелдейді [17].



Осы ойды өз еңбегінде академик З.Базарбаева да келтіреді [18]. З.Базарбаева фонологиялық жүйеге қатысты танымның лингвистикадағы рефлексиясына жаратылыстанудағы дүниенің ең кіші бірліктері, мәселен, физикадағы атом теориясы, химиядағы химиялық элемент теориясының қатты әсер еткенін айтады, дүниенің ең кіші, әрі қарай бөлшектенбейтін іргелі бірлігі болатыны туралы ілім тілдің де іргелі ең кіші бірлігін іздеуге ынталандырды. Әлемдік және орыс тілтанымында Н.Трубецкой, Р.Якобсон, В.Малмберг, А.Мартине және т.б. ғалымдар бастаған фонологиялық ізденістер үдеген кезден біраз бұрын Ахмет Байтұрсынұлының оқулықтарында олар туралы терең де жүйелі түсінік берілген болатын. З.Базарбаева «Ахаң фонема терминін қолданбаған, бірақ қазақ тілінің фонетикалық жүйесін фонологиялық тұрғыдан қарастырды. А.Байтұрсынұлында фонемалар (Ахмет Байтұрсынұлы фонемаларды «тіл дыбыстары» деп атаған - А.Ф.) әріпке байланыстыра зерттелген», - деп көрсетеді [18, 279]. Бұл деректер әлемдік тілтанымда фонема ұғымын, яғни тілдің ең кішкене іргелі бірлігі туралы түсінікті алғаш қалыптастырған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы екенін айғақтайды.

М.Ярошевский тұлғатанудағы ғалымның психологиялық параметрлерімен қатар *кобиография* да маңызды фактор деп көрсетеді. Кобиография дегеніміз – тұлғаның өмірін сипаттағанда тоқталмай кете алмайтын, оның ажырамас серіктері өмірбаяндарымен үйлескен түрдегі биографиясы. Осыған қатысты ахметтанушы ғалым Р.Имаханбеттің «Ғасыр саңлағы» монографиясында, әсіресе «Өмірбаяндық деректер» тараушасында Ахмет Байтұрсынұлының арғы аталарынан бастап, бала кезден дана кезіне дейінгі өмір жолында аттары бірге аталатын тұлғалар мен олардың ғалым ғұмырындағы рөлі туралы жан-жақты ақпарат берілген [19]. Біз Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасын тануда кобиографиялық деректердің маңызы зор, әрі олардың ішінде ақтаңдақтардың әлі де көп екенін алға тартамыз.

Сонымен, алдыңғы айтылғандарды қорытатын өзара үндес ойдан мысал келтіргенді жөн көрдік. Тарихшы ғалым Зиябек Қабылдинов өз сұхбатында пассионарлық теориясының авторы Л.Гумилевтің сөзінен мысал береді, онда Л.Гумилев қазақ даласындағы пассионарийдің үлгісі ретінде кімді келтіресіз дегенде, Кенесары ханды атапты [20]. Бір қызығы, Ахмет Байтұрсынұлының замандасы Смағұл Садуақасұлы Ахмет туралы баяндамасында (Р.Имаханбет баяндама түпнұсқасы әлі күнге табылмады деген дерек береді [19, 89]) оны да Кенесары ханға теңейді. Бұл баяндама туралы деректі ғалым Д.Қамзабекұлы Сәбит Мұқанұлының сөзінен келтіреді: «...Садуақасұлы Байтұрсынұлын мақтай жөнелмей, сатылап жетті. Оның баяндауынша қазақ халқының бес көсемі бар, олар: Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай,

Ахмет. Смағұлдың «сатылауына» негіз бар болатын. Хан Кене – тәуелсіздік үшін күресте мойымаған, рухы жеңілмеген қайраткердің, Шоқан, Ыбырай, Абай – күрескер рухты қағазға түсіре алған, дара шапса да жалғыздығын білдірмеген, халқының намысы болып жанған ағартушылардың, Ахмет қателіктен сабақ алған толқынның, білім мен бірлікті, білік пен байыпты қатар ұстаған зиялылардың рәмізі еді. Сондықтан С.Садуақасұлы «сатысын» – жүйелеу деп қараған орынды» [21]. С.Садуақасұлының сипаттауы біздің талдау сарынымен үйлеседі, Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасына тән пассионарлық қасиет тән екенін дәлелдей түседі.

Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдығымен қатар, ағартушылық қызметі мен қайраткерлігін зерттеп, сипаттаған жұмыстар аз емес, ал біздің мақалада оның ағартушылық және қайраткерлік қыры жалаң түрде, жай қайраткер емес, ғалым-қайраткер, жай ағартушы емес, ғалым-ағартушы деп ғалым компонентімен берілді. Мұның мәнісін шығыс мұсылман мәдениетіндегі «Ғалым-Залым» бинарлы оппозициядан тұратын концептісімен түсіндіруге болады. Батыс мәдениетінде әдетте «Ғалым» концептісінің қарама-қарсы мәндегі оппозиты сирек кездеседі, не мүлде болмайды. Ал қазақ мәдениетінде ғалымның қарама-қарсысы залым, бұлар екеуі де халық санасында «асқан зият иесі, объективті дүние сырын терең танушы», бірақ алғашқысы «инемен құдық қазып» жиған білімін «халқының, елінің, ұлтының игілігіне жұмсайтын, соған өмірін арнап, қызмет ететін», екіншісі «не жеке басына, не шағын ғана әлеуметтік топ (әдетте үстем тап) мүддесіне жұмсап, атак, дәулет қуатын тұлғалар» деген ұғымды білдіреді. Осы себепті Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлігін де, ағартушылығын да ғалымдығынан ажырату мүмкін емес.

**Ахмет Байтұрсынұлы – ғалым.** Оның ғалымдығын дәлелдейтін еңбектер, әр саладағы өзі қалыптастырған ғылыми бағыты, теориясы туралы зерттеулер тек Қазақстанда ғана емес, шет елде де көбейіп келеді: «филологтар, әдебиетшілер, тарихшылар, заңгерлер, журналистер, философтар, педагогтар т.б. мамандықтар бойынша оның шығармашылығы, ағартушылық, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлігіне қатысты 50-ге жуық кандидаттық, 20-дан аса докторлық диссертациялар қорғалды» [19, 4].

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдығын тілтанымдағы қызметі бойынша қарастырмақпыз. Мұны төрт бағытқа жіктеуге болады:

- 1) қазақ тілінің ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу;
- 2) қазақ тілінің практикалық қолданысын кеңейту, жетілдіру;
- 3) қазақтілді ақпарат қорын байыту (аударма);
- 4) қазақ тілінің саяси базасын жасақтау және күшейту.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеу әдістері мен бағыттары сол

кездегі әлемдік лингвистикада орныққан құрылымдық парадигмадағы ізденіс талаптарына толық жауап береді, сонымен бірге ғалымның тілтанымдық ой-арнасы, теориялық шешімдерде кеңінен қолданылған әдістері қазіргі заманғы антропоэзектік парадигманың бағыттарымен үндеседі. Мәселен, ғалым еңбектеріндегі «тіл-сөз» дихотомиясы тұрғысынан айқын талданған құрылымдық парадигма бойынша: фонетика, орфоэпия, фонология (фонема, үндестік заңы, дыбыстардың тіркесім заңы), лексикология (семасиология, терминология, фразеология, этимология, лексикография), сөзжасам, терминжасам, құрылымдық грамматика (сөз тіркесі синтаксисі, сөйлем синтаксисі, мәтін синтаксисі), стилистика, грамматология (әріп, әліпби, жазу теориясы, емле, пунктуация, орфография, ортологиялық кодификация) және антропоэзекті парадигма бойынша: функционалды фонетика, просодика, интонология (интонация, екпін, ырғақ, кідіріс, әуен, қарқын, үдемелілік, тембр) функционалды грамматика (зат есім мен етістік категориялары), когнитивті грамматика, коммуникация теориясы, лингвокогнитология, лигвомәдениеттану, этнолингвистика, психоллингвистика, прагмалингвистика және тағы басқа бағыттар мен теорияларға қатысты тұжырымдары бүгінгі күні өзекті болып табылады.

Ғалымның тіл білімі саласындағы зерттеулері қазақ лингвистикасының дамуына, өзінен кейінгі кәсіби лингвистердің бірнеше ұрпағының қалыптасуына ерекше ықпал етті. Солардың алдыңғы буыны – Елдес Омарұлы, Телжан Шонанов, Құдайберген Жұбанов, Қажым Басымов және т.б.

Ахмет Байтұрсынұлы сол кездегі қазақ қоғамының тек шағын әлеуметтік тобына қызмет еткен ескі қазақ жазба тілінің арабграфикалы әліпбиін жалпыхалықтық тілдің дыбыстық жүйесіне үйлестіріп, соның негізінде «Төте жазу» аталып кеткен Ұлттық әліпби мен қазақ емлесін әзірлеп, тұтастай бір ұлттың қысқа мерзімде сауат ашуына жол салды. Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегі, біріншіден, қазақ тілінің даму, әдеби тілінің қалыптасу бағытын ескі жазба тіл негізіндегі тар құрсаулы арнадан жалпыхалықтық ауызша тілдің кең арнасына қарай бұрды; екіншіден, жазуды тілдік-мәдени қауымдастықтың ат төбеліндей жоғары әлеуметтік тобына ғана емес, сонымен бірге қалың бұқараның, жалпы халықтың игілігіне айналдырды. Ахмет Байтұрсынұлының осы зор еңбегін талдай келе, ғалым Н.Уәли: «ол кездегі түркі жазба тілі белгілі бір халықтық тілдің («тірі» тілдің) лексикалық, грамматикалық, дыбыстық жүйесінің дәлме-дәл графикалық манифестациясы емес, халықтық тілден едәуір айырмасы бар кітәби тілдің тұрпат межесін (план выражения) белгілейтін графикалық жүйе болады. Сондықтан сол кездегі тілдік жағдаятты гомогенді диглоссия деп тануға болады. XIX-XX ғасырлардағы гомогенді

диглоссия жағдаяты ағарту ісін қалың бұқараға қарай бұру ісіне қиындық келтіре бастады. Жазу-сызуды азғана топтың емес, жалпы жұртшылықтың игілігіне айналдыру мақсаты тұрды.....А.Байтұрсынұлы бұрын тек бір ғана формада, яғни ауызша түрде қызмет етіп келе жатқан әдеби тілдің графикалық, орфографиялық жүйесін жасап, оның жазбаша түрде қызмет етуінің негізін қалады....қазақ жазу-сызуы демократиялық бағытқа (халық тіліне) бет түзеді», - ғалымның реформаторлық қызметіне жоғары баға береді [22, 269-281].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың заманауи жазу мәдениетін қалыптастырды. Қазақ тілін мемлекеттік тіл, ресми қарым-қатынас және ғылым тіліне айналдырудың алғышарттарын жасады.

**Ғалым-ағартушы.** Ғалымның алдында туған халқын қайткенде де ояту, білім-ғылымға бастау мақсаты тұрды. Ол бұл мақсатын –

- 1) көркем әдебиет: «Қырық мысал», «Маса», «Ер Сайын», «23 жоқтау»,
- 2) білім беру және лингводидактика: «Әліппе», «Тіл-құрал», «Сауат ашқыш», «Оқу құралы» (Телжан Шонанұлымен бірге),
- 3) саяси күрес: «Қазақ» газетіндегі 300-ден астам көсемсөз мақалалары мен үндеулері мен хаттары;
- 4) ғылым және оны насихаттау: «Қазақтың басақыны», «Әдебиеттанытқыш», «Мәдениет тарихы» арқылы жүзеге асырды.

Бірінші, сөз қадірін жоғары бағалаған халықтың көркемдік танымына образдар арқылы ой салып, бірлікке, білімге шақырды. Осы бағытта ол «Қырық мысал», «Маса» өлеңдер жинағын жазды. Бұл еңбекті жазуға Абайдың аса көп ықпалы болды. Абай өлеңдерінің жинағы 1902-1903 жылдар шамасында Ахмет Байтұрсынұлының қолында болуы оның өмірі жолындағы үлкен бетбұрысқа себеп болды. Бұған дейінгі өмірін бағалап, бұдан кейінгі өмір жолының қалай болу керектігін ол осы кезеңде анықтады. «Оян Қазақ!» мотиві мен «ұлтшылдық» рухты ол Абайдан алды. Алайда жазу-сызу сауаты жоқ халықты әдебиет арқылы ояту мүмкін еместігін, рухы оянған күнде де, өнер, ғылымы артта қалған көшпенді халықтың басына үстем халықтардан теңдік алудың қиын екенін түсінді. 1911 жылдан кейін көлемді әдеби шығармасының кездеспейтін себебі осы деп ойлаймыз. Сол үшін ол ендігі бағытты білім, ғылым деп тапты.

Екінші, 1910 жылы Орынборға жер аударылғаннан кейін ол орыс және татар басылымдарынан көптеп сусындады. Соның нәтижесінде халқын оятудың ең басты жолы «білім» екенін түсінді. Басты қару баспасөз екенін аңғарды. Ендігі кезекте ол қазақ жазуын түркілік ортақ арнадан бөліп алып, ұлттық сипатта қалыптастырды. Жазу мәдениетінің, жазба сөздің күшімен халықты оятуға кірісті. Сондықтан «Қазақ» газетін ұйымдастырып,

түйткілдің түбін, мәселенің мәнін түсіндіретін танымдық мақалалар жазды. Ғалымның бұл күресіне татар-ноғай жұртында, Ресей империясына қарайтын түркі халықтарының арасында алғаш рет әліпби реформалап, баспа ісін түзеткен Исмаил Гаспринский өнегелі жолы үлгі болды. 1914 жылы Гаспринский қайтыс болғанда «Қазақ» газетінің бетінде «Түрік баласы» деген бүркеншік атпен басылған мақалада: «Гаспринский өзінің заманында жалғыз Россия мұсылмандарының ғана емес, бүтін мұсылман дүниесінің ұлы адамы еді» («Қазақ», №80, 3 б.), - деген пікір білдіреді. Ахмет Байтұрсынұлы Гаспринскийдің «Тәржыман» газеті арқылы (1883 жылы 10 сәуірден бастап шықты) Татар-ноғай жұртын қалай оятып, түркі тұқымындағы зиялы халыққа айналдырғанын, «әліппе», «оқу құралдарын» жазу арқылы халқын көзін ашып, сауаттандырғанын терең аңғарды. Енді осы жолға өзі де түсіп, халқын біліммен сусындатуға жан сала кірісті. Ол бұл ағартушылық күресін үш бағытта жүргізді:

- 1) Қара халықты тәрбиелеу;
- 2) Қазақ балаларын тәрбиелеу;
- 3) Қазақтың зиялылар шоғырын ұлттық адам етіп тәрбиелеу.

Ағартушылық күресін ол ең әуелі қара халықтан бастады. 1913 жылы «Қазақ» газетін шығарып, халықты бір мақсатқа біріктіретін, саяси-заң сауатын ашатын, тарихы мен болашағын танытатын, өнер-білімге жетелейтін, ұлтқа қайырымдылық, ізгілік рухын оятатын танымдық мақалалар жазды және қазақ зиялыларын осы бағытта мақалалар жазуға шақырды. Оның барлық мақалалары «ұлт мүддесін қорғау» үшін жазылды. Бұл Мұхтар Әуезовтың 1923 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде де анық айтылады.

Екінші бағыт – қазақ балаларын тәрбиелеу. 1914 жылы өзінің ең жақын дос-інісі М.Дулатұлымен екеуі, бірі «Есеп құралын», «Тіл-құрал» оқулықтарын жазды. Соның нәтижесінде бұрын ноғайша, орысша тәрбиеленіп келген қазақ балалары таза қазақ тілінде білім алып, сауатын ашты. Олар кейін нағыз ұлт жанашырларына айналды. Солардың қатарында әйгілі М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ж.Аймауытов, Ә.Марғұлан т.б. бар еді.

Үшінші бағыт – қазақ зиялыларын ұлттық адам етіп тәрбиелеу. Бұл бағытта ғалым «ұлтқа қызмет ету», «ұлт қызметшісі болу» ұранын көтерді. Бұл жай ұран емес, нақты іспен үлгі көрсеткен бастама еді. Осы жолда ол ең әуелі М.Дулатұлын ұлттық адам етіп қалыптастырды. Бұл туралы М.Дулатұлы өзінің «Тіл-құрал» мақаласында: «1908 жылы «О.Қ.»-ты (Оян Қазақ!)» жазып жүргенімде әлгі «әдеби тілдерді» (татар-ноғай әдеби тілі) неғұрлым көбірек кіргізу жағын ескерусіз қалдырмадым. Сол жылдарда Абай кітабы һәм «Қырық мысал» шықты. «Қырық мысалды» көргенімде өзімнен-өзім

ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда байқадым («Қазақ», №93, 2 б.), - деп жазады. Оларды біріктірген, бір-біріне адал досқа, сенімді серікке айналдырған бір мақсат, ұлтқа жанашырлық сезімі болатын. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің айналасына ұлт зиялыларын топтастыра бастады. «Қазақ» газеті арқылы үндеу жасап, қаржы жинап, оқи алмай қиналған қазақ балаларының білім алуына, зәредей болса да ұлтқа пайдалы іс жасауына мүмкіндік тудырды. С.Торайғыров, М.Тынышбаев, М.Шоқай, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Е.Омарұлы, М.Жұмабаевтар соның қатарында болды.

Бірақ оның осы бағыттағы барлық еңбектерінде ғалымдығы басым тұрды. Мәселен, оқулықтарында көздегені бала сауатын ашу болғанымен, тіл үйрету, сауат ашу, тіл ұстартуға қатысты білімдердің барлығы терең теориялық ғылыми таным негізінде жүйеленді. Сөзіміз жалаң болмас үшін Ахмет Байтұрсынұлы оқулығында берілген қазақ тілі дыбыстық жүйесінің таптас-тырылуын мысалға келтірейік [23].

1-кесте. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарын айтылымына (акустикалық аспектідегі – А.Ф.) қарай жіктеуі <sup>2</sup>

## Дыбыстар

**I. Дауыстылары:** (а, р, н, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, й);  
-мын, -мен: баламын, ермін, таңмын.

**1. Толықтары:** а, е, о, ұ, ы; **2. Шалалары:** р, н, л, м, н, у, й  
Буын ішінде дауыссыздың алдында да, сонында да келеді.

- 1) Анғалт: а, е, ы. Орын таңамайды.
- 2) Қымқырғант: о, ұ. Бас буынан бастақсын сүйкейті.

- 1) Ауыз ш.: р, л, у, й; «-дың», «-дан», «-мыз».
- 2) Мұрын ш.: м, н, н. «-нын», «-нан», «-быз».
- 3) Тұйыңт: м. Алдыдағы дыбысқа әсері жоқ.
- 2) Қысаңт: н. Алдыдағы дыбысқа әсері бар.
- 1) Босаңт: н. Сөз басында келмейді.
- 2) Босаңт: р, л, й. Сөз басында келмейді.
- 1) Қысаңт: л. Сөз басында келеді.

**II. Дауыссыздары:** (б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г.)  
-бын, -пен: көпшің, азбын, сізбен, атпен.... -пын, -пен.

**1. Қысаңдары:** п, т, с, ш, қ, к.; **2. Босаңдары:** б, ж, д, з, ғ, г.  
Босаңға жуыспайды. Босаңмен бірге қатарынан келмейді.

- 1) Ашықтары: с, ш. Азайты. Айнымайды.
- 2) Тұйықтары: п, т, қ, к. Азайты. Айнымайды.


- 1) Ашықтары: ж, з. Сөздің бас, аяғы дөмей келе береді.
- 2) Тұйықтары: б, д. Сөздің басында ғана келеді.
- 3) Тұйықталулары: Сөздің басында да, аяғында да келмейді.

2-кесте. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарын жасалымына (артикуляциялық аспектідегі – А.Ф.) қарай жіктеуі


<sup>2</sup> Ахмет Байтұрсынұлы. 1927. 04. 28 Қызыл Орда (төте жазудан кириллицаға түсіріп, кестелерді түпнұсқа бойынша дайындаған – PhD доктор Е.Маралбек)



а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, н, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, й



3-кесте. «Дыбыстардың айтылуына қарай жіктелген жүйесін мүшелер қатысуы түріне қарай жіктелген жүйесі мен шағыстырғандағы» түйіскен кестесі [23]



Бұл таптастырудан асқан ғылыми жіктеме жоқ десе де болады, осылай дыбыс сырын үйретіп сауат ашқызғанда, Ахмет Байтұрсынұлы тек білім беру мәселесін емес, сонымен бірге қазақ тіл білімінің күрделі фонетика-фонологиялық мәселесін қоса шешіп отырды.

Қорыта айтатын болсақ, Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылығының біз екі ерекшелігін анықтап отырмыз, біріншісі оның реформаторлығы. Ол қазақ жазуын демократиялық жолға салды. Екіншісі, бүкіл ағартушылық идеясының арқа сүйейтін негізі ғылым болуы. Осы тұрғыда адамзат өркениетінде Байтұрсынұлына ұқсас ағартушы-тұлға іздесек, М.Ломоносовты мысалға келтіруге болады деп ойлаймыз. Қазіргі кезде мәдениеттануда, өркениеттануда «орыс феномені» деген ұғым қалыптасқан. Оны қарапайым тілмен түсіндірсек, мәні мынадай: егер М.Ломоносов, ғылымның жаратылыстану саласында да мықты бола тұра, алдымен «Русская грамматиканы» жазбағанда, сол арқылы орыс тілі «холоптың» қарабайыр тілі емес, терең ғылыми таным қалтарыстарын жеткізе алатын зияткерлік тіл болу қуатын көрсетпегенде, адамзаттан ғарышқа тұңғыш болып орыстар ұшпас еді.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық феномені алдымен «Әліппені», «Тіл-құралын» жазуы арқылы қазақ тілін барлық ортадағы, әсіресе білім алу, ғылым саласындағы коммуникация құралына айналдыруда, қоғамды азғантай уақыт ішінде сауаттандырып қана қоймай, жаңа бір рухани деңгейге көтеруінде жатыр. Егер Ахмет Байтұрсынұлының бұл қызметі болмағанда, Қазақстанда бодан сана бұғауын бұзатын бостан сана негіздері қалыптасу мүмкін бе еді?!

**Ғалым-қайраткер.** Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік тұлғасы ең алдымен соңынан ұлт зиялыларын ерте білуден көрінеді.

Оның қайраткерлігі:

- 1) Мектеп деңгейінде;
- 2) Институт, жоғары оқу орындары деңгейінде;
- 3) Қоғамдық сана деңгейінде өз жемісін берген нәтижелі қайраткерлік болды.

Мектеп деңгейінде «Әліппе», «Оқу құралы», «Тіл құрал», «Сауат ашқыш» еңбектерін жазса, Институт, ЖОО деңгейінде «Тіл-Жұмсар», «Әдебиет танытқыш», «Мәдениет тарихы» т.б. еңбектерін жазды. Ал қоғамдық сананы «Қазақ» және одан кейінгі «Еңбекші қазақ» «Сарарқа» т.б. басылымдар арқылы көптеген саяси, ғылыми танымдық мақалалары арқылы тәрбиеледі.

Ол өзінің ағарту жолындағы осы күресін және ондағы басты мақсатын өз өлеңдері арқылы да айта білді:

*Не жазып ем, Құдай-ау, мен қазаққа,*

*Мұбтала ғып салғандай бұл азапқа?!  
Адамшылық есебіне кірісіп,  
Қолы жетсін дегендік пе азатқа?  
Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,  
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.  
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, -  
Дедім, - сен де қатарыңнан қалыспа!» (Көк есектерге)*

Адам мен өзге тіршілік иесінің ара жігін ажыратып тұрған «адамшылық қасиет» болса, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқына сол қасиетті дарытқан ағартушы тұлға ретінде бой көрсетті. Ол мұны өз өлеңдерінде «Адамшылықтың диқаншысы» ұғымымен берілді:

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым,  
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.  
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,  
Көңілін көгертуге құл халықтың.*

Ахмет Байтұрсынұлы қайраткерлігі туралы өзінен артық айту қиын. Оның соңғы кезде табылған «Қалам қайраткерлігі жайынан» еңбегінде «қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес. 1) Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, тайақ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған. 2) Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан. Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни, халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңының тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сықылды болып шығады» [19, 176].

Қорыта келе, біздің мақала Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасы мен мұрасында ізденіс жүргізетін сан сала бар екенін, ахметтану саласы көкжиегінің кең екенін көрсетті деуге болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Гумилев Л. Этногенез и биосфера земли.
2. Отзыв Д. Лихачева на книгу доктора исторических наук Л.Н. Гумилёва «Этногенез и биосфера Земли», вып. 1-3 (30 п. л.) // <http://gumilevica.kulichki.net/Tripus/Article12.htm>;

3. Коваленко М.И. Пассионарность как психологический феномен. Сборник научных трудов "Психологические проблемы самореализации личности". Изд. СПб Ун-та, 1999 г.;
4. Клейн Л.С. Пассионарность – красивый миф. <https://antropogenez.ru/interview/717/>
5. Коренько В. К критике концепции Л.Н Гумилева. [https://scepsis.net/library/id\\_3308.html](https://scepsis.net/library/id_3308.html);
6. Зимина И.С. Диагностика пассионарности личности с точки зрения психоанализа (начало). Вестника психоанализа №1/2010. <https://russia.ecpp.org/text/zimina-diagnostika-passionarnosti-lichnosti-s-tochki-zreniya-psihoanaliza-nachalo>
7. Пушкин Н.С. Концепция пассионарности в творчестве Л.Н. Гумилева. УДК 1(091). История философии. Вестник Нижегородского университета имени Н.И. Лобачевского. 2012. №1, 202-207 б.;
8. Аллахвердян А.Г., Мошкова Г.Ю., Юревич А.В., Ярошевский М.Г. Психология науки. Учебное пособие. -- М.: Московский психолого-социальный институт: Флинта, 1998. - 312 с.
9. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. (Жауапты ред.: Жанпейісов Е.).– Алматы: Ғылым, 1999.-568 б.;
10. Рәбиға Сыздық. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы. 19 Наурыз, 2017ж. «АЛАШ-ОРДА» газеті
11. Жалмаханов Ш., Ысмағұлов Ж. А.Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін қалаушы. Қарағанды: «Болашақ-баспа», 1997 ж.;
12. Ш.Құрманбайұлы. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминологиясы. «Ана тілі» газеті. 21 ақпан, 2013 ж.;
13. Попова З.Д., Стернин И.А. Язык и национальная картина мира. Воронеж. 2007.;
14. Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. Воронеж, 2001.
15. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі: Н.Әлімбаев. Алматы: РПК «Слон», 3-том, 2012.;
16. Қазақ сөздігі. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. — Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.;
17. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Ғылым, 1998. 216 б.;

18. Базарбаева З. Қазақ тілі: интонология, фонология. Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 326 б.;
19. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы. – Алматы, 2020.-209 б. Екінші басылым.
20. Қабылдинов З. Тегі асыл ел тарихын түгендейді// <https://old.elorda.info/kk/news/view/4340-tegi-asy1-el-tarihyn-tugendejdi>;
21. Қамзабекұлы Д. «Ақаңның алдында» // Қазақ әдебиеті №11, 12 наурыз, 1996.
22. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенезі//Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: «Ғылым», 1999. – 268-281 бб.;
23. Ахмет Байтұрсынұлы. 1927. 04. 28 Қызыл Орда (төте жазудан кириллицаға түсіріп, кестелерді түпнұсқа бойынша дайындаған – PhD доктор Е.Маралбек) <https://malim.kz/15159>

## СЕКЦИЯ 1

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ СИНТАКСИСТІК ІЛІМІНДЕГІ КӨРЕГЕНДІК

*Жантас Жақыпов*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

Ахмет Байтұрсынұлының тілтанулық мұрасы қазақ тіл білімінің ұлттық негізін қалағанына көзіміз жетті. Алайда ол, «ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп өзі айтқандай, жалпы тіл білімі болашағының алдына уақытынан бұрын біраз мәселені алға тартып кеткен екен. Ахмет Байтұрсынұлының тұжырымдарында көрсетіліп кеткен ұғымдар мен санаттар одан көп жыл, тіпті бір ғасыр, кейін белгілі болды. Мұны ғалымның көрегендігі деген дұрыс болар.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасында қазіргі грамматиканың керегін түгендеуге сеп болатын мәселелер көп. Бұл жолы ғылым мен білімнің келесіне салатын келелі үш мәселені ғана алға тартпақпыз. Оның біріншісі – А.Байтұрсынұлының сөйлемге берген анықтамасына, екіншісі – оның «іргелес сөйлем» деп атаған ұғымына, үшіншісі – «шұбыртпалы сөйлем», «орамды сөйлем», «өрнекті сөйлем» деп атаған бірліктеріне сүйенеді.

1. Қазақ тіл білімінде, тіпті ТМД кеңістігіндегі тіл білімінде, сөйлемге берілген «тиянақты ойды білдіретін сөз тіркесі» дейтін анықтама, Аристотельдің пайымдауға берген анықтамасы, аксиома болып кеткені белгілі. Шын мәнінде, сөйлем тиянақты ойды білдіре алмайды. Тиянақты ойды білдіру үшін одан коммуникант көкейіндегі көптеген сұрақтарға жауап табылуы қажет. Ондай жүкті сөйлем көтере алмайды, сөйлемге ондай жүк арту рабайсыздыққа ұшыратып қарым-қатынас жүзеге аспай қалар еді. Мәселен, Ол мұны оқыған. деген сөйлем дәстүрлі анықтама бойынша «тиянақты» ойды білдіруге тиісті. Алайда ой тиянақталу үшін «ол» кім екенін, «нені» оқығанын білуіміз керек. Ондай ақпар бұл сөйлемде жоқ. Демек, контексте бар. Контекссіз сөйлем тиянақты ойды білдіре алмайтыны осы мысалдан-ақ байқалып тұр.

Осыны ескеріп, қазақ тіл білімінде 1925 жылы Ахмет Байтұрсынұлы берген: «... ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» [1, 264-б.], - деген анықтаманы зерттеу, оқыту үдерісіне енгізу қажеттігі бар екенін байқаймыз. Оған мынадай уәждер бар:



а) тілдің басты қызметі, қоғамдағы қарым-қатынас құралы болу қызметі, сөйлемнен басталады, оған дейінгі дыбыс жүйесі, морфема жүйесі, сөз тіркесі қатарлылар бұл қызметке сөйлем құрамына ену арқылы қосылады. А. Байтұрсынұлының сөйлемге берген анықтамасы осы тұрғыны тұғыр еткен. Қараңыз: «айтушы» бар, «тыңдаушы» бар және сөйлем болу үшін біріншісінің ойын екіншісі түсіну керек. Демек, бұл анықтама, қазіргі парадигмалар талабымен қарағанда, коммуникативтік парадигма тұрғысынан берілген анықтама.

ә) «айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық» болуы бұл анықтаманың қазіргі парадигмалар бойынша прагматикалық анықтама екенін көрсетеді.

Ендігі жерде, сөйлемнен бастауыш пен баяндауыш іздеу басты талап болмауы қажет, сөйлемдік құрылысы жоқ, бірақ контекст аясында сөйлемнің қызметін атқарып тұратын түрлі айтылыстарды да сөйлем санатына енгізу керек болады. Айталық, көбінесе диалогте кездесетін репликалар, коммуникемдер, вокативті айтылыстар т.б. оқыту, зерттеу жосықтарына салынуы қажет.

2. А. Байтұрсынұлы сөйлемдерді **құрылуынша айырылатын** түрлерге жіктегенде: «Сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі – ішкі, бірі – тысқы. Ішкі жақындық – мағына жүзіндегі жақындық. Тысқы жақындық сөйлемдерді бір-біріне жанастыру жүзіндегі жанастық. Мағына жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер іргелес деліп, мағына жақындығынан басқа қисын жақындығы бар сөйлемдер құрмалас деліп аталады [1, 300-б.]. Анықтаманы зерделеп қарасақ, сөйлемдердің «іргелес» және «құрмалас» болып екіге бөлінетінін байқаймыз.

Ал «іргелес» сөйлемдерге мына сияқты дербес сөйлемдердің мағыналық жақындығын, бұлардың біріне-бірі ой іргесімен ғана жанасатынын, араларының бір-біріне қосылмай, ашық-ашық үзіліп айтылатындығын мысалға келтіреді: 1) *Күн ашық. Тоғайлар шат. Ың-жың орман.* 2) *Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.* 3) *Бісімілдә безгелдек! Бұлай жатсын дуадақ! Сыбағама қоңыр қаз. Үлесіме үш үйрек. Екі сартқа бір тартар, аққуды батырекең атар.* Қойылатын тыныс белігісін: «Жазғанда араларына үлкен тыныс белгісі (.) қойылады», - деп көрсетеді [1, 300-б.].

Мұны қазақ тілтанушылары, тәрізі, жалғаулықсыз салалас құрмалас деп түсінген сыңайлы. Мәселен, құрмалас сөйлемнің классикалық зерттеушісі академик Н.Т. Сауранбаев бастап бір кездерде қазақ тілі синтаксисіне қатысты еңбектерде жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем «іргелес құрмалас» деп те аталып жүрді. Шын мәнінде, көріп отырғанымыздай, бұлар – грамматикалық жағынан аяқталған, бас әріптен нүктеге дейін көмкерілген дербес сөйлемдер, демек, құрмаластың сыңарлары емес. Мұндай бірліктерді қазіргі тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық, күрделі синтаксистік бірлік, микромәтін, фра-

задан жоғарғы бірлік, абзац т.с.с. атаулармен белгілеп жүр, біз «шумақ» деп атаймыз (Бұл туралы қараңыз: [2]).

Осы бірлікке орай дәріптей кетер бір жайт бар. Күрделі синтаксистік тұтастық деп атап жүрген бұл бірлік – грамматикалық жағынан аяқталған, дербес пішімделген сөйлемдерден (жай, құрмалас) тұратын бірлік. Енді еске түсірсек, оқулықтарымыздағы анықтама бойынша, құрмалас сөйлем де кемі екі я одан да көп жай сөйлемнен тұратын бірлік. Осы тұстан келіп, күрделі синтаксистік тұтастық санатына сыни, тіпті қарсы, пікірдегі ғалымдар айтқан «құрмалас сөйлем мен күрделі синтаксистік тұтастықтың айырмашылығы жоқ, кез келген бірлік тілдік бірлік болу үшін шекаралары болуы шарт, ондай шекара күрделі синтаксистік тұтастықта жоқ, оны құрмалас сөйлемнен өзгеше деп қарау қате» деген сияқты түйткілдер шығады. Орыс ғалымдары мұның шешімін өткен ғасырдың 80-ші жылдарына дейін таба алмады. 1977 жылы С.Е. Крючков пен Л.Ю. Максимовтың оқулығы шығып ғылыми ортаға мәлім болғанша уәж айтылмады. Осы кітаптағы: «предложения в составе сложного синтаксического целого «являются более самостоятельными и соответственно связи между ними - менее тесными» и объединяются преимущественно по смыслу» [3, 150-б.], - деген пікір күрделі синтаксистік тұтастық пен құрмалас сөйлемнің ара-жігін ашып берген пікір ретінде жоғары бағаланды. Мұндай шешімді орыс тілтанушыларынан 52 жыл бұрын А. Байтұрсынұлының айтқанын біз ХХІ ғасырда ғана біліп отырмыз. Қараңыз: «... ой іргесімен ғана жанасқаны болмаса, бастарын қосып тұрған басқа еш нәрсе жоқ. Мағына жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер... », іргелес сөйлемді сипаттаған басқа да тұстар [1, 300-б.].

3. Қазақ тіл білімінде зерттеушілер назарынан қағыс қалып жүрген бір құбылыс бар. Оны жалпы тіл білімінде «период» деп атайды (Бұл жөнінде кеңірек тоқталғанбыз: [4]). Периодтың сипаты синтаксистік құрылыстағы бірыңғайлық заңдылықтарымен өзектес, оның үстіне, бұл - үлгі тұтып жүрген орыс тіл білімінде ертеден-ақ орныққан санат (Орыс тіл білімінде мұның зерттелу тарихын М.В.Ломоносов кезеңінен бастайды). Солай бола тұра қазақ тілтанушыларының бірыңғай мүшелер, салаластық қатынас, жарыспалылық сияқты синтаксистік құбылыстарды, параллелизм сияқты стильдік құбылыстарды зерттеушілері «периодты» ескермей кете береді [Мұндай еңбектер көп болғандықтан, сілтеме жасауды артық деп санаймыз].

Алайда қазақ тіліндегі периодты зерттеуді тақыр жерден бастау жөн емес. Бізге бұл жөнінде жазған екі ғалымның есімі белгілі: бірі – А.Байтұрсынұлы, екіншісі – Н.Т.Сауранбаев.

А.Байтұрсынұлы «Тіл-құралда» сөйлемдерді «құрылуынша» жіктегенде, оның бір түріне «орамды немесе өрнекті сөйлемді» жатқызады. «Сөйлегенде

ойды тақ-тұқ қысқа айтып білдіретін орын да болады. Ойды ұзын айтып, орағытып келіп білдіретін орын да болады. Ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деліп аталады» [1, 173-б.]. Мұнан соң келтірген мысалдары «период» деп атап жүрген ұғымға сай келеді.

Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы мұндай бірліктің стильдік құбылыс екенін де ескерген. Оны «Әдебиет танытқышында» сөйлеу әуезділігінің факторы ретінде синтаксистік құрылыстан гөрі кеңірек қарастырған, ондай сөйлемдерді «өрнекті сөйлемдер» деп атаған. Өрнекті сөйлемдердің «өлендісі де, өлеңсізі де болатынын» ескерткен. Осыған орай, бір назар аударар жайт сол, Ахмет ғұламаның айтуынша, «өлең біткеннің бәрі әуезді сөйлеу тобына жата-тыны» [5, 179-б.]. Демек, біз қара сөздегі «өрнекті сөйлемдерді» айрықшалап көрсетуіміз керек.

Сонымен, ғұламаның «Әдебиет танытқышта» «өрнекті сөйлемдерге» берген сипаттамасын оқиық. «Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке яки кілемге салған түр сияқты болмағанмен өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлем оралым (яки шұбыртпа) деп аталады. Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айты-лады. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға да болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады» [5, 179 -180-б.].

Мұнан соң ғалым баяншы мүшенің тақырыпшы мүшеге қандай қызмет атқарып тұруына (мағыналық қатынастарға) қарай бұларды: себепті, мақсатты, ұқсатпалы, қайшы, шартты, жалғасыңқы, серіппелі, айырықты, қорытпалы деп тоғыз топқа бөледі [5, 180 -186-б.].

Орыс тіл білімінде периодтың зерттелу тарихын М.В. Ломоносовтың «теория штилей» дегенінен бастау үрдісі бар. Алайда ол «период» дегенді «жоғары стильге» жатқызумен шектелген. Ал Ахмет Байтұрсынұлы мұның құрылымдық-мағыналық сипаттарын көрсеткен. Мұны қазіргі орыс тіл білімінде беріліп жүрген анықтамалардан да байқауға болады: «Период – многокомпонентное сложное предложение или очень распро-страненное простое предложение, отличающиеся полностью и завершен-ностью содержания.

По значению и интонационным признакам период обычно разбивается

на два компонента: «повышение» и «понижение». Между этими частями при произнесении периода делается значительная пауза, на месте которой ставится тире, а если структурой предложения требуется запятая, то – запятая и тире.

По структуре период может представлять собой многокомпонентное сложноподчиненное, сложносочиненное, бессоюзное предложения, а также сложное предложние с разными видами связи. Период может иметь и форму простого предложения [6].

Әртүрлі деңгейдегі мысалдар келтіре кетейік:

*Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар (1):*

*әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек (2);*

*екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде гибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек (3);*

*үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек (4);*

*төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек (5) (Абай, 31-сөз).*

Бұл мысалда 1-сыңар - тақырыпшы бөлік (... себеп), 2-, 3-, 4-, 5-бөліктер - тақырыпты тарқата түсіндіретін бірыңғай жосықта тұрған баяншы бөлік. Шұбыртпалы сөйлем құрмалас деңгейінде.

№4 мысал. *Тұжырымдама жобасының шегінде:*

- адамның білімі, қабілеті, еп-дағдылары, денсаулығы мен мәдениеті экономика дамуының басты қозғаушы күші ретінде анықталады;

- жас бала және жасөспірім кезден бастап адами капиталды қалыптастыру қарастырылады;

- еңбек нарығының тез өсіп отыратын сұранысын жоғары білікті кадрлармен қанағаттандыру проблемасын шешу, олардың ұтқырлығын қамтамасыз ету жолдары көрсетілген;

- қызметкерлерді тұрақты түрде қайта даярлау қажеттігі, оларды өндіріс үстінде кәсіби даярлау ескерілген;

- қазіргі мамандық аясында озық жаңа бағыттар бойынша білім алу қарастырылған.

Сонымен, біз Ахмет Байтұрсынұлының синтаксистік мұрасынан әлі де зерделей түсуді қажет ететін үш-ақ мәселені аңғарттық деп ойлаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. – Қызылорда, 1925.// Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 263-321.

2. Жақыпов Ж.А. «Шумақ» аталымы туралы.// Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Ғылыми журнал. – 2013, №3 (94). – Б. 89 – 93.

3. Крючков С.Е., Максимов Л.Ю. - Современный русский язык. Синтаксис сложного предложения. - М. Просвещение, 1977.

4. Жақыпов Ж.А. А.Байтұрсынұлының «Шұбыртпалы сөйлемін» жандандыру. // Еуразия гуманитарлық университетінің Хабаршысы. Ғылыми журнал. 2013, №1 – 2. – Б. 179 – 185.

5. Байтұрсынұлы А. -Әдебиет танытқыш. // А.Байтұрсынов. – Шығармалары – Алматы: Жазушы, 1989.

6. Бабайцева В.В. – Русский язык. Синтаксис и пунктуация. – М.: Просвещение, 1979.

## AHMET BAYTURSINULI VE BİR MİLLETİN GELECEĞİ: ÇOCUKLAR İLE GENÇLER Prof. Dr. Nergis BİRAY<sup>3</sup> GİRİŞ

İnsanoğlu, kendi hayatını yaşama macerasında geçici olduğunu bile bile gelecekle ilgili hayaller kurar, arzu ve emellerini gerçekleştirme ümidiyle çabalar. Ebedi bir hayat sürmeyeceğini bilen insanoğlu, gerçekleştiremeyeceği hayal ve emellerinin gerçekleştirilmesi konusunda çocuk ve gençlere bel bağlar, bütün ümidi onlardadır. Yapabildiklerimizin sürekliliğinin sağlanmasındaki bütün isteklerimiz ve planlamalarımız da yine gençlikle bağlantılı olarak sürdürülmektedir. İnsanoğlunun düşünceleri ve hayallerini çocuklar ve gençlerle geleceğe taşıma sevdası, onun bir bakıma ölümsüzlüğü arayışıdır da.

Bu konuda birçok siyaset adamı da eğitimci de yazar da bilim adamı da mutlaka birkaç satır yazmış, düşüncelerini, hayallerini ya da ilmi görüşlerini diğer insanlara ve kendinden sonra gelecek nesillere duyurmaya gayret etmiştir.

İleride ülkesini, devletinin kurumları yönetecek, daha sonraki nesilleri yetiştirecek çocukların ve gençlerin eğitimi bu açıdan oldukça önemlidir. Bu konuda Atatürk'ün “Gençleri yetiştiriniz. Onlara bilim ve kültürün olumlu fikirlerini veriniz. Geleceğin aydınlığına onlarla kavuşacaksınız. Özgür fikirler uygulamaya geçtiği zaman Türk milleti yükselecektir” sözleri yol gösterici bir fener gibidir.

Eğitimci bir yazar, gazeteci, şair ve öğretmen olan Ahmet Baytursinuli'nin da Kazakistan'ın özgür, bağımsız ve ileri milletler seviyesinde bir ülke olması için çocuklara ve gençlere ayrı bir önem verdiğini görürüz.

Baytursinuli'nin çocukluk ve gençlik yılları eziyet, baskı ve sıkıntıların insanları hayatından bezdirdiği problemlerle dönemlere, Çarlık Rusyasının sona erdiği devirlere rastlar. Bu süreçte özellikle 1905-1917 yılları arasında gerçekleşen devrimle birlikte insanlar geleceklerini çok belirgin olarak göremedikleri halde ümitlidirler. Bu geçiş döneminde Baytursinuli henüz çocuk yaşlardadır. Olayları yeni yeni algılamaya başlayan Baytursinuli'nin babası ve amcasının tutuklanması ve sürgün edilmesi onun çocuk ruhunda derin yaralar açmıştır.

Yeni rejim; yeni hayat tarzına, gelişmelere, yapılanmalara gebedir. Sosyal meseleler tartışılıp görüşülmekte, sanat toplumu aydınlatmak amacıyla işlevsel hale getirilmeye çalışılmaktadır. Kısacası yeni rejimin rüzgarı bütün Türkistan'ın üzerinde esmektedir.

Yeni düzenle birlikte ceditçilik, milliyetçilik, mahallilik, cemiyetçilik, hürriyet ve istiklal konularındaki eğilimler, insanları bir araya getirme çabaları yanında

<sup>1</sup> Pamukkale Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü Öğretim Üyesi nergisb@gmail.com



onlara yol göstererek yönlendirmeye çalışan fikir akımları olarak ortaya çıkarlar. Aynı anda sosyalizm, marksizm ve tek tip Sovyet vatandaşı yaratma çabalarında da hareketlilik yaşandığı görülmektedir. Bu sosyal değişim ve gelişme, siyasetçiler kadar kalem erbabını yani yazar ve şairleri de etkiler.

Baytursınulı da bütün bu gelişmelerden etkilenen bir yazar, gazeteci ve şair olarak toplumdaki problemleri eserlerine yansıtır. Şiirlerinde toplumdaki çekişme ve çatışmaların yansımaları olarak olumsuz konuları daha fazla işleyen Baytursınulı'nın bu belirsiz sürecin üç yıl gibi kısa bir sürede de olsa yarattığı hürriyet havasıyla özellikle eğitim konusunda birçok yazı ve şiir kaleme aldığı görülmektedir. O, devrimin getirdiği hürriyet havasının da etkisiyle gelişmeleri, milli değerlere tekrar dönmenin bir fırsatı gibi görür. Bu sebeple de halkı cahillikten kurtarmak, kendi vatandaşını aydınlatmak, ardından da milli, hür, kültürlü, medeni bir toplum oluşturmak yolunda mücadele eder. Onun düşüncesinde uluslararası değerlerin yüceltilmesi anlayışının da yer aldığını ve yazılarında da şiirlerinde de sıkça dile getirildiğini fark ederiz.

Makalede, Ahmet Baytursınulı'nın çocuklar ve gençlerle ilgili çalışmaları ve görüşlerinden ve eserlerinde çocuklara ve gençlere yönelttiği nasihatlerinden bahsedilecektir. Onun bu konudaki çalışmaları ve görüşlerini üç başlık altında ele almak mümkündür.

### 1. Çocuk ve Gençlerin Eğitimi Konusundaki Çalışmaları

Baytursınulı'nın eğitim konusunu irdelediği dönemlerde Kazakistan'da geleneksel tarzda eğitim veren Kazak okulları, Ruslar'ın açtığı Kazak-Rus okulları ve 19. yüzyıl sonunda hayata geçirilen usul-i cedid okulları eğitim vermektedir. Özellikle yeni usulde eğitim alan gençler, Ceditçi okulları farklı bölgelerde hayata geçirirler, açılan bir okul yoksa da bu yeni metotla eğitim vermeye çaba gösterirler.

1905 meşrutiyeti bütün Türkistan'da olduğu gibi Kazaklar arasında da fikri ve siyasi faaliyetlerin artmasına vesile olur. Baytursınulı, Çarlık hükümetinin varlığını sürdürdüğü dönemlerde de onların sömürge siyasetine karşı çıkarak Kazak halkına sosyal eşitlik verilmesi, toprak konusunda Kazakların haklarının korunması ve ellerinden alınan toprakların geri verilmesi, Kazak bozkırlarında eğitimin düzenlenmesi konularında bir dilekçe yazarak (Türk 2002) idarecilere göndermiştir. Ancak bu dilekçe sonrasında Karkaralı'da hapis cezasına çarptırılır (Kekişev, 1992).

Bu dönemden itibaren çocuklar ve gençlerle ilgili yayınlar yapmaya başlar. Bu yayınları aşağıdaki şekilde gruplandırarak vermek mümkündür:

#### a. Çocuk ve gençleri de ilgilendiren edebi eserleri.

Baytursınulı, 1909'da İ. Krilov'un "Kırk Mısır" adlı eserini Kazak Türkçesine çevirir. Bu tam bir çeviri değil, kendi toplumunun problemlerini de işlediği adaptasyon bir eserdir. Eser hikayeleriyle, olumlu ve olumsuz özellikleriyle, burada

yer alan karakterleriyle eğitim bilimleri için hazırlanmış bir kitap şeklindedir (Sabol 2003). Burada bahsettiği konuları aşağıda çocuklara ve gençlere nasihatlar bahsinde ele alacağız.

1911’de “Masa”yı yayınlayan şair (Baytursinov 1991), bu eserinde Kazak halkının bağımsızlık mücadelesini edebi dille bir bildiri şeklinde kaleme almıştır. Mirjakıp Duvlatov’un “Oyan Kazak” şiiri gibi bu eserde de “uyanma kavramı” hakimdir. Uyanmanın yolu ise bilgidен yani eğitimden geçmektedir. Bu konuda “Okuvga Şakıruv” şiiri örnek gösterilebilir. Bu şiirde çocuklar ve gençler okumaya, bilim almaya davet edilir. Babası Ahmet’e nasıl: “Oğlum, biz 15 yıllık sürgünle cezalandırıldık, Sibiryaya gönderiliyoruz. Eğer okuryazarlığımız olsaydı, dilekçe verip hakkımızı savunabilseydik belki bu işten bu kadar kötü etkilenmezdik. Bu yüzden ne kadar zorluk çekersen çek, ne kadar aç kalırsan kal, mutlaka oku. Senden tek isteğim bu. Evden bana mektup yazacak bir oğlum olsun.” dediyse o da gençleri okumaya ve birer aydın olmaya çağırır.

#### b. Gazetelerdeki eğitimle ilgili yazıları.

Baytursınu, 1911 yılının sonlarına doğru kendi insanının sıkıntılarını dile getirmek için Aykap dergisinde yazılar yazmaya başlar. Dergideki bazı yetersizlikleri sezince güvendiği gençlerden oluşturduğu bir grupla 2 şubat 1913’te “Kazak” gazetesini yayın hayatına sokar (Kazak 1914, Sabol 2003). Gazete Kazakların toprak meselesi, bağımsızlık gibi ülkenin genelini ilgilendiren konular dışında bütün bu problemlerle baş etmelerini sağlayacak insanları yetiştirecek eğitim sistemiyle ilgili yazılara da yer verir. Baytursınu’nun bu konuyla ilgili oldukça fazla gazete yazısı olduğu hepimizce bilinmektedir.

Alaş partisinin kuruluşuyla Kazak gazetesi partinin resmi organı haline gelir (Kara 2002). Gazetenin Kazak edebi dili, edebiyatı ve kültürünün gelişmesine büyük katkısı olmuştur. Gazetede en çok ele alınan konular genellikle çocukların ve gençlerin eğitimi ve bu konuda neler yapılabileceği meseleleridir.

#### c. Eğitim konusunda siyasi alanda yaptığı çalışmaları.

1917 yılında Şubat ihtilaliyle birlikte milli bağımsızlık mücadelesinin adımları da hissedilir (Nurpeyisov, 1994). Bu gelişme sebebiyle yaşanan sorunların giderileceğine dair ümit de artar. Bu süreçte siyasi çalışmaları yoluyla ve onlardan daha da fazla uğraştığı bölgesel Kazak kongrelerinin toplanması ve eğitimle ilgili kararların bu kongrelerden çıkarılması konusunda Baytursınu ciddi çabalar göstermiş, etkili de olmuştur (Kazak 237, 1917). İlkokul sayısının artırılması, ana dilinde eğitim, kızların okutulması, kız ve erkek çocukların aynı okullarda ve sınıflarda okuyabilmesi, okul masraflarının Rusya devleti hazinesinden karşılanması gibi kararları bu başlık altında sayabiliriz. Bu kararlara baktığımızda çocuklar ve gençlerin eğitimine ne kadar çok önem verildiği görülecektir.

Kurulan Alaş partisinde alınan kararlar da eğitimi destekleyecek niteliktedir.

Özellikle ana dilde eğitim, mahkemeler ve resmi kurumlarda Kazakça'nın kullanılması konusu bunların içinde en önemlileri olarak sayılabilir. Bu dönemde yapılan çalışmaların asıl önemli yanı çocuklarda ve gençlerde “ana dil bilinci”nin uyandırılması olmuştur.

ç. Ders kitaplarının hazırlanması ile ilgili çalışmaları.

Ahmet Baytursınulı'nın Ekim ihtilalinden sonra Milli Eğitim Bakanlığı da yaptığı dönemde Mağjan Jumabayulıya birlikte hazırladıkları Kazak ilk ve orta okullarında okutulacak ders kitapları eğitim açısından oldukça önemli bir gelişmedir.

Kazakların eğitim durumuyla ilgili çalışmalarını sürekli devam ettirip makaleler yayımlayan Baytursınulı, kadın, erkek, çocuk ve gençlerin okur yazarlık yani eğitim seviyesinin düşük olmasının maddi imkansızlıklarla ve hala bir eğitim sisteminin olmamasıyla ilgili olduğunu sürekli vurgular. Ona göre üç konuda eğitimle ilgili eksikliklerden bahsedebiliriz: “maddiyat, eğitim programı ve yetmişmiş öğretmen”. O, Kazak çocuk ve gençlerinin bir an önce eğitim alabilmesi için Kazak zenginlerinin maddi sıkıntıları gidermesi gerektiğini ifade eder. Yerel yönetimlerin bu konuda başarılı çalışmalar yaparak eğitim seviyesini yükselttiğini ve her bölgede kurulmalarının iyi olacağını dile getirir. Pedagojik donanımı tam olan öğretmenlere ihtiyaç olduğunu, yeni usul eğitimin de desteklenmesinin yerinde olacağını yazılarında dile getirir (Baytursınulı, 1913b, 1991).

Baytursınulı, halkın ve tabii ki asıl çocuk ve gençlerin okumak kadar yazmayı da çabuk öğrenebilmesi için Kazakların kültürel ve tarihi mirasının bir parçası olan Arap alfabesinin ıslah edilmesi görüşünü dile getirir ve bu konuda çalışmalar yapar. Bunun, Kazakçayı yazı dili yapma sürecine de katkısı olmuştur. Bu süreçte öğretim metotları üzerinde de çalışmalar yaparak Ceditçi görüşün ortaya attığı usul-i savtiye (fonetik metot) çalışmalarını yürütür. Bu görüşlerini Aykap dergisinde yazdığı “Okuv Kuralı” adlı makalesinde işler, fonetik metot için alfabe Kazak ses sistemine uygun yeni harfler eklenmesini de söyler. Bu çalışma, Kazakçanın ses yapısına uygun bir alfabe çalışması olduğu kadar Kazakça ses bilgisinin de gösterildiği bir eserdir. (Baytursınulı, 1912).

19. Yüzyılın ikinci yarısından itibaren Kazak kültürel hayatında Rusya etkisi görülmeye başlar. Ruslar, Kazakistan'da hakimiyet sağlamak için bilinçli bir kültür politikası uygular. Mesela Rus okullarının açılması gibi. Rusya'nın yayınladığı kanunlar sonucunda Rusça, medreselerde bile zorunlu dil yapılır (Jeksenbayeva, 1996). Baytursınulı bunun bir asimilasyon hareketi olduğunu söyleyerek çocuklar ve gençlerin ancak milli dil, kültür, edebiyat ve milli tarih değerlerinin oluşturulması ve korunmasıyla bu durumdan uzak tutulabileceğini önerileriyle birlikte sunar. (Baytursınulı, 1913a).

O, “Bastavış Mekteplerde /İlkokul” ilk üç yıl ana dilde eğitim verilmesi

gerektiğini, diğer dillerin bundan sonra öğretilmesinin uygun olduğunu vurgular. Henüz eğitimin pek de iyi olmadığı köylerde eğitimin Kazakça ile ilçelerde ise Rusça ile yapılmasının daha iyi olacağını belirtir.

Eğitim alanındaki en büyük eksiklik, eğitim bilimlerine göre hazırlanmış ders kitaplarının olmamasıdır. Baytursınulı çocuk ve gençlerin eğitimi için büyük önem taşıyan bu konuda açığı doldurabilecek birçok Kazakça ders kitabı hazırlar. Bunlardan biri Kazak çocuklarının okuma yazmayı çabuk öğrenmeleri için hazırlanan üç ciltlik “Til Kuralı” (1915) adlı dilbilgisi kitabıdır. Yine ilim alanı için olduğu kadar gençler için de önemli olan “Edebiyet Tanıtıkış” (1926) adlı eseri de derslerde kullanılmış, ayrıca günümüz Kazak edebiyatının gelişmesine katkıda da bulunmuştur (Baytursınulı, 1991).

B. Çocuk ve gençlerden bekledikleri.

a. Uluslararası değerler doğrultusundaki uyarıları.

Baytursınulı, şiirlerinde milletine olduğu kadar çocuklar ve gençlere de seslenmekte, her zaman yaptığı gibi doğru bildiği ve yapılmasını istediği şeyleri kaleme almakta, bazen açık ifadelerle bazen de sembolik anlatımla görüşlerini dile getirmektedir. Bu konuda üstü kapalı bir anlatımı tercih eden Baytursınulı, özellikle çocuklar ve gençlere seslenirken “fabl” türünü daha fazla kullanır. Bu tür şiirlerinin büyük kısmı başka dillerden adaptasyon şeklinde yazılmış şiirlerdir. O, bu şiirlerinde gerçek kahramanlar yerine hayal dünyasındaki kahramanlara istediklerini, hissettiklerini ve düşündüklerini söyler.

Bu görüşlerinden bir kısmı uluslararası değerlerle aynı olan, bütün insanlarda bulunması gereken özelliklerin neler olduğunu küçük hikayelerle anlatan nasihatler ve uyarılar şeklindedir. Birçoğu iyi ve bilinçli bir insanın nasıl olması gerektiğini vurgulamaktadır. Bu tür şiirlerinde bahsettiklerini kısaca şöyle özetleyebiliriz: Hırsızlık ve yalancılığı terk etmek gerekir (Sarı Şımşık). Cimrilik iyi bir huy değildir (Jarlı Bay). Adil olmak gerekir. Adaletin olmadığı yerde her tür kötülük bulunacaktır. Kötü huylardan ancak ilimle kurtulabiliriz (Ala Koylar). Bilgili, ilim sahibi, anlayış sahibi, ileriye gören, mücadeleci, kendi değerlerini bilen ve savunan bir birey olmak gerekir. Dostluk, kötü günde belli olan bir değerdir. Dostluğu bozan en önemli şey mal mülk, makam mevki ve çekememezliktir. Dost olan kişi, kötü günlerde dostunun yanında olmalı, söz verdiyse sözünde durmalıdır. Cahil ve ahmak olmamalıdır. Çıkar ilişkileri gütmemeli, dostunun başını belaya sokmamalıdır (Arıstan, Kiyik hem Tülki, Kisi men Ayuv, Sorlu Bolğan Mujık, İyttin Dostığı).

İnsanoğlu ihanet içinde olmamalıdır. Şair kendi hayatında birçok ihanet yaşadığı için gençleri bu konuda sürekli uyarır (Kök Esekterge, İ.B. Jezdem Hatınan). İnsanın kanaatkar olması ve şükretmeyi bilmesi büyük bir erdemdir. Doyumsuzluk insanı yok edeceği için durmayı bilmek, kanaatkar olmak gerekir (Ögiz men Baka,

Kayırsı men Kıdır, Balıkşı men Balık). İnsanın haddini bilmesi de bir yüceliktir. Bu ise ancak kendini iyi tanımakla mümkündür. Bunun yolu da ilimden geçer (Emen men Kamıs, Eki Şıbın).

İnsanoğlu “ben” deyip fesatlık edeceğine hırslarını terk edip “biz” demeyi öğrenebilirse yani birlik ve beraberlik içinde olursa sıkıntılarından kurtulacaktır. Eğer Türkistandakiler bunu yapabilselerdi Türkistan şu andaki durumunda olmazdı (Ağaş).

Baht ve devlet insanlara sunulan bir şeydir. Uğraşarak bulunacak erdemler değildir. Elinize verilince kaybetmemek için çabalamak doğru olanıdır (Kartayğan Arıstan, Kisi men Kölenke). Tembel olmamak çalışmak şarttır.

İyilik etmek ve yardımsever olmak güzel hasletlerdir, iyiliğin kıymetini bilmek de bir o kadar önemlidir, iyiliği hakkedene yapmak da (Şal men Jumısker, At pen Esek). Akıllıca hareket etmek ve yerinde davranmak doğru olan yoldur. Güç aklı geçemez (Maymıl, Kisi men Arıstan). Bunlar kadar önemli olan diğer özellik anlayışlı olmak, karşısındaki kişiyi dinlemek ve anlamaya çalışmaktır (Nebik Atı).

Hayat, insanoğluna verilen bir hediyedir. Onu sevmek ve ondan vazgeçmemek gerekir (Şal men Ajal). Hayatta her zaman karşılaşılacak düşmanı da dostu da gözümüzde çok büyütmemeliyiz (Kapteser men Körtışqan).

b. Sosyal konulardaki görüşleri ve uyarıları

Bu gruptaki görüşlerini kendi içinde iki gruba ayırarak ele alabiliriz:

ba. Hürriyet, istiklal, mücadele ve esaret konusundaki görüşleri ve uyarıları:

İnsan birey olarak da toplum olarak da bağımsız ve hür olmalıdır. Bireysel bağımsızlık ve hürriyet buradan milli hürriyet ve istiklale ulaşacaktır. Bu ise boş oymayla ve beklemekle değil ancak bilim ve eğitim yoluyla gerçekleştirilebilecektir (At, Altın Eteş, Mıtsırıy, Dosıma Xat, Şayılgan Köz Jasımen, Tilek Batam, Bak, Zamandastarıma, Gılım, Javğa Tüsken Jav Sözi, Ağaş) .

bb. Mücadele, isyan, kavga, ümit ve sitem içeren görüşleri ve uyarıları

Alaş hareketi, “Türkistan Müslümanları Komitesi”, Türkiye’deki “Jön Türkler” hareketi, İtil-Kama bölgesindeki Mir Sultan Galiyev tarafından kurulmuş “Türk-Tatar Komitesi” ile de görüşmekte ve aynı ülkü için mücadele etmekteydi. Vatanına, milletine sahip çıkmak; Kimlik sahibi olmak ve ana diline sahip çıkmak. Kazak topraklarının Ruslara ve yabancılara verilmemesi gerekir. İnsanın özellikle gençlerin toprağına dolayısıyla vatanına, milletine sahip çıkması imandandır (Özen men Karasuv, Jubatuv, Jıyğan Tergen,). İnsanların uyanması ve gafletten kurtulması şarttır. Gençlere eğitim vermek ve onları iyi yetiştirmek gerekir (Jubatuv, Adamdık Diykanşısı, Masa, Malşı men Masa, Javğa Tüsken Jan Sözi).

Uyanışın ardından sağlanacak birlik ve beraberlik de tek başına mücadele etmekten daha çok kuvvet toplamayı sağlayacak ve içinde bulunulan kötü durumdan

memleketi kurtaracaktır (Kazak Kalpı, Jurtıma, Akkuv Şortan hem Şayan). Kızarak, kırılarak köşesine çekilmek ne kadar doğrudur? O zaman millete ve halka kim hizmet edecek? (Javap Xattan).

bb. Cehalet ve eğitim konusundaki görüşleri ve uyarıları.

Cahil olup cahil olduğunu bilmeyenler de cahil olup da bunu bilmeyip marifetmiş gibi kibirlenenler de cehalet içindedirler (Eginnin Bastarı). Bunlardan bir kısmı faydasını zararını bile bilmeden ilmi kullanırlar (Emennin Tübindegi Şoşqa).

Baytursınulı, şartların ne olduğuna bakmadan mücadelesine devam eder. Asıl yetiştirilmesi, aydınlatılması gereken, milletin ve vatanın geleceğini elinde tutan gençleri ve çocukları bilgi ve eğitim yoluna çağırır (Tartuv). Onların eğitilmesi için Baytursınulı'nın önderliğini yaptığı okullar açılır. Bu "usul-i cedit" okulları yeni eğitim anlayışı ile bu topraklara yeniden aydınlığı getirecektir. Türkistan'ın tekrar aydınlanması ve yeşermesi için yapılacak asıl mücadele eğitim sahasındadır. Bu yol millete yararlı olan hizmet yoludur, bir vatan evladı için en mukaddes görevdir (Ataqtı Sibir Ulı Qart Potanin).

Mücadelenin yolu aydınlanma ile ve ilk olarak ülkenin geleceği olan çocukların eğitimi ile olacaktır. Onların ilim öğrenip cahillikten kurtulması, millet ve vatanın diğer ilerlemiş milletler seviyesine gelmesi demektir (Tartuv).

O, gençlere "geçmişinizle övünüp rahat rahat yatacağınıza siz de vatan ve millet için bir şeyler yapın" der. Atalar yapacağını yapmış, borcunu ödemiş. Başarmış. Onların gözünüzde bir değeri varsa şimdi sıranın sizde olduğunu unutmayın. Siz ne yaptınız? diye sorar (Kazdar).

Burada Baytursınulı'nın üslubu da dikkat çekicidir. Çocuklara eğitim ve bilim konusunda seslenirken emir cümlelerini ardı ardına sıralar:

Balalar! Oquvğa bar! Jatpa qarap!

Juvınıp, kiyininder sapşanıraq! (Oquvğa Şaqıruv)

Fikirlerini sık sık tersi emirler vererek vurgular.

Sözündi tındatayın desen curtqa,

Et asıp tabaq-tabaq, şaqır, inim. (Aqın İnime)

Şalıs basıp ayaqtı, cıgılğanda,

"Jatqanınnan turma!" dep mıqtaytının. (N.Q. Hanımğa).

Sonuçta, Baytursınulı, 20. yüzyıl başında Kazak düşünce hayatı kadar eğitim hayatında, çocukların ve gençlerin eğitim hayatında önemli bir yere sahiptir. O, her açıdan geri kalmış olan Kazakların ancak eğitim seviyesinin yükseltilmesi yoluyla problemlerini halledip kalkınabileceğini, diğer milletlerin olduğu seviyeyi yakalayabileceğini savunur. Baytursınulı, çalışmalarını basın yoluyla kamuoyuyla paylaşmış, özellikle eğitim konusunda yapılması gerekenleri ve eksikliklerin tamamlanması konusundaki noktaları belirleyerek öneriler sunmuştur. Siyasetçiliği döneminde de eğitim meselelerini ön planda tutmuş, Kazak eğitim sisteminin inkar



edilemeyecek bir rol oynamıştır. Bu sebeple Kazak aydınları Kazakça ve Kazak edebiyatı konusundaki başarılı çalışmalarını yanında eğitim ile ilgili çalışmalarlarıyla da sembol bir isim haline gelmiştir.

Bugün Kazakistan geleneksel kültürden aydınlanmacı kültüre geçiyse bu başarı Ahmet Baytursınulı ve arkadaşlarının yani “Alaşçı”larındır. Bugün dil, kültür, tarih ve eğitimle ilgili birçok düzenleme ve proje ile ülke biraz daha ilerliyor ve geliyorsa yine Ahmet Baytursınulı ve Alaş kahramanlarının payını unutmamak gerekir. Onların attığı ilmi temel bugün Kazakistan’ın çocuklara ve gençlere yatırım yaptığı “Bolaşak” programlarıyla gelişmesini artırarak sürdürmektedir.

### **Kaynakça**

1. Avezov M.(Mart,2001). “Ahmet Baytursınov’un Ellinci Yas Günü”, (Çev. İbrahim Kalkan), Türklük Araştırma Dergisi: 170-179.
2. Baytursunov A.(1912). “Cazuv Tertibi”, Aykap, 4
3. Baytursunov A.(1913a). “Kurmetti Okuşular”, Kazak, 1.
4. Baytursunov A.(1913b). “Oruşa Okuşular”, Kazak, 2.
5. Baytursunov A.(1991). Ak col. Almatı: Jalın.
6. Ceksenbayeva G.(1996). “Orıs-Kazak cene Otarlav Sayasatı”, Kazak Tarihi, 1: 53-56.
7. Devlet N.(1999). Rusya Müslümanlarının Milli Mücadele Tarihi. Ankara: TTK.
8. Kasenov K. ve Törehanov E. (1994): Kızıl Kırgın, 37’-ge Apat Bolgandar. Almatı: Kazakistan.
9. Kara Abdulvahap (2002). Türkistan Atesi Mustafa Çokay’ın Hayatı ve Mücadelesi. İstanbul: Da Yayıncılık.
10. “Kazak Svezi” (1917). Eski Habarlar, Kazak, 236.
11. Nurpeyisov K.(1994). “Alaş cene Alaşorda Tarihının Zerttevi Hakında”, Kazak Tarihi, 1: 7-17.
12. Sabol S.(2003). Russian Colonization and The Genesis of Kazak National Consciousness. Newyork: Palgrave Macmillan.
13. Tamir F. (1999). “Ahmet Baytursunov ve 1926 Bakü Türkoloji Kongresi” 1926 Bakü Türkoloji Kongresinin 70. Yıl Dönümü Toplantısı, Ankara:115-119.
14. Tamir F. (2004). “İsmail Bey Gaspıralı’nın Kazak Aydınları Üzerindeki Tesiri”, İsmail Bey Gaspıralı İçin. Kırım Vatan Yay.
15. Türk V. (2002). “Kazak Aydınlanma Hareketi İçerisinde Ahmet Baytursunov ve Çalışmaları, Türkler, 18 :65-673.

## АХМЕТ БАЙТУРСУНОВ И НАРКОМАТ ПРОСВЕЩЕНИЯ КАССР В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ

*Татьяна Тугай*

*доцент Оренбургского педагогического государственного университета,  
кандидат исторических наук*

4-12 октября 1920 г. в Оренбурге прошел Учредительный Съезд Советов Казахстана, провозгласивший образование Казахской автономной советской социалистической республики. Самыми большими делегациями были Оренбургская и Тургайская. Известно, что ряд деятелей Алаш-Орды, перешедших в 1919 г. на сторону советской власти, были делегатами I съезда Советов. На съезде были избраны высшие органы власти КАССР – Центральный исполнительный комитет и Совет народных комиссаров. Важно заметить, что в Декларации прав трудящихся КАССР, принятой на Съезде, указывалось на необходимость проведения мероприятий по обеспечению ликвидации неграмотности и дальнейшего национального развития. Подготовительную работу к Учредительному съезду провел Кирревком, в том числе, и в сфере народного просвещения. В работе Кирревкома – краевого большевистского органа – наряду с т.н. леворадикалами активно участвовали А.Байтурсунов, А.Ермеков, Ж.Аймаутов, С.Досжанов, Х.Габбасов, А.Кенжин и другие деятели алашского движения. Национальная интеллигенция в Казахстане пришла на службу к Советской власти главным образом в области народного просвещения. Большинство из них в прошлом были учителями – *мугалимами*. Включившись в работу по созданию казахской советской государственности, ее видные представители продолжили, теперь уже на советской основе, просветительскую деятельность.

Характерно, что целый ряд ключевых вопросов устройства советской автономии были взяты большевиками из программных документов «Алаш» и начатых алашординцами преобразований. II Всеказахский съезд в Оренбурге 13 декабря 1917 г. сформировал комиссию по составлению учебников и учебной литературы во главе с Ахметом Байтурсуновым. На съезде решено было выделить для ее работы необходимые средства из национального фонда, созданного на том же съезде. В комиссию вошли также Магжан Жумабаев, Ельдес Омаров, Биахмет Сарсенов, Тельжан Шонанов. План работы этой комиссии, составленный на основе доклада М. Дулатова, был внесен в протокол заседания съезда и представляет особый интерес, так как по факту был реализован Наркомпросом в первые годы советской власти на основе алфавита Байтурсунова. Помимо учебников, особая комиссия должна была составлять методиче-

ские пособия для учителей общеобразовательных школ, книги о воспитании детей, правила о постановке дела народного образования во всех казак-киргизских школах, выработать правописание казахского языка, переводить на казахский язык полезные книги и брошюры. Также была утверждена расходная смета комиссии на 1918 год [7, с. 78-79]. В этом направлении, как пишет Байтурсунов в «Жизнеописании», продолжалась его работа до 1918 г.: *«С 1918 года по определению общекиргизского (общеказахского) съезда, происходившего в Оренбурге 5-13 декабря 1917 г. я должен был работать в Комиссии при Центральном Казахском Правительстве «Алаш-Орда» по составлению учебников, но по условиям того времени заниматься подобного рода работой не было возможности»*<sup>4</sup>.

В 1920–1925 гг. Оренбург был административным центром КАССР и являлся опорным пунктом проведения всех советских преобразований. Высшие органы власти советской автономии создавались здесь по образцу РСФСР. В состав правительства (Совнаркома) вошли 12 руководителей народных комиссариатов – наркомов. Из справочника «Наркомы Казахстана» [12] мы можем установить, кто занимал руководящие посты в Наркомате просвещения в оренбургский период:

Байтурсунов Ахмет – окт. 1920–окт. 1921

Кенжин Асфендияр – окт. 1921–окт. 1922

Залиев Нугман – окт. 1922–дек. 1924

Темирбеков Ильяс – дек. 1924–февр. 1925

С 1925 г. пост наркома просвещения республики занял Смагул Садвокасов (по 1927 г.). Заместителями Байтурсунова были Аймауытов Жусупбек, Асфендияр Кенжин и Смагул Садвокасов. В свою очередь, Байтурсунов стал заместителем Кенжина, когда тот сменил его на посту наркома (окт. 21–июнь 22). 13 июня 1922 г. Сакен Сейфуллин был назначен членом коллегии и заместителем народного комиссара просвещения «по организационно-административной части» (исходя из указанных дат, соответственно, замом Кенжина). Таким образом, в административном аппарате наркомата просвещения Байтурсунов состоял до середины 1922 г., однако и после он продолжал работу в его составе: занимал пост председателя Академического центра и возглавлял научно-литературную комиссию, или как он уточняет в «Жизнеописании», «являлся научным методистом при Казнаркомпросе». В коллегию наркомпроса в разное время входили также видные соратники Байтурсунова: М. Дулатов (работал в научном совете НКП республики и Госиздате), Ел. (Ил.) Омаров, М. Джулдубаев (с 1924 г. занимал пост председателя научного совета).

<sup>4</sup> «Жизнеописание» (автобиография) А. Байтурсунова хранится в Доме-музее Ахмета Байтурсынулы, г. Алматы. Хранитель музея Райхан Имаханбет.

В «Положении об организации дела просвещения национальных меньшинств в РСФСР» указывалось, что *«особые национальные органы просвещения составляются из лиц, знающих язык данной национальности и знакомых с бытом и культурой»*<sup>5</sup>. На практике оказалось, что в комиссариатах просвещения первых автономий – Татарской, Дагестанской, Горской, Башкирской и Киргизской (Казахской) – оказался цвет национальной интеллигенции [9]. Однако, являясь органами советской власти, Наркомпросы (НКП) должны были заниматься не только просвещением, но служить *«проводниками общего идейного и организационного плана в области культурно-просветительного строительства той или другой национальности»*<sup>6</sup>.

В этот период во всех республиканских наркоматах просвещения сложились две крупные группировки: леворадикальная, или «интернационалисты», и «националисты» [9, с. 195]. А.К. Бочагов (первый директор Казиздата) вспоминал (с идейных позиций своего времени): *«В Академическом центре Наркомпроса активно работала группа коммунистов во главе с С. Сейфулиным. Но слой образованной национальной интеллигенции, преданной советской власти, был невелик. Поэтому приходилось использовать и недавних открытых противников нового строя, буржуазных националистов (Байтурсунова, Омарова, Дулатова и др.)»* [5, с. 52]. Перейдем к характеристике **практической работы Наркомпроса** в первые годы КАССР. На основании декрета СНК РСФСР от 26 декабря 1919 г. была утверждена инструкция отдела народного образования Кирревкома о ликвидации неграмотности (24 июня 1920 г.) и издан соответствующий приказ Кирревкома. Согласно пункту 1 инструкции обучению подлежало все неграмотное население в возрасте от 14 до 50 лет. Все лица, способные к преподаванию в школах, мобилизовались на ликвидацию безграмотности. А в 1921 г. декрет о ликвидации неграмотности в Киргизской АССР подписал уже нарком Ахмет Байтурсунов. При наркомпросе была создана Центральная чрезвычайная комиссия по ликвидации неграмотности. Большую работу провел также внешкольный отдел наркомпроса. Р.Б. Сулейменов на основе архивных источников охарактеризовал деятельность отдела: открытие школ и пунктов ликбеза как стационарных, так и передвижных на путях следования кочевников на летовочные места с зимних стоянок и обратно; организация передвижных библиотечек-ящичков, которые должны были выдаваться центральной библиотекой жителям малочисленных аулов и т.п. [16]. Правда, Р.Б. Сулейменов по понятным причинам не указал, что заведомо в 1920–21 гг. был **Асфендияр Кенжин**, который спланировал указанные мероприятия, и вся эта работа проводилась под его непосредственным руководством.

<sup>5</sup> ГАРФ. Ф. А-298. Оп. 2. Д. 31. Л. 267.

<sup>6</sup> ГАРФ. Ф. А-298. Оп. 2. Д. 31. Л. 268.

Выполнение декрета о ликвидации неграмотности было сопряжено с большими трудностями. Положение Кирнаркомпроса в нач. 20-х гг., как констатировала Коллегия НКП РСФСР, было чрезвычайно тяжелым. Только в 1923 г. было признано необходимым оказать ему «всяческую поддержку в его ходатайстве об отпуске средств» [6]. Доклад Кирнаркомпроса явился поводом для решения НКП РСФСР просить Союз ЦИК о «скорейшем осуществлении культурного фонда». Однако лишь в 1925 г. Казахстан получил 2 млн. рублей, из которых более 75% было направлено на просвещение и здравоохранение [16, с. 99]. Но именно в оренбургский период, не дожидаясь государственных дотаций, наркомат выполнил всю самую трудную работу – по ликвидации неграмотности в республике, организации школ, созданию первых учебников.

В 1920–22 гг., когда пост наркома просвещения занимали Ахмет Байтурсунов, а затем Асфендияр Кенжин, ситуация в народном образовании была особенно тяжелой. Голод и хозяйственная разруха привели к тому, что почти все школы были переведены на скудный местный бюджет, а их число и штаты сокращены до минимума. Число школ в целом за это время уменьшилось на 60%, а по отдельным губерниям – и того больше. Например, в Актюбинской губернии к концу 1921 г. из 961 школы сохранилось 174, из 1310 учителей осталось 282, из 47 253 учащихся – 9135. В среднем по республике к концу 1922 г. одна школа-четырёхлетка приходилась на четыре волости, а один пункт ликбеза – на две волости [16, с. 91]. Работу по ликвидации безграмотности в голодных губерниях пришлось прекратить совсем. Если в 1920/21 учебном году функционировало более 2400 школ ликбеза, в которых училось свыше 72 тыс. человек, то в 1921/22 учебном году их осталось 113 с 3000 учащихся. Положение работников просвещения было ужасным. Используя материалы Центральной чрезвычайной комиссии по ликвидации неграмотности, Байтурсунов писал: *«Во многих местах, учащие [учителя] бросали школы и уходили, в других местах влачили жалкое, голодное существование и, если остались живы, то только благодаря суровости части населения. Но были факты и голодной смерти»* [2]. Не удивительно, что из 2724 учителей системы ликбеза, работавших в июне 1921 г., к апрелю 1922 г. в школах осталось всего 118 человек [16, с. 91].

Отчет о деятельности Кирнаркомпроса за 1921 г. больше напоминает горестное повествование, нежели официальный документ (подписан Кенжиным): *«О положении на местах. Государству грозит смертельная опасность. Необходимо принять радикальные меры и возможно скорее. Школы в аулах даже не человеческое жилище – так они грязны и бедны, так не похожи на дома просвещения, так сплошь и рядом убоги их педагогические силы. В некоторых местах их совсем нет, а открытие даже не предвидится. Вот*

*и всеобщее обучение! Киргизии грозит опасность погрязнуть в умственное невежество... Три фактора сыграли главную роль в разрушении народного образования за истекший год: I отсутствие денежных знаков; II не вполне внимательное отношение местных властей, отодвинувших интересы образования на задний план; III Царь-голод»<sup>7</sup>. В этом же отчете содержались конкретные сведения о положении школ по районам<sup>8</sup>. 18 мая 1922 г. Асфендияр Кенжин собрал съезд работников народного образования – фактически, тех, кто выжил. С речью на съезде выступил его заместитель Ахмет Байтурсунов, который прямо заявил: «Следует бить тревогу, ибо школы, сады, профессиональное образование на грани ликвидации» [3]. Тем не менее, съезд был созван с другой целью. Необходимо было разъяснить учителям те изменения, которые произошли в системе образования с установлением советской власти. В первую очередь, это утверждение *Единой трудовой школы*. Принципы новой школы распространялись на всей территории РСФСР: доступность образования для всех слоев населения и его бесплатность, светский характер, который предполагал исключение из преподавания богословских дисциплин, совместное обучение мальчиков и девочек, отмена всех видов наказания, школьное самоуправление. Акцент делался на соединение учебы с производственной практикой. Эти принципы были изложены в «Декларации о единой трудовой школе» и «Положении о единой трудовой школе», принятых декретом ВЦИК РСФСР от 16 октября 1918 г. Все школы делились на две ступени – первую, для детей 8-13 лет и вторую, для детей 13-17 лет. В сентябре 1921 г. ГУС (Государственный ученый совет Наркомпроса РСФСР) провел съезд Губоно в Москве, на котором были выработаны основные требования к программам для единой трудовой школы I и II ступени<sup>9</sup>. А в мае 1922 г. был проведен съезд уже в Оренбурге – для казахских работников системы образования.*

Возвращаясь к проблеме учительских кадров, следует упомянуть, что в 1921 г. были открыты Киргизский (Казахский) и Татарский институты народного образования. Причем, первый был преобразован из альма-матер Байтурсунова и Кенжина – Русско-казахской учительской школы [19]. 15 октября 1921 г. была открыта Опытная школа в Оренбурге при русско-казахских курсах, а при ней – общежитие на 100 человек<sup>10</sup>. Помимо этого открылся педагогический техникум, созданный в 1921 г. на базе трехгодичных учительских курсов. В 1921 г. для подготовки в вузы в Оренбурге был создан первый рабфак. Из 125 слушателей выпуск 1-го года составил 35 человек. В 1921 г. планировалось даже открыть в Оренбурге Государственный уни-

<sup>7</sup> ЦГА РК. Ф. 81. Оп. 1. Д. 55. Лл. 49-50, 57.

<sup>8</sup> Там же. Лл. 24-48об.

<sup>9</sup> ГАРФ. Ф. А-298. Оп. 2. Д. 33. л. 380–381а

<sup>10</sup> ЦГА РК. Ф. 74. Оп. 1. Д. 180. Л. 20.



верситет Киргизской республики с факультетами: рабочим, биологическим, сельскохозяйственным, экономическим, горным, техническим, педагогическим, социальных наук<sup>11</sup>.

Положение с учителями пытались выправить и за счет Практического института народного образования (ПИНО) – рук. В.Я. Струминский. С февраля 1921 г. институт перешел из ведения губернского отдела образования в ведение Кирнаркомпроса<sup>12</sup>. При институте были открыты подготовительные курсы. Первоначально на них было записано 30 человек. Кенжин счел такое количество будущих учителей недостаточным и обратился в Совет института с просьбой увеличить “число вакансий для Киркрая до 50 человек”. Однако в связи с последствиями голода такого числа слушателей курсов набрать не удалось<sup>13</sup>. Следует охарактеризовать и *кадровую политику* первых наркомов просвещения Байтурсунова и Кенжина – кого они назначали руководителями местных отделов, заведующими школ, и насколько эти люди оправдывали возложенные на них задачи.

Бывшее Тургайское русско-казахское училище, в котором учился Байтурсунов, было вверено **Николаю Гавриловичу Иванову**. В 1906 г. он с отличием окончил Оренбургскую учительскую семинарию. Трудовую деятельность начал в Тургае, в том самом двухклассном русско-казахском училище. После установления советской власти, когда училище было преобразовано в школу, он был назначен ее директором. Сегодня эта школа в Торгайском районе Костанайской области носит имя Н.Г. Иванова [22]. Директором сельско-хозяйственного техникума назначили сотрудника наркомзема, талантливого ученого-агронома **М.Г. Сириуса**<sup>14</sup>. При нем техникум получил звание «Ударный землеустроительный». Именно Сириусу принадлежала идея открыть в Оренбурге университет Кирреспублики на базе техникума. Причем он полагал сделать акцент на сельско-хозяйственном направлении обучения, считая его наиболее важным в условиях КАССР<sup>15</sup>.

В штате самого Кирнаркомпроса в 1922 г. состояло 85 человек<sup>16</sup>, что объяснялось разветвленной системой местных отделов и множеством функций, которые приходилось выполнять комиссариату. В справочнике «Наркомы Казахстана» мы встречаем имя писателя и ученого **Жусипбека Аймауытова**, как заместителя наркома Байтурсунова (с октября 1920 по июнь 1921 г.) Хотя

<sup>11</sup> ЦГА РК. Ф. 74. Оп. 4. Д. 41. Л. 1.; Ф. 81. Оп. 1. Д. 180. Л. 1-37.

<sup>12</sup> ГАОО. Ф. 1775. Оп. 1. Д. 77. Л. 5-7.

<sup>13</sup> ГАОО. Ф. 1775. Оп. 1. Д. 40. Л. 7.

<sup>14</sup> ЦГА РК. Ф. 81. Оп. 1. Д. 461. Л. 8.

<sup>15</sup> ЦГА РК. Ф. 74. Оп. 4. Д. 41. Л. 7.

<sup>16</sup> ЦГА РК. Ф. 81. Оп. 1. Д. 34. Л. 43-45об.

работал он не в Оренбурге, а в Семипалатинске. После окончания Семипалатинской учительской семинарии в 1911–1914 гг. он служил аульным учителем, являлся одним из первых авторов газеты «Казах». Байтурсунов назначил своего заместителя начальником Семипалатинского губернского отдела просвещения. Здесь он сумел организовать в 1921 г. издание учебников «Есеп–Куралы» и «Оку куралы» тиражом в 5 тыс. экземпляров и «Тиль–Куралы» тиражом 4 тыс. экземпляров. Авторство двух последних принадлежало А. Байтурсунову и М. Дулатову. В Семипалатинске Аймауытов издавал также газету «Қазақ тілі». В 1922–1924 годах учительствовал в Каркаралах, в 1924–1926 гг. являлся литературным сотрудником газеты «Ак жол» (Ташкент), в 1926–1929 – директором Шымкентского педагогического техникума. Был арестован по ложному обвинению и расстрелян в 1931 г. В честь Аймаутова Жусипбека названа школа-гимназия № 64 в г. Шымкент.

**Магжан Жумабаев** – поэт, общественный деятель Северного Казахстана – весной 1918 г. Казахским отделом Омского уездного земского комитета был назначен директором двухгодичных курсов по подготовке учителей для казахских аулов. С установлением в 1919 г. в г. Омске Советской власти Жумабаев работал в национальном подотделе Губернского отдела народного образования, затем переехал в город Петропавловск и стал директором Петропавловских курсов по подготовке «красных учителей». [13]. В нач 20-х гг. в Оренбурге был издан его фундаментальный научный труд «Педагогика». Образ первых *русских* сотрудников коллегии наркомата просвещения КАССР нам помогают воссоздать воспоминания А.К. Бочагова. В наркомпросе работали преподаватели дореволюционных учебных заведений Оренбурга – Н.И. Бутовский, который теперь «ведал педучилищами», и А.С. Лазов, преподаватель рабфака. Об **Алексее Сергеевиче Лазове** Бочагов отзывается как об «опытнейшем учителе и человеке большой культуры». Его статьи часто появлялись на страницах «Вестника просвещенца» [21]. Известный собиратель казахского музыкального фольклора – «отец казахской музыки» – **Александр Викторович Затаевич** также состоял в штате Наркомпроса. А.В. Затаевич посвятил Ахмету Байтурсынову две музыкальные пьесы, стилизованные под национальную музыку – «Эйда, былпылым» и «Тепенкөк». Он исполнял их на юбилее Байтурсунова в январе 1923 г. в Оренбурге.

При непосредственном участии НКП в Оренбурге было создано *Казахское государственное издательство* (3 ноября 1920). Те трудности, которые приходилось преодолевать в условиях разрухи и голода (в том числе, и бумажного), описал в своих мемуарах его первый заведующий А.К. Бочагов (1898–1975). Участник гражданской войны, делегат VIII съезда советов, успевший закончить учительские курсы, он и был назначен заведующим Киргизским

(Казахским) издательством. Это тот самый автор-партиец, который в 1927 г. опубликует брошюру *«Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг.»* [4]. В ней он отразил установки Ф. Голощекина на разоблачение участников движения, выдвинутые в отчетном докладе Казкрайкома РКП(б) в 1926 г. Тем не менее, в отличие от партийных современников, он проявил некоторую объективность, признав прогрессивный характер борьбы «Алаш» в период самодержавия. Издательство было размещено в бывшем купеческом особняке (пер. Хлебный, 4), а типография – в Караван-Сарае. Бочагов отмечал, что с установлением столицы в Оренбурге под административные и культурные учреждения КАССР были переданы лучшие здания города, практически все они являлись памятниками архитектуры XIX – нач. XX вв.

4 сентября 1921 г. Госиздат перешел в ведение Наркомпроса на правах Главного управления Госиздательства республики [5, с. 107]. В Киргосиздате печатались не только учебники, что являлось его главной задачей, но и периодические издания, «Труды Общества изучения Киргизского края», сочинения оренбургских ученых. Киргосиздат начал выпускать книги на казахском и татарском языках. В 1922 г. объем изданий на казахском языке составил 30 печ. листов, тиражом в 57500 экз. [5, с. 61]. Такой массовый выпуск стал возможен, благодаря помощи из Казани. Ахмет Байтурсунов подписывал ходатайства в крайком партии и СНК о том, что надо делать заказ в Казань – изготовить клавиатуры для печатных машинок с арабским алфавитом, но Бочагов, конечно, о его роли не упоминает. Бочагов не написал и о том, кто непосредственно занимался созданием учебников. Между тем, проект издательской деятельности был выработан лидерами «Алаш» еще на втором Общеказахском съезде в Оренбурге в декабре 1917 г. [7, с. 77-79]. Фактически, та масштабная издательская деятельность, которая развернулась в начале 1920-х гг., явилась осуществлением проекта «Алаш».

Первым шагом стало создание редакционной коллегии в Оренбурге на совещании у председателя КирЦИКа С. Мендешева 2 декабря 1920 г. в составе А. Байтурсунова, А. Букейханова, С. Садвокасова, Х. Болгамбаева и Ю. Аймаутова<sup>17</sup>. Асфендияр Кенжин в автобиографии пишет, что и он входил в состав коллегии. Сотрудники коллегии занимались выбором книг на русском языке, «желательных для перевода на казахский язык»; установлением деловых контактов с людьми, которые могли бы создать казахские учебники и перевести учебники и учебную литературу, принятые в системе Наркомпроса РСФСР.

После определенной подготовительной работы редколлегия собралась, чтобы наметить план ликвидации книжного голода для казахской школы.

<sup>17</sup> ЦГА РК. Ф. 81. Оп. 1. Д. 442. Л. 1.

Р.Б. Сулейменов, пересмотревший в конце жизни свои взгляды на алашскую интеллигенцию, писал: *«Знакомство с документом из числа тех, которые до недавнего времени находились «за семью печатями», как нельзя лучше позволяет убедиться, что не вредительством с протаскиванием враждебной идеологии (пантюркизма, панисламизма, натравливания на русских, на РКП (б) и Советы и т. п.), а полезным делом — заботой о просвещении родного народа, занимались вместе с казахскими коммунистами те, кого потом постарались объявить неисправимыми буржуазными националистами»* [17]. В подтверждение им приводится «Протокол №2 Объединенного совещания от 31 января 1921 г.», созванного Народным комиссариатом просвещения и членом Редакционной коллегии при Госиздате КАССР Ахметом Байтурсуновым по вопросу составления и перевода учебников на киргизском языке для Киргизской единой трудовой школы 1-й и 2-й ступеней. Согласно протоколу *«составить хрестоматии для чтения, синтаксис и теорию словесности киргизского языка», а также «поручить перевод киргизской истории и педагогики»* Магжану Жумабаеву.

Членом коллегии по подготовке учебников и книг стала **Назипа Кульжанова**. Она принимала участие в разработке казахской азбуки, была автором дидактических трудов «Традиционное воспитание в школе», «Воспитание матери и ребенка». Назипа Кульжанова известна как педагог-ученый и переводчик. Благодаря Кульжановой, произведения Абая и Алтынсарина зазвучали на русском языке, а в казахских школах знакомились с творчеством Льва Толстого, Максима Горького, Александра Куприна, Владимира Короленко и других русских писателей. Назипа Кульжанова была одной из самых образованных женщин своего времени. Также как и Байтурсунов, она родилась (1887) и училась в Тургае, в русской школе для девочек, основанной Ибраем Алтынсариним. Затем с отличием окончила гимназию, позже работала помощником учителя. В 1920 году вошла в состав коллегии по подготовке учебников. Она – автор «Дошкольного воспитания» («Мектептен бұрынғы тәрбие»), вышедшего в Оренбурге в 1923 году, и книги «Мать и дитя» («Ана мен бала»), изданной в 1927 году [14].

Работа по созданию учебников развернулась и в отделах наркомпроса на местах. Так, **Кошке Кеменгеров** принял активное участие в составлении учебников на родном языке в Омске. В марте 1921 г. представительство Автономной республики при Сибревкоме телеграфировало из Омска в Оренбург: *«Товарищи Кеменгеров и Айбасов, изъявляя своё согласие, приступили к составлению киручебника по естествознанию. Снабдите их необходимыми указаниями. – Айтиев»*. На имя А.Айтиева тут же последовал телеграфный ответ: *«Обязанность Кеменгерова и Айбасова временно составить учебник по есте-*

ствознанию в объеме программы бывших начальных училищ. Пособием могут служить учебники Троянского и других. — Наркомпрос. Байтурсунов» [13].

Султан Хан Аккулы в одной из своих публикаций приводит такие данные: до середины 1920-х были составлены или переведены и изданы следующие учебники по школьным и вузовским предметам: химия, природоведение, зоология (1922), география (1922, 1924), физика (1924), математика (1924), биология и т.д. Ил. Омаровым была издана «Алгебра», Ж.Аймаутовыми – «Дидактика», А.Букейхановым – «География». Алихан Букейханов, живя в Москве<sup>18</sup>, перевел на родной язык с французского и других языков «Популярную астрономию» К. Фламариона, «Происхождение земли» Т. Тутковского, «Происхождение мира» Д. Граве и др. Со страниц журнала «Советская Киргизия», издававшегося в Оренбурге в 1920-е гг., мы узнаем, что только за один 1924 г. было запланировано издать учебников общим тиражом 142.000 экз., и «большая часть этой основной программы выполнена с лихвой», т.к. в отношении некоторых работ пришлось тиражи значительно увеличить, чтобы снабдить учебниками казахское население «в пределах Туркеспублики, откуда поступают запросы» [15, с. 14-20]. В перечне изданных учебников на казахском языке были названы: Букварь Байтурсунова (36 коп.), Грамматика (фонетика) – его же (30 коп.), Этимология – его же (55 коп.), Синтаксис – его же (38 коп.). Указывались и учебники Дулатова: Книга для чтения, Задачки (I и II ч.), а также других авторов. На фоне приведенных фактов совсем по-другому воспринимается оценка некоторых советских историков, данная в свое время издательской деятельности «буржуазных националистов»: «Занимая ответственные должности в органах просвещения, науки и культуры, они забрали в свои руки издание учебников, составление руководящих распоряжений, инструкций, программ. Всюду они насаждали свои кадры» [10, с. 295-299]. Они действительно забрали в свои руки всю культурную работу по той причине, что кроме них заниматься ею было некому. Однако в 1924 г. IV Всеказахская партийная конференция потребовала пересмотреть содержание учебников «со стороны идеологической ясности и безукоризненности, подвергнуть большой переработке уже изданные учебники при их переиздании» [16, с. 95].

В ведении Наркомпроса находилась и **научная деятельность**. Еще в 1919 г. под ведомством отдела народного просвещения Кирревкома был создан Историко-статистический отдел, преобразованный затем в Ученую комиссию. В ее состав входили юрист Е.А. Яковлева, статистик К.П. Шагаев, этнограф А.А. Четыркина, историк А.П. Чулошников. С октября 1920 г. Ученая комис-

<sup>18</sup> 8 декабря 1922 г. А.Н. Букейханов занимал должность литературного сотрудника казахской секции Центриздата РСФСР (СССР).



сия уже именуется Научным отделом Наркомпроса. Самостоятельным подразделением Научного отдела стало выделившееся из его состава Общество изучения Киргизского края (Казахстана) – ОИКК, образованное в Оренбурге 15 октября 1920 г. Общество просуществовало 12 лет и первый период – 1920–1925 гг. (оренбургский) – был наиболее плодотворным, по мнению большинства исследователей. Русские инициаторы ОИКК – а это, в основном, были представители известных дореволюционных оренбургских научных обществ – Архивной комиссии и Отдела РГО – пригласили в ОИКК Ахмета Байтурсунова и Алихана Букейханова, в первом составе Общества мы встречаем и имя А. Кенжина. Русские коллеги их давно знали и относились с глубоким уважением, а Байтурсунов до революции состоял даже членом Оренбургской ученой архивной комиссии [20]. Букейханов в протоколе организационного заседания значится в составе историко-архивного отдела<sup>19</sup>. Почетным председателем Общества был избран Ахмет Байтурсунов. В одном из архивных документов было встречено интересное факт: нарком принял участие в практической деятельности Общества – в составе исторического отдела участвовал в археологических раскопках в районе с. Нежинка [21].

Правление ОИКК в своих отчетах в Главнауку РСФСР высоко оценивает деятельность других бывших олашординцев: *«энциклопедист М. Дулатов составил задачник в трех частях на казахском языке и написал «Историю Киргизии». Обществовед М. Джулдубаев перевел на казахский язык «Манифест» Маркса, сочинения Л. Троцкого и Н. Бухарина. И. Омаров – математик и историк – составил учебники физики и геометрии на казахском языке для Киргизского института народного образования»*[21].

В условиях аграрных преобразований в КАССР важную роль выполнял *естественно-географический отдел* ОИКК [18]. Большую работу вел оренбургский энтомолог П.А. Воронцовский, внесший существенный вклад в изучение вредителей сельского хозяйства республики. Он стал также одним из организаторов Центрального музея Казахстана в Оренбурге. Член естественно-географического отдела ученый-почвовед М.И. Рожанец, ученик С.С. Неуструева, написал капитальный труд «Природные условия КССР (опыт естественно-географического районирования)». В нем и других работах давалось обстоятельное описание всех видов почв республики с указанием определенной территории, пригодной или непригодной для земледелия. Супруга М.И. Рожанца – С.Е. Кучеровская-Рожанец – принимала участие в почвенных и мелиоративных экспедициях Наркомзема и определила все ботанические коллекции, собранные в 1923–1924 гг. в Адаевском, Тургайском и Орском уездах. Она опубликовала в «Трудах» объемистую работу «Расти-

<sup>19</sup> ЦГА РК. Ф. 693. Оп. 1. Д. 1. Л. 4.



тельность Семипалатинской губернии», осветив всю историю ботанического исследования губернии.

В «Трудах» Общества увидели свет монографии выдающегося ботаника-географа, флориста-систематика, геоморфолога и географа, знатока растительности и ландшафтов лесостепной, степной и пустынной зон Южного Урала и Казахстана И.М. Крашенинникова «Киргизские степи как объект ботанико-географического анализа и синтеза» (1923) и «Растительный покров Киргизской республики» (1925). Сотрудник Наркомзема агроном М.Г. Сириус в 1923 г. был избран председателем правления ОИКК, а вступил в Общество с момента его основания – он назван в протоколе среди «прибывших по объявлению в газете». М.Г. Сириус серьезно занимался экономическими исследованиями – в своих работах начала 1920-х гг., опубликованных в «Советской Киргизии» и др., пытался научно обосновать перспективы развития кочевого хозяйства, доказывал нецелесообразность его форсированного перевода к земледелию. Он разработал целый ряд мер, чтобы осуществить *«главную задачу – накормить все население»*. Показательно, что ученый-агроном предлагал в ближайшие 15 лет – к 1940 г. – осуществить переход к земледелию не более 5–5,5% казахского населения.

В результате обстоятельного изучения природно-климатического, ландшафтного состояния географических зон, а также социально-экономического положения казахского аула учеными ОИКК был выдвинут ряд теоретических разработок о перспективах существования и развития казахского хозяйства, о возможных путях и методах землеустройства населения и необходимости научного освоения земельных ресурсов КАССР [18]. Этот опыт не был учтен федеральной властью и отвергнут краевой – как антисоветский и классово чуждый: *«все эти ...сириусы являлись открытыми выразителями интересов казахского кулачества – баев-полуфеодалов»* [5, с. 97-98]. «Положение о сплошном землеустройстве» 1924 г., а затем и переход к сплошной коллективизации поставили точку в научном противостоянии оренбургских ученых советской практике в Казахстане.

Летом 1922 г. Общество изучения Киргизского края было включено в коллегию **Академического центра** Наркомпроса КАССР, который возглавил Ахмет Байтурсунов<sup>20</sup>. Академический центр был создан по аналогии со структурными преобразованиями в федеральном Наркомпросе (НКП) РСФСР – там Академический центр должен был поддерживать связи с Академией наук, организовывать работу ученых в соответствии с задачами советской власти. Согласно «Положению о Краевом научном центре и Краевом Союзе научных учреждений» (1921) [11, с. 2–4.] Научный отдел Кирнаркомпроса также был

<sup>20</sup> ЦГА РК. Ф. 81. Оп. 1. Д. 55. Л. 6.

преобразован в Академический центр. Он состоял из двух секций: научной (Государственный ученый совет), которая возглавляла научно-политическую, научно-техническую и научно-педагогическую работу, и художественной (Государственный художественный совет), ведавшая вопросами литературы, театра, музыки, изобразительного искусства и кинематографии. Кроме того, в его состав входили Главархив и Главмузей. Таким образом, А. Байтурсунов организовал работу Академического центра по примеру Акцентра НКП РСФСР. Академический центр Кирнаркомпроса находился под научным патронатом Академии наук, и академики были хорошо осведомлены об исследовательской работе в Казахстане. Так, практически все ученые естественно-географического отдела ОИКК, о которых говорилось выше, были включены в состав известной академической (Казахстанской) экспедиции 1926 г. [18].

Среди ученых, которых привлек к научной работе и поддерживал А. Байтурсунов, заслуживает внимания имя историка **Александра Петровича Чулошникова** [21, с. 42-44]. Из биографической справки к описи личного фонда А.П. Чулошникова в С-Петербургском архиве ИРИ РАН следует, что в Оренбурге он пробыл около двух лет с 1919 по 1921 г., в 1920 г. был назначен Байтурсуновым заведующим Научным сектором<sup>21</sup>. Одновременно преподавал в оренбургском отделении Московского археологического института, просуществовавшем здесь чуть более года. Также он был первым председателем правления ОИКК. Труд Чулошникова *«Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть первая. Древнее время и средние века»* был выпущен в Оренбурге в 1924 г. и в объеме составлял 640 стр. Это было первое советское издание по истории Казахстана и упоминалось в качестве такового вплоть до конца 1950-х гг.<sup>22</sup>. Таким образом, Ахмет Байтурсунов, став первым наркомом просвещения КАССР, а затем председателем Академического центра, сплотил в Наркомпросе целую команду соратников – казахов и русских – самоотверженно работавших на благо Казахской республики, развития просвещения и науки. Вскоре Байтурсунов был освобожден от работы в Наркомпросе. Последние годы его жизни в Оренбурге были омрачены обстоятельством, непосредственно связанным с его профессиональной научной деятельностью – созданным им казахским алфавитом. Это – взятый тогда курс на *переход с арабской графики на латиницу*. Языковая реформа тех лет, а точнее, языковая политика, проанализирована в ряде недавних исследований [1; 8]. С переводом столицы Казахстана в Кызыл-Орду Ахмет Байтурсунов покинул Оренбург. Некоторое время он преподавал в Ташкенте, затем Смагул Садвокасов

<sup>21</sup> ЦГА РК. Ф. 81. Оп. 1. Д. 34. Л. 41 об.

<sup>22</sup> См.: МСЭ. Т.4. 1959. С. 365.

– директор Казахского пединститута – устроил ему приглашение от Казнаркомпроса в Алма-Ату. В обоих вузах он продолжал вести казахский язык и литературу до своего первого ареста в 1928 г.

### Список литературы

1. Аманжолова Д.А. Языковая политика и культура управленцев Казахской АССР. 1920-1936 гг. // Российские регионы: взгляд в будущее. 2016. Т. 3. № 2. С. 36–61
2. Байтурсунов А. Еще о голоде в Киргизии (Казахстане) // Жизнь национальностей. 1921. 25 окт.
3. Байтурсунов А. Речь зам.наркомпроса КССР на I Всекирг.съезде работников по нар.образованию 18 мая 1922 года // Степная правда. 1922. 21 мая.
4. Бочагов А.К. Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917–1919 гг. Кызыл-Орда. 1927.-52 с.
5. Бочагов А.К. У истоков. Воспоминания. Алма-Ата: Изд-во «Казахстан». 1972.-104 с.
6. Еженедельник Народного комиссариата просвещения. 1923. № 13 (42)
7. История западного отделения Алаш-Орды: сб. документов и материалов /под общ. ред. М.Н. Сыдыкова. Т. 1. – Уральск: Западно-Казахстанский центр истории и археологии, 2012. 464 с.
8. Исхан Б.Ж., Даутова С.Б., Оспанова Б.Р. Языковая политика и казахский алфавит // Успехи современного естествознания. 2014. №9–1. С. 136–140. URL: <https://natural-sciences.ru/ru/article/view?id=34205> (дата обращения: 12.09.2020).
9. Красовицкая Т.Ю. Власть и культура. Исторический опыт организации государственного руководства национально-культурным строительством. – Москва: Наука. 1992.-290 с.
10. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата: Наука, 1966.-321 с.
11. Наркомпрос. Бюллетень официальных распоряжений и сообщений. 19 марта, 1921 г. №10.
12. Наркомы Казахстана. 1920–1946 гг: биогр. справочник / Архив Президента Республики Казахстан. – Алматы: Арыс. 2007. 392 с.
13. Оразалина Ж.Е. Просветительская деятельность казахской интеллигенции в Северном Казахстане в 20-е годы XX века // Вестник КарГУ. 2007. [Электронный ресурс]. URL: <https://articlekz.com/article/5210> (дата обращения 20.05.2019)
14. Первая казашка-журналист [Электронный ресурс]. URL:<http://www>.

inform.kz/ru/pervaya-kazashka-zhurnalist-nazipa-kul-zhanova\_a3040322 (дата обращения 28.09.2021)

15. Советская Киргизия 1924. № 8–9.

16. Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов: [история строительства советской культуры Казахстана: 1917–1965 гг.] / Акад. наук Каз. ССР, Ин-т истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. –Алма-Ата: Наука, 1967. 424 с.

17. Сулейменов Р.Б. Великий октябрь и культурные преобразования в Казахстане. – Алма-Ата: Наука. 1987. 88 с.

18. Тугай Т. И. Из опыта научной подготовки землеустройства казахского населения в 1920-е годы // Вестник Оренбургского государственного педагогического университета. Электр.научный журнал. Сетевое издание www.vestospu.ru 2017. №3 (23). С. 218-246.

19. Тугай Т.И. Оренбургская русско-казахская учительская школа в формировании национальной интеллигенции / Девятые Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен: сборник статей международной научно-практической конференции; науч. ред. С. В. Любичанковский. Оренбург : Изд-во ОГПУ, 2018.-412 с. С. 353-358

20. Тугай Т.И. Оренбургский путь Ахмета Байтурсунова; Министерство образования и науки РФ, ФГБУ ВО «Оренбургский государственный педагогический университет». Изд. 2-е, доп. – Оренбург: Университет, 2018. -252 с.

21. Тугай Т.И. Оренбургские краеведы в сохранении памятников истории и культуры (1917-1930 гг.). – Оренбург: ООО ИПК «Университет», 2016.-131 с.

22. Школа Иванова [Электронный ресурс]. URL:<http://kstnews.kz/newspaper/235?node=25436> (дата обращения 25.07.2017)

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҮРКІТАНУ

*Шапағат Жалмаханов*

*Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің  
профессоры, филология ғылымдарының докторы*

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының және оларды оқытудың әдістемесінің негізін салушы екендігі қоғам және мемлекет қайраткері саяси ақталған 1988 жылдан бері, яғни қазақ қоғамының, Қазақстанның деңгейінде жеткілікті түрде зерделеніп келеді. Ол А.Байтұрсынұлы еңбектерінің толық көрсеткіші емес. Себебі ұлы ұстаз – түркі дүниесінің ғана емес, әлемдік дәрежедегі тұлға [1]. Әлемдік тұлға болғандықтан да А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтіп жатыр. Сондықтан да біз А.Байтұрсынұлын түркі ғылымы, оның ішінде лингвистикалық түркітану контексінде зерделеуіміз қажет.

Түркі тайпаларының грамматикасының зерттелуі ХІ ғасырдағы М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігінен» (1072-1074 жж.) басталып, ХІV ғасырдағы Әбу Хайан әл-Гарнатидің «Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітабымен» (1312 ж.) жалғасып жатыр. Ал түркі тайпалары дербес ұлыс, халық болып қалыптасқан ХV-ХІХ ғасырларда жеке тілдер мен тіл топтары арнайы зерттеулер нысаны бола бастады. Оған төмендегі қысқаша тарихи шолудың өзі дәлел. Ресейдегі нағыз ғылыми түркология ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан басталады. Түркологияның лингвистикалық арнада дамуына Москва (Н.Г.Коноплев, Ф.Е.Корш, А.Е.Крымский, В.А.Горддевский), Петербург (О.И.Сенковский, О.Н.Бетлингк, И.Н.Березин, В.Вельяминов-Зернов, Л.Будагов, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов, А.Н.Самойлович), Қазан (А.Казембек, Н.И.Ильминский, В.Катаринский, Н.И.Ашмарин, В.А.Богородицкий) қалаларындағы оқу орындары мен лингвистикалық мектептердің қосқан үлесі ерекше болды.

ХІХ ғасырдың алғашқы жартысының өзінде бірнеше түркі тілінің алғашқы ғылыми грамматикалары жазылып, жарық көрді. Татар тілінің бірінші грамматикасын И.И.Гиганов (1801) түрік тілімен салыстырып қарастырады. Ал А.К.Казембектің (1802-1870) «Грамматика турецко-татарского языка» (1839) атты еңбегінде түрік, әзербайжан тілдері ғылыми-теориялық аспектіде сөз болды. Әзербайжан тілінің алғашқы оқу құралдарының бірін (1843) армян педагогы Х.Абовян (1805-1848) жазды. Хакас тілінің фонетикасы мен грамматикасын тұңғыш жүйеге түсірген фин ғалымы, угрофинтанушы, түрколог М.Х.Кастрен

(1813-1852) болды. 1851 жылы О.Н.Бетлингк «Якут тілінің грамматикасын» басып шығарса, башқұрт тілінің алғашқы біршама жүйеленген грамматикасын (1869) Мирсалих Бикчурин (1820—1903) жазды. М.А.Терентьев түрік, парсы, қазақ және өзбек тілдерінің қарапайым, қалыпты грамматикасын (1875), хрестоматиясын (1876) жазып, алғашқы талпыныстар жасады. В.В.Радлов 1860-1900 жылдар аралығында түркі жазба ескерткіштерін оқу мен зерттеу және тірі түркі тілдерінің грамматикасы жайлы ізденістер жасады. Ал Н.И.Ашмарин (1870-1933) чуваш тілінің фонетикасы, морфологиясын (1898), синтаксисін (1903) жазып, чуваш лингвистикасының негізін салды. Тува тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылысы турасындағы алғашқы іргелі еңбекті (1907) Н.Ф.Катанов (1862-1922) жазды. Қазақ тілінің тұңғыш ғылыми грамматикасының зерттеліп, жарық көруі (1914) А.Байтұрсынұлынан (1873—1937) басталды. Түркімен тілінің алғашқы ғылыми негіздегі оқулығының (1915) авторы И. А. Беляев (1920) болды.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Орта Азияда жергілікті кадрлардың, мәселен, Ш.Ш.Уәлихановтың қазақ, жалпы түркі, моңғол тілдеріне, Н.Н.Пантусовтың ұйғыр тіліне, В.Наливкиннің өзбек тіліне, Ы.Алтынсариннің қазақ тіліне, Кавказда М.В.Мохирдің құмық тіліне, Н.А.Карауловтың балқар тіліне, Сібірде В.Вебрицкийдің алтай тіліне, Э.К.Пекарскийдің якут тіліне арналған еңбектері жарық көрді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы түркі халықтары тілдерінің ұлттық тіл грамматикаларын басқа ұлт өкілдері немесе сол тіл өкілдерінің, яғни ұлттық мамандардың жазуы басты мәселе.

А.Байтұрсынұлының лингвистикалық еңбектерін зерделеу үшін XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі эзербайжан, түрік, түркімен, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт, қырғыз тілдері грамматикасының зерттелуімен салыстыра қарастыру қажет. Ол тілдердің зерттелуін салыстыра отырып, ортақ қағидалары мен ерекшеліктері нақтыланады. Түркі тілдері грамматикаларының зерттелуін әлемдік лингвистика аспектісінде талдап, түркітанудағы лингвистикалық бағыттар, мектептер және әдіснамалардың мазмұны зерделенеді. Осы аспектілерде талдау арқылы ғана А.Байтұрсынұлының әлемдік лингвистикалық түркологиядағы орны, еңбектерінің мән-маңызы анықталады.

А.Байтұрсынұлының лингвистикалық және дидактикалық еңбектерінің түркітанудағы маңызы әрбір түркі тілінің грамматикалық салаларына, сонымен қатар шетелдердегі, яғни Қытай, Түркия, Монғолия, Иран және Өзбекстан елдеріндегі қазақ диаспораларына ғана емес, қазақтан басқа ұлттар үшін сауат ашу, оқулық рөлін атқарғандығын туысқан қырғыз елінің мысалынан көруге болады.



А.Байтұрсынұлы еңбектерінің Орта Азия мен түркі халықтары алдындағы абырой-атағы мен беделі ұлы ұстаздың 50 жылдық мерейтойы кезінде ерекше дәлелденді. А.Байтұрсынұлының елу жасқа толған мерекесі 1923 жылы Орынбордағы Я.Свердлов атындағы клубта болған. Мерейтойға қазақтан басқа қырғыз, өзбек, түркімен, башқұрт, тәжік, ноғай, орыс халықтарының зиялы өкілдері қатысқан. Қонақ болғандар әр елдің ресми өкілдері, үкімет мүшелері, ғалымдар мен ақын-жазушылар болды. Ахмет Байтұрсынұлының құрметіне ұйымдастырылған банкетті И.Танабайұлы ашып: «Жау еңсені басып, қара бұлттай қаптап, түнше түнеріп тұрғанда кеудесінің күшін аямай жанын құрбан қылып, халқын жарыққа қарай, өрге сүйреген бірінші ұстазымыз, қажымайтын қаһарымыз – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет ағай – қазақ халқының бірінші мұғалімі, ұстазы. Өзінің тізесін, түрменің терезесін үстел етіп, Ақаң қаламын тартпай жазумен болды. Ақаңның бойындағы ерекше қасиеті: 1) қазақтың әдеби тіліне негіз салушы, 2) қазақты оқытып, надандықпен күрескен бірінші ұстазымыз, 3) оқу ісіне, жазуға жаңалық кіргізген данамыз, 4) патша үкіметінің зұлым саясатымен күресіп, қарсы пікірін таратқан қаһарманымыз, 5) қазақ халқының атақты ақыны Ахмет ағай – қай жағынан болса да, қазақ халқының көсемі». Одан кейін И.Танабайұлы інілеріңіздің бір аманатын тапсырамын деп, А.Байтұрсынұлының омырауына алтын жетон тағады. Жетонның бір бетінде: «Түркістан зиялыларынан белгі. 1922 жыл. 2 ауғыс», ал екінші бетінде: «Ақа! Күшті сенің қаламың. Халық ісі – сенің тамағың. Жаса, ұлт мектебінің жүрегі!» деген сөздер ойылған» [2:306-307]. Өкінішке орай, бұл жетонның қайда қалғаны белгісіз.

А.Байтұрсынұлының еңбектері қазақ қауымының ғана емес, қырғыз халқының да рухани қажеттілігін өтеген. Мәселен, 1924 жылы 12 маусымда Орынбор қаласында қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі өткені белгілі. Келесі 1925 жылы 25 мамырда Бішкек қаласында Қарақырғыз автономиялық облысының ағарту қызметкерлерінің педагогика және білім мәселелері жөнінде облыстық I съезд өтеді. Осы съезде Орынбордан А.Байтұрсынұлы шақырылып, құрметті президиумға сайланған. А.Байтұрсынұлы осы съезде қырғызша және орысша қысқартып аударып сөйлейді. Ол өз сөзінде әрбір түркі тайпасының өз тілі, өз кітабы және осы тілде өз мектебі болуы керек екенін айта келіп, жиырмасыншы жылдары түркі тайпаларының жазуы жаңадан пайда болды, әр диалект өз алдына тіл болып бөлінгенін, осындай кезеңде әліппе мен термин мәселесі бірінші қатарда тұруы керек екенін айтады. Қырғыз профессоры Карбоз Дыйқанов А.Байтұрсынұлының 1910, 1912 жылдары

Қазан, Уфа, Орынбор қалаларында қазақ тілін татар тілінен бөліп ажырату үшін «Қазақ әліпбиін» 3 рет оқулық етіп шығарғанын, қырғыздар бұл кітаптарды 1924 жылға дейін оқып пайдаланғанын баяндайды [3:12-13].

А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары тіл тазалығын сақтау, әдеби тілді қалыптастыру және ұлттық тілдің көркемдік деңгейін, қоғамдық өмірдегі рөлін көтеру жолында жанашыр ғана емес, жасаушысы да болды деуге толық негіз бар. Оның 1912-1926 жылдар аралығында қазақ тілінің келелі мақсат-міндеттер жайында «Жазу тәртібі», «Шаһзаман мырзаға» (1912), «Жазу мәселесі», «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақша оқу жайынан», «Оқыту жайынан» (1913), «Бастауыш мектеп» (1914), «Шекіспей, бекіспейді» (1916) атты тарихи мақалалары жарияланды.

А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ұйымдастырғанға дейін «Айқап», «Шора» журналдарында жарияланған еңбектерінде Ы.Гаспринскийдің 1884 жылы ұсынған «усул жадидін» қолданғанымен, оның көзсіз еліктеушісі болмай, араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуы қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесіне сүйенетіндігін, тіліміздегі арабизм, парсизм, татаризмдерге қарсы шықты [4:387-395, 432-434; 5:223-326]. Араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қарап түзу мәселесін 1912 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жазу тәртібі» атты мақаласында [4:380-385] алғаш көтеріп, тұңғыш қадам жасады. Қазақ тілінің 43 дыбысын 28 таңбадан тұратын араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуын ұсынды. Құран жазылған қасиетті жазу, канондық тіл болған араб жазуының әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне негіздеп реформа жасауы ең басты ерлігі болды.

«Шора» журналындағы (1913 ж.) «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласының мазмұны түркі тілдеріндегі емле де түрік-татар тілдерінің жөнімен жүруі керек деген ойға жауап іспетті. Онда «емле – жазу үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді ... емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [4:395], «егерде Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек» [4:399] дейді.

«Оқыту жайынан» деген мақаласында *усул – жадит* (төте оқу) жүйесімен сауаттандырудың 2 түрлі әдіске: *усул мәдие* – әріпті таныту арқылы сауаттандыру, *усул сотие* – дыбысты таныту арқылы сауаттандыру болып бөлінетінін, оның ішінде графикалық әдіспен (*усул мәдие*) емес, фонологиялық әдіспен (*усул сотие*) үйретудің тиімді екенін ескертеді [4:77]. Ал Ахаңның 1912 жылдан бастап бірнеше рет қайта басылған оқу құралдары *усул сотие* әдісімен жазылғаны белгілі.

Осы кезеңдегі (1914-1916 жж.) тілге қатысты түйткілдердің бірі – татар зиялыларының 1914 жылы Петербургтегі мұсылмандар съезінде «руха-

ни мекеме қағазы» (баспасөз ісі – Ш.Ж.) татар тілінде болсын деп ұсыныс жасап, ақыры «татар-түрік тілімен» жазылатын болып қабылдануы. Бұл жөнінде Ә.Бөкейханов 1914 жылы «Қазақ» газетінің бірнеше санында жазып [6:156-157], жақтасы Жаһанша Досмұхамедов, қарсыласы Бақытжан Қаратаев болғандығына налып жазды. Келесі бір «мүйіздеудің» сорақысы тағы да осы татарлардан 1916 жылы шықты. Қазақ тіліндегі «рухани мекеме қағаздарының» татар баспаханаларына кіріптарлығын пайдаланып, басына түскісі келіп, олар мұсылмандар съезінің шешімін қазақ тіліндегі баспа өнімдерінен талап етті. Алаштың ардақтыларының бірі, орыстарға қазақ тілін үйретудің негізін салушы Телжан Шонановтың 1923 жылы жазғанындай: «Ол кезде мәдени жағынан жоғары тұрмыз деп есептеген татар интеллегенциясы өзге түркі халықтарын татарландыру, ішінде қазақ та бар, басқа да ұсақ түркі тайпаларын да ешқандай себеп-салдарсыз татар тектес жұртшылықта татар тілін қабылдасын дегеннен басталған еді. Кезек қазақ тіліне де таянған еді» [7:126]. Мұндай пиғылдардың «сыбағасын» А.Байтұрсынұлы өзінің «Шекіспей, бекіспейді» атты мақаласында [6:157-158] берді.

Тарихқа ой көзімен қарасақ, ұлттық мемлекеттің нығаюы, ұлттық мәдениеттің өркендеуі және ұлттық тілдің қалыптасуы (тілді сақтау, тілдің тазалығы, әдеби тіл қалыптастыру), оның ғылыми грамматикасының жазылуы, мәселен XIV-XVII ғасырлардағы Қайта өрлеу дәуірінде, феодализмнің күйреп, діни мәдениеттің әлсіреуімен, рухани мәдениет философиямен, жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысқа көшкен жағдайда іске асады. Тілдің жалпы мәселелері тілдің әлеуметтік-қызметтік (функционалдық) рөлін айқындаудан, яғни тіл мен оның иесі болып табылатын халықтың қарым-қатынасы мен қоғамдық өмірдегі қызметтерін айқындаудан басталады. Осы тұрғыдан алғанда, А.Байтұрсынұлы бас болып бағдарламалы түрде қолға алған қазақ тілінің мәселелерін оның ұлттық әдеби тіл болуын, әдеби тіл болудың басты шарттарының бірі жазбаша түрде дамуын, жазу мәдениеті даму үшін жетілген әліппенің болуы керек екенін; ұлттық әдеби тіл қалыптасып даму үшін қоғам өміріне белсене қызмет етуі қажет екенін, ұлттық мемлекетке қызмет ету үшін көркем әдебиет, ғылыми-педагогикалық еңбектер (мектептен бастап жоғары оқу орындарының оқулығына дейін және ғылыми-көпшілік кітаптардың жазылуы) мемлекеттік құрылымның іс қағаздарының тіліне айналуы керек екенін, демек тілдің қоғамдық-әлеуметтік және тарихи қызметтерін жете түсініп, жетілдіре түсуге бүкіл ғұмырын сарп еткендігіне жоғарыда баян еткен еңбектерінің мазмұнынан-ақ зерделеуге болады. А.Байтұрсынұлы қазақ әдеби тілінің қоғамдық өмірдің барлық салаларында толық қызмет етуін қамтамасыз

ету арқылы бүкіл түркі тілдес халықтардың ұлттық тілінің зерттелуінің тууына, қалыптасуына және дамуына игі әсер етті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Джусупов М. Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: 1995. – 221 с.; Джусупов М., Ибрайымов Қ. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. – Алматы, 2007; Джүсіпов М. Казахская графика: вчера, сегодня, завтра (кириллица или латынница...). – Москва: Российский университет дружбы народов, 2013.
2. Тұрғараева Г.М. Ахмет Байтұрсынұлының Академиялық орталықтағы қызметі (1921-1923 жж.) // Materials of the international conference «The Europe the Turkic word science, engineering and technology». June 15-17, 2016, Side, Turkey, S. 300-308.
3. Дыйканов К. Кыргыз тили жана Акмат Байтурсунов // «Ана тілі» газеті, 1998 жыл, 24 қыркүйек. - №38. – Б. 12 – 13.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-455 б.
5. Дулатов М., Омаров Е. А.Байтұрсынов (библиографический очерк) // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. -3 б. –Б. 295-302.
6. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.
7. Шонанов Т. А.Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында // «Жұлдыз» журналы, 1992, №2. Б.123-128.

## А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТІЛ БІЛІМІ

*Анар Салқынбай*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

Әлемдік тіл ғылымының ғылым ретінде қалыптасып дамуы талай жүз жылдықтарды қамтиды. Оның әрбір кезеңінде тіл білімінің әр алуан мәселелері шешілді, тіл теориясының әр қилы сұрақтары әртүрлі тілдердің деректері бойынша шешімін тапты. Әлемдік тіл білімінің негізгі теориялық қисындарын табу мен танудың тұжырымды жауаптары атақты Әл-Фараби зерттеулерінде философиялық тұрғыдан талданды. Әлемге белгілі ұлы ғалым, екінші ұстазы трактаттарында тіл білімінің басты қағидалары мен тіл философиясына қатысты ғылыми ірі тұжырымдар жасалды. «Ғылымның шығу тегі туралы» еңбегінде барлық жаратылыстану ғылымдарының бастауы Тілден деген кемел ойдың айтылуы бүгінгі ғылыми таным үшін маңызды.

М. Қашқари «Лұғатында» түркі тілдерінің жүйесі салыстырмалы-тарихи бағытта алғаш рет зерделеніп, морфологиялық құрамы мен лексикологиялық дамуы туралы тұңғыш рет ғылыми анықтама берілді.

Рас, еуропалық ғылыми ой XIX ғасырда биікке самғаған тұста далалық ғылым әлі оянбаған қалпында мүлгіп жатты. Әлемдік ғылым тілдерді салыстыра, салғастыра зерттеп, типологиясын анықтап, диахрониялық және синхрониялық жағынан әртүрлі деңгейлерді тереңнен шолып жатқанда да қазақ тілі әлі зерттеу нысанына да айналмағаны, зерттелсе де, өзге тілдердің жетегінде болып, өз заңдылығы терең айқындалмағанын білеміз.

XX ғасыр басында Қазақ Даласында «Алаш» ұранының дауысы ұлы даланы шын мәнісінде жаңғыртты. Бұл дауыс мың жылдық тарихы бар далалық өркениеттің ізін анықтап, танытып, танып, сол арқылы оянуға шақырды. Оянудың басты жолы - білім жолы, ғылым жолы, мәдениет жолы екені ұсынылды. *«Дүниедағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбірішік тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбірішік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады. Мәселен, қытай һәм йапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей, аяғына жалғау қосып өзгеріледі, - деп [1. 7], қазақ тілінің әлем тілдеріндегі орнын анықтаған Ақымет Байтұрсынұлы қазақ тілінің қолданыстағы әдеби тіл*

екенін барынша ғылыми негіздеп, тұңғыш рет қазақ тілін – зерттеу нысаны ретінде ұсынды. Яғни А.Байтұрсынұлы зерттеулері арқылы қазақ тілінің тілдік деректері жалғамалы түрік тілдерінің бірі ретінде ғылыми айналысқа түсті. Бұлай деуіміздің мәні тереңде. Аузыекі сөйлеу тілі барынша дамыған деп танығанымызбен, Ақымет Байтұрсынұлы зерттеулеріне дейін, қазақ тілінің ғылыми жүйесі, грамматикалық құрылымының негізі, қалыптасқан басты заңдылықтары мен қағидалары ашылмағаны, өзіндік ерекшелігі мен белгілері сараланбағаны анық еді. Ақымет еңбектері негізінде әлем қазақ тілінің басты дыбыстық ерекшелігімен, грамматикалық құрылымындағы заңдылықтарымен, морфологиялық құрамымен, лексикалық басты құндылықтарымен, орфографиялық сипатымен танысты десек артық болмас. Қазақ тілінің басты грамматикалық ерекшеліктерін жазу үшін ғылыми стилде таныту үшін ғылыми метатіл керек еді. Ал қазақ тілінде мұндай метатіл жасалмағаны былай тұрсын, нақты ғылыми деректерді танытатын терім сөз де болмағаны рас еді. Қазақтың жалпақ сөзінен пән сөздерін саралап алып, оның ғылыми негізін, уәжін таңдап, талдап, саралап алу да - Ақымет зерттеулеріне тән. Ең бастысы, үш нәрсені ерекше бөліп көрсетеміз:

1) Ақымет зерттеуі арқылы қазақ тілі – тіл ғылымының зерттеу нысанына айналды;

2) Ақымет зерттеулерінің нәтижесінде қазақ тілі білімінің ғылыми метатілі жасалды;

3) ұлттық діл мен дүниетанымға негізделген ұлттық терім сөз (пән сөздер) жүйесі жасалды.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - дейді А. Байтұрсынұлы. Яғни, біріншіден, тіл – адамның адамдық белгісі; екіншіден сол белгінің ішіндегі зоры; үшіншіден, жұмсайтын қаруының бірі. Қарапайым сөзбен өрнектелген бұл ғылыми ақиқатты біз В. фон Гумбольдт идеяларымен байланыстырар едік. Бәрімізге белгілісі, Гумбольдт ілімі тіл ғылымына үзілмейтін энергия әкелді (2. 97). Жалпы тіл білімі мен тіл философиясының негізін қалаушы В. фон Гумбольдттың философиялық, лингвистикалық зерттеулері негізінде түзілген ғылыми көзқарастары мен тіл зерттеу тәсілдерінің жиынтығы – АДАМ идеясы екені белгілі. Гумбольдт теориялық әдіснамалық негізіне тілді зерттеудің антропологиялық ұстанымы алынған. Осыған сәйкес тілді зерттеу адамның ой-санасымен, ойлау қабілетімен, мәдениетімен және рухани өмірімен тығыз байланысты болуы қажет деп есептеуі арқылы еуропалық лингвистика ғылымын алға оздырды. Ал Ақымет Байтұрсынұлы «Тіл-Құралда» «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - дейді. Далалық дүниетанымда тіл туралы ой оздырған тағылымды ойлар



мол. Алайда Ақымет әлемдік ойға ат ізін бұрып, адам баласының басты белгісі – тіл және оның ең зоры екенін алға тартады. Ақыметтік ілімнің антропологиялық ұстанымы терең. Екіншіден, тіл – жұмсайтын қару. Қару болғанда да қарым-қатынас құралы. Ғалым оқулықтарының «Тіл-құрал» аталуының да маңызын осыдан деп түсінеміз. Адам баласының қоғамда өмір сүруінің басты кілті де, сыры да – тілде. Бұл ілім Гердердің тіл табиғаты мен шығу тегінің, тіл мен ойдың, ой мен «халық рухының» байланысы туралы идеяларына, сонымен қатар Шлегелейдің тілдердің типологиялық (морфологиялық) жүйесі теориясына жақын келеді деуге толық негіз бар. Ақымет те *«Осы дүниядағы адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы: жазумен сөйлесу - ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман»*, - деп жазады. Адамды адам ететін күш – тіл. Адам өзінің тілдік қабілетін оята отырып, басқалармен тілдік қарым-қатынас жасау барысында, әр кезде өз күшімен өз тілін жасайды. Тіл – өлі жеміс емес, тудырушы процесс, өзі де туынды. Гумбольдтың пікірінше, тіл – адам рухының қызметі, адам жанының тереңінен шығып, оның бүкіл болмысына тарай-тын халықтық қуат. Тіл – аяқталған іс не зат емес, ол – қызмет. Тілде рухани өмірдің нәтижелері ғана емес, өмірдің өзі көрініс табады. Ал Ақымет үшін «сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу», «жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу» маңызды. «Қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне бірі қиындасып, жалғасатындай дағдысын білу» маңызды. Бұл қазақ ұлтының сөйлеу тілінің шешен де көсем болуына деген кірпияз көзқарасы да. Тілдің шынайы анықтамасы тек генетикалық анықтама болуы мүмкін. Тіл – адамның бүкіл іс-әрекетінің негізі болатын адам рухының ең басты қызметі. Тілді халық дүниетанымының айнасына балаған Ақымет Байтұрсынұлы «халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде хәм халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады», - деп жазады.

Ал тілдің дүниеге келуі, Гумбольдтың пікірінше, ұғым мен дыбыстың тұтастығынан шығатын, дыбысты ойдың тірі көрінісіне айналдыратын жиынтық үдеріске байланысты болады. Синтездің өзі екі логикалық жүйелі байланысы бар кезеңнен тұрады: 1) тұлғаланбаған дыбыс пен ойды бөліп қарастыру, айтылатын дыбыс пен тілдік ұғымды қалыптастыру; 2) осы екеуін тұтас бірлікке айналдыру. Тілдік жасалу және туындау ұғымдарымен тығыз байланысты тағы бір ұғым бар, ол – тілдік тұлға туралы ұғым. Гумбольдтың

ойынша, тілдік тұлға – рухани бірліктегі жеке тіл бөліктерінің жиынтығы. Кез келген тілдің тұлғасы – сол тілде сөйлеуші адамдардың рухани қасиеттерімен байланыста болатын қайталанбайтын жаратылыс. Гумбольдт «ішкі» және «сыртқы» тілдік тұлғаны бөліп қарастырды. «Ішкі тілдік тұлғаның» туындауы түбегейлі қағидаттарға байланысты болғандықтан, тіл құрылымының бүкіл ерекшеліктерін айқындайды, ал сыртқы тұлға – (дыбыс, грамматика) ішкі тұлғаның көрінісі. Гумбольдтық осы ой ұшқыны Ақыметте қазақ тілі деректері арқылы нақтыланып, жаңаша өріледі. Өзі жаңадан жазып отырған «Тіл құралдың» бастапқыда қазақы танымға таң болып көрінетінін, біраз жатырқау да болатынын, «үйткені бұл қазақта бұрын болмаған зат екенін» тап баса тани келе, ең бірінші – сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыруды аса маңызды санайды. Бұл аталған үш мәселе әлемдік тіл теориясындағы аса күрделі де оқшау ғылыми мәселелер. Бұл - тілдің ішкі бірлігі арқылы тұтаса, сабақтаса да салаласа танылатын тұтастық. Бұл - тіл танудағы үлкен ғылыми ойды шоғырландырған, күрделі ілім қалыптастыратын теориялар еді. Ғажабы сол, Ақымет Гумбольдтің «ішкі» және «сыртқы» деген қағидасын да өзіндік жүйемен қолдана білген. Мәні - ортақ, идеясы - бір, қолданысы - ерекше. Қазақ сөзіне жалғанатын қосымшалардың беретін ішкі мағынасына қарай «бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағынасын өзгертпейді, екіншісі сөздің тұлғасын да, мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау деп аталады. Яки, екі ғалымның да айтпағы сыртқы тұлға – дыбыс, грамматикалық мағына, ішкі тұлға – сөздің ішкі мағынасы, сөздің ішкі болмысындағы мән. «Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлегенде, жазғанда сөздерді бір-біріне қиындастырып тізу үшін қажет, ішкергісі бір мағыналы сөзден екінші мағыналы сөз шығарып, сөзден сөз туғызып, көбейтіп, тілді байыту үшін қажет» [1.17].

Тілдің қажеттілігі, Гумбольдттың пікірінше, мынада: 1) «сырт» әлемді ой-санаға қондыру; 2) адамдар бірін-бірі түсіну үшін делдалдық қызмет атқару, олардың ойы мен сезімін жеткізу; 3) адамның ішкі қуатын дамытатын құрал болу, оның ойлау қабілетін, сезім қуатын ынталандырып, дүниетанымын арттыру. Гумбольдт тілді ой тудыратын құрал деп білген. Ойлау қабілеті тілге тәуелді ғана болмай, нақты тілдің ықпалында да болады, дейді ойшыл [2].

Ал ойлау туралы Ақыметтің тұжырымдары терең де мәнді. «Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда я нәрсеге тиісінше ойлайды, я көңілінің түйісінше ойлайды». Яки, табиғаттағы болмысқа қатысты, немесе абстрактылы түрдегі көңілдің түйісінше ойлау. «Нәрсе түрлі ыспатты болады, - деп жалғастырады ойын далалық ғұлама ғалым, - ол ыспаттардың біреулері бойына біткен ыспат

болса, екіншілері адамның қосқан, таңған ыспаттары болады. ...Сол сияқты бір нәрсе туралы сөйлегенде я тиіс жағынан, я түйіс жағынан алып сөйлейміз. Мәселен, кісі жайынан сөйлегенде, я тиіс жағынан алып, түйісін, тұрпатын, мінезін, құлқын, туысын, тұрмысын, ісін айтамыз, я түйіс жағынан алып, сүйетін, сүймейтінімізді сыйлайтын, сыйламайтынымызды айтамыз». Байқап отырғанымыздай, «тиісінше», «түйісінше», «тиіс», «түйіс» тұлғалары тек сөйлеу тіліндегі мағыналық ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге метатілдік айырымды да сақтап, ғылыми тілді әрі мәнерлеп, әрі шегендеп тұр.

Тіл – ұлттық ой-сананың өзіндік құралы. Оның түсінуінше, тіл – әлемнің тікелей айнасы ғана емес, сонымен қатар адамның тіл арқылы әлемді түсінуі. Ақыметтің еңбегін неге «Тіл - құрал» деп атағанын Гумбольдт еңбектерін зерделеу барысында терең түсіне бастағандаймыз. Ия, тіл - адам баласының ішкі қуатын дамытатын құрал. Тіл – ойлау қабілетін дамытатын құрал, тіл – сезім қуатын ынталандыратын құрал, тіл – дүниетанымды арттыратын құрал.

Әртүрлі тілдерде түрлі дүниетанымдар көрініс табады. Оларда бір заттың әртүрлі атауы ғана кездеспей, керісінше, сол заттың түрлі көрінісі таңбаланады. Сөз – заттың ғана таңбасы емес, сол заттың әсерінен адамның ішкі дүниесінде пайда болған сезімдердің де бейнелі таңбасы. Тілдің жасалу нәтижесінде сол заттың түсінігі де пайда болады. Жеке заттарды атау барысында кез келген тіл шын мәніндегі шығармашылық-пен айналысады. Сол тілде сөйлейтін халық үшін әлемнің бейнесін жасап береді. Гумбольдтқа сүйенер болсақ, әрбір тіл өз халқы үшін белгілі шеңберді құрады, адам бұл шеңберден шығып кетсе, басқа бір шеңберге тап болады. Дүниетаным жүйесі ретінде тіл адамның жүріс-тұрысын да реттейді: адамның заттарға деген көзқарасы тілге тәуелді болады. Осы ғылыми ой Ақыметте былайша жалғасып жатады: «Ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі ол қазақша жазып дағдыланбағандық. ... Сондай кемшілік болмас үшін, һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс». Байқап отырғанымыздай, қазақ ғалымы Гумбольдт ойын ары қарай шиырлата дамытып, өз елінің шындығы негізінде ой өрбітіп, тілді оқыту мен адамның дүниетанымының арасындағы жақын байланысты, сабақтастықты тереңнен барлайды.

Гумбольдт бағдарламасының теориялық-әдіснамалық негіздерінің ерекшеліктері мен Ақымет идеяларының бір-бірімен астасып жақын келуінің басты шарты – тілдің адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі екендігімен астасып, жапсарласып жатыр деп түсінеміз.

Қос ғалым зерттеулерінің ішкі тұтастығы мынадай идеяларынан анық аңғарылады:

- адам мен тілді зерттеудегі табиғи және әрекеттік қағидаттардың жиынтығы (бірлігі) – тіл, ол – рухтың организмі және рухтың әрекеті;
- тілге деген жүйелі тұтастық көзқарас;
- тіл сипатындағы құрылыстық-статикалық көзқарастан гөрі, динамикалық процессуальдық генетикалық көзқарастың маңызды болуы;
- тілдің жалпы дамуынан гөрі, сөйлеуге көбірек көңіл бөлуі;
- әлемдегі нақты тілдерді бағалаумен қатар, тілді жалпы адамзаттық мұра ретінде қарастыруы;
- тілдің тек өзін ғана зерттемей, оны адамның басқа да рухани әрекеттерімен, ең бастысы, өнермен байланыстыруы.

Соңғы тұжырым Ақымет еңбектерінде де мол ұшырасады. Ғалым өзге тілден енген сөздердің, әсіресе орыс тілінен енген сөздердің тіліміздің ішкі айтылу табиғатына, айтылу сазына кері әсер ететінін, ана тіліміздегі сөзіміз шұбарланып, әуені бұзылатынын айтып, сондықтан басқа тілдің сөзін өз тіліміздің дыбыстық ерекшелігімен айту керектігін ескерткен. Көп ой тұжырымдап, нақты тілдік деректерді зерделеген ғалым үшін «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп тұжырым жасау оңай болмағаны анық. Сондықтан да Ақымет әліпбиін қайта қарастырып, кейінгі нұсқасында «х, һ, ф» дыбыстарын енгізбеген.

«Сөздің асыл болуы ұнауымен. Сөз көңілге ыспат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігінің әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» - деп жазады Ақымет [1. 643].

Әлемдік тіл білімінің қалыптасқан дәстүрі мен жолы бар десек, сол жолды да, жүйені де жасаушы ғалымдар негізінен жеке бір тілді зерттеуші ғалымдар екені айдан анық. Ұлы Далада ауызекі дамып, жатталып жатқан тілді қаттап, жазуын өз заңдылығына сәйкестендіре реформалап, метатілін жасап, терминдерін негіздеп, әлемдік ойға көшпелі ой қосқан, түркі тілдерінің фоно-сингармологиялық жүйесін тұңғыш негіздеген Ақымет Байтұрсынұлының еңбегін әлемдік тіл біліміне қосқан үлес деп бағалаймыз.

Әлемдік тіл білімінде түркі сингармонизмі көп қызығушылық туғызған тақырып. Ғалым Әлімхан Жүнісбек былай дейді: «... қазақ (түркі) тілінде бар көптеген құбылыстар үнді-еуропа тілдерінде жоқ. Ендеше, ол құбылыстар

туралы үнді-еуропа тіл білімінде дерек те жоқ. Біз болсақ, бар дүние, үнді-еуропа тіл білімімен шектеліп қалғандай тілімізде бар бірегей құбылыстарды аңғармай келдік». Яғни, біз талдағалы отырған терминнің бірінші компоненті «үндестік» болса, оның түбірі үн – әуез, әуен, саз деген мағынада жұмсалады. Ал үндес - әуендес, мазмұндас, сарындас. Бұл жерде автордың айтпақ ойы – қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі бір-бірімен үндес, сарындас. Осы сөздерге терминдік реңк беру мақсатында не болмаса жалпылама атау беру мақсатында ғалым -тік қосымшасы арқылы абстракциялық мағына үстейді. Сонда үндестік – бір-бірімен сай келушілік, үйлесімділік. Ал лингвистикадағы терминдік мағынасы – сөз ішіндегі дауыстылардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып әуендесіп айтылуы. Бұл терминнің екінші компоненті заң сөзі жалпыхалыққа таныс сөз. Бірақ екіншісі бірі бұл сөздің түп-төркінін біле бермейді» [3].

Түркі тілдеріндегі сингармонизм табиғатын тануда зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары мен пікірлері екі бағытта қарастырылады:

– сингармонизмді дауыстылардың үндесуі деп қарастырушы ғалымдар: И.А.Бодуэн де Куртенэ, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, А. Байтұрсынұлы, Е.Д. Поливанов, Т. Шонанов т.с.с.

– сингармонизмді сөз құрамындағы барлық дыбыстардың үндесуі деп түсіндіретін ғалымдар: Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, К.К. Юдахин.

Орал-Алтай тілдерін зерттеуші ғалымдардың көбі сингармонизм теориясын талдауда Н.А. Баскаков тұжырымдамасына сүйенген: «строгая симметрия в притивопоставлении гласных фонем позволяет установить для типичной структуры вокализма тюркских языков наличие одной фонотемы» деп жазған [4]. Мұндағы ғалымның «фонотема» деп отырғаны сөз акцентіндегі просодикалық белгі. Орыс тіліндегі ғылыми зерттеулерде түркі тілдеріндегі сөздердің морфологиялық құрылымының ерекшелігі фонологиямен байланысты болатыны туралы алғаш ғылыми пікір айтқан ғалым О. Бетлинг деп есептеледі [10. 63] Дж. Лайонз сингармонизмді түбір мен аффикстің фонологиялық жағынан біртекті болып келуінен деп жазады [11. 130].

Қ. Кемеңгерұлы сингармонизмді дыбыстардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып үндесуі деп таныған. Бірақ қазақ тіліндегі әріп санын көрсетуде сингармофонемалардың сингармопозициялық түрлерін бір таңбамен берген. Бұл жағынан, ғалым А. Байтұрсынұлының «жеке фонемаға – жеке әріп» принципін ұстанғанын көреміз. Сондықтан Қ.Кемеңгерұлы дауысты дыбысты – 5, дауыссыз дыбысты – 17, оның ішінде жартылай дауысты дыбысты – 4 әріппен белгілейді де, сөздің жіңішкелігін білдіру үшін дәйекше қолданылатынын айтады.

А.М. Сухотин мен К.К. Юдахин «Байтұрсынов емлесі» туралы мынадай

пікір білдіреді: «Дауысты дыбыстардың жұптасуына дауыссыз дыбыстар арқылы беруді арнайы ұяңдану белгісімен толықтырудың ұқсас әдісін біз «қырғыздар» қабылдаған қазақтың «Байтұрсынов» емлесінен байқаймыз. Бұл емленің ерекшелігі сол, қазақ тілінің 9 дауысты дыбысы 5 таңбамен графикалық түрде беріліп, қырғыздың 8 дауысты дыбысына бар-жоғы 4 таңба қажет болған. Дауысты дыбыстардың белгілерінің мұндай азаю мүмкіндігіне арнайы емле тәсілі арқылы қол жеткізілді, бұл q – o әріптерімен буын немесе сөз «қатаң», ал k – g немесе белгімен – «ұяң» деп айтылады. Бұл емледегі кейбір сәйкессіздік жазуда бір ретпен әртүрлі көрсетілген» [5. С.157-162.].

А.Байтұрсынұлы туралы М. Жүсіпұлы «Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы» атты монографиясында А. Байтұрсыновтың сингармофонемалық алфавиті мен сингармофонемалық орфографиясының негізгі принциптері, ұғымдары, нормалық категориялары туралы мынадай тұжырым айтады:

- араб графикасының негізін (тегін) сақтауы;
- сингармофонема – сингармодыбыстар қоры;
- әріп – бір таңбаның төрт түрлі өзгерілген қоры;
- қазақ тілі сөйлесімі процесінің сингармониялық қасиеттерін көрсету үшін, орфографияның сингармофонемалық принципін және арнайы таңба - «дәйекшіні» пайдалануы;
- қазақ тілі орфографиясының негізгі принципі – сингармониялық принцип [6. 216].

Қазіргі таңда қолданылып жүрген қазақ жазуында осы аталған бес ереженің екеуі сақталғандығын айтады: а) сингармофонема –сингармодыбыстар қоры; ә) негізгі орфографиялық принцип – сингармофонемалық принцип дей отырып, сингармониялық жұп әріптерге тоқталады: а-ә, о-е, ы-і, ұ-ү.... М. Жүсіпұлы былай дейді: «Қазақ сана-сезіміндегі қазақ тілі дыбыстарының психологиялық бейнелерін анықтап, сол арқылы қазақ тілі сингармофонемаларының санын және қасиеттерін анықтауда А.Байтұрсыновтың ой-өрісі, талғамы өзгеріске ұшырамады, яғни бір логикалық арнада, бір ғылыми-теориялық және практикалық бағытта болды». Десек те, Ақыметтің ғылыми пікірлері мен тұжырымдары қатып қалған догма болмағанын, оның үнемі ізденісте, сондықтан ғылыми ойларының дамуы, тіл заңдылығына негізделе отырып жетілгенін кейінгі жас ғалымдар зерттеп, нақты дәлелдермен дәлелдеп отырғанын да ескереміз. Бұл тұрғыдан жас ғалым Әділет Ахметовтің ойлы мақалаларын ерекше атап өтер едік.

«А. Байтұрсынұлы қазақ тілінде 2 жарты дауысты бар деп ескерген кезде, қай елдің әліпбиіне сүйенді деген сауалға келер болсақ, жарты дауысты ǰ (у) һәм ҕ (й) Англияда да бар екендігін ескере отырып, оларға өз алдына



басқа хәріфтер алынбайды, себебі дауысты дыбыстардың соңынан келетін  $\text{ж}$  (у) һәм  $\text{й}$  (й) жарты дауысты болады, қағидалары бар деген Бөкейхановтың пікірімен санаса келе, сол қағиданы біздің тілімізге кіргізуге болады дейді. Жарты дауысты  $\text{ж}$  (у) һәм  $\text{й}$  (й) үшін хәріф белгілеп, арнамайтындығын да ескертіп өтеді, - деп жазады Н. Сайбекова зерттеуінде [7].

Орыс тіл білімінде әлемдік тіл білімі туралы ғылыми зерттеулер жазған В.М. Алпатов «Русский язык и мировая лингвистика» атты мақаласында әлемдік тіл білімі деген ұғым орыс тіл ғылымында еуропалық негізде қалыптасқанын атап көрсетеді. Жеке тілдің ерекшелігі мен тарихи даму сипатын зерделеген ежелгі грек, ежелгі латын тілдерін зерттеу, олардың типологиясы мен ұқсастығын, жақындығын, ерекшелігін зерттеудің негіз болғанын тілге тиек етеді [8].

Қазақ тіл білімі мен өзге де кеңестік кезеңде дамыған жеке тіл ғылымдары үшін әлемдік тіл білімі ретінде, негізінен, орыс тіліндегі зерттеулер алынғаны да жасырын емес. Орыс тіліндегі зерттеулер әлемдік ғылым ретінде ғана емес, көп жағдайда үлгі ретінде де орындалды. Алайда жеке тілдік дерек пен заңдылықтарға, ерекшеліктерге негізделетін тіл ғылымынан калька ғылым жасауға болмайтыны белгілі жайт. Бұл ретте де Ақымет Байтұрсынұлының зерттеулерінің орны мен үлесі еңселі бола түседі, ғылыми жағынан артықтығы көзге айқын көрінеді.

Жеке тілдің ішкі табиғи болмысын анықтау арқылы жалпы тілдік заңдылықтар мен тілдік даму ерекшеліктері сараланады. Осы ретте жеке тілді терең зерттеуші ғалымдар да өз тілін зерделеу арқылы әлемдік тіл білімінен өзіндік орын алуы керек деп есептейміз. Ақымет жасаған тіл ғылымы қағидалары берісі түркі, арысы жалпы тіл білімі теорияларын тереңдете, байыта түседі.

XX ғасырдағы Қазақ тілі өз дамуын құрылымдық тіл білімі негізінде бастаған еді. Мұның өзі тілдің ішкі жүйесі мен құрылымын саралаудан шыққан ғылыми бағыт. Тілдің әрбір ішкі қабаты өзіндік құрылымдық жағынан иерархиялық тұрғыдан бір-бірімен сабақтасып, байланысқан бірліктерден құралады. Біз бұл иерархиялық байланыстан түркі тілдерінің ішкі гармониялық заңдылығын байқаймыз. Тілдік құрылымдағы ішкі гармониялық заңдылық ішкі байланысты ғана емес, сонымен бірге тілдік жүйе мен құрылымды да танытады.

Тілдің құрылымдық тұрғыдағы түсінігін Ф.де Соссюр «Язык – система взаимосвязанных и взаимообусловленных элементов» [13] десе, А.А. Реформатский тілдің құрылымы «механикалық тәртіпке бағынатын құрылым емес» деп жазған [9. 519]. Бұл бір қарағанда күрделі болып көрінуі де ықтимал, алайда бұл тілдік құрылымның қарапайым заңдылығы да.

Ақымет «бір сөйлеудің ішінде бірнеше сөйлем болады. Бір сөйлемнің ішінде бірнеше сөз болады. Бір сөздің ішінде бірнеше буын болады. Бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болады» дегенде осы иерархиялық құрылымды қарапайым ғана мысалдар арқылы анықтаған еді [1.19-21].

Қорытындылай келгенде, А. Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін зерттеу барысында әлемдік тіл біліміне мынадай үлес қосты деп санаймыз:

- А. Байтұрсынұлы зерттеулері нәтижесінде қазақ тілі өзіндік ішкі заңдылықтарға негізделген ұлт тілі ретінде алғаш зерттеу нысанына айналды;

- әлемдік грамматология теориясына қазақ тілінің жазу жүйесін реформалауы нәтижесінде ғылыми үлес қосылды;

- әлемдік фонетикаға үндестік заңы туралы жаңа қағида ұсынылды;

- сөз бірлігінің буындық құрамы мен буынның қызметі туралы қисын;

- қазақ сөзінің морфологиялық құрылымын лебіндегі сегменттік бірлік ретінде тұтастықта қарауы; Бұл Гумбольдтың үндіеуропа тілдеріндегі флексияның сөзбен және сөйлеммен байланыстыра екі жақты рөлін анықтауымен сабақтас.

- сөздің тұтастығы, сөз мағынасының тұтастығы туралы теориясы;

- Ақымет зерттеуіндегі және оқу әдіснамасындағы мәтін теориясы;

- тіл мен әуенді егіз ұштастыра зерделеуі;

- қазақ грамматикалық құрылымын бірінші рет кешенді талдап, метатілі мен терім сөзін жасауы және қалыптастыруы.

- тіл тазалығы мен тіл экологиясы туралы ғылыми ой қалыптастыруы;

- сөзді өнер ретінде бағалауы;

- сөйлеу мен ойлау арасындағы байланысты анықтаудағы пайымдауы;

- сөздің ішкі жүйесін когнитивті бағытта саралауы: қара сөз бен дарынды сөз жүйесін анықтауы.

Бұл аталған бөлімдердің қай-қайсысы да әлемдік деңгейдегі тіл білімін зерттеген ғалымдар еңбектерімен салыстырылып зерделеніп, сараланып зерттелуі тиіс. Сонда ғана Ақымет асуы биіктеп, Ақыметтің ғылымдағы жолы ұзай түсері даусыз.

Дамыған өркениеттің көрсеткіші тек технологиялық жетістіктер ғана емес, рухани, мәдени саладағы ерекшеліктер; демек, әлемдік деңгейге ұмтылу үшін, әлемдік сахнада танылу үшін, мәдениеттің барлық элементтеріне тең назар аударылуы тиіс. Ал мәдениет элементтері деп белгілі бір ұлттың рәміздерін, мерекелерін, нормаларын, салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтары мен ұлттық тілін атайтынын ескерсек, басқа факторлардың ішінде ұлттық тілдің де толық зерттеліп, заңдылықтары мен орфоэпиялық, орфографикалық нормаларының жан-жақты қарастырылуына жеткілікті назар аударылу керектігі сөзсіз екенін түсінеміз. Қазақ тіл білімінде дәл осы

іспен айналысқан, қазақ лингвистикасының зерттелуінің қазіргі деңгейіне жеткізуге маңызды үлес қосқан – ұлт ұстазы Ақымет Байтұрсынұлы.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынұлы А. А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы, -Алматы, 2017. 751 б.
2. Гумбольдт В. : Избранные труды по языкознанию. Вильгельм фон Гумбольдт. М.: Прогресс, 2000.- 400 с.
3. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке – Алма-Ата: Наука, 1980.
4. Баскаков Н.А. К истории изучения туркменского языка / Акад. наук Туркм. ССР. Ин-т языка и литературы им. Махтумкули. -Ашхабад: Туркменистан, 1965. - 36 с.
5. Сухотин А.М., Юдахин К.К. О сокращении некоторых букв в ряде тюркских алфавитов//Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. -М., 1970.
6. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. –Алматы: Ғылым, 1998.
7. Сайбекова Н. А. Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізділігі. // «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы. 2017.
8. Алпатов В.М. «Русский язык и мировая лингвистика» <https://www.ejournals.eu/Language-and-Method/2015/2015/art/6662/>
9. Реформатский А.А. Язык, структура, и фонология. Из истории отечественной фонологии. Очерк, М., Наука, 1970. с.
10. Черкасский М.А. Тюркский вокализм и сингармонизм. М., 1965,63
11. Lyons P. Structural Semantics. An Analysis of Part of the Vocabulary of Plato. Oxford: Basil Blackwell, 1972. 237 p.
12. Соссюр Ф. де. Труды по языкознанию. - М.: Прогресс; 1977.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ СӨЗСАПТАМЫ

*Құралай Күдеринаова*

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
Ахметтану бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор*

Қадірлі қауым! Құрметті әріптестер! Біз бір ғасыр бұрын қазақ елінің ғылымы мен білімін ұйымдастырған, ұлттық оқулықтардың негізін қалаған, ел ісін ұйымдастырушы-қайраткер, зерттеуші-ғалым, тұңғыш ағартушы-педагог, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының қол жетпес алыстағы тұлғасы мен табиғатын артында қалдырған мұрасы – оқулықтары мен оқу құралдарындағы, мақалалары мен хаттарындағы – мәселе көтеруінен, ой пікірлеуінен, сөз саптауынан ғана танимыз. Ғалым көтерген мәселе, қозғаған ой 100 жыл бұрынғыдан бұрын қазір өзекті, қазір маңызды болып тұр. Немесе қазір тіптен маңызы артып тұр.

А.Байтұрсынұлы бастаған, А.Байтұрсынұлы назарында мықтап ұстаған қазақ әдеби тілінің нормалары сол дәуірдегі барлық алаш зиялыларының қаламынан көрінеді десек артық айтқан болмаймыз. Бүгінгі қазақ әдеби тілінің ұлттық нормаларының негізін алаш әдебиеті, алаш көсемсөзі, алаш оқулықтары, алаш баспасөзінің тілі салғаны анық.

Бірақ бүгінгі қолданыстағы қазақ тілін қарайық. Бірте-бірте өзінің ұлттық негізінен айырылып, сөйлеушісі өгейсіп, тілі жаттанып, амал жоқ сөйленіп жатқандай.

Тілдің сол қоғамдық ортадағы бірыңғай қарым-қатынас құралы болуы, ана тілі ретінде үнемі сөйленуі, ауызша және жазбаша жиі қолданылуы, сөйлеушілер санының көптігі, сапалы қолданысы, барлық қоғамдық сана түрлерін жарыққа шығару әлеуетінің жоғары болуы қашан да оның өміршеңдігін көрсетеді.

Бүгінде қазақ тілінің қолданыс күйі өзге тілдердің әсеріне шалдыққан, өзінің дәстүрлі сөйлеу нормасынан қол үзіп бара жатқан, «жасанды қазақ тілі», «аударма қазақ тілі» болып отырғаны ешкімге жасырын емес.

Білім, ғылым, БАҚ саласында орыс тілінің грамматикалық жүйесі мен сөйлеу стилі араласқан, сана тұшынып қабылдай алмайтын аударма мәтіндер көбейді. Тіліміздің өз заңдылығы мен өзге тілдің заңдылығы араластырылған түсініксіз мәтіндер, ауызша коммуникацияда жазба тіл жүйесімен сөйлеу – қазақ тілін «қиын тілдер» қатарына қосты.

Қазақтың дәстүрлі сөз саптауы, сөйлеу мәдениеті қандай болды деген сұрауға бүгінде нақты жауап бере алмаймыз. Дәстүрлі сөзіміздің құрылымы

мен жүйесінде нендей ерекшеліктер бар еді? Тілдік, стильдік нормалары несімен құнды болды? Және қазіргі қазақ сөзіне қандай үлгілерді ала аламыз? деген сұрауларға жауап табу күннен-күнге қиындап барады.

Осыған орай, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 2021 жылдан бері «Қазақ тілі дәстүрлі сөзсаптам үлгілерінің прагматикасы» атты гранттық зерттеу тақырыбымен шұғылданып келеді.

Тілдің өміршеңдігі оның әлеуметтік өмірдің барлық саласында (отбасы, балабақша, мектеп, ЖОО, қызмет, БАҚ, демалыс, қоғамдық орындар) қажетті қарым-қатынас құралы болуымен, ауызша тілдің басымдығымен көрінеді. Қолданушылардың жаппай сол тілде күнделікті қарым-қатынаста, ресми ортада сөйлеуі тілдің сол елдегі басты қарым қатынас құралы екенін танытады.

Ал қазіргі қазақ тілі өз отанында, мемлекеттік мәртебеге ие бола отырып келеңсіз жайды басынан кешіріп отыр. Қазақ тілі мемлекеттік, стратегиялық маңызы бар салаларда ойды жарыққа шығаратын, қарым-қатынасты жүзеге асыратын басты құрал емес. Қазақ тілі маңызды мәселелерді шешетін ресми ортада көп естілмейді, мемлекеттік маңызы бар іс-шаралардың, қызметтердің жұмыс тілі – орыс тілі. Қазақ мектебінің түлектері, ЖОО-ның қазақ бөлімін бітірушілер өз болашағында қызмет тілі – қазақ тілі болмайтынын көріп, тілдің ауызша формасына да жазба формасына да көңіл бөлмейді. Жас буынға қазақ сөзінің үлгісін көрсететін тұлғалар болмаған соң, қазақ сөзінің шынайы табиғатын тани алмаған соң ол тілді естігісі келмейді, сөйлегісі келмейді, сөйлей алмайды. Сөйтіп, көптің алдында өз ойын ана тілінде шешен жеткізе алу түгіл, сөйлегісі келмейтін, ұнатпайтын, өз тілінен жеріген ұрпақ пайда болуда.

Қазақ балалары а) өз тілінің орфоэпиялық нормасын білмейді, ә) жазба тілді айна-қатесіз оқып бергенді дұрыс деп ойлайды, б) қазақтың дәстүрлі сөйлеу стилін білмейді, в) өзге тілде (орыс, ағылшын тілінде) ойлап, жасанды тілде, аударма қазақ тілінде сөйлейді, г) шеттілдік контактілер көп ортада оқитындар өзге тілдің грамматикалық жүйесі мен сөйлеу стилін қазақ тілінің грамматикалық жүйесі мен сөйлеу стиліне араластырып сөйлеп, ойын дәл, сүйсініп тыңдай алатындай етіп жеткізе алмайды, д) топ алдындағы шешендіктің тілдік ерекшеліктерін аңғармайды; ж) өз ойын шаршытоп алдында шешендікпен жеткізе алмайды. Осындай халде өсіп келе жатқан жас буынның қазақ тілі болашақта қайда бармақ?

Сондықтан табиғатынан айырылып келе жатқан қазақ тілін оның шаршысөзінің сипаты мен болмысына қайта оралу арқылы сақтау, қазақ тілінің бар беделі мен мәртебесін шаршысөз сапасын көтеру арқылы қайтарып алу мәселесін қойғымыз келеді.

Қазақ халқы басқа өнерден қалық болса да, сөз өнерінен ешкімді алды-

на шығара қоймаған. Сөзді, сөйлеуді өнер деп таныған, жай әңгіменің өзін майын тамызып айтқан, өткір де, шешен сөйлеген, жатық та, еркін сөйлеген, қарапайым сөйлеудің өзін ритмге құрып, ойын ашық және нақты айтқан әуезді де әсем тілі бар қазақ тілі бүгінде танымастай өзгеріп бара жатыр деуге болады. Оған көп жылғы орыс тілінің басымдығы және қазіргі тілдік ахуал да себеп болып отырғаны белгілі.

Сондықтан қазақтілді ортаның өзіне, қазақтілділердің сөзіне көмек қажет. Қарапайым сөйлем құрауы мен сөз тіркестіруіне, ойды түсінікті жеткізу мен жүйелі баяндауына қарауыл қоя отырып, үлгісөздер беру қажет. Ол үшін қазақтың шаршысөз тілін қалпына келтіру, дамыту, жетілдіру – бұл тілдің болашақтағы тағдырын айқындайды деп ойлаймыз. Өйткені шаршысөз басқа сөз түрлеріне қарағанда сөйлеушісіне ең жақыны, бөгделенбеген сөз. Және шаршысөз – адамның өз ойын тыңдаушыға әсер ете алатындай, іс-әрекетке шақыра алатындай сөйлеуге мүмкіндік беретін, қарекет етуге итермелейтін, адамның өз болмысы мен білімін танытатын, сөйленіп тұрған тілге деген махаббат пен сүйіспеншілікті арттыратын сөз саптаудың ерекше түрі.

Бұл мақсатқа жету үшін қазақтың ұлттық сөйлеу мәдениеті, сөз саптауы, шаршысөзі, шешендік сөздеріндегі өзіндік ерекшеліктер зерттелуі қажет. Бұны тану үшін біз шешендік сөздердің тілі мен ауыз әдебиетін, бүгінгі көсемсөздің негізін салған алаш мұраларының тілін, әсіресе Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов және басқа алаш зиялыларының шығармаларының тілін үлгіге алуымыз керек деп ойлаймыз.

Сөйтіп, бүгінде ұмыт болып бара жатқан қазақтың ұлттық сөз саптау мәдениеті мен ерекшелігіне, шаршысөздердің құрылымы мен стиліне Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының жазба мұралары арқылы көз жеткізу, таныту міндетімізге алынып отыр. Өйткені қара сөзі қағазға түспеген, дыбысы таспаға жазылмаған замандардағы қазақ тілінің жүйесі мен құрылымын, сөз сапталысын өзгеріссіз қағазға түскен ауыз әдебиеті үлгілерінің және 20 ғасыр басында табиғи қазақ тілі негізінде жазылған шығармалардың тілі арқылы аламыз.

Осы арада сәл кідіре отырып, баяндама тақырыбындағы сөзсаптам деген ұғымның мәнін аша кетсек. Жоғарыда сөз басын біз қазақ тілі өзінің табиғатынан алыстап бара жатыр дегеннен бастадық. Бұл арадағы айтпағымыз – қазақ тілінің сөз саптау нормасының ұмытылып бара жатқаны еді. Сөз саптау тіркесінің құрамындағы сап сөзі көне түркі тілінде «сөз» мағынасында жұмсалған. Профессор Ә. Құрысжанов: *«Күлтегін ханның басына қойылған таста «Сабымен түкәті есідгіл» деген жазу бар. Мұндағы саб қазіргі сөз лексикасымен бара-бар. Көне түркі тілінде шешен деген сөзді сабчу, савчу, сапчу деп атаған»* дейді [1]. Түркі халқы «айтар ойы бар сөзді» ғана СӨЗ



деген, сондықтан бүгінгі қазақ тіліндегі сөз саптау деген тіркес «айтары бар сөздің жүйесі» мағынасында кеңірек қолданылады.

Сөйтіп, біз *сөзді саптау* > *сөз саптау* > *сөз саптам* > *сөзсаптам* деген ұғымдық термин ұсынамыз.

Бұл терминнің қандай қажеттілігі бар?

Қазақ тілі білімінде қолданыстағы тілді, қолданған сөзді стилистика пәні және тіл немесе сөз мәдениеті пәні зерттейді. Стилистикаға қатысты зерттеулерде мәтіннің көріктеуіш құралдарына, метафора, эпитет, кейіптеу, тұрақты сөз тіркестері, окказионализмдер, плеоназмдарға назар аударылса, сөз мәдениеті пәні қате қолданыстарға назар аударады. Яғни зерттеу пәндері қазақ тілін өте жоғары деңгейде білетін тұлғалардың тілін немесе қазақ тілінде қате сөйлейтіндер мен жазатындардың тілін қарастырады.

Профессор Н.Уәли таптастырғандай, қазақ тілін элитарлық деңгейде тұтынатындар, ортадан жоғары деңгейде тұтынатындар, орта деңгейде тұтынатындар, ортадан төмен және қарапайым деңгейде тұтынатындар тұрғысынан немесе шет тілін үйренудің жалпыеуропалық құзыреті бойынша А1 - күнкөріс деңгейі, А2 - базалық деңгей, В1 - орта деңгей, В2 - ортадан жоғары деңгей, С1 - жоғары деңгей, С2 - еркін меңгеру деңгейі болмаса осы жүйе негізіндегі Казтест ұлттық стандарты бойынша, бастауыш (А1), базалық (А2), орта (В1), ортадан жоғары (В2), жоғары (С1) деңгейлері тұрғысынан алғанда біз элитарлық топ өкілдерінің немесе С2 тілін үлгі етеді екенбіз. Және орта, ортадан төмен деңгейдегі топ өкілдерінің тіліндегі қателіктерді тереді екенбіз. Яғни жоғары деңгейдегі қазақ тілін талап етеміз, нәтижесінде базалық деңгейдегі қазақ тілінің нормаларынан қате жіберіп жатқан кеңістікте жүре береміз.

Мәтіндегі ойдың адресатқа автор идеясындағыдай жетуі үшін көріктеуіш құралдардың көптігі маңызды емес. Ойдың айтылу қисыны, жүйелілігі, сөздің нақтылығы, сөз тіркесінің дәлдігі, тілдік құралдарды қолдану шеберлігі маңызды. Калька тіркестер мен аударма сөйлемдерден, түсініксіз ойдан тұратын бүгінгі қазақ тілінің қолданысына көмектесу үшін тілдің табан тірейтін ұлттық нормасын сөз ету керек болады.

Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлының мына сөзін ұмыт қалдырышпыз: «Сөздің өзін танытатын белгі – тіл яки лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанмен, ол салттар жалпы **сөз тізу салттарынан, шарттарынан** аса алмайды. Сөз шығарушылар әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын шарттарын білу қажет» [2, 155-б.]. Міне, ғалымның осы айтқан **сөз тізу салты, шарттары** де-

ген ұғымдары кез келген тілдің табиғатына тән өзіндік сөз саптау ерекшелігі болып табылады. «... мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде» деген [2, 163-б.].

Сондықтан қазақ тілінде бұрыннан бар «сөз саптау» тіркесін біріктіріп, дәл осы күнгі қолданыстағы қазақ тілінің сапасын анықтау үшін «сөзсаптам» деген басқа тілге дәл аударылмайтын термин-ұғым жасап отырмыз. Бұл сөз «речь» деген ұғымның да баламасы емес, «речепроизводство» сөзінің де аудармасына дәл келе қоймайды. Бұл сөз «логикасы, қисыны, түсінігі, нормасы қазақ ұлтының танымы мен мәдениеті, этикасына, тіл жүйесі мен дағдысына сай шығатын сөз айту» деп ұғынылады. Бұл анықтама шындығында ортадан жоғары немесе орта топ тұтынушылары мен элитарлық топтың аузындағы тілдің сапасына қатысты. Алайда қазақ тілінің сөзсаптамы базалық деңгейден бастап-ақ бұрыс кетіп жатыр. Орыс тілінің жүйесі мен құрылымының әсеріне ұшыраған және жазба тілдің басымдығынан өзгерген тіл көбіне дұрыс түсінілмейтін мәтіндер жасап жатыр. Сондықтан «жүйелі сөз», «сөзсаптам мықты» деген ұғымның мәні төмендеп, мұндай сөзді ұстайтын тұлғалар азайып барады. Немесе жалпы көпшілік дұрыс сөздің парқын айыра алмайтын болды, бағалай алмайтын не қате бағалайтын жағдайға келді. Сол себепті алдымен қазақтың дұрыс, жүйелі сөзінің үлгілерін жаңғырту қажет.

Қазіргі бұл саладағы зерттеулер көбіне тілдік норма, стильдік қолданыстар, стиль түрлері тұрғысынан қарастырады. Бірақ бұл зерттеулердің нәтижесі қазіргі қазақ сөзсаптаманың деңгейін көтеруге септігін тигізе алмай отыр. Оның басты себебі бізде қазақ тілінің «қаңқасы», «сүйегі» болып табылатын грамматикалық құрылым мен жүйенің бұзылуында және сөзді жүйелі баяндаудың дәстүрлі стилінің жоғала бастауында.

Біз жаңа танып, жаңа тауып жатқан мәселелерді А.Байтұрсынұлы қарапайым ғана былай деген: «шығарманың екі жағы бар: 1) *ішкі пікір жағы*, 2) *тысқы тіл жағы*. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: 1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы. Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ал түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан **тіл я лұғат** қисыны болып, мазмұн жағынан **қара сөз жүйесі**, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді» [2, 162-б.]. «Сөз қисыны дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым» деген. Мұндағы «тіл я лұғат қисыны», «сөз қисыны» – қазақтың «қара сөзінің жүйесі», өзі айтқан «жалпы шарттары», «сөз тізу салттары», **біз ұсынып отырған – сөзсаптам**.

Ғалым қазақ тіл білімінің құрылымдық жүйесін зерттей отырып, сонымен бірге тілді қолдануда алдымен ескеретін өзіндік шарттары болатынын, қазіргіше айтқанда, ұлттық нормалары болатынын, осылай, алғаш рет айтқан.

Сонымен бірге, стилистика пәнінің де негізін былай салған: «Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді, сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады. Ол айырым белгілерін жай айтып түсіндіру қиын. Әрқайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғанда ғана сезілетін белгі. Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды» [2, 155 б.].

Бұдан кез келген тіл ұстарманы алдымен сол тілдің өзіне тән сөз тізу шарттары, яғни сөзсаптамын дұрыс меңгеріп алуы тиіс, қабілеті болып, таланты бар болса, содан кейін ғана барып, өзіндік стилін қалыптастыра алады деп түсінеміз.

Байтұрсынұлы өзі айтқан **«сөз тізу салты, шарттары»** өзінің қаламынан шыққан шығармаларында төгіліп тұр.

А.Байтұрсынұлы орыс-қазақ училищесінде (1886-1891 ж. Торғай) 7 жыл, мұғалімдер мектебінде (1891-1895 ж. Орынбор) 5 жыл орыс тілінде оқыды. Сондай-ақ 1896-1908 ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі қазақ мектептерімен қоса, орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарды [3, 249-б.], тырнақалды жазбасын орыс тілінде жазды. Яғни орыс тілінде білім алып, орыс тілі басым мекемелерде қызмет етіп, шығармашылығын орыс тілімен бастады [4]. Екінші шығарған мақаласы да орыс тілінде болды 1896 жылы «Тургайская газета» басылымында «Корреспонденция (от нашего корреспондента) Бистамакская волость, Актюбинского уезда» [5] деген атпен жарияланды.

Алайда ғалым қазақ тілінің ұлттық сөзсаптамын, қазақ әдеби тілінің ұлттық нормасын бастауыш деңгейден бастап үлгі мәтіндер арқылы танытқан. Төменгі сыныптардан бастап бұл мәселенің қолға алынғанын оқулық мәтіндерінен көруге болады.

Ғалым алғаш рет қазақ тілінде сөйлеудің бастауыш және базалық деңгейінің грамматикалық және лексикалық минимумын жасаған деп ойлаймыз. Базалық деңгейдің сөйлем жүйесінің ұлттық шарттарымен құрастырылған сөйлемдерді ғалым алғаш өз оқу құралында береді. Мысалы, 1926 жылы қайталап жарық көрген «Әліб-бій. Жаңа құрал» оқулығындағы мына мәтінді алайық: *«Жұмаш – жарлы баласы. Жасынан жалданып тамақ асырайды. Жұмашқа Қожабай қой бақтырады. Қожабай қатты адам. Жаз болса, Жұмаш жалақ-жалақ болып, қойды жайау бағады. Қыс қой да бағады,*

от та жағады. Жаз қорада қой жанында жатады. Қыс жас бұзау, жас қозы жанына жатады. Жұмаш жайын ойлайтын жаны ашыр жақыны жоқ. Қожабайдан құтылар ылажсы жоқ. Табар ма ылаж? Жұмаш ақылға мұқтаж [6, 61-б.] Мәтіндегі сөйлемдер баланың түсінігіне лайықталып, артық не қате түсінік тудыратын сөздерсіз қысқа және нұсқа беріледі. Мәтін А.Байтұрсынұлының өзі айтқан «Шығарма тілі екі түрлі болатындығы жоғарыда айтылған еді. Оның бірі – ақын тілі деп, екіншісі – әншейін тіл деп аталады деп едік. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, анықтығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекті, әуезді болу жағын талғайды» [2,165-б.] деген сөзсаптам өлшемдеріне жауап береді. «Айтылған лебіз ашық, мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады» [2, 166-б.] дейді.

Егер мысалы, осы мәтіндегі 58 сөздің ойды құрауға тікелей қатысы бар дегендерін көк түспен, жанама қатысы бар дегендерін жасылмен, ал мүлде қатысы жоқ дегендерін қызылмен белгілесек, мәтін бірыңғай көгілдір түспен боялып шығады:

*«Жұмаш – жарлы баласы. Жасынан жалданып тамақ асырайды. Жұмашқа Қожабай қой бақтырады. Қожабай қатты адам. Жаз болса, Жұмаш жалақ-жалақ болып, қойды жайау бағады. Қыс қой да бағады, от та жағады. Жаз қорада қой жанында жатады. Қыс жас бұзау, жас қозы жанына жатады. Жұмаш жайын ойлайтын жаны ашыр жақыны жоқ. Қожабайдан құтылар ылажсы жоқ. Табар ма ылаж? Жұмаш ақылға мұқтаж.*

Тек жаны ашыр сөзі жанама қатысы бар ретінде жасылмен боялады. Бұл сөзді алып тастаса да, сөйлем мүшесі түгел, ой дәл сол экспрессиясымен тұр: *Жұмаш жайын ойлайтын жақыны жоқ.* Ал қалған сөйлемдерден бір сөз алып тасталына алмайды, сөйлем мүшесі кеміп, ой түсініксіз болып қалады. Немесе басқа сөзбен беріле алмайды. Мәтінде қызыл түс жоқ.

Немесе осы оқу құралдағы мына үзінділерді қарайық: *«Біз ірілі-уақтылы жеті жанбыз: бапам, апам, екі ағам, бір інім, екі қарындасым бар»* [7, 61-б.]. Қазір осы сөйлемді былай құрар едік: *Біздің отбасымызда 7 адам бар. Олар: менің әкем және шешем, екі ағам және бір інім мен екі қарындасым.* Асты сызылғандар басы артық грамматикалық морфемалар мен бірліктер.

Сол сияқты мына мәтінді қарайық: *«Етігім тозып, кийіуден қалды. Бапам тігуге Еріш етікшіні алдырды. Қобдиын қолтығына қысып, шай ішіп жатқанда, Еріш келді. Апам кебежеден былғарыны алып, етікшінің алды-*

на тастады. Етікіші былғарыдан керегін кесіп-кесіп алды. Етігім кешкеге дайар болды [7,67-б.]. Мұнда ғалым баланың сөздік қорын және сөйлем құрау дағдысын қалыптастыру үшін болып жатқан көріністі сөзбен сипаттаудың үлгісін көрсетеді. 4 жай сөйлем, 2 жайылма немесе құрмалас сөйлеммен барлық қимыл қосымша сұрақ қойдырмай дәл көрсетіледі.

А. Байтұрсынұлы өзі көрсеткен сөздің **дұрыстығы, анықтығы, тазалығы және дәлдігінің** арқасында бұл сөйлемдер шоғырын оқығанда көзге оқиға көрінісі елестейді, мәселе түсінікті болады. Анықталмай қалған, толықтырылмай сұралатын, бір-біріне көлеңке түсіретін қолданыс жоқ. **Ендеше ғалым сол тілде сөйлейтін ұстарманның сондай-ақ тілді үйренушінің алғашқы (бастауыш) сөйлеу дағдысы алдымен ойын дәл, анық жеткізе білуді үйренуден басталатынын көрсеткен.** Сөйлемдегі әр сөз өз қуатын жоғалтпауы керектігін баса айтқан. Ол үшін назарды сейілдіретін басы артық сөздер болмау керектігін ескерткен.

Ал одан кейінгі, яғни орта және ортадан жоғары және жоғары деңгейде сөйлеушілердің, былайша айтқанда, жалпы көпшіліктің сөз үлгісін - қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамын ғалымның алғашқы мақалаларынан көреміз.

А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі алғашқы мақаласы 1911 жылы «Айқап» журналының 1911 жылғы санында [8] жарияланған. Тақырыбы да, идеясы да, өзектілігі де ешқашан жойылмаған жер мәселесі мен ел болу мәселесін көтерген екінші мақаласы, біздіңше, қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамын танытатын мақала.

Мәтінде алдымен, ғалым оқулықтарында көрсетілген сөздің **дұрыстығы, анықтығы, тазалығы және дәлдігі** ұтымды сақтала отырып, оның үстіне «сөздің әсерін күшейтіп сөйлеу, әсерлеу» қосылады. Ғалымның өзі «Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді» деген екен [9, 52-б.].

А.Байтұрсынұлы әсерлеудің қазақ сөзі үшін маңызды бір түрі деп қайталақтауды атаған болатын. Ғалым қайталақтаудың жарқын үлгісін өз мақаласында былай көрсеткен. Ол үшін мәтінді толық келтіреміз:

### **Қазақтың өкпесі**

*Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне **соңғы кезде** ғана қайғы кіре **бастады**. Басқа келген нәубеттің қайдан келгенін, кімнен басталғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпеледі. Пайдаланып отырған жерін мұжыққа алып берді **деп** күкіметке өкпеледі. Қазақ жерін қазыналық етуге неге көнген **деп** өткендерге өкпеледі.*

*Төменде қазақ өкпелеуінің жөні бар ма, жоқ па – соны жазбақпын. Біздің заманымыз – **өткен заманның баласы, келер заманның атасы**. Атадан қалған мұрасымыздың жайы мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мұрас*



қалдырмаңыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес. Көп жұртта да ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас, тең заманда қазақ та қалт-құлт етіп, өз алдына қан болып жүрді. **Қандары да, қалқы да ғылым, өнерді** керек қылмаған. Бірімен-бірі жауласып, **басқа берекелі жұмыс ойланбаған**. Өзге жұрттар **ілгері** басқанда, қазақ **кері** басқан. **Ханы надан, халқы надан** жұрт мықты мемлекеттің жанында өз алдына хан болып тұруға көп күш керек екен; ол күш **алтыбақан ала ауыз қазақта** болмаған. Хан басын қарашыға теңгеру жеңіл болмаса да, өз алдына жұрт болып тұра алмай тұғын болған соң, хандарымыз қалқымен Ресейге қосылған.

Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну – **білмегендік**. Әуелі, қазыналық етемін дегенде көнбеске шара жоқ. Екінші, жер өзінде болса, қазаққа **пайдалы** емес, **бәле** болар еді. Жер өзінде болған естек жұртын көрмей жүрміз бе? Жері көп, малы көп естек көрінбейді ғой. Шаруа жерімен бай, жерден айрылған соң жұмыс біткені. Естекті жерінен жұрдай ғып, түбіне жеткен – надандық пенен жалқаулық. Шай, шекер, шүберектей болмашы нәрсеге сатып, естектер жерін тауысты. Жерден айрылып, шаһар-шаһарға тозып тентіреп кетті, кетпегені кедейліктен жүре алмайды. Тұрған шаһарының көшесін сыпыратын, қорасын тазалайтын, отынын жаратын, боқтығын таситын, оғайри қара жұмысын қылатынның бәрі болмас, көбі естек (башқұрт).

Қазақтың естектен надандығы да, жалқаулығы да кем емес. Жер өзінікі болса, қазақ естектің істегенін істемейді деп кім айтар? Айтатын адам болса, **тыңдауға бармын, істемейді деп айтуға жоқпын**.

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан. **Бүгін** тойғанына мәз болып, **ертеңгісін** ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып **тойып**, ертең **тентіреп** кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан **тартынбағандар** сатудан да **тартынбайды**. Жер қазыналық болған соң сата алмады, жалдаудан тартынып қалған қазақ аз шығар. Қазақ облыстарындағы мұжық қалаларының көбіне **какім қондырған жоқ**, қазақ өзі **қондырған**. Естектер сықылды шай, қант, шүберекке қызығып жер жалдап, мұжықты ішіңе кіргізген өзің емес пе? **Өзің қондырсаң, дұрыс та, какім қондырса, бұрыс па?** Өткендердің көзіне қылау түскеніне өкінбей, өз көзіңе түскен қылауды аршып қара. Асқа өкпелеген балалардай құр бұртиғаннан еш нәрсе өнбейді. Ис оңға басарлық қылығың жоқ. Ғамалыңды **түзет, түземесең, ешкімге кінә қойма!** Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? **Талап жоқ, үміт мол** бір халықпыз. Үмітіміздің көбі қошқар... қасқырдың үміті сықылды: өзім жатсам екен, керегім өзі кеп тиер болса екен дейміз. Оны Алла да, адам да қабыл көрер ме? Еңбексіз егін шықпайды, **терлесен, терің тегің** қалмайды. **Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын** жұғымды. «Қараған қарап қалар» деген қазақта жақсы мақал бар, бірақ ол мақалды ескеретұғын қазақ жоқ. Қарап жатқанда табылатын болса, ғылым, өнер бар шасы қазақта болар еді. Олардың бірі де көрінбейді.

Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтаң кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған



соң, бізде қиып айрылмай-ақ келеміз. Ол жалы жерде үлестен қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты. Сонда да соны ғылым, өнерден артық көреміз.

«Аллаңнан ойбайым тыныш» дейтін қазақ **ғылымыңнан надандығын тыныш** көрді. Не шара бар? Дүниада **ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін** ғылым менен өнерді, елсізді **елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін** ғылым менен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін? **Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ.**

Мұндағы қарамен жазылған бірліктер 3 түрлі: біріншісі, контексте семантикалық жағынан оппозиит болған сөздердің қатарласа берілуі, мысалы, қамсыз – қайғы, жату-бастау, хан-халық, пайда-бәле, тыңдауға бар -айтуға жоқ, бүгін-ертең, мәз болу – ұмыту, ғылым-надандық, Алла -адам, ілгері-кері деген сияқтылар.

Бұлар өзара шендесе отырып, салыстырыла отырып, ойдың қисынын келтіреді. Бұлардың оппозиция құрып қайталауы, мәтіннің дыбысталуына да көркемдік берген. Ал эп деп басталған бірінші сөйлем тіптен көркем: *Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне соңғы кезде ғана қайғы кіре бастады.*

Екіншісі, грамматикалық тұлғалардың қайталануы, мысалы, «Басқа келген нәубеттің қайдан келгенін, кімнен басталғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпеледі. Пайдаланып отырған жерін мұжыққа алып берді деп күкіметке өкпеледі. Қазақ жерін қазыналық етуге неге көнген деп өткендерге өкпеледі» дегенде табыс жалғауының, көсемше формасының және ауыспалы шақ тұлғасының қайталауы сөйлемнің аяғын тең бастырған. Мұндай мысалдар мәтіннің бойында жетерлік.

Үшіншісі, дыбыстың не үндесімнің қайталануы, мысалы, *терлесен, терің тегін қалмайды; телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды; қараған қарап қалар, ерге теңдік, кемге кеңдік; елсізді елдіге теңгеретін, қатерлі жерде қаперсіз отырдық; өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ.*

А.Байтұрсынұлы «...қайта-қайта айту – нәрсенің өзіне не ғамалына көбірек назар салғызу үшін істеледі» десе де, біздіңше, қайталау мәтінді, сөзді ырғақпен шығарады. Ырғақпен айтылған мәтін нормаға сай шығарылған дыбыс толқындарымен құлаққа оңай сіңеді, қабылдауға жеңіл болады. Сонымен, осы айтылғандарды қысқаша қорытсақ, А.Байтұрсынұлы – 1) кез келген сөйленген сөз, не жазылған мәтін, яғни сыртқа шыққан ой тілдік жағынан дұрыс құрылуы тиіс, әр сөз тура өзінің атайтын заты мен ұғым-түсінігін атауы қажет, бөгде тілдің бірліктері қолданылмауы тиіс, паразит сөздер болмауы тиіс, ой дәл, анық болуы тиіс деген өлшемдерді қазақ тіл білімінде, қазақ сөз стилистикасына алғаш айтқан ғалым;

2) осы өлшемшарттарға сай құрылған сөз кез келген тілдің ұлттық әдеби тілінің нормасын құрай алады дегенді алғаш тұжырымдаған ғалым;

3) осы өлшемшарттармен сөйлеп, жазып дағдыланғаннан кейін ғана әр сөз

ұстаушы өзінің ерекше сөйлеу, ерекше жазу дағдысын шығара алады дегенді, яғни стиль мен сөзсаптам екі деңгейдегі тұғыр екенін айтқан ғалым;

4) қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптаманың өзіндік ерекшеліктерін атаған және шығармаларын қазақ тілінің сөзсаптамасы бойынша жазған ғалым;

5) бастауыш деңгейдегі тіл ұстарманының, тіл үйренушінің сөйлем, сөз, мәтін құрау үлгісін алғаш көрсеткен ғалым.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құрысжанов Ә. Күлтегін жазуы // Қазақ тілі мен әдебиеті.-2006. -№2. – 65 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т. I: – 384 б.
3. Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі. Алматы: «Өнер», 2017. 288+326б.
4. Байтұрсынов А. Киргизские приметы и пословицы // Тургайская газета. №39, 24 сентября 1895
5. Байтұрсынов А. Корреспонденция (от нашего корреспондента) Бистамская волость, Актюбинского уезда // Тургайская газета. 1896
6. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т. IV: – 384 б.
7. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т. IV: – 384 б.
8. Байтұрсынұлы А. Кітаптар жайынан // Айқап, №1, 12-13, 1911.
9. Иманалиева Ғ. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі тіл көрнекілігі және әсерлеу терминдері // А.Байтұрсынұлы тағылымы: тіл, терминология, әдістеме. Астана, 2010. – 216 б.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

*Орынай Жұбай*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор м.а.,  
филология ғылымының докторы*

Қазіргі қазақ тіл білімінің зерттеу парадигмасында антропоцентристік ұстанымға негізделген, тілдің когнитивтік, прагматикалық қызметін аша түсетін, дүниетанымдық әлеуетін ғылыми тұрғыдан пайымдауға арналған зерттеулер көбейіп келеді. Ғылыми зерттеулер сипаттама лингвистикадан функционалды бағыттағы зерттеулерге ойысып, тіл динамикалы, үнемі өзгеріп, дамып отыратын құбылыс ретінде қарастырыла бастады. Қазіргі қазақ тіл білімінің теориялық зерттеу парадигмасының антропоцентристік ұстанымы тілдің диалектикалық бірліктегі ең маңызды екі қызметінің, атап айтқанда, танымдық (когнитивтік) және коммуникативтік қызметін терең ашып, тіл білімін заман талаптарына сай жаңа сапалы деңгейге көтеруге негізделіп отыр. Бұл орайда инновациялық парадигмалар көбінесе шетел тәжірибесімен, шетелдің озық үлгісімен байланыстырылады. Сол себепті когнитивті лингвистика, функционалды лингвистика, коммуникативті грамматика т.с.с. жаңа бағыттарды сипаттауда жалпы тіл біліміндегі зерттеуші-ғалымдардың еңбектері негізге алынады.

Дұрысында, қазіргі қазақ тіл біліміндегі инновациялық парадигмалар, жаңа бағыттар А.Байтұрсынұлы еңбектерінде жан-жақты сипатталған. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне (1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге тірелетінін айта келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді (*Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түйю, талғау*) де: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау», – деп қорытады [1, 343-б.]. Яғни, ғалым тілді (сөз өнерін) сана, тілдік сана, таным тұрғысынан сипаттайды. Сонымен қатар ғалым көрнек өнерінің бес түрін (*сәулет өнері, сымбат өнері, сүгіреттеп көрсету өнері, әуез өнері, сөз өнері*) көрсетіп: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны

қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – дейді [1, 341-б.]. Осы бір шағын мәтінде ғалым концептуалды мазмұн мен тілдің өзара байланысын, концептуалды мазмұнды тілдің көмегінсіз сипаттау мүмкін еместігін, санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алатынын ескертеді. Ғалымның бұл тұжырымы Ибраһим Құнанбайұлының ұстанымымен сәйкеседі.

*Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас.  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар бәһра ала алмас, –*

деген өлең жолдарынан екі ғалымның концептуалдық ұстанымдары ұқсас екенін байқаймыз.

Сондай-ақ *сезімдік таным* мен логикалық танымды сипаттауда да Ибраһим Құнанбайұлының ұстанымдарымен сабақтастық байқалады. Сезімдік таным адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, *логикалық таным* ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталады. Ғалам бейнесі адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, иіскеу, тері, дәм) қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Осыған байланысты Ибраһим Құнанбайұлы: «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибилі қуаты-дүр», – дейді [2]. Ғұлама сезімдік танымды «жанның жибилі қуаты»; логикалық танымды «жанның кәсиби қуаты» деп атаған. А.Байтұрсынұлы деректі, дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезімдік таным мен логикалық танымды негіз етіп алған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі хәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [1, 160-б.]. Яғни Ибраһим Құнанбайұлы мен А.Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның

сезім мүшелері (сенсорлық қабылдауы) толық қамтылған. Ал қазіргі кезде материалистік көзқарастан әлі арыла қоймағанымызға байланысты ғылыми грамматикаларда да, мектеп оқулықтарында да деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратуда көзбен көріп, қолмен ұстау ғана негізге алынып жүр.

«Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша: әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік, артық... Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған», – деп жазған еді [1]. Әр сөзін зерделей білген ғалым кейін Абайдың сөздерін қазақ тіл білімінің терминдерін түзіп, қалыптастыруда молынан пайдаланғаны байқалады.

«Жастықтың оты жалындап» атты өлеңінде:

*Жастықтың оты жалындап,*

*Жас жүректе жанған шақ.*

*Талаптың аты арындап,*

*Әр қиынға салған шақ.*

*Уайым аз, үміт көп,*

*Ет ауырмас бейнетке.*

*«Бүгін-ертең жетем», – деп,*

*Көңілге алған дәулетке...*

*Жалыны қайтар дененің,*

*Үнемі тұрмас осы шақ.*

*Талайғы кәрі дүниенің*

*Бір кетігін ұстап бақ...*

Ибраһим Құнанбайұлы қазіргі қазақ тіл білімінде термин ретінде қалыптасқан *шақ*, *осы*, *осы шақ* сөздері мен тіркестерді қолданып, шақты үшке (*алдын*, *артын*, *осы күн*) жіктеген. Өлеңінде ақын *шақ* сөзін бірнеше рет қолданған (*Әр қиынға салған шақ*. *Үнемі тұрмас осы шақ*). Сөздердің мән-мағынасында кейін Ахмет Байтұрсынұлы термин ретінде енгізген, қазіргі кезде қолданылып жүрген мағынасында ешқандай айырмашылық жоқ.

А.Байтұрсынұлы терминдердің уәжділік сипатына ерекше мән берген.

Мәселен, көмекші етістіктердің үш түрін көрсетіп, оларды өз ішінен: а) құр көмекші; ә) күй көмекші; б) ій көмекші деп жіктейді [1, 92-б.]. Ғалым *e-(емек)* етістігін үнемі көмекшілік қызметте жұмсалудың нәтижесінде етістік мәнінен айырылып, жұрнаққа (жалғаулыққа) айналып бара жатуына, әбден ій болып кетуіне байланысты «ій көмекші» деп бөлек жіктейді. Сондай-ақ амалдың қалып-күйін білдіруіне байланысты *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерін бөлек топтастырып (күй көмекші), *бар, ал, бер, кел, кет, көр, өт, таста, қал, қой* сияқты көмекші етістіктерді бір бөлек береді. Мұнда көмекші етістік тобының әрқайсысын дөп басып анықтауымен қатар оларға атау бергенде де уәжділік ұстанымдарды негізге алған.

Бұл салт, сабақты атауларын қолдануында да байқалады. *Сабақты* сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «Инеге өткізілген жіп, жіп тағылған жіп» [3, 511-б.] түрінде берілген. Яғни, сабақты жіп болуы үшін ол иненің көзінен өткізілуі тиіс. Бос жатқан, инеге өткізілмеген жіп «сабақты ине» деп аталмайды. Ал сабақты етіс болуы үшін ол табыс септік тұлғалы сөзді (нысанды, объектіні) керек етіп тұруы керек. *Салт* сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «Жеке, жалғыз, бір өзі» [3, 640-б.] түрінде сипатталған. Сол сияқты салт етіс те табыс септік тұлғасындағы тура толықтауышты керек етпейді. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымның атауларды пайдалануда қазақ тілінде бұрыннан бар сөздердің мағынасын кеңейте отырып, оған жаңа мән үстегені әрі бұл орайда ұлттық дүниетанымды негізге алғаны байқалады.

Бүгінгі таңда қолданылып жүрген шеттілдік атаулардың орнына А.Байтұрсынұлы түсінікті де ыңғайлы қазақы атауларды пайдаланған. Ғалым *субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену* терминдерінің орнына *затсымақтану, сынсымақтану, үстеусімектену* сияқты атауларды қолданады. Қазіргі кезде бірқатар еңбектерде *субстантивтену* сөзінің орнына *заттану* деген атау беріліп жүр. Алайда субстантивтенген сөз біржола зат есімге айналып кетпейді, осы сөйлемде ғана зат есімнің қызметін атқарады да сөйлемнен (контекстен) тыс қолданыста бұрынғы қызметіне көшеді. Яғни, осы сөйлемде (контексте) ғана зат есім сияқты көрінеді. Қазақ тілінде мұндай мағына беру үшін **-сымақ** қосымшасы қолданылады (*ақынсымақ, бастықсымақ* т.с.с.). А.Байтұрсынұлы **-сымақ** қосымшасын пайдалана отырып, сол үлгі негізінде *үстеусімеқ* атауын да жасаған. Әрине, қазақ тілінде **-сімеқ** қосымшасы жоқ (бұл – кірме қосымша). Алайда ғалым сингармонизм заңдылықтарын негізге ала отырып, *үстеу* сөзіне қосымшаның жіңішке нұсқасын жалғаған. Ғалымның бұл атаулары қазіргі кезде ғылыми айналымға енгізілуі тиіс деп білеміз.

Когнитивті бағыттағы зерттеулерде «языковая картина мира» «дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген



аудармалар беріліп келеді. Бұл орайда ғалым «языковая картина мира» деген атауды «ғаламды сөзбен көрсету» деп қолданғанын байқаймыз: «Ақын-жазушылар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды» [1, 658-б.].

«Дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген баламалар – қазақ тілінің сөзжасам, сөзқолданыс табиғатына қайшы, калька жолымен жасалған. «Тілдік тұлға» атауына қатысты да соны айтуға болады. Ал А.Байтұрсынұлы ұсынған «ғаламды сөзбен көрсету» деген атау қазақы дүниетанымға тән, дәл атау екеніне талас жоқ. Сол себепті бұл атауды ғылыми айналымға енгізу қажет.

А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категориялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады [1, 289-б.]. Ғалым еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды», – дейді [1, 160-б.]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерін шәкірт балаларға арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика дыбыс жүйесі мен түрлері – морфология сөз жүйесімен түрлері – синтаксис сөйлем жүйесі мен түрлері деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруін ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Е.Омаров, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанов, т.с.с.) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда меже етеді.

А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның «морфологиялық концепті» деген атауды қолданбаса да, оның табиғатын, өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз. Грамматика мен лексиканың өзара қатысын сипаттай келіп, ғалым тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, олардың грамматикада көрініс тапқан ұғымдар (және концептілер) құралатынын түсінген.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде коммуникативті синтаксис мәселелері де жан-жақты сөз болған. Ғалым адресант, адресат факторын ескере отырып, сөйлемнің актуалды мүшеленуі, тема, рема туралы тұжырымын өте түсінікті, жеңіл тілмен жеткізген. Бұл орайда да Ахмет Байтұрсынұлы атаудың уәжді болуына, ұғынықты болуына ерекше мән берген. Сол себепті теманы *бас мүше, тақырыпшы мүше, бас пікір*; реманы *баяншы мүше* деп атаған. Шәкірт балаларға арналған «Тіл – құрал» атты еңбегінде бас мүше деп атаған: «*Бас мүше* дейміз сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін. Ол қазық сөз болатын қандай сөз? – сөйлегенде бір нәрсенің жайынан, ғамалына, болмысынан сөйлейміз. Сөйлем ішінде сол нәрсенің атын көрсететін сөз *бас мүше* болады. Ол нәрсенің жәйін, ғамалын, болмысын айтатын, баяндайтын сөз *баяншы мүше* болады» [1].

Ғалым бас мүше (тема) мен баяншы мүшенің (рема) ішкі және тысқы белгілерін көрсетеді. Яғни бас мүшенің ішкі белгісі – сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөз болуы, нәрсенің атын көрсететін сөз болуы; баяншы мүшенің ішкі белгісі – бас мүшенің жәйін, ғамалын, болмысын айтатын, баяндауы. Бас мүшенің тысқы белгілері ретінде *кім? не?* деген сұрауларға жауап беруін, баяншы мүшенің тысқы белгілері ретінде *не етпек? не қылмақ? қай етпек? не болмақ? нешік? немене? қалай? кімдікі? ненікі? қайсы?* деген сұрауларға жауап беруін көрсетеді. «Тіл– құрал» оқушы балаларға арналғандықтан, А.Байтұрсынұлы жеңілдік үшін «бас мүшені» шартты түрде «бастауыш» деп атайды.

Ғалым бас мүше (тема) қызметін атқаратын сөз таптарын, тілдік бірліктерді (атау тұлғасында тұрған зат есімдер, атау тұлғасындағы сын есім, атау тұлғасындағы сан есім, атау тұлғасындағы есімдік, есімше, тұйық етістік (тұйық рай), үстеу һәм үстеу орнында жүретін сөздер, демеу һәм демеу орнында жүретін сөздер, жалғаулық һәм жалғаулық орнына жүретін сөздер, одағай, бүтін сөйлем) атай келе бас мүше (бастауыш, тема) қызметінде зат есім немесе зат есімнің орнында немесе зат есімнің көмегімен бастауыш қызметінде жұмсалатын бірліктер жұмсалатынын ескертеді. Сондықтан олардың сұрағы өзгермейді: *кім? не?* Ал баяншы мүшенің сұрағы әртүрлі: «*не етпек?*» «*не қылмақ?*» «*қайтпек?*» «*не болмақ?*» «*нешік?*» «*немене?*» «*қалай?*» «*кімдікі?*» *я «ненікі?» «қайсы?»*.

**Баяншы мүше (рема) болатын сөз таптары, тілдік бірліктер ретінде ғалым етістік, сын есім, зат есім, сан есім, есімдік, етістікпен тіркескен одағай не басқа сөздер, бүтін сөйлемді көрсетеді.**

«Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде теманы «тақырыпшы мүше», «бас пікір» деп, реманы «баяншы мүше» деп атайды: «Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да екіншісінде пікір баяны болады, сондықтан бастапқы *тақырыпшы мүше* делініп, екіншісі *баяншы мүше* делініп айтылады».

Ғалым оралымда тема (бас мүше, бас пікір, тақырыпшы мүше) біреу, рема (баяншы мүше) бірнешеу болатынын айтады: «Өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен, яғни ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанмен бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға да болады, ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады». Мысалға Алтыбас Ақмолданың:

*Қисапсыз бай болсаң да Қарынбайдай,  
Сақи боп мал шашсаң да Атымтайдай,  
Патсадай Әмір Темір дін түзетін,  
Болсаң да әйдік батыр Арыстандай,  
Болсаң да Жиреншедей тілге шешен,  
Ақырда жатар орның – тар лақыт жсай*

деген өлең жолдарын келтіре отырып, мұны шағындап «Бай да, сақи да, патса да, батыр да, шешен де – бәрі де ақырында бір өлмек» түрінде аз сөйлеммен де жеткізуге болатынын ескертеді.

Ғалым оралымдарды баяншы мүшенің қызметіне, мән-мағынасына қарай *себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты оралым, жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым, айырықты оралым*, т.с.с. түрінде жіктейді. Ауыз әдебиет үлгілерінен нақты мысалдар келтіре отырып, баяншы мүшенің ақпарат жеткізудегі қызметін талдайды. Ғалым баяншы мүшенің мағынасы да, қызметі де сан алуан болуына байланысты сөйлем мазмұны да өзгеріп отыратынын айтады. Оралымдарды жіктеуде А.Байтұрсынұлы осы аталған түрлерімен ғана шектелмей, оралымның әрдайым бір түсті болып келе бермейтінін, әр түстісі араласып та айтылатынын ескертеді [2].

Ғалымның бұл бағыттағы ұстанымы Мағжан Жұмабаевтың еңбектерінде сабақтастық тапқан. Мағжан Жұмабаев теманы *ұғым, ие* деп, реманы *хүкім, күкімнің іші, айтылыс* деп атап, адамның ойлау қабылетін, дедукция, индукция, аналогияны сипаттағанда тема мен реманы негіз етеді: «Ұғымдарды жеке-жеке ойлаған сықылды, біз оларды бір-біріне байлап та ойлаймыз. Яғни біз екі ұғымды қатар алып, сол екеуінің арасында не байлам барын, не байлам

жоғын табамыз. Мысалы, бізде «жылқы», «шабу», «ұшу» деген үш ұғым бар. Біз осы ұғымды бір-біріне байлап байқаймыз да «жылқы» ұғымына «шабу» ұғымын байлау мүмкін екенін тауып, «жылқы шабады» дейміз. Сол «жылқы» ұғымына «ұшу» ұғымын байлау мүмкін емес екендігін тауып, «жылқы ұшпайды» дейміз. Осы екі ұғым арасында байлам *хүкім* деп аталады. Хүкім берілген ұғым *ие* деп, иеге жапсырылған ұғым *айтылыс* деп аталады. Айтылыс иенің ісін көрсеткендіктен, ол *хүкімнің іші* деп аталады» [4].

Яғни екі ғалым да реманы сөйлемнің мазмұнын нақтылаушы, айқындаушы бірлік ретінде көрсетеді әрі сөйлемнің негізгі белгілерін көрсетіп, дистрибуция, валенттілік мәселелерін де сөз етеді. Ахмет Байтұрсынұлы: **«Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді. Айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны – сөздердің басы мағаналы болып құралуы, яғни сөйлемнің мағанасы. Олай болмаса, құр сөздердің басын құрап айтқанмен сөйлем болмайды»,** – дей келіп, **тема мен реманың қызметін нақтылай түседі.** Бүгінгі таңда тема (бас мүше) мен реманы (баяншы мүше) жіктеуде, предикацияның когнитивті және коммуникативті аспектілерін талдауда ғалымдардың осы ұстанымдарын басшылыққа алуымыз қажет-ақ.

А.Байтұрсынұлы коммуникация талаптарын, тілдегі жүйені, норманы біліп қана қоймай, сөйлеу барысында дұрыс қолдана білу керектігін ескертеді: «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деген еді [1, 369-б.]. Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрі бірдей қазақша дұрыс сөйлей бермейді. А.Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін

- 1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
- 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;
- 3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін көрсеткен еді [1, 350-б.].

Коммуникация талаптарын көрсете отырып, ғалым сөйлеушінің ойын дұрыс жеткізуі, тыңдаушының дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауы да коммуникация үшін маңызды болатынын айтады. Бұл тұжырымдары да бүгінгі таңда маңызын жоймады.

Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысанына айналды.

Алайда А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. Ғалым функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. Оған А.Байтұрсынұлының етістік категорияларын – райды, етісті жіктеуі, есімдіктерді, сан есім, сын есімдерді топтастыруы, т.с.с. мысал бола алады.

А.Байтұрсынұлы еңбектері мен кейінгі оқулықтарды өзара салыстыра отырып, ғалымның еңбектерінде көптеген категориялардың басқаша сипатталғанын, бірқатар өзгешеліктер барын байқаймыз. Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ментальділіктің (ұлттық діл) көрсеткіші бола алады. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Сыпайылап сөйлегенде, сөйлеуші өзін *мен* деудің орнына *біз* дейді, тыңдаушыға *сен* деудің орнына *сіз* дейді, бөгде кісіні ол деудің орнына *ол кісі* дейді. Сондықтан *біз* – I жақ, *сіз* – II жақ, *ол кісі* – III жақ болады» [1, 226-б.]. А.Байтұрсынұлы еңбектерін зерделей отырып, ғалымның тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы және сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес, *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, *мен* есімдігінің көпше түрі *мендер* бола алмайды. Ал кейінгі грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, *біз*, *біздер* есімдігіне ауысса, ол сыпайы жіктеуге айналып кетеді. Үндіеуропа тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде I жақ көпше түрі (*мы*) *я+не я* түрінде жалпылық мәнге ие болғанмен, бұл заңдылық қазақ тіліне сәйкес келмейді. Орыс тілінде *вы* есімдігі қазақ тіліндегі *сендер*, *сіз*, *сіздер* тұлғаларында қолданылады. Яғни, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тіліндегі анайы көпше (*сендер*), сыпайы жекеше (*сіз*) мен сыпайы көпше (*сіздер*) тұлғаларының орнына орыс тілінде бір ғана форма (*вы*) қолданылады. Қазақтар арасында болып, олардың сөйлеу мәдениетімен жақын танысқан Н.Ильминский: «Жасы үлкен адам мен жасы кіші адам сөйлескен кезде *мен*, *сен* есімдіктері қолданылмайды. Қазақтар сыпайылық сақтап, тыңдаушысын сыйлап *мен*, *сен* есімдіктерінің орнына *біз*, *сіз* есімдіктерін қолданады. Қазақ тіліндегі бұл екі сөзді жекеше, сыпайы түрге жатқызу керек», – дегенмен [5, 16-б.], қазақ тіліндегі жіктелу үлгісін беруде орыс тілінің заңдылығына түсіп кеткен. М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптьев т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі жіктеу үлгісі де осы сипатта. Яғни, оларда анайы-сыпайы, жекеше-көпше жіктеу үлгілері өзара шатастырылып, *вы* есімдігінің қазақ тілінде үш түрлі тұлғада көрініс табатыны

ескерілмеген. Келтірілген деректер қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни орыс тіліндегі *мы, вы* тұлғалары қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмай-тынын көрсетеді. Осыған байланысты қазақ тіліндегі жіктелу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара ажыратып алу керектігі көрінеді. Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық ашылады.

Қазақ тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде А.Байтұрсынұлы жолымен Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлы, т.б. ғалымдардың жіктеулерді анайы және сыпайы түрге ажыратқанын көреміз. Алайда кейін бұл ұстаным ғалымдар назарынан тыс қалып, сыпайы түрі екінші жаққа ғана қатысты сөз бола бастайды. Ондай еңбектердің қатарына І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, С.Исаев еңбектері мен «Современный казахский язык», «Қазақ тілінің грамматикасы» т.с.с. жинақтарды жатқызуға болады. Жіктеуді анайы және сыпайы түрге сараламаудың нәтижесінде аталған еңбектерде І жақ анайы жіктеудің көпше түрі мен осы жақтағы сыпайы жіктеудің жекеше түрінің орындары ауысып кеткен.

А.Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде анықтық/танықтық оппозициясын негізге алған. Ғалым жеке адамды не топты көрсететін есімдіктерді *шектеу есімдігі* деп, нәрсенің жоқтығын, белгілі еместігін немесе түгел еместігін білдіретін есімдіктерді *танықтау есімдігі* деп атаған. Екінші сөзбен айтқанда, бүгінгі таңдағы өздік есімдігі, жалпылау есімдігі деп танылып жүрген есімдіктердің басын қосып, шектеу есімдігі деп атайды да белгісіздік, болымсыздық есімдіктерін танықтау есімдігі деп атаған. Ғалымның бұл бағыттағы ұстанымы Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде сабақтастық тапқан. Ал Т.Шонанов П.Мелиоранский еңбегіне сүйенген:

А.Байтұрсынұлы	Т.Шонанов	Қ.Кемеңгерұлы
жіктеу	личные	личные
сілтеу	указательные	указательные
сұрау	вопросительные	вопросительные
шектеу	–	определятельные
танықтау	–	неопределенные
–	возвратные	–
–	притяжательные	–

1-кесте. Ұлттық тіл білімі қалыптасқан кезеңдегі ғалымдардың есімдіктерді жіктеуі

Бір тілдегі ұстанымды екінші тілге, әсіресе туыстығы жоқ тілге таңа салуға



болмайды. Бүгінде қазақ тіл білімінде өздік есімдігі жеке мағыналық топ ретінде беріліп жүр. Алайда жалғыз сөз мағыналық топ құрай алмауы керек. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы өздік есімдігі есімдіктің бір түрі ретінде жеке шығарылмаған. А.Байтұрсынұлы есімдіктің бұл түрін *әркім, әрқайсысы, бәрі, барша* т.б. есімдіктерімен қатар шектеу есімдігі ретінде көрсетсе, Қ.Кемеңгерұлы оны анықтау (определительные местоимения) есімдіктерінің ішінде түсіндіреді.

Кейінгі зерттеушілер анықтау, танықтау есімдіктерін ұсақ бөлшектерге жіктеуге тырысқан. Яғни А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде танықтау есімдігі нәрсенің жоқтығын (*ешикім, ештеңе, ешбір*), анық белгілі еместігін, (*әлдекім, әлдене*) немесе түгел еместігін (*кейбір, қайсыбір*) білдіретіні сөз болса, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде нәрсенің жоқтығын білдіретін сөздер *болымсыздық есімдіктері*, анық белгілі еместігін білдірсе, *белгісіздік есімдіктері*, түгел еместігін білдірсе, *алалау есімдіктері* деп аталып, танықтау есімдігінің мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес өз ішінен одан әрі таратыла түскен:

Қ.Жұбанов	С.Аманжолов	Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев
жіктеу	жіктеу	жіктеу
сілтеу	сілтеу	сілтеу
–	сұрау	сұрау
болымсыз	болымсыздық	болымсыздық
белгісіз	белгісіздік	белгісіздік
алалау	–	–
–	тәуелдеу (өз) жалпылық	тәуелдеу
жалпылау		
–	–	–

2-кесте. Есімдіктердің мағыналық топтары

А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы ұстанымдарын толық қуаттай отырып, өздік есімдігінің мағынасы, қызметі мен қолданысын тексеру нәтижесінде жеке сөзді (*өз*) есімдіктің мағыналық тобы ретінде танығаннан гөрі мағыналық ұқсастығына, қызмет ортақтығына, қолданысына байланысты басқа есімдіктермен біріктіру қажеттігін ескертеміз. Өздік есімдіктеріне:

«сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан бөліп алып көрсетуші сөздер» түрінде берілген анықтамаға [6] жіктеу есімдіктері де, *әркім, әрқайсысы, әрбір* т.б. есімдіктер де толық жауап бере алады. Ендеше, сыртқы тұлғасына байланысты өздік есімдіктерін жеке топ ретінде танығаннан гөрі өзара мағыналас есімдіктер қатарына қосқан жөн тәрізді. Осыған байланысты өз тарапымыздан А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлының есімдіктерді топтастыруымен толық келісе отырып, белгісіздік, болымсыздық есімдіктерін – танықтау; өздік, жалпылау есімдіктерін – анықтау есімдіктері ретінде топтастыра берген дұрыс.

Кейінгі оқулықтардағы есімдіктердің берілуі С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев жіктеулеріне ұқсас. «Тәуелдеу есімдігі» деген атаудың орнына «өздік есімдігі» деп аталғаны болмаса, басқа өзгешелік жоқ. Бұл оқулықтардың бәрінде де белгісіздік есімдіктері *бір, әр, әлде* сөздерінің ұйтқы болуымен жасалатыны сөз болады. Ал А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерінде *әр* сөзі анықтау (шектеу) есімдігі ретінде танылады.

Қазіргі қазақ тілі	Современный казахский язык	Қазіргі қазақ тілі	А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі»
жіктеу	личные	жіктеу	жіктеу
сілтеу	указательные	сілтеу	сілтеу
сұрау	вопросительные	сұрау	сұрау
белгісіздік	определительные	белгісіздік	белгісіздік
болымсыздық	отрицательные	болымсыздық	болымсыздық
жалпылау	обобщительные	жалпылау	жалпылау
өздік	возвратные	өздік	өздік

### 3-кесте. Есімдіктердің мағыналық топтарына байланысты ғалымдардың жіктеуі

*Кейбір, қайсыбір, әлдекім, әлдене* т.с.с есімдіктермен салыстырғанда, *әр* есімдігімен бірігу арқылы жасалған *әркім, әрбір, әрқайсысы* сияқты есімдіктерде белгісіздік мәннен гөрі нақтылық басымдау. Бұл ерекшелік *әр* сөзінің зат есіммен тіркесуінен айқын көрінеді: *әр адам, әр оқушы, әр ай, әр зат* т.б. Ендеше, *әр* сөзінің қатысуымен жасалған есімдіктерді белгісіздік есімдігінің қатарына қосуға келмейтін тәрізді. Оның үстіне болымсыздық есімдігі ретінде танылып жүрген *ешкім, ешқайсы, ешбір, ештеңе* т.с.с *еш* сөзінің ұйтқы болуы арқылы жасалған есімдіктердің орнына белгісіздік

есімдіктері де жүре алады: *ешкім* келмеді – *біреуі де* келмеді, *ешқайсысы да* айтпады – *бірі де* айтпады, *ештеңе* қалмады – *бірдеңе* қалмады т.б. Сол сияқты «мағыналары жағынан заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздерге» [6] белгісіздік есімдіктерін де, болымсыздық есімдіктерін де жатқызуға болады. Ендеше, өзара мәндес, шектес мұндай есімдіктерді жіктемей-ақ, топтастырып берген дұрыс сияқты.

Сонымен қатар *әлде*, *әр* сөздерінің қатысуымен жасалған *әрқалай*, *әрқашан*, *әлденеше*, *әлдеқайда*, *әлдеқалай*, *әлдеқашан* т.с.с. әрі есімдік, әрі үстеу қатарында аталып жүрген сөздерді тек үстеу ретінде ғана танып, есімдік қатарынан шығару керек сияқты. Себебі бір сөздің екі түрлі категория аясында қарастырылғаны, яғни екі түрлі сөз табы ретінде танылуы дұрыс болмайды. Осыған байланысты *әр*, *әлде*, *еш* сияқты сөздердің қандай есімдіктерге тіркесуін, мәні мен қызметін нақтылап отырған жөн.

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде жаңа бағыттардың пайда болуына байланысты А.Байтұрсынұлы еңбектері жаңа қырынан зерттеле бастады. Ғалым еңбектерін зерделеген сайын қазақ тіл біліміндегі категориялардың шынайы болмысы ашыла түседі әрі жаңа бағыттардың сырын да ұғына түсеміз. Бұл орайда А.Байтұрсынұлының еңбектерін қазақ тіл біліміндегі таңғажайып құбылыс (феномен) ретінде бағалаймыз. Қазіргі кезде ахметтанудың жаңа сатысы, белесі ашылды. Ғалым еңбектерін ретроспективті тұрғыдан ғана емес, жаңа, инновациялық парадигмалармен байланыстыра отырып зерттеу болашақтағы ізденістерге бағыт-бағдар болады. А.Байтұрсынұлы мұрасы – қазақ тіл білімі үшін ғана емес, әлемдік тіл білімі үшін де өте маңызды, соны үлес. А.Байтұрсынұлы тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабының кесірінен ғылым дамуы қаншалықты тежелгенін де танытады.

### **Пайдаланылған еңбектер:**

1. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана, 2017. - 740 б.
2. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең – сөздің патшасы. - Алматы, 2008. - 568 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. - XII том. - Алматы, 2011. - 511-б.
4. Жұмабаев Мағжан Шығармалар жинағы. - 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. - Алматы: Жазушы, 2008. - 97-187-б.
5. Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. -Казань, 1860. - С.16.
6. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 783 б.

## XX ҒАСЫР БАСЫ: ТӨТЕ ЖАЗУ АЛҒАШ СЫНАЛҒАН «ҚАЗАҚ» (1913-1918) ГАЗЕТІНДЕГІ КЕЙБІР ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ ТУРАЛЫ

*Бағдан Момынова*


*А.Байтұрсынұлы ат.ТБИ, Грамматика бөлімінің меңгерушісі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

А.Байтұрсынұлы қазақ халқы үшін кирилл жазуын ойлап тапқан Кирилл мен Мефодий сияқты рөл ойнаған ғалым, қайраткер. Ол көпке белгілі реформаланған алфавит немесе «усул-жәид жазуының» атасы. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы осы жолға қалай келді?

«Мұғалімдер мектебінің толық курсы бітіруші Байтұрсынұлына, 1880 жылдың 27-қарашасында Жоғарғы мәртебелімнің бекіткен Нұсқауы негізінде және Жоғары мәртебелімнің 1872 жылы 27-ші наурызда бекіткен Ереженің 27-ші бабына сәйкес Уфа, Симферополь қалаларындағы татар Мұғалімдер Мектебі мен Қырғыз Мұғалімдер Мектебіне арналған Ереженің негізінде аталған мектептің педагогикалық Кеңесінің шешімімен «Бастауыш мектептің Мұғалімі» атағы берілсін» [1, 52-б.]. Осы куәлікке қоса оның Қырғыз бастауыш мектебінде 6 жыл мұғалімдік өтелімін өтеуге міндеттілігін көрсететін бұйрық та берілген. Осы №116 бұйрыққа сәйкес 1895 жылдың 9-маусымында Ақтөбе уезі, Арынғазы ауыл мектебіне жолдама беріліп, оған оқу бөлімінің Аймақтық қамқоршысы Е.А.Алекторовтың көмегімен жетіп орналасып [1, 52-б.], ұстаздық жолын 1895-1909 ж. дейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде жалғастырады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы әліпби түзу сынды ұлы қадамға кездейсоқ келмеген. Уақыттың өзі осындай айтулы істі, яғни бұрынғы графикалық жүйенің, араб графикасына негізделген ескі қазақ жазуының орнына қазақ тілінің дыбыстық жүйесін негізге алған жаңа жазуды енгізуді қолға алуға мәжбүрлеген. «Әрі ұстаз, әрі ағартушы ретінде А.Байтұрсынұлының көңілін бөліп, қатты аландатқан екінші мәселе – мектептің құрылымы болса, үшінші мәселе - оқыту жүйесін (дұрысы жүйесіздікті жою) жетілдіру, оқытушылардың педагогикалық талаптарға сай болуына назар аудару» болды [2, 14-б.]. Осы мәселелер оны әліпби түзуге итермелеген. Сөйтіп А.Байтұрсынұлы араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін (алфавитін) түрлендірді. Ол түрлендірген алфавитті белгілі түрколог Е.Д.Поливанов ұлы жаңалықтардың қатарына жатқызды. Н.Ф.Яковлев, К.Менгес, Б.Комри сияқты шетелдік ғалымдар «Байтұрсынов алфавитінің» жетілген алфавит екенін мойындады. Орыс ғалымдары алфавиттің құндылығын: «...нельзя

не отметить, что не получивший высшего образования и лишь к концу своей активной деятельности установивший контакт с русскими языковедами Байтурсунов смог встать вровень с передовой наукой», - деп бағалады [3, 185-б]. Өзіне дейінгі қазақ жұртының пайдаланып, тұтынып келген араб жазуынан қазақ тілі үшін қолайсыздықтары барын дәлелдеп, жазуды жетілдіріп, «дәйекшіні» енгізеді. А. Байтұрсынұлы 1912 жылы – «Оқу құралын» [4, 40-б.] шығарады. Аталмыш кітап бірнеше басылым көрген. 1929 жылға дейін осы әліпби халықтың керегін өтеді, мектепте пайдаланылды, кітаптар шығарылды, мерзімді басылымдар басылды т.б. Сол кездерде осы даулы мәселеге арналған «Жазу тәртібі» (Айқап, 1912, №9-10), «Жазу мәселесі» («Қазақ», 1913, №34-35) сияқты т.б. мақалаларын жариялады. Сонымен, 1912 жылдардан бастап А.Байтұрсынұлының осы алфавитті негізге алып жасаған жаңа жазуы (ол «Жаңа емле» деп аталады) іс жүзінде қолданыла бастады [5, 45-б.]. Міне, «Қазақ» газеті осы «жаңа емле» жүйесімен жарық көрген еді және бұл уақыт емле қажеттігі, емлені бекіту туралы мәселе көтерілмеген кез. Ал жаңа басылым оқуға оңай емле жүйесімен бұқараны баурап алды. Бұл жаңа жазу жүйесі 1924 жылы Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, маусымның 12-сі) бекітіледі, латын алфавитіне көшу кезінде бір топ қазақ зиялылары оны жан сала қорғайды.

1-сурет. А.Байтұрсынұлы. Оқу құралы (Қазақша алифба). 1-жылдық кітап. 4-басылуы. — Ташкент: Түркістан Республикасы мемлекет баспасы. 1922 ж. — 94 б.(әліппе 30 бетте).




Қазақ тіл білімінде орфографиялық нормалар жиынтығы - «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» және «Қазақ тілінің анықтағышы». 1941 жылы С.Аманжолов басшылығымен, 1946 ж. М.Балақаев редакциясын басқарып шығарған, 1963, 1978, 1988, 2008, 2013 жж. жаңартылып басылған сөздіктер арқылы емле тарихы дамып келеді, ал емленің алғашқы түзілісі қандай болды? Газетте қандай еді?

1928 жылы Қызылорда қаласынан **Ақымет Байтұрсынұлы** авторлығымен жарық көрген «**Тіл-жұмсар**» (сөйлеу, оқыу, жазуу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-інші кітаб) кітабы «**Білім ордасы 1-інші басқыш мектебте ұстауға ұйғарған**», яғни рұқсат етілген кітап еді. «**Қазақстан оқыу кемесеріетінің білім ордасы**»-нан шығарылған. **Қазақстан жоғарғы шаруашылық кеңесінің мемлекеттік басқармасы** рұқсатымен жарық көрген [6].

Осы кітаптың титул бетінде, сол жақ төменгі тұсына ескі латын жазуымен **Vaiturcъn ulъ a. til jumsar 1-ncъ kыtab** деп жазылған. Ал сол жазуға қатарлас кирилл әріптерімен «**А.Байтұрсунов. Практическая грамматика ч.1**» деп жазылған. Кітаптың келесі бетіндегі «Дәйектемеде»: «Мұндағы білім – «Тіл-құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа», - дейді. «Тіл-құралдан» «басқалығын» санамалаған 4 белгілерді сипаттауы, тіл бірліктерінің қызметін көрсетуі емле түзілісін куәландырады. Кітапта әріптен өзге белгілерге ат береді: «Әріптен басқа жазуда қолданатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретін, қарап біреу олай, біреу былай деп атайтын еді. ...Мұндағы ат тек сүгіретіне қарай емес, жұмсалатын орнына қарай қойылды. Мәселен: тыныстық (.), жапсарлық (.), қосарлық (-), тастарлық (--), дәлдеулік («»), сұраулық (?), лептеулік (!) [6,5-б.]. Біздіңше дефис белгісіне берілген түсініктеме: «Қосарлық (-) – екі сөзді қосу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосу керек болған орында немесе біріне-бірі жедел екі сөз қосарынан айтылатын орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі» [6,5-б.].

1-сурет. «Тіл-жұмсар» (Қызыл-Орда,1928) кітабының титул бетінің көшірмесі.





Осы ретпен жазуды тұтыну барысындағы емлелік ерекшеліктерге ретімен тоқталып өтеді. Соңына қарай: «Адағында айтып өтетінім – емле үйретуге «Тіл-жұмсардың» екі бөліміндегі қолданыстық нәрсе (материал) жеткілікті. Соның бәрін балалар дұрыстап жұмсап, түгел қолданып өтсе, емленің 90% шамасын білуге болады», - дейді [6,7-б.] .

Бұл 1928 жылғы басылым көрген кітаптағы әліпби мен емле мәселесінің қалай, қандай деңгейде көтерілгенін, емлені реттеудің шындап қолға алынғанын білдіреді. Ал аталған кітап - дауысты дыбыстар қалдырылмай (түсірілмей) жазылып, барынша жүйеге келтірілген, тыныс белгілерінің қолданысы реттелген, әр ұғымға «ат қойылған», яғни терминдер жүйесі жасалған уақыттың куәгері, емле тарихын түзудегі алғашқы қарлығаш есепті еді.

«Қазақ» газеті шыққан кезде емле туралы сөз ету әлі ерте, бірақ жүйеліліктің алғашқы қадамдары басталған уақыт еді. Өйткені «Қазақ» газетінде 1913-1918 жж. усул-жәдид жазуы алғаш сыналғанмен, емленің бекітілген нұсқасы болмағандықтан, емлені стихиялы немесе түйсіну деңгейінде қолдана бастаған,

әдеби тіл мен емленің қалыптасуындағы маңызды тарихи кезең, сынаудың алғашқы қадамдары жасалған уақыт болды және А.Байтұрсынұлының 1928 жылы жарыққа шығарған «Тіл-жұмсар» кітабы - тәжірибе негізіндегі, автордың өз сөзімен айтқанда «сөйлеу, оқыу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын» алғашқы емле анықтағышы, бірегей еңбек.

Төте жазуды пайдаланып, «Қазақ» (1913-1918 жж., Орынбор) газетін шығаруы А.Байтұрсынұлы мен серіктерінің мәдени өмірдегі баға жетпес үлесі болды. Газеттің бастырушысы алғашқыда М.Оразаев еді. Алғашында: «Газет алғаш шыққан жылдары Омбы, Қызылжар, Кереку, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Түркістан, Шымкент, Әулие-Ата, Ташкентке дейін таралды». Газет «К.Хусаинов и Ко» серіктестігі баспаханасында басылып, бір жылдық бағасы 4 сом, жарты жылға 2 сом 50 тиыннан сатуға рұқсат. Генерал-лейтенант Сухомлинов» [1, 124-126 бб.] деп мөр басып рұқсат берген. Қаржы тапшылығы газет шығаруға қолбайлау бола бастаған соң, «1913 жылдың соңына қарай «Азамат» серіктестігін құруды тиімді деп шешті, оны құрды да. ... «Қазақ» шығарушылары баспахана сатып алуды о бастан көздеген, оқырмандардың, қалталы адамдардың, Қытайдағы қазақтардың көмегімен, құрған серіктестігінің арқасында 40 мың сомға қазақ даласындағы алғашқы баспахана ашады [1, 128-б.].

Сол кездегі мерзімді басылымдардың бәрінің қазақ халқы үшін қызметі әмбебап, энциклопедиялық сипатта болды. Бірақ бәріне ортақ бір қызмет түрі болды, ол – **ағартушылық** қызмет еді. «Қазақ» газеті осы қызметінде өзгелерден оқ бойы озық басылым еді, усул-жадид қозғалысын қазақ даласына кең жайған газет болды. Мысалы, 1915 жылғы «Қазақ»-тың **153**-нөмірінде «Усул жадид мәселесі» [7] деген тақырыппен Нұғман Манаевтың қысқа хабарлама-мақаласы жарық көрген (кирил қарпіне және бүгінгі емлеге салынған түрі, бірақ кейбір емле ерекшелігі сақталған – Б.М.):

*«Ғылым жолында кенже қалған біздің жұртқа осы уақытда анау усул жадид, мынау усул қадым деп тартыс қылмай, айтуір оқыту қамын ойлау керек еді. Жадидтің, қадымның жанжалы мен өткізетін уақытымыз жоқ еді. Бірақ, бұл қайырсыз жанжал қазақ арасында көрінеді. Жалпы қазақ жұртында тегіс болмағанмен көп жерде-ақ халықты әуре қылып тұр.*

*Ақмола облысы, Қызылжар уезі Пресновский волостқа қараған 4 нші ауылдың қазағы Серікбай мырза Жақсымбетов екі жылдан бері мұғалім ұстап, ауылының балаларын жаңа жолмен оқытып келе жатыр екен. Ел ішіндегі шала молла, жарты сопылар «Усул жадид харам, оның мұғаліміне ұйып намаз оқуы дұрыс емес» деп, ел арасына пәтуа жайыпты. Жұртдың көбі олардың пәтуасына инанып, усул жадидтен балаларын ала бастаған соң Серікбай мырза Троицкідегі атақты ишан Зейнолла хазіреттен бұл турада пәтуа сұрайды. 31 нші июльде ишан хазіреттен Серікбай*

мырзаға пәтуа қағазы келеді. Оқушылардың көздері көрсін деп, ишан хазіреттің пәтуасын өзгертпей көшіреміз...

...Усул жади́д харам деп жүрушілердің бастығы ишан хазіреттің мұриттері еді. Олар бұған не айтар екен? Әлден ишан хазірет те олардай білмеді ме екен?

Ишан хазірет мұнан 10-15 жыл бұрын, татарлар арасында усул жади́д жанжалы қозғалған кезде «усул жади́дпен оқыту дұрыс» деп пәтуа берген еді. Бұл турада дәлелдерімен жазған бір кітабы басылып та жаралған.

Енді, ишан хазіреттің көкейіне қонып, бұрынғы надандықтарын тастаса игі ед деп тілейміз». Қазақ жазуының реформаторы атанған А.Байтұрсынұлы өзінің төте жазуына әріпүсті және әріпасты диакритикалық таңбаларды азайтқанмен, бәрібір де газетте олардан толық құтыла алмаған, оларды енгізуге мәжбүр болған.

Араб әріптері сөз ішінде жазылу барысында бәрі бірдей бір-бірімен тіркесе бермейді. Бұл – өзіндік ерекшелік. «Алфавиттің құрамында өзінен кейінгі әріптермен тіркеске түспейтіндері бар. Оларға: а - «ا», ә - «ا», в - «ۆ», д - «د», е - «ة», з - «ز», о - «و», р - «ر», у - «ۇ», ұ - «ۇ», ү - «ۇ», ө - «ؤ». Осы дыбыстардың әріптері (таңбалары) сөз ішінде өзінен кейін келетін әріптермен байланысқа түспей жазылады (Мысалы, адам - «اماد», «ناماز» - заман, ұзын - «نيزۇ», үлкен - «نكلؤ», аяныш - «شناي», айна - «اناي» т.с.с.) [8, 135-б.].

А таңбасы «ا» түрінде жазылған кезде сөз ішіндегі а-ның байланысы біржақты (кері) байланыс екендігін білдіреді. Сөз басында көлбеу түскен сызықша түріндегі таңба («ا») жазылады. А таңбасының жоғарғы жағындағы көмекші таңба (диакритика) («ا») мадд деп аталады. Маддсыз жазылған таяқшаны сүйеу таяқ немесе әліп деп аталады.

Төте жазу мәтіндерінде балалы («الاب») сияқты сөздердің құрамындағы л-дың «ل» осы жазылу үлгісі, яғни соңынан келетін а-мен тіркесуінің көлбеу «ال» түрде таңбалануы көп кездеседі [8, 134-б.]. Әріптердің тіркесу кезіндегі таңбасының өзгеруі зерттеуші ғалым С. Ш. Хасанованың «Көне түркі және араб-латын жазбалары» (Алматы: Республикалық баспа кабинеті. - 288 бет) еңбегінде тиянақталып берілген, ондағы көне түркі, араб, латын жазулы мәтіндердің бәрі дерлік қолмен жазылған. Сол кездегі техникалық мүмкіндіктің болмауы осылай жазуға мәжбүр еткені байқалады. Төте жазу туралы, жалпы қазақ жазуы туралы кеңестік кезеңдегі алғашқы зерттеу деуге болатын осы еңбекті қайтадан басып шығарған зерттеушілер үшін қажет-ақ.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінің ең тамаша жаңалығы /ә/ дәйекші таңбасы, ол тұрған жерде дауысты дыбыстар міндетті түрде жіңішке айтылады. Айталық, «а» таңбасының жоғарғы оң жағына «ا» дәйекші қойылса, ол «ә» «а» болып оқылады. Осылай дәйекші (жіңішкерткіш) арқылы жіңішкертіліп айтылатын (оқылатын) қосақты дыбыстарға «ا» (а) - «ا» (ә), «ى» (ы) – «ى» (ү) - «ى» (ү),

«о» (o) – «ў» (o) жатады. Дәйекшінің /ء/ әсерінен «ق» (k), «ع» (f), «ؤ» (y), «و» (o), «ى» (ы) жуан дыбыстары жіңішкеріп, «ق» (k) – «ك» (k), «ع» (f) – «گ» (g), «و» (o) – «ؤ» (o), «ؤ» (y) – «ؤ» (y) болып оқылады.

### «Қазақ» газетіндегі тыныс белгілері және орфографиялық белгілер.

«Қазақ» газетінде тыныс белгілерінің барлық түрі кездеседі. Мысалы, төмендегі сөйлемде *defic* (Қапал-Жалайырдың – «لاپاق - لادرىالاج»), ал «50-60-дың» дегенде сандардың арасына дефистің қойылуы, керісінше, қосымшаның дефиссіз жазылу үлгісі берілген. Дефистің орфографиялық таңба екені белгілі. Әріптерден бөлек таңба түріне жататындықтан, газет мәтіндеріндегі тыныс белгілері мен орфографиялық белгілердің қойылуына мысалдар келтірілді:

ىغىترآن مدزوج 400 پنىلآ تگج ناد 50-60 نان ىسولوؤ 16 لادرىالاج - لاپاق  
ىدلر مباح اققاج ىتاملآ ىناغلاق هگى مەپس

ع. ج. («Қазақ», 213 нөмір)

Ал төменде келтірілген мысалдар қысқарған сөздердің жазылу үлгісін көрсетеді. «Қазақ» газетіндегі әріптік қысқару (1) (ع. ج.) мен г. (Г. Дума) (2) дегендегі күрделі сөздің қысқартып жазу үлгісі төмендегідей болған:

ع. ج. («Қазақ», 213 нөмір)

2. г. («Қазақ», 145 нөмір)

«Тіл-Жұмсарда» (1928ж.): «Әріптен басқа жазуда қолданатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретін қарап біреу олай, біреу былай деп атайтын еді. Мұнда соларға ат қойылды. Мұндағы ат тек сүгіретіне қарай емес, жұмсалатын орнына қарай қойылды», - дейді А.Байтұрсынұлы [6,4-6].

Жоғарыда берілген мәтінде нүкте (.) әр сөйлем аяқталған соң қойылған. Нүктені (.) «тыныстық» деп атаған А. Байтұрсынұлы оның мәнісін былайша түсіндіреді: «**Тыныстық** (.) – дауыстың тынатын жеріне қойылатын белгі» [26,5-6]. Яғни сөйлем аяқталғаны интонациядан, дем жетіп, аяқталған тұста қойылатынын айтқан. Сонымен қатар:

1. Қос нүкте (:) бірнеше жерде әр түрлі қисынмен қойылған: (زماتى) т.б. Көп нүктені газетте қойып, жазғанмен, 1913 жылы түгіл, 1928 жылы да осы белгіге түсінік бермеген;

2. Жинақтаушы мәнді сөзден кейін: . اغۇر تروتء مە ىسىناء لئن ملآء نېموج .  
لۇقزوب (4) ناپسآ (3) كمنوك (2) اقوت (1) ىدەن ىلوب

3. Тырнақшадан кейін қос нүкте (екі бірдей тыныс белгісі – тырнақша және қос нүкте) «:دى ەبسؤت نلپك زسسپك»;

4. Тырнақшаның қойылуы: «قازاق» لادرىالاج. т.б. А.Байтұрсынұлы «**Дәлдеулік** («») – бұлжытпай дәлдеп жазып көрсетерлік жерде қойылатын белгі», - деп түсіндіреді [6,5-6].

5. Сзыықшаның қойылуы: ملء وچ - ىدن بچوچ، т.б.

6. Қазіргі кезде күрделі етістіктердің (негізгі етістік пен көмекші етістіктің) дефис арқылы жазылуы:

ىاملآ- متبک (келе-алмайды)

Дефисті «Тіл-жұмсарда» «Қосарлық» (-) деген атаумен атаған. «Қосарлық» (-) – екі сөзді қосу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосу керек болған орында немесе біріне-бірі жедел екі сөз қосарынан айтылатын орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі» [9,5-6]. Сөздердің бірігу алдындағы бір процестің белгіленуі дефис арқылы жүзеге асады. «Қазақ» газетінде: өнер кәсіп – өнер-кәсіп – өнеркәсіп (қазіргі жазу үлгісі) – осы біртіндеп бірігу жүргенін білдіреді, бірігу алдындағы, яғни «екі сөзді қосу керек болғанда қойылатыны» шындық.

7. Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылып жазылған:

ساتۇت – بوک لبا، ل، ج، تآ: ىدى هم مرکڭس هل ىوا ىغات ىس مرجش مىرک هاش ناغۇب . ىدى من هل ىوس ڭاراس ڭاز، ت هدا، ساء، بلاناس

Үтір сөздің сол жақ жоғарғы жағына теріс немесе жоғары қаратып (жоғары қайырылып) «» қойылған. «Жапсарлық» «» - дауыс тынбай, тек сөз арасы көбірек ашыла айтылатын жерге қойылған белгі. Сөз арасының олай ашылуы көбінесе сөйлемдер қосылған жапсарлық жерінде болады» [6,5-6].

8. Үтірдің жазылуындағы осы келтірілген үлгі (7-тармақшадағы) барлық жерде сақталады. Ал жоғарыдағы үтірге берілген анықтама-түсініктегі «сөйлемдер қосылған жапсарлық жерлердің орны», сөзсіз сөйлем түрлеріне қатысты және сөйлемдегі қыстырма сөздердің екі жағынан үтір қойылған:

ربء مىرک هاش هء نراب ڭڭءامولعم ن هگروچ بزوت ادن رادباتک ڭڭءر هل ىچ مرجش - ىتقائىس ن هکتل ڭڭچ، ادن اغراق ربء، ن تهن ىبب ڭڭنى چؤوقوا، بزءء اقباتک ربء - *Шжресилердің ктабтарында түзіб жүрген мғлматдң барын де Шаһ Кәрім бр бр ктабқа тзб, оқұұшинң бейнетн, бр қараганда, жеңлткен сияқты.* Егер қыстырма сөз сөйлемнің басында келсе, үтір қыстырма сөзден кейін қойылады:

اغۇۇنىتۇت هءن ب هس پائىلارۇق وۇوقوا مءبءتكم ىس مرجش مىرک هاش، ادن اغراق ىالۇب، ىدى هم لپک ارۇوت، ن ادساب ىكبا – *Бұлай болганда, Шаһ Крим шжресі мктбде оқұұ құралы есебнде тұтинұұға, екі басдан, тұұра келмейді.*

9. Көп нүкте (...): «ىتكبچ»: ...

10. Газетте жақшаның (қос қанатты «()») және жалқы жақша (1)) жиі қойылғаны байқалады. Жалқы жақша немесе санамалаған кезде қойылатын жақша да басқа алдыңғы тыныс белгілері сияқты сөздің, я болмаса санның сол жағына теріс қаратылып, алдынан қойылған: 1) اقوت 2) كهنوك 3) ناپسآ 4) ت.б.

Өлең жолында нүктелі үтір қойылған жер бар:

ڭڭ مس ىء راتاج «هءڭ مءلوب ربء» نام ىس نچم

Леп («Лептеулік» (!)) белгісі бар:

!مهمېد «ماتۇج» ،ن ان لڭ غامات ن مى مېتوا

Газеттің кейбір беттерінде, нөмірлерінде жұлдызша (\*) қойылған. Жұлдызша қойылған газет бағанының астыңғы жағына сілтемелер берілген. Мысалы:

(\*) ىسىر مگزوا قل اۇراچ

(\*) ىساب 145، 146، 147، 148، 158، 161، 163 ىچن ىچن («Қазақ», 167 нөмір)

Сонымен қатар теріс қарата, яғни оңнан солға қарата қойылған сұрау белгісі / ? / кездеседі. «?» - сұрау белгісіне А.Байтұрсынұлының берген атауы – **сұраулық**, атынан заты көрініп тұрғаннан соң болар, түсінік жазылмаған.

Сызықша А.Байтұрсынұлының «Тіл-жұмсарында» «**Тастарлық**» (— ) атауымен жүр. Берілген түсінігі: ««Тастарлық» (— ) – жазбай тасталған сөздің орнына қойылатын белгі» [6,5-б.]. Сол тыныс белгілері мен олардың қойылатын орны туралы ережелердің «Қазақ» газетінен бастау алған үлгілері ғасырға жуық қазақ тіл білімінде кәдеге жарауы, ережелер мен тыныс белгілері қойылатын орындарды интуитивті түрде болса да, нақты сезініп, дәл қалыптастыра алуы А. Байтұрсынұлының тілдің, сөздің, оқудың, жазудың сырын ғылыми тұрғыдан ұққанын білдіреді. Қазақ тілінің тарихында емле 1924 жылы бекітілді, 1929 жылы «Қазақ жаңа емлесі туралы декрет» қабылданды [10, 132-б.]. Газеттегі емле немесе норманың тұрақтылығы туралы айтқанда, мына жайттарды ескеру керек. Біріншіден, газет қазақ жазба тілінің, яғни әдеби тіл нормасының арнайы қолға алынып, қалыптасуының алғашқы қадамдарын ғана жасады. Сондықтан әбден қалыптасқан, жүйеленген норма туралы сөз етудің өзі артық. Екіншіден, жоғарыда айтып кеткендей, ескі жазба әсерінен (қадымнан) басыбүтін арыла алмады. «Қазақ» газетінің усул жәдидті мәдени өмірге араластырып, зиялы қауымның халықтың сауаттылығын арттыру жолында еңбек етуіне серпінді күш бергені, оқу мен білімді жетілдірудегі, жазба коммуникацияны дамытудағы және норманы қалыптандырудағы қуатты құрал болғаны - тарихи ақиқат.

Мақала «Жазба мұра және мәтінталдау: ХХ ғ. басы публицистикасындағы орфограмма, сөзжасам мен көркем мәтін лингвопоэтикасы» гранттық жобасы міндетіне орай жазылды.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрғараева Г.М. Ахметтің тағдыр толқыны. Алматы: «Қазақ университеті», 2021. - 317 б.
2. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Арыс, 1998.



3. Ашнин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.М. Репрессированная тюркология. - Москва: Восточная литература, 2002.
4. Байтұрсынов А. Оқу құралы /усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифа/. І-ші кітап. - Орынбор, 1912.
5. Байтұрсынов А. Түрікшілдер құрылтайы// «Жаңа мектеп», 1926, №7-8, 45-б.
6. Ақымет Байтұрсын ұлы. «Тіл-жұмсар» (сөйлеу, оқыу, жазыу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-інші кітаб). «Қазақстан оқыу кемесерияетінің білім ордасы. Қазақстан жоғарғы шаруашылық кеңесінің мемлекеттік басқармасы». «Білім ордасы 1-інші басқыш мектебте ұстауға ұйғарған». - Қызыл орда, 1928.
7. Усул жадид мәселесі// «Қазақ» газеті, 1915ж., №153.
8. Хасанова С.Ш. Көне түркі және араб-латын жазбалары. - Алматы: Республикалық баспа кабинеті. - 288 бет.
9. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1-інші тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімпаздарының 1-інші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 5-інші басылуы. – Қазақстан мемлекет баспаханаасы, Қызыл-Орда,1925.// Кітапта: А. Байтұрсынұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Қазақ тіл білімінің антологиясы (серия). Құрастырған: Ғ.Әнес. - Алматы: Абзал-ай,2013. - 640 б.
10. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Қазығұрт, 2013.

## АХМЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

*Маралбек Ермұхамет*

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
директорының орынбасары, PhD*

Бүгінде «ахметтану» тұлғатанудың орнықты саласы ретінде қалыптасты. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының тақырыптық аясы өте кең, мазмұны терең, ғылымның әр саласымен байланысып жатқандықтан, ғалым мұрасын зерттеушілерге де осындай жан-жақты білім қажет. Осыған байланысты «ахметтануды» болашақта қай бағытта, қалай дамыту мәселелері тұр.

Біздің ойымызша «ахметтану» мынадай төрт салада дамыту тиіс:

- 1) Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметі;
- 2) Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы;
- 3) Ахмет Байтұрсынұлының жеке тұлғасы;
- 4) Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мектебі.

Бірінші, Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолында бізге белгісіз оқиғалар көп. Ғалым өмірінің әр кезеңі, тұлғалық өсу жолы елеулі тарихи оқиғалармен байланысып жатады. Ғылыми мұрасы өмір жолымен, адами болмысымен, ой-мақсатымен берік байланысқа құрылған. Сондықтан ғалым өмірінің әр кезеңін қазақ қоғамының тарихи, саяси, мәдени ахуалы шеңберінде қарау – тыңғылықты танымға әкеледі.

Екінші, ғалым мұрасын түгендеу. Бұл отандық және шетелдік мұрағаттардан ғалым еңбектерін жинаудан бөлек, бүркеншік есімдерін анықтау және оның әлеуметтік астары мен тарихын тануға тәуелді. Осындай толыққанды деректер мен дәйектер негізінде толық шығармалар жинағын құрастырғанда ғана, Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми танымы мен ел үшін сіңірген еңбегінің мәнін жете түсінуге мүмкіндік туады.

Үшінші, Ахмет Байтұрсынұлының бүгінге дейін зерттелмей келе жатқан айрықша бір қыры – «Ахмет тұлғасы». Даңқты іс те, дарынды шығарма да, данышпан ойдан бұрын, адами келбеттен туады. Адами келбет – ақиқат ақылдың қалыбы. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси, ғылыми қызметінің түп-тамырында ғалымның адами келбеті, ұлтқа жанашырлық сезімі жатыр. Тақырыпқа осы қырынан үңілгенде «ахметтану ғылымының» жүйесін тауып, тамырына бойлауға болады. Ахмет тұлғасын танудың өзі *адами тұлғасы және тілдік тұлғасы* болып екі бағытқа бөлінеді.

Ахмет Байтұрсынұлының тілдік тұлғасы ғалымның тіл қолдану шеберлігін тануға бағытталады. Аса жоғары адами болмысты тірек еткен өрелі ой шебер

тілден шыңдалып жеткен шығарма боп туады. Міне, Ахмет ғылымының туымысы осы.

Төртінші – «Ахмет Байтұрсынұлының мектебі. Оның өзі, біздің ойымызша, *ғылыми мектебі және лингвистикалық мектебі* болып екі бағытқа бөлінеді. Қазіргі таңда ғалымның қазақ зиялыларының аса дарынды шоғырын тәрбиелегені сөз жүзінде ғана жалпылама айтылып, қалай, қай бағытта, қай мақсатпен тәрбиелегеніне нақты жауап берілмей келеді. «Ахмет Байтұрсынұлының мектебі» деген не? Ол қашан және қалай қалыптасты? Өкілдері кім және қазақ руханиятының қандай мәселелерін шешті? деген сұраулар болашақ ахметтанушылардың тың ізденіс алаңдарына айналады.

Ахмет Байтұрсынұлының ең бір бел шешіп айналысқан саласы – тіл. Өйткені Байтұрсынұлы философиясы және бүгінгі ғылым бір ауыздан мақұлдаған ақиқат бойынша ұлттың өмір сүруінің ең басты шарты – тіл. Сондықтан ғалымның ең кемел танымы тіл тұғырында тұжырымдалады. Қазақ тіл білімінің Ахмет ашқан жаңалықтарын лингвистиканың бүгінгі жеткен биігі тұрғысынан көптеген салалар мен бағыттарға жіктеледі. Бұлардың әрбіріне жеке-жеке бір немесе бірнеше кітап арнауға болады.

Ендігі кезекте Ахмет Байтұрсынұлының бүгінге дейін белгісіз еңбектері өмір жолының қай кезеңдерін қамтитынына қысқаша назар аударайық.

1895-1903 жылдары аралығы 10 жыл ғалым мұраларынсыз бос жатыр. Бұл – Ахмет Байтұрсынұлының ғалым, қайраткер болып қалыптасу жолын көрсететін аса маңызды шығармашылық кезең.

1929-1937 жылдар – ғалымның әбден толысып, қазақ қоғамы оянып, нағыз ғылыми еңбектерге ден қойған кезең. Осы кезеңде ғалымның әлемдік деңгейдегі ғылыми еңбектерінің болуы әбден мүмкін.

Бүгінгі таңда біз Ахметтану бөлімі аясында бұрын-соңды жарық көрмеген көптеген мақалалары мен 10-ға жуық еңбектерінің дерегін анықтап отырмыз. Бұл мұралар мен біз тілге тиек еткен мәселелер болашақ «ахметтанудың» жаңа көкжиегін көрсетеді.

«Ахметтану» ғылымы бізге не береді?

- 1) Қазақ ғылымын дұрыс ұйымдастырудың тетіктерін көрсетеді;
- 2) Қазақ ғылыми ойының деңгейін көтереді;
- 3) Қазақ тілтанымының ғылыми деңгейі мен мәртебесін көтереді;
- 4) Ұлттық адам болудың, ұлтқа, Отанға қызмет етудің моральдық өлшемдерін көрсетеді;
- 5) Ұмыт болған ұлттық жадымыз бен рухымызды қайта жаңғыртады.

Данышпан Абай тұлға тәрбиелеу тақырыбын өз шығармаларына өзек етіп, «толық адам» тұжырымын ұсынды. Сол тұжырымнан туған Абайдың толық

адамы – Ахмет Байтұрсынұлы. Мұны ахметтанудың болашақ нәтижелері дәлелдейтін болады.

**Осы орайда, бүгінгі сәтті пайдалана отырып, Ахмет бейнесін көркем туындыларға арқау ететін Ахметтаныту болашағын мынадай бірнеше мәселелерге назар аудартқым келеді.**

1) Абай өз образын өлеңі арқылы сомдаған тұлға. Сол сияқты Ахмет Байтұрсынұлы да – өз образын ғылыми еңбектері арқылы сомдаған тұлға. Ғалымның мінез-кұлқы, адами болмысы, дүниеге көзқарасы, жан дүниесінің құндылықтары өз еңбектерінен анық көрінеді. Бұл ғалым еңбектерін түгел, жүйелі түрде оқығанда және жіті зерттегенде танылады.

2) Болашақ көркем туындыда Байтұрсынұлы Ахметтің тіліне айрықша жауапкершілік танытылуы керек. Абай, Әлихан, Байтұрсынұлы Ахметтер өзге тарихи кейіпкерлерден бірегей тіл шеберлері ретінде ерекшеленеді. Сондықтан да аталған тұлғалардың келбетін ашу оқиғалардың көркем тізбегінен тұратын қатардағы фильмдер мен телехикая кейіпкерлерінен қиын. Ғалымның тілдік тұлғасы дәл берілмесе, мінезі де анық танылмайды. Мінезі дұрыс ашылмаса, оның болмысын дәл таныту мүмкін болмайды.

Ахмет тілі – әбден қалыптасқан, аса шебер грамматикалық құрылым мен лексикалық дәлдікке құрылған өзіндік қолтаңбасы анық тіл. Байтұрсынұлы Ахметтілінде: *өзгерілді, ойлауымша, асылын, басқалық, қолайлау, қуаттайды, байласулы, мәнісі, көшпекші, тұрмақшы, тағайынданады*, т.б. лексикалық және сөзжасамдық бірліктер, *асылын білу, олай болғанда, ойланарға керек, кемшілік келгенде, іс істеуге керек, білерге керек, мұнан көрінеді, білуге керек, солай болған соң, деуге орын жоқ* т.б. ой тығынын ағытып, атойлап тұратын синтаксистік бірліктер бар. Сөйлем құрау, пайымдау жүйесі де өзіндік тың тәсілдерге, ерекше үлгіге толы.

Ахмет Байтұрсынұлы – әмбебап ғалым, дей тұрғанмен, ең әуелі, ол – тіл маманы. Ғалымның тұтас өміріндегі қоғамдық-саяси, ғылыми қызметі тікелей тілге байланысты. Мұрасының 70 пайызы тіл болған соң, көркем туынды үлкенді-кішілі олқылықтардан ада болуы үшін тілтанушылардың көмегі ауадай қажет. Тілдің тарихи сипатын дұрыс бере алмау – қазіргі қазақ кино өнеріндегі ортақ олқылық. Сондықтан болашақта әрбір тарихи телехикаяларда тіл мамандарының болуы туындының шынайылығын арттырады.

3) Ахмет образын арқау еткен болашақ көркем туындыларда ғалым өмірі үшін айрықша маңызды сәттер мен оқиғалар толық болуы керек. Атап айтқанда, Ахмет пен Міржақыпқа «Оян қазақ» идеясын беріп, «масадай ызыңдатқан», ұлт ұранды тұтас алаш зиялыларының рухани тірегіне айналған

Абай мен Ахметтің рухани сабақтастығы және ұлт тілінде әліппе жазып, газет шығарып, баспа ісін түзеткен, сол арқылы тұтас ноғай (татар) жұртын өнер-білімге жетелеп, түркі жұртында өнеге көрсеткен Исмаил Мұстафаұлы Гаспаралымен рухани үндестігі, осылар – Ахмет тұлғасын ашудың ең ұтымды тұстары. Ахмет Байтұрсынұлы – кектен туған тұлға емес, тек пен тума талант, ұлы жүректен туған тұлға. Оны күллі қазақтың ардақтысына айналдырған данышпан Абайдың санасына құйған рухани сәулесі болатын. Абай өлеңдерінің қолжазбасы 1902-1903 жылдары Ахмет пен Міржақыптың қолына тиген соң, екі тұлғаның да өмірі мен ой-мақсаты күрт өзгерген. Содан кейін бірі «Маса», «Қырық мысал», екіншісі «Оян Қазақты» жазды.

4) Ахметтануда ХХ ғасыр басындағы қазақтың тұтас тарихы еш аласыз мөлдіреп тұрған «Қазақ» газетінің орны ерекше. Газеттің тарихи маңызы Ахмет Байтұрсынұлы емлесінің «Қазақ» емлесі, яғни «Қазақ» газетінің емлесі деп атауынан да көрсетеді. Ал Байтұрсынұлы әліппесі «Байтұрсынов алфавиті» аталған. «Қазақ» газеті бетінде жарық көрген ең көп мақала да Ахмет Байтұрсынұлына тиесілі екенін біз тек осы Газет арқылы білеміз (Ә.Бөкейхан – 70, А.Байтұрсынұлы – анық 24, белгісіз 100-ден аса).

«Қазақ» газетін шығарған 1913-1918 ж. А.Байтұрсынұлы екі рет абақтыға қамалады. Оның бірінде (№80) 1500 сом, екіншісінде (№91) 50 сом айыппұл төледі.

5) Ахмет Байтұрсынұлының көлемді еңбектерінен бастап, әр мақаласының жазылу тарихы, себебі бар. Ол қазақ қоғамының өте өзекті мәселелерін сөз етуге арналады. Көркем туындыда да ғалым еңбектерінің әр басылымының хронологиясы дұрыс берілуі керек. Кезегін күтпей көркем туындыға асығыс енетін эпизодтар мен деректер Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми жасампаздығының тарихи сабақтастығы мен желісін бұзады. Былайғы жұрт А.Байтұрсынұлының кім екенін, оның не жасағанын шамалап болса да біледі, бірақ осы таңғажайыптарды қандай жағдайда, қалай жасағанын терең біле бермейді. Біздіңше болашақта халыққа керегі осы.

6) Ахмет Байтұрсынұлының келбетін, тұлғасын дәл көрсететін нәрсе – ғалымның тілі, мінезі, тарихи оқиғалардың дұрыс, шынайылы берілуі. Ахмет – өте күрделі, телегей-теңіз тұлға. Ахметті тану оңай шаруа болмаған соң, ол туралы тарихи телехикая түсіру де оңай жұмыс емес. Бұл ретті А.Байтұрсынұлының шығармалар жинағы толық шықпаған, мұрағат құжаттары толық ашылмаған кезеңдерде жазылған зерттеу еңбектері көркем туынды деректерінің ескілігі мен жаңсақтығын арттырады. Болашақ ахметтануда жаңа әдебиеттердің үлесі артық болуға тиіс.

Байтұрсынұлы Ахмет – әсіре көркемдеуді, әсерлі оқиғаларды ойдан қиюластыруды қажет етпейтін кейіпкер. Ғазиз тұлғаның өмірі адалдыққа,

ақиқатқа, даңқ пен құрметке және ауыр күндерге толы. Ғалымның бүкіл өмірін айна қатесіз бере білудің өзі – оның келбетін дәл ашатын ең дұрыс жол.

8) Ахмет Байтұрсынұлына «Ақан» деген ат Алты Алашқа танылып, ел құрметіне бөленгеннен кейін ғана берілген. Сондықтан осы аттың тарихи кезеңіне, қолданудағы гендерлік және жас ерекшелігіне сәйкестілігіне назар аудару керек. Бұл – қазақ сөз этикасының маңызды өлшемі.

Баяндамамды Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен аяқтар болсам: «Адамның өзінде кемелділік болмаған соң, ісінде де кемелділік болмайды». Демек, кемшіліксіз дүние жоқ, «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясы қазақ көрермендеріне берері мол туынды деп бағалаймын. Ұлт тарихындағы ардақты есімдер туралы атқарылған игі істер көп болсын.



## ЖАҢАНДЫҚ СӨЗ ӨНЕРІ КОНТЕКСТІНДЕГІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

**Ұлан Еркінбай**

*А.Байтұрсынұлы Білім Академиясының  
директоры, филол.ғ.к., доцент*

Ұлт ұстазы, ірі энциклопедист ғалым, ұлттық сөз өнері ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының – сөз өнерінің теориялық сипаты жөніндегі тұжырымдары бүгінде әлемдік сипат алып отыр. 1926 жылы Қызылорда қаласында баспа бетін көрген «Әдебиет танытқыштың» құнды еңбек екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Дей тұрғанмен, бұл еңбектің құндылығы ондағы әрбір теориялық тұжырымды әлемдік әдебиеттану ғылымындағы басты-басты әдеби-теориялық тұжырымдармен бірлікте қарастырғанда ғана ашылмақ.

Ахмет Байтұрсынұлының теориялық пайымдары қазіргі ғылыми айналыста танылған авторлардан (Б.В.Томашевский, В.М.Жирмунский, А.И.Белецкий, Г.О.Винокур, Ю.Н.Тынянов, Р.Якобсон, В.Кайзер, Г.Г.Гадамер, В.Б.Шкловский, М.М.Бахтин, Цв. Тодоров, Р.Уэллек және О.Уоррен, Ю.М.Лотман, В.Шмид, Е.Фарино, В.Е.Хализев, С.Н.Бройтман, Н.Д.Тамарченко, И.В.Силантьев, О.А.Клинг, Д. Каллер) бір мысқал да кем емес. Керісінше, кейбір тұстарында мүлде терең, жаңаша теориялық қорытындыларымен ерекшеленеді.

Пікіріміз дәлелді болу үшін төменде Ахмет Байтұрсынұлының әрбір теориялық пайыма тоқталайық.

### **Өнердің түрлері және сөз өнері**

Өнердің мәні мен оның көркем туындымен ара-қатынасы бүгінде ең бір өзекті тақырып болып отыр. Тіптен өнердің теориясы болмайды, себебі көркем дүниеге деген талғам әр кезеңде әрқалай деген пікірлер де айтылып жүр. Осыдан келіп көркем дүниенің тәпсіріне қатысты дау дамайлар, түрлі анықтамалық қиындықтар жеткілікті. Бірақ, қалай болғанда да өнердің өзіндік ерекшелігі жөнінде бірқанша аксиомалық көзқарастар да жоқ емес. Бұл енді тақырыптың тарихына аздап шегініс жасауды қажет етеді. Өнердің мәні мен ішкі-сыртқы табиғатын түсінуге деген талпыныс сонау антикалық дәуірден бастау алады. Көркемдік дүниесінің жалпы сыпатын Аристотель адамның танымдық һәм еліктеушілік қасиетімен байланыстырғаны белгілі. Г.Гадамердің сөзіне жүгінсек, онда аристотелдің еліктеу түсінігі барлық поэтикалық өнердің болмысына тікелей әсер етеді.

Аристотель ойлары кейіннен қаншама теориялардың тууына негіз бол-

ды. Екі бағыттың бірін ұстанып, әрі еңбектеріне өз ойларымен де өң берген ғалымдардың қатары (Л.Толстой, Н.Буало, ағайынды Шлегелилер, ағылшын романтиктері У.Вордсворт, С.Колридж, Р. Саути беріректегі ағылшын өнертанушылары К.Белл, Р.Фрай, «семантикалық сыншылар» деп атап жүрген Ф.Уилрайт, Б.Кроче, философ Э.Кассирер, орыс ғалымы Вяч.В.Иванов, структуралист К.Леви-Стросс т.б.) кезең, уақыт талабы тұрғысынан дамып көбейіп келеді.

Өнер спецификасының ішкі жүйесін Ахмет Байтұрсынұлы аналитикалық тұрғыдан жүйелейді. Жалпы болмысты ғалым жаратынды («орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ») және жасалынды («үй, кірпіш, бақша, арық, құдық») нәрселерден тұрады деп екіге бөліп қарастырады да өнерді жасалынды нәрселерден шығарып таратып әкетеді. «Адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады; өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен» [1, 164-б.]. Ары қарай өнердің классификациясы беріледі: *«Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, тағысын тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сурет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек жарақтары. Мұны істегенде, сұлуынан жылуы дегендей, көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер, жылуына гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгендіктен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер; алдыңғы нәрселер адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер; соңғы нәрселер адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін жасалатын **көрнек өнері** болады»* [1, 164-б.]. Анықтап пайымдасақ, А.Байтұрсынұлы өнердің түпкі мазмұндық негізінен гөрі, оның шынайы функциональды-нәтижелілік (прагматикалық) сыпатына баса көңіл берген. Яғни, өнер қайдан дегеннен бұрын, өнер не үшін дегенге көбірек тоқталады. Және соның өзін, яғни бір пәнге жүк болатын бүтіндей жүйені алақандай аңдатудың аясына сыйдырып жіберген.

Тағы бір айта кетер жайт, XX ғасыр басында «өнер тек өнер үшін» керек деген тұжырымның кең тараған кезі екені белгілі. Бұл тұжырымның тарихы әріректен басталғанымен, жүйелі бір түсінік ретінде XVIII ғасырдың орта шенінен бастап қалыптасады. «Тек өнер үшін» деген көзқарастың бас ұшы антикалық грек рим кезеңінде де («александрия» поэзиясында, сонсоң империяның соңғы

ғасырларындағы рим әдебиетінде де), ежелгі Шығыс елінен де байқалған. Ал «өнер тек өнер үшін» («искусство для искусство») деген түсінік Г.Э.Лессингтің «Лаокоон» трактатында алғаш рет өз жүйесін табатыны белгілі. Бұл теорияның шын мәніндегі теориялық негізі И.Кант пен Ф.Шиллерлердің өнерге деген біржақты пайымдарынан соң романтиктер тарапынан өнер теориясындағы қомақты концепция ретінде өз күшіне енгенін айтуға болады.

А.Байтұрсынұлы Платон айтатын үлкен өнерді көрнек өнері деп атайды да, оның «адамның жан қоштау керегінен» шыққандығын ескертеді. Енді осы адамның жан қоштауынан шыққан өнер не үшін керек десек, әрине ол адам жанының қалауы үшін керек деген қисынға тіреледі. Ал адамның жан қоштауы деген не, оның шеңбері мен өнердің шеңбері бір-біріне толық тоят-тай ма, бұл арасы тәптіштеп ашылмайды. Дегенмен, А.Байтұрсынұлының өнерді жіктегенде тірнек өнерінен де қатар таратып түсіндіргенін алға тарта отырып, жоғарыдағы «өнер тек өнер үшін» деген біржақтылықпен де байланыстыра алмайтынымыз басы ашық мәселе.

Мұнан кейінгі кезекте көрнек өнерінің бес тарауы айқындалып, әрбірінің негізгі анықтамасы беріледі.

«Бірінші – тастан, кірпіштен, ағаштан, яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәулетті сарайлар, мешіт, медресі, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады (европаша архитектура).

Екінші – балшықтан, я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сурет жасау өнері – бұл сымбат өнері болады (европаша скульптура).

Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, суреттеп көрсету өнері – бұл кескін өнері болады (орысша живопись).

Төртінші - әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері – бұл әуез өнері болады (европаша музыка).

Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері – бұл сөз өнері болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература)» [1, 165-б.].

«Әдебиет танытқышта» көркем өнердің негіз мүшелері осылай жүйеленеді.

Сөз өнеріне қатысты басты тұжырымды, А.Байтұрсынұлы: *«Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадырыңша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді»* [1, 165-б.] – деп, түйіндейді.

## Әдеби шығарманың құрылымдық сипаты. «Шығарма сөз»

«Әдебиет танытқыштың» көлемі шағын «Шығарма сөз» тараушасында әдеби шығарманың құрылымының алғышарттары берілген. Ең алдымен әдебиет түсінігінің өзіне анықтама беріледі: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып көбінесе шығарма деп айтылады. *Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады.* Шығарманың түрлері толып жатыр. Оның бәрін шумақтап бір-ақ атағанда арабша әдебиет, қазақша асыл сөз дейміз» [1, 170-б.]. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы сөз өнерінің бір парасы болып табылатын әдебиет сөзінің ауқымын кең шеңберде ашып беріп отыр. Яғни, «*Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады*» дейді. Ал біз білетін көп қолданыстағы әдебиет (litteratura – *жазылған*, littera – *әріп* сөзінен келіп шығады) түсінігінің «ақындық өнер», «поэзия» түсініктерінің орнын алмастырып келгені белгілі. Байтұрсынұлының бұл жерде асыл сөздің баламасы ретінде айтқан «арабша әдебиет, қазақша асыл сөз дейміз» деуі де жай емес. Себебі, бұл терминдердің таза мағыналық өлшемін таразылағанда, асыл сөзге жақын болып шығатыны латын тілінен келгенінен гөрі араб тілінен келгені (түбірі *أدب* әдеп, көркем мінезді иемдену, әдептілік, әдепті сөйлеу, сұлу сөйлеу т.б. мағыналарды білдіреді, осы мағыналардың барып тірелер шыңы – асыл сөзден тіптен де алыс емес). Мағыналық жағынан соңғысының шеңбері кең болып тұр. Адамға рухани қажеттілік – сөздің асылы ғана дегенге саяды. Ал, асыл сөздің ғылыми анықтамасына келсек оған қазіргі әдебиеттану да нақты жауабын бере алмай отыр. Алайда, ғалым ұсынып отырған дискурстық жүйе асыл сөздің өзіне тән ерекшелігіне қан жүгірткенімен, оның кең мағынасындағы рухани талғам тұрғысынан келіп шығатын спецификалық мәніне жауап береді дей алмаймыз. Әрине, бұл жерде біз дискурс табиғатын ашып беруді мақсат тұтпадық. Тек, сөз өнеріне деген жаңа талап тұрғысынан жазылып жүрген дәйекті, дәйек ретінде айта кетуді ғана ойладық. Немесе, Байтұрсынұлы түсінігіндегі асыл сөз бен жоғарыда келтірілген дискурстың түсінігі мүлдем кереғар ұғымдар. Бірі асыл сөздің асыл болатын белгілері болады десе, бірі әдебиетте олай болуы шарт емес, барлығы да пікір алысу болады дейді. Яғни, былапыт сөзбен екі адам ұрысып қалса ол да пікір алысу; пікір алысу болғаннан кейін ол да әдебиет. Яғни әдебиет сөздерінің ешқандай түрі, өз сүйкімі, шекарасы болмайды. Бұл енді қисындық синтездің (техногендік һәм философиялық ойдың синтезінен) жетістігі. Дискурс тек соны ұтымды қолданып тұр, әдебиетке. Ал енді мұның шешімі қалай болары уақыт еншісінде. Жалпы біз білетін көркемдік дүние тарихында

(егер ол көркемдікті бүтіндей құшағына алғысы келген жағдайда) дискурс тектес қаншама эксперименттердің ғұмыры келте болып келгендігі басы ашық мәселе.

### **А.Байтұрсынұлы, Б.В. Томашевский, В.М. Жирмунский еңбектеріндегі стилистика ұғымының трактовкасы**

Бұл тақырып ішінде қарастырылып отырған түсініктердің аталым мағынасының басын ашып алғандай болсақ ол төмендегідей болады: а) Байтұрсынұлының «Тіл қисыны» дегенін – стилистика ғылымымен, нақтысы *поэтикалық стилистикамен* мазмұндас деп қараймыз. Нақ осы жерде және төмендегі терминдерге де қатысты айта кету керек, біздің мұндай ұқсастықтарды дәлме-дәл деуімізге толық негіз жоқ (себебі бір терминнің келесі бір ұғымға қарағанда зерттеу шеңбері кең болуы немесе керісінше болуы да әбден мүмкін), мұндағы негізгі мақсат – тек зерттеу барысындағы жүйелілік ұстанымы ғана. ә) Сол поэтикалық стилистика аясында, Томашевский мен Жирмунскийде де кездесетін *поэтикалық семантика* (сөз мағынасының ауысуы, яғни, троптар мен өзге де көркемдік айшықтар; көбіне мұны жоғарыдағы екі автор *поэтикалық лексиканың* аясында қарайды) ұғымын Байтұрсынұлының «Тіл көрнекілігімен», анығы сол бөлімге кіретін категориялармен қатар қараймыз. б) Ал «Сөз талғаудың» ішіндегі «Сөз дұрыстығы», «Тіл тазалығы», «Тіл анықтығы», «Тіл дәлдігі» деген тараушаларды көбіне *поэтикалық синтаксиспен* барабар қараймыз. Б.В. Томашевский кітабының (әңгіме мына кітап жайлы: Б.В. Томашевский. Теория литературы. Поэтика. Л.: Госиздат, 1925; анығы осы оқулықтың «Стилистика элементтері» деген тарауы жөнінде өрбіп отыр) поэтикаға кіріспе болып келетін тарауында стилистика мен көркем шығарманың ара қатынасын белгілеп алады. «Изучение свойств художественной речи всецело принадлежит лингвистике - науке, изучающей человеческую речь во всех ее проявлениях. В частности, проблемы, к которым мы подходим, относятся к области стилистики, изучающей индивидуальные формы речи» [2, 29-б.]. Ал стилистиканы неге поэтиканың аясында қарастырамыз дегенге, Б.В. Томашевский оның мәнісі екі себептен дейді. Біріншіден, «ақын тілінің» мән-мазмұнына қатысты мәселелер мен түрлі тілдік әдістер (троптар) бір-бірімен әмәнда байланыста. Сол себептен «стилистиканың мәселесі көркем әдебиеттің спецификалық мәселесі болып табылады» [2, 29-б.]. Екіншіден: «Бұл ежелгі ақындар мен шешендердің кезінен келе жатқан мәселелер. Және сол уақыттан бері бұл мәселелер тіл біліміне емес, әдебиет теориясына қатысты болып келді, сондықтан да сөз өнерінің ғылымы туралы сабақтарда олар, әдетте тіл ғылымының жүйесіне

емес, әдебиет ғылымының жүйесіне кірген» [Бұл да сонда]. Ал поэтикалық стилистика нені қарастырады дегенді Томашевский: «..мы коснемся основных вопросов, связанных с созданием осязаемого выражения, способов индивидуализации речи, т.е. способов построения из общего языкового материала речи, характерной для данного произведения или автора; наряду с этим мы постараемся учесть какой эффект в восприятии достигается этими приемами построения речи» [2, 30-б.]. «Ақын тілі» А. Байтұрсынұлы термині / Егер функционалдық тұрғыдан мұны «поэтический язык» дегенмен барабар түсінсек онда бұл терминнің ғылыми негізі А.А. Потебнядан келетінін айта кету керек./ Және де «ақын тілін» - қазіргі әлемдік әдебиеттану ғылымында қолданыста жүрген «көркем сөз», «көркем текст», «көркем тіл», «поэтикалық тіл», «әдеби шығарма тілі» деген ұғымдарымен мағыналас деуге болады. Осы «ақын тілі» деген түсінікті А. Байтұрсынұлы әншейін жәй сөзден ажыратып алып, «айрықша өң беріп айтылған сөз» [1, 175-б.] деп анықтаса, Б. Томашевский де дәл сондай көзқараспен «речь, в которой присутствует установка на выражение / «Бізде «установка» деген сөз бар, ол «автордың шығармашылық ниеті» дегенге саяды» дейді Ю. Тынянов называется художественный в отличие от обиходной практический» деп түсіндіреді. Негізінен екі ғалымның да айтып отырғаны бір ұғым. Тек бұл жерде көңілде жәй ғана бүлкілдеп қоятын бір өкініш қана қалады, ол Б.В. Томашевский есімі (1890-1957) бүгінгі кез-келген теориялық еңбектің негізінен табылса, А. Байтұрсынұлы есімінің (1872-1938) әлі де болса үлкен ғылыми айналысқа толық кіріп кетпегені.

Міндетін осылай анықтап алған соң, Томашевский стилистиканың негізгі үш тарауы деп, *сөздің мағыналық құбылмалылығы, құрылымы мен әуезділік шарттарының* жүйесін келтіреді. Әрқайсысының жеке жеке анықтамалық, функционалдық талдауы беріледі.

А.Байтұрсынұлы: «*Тіл қисыны* дегеніміз асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым» [1, 176-б.] деп, стилистиканың негізгі міндетін нақтылап алады да: «*Лебіз ғылымының* мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» [Бұл да сонда] деп, поэтиканың негізгі міндеттерін де айтып өтеді. Біздің пікірімізше, бұл жерде Байтұрсынұлы поэтиканың бірден-бір тірегі деп ең алдымен тіл заңдылықтарын айтып отыр. «*Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сыйпатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сыйпатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады*» [11, 178-б.].



Ал осы тіл қисынының лебіз ғылымына тікелей қатыстығы жөнінде Жирмунский де көп айтады. Поэतिकаның міндетін айта келе ғалым : «Поскольку материалом поэзии является слово, в основу систематического построения поэтики должна быть положена классификация фактов языка, которую дает нам лингвистика» [3, 28-б.] деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырым бізді жоғарыда айтылған тілдік категорияларға<sup>23</sup> алып келеді<sup>24</sup> де, Жирмунскийше «стилистика есть как бы поэтическая лингвистика: она рассматривает факты общей лингвистики в специальном художественном применении» болып шығады да, дегенмен сөз соңында «содержание поэтики стилистикой не исчерпывается» [3, Б.30-31] деп лебіз ғылымының тынысын кеңейтеді. Ал Байтұрсынұлы поэтикасының да стилистикалық шарттармен ғана шектелмейтіні белгілі. Автор, дұрыс әңгіме жазу үшін тілдік шарттарды білу аз дейді, оған қоса «жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса» дейді, сонда ғана шығарма «пікірлі, әсерлі әдемі болып шықпақ» [1, 176-б.] дейді. «Пікірлі», «әсерлі», «әдемі» шығарма деген түсініктер: Байтұрсынұлы – «*лебіз ғылымының мақсатын*» тек тіл білімінің негіздік категорияларының аясында ғана емес, күрделі пәлсапалық және эстетикалық теориялармен бірлікте, өте кең түсінгендігінен хабар береді. Осы тарауда стиль категориясы да сөз болады. Бірақ бұған жеке тоқталамыз. «Бүтін пікірін айтып шығаратын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады» [1, 178-б.]

Троп пен фигураны А. Байтұрсынұлы бірлікте қарайды. Терминологиясы мұнда да түп түгел қазақша. Тіл көрнекілігінің көркем шығармадағы міндетін айтқанда классикалық мысал ретінде, Мағжанның «Толқын» өлеңін мысалға алады. Асыл сөздің образдылығы да, эстетикалық және поэтикалық мұраты да осы өлеңде үлкен шеберлікпен берілген. Осындай сөздерді «көрнекі тіл» дейміз дейді де, оны «көріктеу», «меңзеу», «әсерлеу» деп, үш әдіске жіктейді. Мұндай күрделі де қарапайым концептуальды тәсіл Байтұрсынұлыға тән. Біздіңше, Ахмет Байтұрсынұлы пайымындағы әрбір ұғым немесе сол ұғымның жүгін көтеретін «пән сөздері», негізінен үш тағанмен бірлікте қаралады. Олар: сөздің *терең генезисі мен семантикасы* және оның асыл сөз жүйесіндегі

<sup>23</sup> Тілдік категориялар деп бұл жерде стилистиканың аясындағы поэтикалық семантика мен синтаксисті айтып отырмыз. Жирмунскийде бұған қосылатыны фонетика / «Поэतिकаның міндеті» мақаласында (1919) фонетика стилистиканың аясында қаралады да, кейінгі жұмыстарында (1923) фонетиканы бөлек қарастырып, оның негізбасы ретінде метрика, мелодика, инструменталдықтарды алады/, жалпылай поэтикалық стилистиканың ішінде шартты түрде алсақ: Тамошевскийде ол - эвфония (поэтикалық сөздің дыбыстық талғамы) болады, Байтұрсынұлыта ол - тіл әуезділігі болады.

<sup>24</sup> «Каждый из этих (тілдік) фактов, подчиненный художественному заданию, становится тем самым поэтическим приемом. Таким образом, каждой главе науке о языке должна соответствовать особая глава теоретической поэтики» [3, Б. 30-34].

*функциясы.* Осы әдестемелік пайым тұрғысынан болсын не ғылымдағы өзге де жүйелілік қағидасы тұрғысынан болсын - «Әдебиет танытқыштың» бұл тарауын зерделу, әлі де бірнеше арнайы көлемді зерттеулерге сұранып тұр.

Көркем сөздің стилистикалық ерекшеліктерін жалпы қарастыру кезінде жоғарыда аталған тұжырымдамалардың түпкі негізін «Әдебиет танытқыштың» басынан көруге болады. Сол себепті де кітаптың «Сөз өнерінің ғылымы» атты тарауындағы поэтиканың классификациясы берілген жерінен мәтін келтіреміз. Оның үстіне «тіл қисынының» да жүйесі осы жерден тарайды: «Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалатын сөз шумағы да тіл (я лұғат) деп аталады.

Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) Ақын тілі, 2) Әншейін тіл. Ақын тілі айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айрықша өң берілгендіктен лебіз көрнекі болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілмегендіктен, лебіз сида, жалаңаш болып шығады. Сондықтан алдыңғысы көрнекі лебіз деліп, соңғысы жалаң иә (көсе) лебіз делініп айтылады.

Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз?

Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз – осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керектігі жоғарыда айтылды. Сөз шығару өнерді керек қылса, өнер ғылымды керек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады.

Шығарманың екі жағы бар: 1) тысқы тіл жағы, 2) ішкі пікір жағы.

Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді:

1) шығарманың тілінің ғылымы, 2) шығарманың түрінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді.

Әр саласы айрылып, бөлек-бөлек сөз болмақшы» [1, 176-б.].

Сонымен аталмыш пәннің (стилистиканың) міндеттерін А.Байтұрсынұлы әдеби туындының стилистикалық заңдылықтарымен бірлікте зерделейтіні белгілі болды. Ғалымның біз жоғарыда тоқталып өткен: *«Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалған. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің*

*тізілуінен»* деген тұжырымы да соның айғағы [1, 177-б.]. Себебі бұл тезистен поэтикалық тіл мен стилистиканың (бұл лексикалық-фразеологиялық құралдар, тармақтар, (оларды тағы «тіл семантикасына» да жатқызады, фонетикалық, интонационалдық-синтактистік, ритмдік) көркем тілдің негізін құрайтыны айқын аңғарылады. Бұл тұжырымды Б.В. Томашевскийге де қатысты айтуға болады.

Бұл пікірімізді және бір қуаттайтын ғалымның келесі бір тезисі былай өрбиді. Байтұрсынұлы автор мәселесін сөз қылғанда: *«Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыс сөйлемді тізе білу тиіс»* дейді [1, 178-б.]. Мұнан түсінетініміз автордың шығармалық ойлары және оны жүзеге асыру тікелей стилистикалық білімге байланысты екендігі. Бұл тұжырымнан шығатын қорытынды мәтіннің құрылымы оның мағынасына әсерін тигізеді дегенге келеді. Поэтикалық семантика дегенде біз көбіне осы ұстаныммен бетпе-бет келіп қаламыз. В.М.Жирмунскийдің де жазуынша: «композиционные задание художника, звуковое и смысловое, находит выражение в метрическом и синтаксическом построении словесного материала» [3, 31-б.]. Ал Байтұрсынұлының сөйлемді дұрыс құру дегені поэтикалық синтаксистің де нысанын қамтиды. Дәлірек айтсақ, ғалым бұл жерде поэтикалық синтаксисте тән мағыналық ерекшелікті көре білген. Яғни Байтұрсынұлының жоғарыдағы *«айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыс сөйлемді тізе білу тиіс»* деген ұстанымы поэтикалық мәтінге тән ең маңызды мәселені қозғап тұр. Яғни, бұл - автордың шығармашылық стратегиясы мен поэтикалық заңдылықтар бірлігі деген мәселеге келеді. Бұл байланысты В.М. Жирмунский мейлінше анық көрсете алды: «...Поэт употребляет те же придаточное или уступительные предложения, те же синтаксические формы, те же падежи, которые существуют в обычной речи. Он их только *по-особому использует, по-особому организует, подчиняет* их своей художественной задаче, задаче создания поэтического образа». Бұл мәселеге тіптен тереңдеп барған, яғни стилистика ғылымын өте кең мағынасында түсінген деп Г.О. Винокурді айтуға болар. С.Н.Бройтманның пікірінше, Винокур поэтиканы «стилистиканың бір бөлігі ғана» деген пайыммен зерделеген. Г.О.Винокурдың поэтикалық тілдің мәні туралы жүргізген зерттеулері (Винокур, 1923, 1923, 1945), проблеманың әдістемелік және тарихи-стилистикалық жақтарын қарастырады. Ғалымның тілдің поэтикалық қызметі туралы тұжырымдамасын былайша түйіндеуге болады. А) Өзге стильдермен бірге сөз құралдарын пайдалануды өзіндік дәстүрі бар ерекше мәнге ие сөз стилі ретінде. Аталмыш жағдай – поэтикалық стиль. ә)

ерекше поэтикалық қасиетке ие тіл. Б) үшіншіден, ерекше көркем қызметтегі немесе «өнер дәрежесіне көтерілген» тіл ретінде.

## «ҚАРА СӨЗ БЕН ДАРЫНДЫ СӨЗ ЖҮЙЕСІНІҢ» ТРАКТОВКАСЫ

«Әдебиет танытқыштың» ең басында сөз өнерінің жалпы теориясына қатысты келесі бір тәсіл пайдаланылған болатын: *«Шығарманың екі жағы бар: 1) тысқы тіл жағы, 2) ішкі пікір жағы.*

*Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: 1) шығарманың тілінің ғылымы, 2) шығарманың түрінің ғылымы.*

*Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді» [1, 176-б.].* Бұдан шығатын түйін - Байтұрсынұлы ең алдымен шығарманың семантикалық құрылымына назар аударып отырған болады. Шығарманы мазмұндық жағынан *қара сөз бен дарынды сөз жүйесі* деп бөлуі соның айғағы. Сонымен «Әдебиет танытқыштағы» «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталатын екінші тарауда асыл сөз теориясының негізгі белгілері тұтастай талданады. Егер жіліктеп айтсақ, бұл тарауда: көркем шығарманың түрлері, прозалық мәтін мен ақындық мәтіннің айырымы, көркемдік әлемнің құрылымдық жүйесі мен ондағы мағыналық астарлар мәселесі, мәтіндерінің арасында қатынас жүйесі, терминдеу жүйесі, көркемдік әлеміндегі субъективті және объективті басымдықтар, композициялық негіз, оқиға таңдау, олардың орналасуы, әдеби тектер мен жанрлар ерекшеліктері, шығарманың эстетикалық талғам бағыттары секілді теориялық мәселелер сөз болады.

Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымы бойынша, көркем сөз – көпқабатты құбылыс. Оның құрамында сөздің негізгі теориялық басымдықтары белгіленген. Ғалымның айтуынша: *«Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз зейін тілі. Жалаң сөз зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады. Жалаң сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әләптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады» [1, 255-б.].* Жоғарыда біз ғалымның қандайда бір категорияның мазмұнын ашуда ең маңызды ерекшеліктерді айтып кеткенбіз. Мұндай ерекшелік, ғалымның «сөз өнері» мәнін түсіндіргенде қолданылатын әдіс-

теме әдеттегі бізге таныс дефиниция жүйесіне берілмейді. Ғалым пәннің кез-келген категорияларын түсіндіргенде оның қасиетін образды мысалдармен, философиялық, филологиялық категориялар бірлігінде ашып береді. Бұған қоса, А.Байтұрсынұлы басқа көркемдіктің спецификалық категорияларына басты көңіл аударады. Яғни тек ой желісіндегі көркемдіктің реттілігі ғана ашылып қоймайды, сонымен қатар олардың түпкі белгілері («Көркем сөз – көңіл тілі»; «көркем сөз қиял байлығына қарайтын нәрсе») яғни адам санасының көркемдік әлемді сезіну негіздері қатар түсіндіріледі. Мұның бір шеті адамның образды қабылдау бейімдігіне де қатысты («яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау») Мұның өзі бейнелеу категориялардың мәніне, санадағы бейнеге ұласады. Бұл тұрғыда Потебня еңбектеріне сілтеме жасауға болады [4]. З.Фрейдтен Э.Фромға дейінгі бір топ психологтардың да көркем туынды мен түс көрудің жақындығы туралы көп жазуы тегін болмаса керек.

Жоғарыда келтірілген, көркем сөздің ерекшелігіне қатысты А.Байтұрсынұлы тезисі, жалпылай алғанда, гегелдік және гегелден кейінгі эстетикалық әдіснамаға біршама жақын. Образ категориясын талқылауда гегелден кейінгі эстетикалық методологияның бір ерекшелігі - көркемдік мәтін мен ғылыми дәлелдік шығарма сөздердің мәнін қарсы қойып талдауларында болды. Ал көркем сөздің пәндік мазмұнын ашуда А.Байтұрсынұлыдан да аталмыш тәсіл байқалады: «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз - зейін тілі. Жалаң сөз зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз қиял байлығына қарайтын нәрсе» т.б. деген секілді, көркем сөз бен қара сөзді қарсы қойып түсіндіру мәселесіннен соны аңғарамыз.

### **«Ұлы әңгіме» немесе роман спецификасы**

«Әдебиет танытқыштағы» әдебиеттің тектері мен түрлеріне қатысты жүйе Платон, Аристотельдерден келе жатқан классикалық үлгіге саяды. Әрине, түрлерге қатысты айтқанда А.Байтұрсынұлы өз заманының теориялық жетістіктерінің бәрін ықшамдап кіргізе білген. Ал кейбір тұстарында, өзіне тән кең ойлау ерекшелігімен уақыттан оза шауып сөз өнерінің үш тегінің спецификасына қатысты тұжырым жасайтын жерлері де бар. Егер кезек бойынша әуезе түрлерінен сөз қылсақ, ғалымның роман туралы тұжырымдарына тоқталамыз.

**Біріншіден** романға А. Байтұрсынұлы «ұлы әңгіме» деген атау береді. *«Ұлы әңгіме, яки роман. Ұлы әңгіме, яки роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз - дейді де, ал енді мұның себебіне келгенде: «Ұлы әңгіменің мақсаты көптің*

өмір сарынын суреттеп көрсету болғандықтан, бұл туралы шығармаларда адамның да, уақиғаның да ұлысына, ұсағына бірдей назар салынады. *..Ұлы әңгіме тұрмыс тілі, өмір жүзіндегі ұлы-кіші замалдар, ұлы-кіші уақиғалар қалай бір-біріне оралып, шиеленісіп, байланысып, ұйысып, ұшы қайдан басталып, қайдан барып тоқтайтынын мысалмен көрсеткен секілдендіріп алдыңа әкеліп, түрлі жолмен, бағытпен байланыстырады, шиеленістіреді. Шиеленістіре барып, немен тынатындығын көзге көрсетеді»* деп, ұлы әңгіменің құлашы кең, бірақ соның есесіне күрмеуі де күрделі жанр екенін білдіріп кетеді [1, 342-б.]. Сөйтіп бірден сөз өнері жүйесіндегі романның салмағын айқындап, оған бөлекше талап қояды. Бөлекше талап қояды дейтініміз, Байтұрсынұлы романға тек пішіндік, жанрлық шеңберде ғана қарамайды. Ал 20 жылдары жанрлық түрлерге дәл осы тұрғыдан қарау басым еді. Мәселен, Б.Томашевский мен Б. Ярхо эпикалық жанрларды тікелей құрылымдық тәсіл тұрғысынан саралайды. Олар үшін роман бірнеше мотивтердің конструкциясы іспетті. А.Байтұрсынұлы романның көлемі жайлы айтқанда, жанрдың конструкциясын да ескереді. Бірақ, қазақ теоретигінің формалистік мектеп тәсілдерінен бір ерекшелігі романға сөз ретінде (гр. epos), сөз болғандада салмағы басым *ұлы әңгіме* ретінде қарау арқылы, оның семантикалық қасиетін бірінші орынға қоюы болып отыр.

**Екіншіден,** Ахмет Байтұрсынұлы романның ішкі компонентері мен сыртқы тақырыптық аясын да қатар бірлікте айқындап береді. *«Ұлы әңгіме шығарушылар (романишылар) роман жазғанда, тақырыпты не өз заманындағы тұрмыс сарынынан алады, не өткен замандағы тұрмыс сарынынан алып жазады немесе алдағы заманның сарынынан болжап жазады. Роман алған замандағы тұрмыс сарынын көрсеткенде, сондағы адамдардың – үлкені, кішісі бар, жақсысы, жаманы бар, байы, кедейі, төресі, қарасы бар, жасы, кәрісі бар – не істейді, не іздейді, не тілейді, неге сүйеніп, неге күйінеді, неден именеді, неден күйзеледі, нені жақтырады, неден жиренеді, неге құмар, неге сұлық, қысқасы, иә бүтін бір жұрттың, яки жұрттың бүтін бір табының сыр-сипатын сөзбен суреттеп, алдыңнан өткізеді»* [1, 340-б.]. Қазақ теоретигі романдық түрдің қасиетін, өзіндік ішкі тереңдігінен осылай толғаса, орыс теоретик ғалымы М.Бахтиннің Достоевский романдарына қатысты талдауында осы тұжырымдар қайталанғандай әсер қалдырады. Яғни, Байтұрсынұлы мәселенің түпкі негізінен қозғаса, Бахтин пікірдерінде соның нақты жүзеге асқан түрін көруге болады. Бірі ұлы әңгіменің теориялық негізін айтса, екіншісі сол негізді практикалық сипатымен қатар саралап, талдап ашып береді. Жоғарыда Бахтинның Достоевский тіліне қатысты тезис соның бірден бір айғағы.

**Үшіншіден,** ғалым ұлы әңгіменің басты ерекшелігі болып табыла-



тын оқиғаның көпқабаттылығы (многолинейность сюжета) мәселесін де жан-жақты, әрі қисынды түрде ашып береді. Бұл тұрғыдан алғанда ғалым теориялық пайымдау бірлігі ретінде терең психологиялық, педагогикалық пайымдаудың белгілерін де өте ұтымды бере білген. Төмендегі роман спецификасына қатысты көлімді мысал біздің бұл тұжырымымызға мығым дәлел бола алады.

*«Ұсақ уақиғалар адамға күнде душар болғанда, ірі уақиғалар өмір бойы душар келмесе ықтимал. Адам басынан кешетін көбіне ұсақ уақиға, ұсақ іс, жеңіл сүйініш, жеңіл күйініш. Ұлы әңгіме өңшең үлкен уақиғалармен болмай, ұсақ істерден де өнеге көрсетуге тырысады. Оның олай етуінде, екі түрлі мәніс бар:*

*1) Ұсақ уақиға мың қырланып, мың түрленіп қайта айналып тұрады. Қайта-қайта болатын уақиға қалыпқа айналады.*

*Адам тұрмысының тағдырын күн сайын құбылып, қайта-қайта келіп тұрған ұсақ уақиғалар шешеді. Бір рет өтірік айтсаң, ол зор бәле: өтірікші, сырғыма, сенімсіз болсаң, онан тіршілігіңе келетін кесепат көп; адам бірден өтірікші, бұзық, ұры-қары болмайды; бірден түзек, әділ, адал, ізгі де болмайды; бір істегенін қайта істеп қалыптанумен бірте-бірте барып болады.*

*2) Ұсақ уақиғаның бірден ақ ұлы уақиғаға себеп болатын жерлері де бар. Үлкен үйге кішкене кілт жол ашатыны сияқты, үлкен іске көбіне кіші іс кілт болады. Кіп-кішкене ұшқыннан үп-үлкен өрт шығады, аз нараздық көңілден үлкен ұрыс, төбелес, соғыс шығып кетеді. Сол сияқты, адам қаталасқан бір қатасынан өмірлік тұрмысын ауырлатып алуы ықтимал. Бір дұрыс істеген ісінен жөнін түзеп, тұрмысын ауырлатып алуы ықтимал. Ұсақ уақиғадан ұлы уақиға тууы ықтимал болғандықтан, ұсақ істің бәрін ұсақсыну керек емес. Ол ұсақ іс, бәлки, зор шарапатқа ие зор кесепатқа кілт болатын ұсақ істің бірі шығар. Олай болса ұлы уақиғалармен қатар, ұсақ уақиғаларды қатар алу, түрін тану керек болады. ...Тіршілік жолында жүзеге шығарайын деген ісіңе бөгет болатын көбінесе үлкен істер емес, ұсақ істер, ұсақ нәрселер; олардың бөгетшілік күші үлкендігінде емес, көптігінде. Олардың бөгеттілігін бұзуға көп күш, үлкен іс керек емес, ұсақ ғамал, жиі жеделдік керек. Тіршілік ғамалы – заманның зарын, тұрмыстың сарынын тану ғылымы, адамның іздеген, көздеген жақтарын білу, мақсаттарына жетуге жүретін жолдарымен танысу; тұрмыс ғылымын жақсы білгеннің ісі – ұсақ істерге айналып, ұлы істерді де ұмытып кетпеу, ұсақ істерді ұсақсынып, қатарға алмай, қазыққа сүрінгендей болып құлап та жатпау.*

*...Тұрмысқа сарын жасайтын адамның ғамалы, ғамалға өң беретін адамның мінезі, мінезге кейіп беретін тұрмыс тәңірегі; адамның мінезі ойының түрінен, көңілінің күйінен, істеген ісінен білінеді. Адамның тысқа*

*шыққан пікірінде, көңілінің күйінде, еткен замалында мінезінің қай түрі көбірек көрінсе, сол адам сол мінезді болмақ. Мінез іштен туады; бірақ шынығып жетпей тұрғанда мінез түрін тәрбиемен өзгертуге болады» [1, 342-б.].*

Төртіншіден, Байтұрсынұлы романдағы кейіпкер мәселесіне байланысты пікір айтады: «Мінезлері ұқсас бірінғай, бір кейіпті адамдарды кейіптес дейміз. Мінездің белгілі бір түріне кейіп беретін адамдарды кейіпкер дейміз. Жомарттық, сараңдық, батырлық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық – бұлар қай жұртта да болатын мінездердің жалпы кейіптері. Сондықтан мұндай мінезді адамдар жалпы кейіпкерлер болады» [1, 342-б.]. Бұл пікірдің романға қатысты жаңалығы бар. Ғалым бұл жерде әдеби герой мен кейіпкер екеуін ажыратып қарайды. Яғни, Байтұрсынұлы нақты романға қатысты категорияға ғана тоқталып тұр. Себебі күні бүгінге дейін бұл екі категорияның мағналық біркелкілігі даулы мәселе. Әдеби геройға жалпылық тән десек, кейіпкерге өз ішіне уңілу яғни субъектіқасиет тән деп білеміз. Ал А. Байтұрсынұлы қисынды түрде кейіпкердің қасиетін оның ішкі мінез өзгешеліктеріннен (*жомарттық, сараңдық, батырлық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық*) шығарады да оның субъективті категория екеніне басымдық танытады. Кейіпкердің әдеби геройдан және бір ерекшелігі, кейіпкер шығарманың сөйлеу құрылымдында көбіне екінші орында қалып отырады. Сонымен қатар кейіпкер категориясының әдеби геройға қарағанда сюжеттік функциясы да әлсіздеу. Бірақ, мәселе солай бола тұра оның мағыналық күші басым, сол себепті де ол прагматикалық жетістіктерге тез жетеді. Әрине, ол жетістік романда бірден байқала да қоймайды. Ал лирикалық шығармалардағы кейіпкердің орны өз алдына бөлек тақырып, ол туралы А.В.Михайлов, Л.Я.Гинзбург секілді ғалымдар жан жақты жазды. Әрине, романда лирикаға тән белгілердің жеткілікті болатыны және түсінікті жайт.

**Бесіншіден,** «Әдебиет танытқышта» роман жанрындағы кейіпкерлердің және бір спецификалық тұсы айтылады. Романның идеологиялық салмағы туралы сөз қозғағанда Байтұрсынұлы оны кейіпкер таңдаумен байланыстыра қарайды. Яғни, ғалым: «*Ұлы әңгімешілер тұрмыс сарынын сүгіреттегенде, сарынға кейіп беретін, өң беретін таптардың кейіпкерлерін алып сүгіреттейді*» дейді де, олардың жай таңдалмайтынын, бастапқы мақсаты адамдар өміріне өзгеріс енгізетін күші бар кейіпкерлер таңдалатынын айтады.

**Алтыншыдан,** романның көлемдік спецификасы туралы мәселе. Содан келіп шығатын әңгіме мен повесть сипаттары жайлы тұжырымдар. Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлы былай деп ой қорытады. «*Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады*». 20-жылдары романды новеллалардың жиынтығынан пайда

болды деп қарау теориясы басым болды. Бұл теория сол кезеңдерде де қазіргі күн ғылымына да кірігіп кете алмады. Бұл пікірді алғаш айтқан «Дон Кихот қалай жасалынды» деген мақаласында В. Шкловский болатын. Жоғарыда қозғалған эпикалық жанрдың көлемдік анықтамасына келсек, Байтұрсынұлы бұған, Томашевский секілді, конструкциялық тәсілмен шектелмей эпикалық түрдің семантикалық ерекшелігі тұрғысынан келеді. Семантикалық ұғымның да негізін баяндайды. Мәселен Байтұрсынұлы сөз өнерінің эпикалық түрлерін (мәселе роман, повесть, әңгімеге қатысты болғанда, кейде бұларды эпикалық деп атауымыз да шартты атау болып табылды – Ұ.Е.) ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме деп атауы жайдан жай емес. Жанрға байланысты мұндай кең шеңбердегі көзқарас өз кезегінде сөз өнерінің уақытқа қатысты жаңа қырын ашады. Сөз өнеріндегі бейнелілік сөйлеу ерекшелігінің уақыттық реттілігімен астасып жатады деген ойдың бір ұшы сонау 1766 жылы жазылған Г.Э.Лессингтің белгілі еңбегіне барып тіреледі.

А.Байтұрсынұлы повесть пен әңгімеге қатысты жаңағыдай уақыттық категориямен келсе, романға неге ұлы деген атау берді деген сұрақ туындайды. Әрине, егер ғалым эпикалық түрге тек қана оның көлемі мен семантикалы астарының әрқилылығынан келген болса, онда мәселе басқалай болар еді. Немесе жоғарыда айтқанымыздай хронотоптық қағиданы ұстанса, онда бұл ұлы әңгіме емес, неге өте ұзақ әңгіме деген атау алмады. Әрине, біз бұл жердегі қарабайыр болжамды ғылыми негізі бар деуден аулақпыз. Мәселенің ауданы уақытқа қатысты болған соң, сол ұстанымды соңына дейін қарастыру тұрғысынан ғана айтылған ой бұл. Себебі, эпикалық түрлерге атау бергенде біз Байтұрсынұлының олардың «...бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір» дегенін және алға тартып, арнайы романға қатысты неге ұлы деген атауды қолайлы көргенін айту. Ол туралы жауаптың шеті де сол «Әдебиет танытқыштан» табамыз: *«Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірі-уақты істері болғандықтан, ол істер бір-біріне ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осылардың бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді. Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс - барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек»* [1, 343-б.]. Яғни, ғалым романды бөлек жанр ретінде талдайды. Бір жағы сол себептен де, әңгіме мен повестьке қатысты біршама сөз өнерінің пәлсафасынан шығып келетін талыптары романға келе бермейді. Себебі Байтұрсынұлы үшін роман олардың анасындай. Атауға байланысты да сол ұстаным; басқалай айтқанда, балаға есімді анасы таңдайды. Ал балаға

қатысты ұғымдық талаптарды (мейлі ол логикалық болсын, ия хронотоптық болсын; айта кетсек, хронотоп әдебиеттануға жаратылыстану ғылымдарынан келген ұғым, жиырмасыншы жылдардың орта шенінде бұл терминді М.Бахтин енгізді деп жүр) анасына қатысты қолдана алмайсыз. Ол эпикалық жанрдың барлық (*әуезе, толғау, айтыс - барша түрін де жұмсайды*) қасиеттерін қамти отырып, дамиды. Ахмет Байтұрсынұлы 20 жылдары романға ғана тән осындай бірқатар күрделі проблемалық ерекшеліктерін дөп басып айтса, араға 40 жылдай уақыт салып М.М. Бахтин сол ерекшеліктердің ғылыми әдістемелік жүйесін айтады.

Дегенмен сөз соңында айта кететін жайт, ол «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақ сөз өнеріндегі бесаспап теориялық еңбек ретінде де, жеке құндылық деңгейіндегі мұра ретінде де әлі де толыққанды зерттеуді қажет етеді деп санаймыз. Біз өз тарапымыздан теориялық поэтика шеңберінде еңбектің жалпы жүйесін ғана саралап шықтық деп айта аламыз. Бұлай дейтініміз, «Әдебиет танытқышта» ондаған егер әдебиет теориясы пәнінің аясында ғана айтсақ) салалық тақырыптар терең синтезбен берілген. Ол синтездердің негізі әрбір саланың маманын талап етеді. Сондықтан еңбектегі барлық тарауларға десертанттың салалық маман ретінде бару мүмкіндігі болмағаны өз-өздігінен түсінікті жайт. Қорыта айтқанда, «Ахмет Байтұрсынұлының ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеулер жүргізу керек».

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. – Т. 1, – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б. ; «Әдебиет танытқыш» (1926) // Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. – Т. 1, – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
2. Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М., 1996.
3. Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. – Л., 1977.
4. Потебня А.А. Теоретическая поэтика. – М., 1990.

## СЕКЦИЯ 2

### XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ҮДЕРІС ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

*Өмірхан Әбдиманұлы*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

Қазақ әдебиетінің даму тарихында XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің алар орны ерекше. Осынау кезең әдебиеті – ұлттық көркем әдебиеттің даму тарихындағы өзіндік жедел өркен жаюы мен жаңашыл бастаулары, көркемдік сипатының жан-жақты жетілуі мен жанрлық табиғатының кеңге қанат жаюы жағынан шын мәніндегі алтын ғасыр әдебиеті. Иә, жаңа XX ғасырмен бірге қазақ даласында рухани мәдениеттің өркендеуіне зор мүмкіндіктер туды. Соның бір көрінісі ретіндегі сөз өнерінің өркенді дәуірінің жаңа беттерін ашқан жазба әдебиет те ерекше екпінмен дами бастады. Ол жанрлық тұрғыдан сараланып, көркемдік әдіс тұрғысынан жетіле түсті.

XX ғасырдағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайлардың өзіндік ерекшеліктеріне сай, дәуір әдебиеті заманының көкейкесті мәселелерін асыл сөздің күдіреті арқылы көркем бейнелеуге, сол арқылы қоғамдық өмірдің, тарихи үдерістің көркем суретін жасауға ұмтылды.

Алаштың ардағы Ахмет Байтұрсынұлының түйінді тұжырымы бойынша әдебиет – көркем өнердің бір түрі. Сондықтан оның қозғаушы күші қоғамдық құбылыстар болғанымен, ол сол құбылыстардың табиғатын танауда қандай қоғамдық қатынаста болмасын, өзінің өнери қасиетін жойып алмауы басты шарт.

Әдебиет өнер түрі ретінде адам – табиғат – қоғам қатынасындағы сан салалы оқиғалар өрісіндегі түрлі сипаттар мен тартыстарды көркем бейнелеу арқылы ашады. Осыдан келіп, ондағы бір-бірімен үндесе көрініс тапқан қоғамдық көзқарас пен авторлық ұстаным шығарманың идеялық бағдарына айналады. XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің жан-жақты дамуына осы жайттар алтын дінгек болды десек, еш қателеспейміз.

XX ғасыр басындағы әдебиет қазақ даласындағы әлеуметтік қайшылықтарды ашып, халықтың өмір сырын кең көлемде сыншылдықпен, шыншылдықпен суреттей алды.

Осы кезең әдебиетінде отаршылдыққа қарсы бағытталған күрескерлік идеялар алғы қатарға шығып, шығармашылықтың басты көркемдік

ұстанымына айналды. Әдеби дамудың осы бір жаңашыл ерекшеліктері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және т.б. шығармаларында айқынырақ көрініс тапты. Олардың шығармалары ресейлік отаршылдыққа, қоғам өміріндегі надандыққа, әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы бағытталды.

Бір ескере кетер жайт, XX ғасыр бас кезіндегі қазақ ақын-жазушыларының бүкіл шығармашылығы Абай атты ұлы арнадан бастау алғанын әсте естен шығаруға болмайды. Сондықтан XX ғасыр басындағы әдебиетті сөз еткенде, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды ұлы тұлғалар поэзиядағы Абай салған дәстүрдің сан қырын ашып, жаңашылдықпен жалғастырғанын атап өткен ләзім. Онсыз сол кездегі поэзияның даму барысын, көтерілген биігін барлай алмаймыз.

Абай – шыншыл суреткер, танымы терең ойшыл ақын ретінде жаңа реалистік әдебиетінің негізін қалады. Ақынның өмір құбылыстарын терең толғайтын өлеңдері мен өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы толғамы мен дүниетанымын танытатын шығармалар жиі осының нақты айғағы.

XX ғасыр бас кезіндегі қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды Абайдың шәкірті іспетті бір туар дарындар еді. Бұлардың бәрі өз кезегінде Абай ұлылығын тануға ұмтылып, ақындығын бағалауға тырысқан болатын. Осы орайда Абай ақындығын бағалаудағы олардың ұлы ақынға берген атаулары да әрі қызық, әрі ой саларлық. Ең жақын шәкірті Шәкәрім «Ұлы ұстаз» тұтса, Ахмет «Қазақтың бас ақыны» деп біледі, Мағжан үшін «Ақындар хакімі» болса, Сұлтанмахмұт «Ақындар пайғамбары» көреді.

Шәкәрім Абайдың қоғам туралы толғамын, адам болмысын танудағы ізденісін, адамның адам болып қалу жолындағы имандылықты, ар-ұятты, адамгершілікті уағыздау өнегесін, білім мен өнер шашпақ үлгісін, теңіздей терең ойшылдығын ұлы ұстаз дәстүрін сақтай отырып, жаңаша жаңғыртып, жасампаздықпен дамытты.

Ахмет бас ақынға қоғамның ең көкейкесті мәселелерін қозғаған ой-толғаныс, отарлық уысындағы ұлттың қамын ойлаған тұстан үндесіп, азаматтық ұстанымнан туындаған азаттық сарынды алға тартуымен жаңаша жол тапты.

Міржақып өлең өнерінің Абай таныған құдіретін мойындау арқылы оны ұлттың санасын азаттық күреске оятудың күшті құралы деп біліп, өз поэзиясына азатшылдықты арқау етуі негізінде Абаймен іштей үндесіп, өлең өлкесіне өзіндік өршіл рух септі.

Мағжан «ақынның ақыны» ретінде «Хакім Абайдың» сыр мен сезімге толы көңіл-күй лирикасын, адамның ішкі болмысына терең бойлаған



сыршылдығын, жан тебіrentкен сезімнің терең иірімдерін жүрекке дөп жеткізер сезімшілдігін, жансызға жан бітірер суреткерлігін шебер игеріп, оны «европалық әшекеймен» үлбіретіп, өзіндік үлгі тауып, өзгеше өріспен ұштастырды.

Сұлтанмахмұт әлеуметтік өмірдегі теңсіздік көрінісін шыншылдықпен суреттей біліп, қоғамдық қайшылықтың негізін «көкірек көзімен» көріп, нақты танып-біліп, ащы шындықты ақындар пайғамбары санаған Абайша айта алып, шыншылдық пен сыршылдықтың өрісін кеңейтті.

Қарап отырсақ, XX ғасыр басындағы ақын-жазушылар Абай ақындығынан үлгі өнеге ала отырып, ұлы тұлғаның сан қырлы, мол сырлы поэзиясының жандарына жақын, рухына үйлес, өз ой-пікірімен үндес келер тұсын үйіріп әкетіп, жаңғырта да жаңаша дамытқанын байқаймыз.

Олар Абай арқылы жаңа әдебиеттің жаңаша даму бағытын анық аңғарып, нақты бағамдай да білген. Соның айқын бір көрінісі – «Қазақ» газетіндегі «Әдебиетімізге көз салу» атты мақала («Қазақ», 1916, N164). Мақала авторы «Н» деген, бүркеншік есіммен қол қойған.

«Әдебиетімізге көз салу» кең көлемдегі мақала деуге болады. Мұнда әдебиеттер байланысы, бір-біріне әсері, үйрену, тәжірибе мектебі, дәстүр мен жаңашылдық жан-жақты сөз болып, қазақ әдебиетінің бағыты қандай болуы керек деген өткір сұрақ төңірегінде ой қозғалады. Қазақтың жазба әдебиеті жаңа қалыптасып келе жатқан жас әдебиет, ендеше ол кімнен үйрену керек, кімге қарап түзелу керек деген мәселеде автор ойы айқын. Ол алдыңғы қатарлы Европа әдебиетінен үйрену керек деп, кесімді пікірін айтады. Неліктен Европа әдебиетінен үлгі алу керек екендігіне мақала авторы мынандай дәлел ұсынады: «Өйткені Европа мәдениетінің бар асылы – рух сыны – дух критицизма; Бұл бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны бізді жаңа көзімізді ашып, қатамызды көрсетер. Абай әдебиетіміздің атасы бұл жолдың қорқынышсыз біздің үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе, Абай үшін ғараб, ғажам /парсы. – Ө.Ә./ жолы да ашық еді».

«Әдебиетімізге көз салу» – қазақ әдебиетінің келешекте жүрер жолын саралай келіп, әдебиет турасындағы «Қазақ» газетінің ұстанған бағытын көрсетуге тырысқан мақала болғандықтан, бағдарламалық міндет атқарып, әдебиеттің өрлеу, өсу, даму жолын айқындап, ұлттық дәстүрін сақтап, жаңашылдығын арттыруға жөн сілтеген көшелі мақала. Ал, енді әдебиетті жаңаша дамытуға жаңа жолдың сүрлеуі тапқан да, ашқан да біздіңше жоғарыдағы пікір иесі – Ахмет Байтұрсынұлы!

Адам ғұмыры ғалам дамуының уақыт өлшемімен салыстырғанда тым қысқа, сәттік қана болып көрінгенімен, ол жасаған тіршілігінің мәні арқылы

өз кезеңі ғана емес, мәңгілікке жол тартар рухани мүмкіндіктерге ие. Әр дәуірдің, әр заманның бір туар тұлғаларын уақыт жасары хаһ.

Ендеше, XX ғасырдағы қазақ руханиятындағы кемеңгерліктің кемел тұлғасы, «ұлттың рухани көсемі» (М.Әуезов) – Ахмет Байтұрсынұлы.

Әрбір ұлы тұлғаның тұғырлы бейнесі ол өмір сүрген ортаға, тарихи кезеңге тереңірек көз жібергенде ғана шынайы аңғарыла бастайды. Ахмет Байтұрсынұлы – заманына сай туып, дәуірдің жарығы мен қараңғысын бірдей бағдарлай білген кемеңгер. Ол – бір басында сан-саналы өнер тоғысқан, телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі, қиындыққа толы тартысты ғұмырында қараңғылықта қалған қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген бірегей тұлға. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат қазақ руханиятындағы теңдесі жоқ құбылыс десек, артық айтқандық емес. А.Байтұрсынұлын күрескер қайраткер, ақын, журналист, ғалым, ағартушы-санаткер еткен де біріншіден, халқына деген сүйіспеншілік, екіншіден, алысты болжаған көрегендік. Оның артына қалдырған бай мұрасын қарастырғанда, алдына қойған осы күрескерлік мақсатына байланысты бағалау ләзім.

Ә, дегенде-ақ назарға ілігетін бір сипат Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл тірлік-тынысы, адамдық болмысы, ең алдымен, азаттық ұғымымен астасып жататындығы. Ол – жеке бас, жеке адам бостандығының жоқтаушысы емес, түгел жұрт, тұтас ел азаттығының ту ұстаушысы. Жалпы XX ғасырдағы саяси күреспен мазмұндалған азаттық қозғалыстың бастауында тұрған қайраткерлердің рух-тұлғасы осы Ахаң.

Ахмет Байтұрсынұлының сан-салалы салқар санаткерлігіне тән бір сырлы құбылыс-шығармашылық. Бұл құбылыс – негізінен құбылмалы дүниенің дүбірін дәл мезгілінде аңғарып, оны жыр жолдарының мазмұнына жүк еткен поэзиядағы ізденіс жемісі. Ахаң - ел азаттығы жолындағы жалаң күрескер ғана емес, сол күрес идеясының әдебиетте көрініс табуының негізін қалап, азаттық сарынның дәстүрлік алтын арқауын жалғаған жалынды ақын, қарымды қаламгер. Қалай болғанда да, алашшылдардағы азаттық идеяның тұғырнамасын жасаған Ахаң шығармалары екендігі дау туғызбаса керекті. Ел азаттығы жолындағы күреске үндеудің кезеңі пісіп-жетілгенін жете түсінген Ахаң поэзияны санада сарытап болған азатшыл ойларының жүректен жұлқынып шығар рухты үніне айландыра білді.

Алдымен ол күдік пен кудалау құтырынып тұрған заманда көз алдаудың әрекетін жасап, тағылым-танымы ұлтының табиғатына етене жақын мысалды тәржімалап, қаламының қарымын бір байқатады. Ахаң тәржімасы тәлімдік түйіндерімен ғана емес, пернеленген ой астарындағы азаматтықты аспандатқан өзгеше сарынымен де өзіне тәнті етті. Орыстың атақты мы-

салшысы И.А. Крыловтан өз шығармашылығына өзек тартып, өрнек алған Ахаң мысалдан ұлт санасын оятар ділгір қажеттілік тауып, «алыстан сермеп, жақыннан тербеген» терең тәлімімен көзі қарақтының көкірек көзін ашты. Сондықтан да 1909 жылы Петербургте жарық көрген «Қырық мысал» атты алғашқы жинағын туған халқы төл туындыдай жатсынбай қабылдады. А.Байтұрсынұлы Крыловтың 197 мысалынан әдейі 38 мысалын іріктеп алған. Екі мысалды («Ат пен есек», «Екі шыбын») И.Хемницер мен И.Дмитриевтен аударған. Оларды эстетикалық заңдылықтарға бағындырып, тұтас дүние етіп шығаруға тырысқан. Кітап қазақ халқын ауызбірлікке шақырды («Аққу, шортан һәм шаян»), надандықты сынады, қауіп-қатердің қайда екенін бағдарлап, ұйқыдан оятуды көздеді («Малшы мен маса»). Бар шығармаларға желі боп тартылған асыл ой – «оян, қазақ», «серпіл, қазақ», «теңдікке ұмтыл», «азаттыққа қадам бас!»).

Ахметтің сол кезде алдына қойған екі мақсаты болды. Біріншісі – әлі де болса қараңғылықтың қалың ұйқысында мүлгіген өз халқына ой тастап, білімге ұмтылуға шақыру, оның езгіде болу себебін, соған душар еткен басты кесапатарын көрсету. Сондықтан ол мысалдардың қазақ ұғымына, тыныс-тіршілігіне сай, көркемдігі басым, ғибраты мол түрлерін таңдауға тырысты. Сол арқылы тек жаттанды ақыл, құрғақ үндеумен емес, ой-сананы оятар, жұғымды да өтімді, үлгілі өлең жолдарымен әсер етуге ұмтылды. Сондықтан да түпнұсқа мәтінінің толық сақталуына емес, мысалдың өлеңдік қуатына, поэтикалық әсерлігіне басты назар аударды.

Ахмет Байтұрсынұлының алдына қойған екінші мақсаты – халықты қоғамдық-әлеуметтік көкейкесті мәселелерді танып білуге үндей отыра, азаттықтың жолын аңғарту, бостандық күнге ұмтылуға жөн сілтеу. «Қырық мысалдағы» бұл астарды кезінде өз замандастары да жіті аңғарған. «Қырық мысал» қалың қазақ жұртының алғаш естіген төңкеріс рухындағы сөзі еді» [1], – дейді М. Әуезов.

В.Г. Белинский өзінің Крылов шығармашылығына арналған бір еңбегінде оның мысал жанрын дамытуға қосқан үлесін көрсете келіп, творчествосына тән өзіндік ерекшелігін: «Тәрбиелік мәні басым мысалдарды сатираға айландыра отырып, таза орыс мысалын жасады» [2, 715-б.], – дейді. Ендеше әрбір мысалшы өз шығармашылық ұстанымында ежелден келе жатқан мысал үлгілерін «таза ұлттық» ете білгенде ғана және сол мысалдардағы пернелей айтылған ой жұрт жүрегін оята алғанда ғана, ұлттық танымға сай шығып, көркемдік биікке көтеріле алады. Осы тұрғыдан алғанда, көзі тірісінде үш рет жарық көрген «Қырық мысал» жинағындағы Ахаң мысалдарын төл туынды санауға әбден болады.

Мысал жанрын зерттеушілер әлемдік әдебиет тәжірибесінде мысалдың

ортақ 36 тақырыптық желісі бар деп біледі. Әр ел мысалшылары сонау ерте кезден-ақ бір-бірінің тың дүниелерін аударып, тақырып алмасып, ой бөлісіп дегендей, шығармашылық тұрғыдан тығыз бірлікте болған. Ежелгі Эзоптан бастау алатын бұл дәстүр содан бері жалғасын үзбей келе жатқаны бұлтарпас шындық. Бірақ қаншама тақырып тектес, тағылым үндес десек те, қиыннан қисынын тауып, өзінің мәңгі өзгермес өрнегін салып кеткен туындыгерлер де аз емес. Крылов мысалдары түпнұсқада поэзиялық шығарма емес. Ол жайында М. Әуезов былай дейді: «Орыс әдебиетінде мысал /басня/өлең/стих/ емес. Ол өзі бөлекше жанр. Оның жол өлшеулері өлеңге тән өзгешеліктей болып, шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақышты, ырғақты, қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған, өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады» [3, 216- б.].

Осы ерекшеліктерді орыс зерттеушілері де атап өтеді. Мысалды Крылов тындарманға бағытталған, көпшілікке арналған ауызекі жанр деп қараған. П.Вяземский: «Дмитриев өз мысалдарын жазады, Крылов оларды әңгімелейді» [4, 30- б.], – деген болатын.

Ал Крыловты аударған қазақ аудармашыларының бәрі, оның ішінде А.Байтұрсынұлы да, оның осы ерекшелігін сақтамаған. Аударған сәтте орыс әдебиетінің өзіндік ерекшелігі бар жанры қазақша бөлекше сипат алып шыға келеді, тіпті баяндау, жеткізілу формасының өзі өзгеріске ұшыраған.

Ол жайында пікір толғаған сыншы Белинский Крыловтың мысалдарын ешқандай да шет жұрт тіліне аудару мүмкін емес, оларды тек қайта жасауға болады деп білген [2, 714- б.].

Демек, Эзоп, Федр, Бабрий, Лафонтен, соның ішінде Крылов мысалдары аударылғанда сол халықтың төл туындысына айналып кетіп отырады. Осы тұста Белинскийдің Крылов туралы тағы да бір пікірін келтіре кетейік: «Ол өзінің кейбір мысалдарының мазмұнын Лафонтеннен алғанымен, оны аудармашы деуге болмайды, өйткені оның таза орыстық табиғаты барлығын орыстық түрге қайта өңдеп, орыстық рухтан өткізген» [2, 151-б.]. Ендеше Белинскийдің осы пікірі Крылов мысалдарын аударған Ахметке де қатысты айтылғандай. Ахмет мысалдарды қазақы даналыққа толы ой-сана сүзгісінен өткізіп, өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінің бай дәстүрінің ең ыңғайлы, ең өтімді формасымен жырлаған. Сондықтан да Ахмет ақын Крылов мысалдарын қазақтың төрт жолдан тұратын он бір буынды қара өлеңімен қайта жазып шығарған. Яғни крыловтық әңгімелеу, диалогтық құрылымға поэзиялық әр беріп, образға жан бітірген.

Мысал тарихында әр ел өз ақынын алға шығарғысы келген кездер де болған, бола береді де. Мәселен, сонау бір заманда француз Лемонтье жерлесі Лафонтенді ең ұлы мысалшы деп танығысы келсе, ұлы Пушкин: «Бірде-

бір француз Лафонтеннен ешкімді жоғары қоюға жүрегі дауламайды, бірақ, меніңше біз Крыловты одан да жоғары қоя аламыз. Бұл екеуі де өз елінің мәңгілік сүйіктісі болып қалады»(5,20),– деп, орыс мысалшысын ұлы мысалшы деп таныған. Олай болса, әлемдік тәжірибеден тәлім алып, озық үлгідегі тәржіма жасаған, мысалға қазақ болмысын, қазақ рухын ұялата білген, сөйтіп таза қазақы мысал туғызған Ахаңды неге ұлы мысалшылар санатына қоспасқа. Бұған кейбіреулер Ахмет өз жанынан мысал жазған емес, ол жай ғана аудармашы ғой деуі мүмкін. Солайы, солай ғой. Бірақ әлгінде ғана сөз қылған Лафонтен де өз жанынан бірде-бір мысал шығармаған, бұрыннан бар нәрсені не аударып, не қайта жазып шыққан. Соған қарамастан француздар оны ұлы мысалшы деп біледі. И.А. Крылов 33 мысалының сюжетін Лафонтеннен алғанын мойындаған, яғни аударған десе де болады. Осы Крыловтан орыс түгілі өзіміз азырқанбаған «ұлы» сөзін Ахаңнан аяп қалғанымыз жөн болмас-ты.

Алғашында тәржіма арқылы ой жеткізудің жолын тапқан Ахаң енді төл туындыларын жарыққа шығаруға талпыныс жасай бастайды. Бұл іс аяқсыз қалмай, 1911 жылы Орынборда «Маса» атты төл өлеңдер жинағы шығады. Біздіңше кітаптың «Маса» аталуында екі түрлі мағына бар. Олар масаның қарекетінен көрініс табады. Туған халқын отаршылдық құрсауынан құтқаруда ұлтын сүйген азамат ретінде ашық күрес жүргізуге патшалық Ресейдің құйтұрқы саясаты жол бермегендіктен, ақын өз өлеңдеріне «масаның» ызыңы мен уытын қатар қосып, сол арқылы ұлт санасын оятуға үміт артты.

Отаршылдық қасіретін тартқан халқының жігерін жанудың не түрлі амал-тәсілдерін сын мен сынақтан өткізген Ахаң ұлтты ұйытар, ой-санаға серпіліс әкелер ең өтімді құрал өлең құмар қазақтың жанына жақын құдіретті поэзия екенін жақсы түсінген. Сол тұстағы ортаға тасталар ойдың түп қазығы «Оян, қазақ!» деген ұранға айналған рухты сөз еді. Сол сөзді алғаш ту көтеріп, ұлы ұғымға айландырған, «Аш көзіңді оянып!» деп, «Қырық мысал», Маса» кітаптары арқылы елге салмақты ой тастаған Ахаң болатын. «Қырық мысалда» бүкпелей жеткізілген көп жайлар «Масада» өзгеше өрнек тауып, ашық та анық айтылып, қоғамдық санаға ықпал етуге жаңаша жол ашты.

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Қамауда жаның,  
Талауда малың,  
Аш көзіңді оянып!

Бұл қазақ поэзиясына Ахаң әкелген өнегесі мол, өрісі кең өзгеше сарын. Оның жаңашылдығы өлеңнің өрнегінде емес, өзегінде. Жұрт көкірегіне

қонақтар кесімді пікірді ашық айтып, шерлі жүрекке қасіреттен тұтанар үміт отын жаға білуінде. Ой жадағай айтылмай, өлеңдегі көркемдік пен бейнеліліктен ажарлана түсіп, санаға салар салмағын арттырып, жүректің тереңіне бойлап, көңілді түртіп оятар құдіретімен тәнті етеді. Расын айтқанда, Ахаң арқылы қазақ өлең өлкесіне азатшыл сарын келді. Ол жалғыз келген жоқ, Міржақыптай арналы ағысты ала келді. Азатшыл сарынның арнасы Мағжанмен кеңіп, Берниязбен толықты.

Ұлы Ахаң азатшыл ойды қазақ жырына алғаш болып арқау етсе, елең еткізер өзгеше сарынның сырын алғашқы боп аңғарған ұлы Мұхаң. Ахмет Байтұрсынұлын қазақ зиялыларының шын мәніндегі көшбасшысы деп білген Мұхтар Әуезов ұлы тұлғаны рухани көсем деп танып, сан қырлы саңлақ дарын атқарған іргелі істердің әр бағытына баға беріп, пікір білдіріп, інілік ілтипатын үнемі сездіріп отырған. Ахаң поэзиясының асыл қасиетін тап басып танып айтқан оның мына бір: «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» болатын. Бұдан кейін Ахаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екінші біріне мәлім бола бастаған. ...әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ащырақ, күштірек тілмен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны «Маса» болатын» (1) деген тұжырымы жоғарғы ойымыздың дәлеліндей.

Қазақтың кешегі-бүгінгі өзге «көсемдерін» қайдам, ал енді Ахаңды үлкен-кіші, аға-іні түгел сыйлап, тіпті түпкі мақсаттары бірлік танытпайтын қарсыластарының өзі ол кісінің халқына деген адалдығына, ұлты алдындағы ар тазалығына қалтқысыз сеніп, қатты құрметтеген. Мәселен, Ахаңның идеялық қарсыласы болып табылатын Сәкен Сейфуллин қашанда туралыққа жүгініп, тіліп айтар қасиетін танытып, ұстаздың 50-ге толған мерейтойында шындықтың жүзіне тура қарағанды. Әділетті жүректен шыққан сондағы сөздің сығындысы мынау: Сәкен Ахметтің азаматтық тұлғасын асқақтата отырып, ақындық құдіретін бір мысқалда кемітпеген: «Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін ұлтшыл... Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділетсіз үкім-зорлығымен күресіп, Крылов деген орыс жазушысының 40 мысалын қазақ тіліне аударды. Ол 40 мысалдың әрқайсысына сол патша заманының әділсіз тұрмысынан алып, қазаққа патша үкіметінің істейтін жәбірлігін айтып, өзінен мысалдар келтірді. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап «Маса» есімді өлең кітаптарын жазып шығарды» (6). Сәкен де Ахмет поэзиясындағы азаттық күреске үндеген ұлы сарынды құлақпен ғана ұқпай, жүрекке сіңіре алған.

Ахмет Байтұрсынұлы ақындығына тән бір сипат ол қазақ поэзиясының өзегіне күрескерлік рух сеуіп, өн бойына азаттық сарынның дәнегін екті. Осы бір азатшыл идеяны бүкіл шығармашылығына желі етіп тартты.



Ахаң тағдыры да, өлеңі де жасандылықтан сау. Ол еркіндік үшін өлең арқылы шырқау биікке көтерді. Абайдан тәлім алып қана қоймай, өзіндік сара жолын да әкелді. Қазақ поэзиясына Ахмет Байтұрсынұлы әкелген елдік, еркіндік, азаттық сарынын Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Бернияз, Сәкен, Илиястар азаматтық абыроймен көтеріп тың ізденістермен байытты, жаңа рухани биіктерге көтерді.

Ахмет поэзиясының арналы бағыты, қазақ әдебиетінде алар орны жайлы Міржақып Дулатов: «Ол қарапайым да түсінікті қазақ тілінде азаттық туралы, ұлт туралы, езілген, артта қалған қазақ ұлты туралы жырлады. Ол – қарсылықшыл ақын. Ол поэзиясын қазақтарды езген монархиялық Ресейдің саясатымен күресудің құралына айналдырды. Ішкі сұлулығы мен мазмұны жағынан, жинақылығы мен желілігі жағынан А.Байтұрсынұлы жырлары қазақ әдебиетінде бірінші орын алады» [7.19- б.], – деп өлеңдері өршіл рухымен дараланатындығын атап өткен болатын.

Тапшылдыққа қанша табынса да, Ахаңның қазақ жазба әдебиетіне жаңа сарын, жаңа үлгі әкелгенін таныған, Ғ.Тоғжановтың: «...Ахметті қазақ еңбекшілері ұмытпайды. Бір кезде «Сары маса болып ызыңдап оятқан Ахметті қадірлей біледі. Көбіміз сол Ахметтің бауырында өскенбіз. Сол кездегі Ахметтің әлі де ескірмеген үлгілі сөздері, үлгілі істері көп. Ахметтің тарихи ісіне, тарихи маңызы бар өлеңдерін әлі де біз үлгі қыламыз. Абай, Ахмет сықылды өз тұсына ие болған тарихи адамдарын қазақ еңбекшілері сыйламақ» [8, 29 б. ], – дегеніне қосылмау қиын. Ендеше, ұлы Абай салған сара жолды одан әрі дамытып, қазақ поэзиясына өзгеше сарын, бағдар-бағыттық ұстаным әкелген Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы кейінгі ақын-жазушыларға өзіндік үлгі-өнеге болары талассыз.

1923 жылы А.Байтұрсыновтың елу жылдық мерейтойына арналған мақаласында қазақ әдебиетінің классигі М. Әуезов: «...Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің есімізде... Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін қазақ даласы әлі ұмытқан жоқ. Өлеңдегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті санасы болып, арқаның қоңыр желімен бірге есіп, шалқып жатыр» (1) деп, оның поэзиясындағы азатшылдық идеяны ту көтерген өлең жолдарының тот баспас асылдығын танытқан еді.

«Маса» жинағына енген өлеңдерден, әсіресе, кейінгі басылымдарына енген өлеңдерінен азатшыл рух, 1905-1907 жылдардағы саяси толқулар мен рухани сілкіністерден қанаттанған тасқын күштің серпілісі ұшқын шашады. Ақын өлеңдеріндегі азатшылдық сарын өлең жолдарындағы ішкі тегеурінде ширыққан шымыр ойлар арқылы білінеді.

Ақынның азаматтық поэзиясынан оның өмірлік өзгерістерге белсенді

қатынасы көрініс беріп, қоғамдық қайраткерлігін айқындай түседі. Поэзияның саяси-әлеуметтік мәнін арттыра түсуге, жетілдіре түсуге тырысуы – содан. Әсіресе, «Жұртыма», «Ақын ініме», «Жауап хаттан» тәрізді өлеңдері оның қоғамдық қайраткерлік бағдарламасын мейлінше аша түседі. Оларда жеке басқа қатысты күйініші-сүйініштен, қасірет-қайғыдан гөрі халық қамын жеген азаматтық поэзиясының халықтық сипаты басым жатады.

Ахмет Байтұрсынұлы – шыншыл шығармашылық еңбектің иесі ғана емес, сөз күдіретінің құпиясына үңіліп, тылсым сырын ашқан, әдебиет атты асыл өнердің болмысына бойлай білген ғұлама әдебиет зерттеушісі. Алғашында ауыз әдебиетінің жауһар жәдіргерлерін жинастырып, олар туралы тұщымды мақалалар жариялаған Ахаң, кейіннен жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу негізін қалаған ең көрнекті әдебиет зерттеушісіне айналды. Ғалымның сонау 1913 жылы жазған ұлы Абай туралы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы шын мәніндегі абайтанудың негізін қалаған еңбек болып табылады. Ахметке дейін Кәкітай, Әлихандардың жазғандары бар екені рас, бірақ оларда Абай туралы жұртты хабардар ету, ақын өмірін баяндау мақсаты басым түсіп жатады. Ал, Абай ақындығы алғаш рет Ахмет мақаласында жан-жақты талданып, толыққанды ашылғанын мойындауымыз керек. Ондағы таза талғам, айшықты талдау, терең таным абайтанудың әліппесін ашты десек болғандай. Кейінгі Мұхтар даналықпен жалғастырып, қазақ әдебиеттану ғылымындағы жеке салаға айналдырған Абай ақындығын танып-білу Ахаңнан бастау алады. Оның кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге желісін үзбей жалғаса береріне біздің сеніміміз мол.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет зерттеу ғылымына қосқан аса зор еңбегі – атақты «Әдебиет танытқыш». Бұл енді жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының бастау көзіне саналатын сындарлы дүние. Мойындайық, мойындамайық бүкіл әдебиетшілер осы 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Әдебиет танытқыштың» шекпенінен шықты.

Тағыда қайталап айтамыз, «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттануының негізі. Өйткені ол- әдебиет тарихын, әдебиет әдістемесін, әдебиет әдіс-тәсілін, әдебиет ұғым-терминдерін, әдеби жанрлар жүйесін түгел түзген күрделі тарихи-теориялық зерттеу.

Ахаң осы еңбегінде асыл сөз-әдебиеттің басты қасиетін тап басқан «Сөз өнері» ұғымын тұңғыш ғылыми айналымға енгізді. Бұл ұғымның әдебиеттің әсемдік әлемін танып-білудегі атқарған қызметін айтып жеткізу қиын. Ғалым бұл ұғымды айналымға әдебиеттің өзге өнер түрлерінен артықшылығы мен ұлылығының айырымы үшін енгізген. Қараңыз: «... өнердің бәрінінде қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-

күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгірттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді». Бұл тұжырым нақтылығымен құнды.

Әдебиеттану саласы бойынша алғашқы болып жарық көрген бұл кітап – тұңғыш тәжірибе екендігіне қарамастан, ғылыми тұрғыдағы терең сипатта, кең көлемде жазылған жүйелі еңбек. Ұлы әдебиеттанушының XX ғасыр басындағы сөз өнері жайлы айтқан ой-пікірлері, ғылыми тұжырымдары, әдеби терминдер қалыптастырудағы ізденістері көп жағдайда бүгінгі күн сұранымдарына да жауап беріп жатуы, эстетикалық таным-білік биіктігін танытса керек. Сөзді көп созбай, тоқ етерін айтқанда, «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының атасына саналар асыл мұра.

Біз жоғарыда қазақ халқының рухани көсеміне, айналған Ахмет Байтұрсынұлындай алаш ардағының ұлт үшін еткен ұшан-теңіз еңбегінің бір ғана қырына, әдеби-шығармашылық болмысын ашуға тырыстық. Мақсат Аханның азаматтық тұлғасының бір қыры арқылы кемеңгер кемелділігінің басты белгісін таныту болатын.

Осы арада сан қырлы саңлақ дарынның қасиет тұнған көп қырлы ұлылық ұстынын жинақтай келіп, санамалай айтар болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы кім деген сұраққа былайша жауап берілген болар еді. Біріншіден, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарын жазып, білім беруді жолға қоя білген шын мәніндегі алғашқы ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ алфавитін жасап, оқыту әдістемесін түбегейлі түрде жетілдірген ұлттың ұлы ұстазы. Үшіншіден, қазақ тілі мен әдебиетін ғылыми тұрғыда зерттеп, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін қалаушы дана филолог-ғалым. Төртіншіден, тәлімі терең тәржімашы. Бесіншіден, өлең сөзге ой ұйытқан, ойшыл ақын. Алтыншыдан, тұңғыш бейресми «Қазақ» атты газет шығарып, қазақ баспасөзін көркейткен көсемсөздің көшбасшысы. Жетіншіден, ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жан аямай күрескен қайраткер, кемеңгер көсем. Міне, осынау қасиетті жеті бірліктен тұратын Ахмет болмысы бір кездегі Әуезов айтқан «рухани көсемдіктің», яғни ұлтқа рухани көсемдігінің терең тамырлы, дінінің беріктігінің дәлеліндей.

Ұлылыққа тән бар қасиетті бойына ұялатқан асыл арыс екі ғасыр тоғысындағы алмағайып заманда елінің елдігі, туған халқының теңдігі үшін отаршылдыққа қасқайып қарсы тұрған қажырлы қайратымен ұрпақ жадында мәңгі қалары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлы – тек күрескер тұлға ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі.

Ендеше, баба тарихтың ұлы көш-керуенін болашаққа бет түзеткен қазақ

өткеніне салауат айтып, бүгiнiне қанағат етiп, ертеңiне нық сенiммен қарай бастаған тұста Ахаң есiмi ұлтының рухани игiлiгiне айналар ұлы ойларының өмiршеңдiгiмен халқын ғасырдан-ғасырға жаңылдырмай жетелер ұлы рухқа айналары сөзсiз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы // Ақ жол. – 1923 4 ақпан
2. Белинский В. Г. Басни Крылова // ПСС. М.: Изд АН СССР,1955. – Т. 4 – С.705-7032.
- 3.Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы.–Алматы: Жазушы,– 1985.– 16т.– 312 б.
4. Степанов Р. И.А.Крылов // Крылов И.А. Соч.: в 2-х т.–М.,1969– Т. 1 –С. 3-27
- 5.Пушкин А.С. О предисловии г-на Лемонте к переводу басен И.А. Крылова // ПСС. – М.: Правда, 1954. – т.5.– С. 16-20.
6. Сейфулин С.Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Еңбекші қазақ – 1923. – 31 қаңтар.
7. Дулатов М. Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынович. Общество изучение киргизского края. Вып. 3. – Оренбург, 1922.
8. Тоғжанұлы Ғ. Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы. М., 1926. –119 бет.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАНЫМ

*Жандос Смағұл*

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында ұлттық әдеби-эстетикалық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдебиет теориясы саласында күрделі мәселелерге қалам тарта бастады. Әдеби мұра туралы әдеби-эстетикалық және сипаттағы мақалалар жеке бір ақын-жазушыны, не болмаса белгілі бір көркем шығарманы сөз ету барысында әдеби-теориялық ой-пікірді жетілдіре түсті. Ұлттық әдебиет тарихын зерттеп тануға деген әдеби-тарихи, сыни-эстетикалық ой-пікірдің құлшынысы, қалыптасу кезеңіне қадам басқан әдеби сын күрес үстінде сапалық та, сандық та жағынан көркейе бастаған қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыда сөз етуді күн тәртібіне шұғыл қойды.

Бұл салада, яғни жалпы өнер туралы, әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926) болды. Аса зор үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді де, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсететін ғылыми мәні тәуелсіздікке дейін дұрыс бағаланбай келді. Академик Р.Нұрғали: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» десе [1, 5-б.], тілші-ғалым Р.Сыздықова: «Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» атты көлемді еңбегі - әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы ...Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады, - деп жазады [2]. Біздің ойымызша, «Әдебиет танытқышы» ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы қалыптасқан әлемдік теориялық ұғым-түсініктерге қазақша балама тауып, нақты мысалдармен дәлелдеуінде ғана жатқан жоқ. Тұңғыш ғылыми зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек екені айтылуда. «Әдебиет танытқышы» - жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық эстетикалық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге

түсірген және әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың жан-қиярлық еңбегінің жемісі.

Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша терминдер жүйесінің жасалуынан Ахаңның кемеңгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80%) қазір қолданылмайды. Ғалымдар Ш.Жалмаханов пен Ж.Смағұловтар: «терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан», - деп көрсетеді [3, 12-б.]. Сондықтан да жалпы сөз өнерінің эстетикалық болмысы мен бітімін толғаған сөз өнерінің - әліпбиі бола алған «А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» - қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен көрсеткіші болумен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрен салған, қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан кезеңдік туынды», - деп проф. Т.Кәкішев өте дұрыс бағалайды [4, 140-б.].

«Әдебиет танытқышты», жалпы А.Байтұрсынұлы ғылыми мұрасын оқып-үйрену, игеру және пайдалану үшін, ең алдымен, бұл еңбектегі әр атау, ұғым-түсінік, термин және категориялық мән-мағынаны, мазмұнын түбегейлі түсініп алу керек. Академик З.Қабдолов: «Ахаң қалыптастырған әдеби теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қараған жөн. Ахаң терминдерін жапа-тармағай жіпке тізе бермей, таңдау керек, сөйтіп барып талдау керек», -дей келіп, бүгінгі теориялық деңгейден табыла қоймайтын кейбір атауларды оп-оңай формализмге, абстракционизмге, болмаса канон жасап қисық қисынға, қасаң қағидаға айналдырып алмау керектігін атап көрсетеді. Алайда «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай үш түрлі арнауды әрқайсысымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, мен де) кітаптарымызға кіргіздік», - деп З.Қабдолов айтқандай, кейінгі жазылған еңбектерде қолданылған теориялық терминдердің баламаларын былай қойғанның өзінде, алдағы уақытта ғылыми айналымға енгізуге сұранып тұрғандары да баршылық [5, 14-б.]. Мысалы үшін, көсемсөздің қазіргі ғылыми термин ретінде қолданылып кеткеніндей, «нақыл сөз», «қанатты сөз» деп жүрген афоризмді ділмар сөз, эссені - заман хат деп А.Байтұрсынов берген атаулармен атасақ, ұтылмаймыз. Немесе «Шешен сөз» дегендегі оның саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошамет шешен сөз, білмір шешен сөз, уағыз шешен сөз деген түрлерінің атауларын



орнын дәл тауып пайдалансақ, ұлттық таным-біліктен алыс жатқан жоқ. Шешен сөз очерк жанрының баламасына жақын келсе, ішкі түрлерге бөлуде де сәйкестік байқалады. Сонымен қатар Ахаң өз еңбегінде талданып отырылған жанрлық түрге байланысты мысал келтіргенде, «Ғұрып сөзінің нұсқаларын нұсқалықтың 120, 126-ші номерлерінің қара» немесе «Діндар дәуір әдебиет нұсқаларын нұсқалықтың 131, 165-нші номерлерінен қара» деп кетіп отырады. Яғни «Әдебиет танытқышқа» қосымша хрестоматиялық мәндегі жинақты да бастырып шығару ойында болған. «Нұсқалықта» алынған әдеби жәдігерлердің еңбекте көрсетілген реттік саны 275-ке келіп тоқтағанына қарасақ, оның көлемі де әжептәуір мол болғанын байқау қиын емес. Бұл - ахметтанушы ғалымдар тарапынан көңіл аударатын мәселе.

А.Байтұрсынұлы қара сөз бен дарынды сөз жүйесін сөз ету барысында, әдебиеттің тегі мен түрі мәселесіне келгенде фольклор және әдебиет тарихына шолу жасап өтеді. Бұл турасында З.Қабдолов: «Мұның өзі бір қарағанда әдебиет туралы ғылымның екі саласын (тарихы мен теориясын) қосып, қойыртпақтап жібергендей көрінеді. Бірақ байыбына барыңқырасақ, ол мұнда да әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің «Әдебиет танытқышын» тағы да сөз өнерінің әсем әліппесінде айналдырады», - деген пікір білдіреді. Алайда автор фольклор туралы ой-толғағанда оны жанрлық тұрғыдан классификация жасаудың алғашқы жобасын жасап, ғылыми анықтамасын жазып шықты. М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» 1927 жылы, Х.Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» 1928 жылы шыққаны белгілі. Ендеше осы екі еңбектегі қазақ фольклорының жанрлық тұрғыда жүйеленуіне ғылыми эстетика тұрғысынан негіз болған да осы «Әдебиет танытқыш» екені даусыз. Реті келгенде айта кетуге тура келеді. Жалпы алғанда кеңестік дәуірдегі фольклортану саласындағы еңбектерге Аханның «Әдебиет танытқышының» теориялық және әдіснамалық тұрғыдағы жетекшілік рөлі назардан тыс қалып келді және әлі де болса бір жүйеге түсе қойған жоқ. Ұлттық фольклор тарихын зерттеушілер тарапынан тарихи салыстырмалық сипатта терендете қарастырылса, бірталай жағдайдың беті ашылар еді.

Ал әдебиет тарихына келгенде, А.Байтұрсынұлы оны дәуірге бөлуде өзіндік көзқараспен қарайды. Жазба әдебиетті «діндар дәуір және ділмар дәуір» деп бөлгенімен, кейін оны «сындар дәуір» деп тармақтайды да, «ол ұлы Абайдан басталады» деп көрсетеді. 1920 жылдардың бас кезінде жазба әдебиетті Абайға дейін және кейін деп бөлген көзқарас қана бола алды. Р.Мәрсеков «Қазақ әдебиеті жайынан» («Қазақ», 1914, №112) мақаласында «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы әдебиет» деп атаған дәуірді, М.Әуезов «Қазақ әдебиетінің дәуірі» («Шолпан», 1923, №5) мақаласында «көшпелі дәуір әдебиеті» атаған кезенді (Абайға дейінгі)

сөз еткенде діни сарын мен шығыстық сюжетті желілерді жырлау басым болғанын атап көрсеткен болатын. Сондықтан да болар, А.Байтұрсынов бұл кезеңді «діндар дәуір» деп атап, оған қисса, хиқаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, термені жатқызады. Бәрін дұрыс деген күннің өзінде қисса мен хиқаятты фольклорлық жанрға бірде енгізіп, бірде енгізбей келгеніміз, әдебиет теориясынан орын бермегеніміз рас қой.

Негізінен А.Байтұрсынұлының «Жазба әдебиеттің өзі екіге бөлінеді: діндар дәуір, ділмәр дәуір. Діндар діншіл деген мағынада, ділмар-тілшең деген мағынадағы сөздер. Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы, әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған», - деген пікірі аса нақты емес [6, 435-б.]. Әрине, бүгінгі таңдағы өсіп-өркендеген көзқарас тұрғысынан алып қарағанда. Жоғарыда айтқанымыздай, діндар дәуір деп қай кезеңді айтып отырғаны белгілі болғанмен, ділмар дәуір деп атағаны қай кезең екенін нақтыламаған және анықтама да бермеген. «Орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр» деуіне қарағанда, 1910 жылдардан бергі әдебиетті айтып отырған секілді көрінеді. Оны анықтауды мақсат тұтпай әдебиеттің тегі мен түрін сөз етуге орай сындар дәуірін әліптеп кетеді. Оны түсіндіргенде, орыс әдебиетін қоспай «Европа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастады. Қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады», - деп тағы да ескертеді. Бұл біздің 1910 жылдан бергі әдебиетті айтып отыр ма деген пікіріміздің негізсіз екенін дәлелдейді. Олай болса, А.Байтұрсынұлы жазба әдебиетті хронологиялық жолмен дәуірлеп отырмаған болып шығады.

Анықтап қарасақ, А.Байтұрсынұлы ұлт әдебиеті тарихын дәуірге бөлу негізіне көркемдік әдісті алып отыр. Еңбекте әдеби ағым мен көркемдік әдіс туралы нақты әдеби-теориялық пайымдаулардың жоқтығы белгілі. Ендеше бұл үш дәуірді көркемдік әдіске орай талдап көрелік. Орыс теоретигі Г.Н.Поспелов романтизмді әдеби дамудың сатысы ретінде қарастыру барысында, әуелде ол діни-моральдық (религиозно-моралистический) сипатта көрінгенін айтады. «В результате социально-политической революции, происшедшей во Франции... все передовые европейские литературы приняли в основном романтический характер. Ранние английские романтики, поэты Бордсворт и Колридж, выступившие еще в 1970-х годах и образовавшие «озерную школу» искали свои идеалы в историческом прошлом. По специальной проблематике они были продолжителями сентименталистов, а романтический

пафос вытекал из их реалигиозно-моралистических стремлений, иногда доходящих до мистицизма и таящих в себе примирение с действительностью. Это был религиозно-моралистический английский романтизм. А гражданский романтизм Байрона и Шелли был самым прогрессивным течением в английской литературе начала века», - деп жазады [7, 46-б.]. Оны дәлелдеу үшін әр елдің әдебиетіндегі діни-моральдық және азаматтық романтизмнің пайда болуын атап-атап көрсетеді. Мысалы, «В 1820-х годах Лимартин своей лирикой создал религиозно-моралистическое течение французского романтизма... Крупнейшим представителем гражданского романтизма в Франции был Виктор Гюго», «В Германии сначала возник религиозно-моралистический романтизм представленный творчеством Новалиса и Гофмана. Гражданский романтизм в Германии не обладал ни отчетливостью идеалов, ни сильными талантами», - деп нақтыласа, орыс әдебиетіне келгенде «Сначала в России развивался религиозно-моралистический романтизм, особенно ярко представленный творчеством Жуковского», - деп жазады. Бұларды М.Горький: «Керек десе француз әдебиетінде лаулап өскен романтизмнің жалпы бағыты бірдей емес, бір жағы мистикаға ұрынған нағыз реакцияшыл болса, екінші жағы, өсіп әдебиет әлемінде ірі өзгеріс жасаған романтизм», - деп екіге жіктеп тастағаннан кейін, кеңестік дәуірдегі әдебиеттану ғылымында «революцияшыл романтизм», «реакцияшыл романтизм» деген атаулар пайда болды [8]. Оны бізде 1920 жылдардың орта кезінде әдеби ағым мен көркемдік ағым туралы болған айтысқа байланысты жарияланған елуге тарта сын-зерттеу мақалалардың айтар өзегіне айналған мәселелерден анық байқауға болады. Егер «социалистік реализм» атауының 1932 жылы Жазушылар одағының құрылуына байланысты өткен 1 съезден бастап қана қолдана басталғанын ескеретін болсақ, «Әдебиет танытқыштың» ұлттық әдебиеттануда ғана емес, көршілес түркі тілдес халықтар әдебиеттануында да әдеби эстетикалық және теориялық ұғым-түсініктердің бастауына негіз болған жетекшілік мәнін жоққа шығаруға болмас.

Бұл тұрғыдан келгенде, «Әдебиет танытқыштағы» діндар дәуір деп отырғаны - діни-моральдық романтизм, маркстік-лениндік әдіснама бойынша айтсақ, реакцияшыл кертартпа романтизм болып шығады. Ал ділмар дәуір - азаматтық романтизм, яғни кеңес дәуірінше атасақ, революцияшыл романтизм. Сындрар дәуір - сыншыл реализм атауының баламасы екені анық. Бұдан шығатын қорытынды: А.Байтұрсынұлы әдебиет тарихын кезеңдерге бөлгенде хронологиялық тұрғыдан емес, әдеби дамудың заңдылығына орай көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірлеп отыр. Олай болса, Абайға дейінгі ақын-жыраулар, әнші ақындар шығармашылығы реализммен дамып келді де, сыншыл реализмге ауысты деген пікір туындайды. Абай қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің

негізін қалады дегенде оның аспаннан түспегенін, көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы бойынша қалыптасқанын ғылыми негіздеу қажет-ақ. «...Осы сыншыл реализм туралы сонау 1920 жылдары А.Байтұрсынұлының «сындар дәуірі» деп атағанын ұмытпайық. Сындар дәуірге деген ойлардың бәрі де профессионалдық әдебиеттің көркемдік әдісіне, алған бағытына құйылатын таным-білік екені даусыз», - деген Т.Кәкішев пікірінде зор шындық жатыр [4, 236-б.]. Рас, «Әдебиет танытқышта» әдеби ағымдар мен көркем образ, тақырып және идея, сюжет және композиция туралы әдеби-теориялық тұрғыдағы жүйелі баяндалған тараулар жоқ. Бұлардың қамтылмауы кемшілік болып табылмайды. Себебі әдеби-теориялық ой-пікір оларды сөз етуді енді ғана қолға ала бастаған еді. Сонымен қатар әдебиет туралы ғылымның тууы - әдебиет тарихынан не теориясынан белгілі бір терең мәні бар еңбектің жазылуымен жүзеге аспақ емес. Ол - зерттеушілік ой-пікірдің қайшылықтарға толы кезеңдерінен тұратын ұзаққа созылатын үрдіс. Бұған қоса әр кезеңде туындаған әдеби-теориялық білімдер жиынтығы мен эстетикалық таным-білік тудыратын көркем әдебиет те қажет.

Міне, солардың нәтижесінде ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің ғасырлар бойғы ғылыми бағыттағы әдеби-эстетикалық ізденістерінің табысы ретінде «Әдебиет танытқыш» дүниеге келді де, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туа бастағанын дәлелдеп берді. Ол әдебиеттану ғылымының туып-даму жолындағы әдеби-теориялық бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз және басшы болуға тиіс еді. Амал не, А.Байтұрсынұлының қазақ зиялыларына төнген алғашқы саяси зұлматтың құрбандығына айналуынан бастап, жетпіс жыл бойы еңбекті ғылыми айналымнан шығарып тастадық. Алайда Кеңестер Одағы кезінде Түркия мемлекетінде Ахаңның «Әдебиет танытқышы» әдебиет теориясы пәнін оқытуда бірден бір оқу құралы болғаны туралы дерек бар.

Бүгінгі таңда сол кездегі әдеби сын мен зерттеушілік ой-пікірдің тарихын зерделей отырып, 1920 жылдары социологиялық арқауы басым «ұр да жық» солақай сын мен талдаулардың көп орын алу себебі неден дейтін болсақ, жоғары оқу орындары мен педтехникумдарда әдебиет теориясынан оқытатын оқулық мүлде болмады. Өйткені, Қазан төңкерісіне дейінгі теориялық зерттеулер мен оқу құралдары «капитализмге қызмет еткендіктен» социалистік қоғамға жарамсыз болып, тарих қоқысына лақтырылды. Ғасырлар бойы қалыптасқан теориялық білімдер жүйесін енді марксизм-ленинизм эстетикасының таптық талаптарына сай негіздеу қажет болды. Әдебиет теориясының мәселелеріне енді ғана қалам тарта бастаған біз түгілі Ресейлік ЖОО-дары оқулықсыз қалды. «Әдебиет танытқыш» бар-жоғы екі жыл ғана пайдаланылып, «ұлтшыл-алашордашыларды» қудалануға байланысты «идеологиялық тұрғыдан жат

еңбек» болып табылса да, кеңес дәуіріндегі ұлттық әдебиеттану ғылымының негізі екенін дәлелдеп берді. Анықталмаған деректерге қарағанда, 1937 жылы жарық көрген Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» еңбегі 1932 жылы жазылса да алты жыл бойы әртүрлі себептермен жарық көрмеген. Ашығын айтқанда, түп қазығы Ахаңның «Әдебиет танытқышынан» тамыр тартып жатқандықтан да кеңестік идеологияның талап-тілектеріне жауап бере алмағандықтан басылмаған.

Орыс әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік эстетикаға негізделген Л.Тимофеевтің «Теория литературы» (1934), И. Виноградовтың «Әдебиет теориясы» (1936), «Борьба за стиль» (1937), Г. Пospelовтің «Теория литературы» (1940) аталатын еңбектері енді ғана жарық көрген еді. Партия мен кеңестік идеология ғылым, өнер, әдебиеттегі «буржуазиялық», «ұлтшылдық» көзқарастарға аяусыз күрес жүргізе отырып, маркстік-лениндік әдіснаманы қоғамдық ғылымдарға, оның ішінде әдебиеттану ғылымына, оның сыншылдық-эстетикалық, әдеби-тарихи, әдеби-теориялық ой-пікіріне мықтап орнықтырды. Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) содан кейін барып қана жарыққа шықты. Авторлар тек орыстың теориялық еңбектерін ғана пайдаланумен шектелген жоқ, «Әдебиет танытқыштан» өріс алған ұлттық танымдағы құнарлы ой-пікір сабақтастығын қиыннан қиыстыра білді. Қ.Жұмалиевтің: «Кітаптың кейбір бөлімдері, жеке әдебиет мәселелері Тимофеев, Виноградов кітаптарынан, жаңа әдебиет энциклопедиясынан тура алынып отырылды. 1937-38 оқу жылында жоғарғы дәрежелі педагогикалық мектептерге арнап жасалған әдебиет теориясының программасына сүйеніп жазылды», - деп атап жазғаны көп жайлардан хабар бергендей [9, 4-б.].

«Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайылов «Әдебиет танытқыштағы» ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірге сүйене отырып, онда қарастырыла қоймаған теориялық ұғым-түсініктерді қамтып, дамытып әкетті. Сол арқылы қызыл империяның теориялық бағыттағы зерттеу еңбектерді пайдалануға тыйым салуынан туған іркілістің орнын толтырып, соны ізденістерге жол салды» [10, 174-б.]. Теориялық ой-пікірдің белгілі бір дәрежеде жалпылық сипаты мен ортақтығын есте ұстай отырып айтар болсақ, бұл еңбектер «Әдебиет танытқыштағы» теориялық және эстетикалық мәндегі ұлттық ұғым-түсініктердің желісін үзбей бізге жетуіне, ғылыми қолданыстан шығып қалмауына, жаңа қадамдардың жалғаса беруіне алтын көпір болды.

Шынын айтсақ, олар Ахаңның «Әдебиет танытқышында» негізделген ұлттық әдеби-эстетикалық ой-пікір арнасының тарихи және ғылыми заңды жалғасы болып табылды. Оны академик З.Қабдоловтың: «Ақаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ кеуде бола ма?

Қайтейік, болды деп келдік. Мәселен, айшықтаудың (фигураның) арнау деген түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында арнау деген бірақ түр: шауып шықса, бұған шешендік сұрау қосылып қана ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ақаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жырлай арнау) тауып қосып, құлпыртып әкетеді. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ақаң екенін кезінде ашып айта алмай Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық, - деген пікірі нақты дәлелдей түседі [5, 6-б.].

«Әдебиет танытқыш» ұлттық әдебиет теориясынан кейінде жазылған еңбектерге негіз болумен қатар, әлі күнге дейін әдеби-эстетикалық таным ізденістерінде табан тірер басты қайнар көз болып қала берді. Біз бүгінде «Әдебиет танытқыштың» түркітілдес халықтар ішінде кездеспеген құбылыс екенін мақтана айтуға тиістіміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Нұрғали Р. Алып бәйтерек. // Ақжол. Алматы: Жалын, 1991.
2. Қазақ әдебиеті. 1989, 6 қаңтар.
3. Жалмаханов Ш, Смағұлов Ж. А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1997.
4. Кәкішов Т. Қазақ әдебиет сынының тарихы. Алматы: Санат, 1994.
5. Қабдолов З. Ахаң һәм әдебиеттің әліп-биі. // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 1993.
6. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы: Жалын,, 1991.
7. Пospelов Г.Н. Закономерности исторического развития литературы. \\\ Введение в литературоведение. М., Высшая школа, 1983.
8. Горький.М. Романтизм және Жуковскийдің халықтығы туралы. «Әдебиет сыны» журналы, №6, 1937.
9. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1938.
10. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 1999.



## ЕРКІНДІК ФӘЛСАФАСЫ: АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ АЛЫПТАРЫ

*Тұрдықұл Шаңбай*

*«Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің» директоры*

Еркіндік фәлсафасы дегенде, оны тек еркіндік ұғымының аясында қарастырып, дефиниция жасап байлап қоюға болмайды. Оны «Еркіндік-Шығармашылық-Тұлға» – феномендерінің бірлестігінде қарастырған абзал.

Хакім Абай мен Алаш алыптары дүниетанымындағы терең байланысты жүйелі зерттеу қазақ фәлсафасының аса өзекті мәселесі. Қазақ фәлсафасының дүниетанымдық мәселелердің ішіндегі өзгеше басымдыққа ие болатын метабағыт, ол – еркіндік фәлсафасы.

Дүниетанымдық ғылымда еркіндік ұғымы бізге көбінесе философия арқылы жақын таныс. Басқасын айтпағанда, алдымен еске түсетіні Н.А. Бердяевтің «Еркіндік философиясы». М.Хайдеггер, Ж.-П.Сартр, А.Камю, Э.Фром, т.б. философтар еркіндік мәселесесіне әр қырынан келді. Философияда еркіндік ұғымы көп талқыға түсті де, негізінен екі бағыт айқын көрініс тапты: «Еркіндік Жаратушыдан», немесе «Жаратушыдан тыс еркіндік», т.с.с. Бұл танымдардың айналасында полемика көп.

Ал, қазақ фәлсафасында да үлкен мәселенің бірі, осы еркіндік ұғымы, еркіндік мәселесі. Хакім Абай еркіндік фәлсафасына терең таныммен барған, шығармаларында еркіндік сөз-ұғымын қолданбағанымен, оның мәнін ашатын, сол еркіндік ұғымына анықтық беретін, қазақ танымында бар – ерік, ырық ұғымдарын қолданған. Осы екі ұғымның мәні қазақша-орысша сөздікте қалай аударылып берілген екен, соған назар аударайық: а) Ерік (еркі) – воля; свобода действия. ә) Ырық (ырқы) – воля, власть [1, 962-б.]. Бұдан байқағанымыз – бұл ұғымдардың мағыналық аясының кеңдігі, әрі ерік-ырық сөз-ұғымдарының мәнінде еркіндікке ұмтылыстың жігерлі күш-қуаты толық танылғаны.

Осы ұғымдардың мағыналық мәнін терең танып, мәселе деңгейіне көтеріп, олардың болмысын өз шығармаларында хакім Абай терең ашқан. Хакім Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталатын өлеңіндегі, мына жолдарға назар аударайық: «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» [2,57-б.]. Дана Абай тереңдетіп айтқан. Рас, үлкен уайым бар. Билік те, істейтін харекетің де, тіпті ерік-жігерің де басқаның қолына өткен. Өз ырқың енді өз қолыңда емес. Барлық харекетің әрекетке айналып кеткен. Елдік харекет жоқ. Еркіндіктен айырылғансың. Енді ұсақ әрекетке көшкенсің: «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқың?» (2.сонда). Уайымның үлкені осы.

Ал, осы еркіндікке фәлсафалық тұрғыдан хакім Абай қалай келген, біз қалай түсінуіміз керек. Мұсылмандық танымда еркіндік – Жаратушыдан. Жаратушыдан тыс еркіндік іздеу әурешілік. «Құдайдың сүйген құлы» деген ұғым мұсылмандық танымда жағымды түсінік. Ол туралы хакім Абай терең толғанып: «Махаббатпен жаратқан ол адамзатты» [3,111-б.] дейді хакім Абай. Алла тағала адамзатты махаббатпен жаратса, ол – құл емес. Ендеше, Жаратушының құлы болу, ол – еркіндік. Бірақ, сол еркіндік, ол – еркінсу емес, жауапкершілік. Жауапкершілік еркіндікпен келеді. Еркіндігінен айырылған жұрт ұсақтала бастайды. Шекара күзетпейсің, елдік мәселеге бас қатырмайсың. Барымта-сарымта, дау-дамай алға шығады.

Билік, байлық, береке басқаның қолына өтіп, ата-бабаның құт-қонысынан айырыла бастасаң, «ұстарасыз аузыңа мұртың түсе бастаса» бұл анық, еркіңнен айрыла бастағаныңның белгісі. Еркіндігіңді жоғалтқаның. Бұл, нағыз құлдық белгілері. Сыртқы белгілер санаға көшеді. Сана бұзылады. Ғұлама Абай осы күйді терең танып: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп, күйзеліске түсіп, қайғы ойлаған.

Қайғы ойлаған, хакім Абай – қазақ танымына еркіндік фәлсафасының дәнін молынан еккен. Хакім Абайда еркіндіктің пассионарлық қуаты бар.

Хакім Абай еркіндік мәселесін көтергенде, әрқашан, Елдік деңгейде сөйлейді. Мысалы, ақынның «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» [1,56-б.] деген өлеңіндегі Қыран ұғымына назар аударсақ, астарлы мағынада Қыран – символ-метафора. Қыран құсты баптап салса алмайтыны жоқ. Ол – рас. Бірақ, қияға шыққан Қыранға ештеңе алдырмай, бір жағынан қарқылдаған қарға, екінші жағынан шықылықтаған күйкентай жүрсе «адымын» аштырмай, ол да еркін самғай алмайды. Өйткені еркіндік жоқ. Ақынның осы өлеңінің сентенция-түйіні мынадай терең оймен тастай болып шегеленген: «Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ, Қайран ел осынымен жүр далақтап». Хакім Абай мәселені басқа деңгейге көтеріп әкеткен. Өлеңдегі ойдың субстанциясы осы. Бұл жердегі «қайран ел» ұғымы елден алыста, сыртта жүрген адамның сағынышын білдіріп тұрған жоқ, еркіндіктен айырылған елдің қадірінің кетуі көрініс тапқан. Өмірде тыянақ жоқ. Басқа сая болатын, жанға олжа болатын дәнеме жоқ. Бәрінен айырылған. Хакім Абайдың бодандыққа деген «протесі» өте тереңде жатыр. Еттен өтіп, сүйекке жеткен.

Дегенмен дана Абай бір сәт бөгелмеген, пассионарлық қуатпен еркіндіктің дәнін жұртына кең жая берген. Елдік сана – хакім Абайдың басты фәлсафасы. Дана-хакім елдік жолын іздеген, Абай жолы – еркіндік жолы.

Сондықтан, хакім Абай ел қамын ойлайтын қыран баптауға кіріскен. Сол қыранның бірі, өзі баптаған ұлы Әбдірахман еді. Өттең... Жазмыштан озмыш жоқ.

Әбдірахманның өліміне шығарған «Талаптың мініп тұлпарын» [1,233-б.] деген өлеңінде «Ел ішіне сау келсең, Тағылым айтпас Ер ме едің? Жол көрсетіп сонда өлсең, Арманым бар дер ме едім?», – дейді. Елге жол көрсетіп өлу?! Не деген биік талап. Онда, «Арманым бар дер ме едім» дейді, хакім Абай. Хакім Абайда да арман бар. Ол арман елге жол көрсететін – Ер тұлға.

Хакім Абайдың арманы қазақ даласына сілкініс әкелді. Хакім Абай жұртына жол көрсетті. Қазақтың санасын оятты. Хакім Абай қазақ санасында қандай ұғымды оятты. Ол қасиетті ұғым – Алаш ұғымы болатын. Осы ұлттық кодты хакім Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» [1,52-б.] өлеңінде сыншылдықпен өткір берген: «Алашқа іші жау боп, сырты күлмек» дейді. Алашқа іші жау болу – бұзылу. Алаш ұғымы елдік мағынада қолданылып тұр. Өлеңнің түйін бөлімінде, болашаққа сауал тастаған: «Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек?».

XX ғасырдың басында хакім Абайдың арманын ту етіп ұстаған, Абайдың жолын қуған Алаштың асыл ұлдары еркіндік жолына түсті. Алаш алыптарының барлығы Абайға құрметпен қарады. Алаш алыптары әкелген еркіндік танымы еуразия кеңістігінде феномендік құбылыс болды. Алаш алыптарыныңдағы еркіндік сананың генезисі – Хакім Абайдың еркіндік танымы болды. Хакім Абайдың жалпыадамзаттық танымын Алаш алыптары биіктетіп әкетті. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айта алған хакім Абайдың жолын, Алаш алыптары еркіндік жолындағы күрестерінде «компас» ретінде қабылдады.

\*\*\*

Әлихан Бөкейхан және еркіндік фәлсафасы. Әлихан Бөкейхан қазақтың еркіндік фәлсафасын ерекше биікке көтеріп, қазақтың еркіндік санасын әлемге танытқан бірегей тұлға. Оның еркіндік фәлсафасы қазақ саяси фәлсафасын қалыптастыруда айқын көрініс тапты. Әлихан Бөкейхан фәлсафаға құрметпен қарап, оны білімнің ең қиыны екенін айтқан.

Әлихан Бөкейхан фәлсафасының негізі – елге, жұртқа қызмет ету, адамзат баласына еркіндік рухының дәнін себу, яғни, энциклопедиялық масштабтағы дүниетаным. Әлихан Бөкейхан фәлсафасының субстанциясы қазақ халқының еркіндігі. Әлихан Бөкейханның еркіндік рухының фәлсафасы субстанциялық дүниетанымында анық көрініс тапқан: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!». Бұдан нені байқаймыз, тұлғаның шаһиттік өмірге (ұстараның жүзі) саналы баруы, өмірінің мәні – халқына жол көрсету. Елге, жұртқа ғұмырын арнау шешіміне жігер еркіндігі бар тұлға ғана бара алады. Фәлсафада жігер еркіндігі – тұлғаның өз hareketін өзі айқындауы, өзінің hareket ету жолындағы еркіндігі мен мүмкіндігін өмір

фәлсафасына айналдыруы. «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді» – бұл не? Бұл фәлсафалық танымда – рефлексия, тұлғаның өткенді саралап, көкжиектің көркем болуын мақсаттауы. Мақсат, елдік дәстүрді жалғастыру: «Тірі болсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын». Әлихан Бөкейхан елге, жұртқа қызмет етудің үздік үлгісін рефлексиялық жолмен тарихи сананы жаңғырта еске түсіреді.

Әлихан Бөкейханның тарихи-фәлсафалық еңбегінен тарихи сананы жаңғыртуға арналған екі мысалды келтірейік: а). «Самый популярный среди киргизовъ, названный ими ханомъ, Абылай, тщательно избегаль подчинения киргизовъ чужой власти»; [4]. ә). «Въ сороковыхъ годахъ XIX века Киргизская степь въ последній разъ спомнила старину. Внукъ Абылай-хана Кенесары Касымовъ, затмившій въ народныхъ сказаніяхъ славу своего популярнейшаго деда, собралъ несколько тысячъ наездниковъ изъ представителей недовольныхъ и, объявить себя возстановителемъ былого величія киргизскаго народа, пытался поднять подъ свое знамя весь киргизскій народъ» [5]. Осы екі мысалдың алғашқысында Абылай ханның даналықпен ел, жұрттың еркіндігін ұстап тұрғанын көрсетсе, екінші мысалда, арыстан жүрек Кенесары ханның еркіндікке құштарлығын көрсеткен. Әлихан Бөкейхан – осы екі мағынада да елдік дәстүрді саяси фәлсафа контексінде жалғастырушы бірегей тұлға. Әлихан Бөкейханға дейін саяси фәлсафа контексінде ел тәуелсіздігі үшін күрестің жолын ешкім көрсете алмады. Әлихан Бөкейханның саяси дүниетанымына Еуразия кеңістігінде іштен де, сырттан да «жаулар» көп болған. Оған себеп, оның ерлік мінезі, терең білімі және ақсүйекке тән бас имейтін асқақ тұлғалық табиғаты және аса қуатты саяси концепциясы болатын. Абылай хан, Кенесары хан дәстүрін жаңа форматта саяси жолмен жалғастыру – тәуелсіздік санасының оралуы үшін күрес болатын. Әлихан Бөкейхан жоқты іздемеді, жаңа жолмен жоғалғанды іздеді. Әлихан Бөкейхан саяси жолмен еркіндікті іздеген кезең, аса ауыр кезең еді. Хакім Абайдың сөзімен айтқанда «Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың» дегеннің асқынған шағы еді. Әлихан Бөкейхан – фәлсафаның түйіні – елдің ертеңіне деген құштарлық болатын, басқаша айтсақ, жоғалып кетпеу фәлсафасы, яғни, бар болу танымы. Бар болу неден? Әлихан Бөкейхан – соған жауап іздеген, саяси фәлсафаға ойшылдықпен келген. Қайтсем халқымды еркіндікке шығарам деген жолда фәлсафалық-танымдық ізденісте болған. Барды қалай жоғалтқан, бодан күйге қалай түскен, адамзат баласына ғажап өркениет әкелген түркі әлемі осыншама неге құлдыраған, одан шығар жол қайсы? – деген сауалдарға жауап іздеген.

Осы ізденіс жолында Әлихан Бөкейхан – мінез фәлсафасына ерекше ден қояды. Әлихан Бөкейхан – «Қазақ» газетінде Досмайыл ақсақал хатына

қаратып жазған «Ашық хат» атты мақаласында фәлсафалық ой толғаған. Онда Әлихан Бөкейхан «Адам баласы қылып жүрген іс ой-ақыл болып басталады, адамды бала тапқан қатындай қинап, сөз болып сөйлетеді, я жазылады, ақыл-сөз сонан соң барып іске айналады. Не жұмыс қылсақ осы үш: ақыл, сөз, іс – сырат көпірінен өтпей жұмысқа айналмайды» [6] – дейді. Әлихан Бөкейханның фәлсафалық танымы өте терең: «ақыл – сөз – іс» үштік танымның бірлігін шығару «қыл көпірден» өткенмен тең екенін айтады. Осындай фәлсафалық үштік таныммен басталған еңбегінің түйін сәтінде өзгеше терең ұғым мінезге тоқталады: «Балқан соғысында екі жүз мыңнан аса адам өлді, бұл соғыс білімсіздіктен емес. Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген мінез айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграм, телефон, айроплан шығарды, жақсы мінезге тоқтаған адам аз, білім-біліммен, мінез – мінезбен. Көп оқыса, зейінді болса, білімді болмақ, мінезі жақсы бола ма, жаман бола ма, мұны құдай білер. Неше түрлі залалды қазақ мінезі бұзық орысша, мұсылманша хат білетіндерден көріп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді, білімнен жақсы мінез шықса, бұл қалай?» [6, сонда]. Әлихан Бөкейхан – мінез мәселесіне адамдық (адамшылық) қасиет тұрғысынан келіп, оған жауап іздеген. Өз мақаласындағы негізгі мақсат Досмайыл ақсақалдың сөзіне жауап беру болғандықтан Әлихан Бөкейхан өзі қойған терең сауалдың жауабын ашық қалдырған. Мақаланың түйін сөзінде Әлихан Бөкейхан былай дейді: «Бүгін Досмайыл ақсақалдан сөз айыруға қысқартып жаза салдым, құдай бұйырса, тағы неше бұл сөзге айнарармын». Әлихан Бөкейханның «бұл сөзге неше айнарармын» деуі мәселенің тереңдігін көрсетіп отыр. Автор мақаласында «Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген мінез айтылғалы екі мың жыл болған» дей келе, сол мінезді білім де түзей алмауы неліктен деп ізденіске түскен.

Бұл тереңдігі жағынан Шәкәрімнің «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» сауалына ұқсас. Шәкәрімнің бесінші сауал-сөзі мынадай: «Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?». Оған академик-ойшыл Ғарифолла Есімнің фәлсафалық-толғау жауабы жарық көрді. Бұл қазақ фәлсафасындағы жаңа сөз болды. Соған назар аударайық: «Бұл Шәкәрімнің өз заманындағы қазақ оқығандарына қойған соңғы бесінші сауалы. Бұл сауалдағы негізгі проблема адамның адамшылығы туралы. Мен адамшылықты не жақсы, не теріс дей алмаймын, ол бәрін қамтитын – феномен. Шәкәрім анық біліп отыр. Заман озған сайын білім молығып, адамдар білімді бола бастайды. Бірақ, мәселе сонда, сол білім адам табиғатын кемелдендіретін, яғни адамшылық ізгі қасиеттерді молықтыратын қуат бере ала ма? Әлде білім молыққан сайын адам болмысы қақпанға түсіп,

оның басы дауға қала ма? Демек, Шәкәрім сауалы да заман озған сайын әр хакімнің айтқан тұжырым-ойларымен толыға түспек, бірақ сірә де толық жауап бола қоймас, себебі адамның соты адам емес, оның Жаратушысы болғаны табиғи түсінік пе деген пікірдемін» [7]. Шәкәрімнің сауалы да, оған Ғарифолла Есімнің жауабы да антропологиялық фәлсафаның мәселесі. Біздің айтпағымыз, осы мәселені ХХ ғасыр басында Әлихан Бөкейханның да көтергені болып отыр. Ол да субстанциялық мәселерді, оның ішінде мінез мәселесін көтерген мақаласын мына сөздермен түйіндеген: «Көп оқыса, зейінді болса, білімді болмақ, мінезі жақсы бола ма, жаман бола ма, мұны құдай білер» [6, сонда].

Өкінішке орай, Әлихан Бөкейханның кеңес дәуіріндегі торға қамалған арыстандай болған өмірі ойшылдыққа қайта оралуына мүрсат бермеді, мол мұрасы «жабулы қазан» астында қалды. Жазғаны ғана емес, «ойлағанына» дейін бақылауда болды. Сондықтан, Әлихан Бөкейханның дүниетанымы қазақ фәлсафасына сол кезеңде жол бола алмады. Әлихан Бөкейхан тұлғасы әлемдік саясат пен мәдениет тарихында үлкен құбылыс. Әлихан Бөкейхан қазақтың ғана емес, адамзаттың еркіндік жолындағы ұстазының бірі десе артық айтқандық емес. Саяси еркіндікке жетудің жолын көрсетті. Бүгін қадірі білінбегенмен ертең білінер. Осы тұрғыдан алғанда Әлихан Бөкейхан қазақтың саяси фәлсафасының негізін қалаған ірі тұлға ретінде ғана емес, адамзатқа ортақ саяси қайраткер, ойшыл-ғалым ретінде қарастырған дұрыс. 1905 жылы Қарқаралыда көтеріліс болды, оны жаншып тастау қажет деген желеумен империялық жүйені арқаланған генерал-губернатор күш көрсетуге қазақ даласына казактардың отрядын жібергенде, азулы аждаһаға арыстандай айбат көрсеткен Әлихан Бөкейхан болды: «Казахи пока не знают и не чтутъ имена, величія борцовъ за свободу Россіи, начиная отъ Пестеля, кончая настоящими узниками Шлиссельбурга. Не умножайте свои преступленія, могильшики приказного строя! Ваши дни сочтены. Съ вами мы разсчитываемся въ русскомъ представительномъ собраніи» [8]. Әлихан Бөкейхан – бұл жерде қазақтың ғана емес, тұтас Россияның танымал тұлғасы ретінде сөйлеп тұр. Халықпен от ойнаған мемлекеттік жүйеге «сен қылмыскерсің, сенің күнің қараң» сендермен демократиялық жолмен басқаша сөйлесеміз деп айта алу асқақ мінезді, терең білімді, сол кездегі тұтас Россияға танымал ірі тұлғаның, көрнекті саяси қайраткердің ғана аузынан шығатын – сөз. Тұрақты әскердің өзін «жендетке, жаналғышқа» айналдырдыңдар деп өткір айтқан да Әлихан Бөкейхан болатын: «Армія развращается правительствомъ. Вместо защитника родины изъ арміи делаютъ ея палача» [9]. Әлихан Бөкейхан мемлекеттік жүйенің демократиялық танымнан соншалықты алшақтағанын ашып көрсете білген. Осындай қиын кезеңде «Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген



ұстанымдағы Әлихан Бөкейхан өз мақсатын іске асыру харекетіне жүйелі түрде кіріскен. Алып империяға мінезбен, біліммен қайрат көрсеткен. Әлихан Бөкейханның «Қарқаралы петициясын» ұйымдастыруы, «Қазақтар», «Қазақ тарихы» т.б. жүздеген іргелі еңбектерінің жарық көруі қазақ даласына саяси күштің келгенін, оның пассионарлық қуатты басшысы барлығын Еуразия кеңістігіне танытты.

«Бөліп ал да билей бер» саясатының бет пердесін ашып, ел болып бірігудің жолдарын әр еңбегінде халқының жүрегіне еге білді: «Мұнан бұрын «Қазаққа» жазылған еді: «Учредительное собрание» құдайдан соңғы күшті, мұның ісін бұзатын үкімет жоқ, – деп. Бұл барша Россия мемлекетінің негізгі заңын басқарады, – деп. Мұнда барша қазақтың да ісі қаралады, – деп. Біздің алаштың баласы «Уредительное собрание»-ге партия жасамай, барша алаштың шешенін, білгішін, таза пікірлесін сайлағаны алаштың пайдасы болады. Осы ақыл жұрт пайдасы-ау деп біз, Жалпықазақ сиезінің бюросы қазақ жұртынан депутат болатын жігіттердің атын атамақ болдық. Бұл жігіттер Жалпықазақ сиезіне салынады. Сиез ұнатқан жігіттерді тәмам қазақ бөліп алып сайлайды. Енді депутат сайлауға облыс, ояз, болыс, туған жер арасы жоқ» [10]. Әлихан Бөкейхан әрбір сәтті тамыршыдай дәл тани білді, алаштық таным, алаштық сана арқылы әр алаштықтың рухын оятты: «Қара жарыста озғанды жұрт қалап бәйгеге қосар. Біздің іздегеніміз – Алаштың аты бәйгеден келгені. Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар. Бұл болып тұрған заман Алаштың азаматына үлкен жүк. Бізді бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт жолына түсті. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар. Осыны аңғар, жұртым қазақ!» [10. сонда]. Еркіндіктің мәнін осылай ашады. Саяси еркіндік күреспен, хакім Абай айтатын ерік күшімен келетінін айтып отыр. Әлихан Бөкейханның көпқырлы дарынына, көкжиектің көркем болатынынын көре білген «ақыл көзіне» таңырқамасқа амал жоқ. Кейінгі үрім-бұтақтан не алғыс, не қарғыс алмас үшін не істеу керек, соның жолын көрсетіп отыр. Алаш Елі «жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар» деп көрегендікпен айтып, ол үшін бірлік керек дейді. Әлихан Бөкейхан ел тағдыры үшін отқа да күйді, суға да түсті. Жасымады, сондай кездің өзінде мінезбен, біліммен өзін қамаққа алғандардан биік тұрды: «Мой арестъ носить характеръ личной мести со стороны генерала Сухотина, не разъ послужившаго благодарнымъ матеріаломъ для моихъ корреспонденцій въ дни свободы, когда предлагалъ отдать его подъ судъ за нарушенія 1 пункта Манифеста 17 октября. У насъ нетъ ни суда, ни судей, ни закона, а всехъ ихъ заменяють кругъ овалъ-плетка» [11]. Еркіндік үшін күрескен алаш көсемі Әлихан Бөкейханға өшіккен Сухо-

тин кім еді? Ол сол кезде Дала өлкесінің генерал-губернаторы, Сібір әскери округі әскерінің басшысы, Сібір казак әскерінің атаманы болатын. Қазақ даласы, Сібір өлкесі, тіпті тұтас Еуразия кеңістігіндегі Әлихан Бөкейханның беделінен түнде түсінде көріп шошып оянатын, күндіз ас батпайтын Сухотин осындай биліктің иесі еді. Әлихан Бөкейхан еркіндік жолында негізгі күш саяси санада деп білді.

Ұлы Даланы мыңдаған жылдар мекендеген түркілердің ұрпағын ұйытатын ұран – Алаш ұраны екенін де жақсы білді. Сондықтан оны саяси фәлсафаның туы ретінде халқына ұсынды: «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтiп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр. Жалпықазақ сиезінің қаулысын қабыл етiп, қазақ өз алдына саяси болуын қостайтындар, сайлауда кандидат списогiн «Алаш» партиясының списогi деп жүргізулері керек» [12]. Әлихан Бөкейхан екі оттың арасынан (ақтар мен қызылдардың) халқын аман алып шығу үшін небір саяси амал-тәсілдер қолданды. Адаспас үшін, кімнің кім екенін дер кезінде атап, халқына жеткізіп отырды: «Ленин жолдастарымен неміс жалдаған болып шықты, өзі қолға түспей Германияға қашып кетсе керек. Бірнеше жолдасы абақтыға алынды, сотқа берілді» [13]. Кейіннен «идеалға айналмақ» тұлғаның кім екенін көрегендікпен халқына жеткізу ел болашағының ойлағандықтан, ақиқаттың негізін, субстанциясын тануға, сондай-ақ, болашақ өмірдің айнасын талдап көрсетуінде жатыр.

Әлихан Бөкейхан көсемсөз фәлсафасының негізін қалады. Көсемсөз фәлсафасы медиялық құралдың ажырамас бөлігі, негізі ретінде өз арнасында фәлсафалық танымның мәдениеті мен методологиясын қалыптастырады. Көсемсөз фәлсафасының негізін қалаған Әлихан Бөкейхан бұл саланың халық өміріндегі мәнін терең түсініп, өзі де тікелей араласқан: «Өзінің ғұмырында Әлихан төңкеріске дейін 4 газет, оның үшеуі орыс тілінде: «Иртышъ», «Омичъ» және «Голось степи» газеттеріне өзі редактор болса, қазақ тілінде тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналын шығарып, 1925 жылдан бері шыға бастаған «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» және «Сәуле» журналдарын ашуға мұрындық болды. «Жаңа мектеп» журналының кейін «Қазақстан мектебі», ал «Әйел теңдігі» журналының «Қазақстан әйелдері» басылымына айналғанын ерекше айта кеткен маңызды» [14]. Сондай-ақ, мақала авторы Әлихан Бөкейханның мерзімді басылымда жарық көрген еңбектерінің географиясы Еуразия кеңістігін қамтитынын, тіпті, француздардың ықпалды «Фигаро» газетінде жарық көріп тұрғаны туралы мәліметтердерді де келтіріп өткен» [14, сонда. ].

Әлихан Бөкейхан қазақ фәлсафасының негізгі құндылық-арнасы жерландшафт фәлсафасының негізін қалады. Ландшафтық ойтаным әр этностың өсіп-өнген жерімен(туған жер, туған ел) тығыз байланысты. Ландшафтық ойтаным жоғалса этностың жан тамыры үзіледі. Әлихан Бөкейхан фәлсафасындағы ландшафтық ойтаным – субстанциялық тереңдігімен, ремициациялық санасымен, пассионарлық ұмтылысымен ерекшеленеді. Адам мен жер – мың тамырмен байланысқан феномендік құбылыс. Ана-Жер-Ана деген ұғым бар, бұл бекер емес. Оған Асан Қайғының «Жер-Ұйықты» іздеуін қосыңыз. Жер тіршіліктің тірегі. Қазақ жері қазақтың болашағы екенін терең түсінген Әлихан Бөкейхан оған алдымен қазақтардың өзінің құрметпен қарауын талап етті. Фәлсафада – жер фәлсафасы, ол – үрей фәлсафасы деген де түсінік бар. Ол да бекер емес. Жерден айырылған халықтың күні қараң. Соны терең түсінген Әлихан Бөкейхан жер фәлсафасына өзгеше жауапкершілікпен келіп, халқына түсіндірген: «Жер туралы көрген зорлық көп. Жер десе дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі негізгі ғұмыр мәселесінің ең зоры. Жер ісін «ала қашты, тартып алды, тиіп кетті» қылмай, ақылмен, сабырмен атқарған оң» [15]. Осы қысқа сілтемеде қанша фәлсафалық ой жатыр: зорлық көп, дірілдемесе болмайды, ғұмыр мәселесі, ақылмен, сабырмен атқарған оң. Фәлсафалық терең байламдар. Әлихан Бөкейхан жер мәселесіне аса жауапкершілікпен келу қажеттігін айттып отыр. «Байбаламның» қауіптілігін де ескерткен. Бүгін де қазақ жерін байбаламсыз мінезбен, біліммен көздің қарашығындай сақтау керек. Ол ең алдымен билік басындағылардың басты міндеті. Әлихан Бөкейхан өз кезінде қазақ жерін мың желеумен ресей империясы «тырнақ батырып» алып жатқанда, үндемей қалу өліммен тең екенін халыққа ескертіп, оған қарсы күресудің жүз тарап жолын үйреткен, өзі бел шешіп жер үшін күрескен: «Мұжыққа жер алғанда «артық» деп алып отыр. Қазақ жұрты бұған дауласу керек» [16]; «Қазақ жерін мұжыққа алғанда қазаққа көп кемшілік келтіреді, бұрын жерді қазақтан жері жоқ мұжыққа береміз деп алушы еді. Енді қазақтан алған жерді Еуропада өз жері көп дворян-помещиктерге беріп жатыр» [16, сонда]; «Казахамъ нужно землеустройство при участии самих казаховъ и ихъ земства» [17];

Ғылым фәлсафасы ХХ ғасырдың екінші жартысында өз орнын фәлсафада нық алса, «ғылым фәлсафасы» ұғымының ғылыми айналымға енгеніне ғасырлар өткен. Әлихан Бөкейхан оны анық білді. Жоғарғы оқу орны болса ғылым болатынын және ол қоғамның негізгі басым бағыттарын алға шығаратынын терең білді: «Край нуждается въ открытіи высшаго сельскохозяйственнаго и ветеринарнаго института, такъ какъ земледеліе и скотоводство составляютъ краеугольный камень его экономическаго благосостоянія;

отсутствиѣ же ученыхъ и практиковъ-спеціалистовъ по этимъ отраслямъ отзывается весьма неблагопріятно какъ на ихъ теперешнемъ состояніи, такъ и на ихъ дальнейшемъ развитіи» [18].

Әлихан Бөкейхан қоғамның дамуының негізгі тірегі білім, әрі ғылымның алғышарты да білім екенін анық танып, осы салада өзі бел шешіп еңбек етті, әрі үлкен насихат жүргізді. Әлемдік білім фәлсафасының дәстүріне сай Алаштың білім фәлсафасы институционалды тұтастықта дамыды. Ұлы дала төсінде мектептер, басқа да білім ошақтарын ашу, оқулықтар жазу, газет-журналдар ашу, білім мен тәрбиеге қатысты танымдық-әдістемелік мақалалар жазу, түрлі бірлестіктерде білім мәселелерін, білім теориясы мен концепциясын талқылау, т.б. көптеген мәселелерді қарастыра келіп, соның нәтижесінде ұстаздық фәлсафаның жаңа бағыттарын көрсету, теориялық білімнің іргелі құндылықтарын ашу, Алаштың білім фәлсафасының мета-концепциясы болды. Әлихан Бөкейхан білім мәселесін сол қоғамның басты құндылығы ретінде қарастырды: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізге түсінбей, айтқанымызды тындамай, істегенімізге қосылмай – өтер. Олар өтіп кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті: жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріп бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» [19]. Әлихан Бөкейхан жастарға үміт артты, өз халқының қабылетіне ерекше сенді, генетикалық дарындылығына күмән келтірмеді: «Қыр халқы... өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақыл-санасы болған соң...» [20].

Әлихан Бөкейхан білім саласында болып жатқан әр жаңалықты қағыс жібермей, содан қазақ халқының сусындағанын қалаған. Петербор қаласында өтпекші мұғалімдер сиезінен қазақ мұғалімдері қалмауы керек деп халыққа қаратып сөз айтқан, оның мәнін түсіндіріп берген: «Алдымызда осы қыс Петерборда мұғалімдердің бас қосуы – сиезі болады. Бұл сиездің басында неше білгіш ғылымды профессорлар болады. Оқуды жақсылап оқытатын Жапон, Америка, Норвегия сияқты жұрттардың қалай бала оқытып отырған үлгісін жиылған мұғалімдерге көрсетеді. Біздің қазақ мұғалімі бұл сиезге бармаса болмайды. Халық болып көп аз демей қазына жиып, талапкер қазақ баласын оқытатын мұғалімдерді Петербор сиезіне жіберу үлкен мақсат. Мұғалімдерді Петербор сиезіне жіберетін ақша қазақтан табылмаса, міне жұрттан қалғанның белгісі. Қиналып тапқан ақылды, толғатып сөзге аудардым. Енді бұл сөзді іс қылмақ, оқушы жұртым, қазақ өз мойныңда!» [21].

Геродоттан бастау алып, Вольтер ғылыми айналымға енгізген тарих

фәлсафасы бүгінде тарихи танымның методологиясын айқындауда басым бағытқа ие. Алайда, отандық тарих ғылымына негізделе жазылған тарих фәлсафасы туралы іргелі еңбек бүгінде жоқтың қасы. Оған көп жылдар алаш танымының жабық болуы кері әсерін тигізді. Ұлттық тарих фәлсафасының басында Әлихан Бөкейхан тұрды: «Тарих – елдің айнасы, тарихтан ел өткен уақыттағы мінін көреді. Айна жоқ болса адам бет-аузын көре алмайды. Тарих жоқ болса – ел өткен күнін һәм мінін көре алмайды. Мінін көре алмаған соң, өмірін ондай алмайды. Ондамаған соң мәжнүн болып, құдыққа құлайды. Олай болса тарих қажет. Тарих болса ел өсіп, өнеді. Тарих болмаса ел жоғалады. Бұл хақ нәрсе» [22].

Тарих философиясының ақиқаттығын Әлихан Бөкейхан осылай ашып көрсеткен. Тарихтың этнос өмірінде, оның адамзат тарихында алатын орнын айқындаудағы ролі туралы айтқан пікірі де бүгінде өзектілігін жойған жоқ: «...біздің қазақ халқының асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ. Бұ күн Азия картасының төрттен біріне ие болып тұрған қанша миллион қазақтың тарихы көмескі қалыпта тұрған жайы бар» [23].

Әлихан Бөкейхан тарих ғылымына, тарих философиясына жүйелі түрде барған. Елден тыс ғылыми ортада оның тарихи танымы ерекше белгілі болған. Әлихан Бөкейхан тарихтың генезисіне өзінің іргелі еңбектерінде ерекше тоқталған: «Остановимся несколько подробнее на памятникахъ этого древняго народа. До нас дошли, какъ мы уже сказали, остатки городовъ курганнаго племени. Это небольшія сооруженія изъ глины, дерева(срубы) и камня: такія «городища», открыты во многихъ мѣстахъ – по берегамъ Иртыша, Тобола и Ори, по берегамъ Илека и Урала. Въ нихъ найдены медныя и бронзовыя орудія и разнообразныя глиняная и бронзовая посуда(чаши и урны); последняя всегда изукрашена различными узорами. Некоторые городища имели видъ укрепленій и помещались на неприступныхъ мѣстахъ (например въ окрестностяхъ Каркаралинска); другія расположены по берегамъ рекъ и озеръ и имели деревянныя и земляныя постройки. Находили въ городищахъ шорныя издѣлія (удила и стремена съ бронзовыми и медными насечками и пр.) и орудія для обработки полей. Но особенно развито было горное дело. ...Много осталось и памятниковъ религознаго культа. Въ этомъ отношеніи богатый матеріаль даютъ курганы и могильгики» [18].

Әлихан Бөкейхан өзінің іргелі «Қазақ тарихы» мақаласында мәдениет фәлсафасына да методологиялық жол ашқан: «Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзінің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» [23]. Тағы бірде Әлихан Бөкейхан былай дейді:

«Оқымай мәдениет жоқ. Мәдениетсіз ел қандай көп болсын, күшті болсын, ұлтшыл болсын, ұлттығын сақтап табанды ел болып тұра алмайды» [24]. Мәдениеттің этнос өмірінде алатын орнын анық ашып берген, мәдениетін сақтамаған, қадірлемеген халықтың «ел болып тұра алмайтынын» анықтап айтқан.

Әлихан Бөкейхан фәлсафасының өзекті саласы – тіл философиясы. Тіл – ой мен білімнің кілті. Мәскеуде сөйлеген сөзінде тіл мәселесіне заң тұрғысынан келіп өзекті мәселені көтерген, әрі үлкен саяси маңыз берген: «Ближайшей нуждой киргизовъ является свобода въ употребленіи родного языка, особенно необходимая въ виду предстоящей выборной агитаціи, и я присоединяюсь къ предложению техъ товарищей, которая просили съездъ высказаться за немедленную отмену всехъ ограниченій въ правахъ местныхъ языковъ» [25].

Әлихан Бөкейхан энциклопедиялық білімнің иесі ретінде аса күрделі дін фәлсафасына да ерекше батыл, әрі терең талдау жасай отырып барған. Діннің халық өмірінде алатын маңызды орнын талдап көрсеткен, сондай-ақ, «шала молла дін бұзарын» да білген. Әлихан Бөкейхан мынадай терең танымды сөз айтқан: «Молла – міндетті халыққа білім беруге» [26]. «Молла міндетті» деп кесіп айтқан. Бірақ, сол міндет ойдағыдай ма, міне мәселе осында. Сондықтан, халыққа түсінікті болу үшін өмірден алып, дін мәселесіне қатысты көптеген еңбектер жазған. Соның бірі, Әлихан Бөкейханның: «Қ. оязындағы моллалардың баяны» мақаласы: «Қырда кім болса да сол молла болады. Аз ғана оқу білетін қазақ я қашқын ноғай, я сарт, я тәжік. Сол адамдар бек надан һәм нәрсені білмейді һәм солар надан болған соң, қазақтарға ауып, оларды мейлінше бұзады» [26. сонда]. Дін саласындағылардың қатып қалған догмамен жүрмеуін, діннің тереңіне бойлап дұрыс түсіндіруін де талап еткен еңбектер жазды: «что среди нашихъ магометанъ есть такіе хамелеоны, которые въ совещаніяхъ идутъ с народомъ за одно, а когда разойдутся по домамъ начинаютъ стоять задругое. Для этой цели они не останавливаются ни передъ чемъ: совершенно превратно толкують стихи Корана и поученія Пророка, возстаютъ безъ всякихъ границъ противъ мусульман-прогрессистовъ, проклинаятъ всехъ, кто стоитъ за науку и за светское образованіе» [27].

Олардан дінді ғылым мен білімге қарсы қоймауын талап етті, сондай-ақ, тіпті басқа дін өкілдерінің адамдық қаракеттері бар болса, соны да үлгі етті: «Кедров һәм Тасветков деген екі поп жұталмаған жұрттан ақша жиып, Қостанай оязындағы қазақ жеріне жаңа келіп орныққан мұжықтарға ас пісіріп беріп, өлімтік, үш көтеремін асырады. Әлгі екі поптың апарған дәрігерлері 20-шы марттан 1912-ші жылғы 1-ші августке шейін 8 мың 292 мұжықты қарапты. Көліксіз мұжыққа ат сатып әперіп, кісі жалдап, жерін жырттырғаны үшін 10 мың сом шығарыпты. Үлгі алсаң, қазақ моллалары, осылардан ал!» [28].



Әлихан Бөкейхан өзінің танымында дін фәлсафасының концепциясын талдап көрсетті: «Франсуз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді, молла үкіметтен ақша алса, сатылып кетеді, рухани іс аяқасты болады. Жалование алған моллалар үкіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісінен бөліп қойғаны оң болады. Орысша оны «отделение церкви от государства» дейді» [28. сонда]. Әлихан Бөкейханның фәлсафалық танымы кешенділігімен, концепциялық ауқымдылығымен, адамдық қасиетімен ХХ ғсыр басындағы қазақ фәлсафасына өзгеше пассионарлық қуат берді: «Я живу, дышу, существую внутренними делами своей родины, для меня судьбы ея превыше всехъ благъ, какія только можетъ дать жизньъ» [29]. Сондықтан Әлихан Бөкейхан фәлсафасы қазақ үшін мәңгілік.

\*\*\*

Ахмет Байтұрсынұлы және Еркіндік фәлсафасы. Абайды терең таныған Алаш алыптарының бірі, ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ол: «Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан басқа бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» [30,216-б.] ашып айтқан. Сондай-ақ, хакім Абай поэзиясындағы еркіндік фәлсафасына ерекше құрметпен қарап, терең таныған да бірегей ғалым Ахаң, Ахмет Байтұрсынов болды. Қазақ халқы ұлт ұстазы деп бағалаған Ахмет Байтұрсынұлы саналы ғұмырын қазақ халқының еркіндігіне арнаған. Ахмет Байтұрсынұлы еркіндік фәлсафасына жүйелі түрде келген.

Еркіндік жолына қайраткерлігімен, шығармашылығымен, ғылыми танымымен жүйелі түрде келген дана тұлға Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың еркіндік фәлсафасының іргетасын нық қалағаны анық. Ол еңбегі барлық салада, кең тарапта көрініс тапты.

«Маса» жинағы. 1911 жылы жарық көрген. Еркіндік мәселесін көтерген «Жұбату» өлеңі тұңғыш рет 1922 жылғы екінші рет Қазанда басылған «Маса» жинағына енген.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы даналықпен еркіндікке қатысты мәселені қазақтың бала жұбату өлеңінің мәнеріне салып жазған өлеңінің мәні өзгеше. Бесіктен бастаған, халықтың терең дәстүрін тамырынан таныған. Сондықтан, қазақтың бала жұбату өлеңін келтіре отырып, оны өзінше дамытады. Алдымен қазақтың бала жұбату өлеңінен бір шумақ береді: «Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем, Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін. Байқұтанның құйрығын, Жіпке тағып берейін» [30, 73-74- б.]

Ахмет Байтұрсынұлы осы бала жұбатуды өзінше дамытып, фәлсафалық тұрғыдан еркіндік мәселесін көтеріп кеткен. Осы өлеңде еркін ұғымын үш

рет, еркі ұғымын екі рет қолданған: «Қайран еркін, Замандарың, Тарлыққа жоқ, Амалдарың. Еркін дала, Еркін қайда? Еркіндегі, Көркін қайда? Нулы, нулы, Жерің қайда? Сулы, сулы, Көлің қайда? Еркін көшкен, Елің қайда? Ел қорғаны, Ерің қайда?» [30, 73-74- б.].

Осы өлеңдегі сауалдар фәлсафалық мағынаға ие. Осындағы «Еркін дала, Еркін қайда? Еркіндегі, Көркін қайда?» назар аударайық. Еркін дала еркінен айырылған соң, сол еркіндікте бар көркінен де айырылған. Халықты оятудың қуатты тәсілі. Реминиценция тәсілімен «әлдилеп» отырып оятады. Бала емессің, бұл қауіпті әлдиге көнбе дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы осылай қойылған көп сауалға, өлеңнің екінші қайырмасында жауап береді, еркіндіктен кімнің айырғанын атап көрсетеді: «Нулы жерден, Күшті айырды, Сулы көлден, Сұсты айырды. Малың алдау, Талауда тұр. Жаның арбау, Қамауда тұр».

Қазақтың бала жұбату өлеңінің мақсаты баланы әлдилеп ұйықтату. Мына жерде соған қарама-қарсы «ұйқыдан ояту» мәселесі көтерілген. Барлық мүмкіндікті сарқа пайдаланған: «Әлди-әлди! – Мен де деймін. Сірә, «әлдиге», Сенбе деймін». Еркіндікке ұтылыстың алдындағы буырқаныс. Бодандыққа түскен елдің болмысын таратып айтып келеді де : «Малың алдау, Талауда тұр. Жаның арбау, Қамауда тұр» дейді. Жаның қамауда тұрса, Сен кімсің? Сонда нең қалды? Ештеңең қалмаған. «Кұр сүлдерсің». Еркіндігің жоқ. Жаның қамауда болған соң, малың да талауға түскен. Ахмет Байтұрсынұлы «мал» ұғымын кең мағынада алған. Ол жерің, байлығың, берекең деген сөз. Соның бәрі талауға түскен. Сондықтан империяның «әлдиіне» ұйықтаудың нәтижесі құрдымға кету болмақ. Еркіндік жолына түскен Аханның өз тағдыры ғана емес, ол өскен әулетке де оңай болмады. Империялық жүйе баудай түсірді. Ер мінезді, елдік рухты әкесі, ағалары ел қамын жегені үшін абақты, итжеккеннің бәрін көрді. Жасымады.

Мен өзім, Аханның шығармашылығынан диссертация қорғаған адаммын. Бірақ бүгінгі мәселе ол туралы емес. Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік, елдік, еркіндік санасын байқаған басқыншы жүйе артынан бақылау қойып, дала данышпанының әр қадамын қадағалап отырған. Алғаш рет Аханның өзі 1909 жылы тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылған. 1910-1917 жылдары Орынборда тұрды. Қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылданған болатын. 1929 жылы басына тағы да іс түсіп қамалды. Сол кезде жасаған мәлімдемесінде Ахаң былай деген: «Әдеби еңбек мінезден туады. Ұлттың қажетін өтейді». [31, 180-б.] 1937 жылы тағы қамалып, сол жылы 8 желтоқсанда атылды.

Аханның көркем шығармаларының басым көбінде елдік, еркіндік рухы бар. Мәселен, «Аққу, шортан һәм Шаян» мысалына назар аударайық. Мысалдың

сюжеті түсінікті. Дегенмен мысал жанрында «сентенция» деген ұғым бар. Контекстен тыс пікір, авторлық тұжырым деген сөз. Көп халыққа ортақ мысал сюжетіне Ахмет Байтұрсынұлы мынадай сентенция, түйін берген:

*Жігіттер, мұнан гибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.  
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас [30,23-б. ].*

XX ғасыр басында елді бірлікке шақырып отыр. Егер біріңнің бірің тіліңді алмасаң «ісің оңбас» дейді. Еркіндік фәлсафасына қадам болатын бірлікке шақыру танымында хакім Абайды шығармаларымен үндестіктікті көреміз: Хакім Абай «Алыстан сермеп» деп басталатын «Сегіз аяқ» өлеңінде:

*Біріңді қазақ, бірің дос*

*Көрмесең, істің бәрі бос,* – анықтап айтпап па еді. Қазақтың бас ақыны, ғұлама-ойшыл, хакім Абайдың осы өлеңі танымы терең, көп тарапты шығарма. Осы бітімі бөлек шығармада елдік мәселесі алтын арқау болып терең көтерілген: «Ойданар елдің сиқы жоқ», немесе, «Сөзімді ұғар елім жоқ» осы ішкі толқыныс мынандай түйін жасауға апарды: «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым – тап шыным!».

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы хакім Абайды терең таныған, өзі саналы ғұмырында білім арқылы елінің, жұртының еркіндік жолына түсуіне аянбай еңбек еткен. Ахмет Байтұрсынұлының білім фәлсафасы арнайы қарастыратын алып тақырып.

\*\*\*

Міржақып Дулатұлы және еркіндік фәлсафасы. Тәуелсіз Қазақ Елінің туындағы бейнеленген Қыран құсты көргенде менің санама бірден Алаш алыптарының айбынды қайраткері Міржақып Дулатұлы түседі.

Неге менің санама дана бабам Жақанның есімі бірден түседі. Оның үлкен мәні бар. Жақанды еркіндік фәлсафасының қыраны десе болады. Қазақтың ұлан-байтақ даласына биіктен, қыран құстай «санқ» етіп, самғай ұшып «Оян, қазақ!», – деп еркіндік санасын кең жайған еді. Жақанның даналығы сонда болатын. Не оян, не біріңді бірің талап құрдымға кетесің. Оянбасқа амалыңды қалдырмады, тұңғыққа мәңгі кететінінді тайға таңба басқандай қылып айтты.

Алаштың көрнекті қайраткері, тұңғыш тіл білімінің аспиранты Қошмұхамбет Кемеңгерұлы XX ғасырдың басында Жақанның дара тұлғасын дәл танып, анық та биік бағасын берген болатын: «Оян, қазақ»-ты ел қазақтары Құрандай жаттаған. Міржақыптың атын алты Алашқа таратқан «Оян, қазақ!» болатын» [32, «Еңбекші қазақ», 1.12.26].

Құрандай жаттау. Бұл – жай сөз емес, болмысы бөлек, дара сөз. Бұл, қандай жаттау. Күмәнсіз жаттау, бойға толық сіңіріп, табынып жаттау деген сөз. Сенім мен танымның бірлігі жоғалмаған кез. Бұл, ғұлама Әл-Фарабиден бастау алып, хакім Абайға жеткен фәлсафалық ойтанымның Алаш алыптары дүниетанымындағы жалғастық көрінісі. Жақаң өзінің ғұмырымен, қайраткерлігімен, шығармашылығымен еркіндік дүниетанымын қазақ даласына кең таратып, орнатып кеткен тұлға.

Қошке Кемеңгерұлы Ел қазағының да тұтас бейнесін де Жақаң бейнесімен бірлікте ашып көрсеткен. Ол кезде ел қазақтарының Жақаңның тұлғасын тануы асқақ болған. Бойдағы рух жоғалмаған. Санадағы сенім жоғалмаған. Сондықтан басқадай жаттамаған. Құрандай жаттаған. Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлы тереңнен қозғап «алты Алаш» ұғымын қолданып тұр. Жай ғана қолданбаған, назар аударайық: «Міржақыптың атын алты Алашқа таратқан «Оян, қазақ!» болатын». Сол өзі өмір сүріп жатқан Елдің атын Алты Алаш деп анық атап тұр. Бұл, бабалардың үні бар, елді тұтастандыратын, елді ұйытатын үлкен сөз. Елін, жерін шүбәсіз сүйген, алмас қылыштай, шәһиттік ерлік жолымен күресе еркіндікке қол созған Жақаңның биік бейнесі болаттай беріктігімен көрінген сөз.

Нағыз пассионар тұлға Міржақып Дулатұлы хакім Абайды қалай терең танып бағалаған: «Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы ауқымды еді. Адамшылық ой-қиялы өте таза, елін-жерін сүйген кісі еді» [33, 212-б. ] – дейді.

«Оян, қазақ!» жинағы 1909 жылы Уфа қаласында, 1911 жылы Орынборда жарық көрді.

1909 жыл – қазақ этносының дүниетанымында тұтас бір дәуірдің салмағын көтерген ерекше жыл ретінде тарихқа енді. Уақыт озған сайын осы жылдың қадыры арта берері хақ. Бір жылда Хакім Абайдың, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының, қазақ даласының қыраны Міржақып Дулатұлының шығармалары қатар жарық көрді. Қазақ Даласында еркіндік самалы есті. Сол самал санаға қуат берді.

Міржақып Дулатұлының рухты «Оян, қазағы!» мына жолдармаен ашылды:  
«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,  
Қазағым, енді жату жарамасты» [34,3-б.].

Бұл жолдарда өтініш жоқ, талап бар. Өз характеріне сенімді тұлғаның, қайраткердің сөзі. Пассионарлық қуатпен келген тұлғаның жұртына сауалы көп:

«Қазағым, жерің қайда ата мекен,  
Қазақ қазақ болғалы мекен еткен?» [34,30-б.].

Ен жайлаған «Ата мекен» қайда, ата мекен болатыны оны «Қазақ қазақ» болғалы жайлаған, енді сыпыра айырыла бастаған. Неге? Алаштың алып қыраны осы сауалдарға жауап іздеген. Бұл Алаш рухты Жақаңның «Қазақ жерлері» өлеңінен, ал, «Алашқа» атты өлеңінде оның өмірлік мақсаты толық ашылған:

Көк майса бетегелі жерің қайда?  
Күмістей толқындаған көлің қайда?  
Ың-жың боп жерқайысқан төрт түлікпен  
Жөңкіліп, көшіп қонған елің қайда?  
Көтерген ақ киізге ханың қайда?  
Қиғаш қас, бидай өнді ханым қайда?  
Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,  
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?  
Ақ орда би түсетін үйің қайда?  
Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,  
Толықсып жүрген кеше күнің қайда? [33,106-б.].

\*\*\*

Мағжан Жұмабаев және еркіндік фәлсафасы. 2018 жылы Алаштың көрнекті қайраткері, атақты ақын, қазақ әдебиетінің классигі, түркі дүниесінің ірі тұлғасы Мағжанның 125 жылдық мерекесіне арнап «Біздің Мағжан» атты безендірілген мерейтойлық жинақты төрт тілде (қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде) дайындап шығардым [35,100-б. ]. Мағжанның есімін, шығармашылығын және қайраткерлігін халықаралық деңгейде насихаттауға тамшыдай болса да себебі тиіп жатса арманның орындалғаны.

Алаштың классик ақыны Мағжан Жұмабаев еркіндік фәлсафасына толық танып, тереңдікпен келген. Сондықтан хакім Абай дәстүрімен ерік ұғымын өз шығармасында қолданады. Мағжан шағын «Тіршіліктің көркі – ерік» деген өлең жазған. Алдымен осы шағын өлеңді толық келтірейік:

Тіршіліктің көркі – ерік,  
Адамдыққа ол серік.  
Бір кірген соң қақпанға,  
Қалар бұрынғы еркелік!  
Ойламай барып ұрынып,  
Өкінген аз ба ертелік?! [36, 23-б. ].

Мағжан «тіршіліктің көркі – ерік» дейді. Бұл біз айтып отырған еркіндік фәлсафаның бас ұғымы. Ерік – бүгінгі танымдағы еркіндік фәлсафаның

бас ұғымы болатын себебі, ол осы тіршіліктің көркі екен. Ерік жоқ жерде тіршіліктің көркі бозарып, берекесі қашады. Бодандық қамыты қажытады. Тіршілік өз көркінен айрылады. Еріктің басты қасиеті адамдыққа серік болуында. Ерік жоқ жерде адамдыққа да құрт түсіп, ол бұзыла бастайды. Бұл аса қауыпты құбылыс. Ерік жоқ жерде еркелік те жоқ. Тәуелдісің. Ойшыл ақын Мағжан еріктен айырылу ойланбаудан дейді. Сана болмысының мәселесі шығып тұр. Ойланбаудан барып, басқа қамыт киілгенде, еріктің орнын өкініш басатынын айтқан. Хакім Абаймен рухани терең үндестік Мағжанда еркіндік фәлсафасы мәселесінде анық көрініс тапқан.

Мағжан Жұмабаев «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазған:

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,  
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.  
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,  
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар [36,16-б.].

Даналықпен Мағжан айтады, «жұртың ояу болған сайын, қадірің артар» дейді. Ояу болу еркіндікпен келетін феномен. Алаштың ойшыл ақыны Мағжан «Орал тауы» деген өлеңінде де ерік ұғымын қолданған.

Бір күнде сенің иең түрік еді,  
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді...  
Ер түрік ен далана көрік еді,  
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді [36,41-б.].

Осы өлең жолдарында тәуелсіз елдің бейнесі салтанат құрған. Орал тауының иесі кім екені айтылып келіп, ол елдің «Отырса, көшсе, қонса – ерік еді», – дейді.

Өнерде теңдесі жоқ асқақ ақын Мағжан фәлсафасының көкжиегі өзгеше көркем еді. Мағжан – Күн болатын: «Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын». Көпке Күн болып нұрын шашқан ақынның асқақ үнін адамзат баласы естіп, нұрланды. Бірақ, Мағжан үні «шіркеулілердің» бетін қарыды.

Күннің нұрынан шошығандар «қара тақтаны» ойлап тапты. Сырттан таңылған дүниетанымның жетегінде кеткендер Мағжандай тұлғаға жатбауырлықтың қатыгездігін көрсетті.

Жетпіс жылдан соң қара түнекті қақ жарып Күн-Ақын шуағын әлемге шашып жарқырай шықты. Мағжан сфинкс құстай түлеп ұшып, тәуелсіз Қазақ Елінің туында қанатын кең жая биікке самғады. Мағжан – Мәңгілік. Мәңгілікке қол созған Тәуелсіз Қазақ Елінің аспанында Мағжан идеясы қыран болып қалықтады.

Мағжан поэзиясының мәні – терең, көкжиегі – көркем. «Мен кім?» өлеңінде Мағжан «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді, Надан адам өлім



жоғын білмейді» деген. «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңінде ақын «Өлім күйі – тәтті күй, Балқиды жаным бұл күйге. Мені де, өлім, әлдиле, Әлдиле, өлім, әлдиле!..» дейді. Мағжандағы өлім мәңгіліктің метафорасы. Сондықтан өлім туралы жазған ақын мен өлмеймін, менікі де өлмейді дейді. Ойшыл-ақын Мағжанның өнертанымында эмпирикалықтан онтологиясы, басқаша айтқанда фәлсафалық ойшылдығы басым. Мағжан поэзиясындағы ойшылдықтың мәні өмір мен өлім, болмыс пен тағдыр, еркіндік пен тәуелсіздік туралы терең танымнан көрінеді.

Мағжан поэзиясындағы Сарыарқаның самалындай еркін ойды тұсауға, шідерлеуге, кісендеуге ұмтылған цензураның бастауы тым ертеде, 1912 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Шолпан» өлеңдер жинағынан басталған. Поэтикалық дүниетаным фәлсафаның символдық тілі. Сол кездің өзінде, Мағжан идеясы қазақтың кең даласына тұтас жайылса империяға қауіп, сондықтан, цензура керек деп түсінген олар. Мағжанның артына от алып түскен алғашқы цензураны тауып, ол туралы өз еңбегінде ғалым Зарқын Тайшыбай тайға таңба басқандай кең таратып жазды [37,341-б.]. Қайран, Мағжан! Сол оттың арты өртке айналды ғой...

Мағжанның адамзатты сүю фәлсафасы. XX ғасыр бастауында өз басы қуғында жүрсе де елге келген нәубет-аштықта Мағжан қайыспай халқына азаматтық көмек қолын созған. Аштыққа қарсы күрес комиссиясы төрағасының орынбасары болып бекіген Мағжан қыруар іс атқарған. Оның 1922 жылы «Мир труда» газетінде жарық көрген «Голод в Сары-арке» мақаласы соған дәлел [38,110-113 б.]. Тіпті, губерниялық әскери комиссар Приморскийге жазған хатында жетім қазақ балаларымен қатар, қазақ жеріндегі аштыққа ұшырап отырған орыс балаларын да қамқорлыққа алуын сұраған. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айтқан, өзі алтын хакім атаған Абайдай Мағжанның да жүрегі үлкен еді.

Мағжанның Алтай ұғымды түркі фәлсафасы. Түркі санасында, түркі фәлсафасында Алтай субстанциялық ұғым. «Алтай түркі ұлыстарының Афинасы» деп атақты түркітанушы Л.Н.Гумилев бекер айтпаған. Хан Алтайдың рухын Мағжандай асқақтатқан ақын кемде кем. Мәселен, «Қазақ тілі» өлеңінде:

«Қыран құстың қос қанаты қырқылды,  
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.  
Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,

Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды!». Мағжан фәлсафалық рефлексия арқылы сананы сілкіндіруге ұмтылған. Ұстазы, алаштың алыбы Міржақып Дулатұлының идеясын тереңдеткен. Мағжан «От» өлеңінде «Өлпіге барғам, Алтайдан» десе, «Тез барам» өлеңінде «Қыранымын сары

сайран даланың, қос қанатым – алтын Алтай, Оралым» деген. Тағы да осы өлеңде «Дұғада бол, Алтын Алтай – қарт анам, Алып ата, қуды жолың ер балаң, Ақ шашынды, көкірегіңді иіскеуге, Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам». «Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам» дегенде Мағжан нені айтып отыр? Бүкіл Еуразия кеңістігіне шашылып кеткен тұтас түркі баласы санаңды оят, атақоныс алтын Алтайда ата-бабаң салтанат құрған, соның басында бірік дегенді айтып отыр. Ақынның сәулетпенен тез барам деуі асқақ идеяның көрінісі.

XX ғасыр басында Хан Алтайдан алыстап, өрістеп кеткен Анадолы түріктерінің басына қауіп төнгенде Мағжанның қыран даусы ұлы даладан саңқ етіп дара шыққан еді: «Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта, Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа лайық па құл боп тұру? Жүр, кетелік Алтайға, ата мирас алтын таққа». Мағжан Алтайды алтын таққа теңеген. Рухы биік Анадолы түріктері бүгінде Мағжанның тұлғасын аса биіктетті. Анадолы түріктеріне Хан Алтайдан мың алғыс, Тәңірім қолдасын сендерді!

Мағжанның Алаш фәлсафасы. Мағжан Хан Алтай мен Алаш Елі ұғымдарын бөлмеген. Қазақтың классик ақыны Мағжанның «Қорқыт» поэмасы былай басталады: «Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен, Алтайға бетегедей алтын біткен. Бейіштей Алтын Алтай етегінде, Ертеде Алаш елі мекен еткен». XX ғасыр басында қазақтың алып тобы осы идеяны субстанция деп танып, оған «Алашорда» деп ат қойды. Ойшыл-ақын Мағжан «Алаш елі» ұғымын «Батыр Баян» поэмасында асқақ жырлайды: «Арқамдай жер жүзінде жер бола ма? Айбынды алашымдай ел бола ма?». Шындығында, Алаш фәлсафасы – феномендік құбылыс, этнотұтастық таным барлығының көрінісі. Қазақ халқының біртұтас ұюына ғаламат ықпал еткен, еркіндік рухына ту байлаған Алаш фәлсафасының ашылмаған мәселелері көп. Сол мәселенән бірегейі ақын Мағжан айтқан «Алаш елі» ұғымы. Оның тамыры тереңде жатыр, бастауы – Хан Алтайда!

Хан Алтайды Мағжандай асқақтатқан ақын жоқ. Менің ұсынысым бар. Хан Алтайдың бір биігіне Мағжанның атын берсек, нұр үстіне нұр болар еді. Ал, бере алмасақ, елдігімізге сын. Бірақ, бір нәрсені ескеруіміз керек, егер біз Мағжанның есімін бере алмасақ, ертең алаш рухты жастар береді. Асқақ рухты ақын Мағжан айтқан ғой: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты – Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін!». Мен де сенемін, Мағжан аға! Мағжан сенген, сол үшін күрескен еркіндіктің қадірін білген жөн.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Казахско-русский словарь: около 50 000 слов./ Под ред. чл.-корр.

НАН РК Р.Г.Сыздыковой, проф. К.Ш.Хусаина. – Алматы: Дайк-Пресс. 2008. -962 с.

2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар.- 1995. – 336 бет.

3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер -1995. – 380 бет.

4. Историческія судьбы киргизскаго края и культурныя его успехи.//Букейхановъ, А.Н. и др. Россія. Полное географическое описаніе нашего отечества. Киргизскій край, томъ 18, 156-175 стр. 1903 г. СПб.

5. Историческія судьбы киргизскаго края и культурныя его успехи.//Букейхановъ, А.Н. и др. Россія. Полное географическое описаніе нашего отечества. Киргизскій край, томъ 18, 156-175 стр. 1903 г. СПб.

6. Қыр баласы. «Қазақ», 1913 ж., №2. Орынбор.

7. Ғарифолла Есім. Бес Сауал.// «Шәкәрім» энциклопедиясы. 2008.

8. Ә.Б. «Семипалатинскій листокъ», №264,13.12.1905г. Семипалатинскъ.

9. Букейхановъ, А.Н. Омскъ, 2-го сентября.// «Иртышь», №36, 02.09.1906 г. Омскъ.

10. Қыр баласы.Қазақ депутаттары.// «Қазақ» газеті, №235, 1917 жыл. Орынбор қаласы.

11. Алиханъ Букейхановъ. Дзянь-Дзюны казахской степи.//20 февраля 1906 года. Павлодаръ. Тюрма.

12. «Алаш» партиясы.// «Қазақ», қыркүйек, 1917 жыл. Орынбор қаласы.

13. Қыр баласы. Мемлекет халі. Саяси шолу.// «Қазақ» газеті, №237, 20шілде, 1917 жыл. Орынбор қаласы.

14. Сұлтан-Хан Аққұлы. Әлихан Бөкейханның публицистикасы мен бүркеніш есімдері турасында.// Бөкейхан Әлихан. – Толық. екінші бас. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016.

15. Қыр баласы. Жер комитеті.// «Қазақ», №227,1917 жыл. Орынбор.

16. Ғали хан. Петроград хаты.// «Қазақ», №188, 1916 жыл.

17. Букейхановъ, А.Н. Омскъ, 6-го августа. // «Иртышь», №17, 06.08.1906 г. Омскъ.

18. Историческія судьбы киргизскаго края и культурныя его успехи. // Букейхановъ, А.Н. и др. Россія. Полное географическое описаніе нашего отечества. Киргизскій край, томъ 18, 156-175 стр. 1903 г. СПб..

19. Қыр баласы. Қазақша оқу жайынан. // «Қазақ», 1913 ж., №14. Орынбор.

20. Қыр ұғлы. Баспаханаға хат. // «Дала уалаятының газеті», №24, 16 маусым. 1889. Омбы.

21. Қыр баласы. Мұғалімдер жиылысы.// «Қазақ», 1913 ж., №40. Орынбор.

22. V. Тарих керек. // «Қызыл Қазақстан», 1922 жыл, №10. Орынбор.
23. Түрік баласы. «Қазақтың тарихы» // «Қазақ», 1913 ж., №3. Самар.
24. Әлихан Бөкейхан. Қазіргі керек екі нәрсе. // «Абай», №8, 01.08.1918 жыл, жылан. Алаш(Семей) қаласы.
25. А.Н. Букей-Хановъ. «Семипалатинский листок», № 239, 08.12.1905 г. Семипалатинскъ.
26. Әлихан Бөкейхан. Қ. оязындағы моллалардың баяны. // «Дала уалаятының газеті», №19, 12.05.1889 ж. Омбы.
27. Мусульманинь. Изъ семипалатинскаго мусульманскаго міра. // «Семипалатинский листокъ», №69, 18.08.1906г. Семипалатинскъ.
28. Қыр баласы. Моллаларға! // «Қазақ», 1913 ж., №11. Самар.
29. А.Б. 5 августа 1906 года. Омскъ.
30. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. // «Қазақ», 1913 ж., №43 // Кітапта: Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу/ Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.
31. А.Байтұрсынұлының мәлімдемесі. 1929, ҚР ҰҚК мұрағаты, 78754-іс, 6-т. // Кітапта: Р.С. Имаханбетова. Ғасыр саңлағы. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. – Астана, 2010, - 190 бет.
32. Қошмұхамбет Кеменгерұлы. Міржақып Дулатов. «Еңбекші қазақ», 1.12.26.
33. Міржақып Дулатұлы. Ибраһим ибн Құанбаев. «Уақыт», -1908, №383// Кітапта: Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. Құраст. М.Әбсеметов, Г.Дулатова. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 384 бет.
34. Міржақып Дулатұлы. «Оян, қазақ!». Құраст. М.Әбсеметов. – Алматы: Алтын Орда, 1991. -80 бет.
35. Шаңбай Т. «Біздің Мағжан». Қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде. – Петропавловск. – «Алаш-Таным», 100 бет.
36. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар. Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет.
37. Тайшыбай З.С. Мағжанның Қызылжары. Петропавл, 2006. -341 бет.
38. Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Ахметжанова г.Б., Мәлікова С.З., Қ.Қ.Оспанов., З.С.Тайшыбай. – «Северный Казахстан» баспасы, Петропавл, 2018 ж. Т.1. – 2018. – 384 бет.

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ФЕНОМЕНІ

*Сұлтан Хан Аққұлы*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Алаш»  
ғылыми-зерттеу институты*

**Аннотация:** Орынборда 5 жыл бойы А. Байтұрсынұлының редакторлығымен шығып тұрған тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газеті қазақ өлкесінің қоғамдық-саяси, Ресейдің ішкі істері мен халықаралық жағдай, оқу-ағарту, ғылым, көшпелі де отырықшы мал және егін шаруашылықтары, мәдениет, тіпті адам құқы, әйел теңдігі салаларын түгел қамтыған әмбебап мерзімді басылымға айналып, 1913-1918 жылдар бойы бүкіл Қазақ даласының қоғамдық пікіріне жалғыз өзі үстемдік орнатты. Шетелдік зерттеушілердің пікірінше, «Қазақ» газеті мен «Алаш» қайраткерлері қазақ қоғамында «мәдени ренессанс» жасады, заманауи қазақ мемлекетін құрды.

**Кілт сөздер:** «Алаш», идея, ұлттық қозғалыс, «Қазақ» газеті, Байтұрсынұлы, мәдени ренессанс, партия, ұлттық автономия, кеңес өкіметі.

1913-1918 жылдары Орынборда үзілмей шығып тұрған тұңғыш жалпы-ұлттық әрі халықаралық «Қазақ» газетінің қазақ халқы мен қазіргі Қазақ мемлекеті алдындағы өшпес тарихи рөлі мен маңызын асыра бағалау мүмкін емес. «Өшпес тарихи рөлі мен маңызы» деп құр сөзбен шектелмей, қысқаша шолып өтейін.

1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылдың қаңтарына дейін «Қазақ» газетінің 260 саны үзілмей шығып тұрып, қаңтар айында Орынборға Кеңес әскері басып кірген соң, қазақтан шыққан тұңғыш бәлшебек Әліби Жангелдин газет құрылтайшыларын тұтқындай алмай редакцияны қиратып, оның жалпы құны 106 мың рубльге бағаланған дүние-мүлкін талан-таражға салды, бәлшебек газеттеріне үлестіріп берді.

1918 жылдың шілде-қыркүйек айларында «Қазақтың» 261-266 саны үзіліп-үзіліп жарық көрді де, Орынбор біржола кеңес өкіметінің қолына өткен соң, жабылды.

1917 жыл басында «Қазақ» редакциясы «Азамат» серіктестігінің мүшелері мен оқырмандарына баспахана сатып алуға көмек сұрап үндеу жолдады. Сол кезде серіктестік қоржынында 106 мүшесінен түскен 10 600 рубль қаражаты болды [1]. І-дүниежүзілік соғыстың қарсаңында шағын баспахана 10 мың патша рубліндей болса, 1917 жылға қарай 20-30 мыңға дейін қымбаттады, ал ірі баспахана – 30-40 мыңнан асып жығылды [2]. «Қазақ» үндеуіне Шығыс Түркістан қазақтарынан 600 рубль, оның ішінде бір Құлжадан 6 қазақ 100 рубльден, Шымкенттен 100, Қарқаралы оязынан 4 кісі 100 рубльден, Ақмешіттен

100 [3], Ақмола облысының Қызылжар (Петропавл) оязынан 1 мың, Пішпек оязының қырғызынан, Атбасардан, Сырдария облысының Қазалы оязынан 100-100 рубльден, Аягөзден, Ақтөбеден [4], тіпті І-дүниежүзілік соғыс майданында Қостанай оязы Кеңарал болысынан барып, 16-дружина 210 партиясында қара жұмыс істеп жүрген жігіттерден 103 рубль және т.б. қаншама қазақ «Азамат» серіктестігіне мүшелікке кіріп, жарна аударумен жауап қатты. Нәтижесінде, М. Дулатұлы өзінің «Қазақ» баспаханасы» атты мақаласында: *«Жаңа арада «Азамат» серіктігі атына «Қазақ» газеті үшін 30 мың сомға баспахана алдық. Баспаханың екі машинасы бар, орысша харфтері мол, саймандары түгел құрулы. Мұсылманша харфті Қазаннан алдырғалы тұрмыз, заказ беріп қойдық. Сүйтіп барлығы 40 мың сомға түскен қазақша һәм орысша басатын баспаханамыз болды»,* - деп хабарлады [5].



**«Қазақ» газетінің (Солдан оңға қарай): Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатұлы. Орынбор, 1913 жыл, ақпан.**

Алдыңғы қазақ басылымдарының бірі де сапа, көтерген тақырыптарының өзектілігі, таралымы, оқырман аудиториясы, әсіресе бүкіл исі қазақ арасындағы ықпал-беделі жағынан А. Байтұрсынұлы бастаған «Қазақ» газетімен теңесе алмайтын. Газеттің 5 жылғы тігіндісін парақтап шыққаннан-ақ «Қазақтың» Ұлы даланың қоғамдық-саяси, оның ішінде Ресейдің ішкі істері мен халықаралық жағдай, оқу-ағарту, ғылым, денсаулық, көшпелі де отырықшы мал және егін шаруашылықтары, мәдениет, тіпті адам құқы, әйел теңдігі салаларын түгел қамтыған әмбебап мерзімді басылым болғанына көз



жеткіземіз. ХХІ ғасыр басындағы Тәуелсіз Қазақстанның ондаған телеарнасы, қазақ, орыс және басқа тілдердегі мыңдаған мерзімді қоғамдық, әдеби, ғылыми басылымдары, электрондық БАҚ-тардың қазіргі қоғамдағы беделі мен ықпалы – одан 100 жыл бұрынғы бір «Қазақ» газетінің абырой-беделімен, ықпалымен салыстыруға келмейді. «Қазақ» 1913-1918 жылдар бойы бүкіл Қазақ даласының қоғамдық пікірі мен көзқарасына бірден-бір үстемдік етті.

Алғашқы жылдары «Қазақ» 3 мыңдай данамен шығып тұрса, Сорбонна университеті ғалымдарының мәліметінше, 1916-1917 жылға қарай 8 мың данамен [6], яғни өзіне дейінгі басылымдардың бәрін қосқанда да артық данамен таралды. Көп ұзамай газет сандарын Шығыс Түркістан қазақтары, төңкеріске дейін Жетісу облысына қараған Пішпек оязының (қазіргі Қырғыз Республикасы) қырғызы, өзбек оқығандары, Самар, Уфа губернелерінің башқұрты мен башқұрттанған қазағы, Варшава, Киев, С.-Петербург, Мәскеу, Қазан, Том ЖОО-ларында және Самарқанд, Бұқара, Стамбұл медреселеріндегі қазақ жастары жаздырып алып тұрды. 1916-1917 жылдары І-дүниежүзілік соғыста Ресей империясының Минскі, Киевтен Ригаға дейін созылған Батыс, Солтүстік-Батыс және Солтүстік майдандарында окоп-траншея қазған 100 мыңдаған қазақ азаматы мен оларға қамқор болған бүкілресейлік «ЗемГорОдағы» «Бұратана бөлімінің» Ә.Н. Бөкейхан бастаған «Алаш» зиялылары мен студент жастары үзбей оқыды [7]. Осылайша жалпыұлттық «Қазақ» газеті – халықаралық басылымға айналды.

А. Байтұрсынұлының «Қазақ» редакциясы бір газет шығарумен ғана шектелмеді. Қазақтың тұңғыш зайырлы мектебіне арналған ұлт тіліндегі тұңғыш оқулықтар, көркем шығарма мен аударма, әдебиеттану, фольклортану, ұлт тарихы туралы ғылыми зерттеулерін өздері жазып, ақын-жазушылардың шығармалары, ауыз әдебиеті үлгілері жинақтарын кітап етіп шығарды. Мысалы А. Байтұрсынұлының 1- және 2-сынып оқушыларына арналған «Әліппе» және «Тіл құрал» оқулықтары, М. Дулатұлының бастауыш мектептің 1- және 2 жылында оқитын «Есеп құралдары»; көркем шығармалардан Ғ. Қараштың «Аға тұлпар» өлеңдер жинағы, Б. Өтетілеуұлының «Жиған-терген», Ахаңның «Маса», Міржақыптың «Бақытсыз Жамал» романы, «Терме» және «Азамат» өлеңдер жинағы, Ш. Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыры» және т.б. Газеттің әрбір санында *«Бұл кітаптар ешкімге ақшасыз жіберілмейді... Сондықтан тиісті бағасына лайықтап марка жіберу керек. Кітапшыларға һәм 10 кітаптан артық аударушыларға сомынан 30 тиын кемітіледі. Адрес мынау: Оренбург, редакция газеты «Қазақ». [«Қазақ»] басқармасында сатылатын кітаптар»* деген жарнамалар беріліп тұрды [8].

«Қазақ»-тың ұлтының мәдени қайта жаңғыруы жолында атқарған тағы бір игі ісі бар. Ол – кедейлердің білім алу үшін қаржы-қаражатқа мұқтаж бала-

ларына жәрдем беруі. «Қазақ» редакциясы «мұқтаж оқушыларға жәрдем» науқанын ұйымдастырып, елдің түкпір-түкпірінен 50 тиын, 1-3-5 сомдап қанша қаржы жиналғанын, қай оқушы не студентке қанша көмек берілгенін газет беттерінде үзбей жариялап тұрды. Мысалға, газеттің әрбір кезекті санында: «1) Орынбордағы «Медресе Заһдия» шәкірті Сапарғали Бердімұратұлына 45 сом... 3) Семейдегі торговый школ шәкірті Ғұмыр Юнісұлына 30 сом 21 тиын; 4) Електегі педагогический курс шәкірті Файзулла Османұлына 30 сом 11 тиын; 5) Ақтөбедегі 2 классты школ шәкірті Сыдық Яқұпұлына - 22 сом 11 тиын; 6) Паулодардағы педагогически курс шәкірті Қауан Босықбайұлына - 45 сом 21 тиын...», - деген сияқты құлақтандыру жарияланатын (9).

*«Оренбург, - деп жазды М. Шоқай бір естелігінде, - столица оренбургского казачества, выросшая на баширской земле. Население города – татары, русские и казаки. Наших же казахов в этом городе – всего несколько семей... Но самым важным было и то, что в Оренбурге проживали наиболее выдающиеся и талантливые писатели и деятели – Байтурсынулы Ахмет и Дулатулы Мир-Якуб... Здесь выходила еженедельная газета «Казак», благодаря талантливому руководству Ахмета и Мир-Якуба приобретшая чрезвычайно большое влияние на казахские массы. Вот почему ЧУЖОЙ Оренбург стал временным руководящим центром национального движения казахов. Вот почему I революционный съезд казахов был созван здесь» [10].*

М. Шоқайдың бұл пікірін толықтыра кетсем, Орынбор – қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жетекші орталығы болса, ал «Қазақ» газетінің редакциясы – бүкіл Ұлы қазақ даласының бірден-бір оқу-ағарту, мәдениет, ғылыми-зерттеу ұлттық орталығына айналды. Халел Досмұхаметұлының 1930 жылы НКВД тергеушісіне: «Появилась в Оренбурге газета «Казак», во главе которой стали А. Байтурсынов и М. Дулатов... Т. о. возник центр, объединивший и руководивший тем слоем казахского населения, который был разбужен 1-ой русской революцией. Газета давала руководящие статьи по политической жизни казахов, открывала дискуссии и была объединителем тогдашней политической мысли», - деп мәлімдеуі тағы бір дәлел [11].

Міне «Қазақты» 5 жыл бойы үзілісіз басқарған А.Байтұрсынұлының ұлт мүддесіне сіңірген еңбегінің маңызы мен рөлін «Алаш» көшбасшысы Әлиханнан артық әділ бағалалаған қайраткер жоқ деуге болады. Патшалық биліктің «Қазаққа» салған кезекті қомақты айыппұлын төлей алмай, газетті жабылудан құтқару үшін өзі абақтыға отырған 1914 жылы, Әлихан екі адал үзеңгілесінің рухын көтеру үшін былай деп жазды: «Орысқа газета, журнал шығарып жол ашқан А.Н.Радищев абақтыға жабылып, 10 жыл Сібірге айдалған. Осы Радищев замандасы, тағы орысқа газет, журнал шығарып

Еуропа жолын ашқан Н.И. Новиков Шлиссельбург деген зор қиын абақтыда 15 жыл отырған. Бауырым, Ахмет, Миряқуб! Сен екеуіңнің абақтың Радичев пен Новиков абақтысы... 18 ғасырда «ақыл патшасы» атанған француз Вольтер еді. Осы Вольтер замандасы, Толстойға неше жол көрсеткен француз Руссо, тағы осы екеуінің замандасы философ Дидро абақтыда жатқан. Біздің Ресейде абақтыға жатпаған жақсы адам кем. Жазушы Достоевский, Потанин, Короленко, Чернышевский, Морозов абақтыда жатқан... Салтыков, Герцен, Пушкин, Лермонтов, Тургеневтер айдалған» [12].

1930-жылдары Астраханда саяси айдауда жүрген Ахметті босату үшін Әлихан Халықаралық Қызыл Крест комитетінің Мәскеудегі өкілі Екатерина Пешковаға өзінің адал үзеңгілесін былай сипаттап жазды: «Он просветитель казахского народа. Байтурсынов - Кирилл и Мефодий, Новиков и Радичев своего народа. Он создал азбуку, которая по мнению профессора Молло, лучшая из Азбук... Байтурсынов А. автор грамматики, синтаксиса, букваря, хрестоматий на казахском языке. Он Наркомпрос Казахской АССР, многолетний в 1920-1928 г., до ареста его, председатель научной при НарКомПроме комиссии... Он, Б.А., редактор, издатель и создатель единственной тогда казахской газеты "Казак". [В] 1913-1918 гг., в старое время, не было казака, который не читал и не знал этой газеты. Когда в 1916 г. Оренбургский губернатор трижды оштрафовал "Казак" на 4500 руб., то эти деньги переводились читателями по телеграфу долями по 5, 10, 50, 100 руб. и спасали от тюрьмы редактора Аханг (уважительно-ласкательное от Ахмета). Судьба Байтурсынова А. схожа с судьбой Н.Г. Чернышевского, как он Байтурсунов Ахмет, бесстрашный пророк своих убеждений, как он, кабинетный работник, как он - страх власти. Я знаю Н.Г. Чернышевского и не боюсь с ним сравнивать Байтурсынова А., так как его так же знаю» [13].

Ең бастысы - «Қазақ» газеті мен «Алаш» идеясын, қозғалысын, партиясын, 1917-1920 жылдары жасаған Алаш Ұлттық Жерлі Республикасын (аутономия болу, Әлихан Бөкейхан 1917 жылы мәлімдегендей, дербес мемлекет болу [14]) және қайраткерлерін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. «Алаш»-ты тарихи құбылыс деп алсақ, «Қазақ» - осы тарихи құбылыстың өзі, баспасөз құралы ретінде «Алаш» құбылысының ақыл-ойы, ұлттық сана-сезімі, көзі, құлағы және тілі болды. Газеттің алғашқы сандарының бірінде Түрік баласы: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзіміздің ширақ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті[н]» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті[н]» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» [15], - деп жазғанындай, газеттің «Қазақ» атауының өзі «Алаш» идеясы болатын (№ 1 фото).




№ 1 фото. «Қазақ» газетінің 1913 жылы наурызда шыққан  
 № 7. 1913.22.03, Орынбор

Өзінің атауымен Ұлы дала халқының «Қазақ» деген төл этнонимін қорғап, ата-бабадан қалған кең-байтақ жерін Ресейдің орыс келімсектерін қоныстандыратын отарлау саясатына табанды түрде қарсы тұрды. Екіншіден, алдыңғы басылымдарды саяси-діни қозғалыстың өкілдері шығарса, «Қазақты» - Әлихан Бөкейхан мен оның Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Райымжан Мәрсеқұлы сынды өздерін «батысшылар» деп атаған



ұлт зиялылары ұйымдастарды. Оның айқын бір дәлелі – «Қазақ» газетінің эмблемасындағы киіз үйдің түндігі Батысқа қарай ашылған – «Батыстың білімі мен ғылымына ашықпыз» деген мағынада (№ 2 фотосурет). Оған «Қазақ» пен «Айқап» құрылтайшылары арасындағы 1913-1915 жылдарғы қызу пікірталасы дәлел.



**№ 2 фото. «Қазақ» газетінің эмблемасы: Киіз үй - қазақ ұлттық мемлекетінің түндігі Батысқа ашылған шаңырағы**

Француз ғалымдары А.Беннигсен мен Ш.Лемерсье-Келкеженің ортақ пікірінше, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхаметұлы, Е.Омарұлы, Ә.-Х.Жүндібайұлы, М.Тынышбайұлы және т.б.-ды қосқанда қазақтың барлық зиялысы газет авторларының қатарында болды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы және басқалар тарих, әдебиеттану, оқу-ағарту, ғылым, жер игеру және жалпы экономика туралы зерттеулерін осы жерде жариялады. Жалпы «Қазақ» газеті, француз ғалымдарының пікірінше, аса биік ғылыми деңгейге жетті [16]. «Батысшылар» көшпелі дәуірдің заманы өткен салт-дәстүр, ұлттық құндылық, көшпелі шаруашылық пен жалпы мәдениеттің орнына Қазақ қоғамына тың идея, салт-дәстүр, жаңа заман құндылықтарын, заманауи шаруашылық (экономика) пен мәдениет ұсынды. Қазақтың зама-

науи жазба әдеби тілін, ұлт әдебиетін, зайырлы білім-ғылым жүйесін, жалпы ұлт мәдениетін қалыптастырды, халықтың ұлттық сана-сезімін «Масадай» ызындап оятты. ХХ ғасыр басында «Қазақ» газеті Дала және Түркістан өлкелері мен бірнеше дербес облыс-оязға бөлініп, тарыдай шашылған халқын «Алаш» идеясы мен туы астына жинап, Қошке Кемеңгерұлы атап көрсеткендей, **«қазіргі қазақ ұлтын қалыптастарды»**. Бір сөзбен айтқанда, Оксфорд университеті Орта Азияны зерттеу орталығының пікірінше, «Қазақ» газеті мен «Алаш» қайраткерлері қазақ қоғамында «мәдени төңкеріс», «мәдени ренессанс» жасады [17].

«Қазақ» газетінің халқы алдындағы тағы бір өшпес қызметі – қазақты «бұратана» есебінде I-дүниежүзілік соғыстың қара жұмысына күштеп жұмылдырған 1916 жылғы «25 маусым жарлығы» мен 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі атқарған игі ісі. «Қазақ» газеті ұлттық мемлекеті, жанашыр үкіметі жоқ қазағын отаршыл империяның зұлым саясатынан қорғауға бар күш-жігерін салып, бейресми немесе «көлеңкедегі» ұлттық парламент пен үкіметтің міндетін атқарды. 1916 жылдың 7 тамызында Орынборда 6 қазақ облысының өкілдерін жинап, бір жағынан қазақ халқының «25 маусым жарлығының» жөн-жосықсыз орындауына қарсы көтерілгенін түсіндірді, екінші жағынан – халқын сабырлыққа үндеп, жарлыққа қарсы шықпай, ұлдарын қара жұмысқа жіберуге үгіттеп, газет бетінде «7 тамыз кеңесінің қаулысын» және «Алаштың азаматына!» мен «Қазақ жұртына!» атты үндеулерін жариялады [18]. Үшіншіден, отаршыл әкімшілікке қазақ шаруашылығын күйзелтпеу үшін жарлықтың орындалуын жылдың соңы мен келесі жылдың басына дейін ұзартуды және майданға алынған азаматтар мен олардың отбасыларына жеңілдік беруді сұраған қаулы қабылдады. Кеңестің ізінше «Қазақ» құрылтайшылары елді аралап, үгіт-насихат жүргізді. Ал қазақ жігіттері қан майданның қара жұмысына аттанғанда, Әлихан, Міржақып бастаған «Қазақ» құрылтайшылары, ұлт зиялылары мен Ресейдің әр түкпірінде оқитын студенттерін жинап, Ресейдің Батыс майданы шебіне аттанды. «Қазақ» майдандағы қазақ жігіттерінің тұрмысы мен қызметі туралы еліне үзбей хабар беріп тұрды. Осылайша «Қазақ» құрылтайшылары Ресейді 300 жылдан астам билеп-езген патшалық билікті құлатқан 1917 жылғы Ақпан төңкерісін адамзат тарихындағы ең қанқұйлы I-дүниежүзілік соғыстың қан майданында окоп қазған аға-інілерімен бірге қарсы алып, Минскі қаласынан қанішер патшаның құлағанынан бейхабар, Ұлы даласында шырт ұйқыда жатқан халқын жеделхатымен оятты.

Бұл жерде ғалымдар тарапынан осы күнге дейін ескерілмей келген мынадай тарихи фактіні ерекше атап өту керек. Батыс майданға өз ықтиярымен аттанып, окоп қазған қандастарын көзінің қарашығындай қорғап жүрген



Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан II Николай патшаның тақтан кетіп, патшалық биліктің құлағанын ең алғаш білген санаулы қайраткердің бірі болды. Патша үкіметінің орнына жаңа ғана жасақталған бүкілресейлік Уақытша үкіметтің мүшесі, әділет министрі А. Керенский Петроградтан Батыс майдандағы Әлиханға жеделхат жолдап құлағдар етті [19]. Ол жеделхаттың ізінше «Қазақ» газеті мен Ұлы қазақ даласының түкпір-түкпіріне, 25 мекенжайға мынадай жеделхат кетті:

*«Росиядағы барша халыққа ағайындық, теңдік, бостандық күні туды...»*

*«Учредительное собрание» сайлауына қазақ болып қамдану керек. Жарамды, жақсы адамдарын ауызға ала беру керек. Енді араздық, өштік, дау-жанжал, талас, партиялық сыйыспауларды тастау керек. Көксерлік жұмыстарың – бірлік, адалдық болсын!*

*Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріңдер! Біз қалайтын патшалық түрі - «демократическая республика», яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі.*

*Құдайдан басқа ешкімнен қорықпаңдар! Түзулікпен іс етіңдер... өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысыңдар! Халықтың көңілін білдіріңдер!» [20].*


«Қазақ» газетінің ең басты да тарихқа алтын әріптермен жазылатын қызметі – қазақтың тұңғыш «Алаш» ұлттық либералдық-демократиялық партиясын құрып, оның ресми үгіт-насихат құралы ретінде бүкілресейлік құрылтай жиналысы сайлауында зор жеңіске жетуіне шексіз үлес қосты. 1847 жылы Кенесары ханның қайғылы қазасымен тарих сахнасынан біржола кеткен Қазақ хандығының жер аумағы мен үйіндісі үстінен арада тура 70 жыл өте заманауи ұлттық мемлекет болып іргетасын қайта көтерген Алаш Ұлттық Жерлі Республикасын құруға мұрындық болды және оның тұңғыш ресми баспасөзі міндетін атқарды.

Міне осынау тарихи фактілер бола тұрып, тәуелсіздіктің 30 жылында «Қазақ» газетіне лайықты тарихи, ғылыми және саяси бағасы берілді деп айта алмаймыз. «Қазақ» - лайықты бағасын өзінің тұңғыш редакторы болған Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейтойы аясында алады деп үміттенеміз.


Енді «Қазақ» газеті қалай дүниеге келді, соған қысқаша тоқталайын.

«Қазақ»-ты тұңғыш жалпыұлттық басылым деуге – оны шығару 1907 жылғы «Серке», «Қазақ газеті», 1911 жылғы «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» журналынан бұрын қолға алынғаны айқын дәлел. Оған Әлиханның 1905 жылдың 11 мамырында Григорий Потанинге жазған хатындағы *«Нельзя не скорбеть, что на казакском языке нет газеты, которая могла бы объединить единомышленников и уничтожить массу бесполезной работы, необходимой при»*

настоящих условиях...» [21] деген жолдарынан көз жеткіземіз (№ 3 фото). «При настоящих условиях» деген сөзінің астарында «Алаш» қозғалысын айтып отырғанын Г. Потанинге жазған кезекті хатындағы «В вопросах федеративного (союза) устройства русского государства каза'ки пойдут в рядах крайних областников. Я вступил в переписку с известными влиятельными каза'ками и надеюсь из них организовать отделение сибирского союза» деген жолдарынан айқын аңғарамыз [22]. Демек, Әлиханның отаршыл патшалық Ресей империясын



11 7 05 г. Омск  
Уважаемый  
Григорий Николаевич!  
На днях у меня бу-  
дет проездом в  
Тюмень и я нахожу  
Василия Васильевича  
Клишинова, которому  
рекомендую Вам.  
Нормальное время в по-  
езде, поэтому даже такая  
каза'цкая еда. Как  
сказано, в разное у-  
словие собираются ка-  
за'ки, в основном в разное  
время (пожи-  
лая), которые бу-  
дут говорить до 10-15.  
Где-то правительству  
через уполномоченных



тәуелді.  
Немесе не ескерткі, еті  
на қалах'сызды ермәт  
пәтә гәлге, қолдар  
иома ба өтбедіне  
сорекашам ермәт  
и үкіетіне ба мау  
Беріверіне расоға, не  
ба дәрмәт при на  
етіеңіне үсіеңіне  
на өсіеңіне мәтінді  
м.  
Мәтіндіне ба Ек. Цас.  
Цас. А. Б. Цас.

№ 3 фото. Әлихан Бөкейханның Григорий Потанинге қазақ газет туралы жазған хаты.

федерация етіп түбегейлі реформалау арқылы қазақ ұлттық мемлекетінің шаңырағын қайта көтеруді сонау 1905 жылы-ақ стратегиялық мақсат етіп алғанын, «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырумен бірге, оның ресми үнқағазын да ашуды бірден жоспарлағанын байқаймыз. Ұлттық басылым шығару мәселесі сол жылдың маусымында отаршыл империя үкіметіне жолданған әйгілі «Қарқаралы құзырхатының» 3-тарауына: «Для выяснения текущих нужд каза'кского народа необходимо издание газет на каза'кском языке, для чего потребуются установление явочного порядка на издание газет без предварительной цензуры и на открытие типографий», - деп ойып жазылды [23].

1905 жылдың соңында Санктпетерборлық «Наша жизнь» газеті: «В период 17 октября [1905 г.] и после, Букейханов собирался издавать газету на каза'кском языке и уехал в степь, чтобы потолковать со своими земляками-каза'ками о предстоящих выборах и тех задачах, которые неотложны были для каза'кского народа» – деп жазды [24].

Міне бұл мәліметтерден бір-ақ тұжырым шығады: әу бастан-ақ «Алаш» қайраткерлері Әлихан, Ахмет қазақ тіліндегі «Қазақ» атаулы газетті реті

келсе 18 ақпан жарлығы мен 17 қазан Манифесі берген азаттықты пайдаланып, 1905 жылдың соңында, реті келмесе – 1906 жылдың басында, яғни І Мемлекеттік дума сайлауының қарсаңында, бірақ Орынборда емес, Семейде, одан да нақтырақ айтсақ – 1917 жылдың мамыр айында атауы «Алаш» деп өзгертілген «Заречная слободка» кентінде басып шығаруды жоспарлағаны, Ахметтің өз сөзімен айтсақ, «сүттей ақ, айдай жарық». Бірақ Дала генерал-губернаторының қазақша газет шығаруға рұқсат бермесін де ескеріп, басқа қазақ облысында да қарама-қатар өтініш бергені байқалады. Қазақ жерін аяусыз билеп-төстеген отаршыл билік патшаның «17 қазан Манифесін» місе тұтпай, кешегі Қазақ хандығын Дала және Түркістан өлкелері мен Орынбор, Орал, Торғай, Закаспий сынды бірнеше дербес облысқа және Алтай өңірінің Бийскі, Змеингорскі және Барнауыл ояздарына ыдыратып, Қазақ еліндегі отарлау саясатын жалғастыра берді. Сол себепті 1905 жылдың 9 желтоқсанында «Қазақ» газетін шығаруға оның құрылтайшысы әрі меншік иесі ретінде Мұстафа Оразайұлына және редакторы ретінде Ахмет Байтұрсынұлына Семей облысы немесе Дала генерал-губернаторы емес, Орынбор облысының генерал-губернаторы рұқсат берді [25].

Ал Дала генерал-губернаторы қазақша газет шығаруға ғана емес, «17 қазан Манифесін» аяққа таптап, Мемлекеттік думаға Семей облысы қазағынан депутат сайлауға, турасын айтқанда – Әлиханның депутат сайлануына барынша бөгет жасады. Алдымен 1906 жылдың 1 қаңтарынан бастап Дала өлкесіне «әскери тәртіп» орнатты [26]. Ізінше газеттің бас құрылтайшысы әрі Семей қазақтарынан І Дума депутаттығына түсуге бел буған Әлиханды 1906 жылдың 8 қаңтарында тұтқындап, не ресми айып тақпай, не тергемей, не соттамай 4 ай бойы Павлодар-Омбы абақтыларында ұстап, ақыр соңында оны туған Қазақ өлкесінен алысқа жер аударуды жоспарлады. Қазақтың 10-даған халық өкілі сайланған І және ІІ Мемлекеттік думаны 1906-1907 жылдары мерзімінен бұрын 2 рет қуып таратып, ІІ Дума таратылған 1907 жылдың 3 маусымында сайлау туралы ережеге қазақ халқын сайлау құқынан айырған түзету енгізді. Ол жайында Әлихан 1910 жылғы «Қазақтар» атты тарихи-анықтамалық очеркінде: *«Закон 3 июня 1907 года лишил 4 ¼ миллионную каза'кскую народность избирательных прав. Правительство, очевидно, сочло лишним присутствие в Государственной думе представителей от того народа, которого оно столь насильственно лишило собственных земель»*, - деп күйіне жазды [27]. 1907-1910 жылдары «Қазақ» газетін ұйымдастырушы «Алаш» қайраткерлерін жаппай қудалады. Әлиханды ІІ Дума депутаттығына түсуден бас тартуға мәжбүр етіп [28], 1907 жылдың желтоқсанында **«Выборг үндеуіне» қол қойып таратты**» деген нақақ айыппен сайлау құқынан айырып, қоғамдық



қызмет атқаруға тыйым салып, 3 ай түрме жазасына кесті; Семейде түрме жазасын 3 ай емес, 8 ай өтеп шыққан 1908 жылдың желтоқсанында өзін «ит жеккенге» айдауын тосып отырмай, өз бетінше алдымен С.-Петербургға, одан, 1917 жылы Ахмет пен Міржақып жазғандай, Самарға «эмиграцияға» кетті [29].

А. Байтұрсынұлы 1909 жылы тұтқындалып, 10 айдан соң ғана босатылып, Дала өлкесінде қалуға болмауы себепті өз таңдауымен Орынборға қоныс аударды [30].

Ж. Ақбайұлы - Қарқаралыдағы митингіге қатысқаны үшін істі болып, I және II Дума сайлауына жіберілмей, алдымен Якутияға жер аударылды.

М. Дулатұлы да «Оян, казак!» жинағы үшін түрмеге жабылып, бостандыққа шығысымен Түркістанда бас сауғалауға тура келді.


Осылайша Семейде шығару жоспарланған «Қазақ» газеті де, ұлы Абайдың тұңғыш шығармалар жинағы да, Ахметтің «Қырық мысалы» да жарық көрмей кейінге қалды.

Кадет партиясының хатшысы А. Корниловқа 1908 жылдың 9 желтоқсанында жазған хатында Әлихан С.-Петербургда қалмауының сырын «не нашёл себе «хлебной» работы» деп түсіндірді [31]. Ал тарихи фактыға сүйенсек, 1909 жылдың қаңтарында Әлиханның «майлы жұмысты» Самардан табуы, ал Ахметтің 1910 жылы Семей түрмесінен шыға сала Орынборды таңдауы – екі қайраткердің өзара алдын ала уәделескен мәселесі. Біріншіден, Самар мен Орынбор – «қойы қоралас» көрші облыстар, екеуінің арасы – Семей мен Өскемен арасындай. «Қазақ» газетін басқарып тұрған Ахметті 1914 жылдың күзінде түрмеге жапқанда, Самардан пәуескемен шұғыл жеткен Әлихан айыппұлын төлеп босатып алды [32].

Егер «Серке», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» журналы оқыған және қалталы қазақтардың арасынан шыққан жекелеген халық жанашырының немесе халықшыл азаматтар тобының жеке бастамасымен пайда болса, «Қазақ» газеті – бүкіл ғұмырын халқының құқы мен азаттығы үшін күреске сарп еткен, қалың қазағының жарқын болашағын болжай білген ат төбеліндей топтың қиян-кескі күресінің жемісі болатын.

Екіншіден, «Азамат» серіктестігі жалғыз «Қазақ» газетін ғана емес (№ 4-5 фото), қазақтың тұңғыш зайырлы заманауи мектептеріне арналған тұңғыш оқулық кітаптарын, түрлі әдебиет, жинақ шығарды. Міне ұлт тіліндегі осы әдебиеттің бәрін үзбей шығару үшін «Алаш» қайраткерлері «Азамат» серіктестігінен басқа да тұрақты қаржы көздерін қарастырды. Самарда орталық кеңсесі орналасқан Дон жер банкі дәл сол қаражат көзінің біріне айналды. Әлихан 1909 жылдан банктің жер бағалайтын бас агенті болды. Новосібірлік тарихшы ғалым В. Козодой тапқан тың мәліметке сәйкес, газет жарыққа

шыққан 1913 жылы Әлихан Ахметті осы банктің Орынбордағы филиалына жер бағалаушы агент ретінде қызметке тартқан [33, 130 б.]. Сөйтіп, қазақтың тұңғыш жалпыұлттық басылымын, жекелеген қаржылай демеушілерді, «Азамат» серіктестігінің мүшелік жарналарынан басқа тағы бір тұрақты да сенімді қаржы көзімен қамтамасыз етті.



**№ 4-5 фото. Орынбор қаласындағы «Қазақ» редакциясы орналасқан және А. Байтұрсынұлы тұрған үй және үй қабырғасына орнатылған ескерткіш тақта.  
10 қазан, 2017 ж., Орынбор.**

Алайда, отаршыл империя заманынан аман шыға білген «Қазақ» газеті совет өкіметінің Қазақстанға үстемдік орнатуға кіріскен алғашқы күндерінде-ақ – 1918 жылдың басында біржола жабылды.



Кеңес өкіметі «Қазақ» газетін жойғанымен, қазақ үнін өшіре алмады. Ақпан төңкерісінің ізінше «Қазақпен» қатар Бөкейде «Ұран», Ташкентте «Бірлік туы», Қызылжарда «Жас азамат», Алаш қаласында алдымен «Сарыарқа», одан соң «Абай» журналдары жарық көрді. 1920 жылдың соңында Ташкентте шыға бастаған «Ақ жол» газетін «Қазақты» қайта тірілткен басылым деуге толық негіз бар. Алайда шынайы тәуелсіз басылым ретінде «Қазақ» газетінің бастап берген жолды ұстанған «Ақ жол» - тағы бір қазақ бәлшебегі Тұрар Рысқұлұлының 2 жыл бойы соңына түсіп 1926 жылы жаптырған соңғы тәуелсіз қазақ басылымы болды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Баспахана туралы. «Қазақ». – 1917. – 20.01 - № 214. – 4 б.
2. «Азамат» серіктері. - «Қазақ». – 1917. – 23.02. - № 219. – 4 б.
3. «Қазақ». – 1917. – 02.02. - №216. – 4 б.
4. «Қазақ» басқармасы. Тілестестеріңе рақымет! – «Қазақ». – 1917. – 23.02. - № 219. – 3 б.
5. Міржақып. «Қазақ» баспаханасы. – Орынбор: «Қазақ». – 1917. – 11.08. - № 239. – 1 б.
6. Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Пресса и национальное движение среди мусальман России до 1920 г. – Париж: Сорбонна, 1964 г.
7. Жүсіп С.А., Маслов Х.Б. Исторические аспекты участия казахов в Первой мировой войне. - Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 3(27), 2021. - <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1666>
8. «Қазақ». – 1915. – 21.09. - № 150. – 4 б.
9. Жәрдем берілген мұқтаж оқушылар. «Қазақ» басқармасы жәрдем береді. - «Қазақ». – 1917. – 01.03. - №220. – 4 б.
10. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – Т. 9. – 243-244 бб.
11. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. – Алматы, ФФ «Ел-шежіре», 2011. – Т. 2. - С. 109-110.
12. Қыр баласы. Ұят-ай! – Орынбор: «Қазақ». 1914. – 16.03. - № 54. – 4 б.
13. Қойгелдиев М. Кеңестік идеология жасырған ақиқат. – Алматы: «Жас Алаш». – 2016. - 29.09. - №78 (16160). – 1-2 бб.
14. Қыр баласы. Жалпы Сібір сиезі (Томскі қаласында өткен сиездің жұмысы туралы есеп). – Орынбор: «Қазақ». – 1917. - 21.11. - № 251. – 1 б.
15. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. / Араб қарпінен аударғандар: С. Смағұлова, Ғ. Өнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015 ж. – 34 б.
16. Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Пресса и национальное движение среди мусальман России до 1920 г. – Париж: Сорбонна, 1964 г.

17. Общество изучения Средней Азии. «Казахи о русских до 1917 года. А.Букейханов, М.Дулатов, А.Байтурсунов, Т.Рыскулов»//Оксфорд, Англия, 1985 г. Репринтная серия № 5.
18. Бөкейханов А., Алмасұлы О., Дулатұлы М. 7 тамыз кеңесінің қаулысы. – Орынбор: «Қазақ». – 1916. – 11.08. - № 192. – 1 б.; Әлихан, Міржақып, Ахмет. Алаштың азаматына! – Орынбор: «Қазақ». – 1916. – 11.08. - № 192. – 1 б.; Әлихан, Міржақып, Ахмет. Қазақ жұртына! – Орынбор: «Қазақ». – 1916. – 11.08. - № 192. – 1 б.
19. Байтурсунов А., Дулатов М. Наш ответ докладной записке, напечатанной в № 125 «Заря» от 5 сентября с.г. – Оренбург: «Южный урал». – 1917. – 14.09. - № 10. – С. 1, 3-4.
20. «Қазақ». – 1917. – 23.03. - № 223. – 2 б.
21. ККМ (Красноярский краевой краеведческий музей). – Ф. 7928. – Оп. 117. – Д. -1315. - Л. 117.
22. ККМ. – Ф. 7928. – Оп. 119. – Д. -1315. - Л. 119.
23. Омск, 26-го августа. - «Иртыш». – 1906. - 26.08. - № 32. – 1 с.
24. Из Сибирской жизни: член Государственной думы от казахов Семипалатинской области Букейханов, Алихан Нурмухамедович. – СПб: «Наша жизнь». – 1906. - 21.06(04.07). – 3 с.
25. «Қазақ» газеті. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 258 б.
26. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Сочинения. 15 томов. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2017. – 5 т. – 146 б.
27. Букейханов А. Н. Киргизы. //Костелянский, А. Н. (ред.). Формы национального движения в современных государствах. - 1910 г. СПб. – 600 с.
28. Букей-Хановъ Ал. Нурм. Открытое письмо киргизамъ Семипалатинской области. – Омск: «Голось степи». 1907. – 13.01. - № 7. – С. 4.
29. Байтурсунов А., Дулатов М. Наш ответ докладной записке, напечатанной в № 125 «Заря» от 5 сентября с.г. – Оренбург: «Южный урал». – 1917. – 14.09. - № 10. – С. 1, 3-4.
30. ГАРФ: Дело департамента полиции. – Ф. Д-7. – Оп. 1909. – Д. 2881. – Л. 38.
31. ГА РФ. - Ф. 5102 (Письмо А. Букейханова А. Корнилову А.А.). - Оп. 1. - Д. 447. - Лл. 1.
32. Міржақып. «Қазақ» баспаханасы. – Орынбор: «Қазақ». – 1917. – 11.08. - № 239. – 1 б.
33. Козодой В.И. Алихан Букейхан: человек-эпоха. – Новосибирск, 2021. – 130 с.

## «АЗАМАТ» СЕРІКТІГІ – «АЛАШ» САЯСИ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

*Ғарифолла Әнес*

*Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің аға ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының докторы*

**2005 жыл.** Қырдағы қалың қазақ та оянып, базар-жәрмеңкеде бас қосты; Қарқаралы петициясына (құзырхатына) мың-мыңдап бармақ басылып, қол қойылды. Ел ішіне елшілдік ұран тасталды. Ресейдегі «Бірінші орыс революциясы» атанған халықтық толқудан кейін бұқара үніне амалсыздан құлақ түруге мәжбүр болған патша хүкіметіне төтелей ұлттық мүддені күйіттеген арыз-өтініштер айтылып, нақты талаптар қойыла басталды...

### **Қазақ! Алаш! Азамат!..**

Халықтың жадындағы, көптің тілінің ұшындағы осы ұранды ұғым-түсініктер енді жиі-жиі ауызға алынатын болды. 1913 жылы 2-ші ақпанда үлкен шаһар Орынборда көптен күткен ақжарма жақсы жаңалық сүйіншіленді. Талай жылғы саяси күрестің жемісі, «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» «Қазақ» газеті дүниеге келді. Тұңғыш ұлттық басылымның «бас шығарушысы» (яғни, бас редакторы) Ахмет Байтұрсынұлы ізашар тұңғыш санда тебірене толғанды: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген ұранымыздың ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етем десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, өмір қысқа, қолдан келгенін өмір жеткенше істеп кетелік» [02.02.1913 ].

«Қазақ» газеті өзінің 9 наурыздағы 5-санында телеграф тілімен тағы бір ақжарылқап жаңалығын сүйіншіледі: «5-інші мартта Міржақып мырза Дулатов Орынборға келіп, қазақ бауырларына қосылды». Иә, бұл 19 ай тергеусіз-тексерусіз Семей түрмесінде қандалаға таланған, 23-24 жасында «Оян, қазақ!» жыр кітабын жария еткен, «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!» деп жалпақ дүниеге жар салған жалынды ақын, кесіп түсер көсемсөз шебері еді. Орынборға құстай ұшып жеткен Міржақып ыңыршақты он айналдырар газет жұмысына жантәнімен жегілді. Келген бетінде газеттің 6-шы санына Лермонтовтың ізімен Қапқаздағы Қазбек батыр туралы ұзақ жырын жариялады. 7-ші нөмірде Мағжан Жұмабақтың түрікшіл, тұраншыл «Орал тауы» өлеңін бастырды. Су жаңа «Жұт» жырын (№8), 9-шы санда «Ғабдолла Тоқай» мынақыбын (некрологын), сиясы кеппеген көлемді «Қиял» өлеңін (№10) жариялады...

Бұл жерде біздің айтпағымыз – кейіннен ерекше ілтипат, үлкен құрметпен «Ахан» ныпсысына қосақталып «Жақаң» атанған, газет жұмысына көсем жегіліп, нар жүгін арқалаған Міржақыптың Орынбор төрінде жаңа кітап, қазақ сөз өнеріндегі жаңа үн – «Азамат» жинағын дайындай бастағандығы еді.

Газеттің 12-ші (28.04.1913), 14-ші (16.05.1913) және 16-шы (31.05.1913) сандарында: «Тез арада басылып шығады: «Азамат» атты қазақша һәр түрлі ғибаратты өлеңдер. Шығарушы Міржақып Дулатов. Кітап бағасы 20 тиын, көптеп алдырушыларға 30% кемітіледі.

Адрес: *г. Оренбург, Редакция газеты «КАЗАК», Миръ-Якубу Дулатову»,* – деген шағын хабарландыру орын алды. Ал 29 маусым күні шыққан 20-шы нөмірден бастап, одан кейінгі талайғы сандарда: «АЗАМАТ» – Міржақып Дулатов өлеңдері. Бағасы 20 тиын, поштасы ішінде», – делінген мазмұнды құлақтандыру толассыз жарық көріп жатты.

Осылайша қазақтың бағына туған «Қазақ» газетінің шапағатымен жаңа мазмұнды ҚАЗАҚ, АЛАШ, АЗАМАТ ұранды ұғым-сөздері көптің көкейіне құйылды.

\*\*\*

Заманында халықтың ерекше ықыласына бөленген, ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезовтың сөзімен айтқанда: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей шириқтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті» Міржақыптың редакция жұмысына көсем жегіліп, басылымның екінші тынысы ашылғандай болғанымен қазақтың маңдайына жазылған қиыншылық – қаржы-қаражат мәселесі үнемі алдан шығып отырды.

Газеттің 1913 жылғы толық 44 нөмірі мен 1914 жылғы алғашқы санының (№45, 09.01.1914) соңында үнемі: **«Бас шығарушы: Ахмет Байтұрсынов. Бастырушы: Мұстафа Оразаев»** деп тайға таңба басқандай көрсетіліп отырды. Ал жаңа жыл бастауының 2-ші санынан (№46, 16.01.1914) бастап, бүгінде біздің қолымызда бар 266-шы санына дейін (26.09.1918. Жылқы жылы, бейсенбі) газеттің шығуына жауапты «Азамат» серіктігі көрсетіледі: **«Бас шығарушы: Ахмет Байтұрсынов. Бастырушы: «Азамат» серіктігі».**

Әрине, газетті қаржыландырушы Оразаевтар әулеті мен шама-шарқынша қаржылай көмек қолын созып отырған көптеген демеуші-қолдаушылардың аты-жөні аталып, тарих бетінде тәпсірленуі керек-ақ. Десекте, газет жұмысын өрге сүйреген кең-байтақ Қазақ Даласының қалың бұқарасы екенін естен шығармаған жөн.

Басылымның 1914 жылдың беташар санында мынадай мәліметі мол дерек басылған: «Қазақ» газетасы көздеген мақсұтына жету үшін шыққаннан

бері күш-қуатын жұмсады және жұмсамақшы. Бір жылдың ішінде «Қазақ»-та қаламымен қызмет еткен және мұнан бұлай да пайдалы қызметтері үміт етіліп, Алашқа аты білінген білімді азаматтар: Ахмет Байтұрсынов, Ғалихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, доктор Әбубәкір Алдияров, доктор Арғынғазы Поштаев, доктор Халел Досмұхамедов, доктор Дәулетшаһ Күсепғалиев, доктор Бенъкевеч, присиаженни поверенни Райымжан Мәрсеков, инженер Мұхаметжан Тынышбаев, қазақшыл Хасан Али, студент Есенғали Қасаболатов, шежіре Шаһкәрім Құдайберді, Әбділғазиз Мұса, Ғұмар Қарашев, Жұмағали Тілеулин һәм басқалары.

«Қазақ» газетасын 10 облысқа қараған кигіз туырлықты қазақ байдың баласынан 1913-нші жылдың ішінде алдырып тұрғандардың есебі мынау:

- 1) Торғай облысы – 694
- 2) Семей облысы – 612
- 3) Ақмола облысы – 586
- 4) Сырдария облысы – 327
- 5) Орал облысы – 301
- 6) Жетісу облысы – 157
- 7) Ішкі ордалық – 136
- 8) Ферған облысы – 30
- 9) Самарқан облысы – 8
- 10) Закаспи облысы – 5

Өзге жерлерден:

- 1) Орынбор шаһары – 37
- 2) Уфа шаһары – 14
- 3) Қазан шаһары – 13
- 4) Қытай қазағы – 10
- 5) Петербург шаһары – 9
- 6) Түркия қазағы – 5
- 7) Мәскеу шаһары – 3
- 8) Томскі шаһары – 3
- 9) Және басқа шаһарлар – 57

Бәрі – 3007» (Қазақ, №45, 09.01.1914).

1914 жылдың басында «Қазақ» газетінде Басқарма атынан мына мазмұндағы қос хабарландыру жарияланған болатын:

1. «**Азамат серіктігі**»-нің шарттары орысша-қазақша басылып кітапша болып шыққан, танысуға ойы бар азаматтар 7 тиындық марка жіберсе, жібереміз (№50, 14.02.1914);

2. «Азамат серіктігі»-не қалай қосыламыз, ақшаны қашан жібереміз деп сұраушыларға: Қашан және қалай жіберудің шарты жоқ. «Қазақ» басқармасына жарналарыңызды түгел жіберсеңіздер, біз мұнан ақшаларыңыз алынған күні дәптерге тіркеп, көрсеткен адресстерің бойынша заказнай хатпен куитансиа жібереміз (№51, 21.02.1914).

Біздің бұл айтылғандарға қосарымыз – аталған кітапша «Азамат» серіктігінің Жарғысы. Устав товарищества «Азамат» деп аталады, 2.0 баспа табақ көлемінде. Бұл брошюраның факсимелесін және «Азамат» серіктігін ресми органдарға тіркеу туралы түпнұсқа құжаттарды біз Ахмет Байтұрсынұлының жаңа басылар жинақтарында жарияламақпыз.

«Азамат» серіктігінің құрылтайшылары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы жаңа істі бастаудағы өздерінің алдарына қойған мақсаттары мен негізгі талап-шарттары туралы газеттің 1913 жылғы соңғы сандарының біріндегі «Алаш азаматтарына» деген мақалада (№42, 15.12.1913) жан-жақты баяндайды. Біз осы мақаланың өзекті-өзекті тұсынан үзінділер жариялағанды жөн көрдік:

«Халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі баспасөз, йәғни газета, журнал, кітаптар екендігі шексіз. Олардың басылып шығып, жұртқа таралуына пұл керектігі де шексіз... Баспасөзбен халықтың пайдалануын ойлаған адамдар көп суммасы болмаған соң, аз суммаларын құрастырып жиып, біріктіріп, күштерін қосып, серіктесіп іс қылып жатыр... Үш жылдан берлі «Айқап» журналы шығып тұр, бір жылға жақын «Қазақ» газетасы шығып тұр. Бұлардың екеуінің басындағы кісілер газета мен журнал ісіне оңашаланып шықпай, бағасы басқа қызметке байлаулы күйінде іс жүргізіп отыр... Қазақта кесек сома шығарарлық байлар аз болғанмен аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарайтын азаматтар аз емес. Сондықтан «Азамат серіктігін» ашып, «Қазақ» газетасын мұнан былай Алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлымен жүргізбекшіміз...

«Азамат серіктігі»-нің мақсұты – жоғарыдағыда айтылған жұртқа керек жұмыстар, йәғни газета, журнал шығармақ, кітаптар бастырмақ. Олардың ішінде қазіргі бас мақсұты «Қазақ» газетасының аяғын нық бастырып, жүргізіп жібермек...

Серіктікке кіретін азаматтарға лайықтағанымыз ер басына жүз сом... Жүз сомға қолы қысқалық қылмайтын азаматтар қазақта аз емес. «Азамат серіктігі»-не жалғыз байлықпен емес, азаматтықпен көбі кіріседі деп үміт етеміз...

«Азамат серіктігі»-нің бас мақсұты – ақша өсіріп серіктестерді байыту емес, істеген істің жұртқа пайдалы болуы. Ақша жағына сол пайдалы істерді



істеуге, күш, қуат болуға қажет нәрсе мағынасында қаралады... Жоғарыда айтылған халыққа пайдалы істерді істеп жүргізуге адам керек болса, ақша да керек. Адам да, ақша да бірдей сай болса, іс сайлы күйінде жақсы жүрмекші. Бұған кіретін адамдар жұрт жұмысы турасында жалғыз ақшасымен серіктес болмай, көңілмен, ниетімен де серіктес болуы қажет.

*Ашушылар: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов».*

Сондай-ақ, қазақ қыз-келіншектері арасынан суырылып шыққан алғашқы журналист Нәзипа Құлжанова «Қазақ»-қа» атты мақаласында осы орайда былай дейді: «2-нші феуралдан бастап қазақтың жалғыз газетасы (журнал мен газета екі басқа нәрсе) «Қазақ» екі жасқа шықты... Жас «Қазақ»-тың қадамы қайырлы болып, аяғын тік басып кетуі, газетаның өз сөзіне қарағанда, жұртымыздың көзі ашық, көкірегі саңылаулы адамдарының жеткілікті екендігін көрсетеді. Газета керек деушілер де, ол үшін пұл шығарамыз деушілер де көптен-ақ білінуші еді. Бірақ белсеніп қолға алып, істеп кетуші жоқ еді. Істеуші шығып еді, жолдас та, көмек те табылды: кейі пұлмен, кейі қаламмен, һәр кім қолынан келгенінше көтермелеп көмегінде болды. Қазақ баласы «Қазақ» газетасында жазылғанды білмеймін деуге арланатын заманында болмағы көзге елестей бастады...

Жаңа тума «Азамат серіктігі»: Алаш азаматтарының басын құрап, ұйымдық үлгісі болып, «Қазақ»-ты көркейтуге, онымен бірге қазақ даласын, даланың күллі баласын, үрім-бұтақ, нәсілін көркейтуге себепкер болсын деп тілеймін...» (№56, 30.03.1914).

Осылайша ұлтжанды ұлттың жұртшылық жұмысына жанашырлар, адал ақшаларын салған алғашқы серіктестер белгілі болады:

«Азамат серіктігіне» жарналарын салып кіргендер:

1. Міржақып Дулатов; 2. Ахмет Байтұрсынов; 3. Бәдрисапа Байтұрсынова; 4. Арғынғазы Боштаев; 5. Ғабдолла Нүсіпбаев; 6. Ғалихан Бөкейханов; 7. Мұхамметжан Тынышбаев; 8. Әбубәкір Алдияров; 9. Бірмұхамед Алдияров; 10. Медеу Оразбаев; 11. Қаражан Үкібаев; 12. Шаһкәрім Құдайбердин; 13. Әділхәкім Құнанбаев; 14. Тұрағұл Құнанбаев; 15. Жәмилә Бөлекова; 16. Әбдірахман Иусупов; 17. Мағат Ақаев; 18. Хасан Ақаев; 19. Қыстаубай Мыңғожин; 20. Садық Өтегенов һәм 21. Қоңырқожа Қожықов (№56, 30.03.1914).

Бір қызығы – осы тізім саны үзілмей үнемі жалғасып отырады:

«Азамат серіктігіне» жаңада қосылғандар: 22) Халел Досмұхамедов және 23) Абдолла Әлібеков (№58, 16.04.1914); 24) «Азамат серіктігіне» 100 сом жарнасымен жаңадан кірді Бейсенбай мырза Тыныштықбаев (№63, 24.05.1914); 25) «Азамат серіктестігіне» 100 сом жарнасымен жаңадан қосылады – Әбдікәрім мырза Ережепұғлы (№66, 15.06.1914); 26) «Азамат

серіктігіне» 100 сом жарнасымен жаңадан қосылды мұғалім Қайырбай Мұратов (№88, 30.11.1914).

### **Қорытынды.**

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлдары 1914 жылы құрылтайшы болған «Азамат» серіктігінің әр жылдардағы қаржылық есеп-қисаптарын айғақтайтын архивтік құжаттарды тауып, оның Алаш қозғалысы тарихындағы рөлін айқындайтын ізденісті жалғастыру қажет-ақ. Біздіңше, көп қаражатты қажет ететін баспахана жабдықтарын сатып алу, 1917 жылы Орынборда тарихи Жалпықазақтық қос сиездің өткізілуі, Алаш милициясының құрылуы, т.б. маңызды-маңызды шаралар бір қолға шоғырланған қаражаттық қорсыз іске аспас шаруалар. Сонымен бірге «Азамат» серіктігіне белсенді мүше болған азаматтар кейіннен «Алаш» партиясының мүшелері мен тілектестері санатында ұлт-азаттық күрестің алдыңғы шебінен көрінді.

Ал әзірге біз саяси «Алаш» партиясының қаржылық негізі болған «Азамат» серіктігі хақындағы қолда бар деректерді ғана сөз еттік.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ

*Абат Қыдыршаев*

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің  
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі*

Қазақ өркениетінің ең ірі қарқынды дамыған, гүлденген тұсы – өткен ғасырдың алғашқы қырық-отыз жылының үлесіне тиеді. Бұл кезең «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» делініп те жүр. Бұлай делінуінің басты себебі – Ахмет Байтұрсынұлының ұлт ғылымының көшбасшысы болуы. Осыған орай кезінде оған Елдес Омаров «*первый светоч науки*» деп баға берген. Сондай-ақ, Ахаң өз халқының «ұлтының ар-намысы бола білген» (С.Сейфуллин) «қазақ жұртының көсемі» (М.Әуезов) де. Режиссер Т.Ахметовтің «Ахмет Байтұрсынов» телефильмінде сөйлеген сөзінде академик З.Қабдолов: «*Ахаң туралы М.Әуезовтен артық айту қиын. Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының көшбасшысы. Шоқан, Ыбырай, Абайдан кейін Ахметті қоямыз. Бұл – төрт бұрышымыздың түгелденгенінің белгісіндей*», - деген-ді.

Белгілі ғалым Р.Сыздықованың: «*Ахмет Байтұрсынұлы мен оның замандас-пікірлестері жайындағы қазіргі жүргізіліп жатқан ізденіс-зерттеулерімізді жинақы бір атаумен «ахметтану» деп айтар едім. Ахметтану – тек бір ғана қайраткерді танып-білу мақсатын көздемей, тұтас бір кезеңге қатысты мәселелерге баратын таным тармағы болуға тиіс*», - деуі құптарлық. Демек, Ахаң туралы сөз қозғау – қазақтың біртуар зиялылары, ерен тұлғалары Ғұмар Қараш, Телжан Шонанұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошке Кемеңгерұлы және т.б. туралы іргелі де кең тынысты зерттеулерге ден қою да. Қазіргі таңда ахметтану ілімнің әр қырына үңілушілер сапына Р.Сыздыкова, Н.Оралбаева, Ә.Жүнісбеков, З.Қабдолов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, К.Хұсайынов, М.Жүсіпов, Б.Хасанов, Б.Әбілқасымов, Ф.Оразбаева және т.б. қосуға болар еді.

Ахаңның 50 жылдық мерейтойына орай замандас ізбасарлары ретінде М.Әуезов «Ахаңның елу жылдық тойы (юбилей)» («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан, № 270), М.Дулатов «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов» (биографиялық очерк), І.Омаров «Ученая деятельность А.Б.Байтұрсунова», Т.Шонанов «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы» сияқты материалдарын жариялаған. Содан бері

99 жыл өтті. Биыл Ұлт Ұстазының туғанына 150 жыл. Біздің мақсат – жыл сайын Ахаң атын атаусыз қалдырмау.

Өз тұсында Ахаңның 130 жылдығына орай қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «*Ахметтану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері*» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның өткізілуі де тегін емес. 1995 жылы (29 маусым) осы жолдардың авторы тарапынан профессор Н.Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен тұңғыш рет «*Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы*» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғалса, осы жылдың қазан айынан бастап университетімізде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі бірлестігі жұмыс жасап келеді. 1995 жылдан бастап студенттерге «Ахметтану» арнайы курсы жүргізіліп келсе, 1998 жылы университет баспаханасынан «*Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы*» монографиясы (8,0 баспа табақ) жарық көрді. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табуда. «*Ахмет Байтұрсынұлы және әдістеме ғылымы*» монографиясы (10,0 баспа табақ) баспа жоспарына енгізілді. Кафедра жанынан жылма-жыл «*Ахметтану тәлімі*» конференциясын (*қыркүйек айында*) өткізу ұйғарылып, диплом жұмыстары қорғалуда.

Уақыт көші ілгері озған сайын қазақ феномені Ахмет Байтұрсынұлының аяулы есімі әлемдік мән-мағына ала түсуде. Оған айғақ – әлемнің әр шалғайында, Орынбор мен Алматыда, Түркия мен Германияда өткен халықаралық симпозиумдер мен конференцияларда, басқа да алқалы жиындардағы қазақ, орыс, нидерланд, қырғыз, түрік, неміс, қарақалпақ, өзбек сияқты өзге де түрлі ұлт ғалымдарының ол жөніндегі ой-толғамдары, ғылыми баяндамалары мен зерттеу мақалалары.

*І. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелері туралы.* Ахмет Байтұрсынұлы халықтың санасына бірден әсер етуді, ақыл-ойын өзгертуді, көзін ашуды сауаттандырудан бастамақшы болды. Ол қоғамдық қызметін ағартушылық жұмыспен қатар жүргізу қажеттігін түсінді. Жұртшылықтың сана-сезімін ояту үшін, дұрыс бағыт алуы үшін жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін ұқты. Бұл туралы ғалым Р.Сыздықова былай деп жазады: «*Қысқасы, А.Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз» боп тұрғанда, қараңғы халқының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі емес, бірегейі өзі еді. Ағартушылық – сол кезеңдегі қазақ қауымының тіршілігінде ең қажет, ең игілікті іс болатын. А.Байтұрсынұлы осыны жақсы білді, дұрыс таныды*» [1; 2].

А.Байтұрсынұлы 1905 жылы Қарқаралыда қызмет атқарып жүрген кезінде бір топ қазақ зиялылары бірлесіп, патша үкіметінің жоғарғы

басқару орнына петиция жолдағаны белгілі. Онда өзге мәселелермен бірге қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін нақты талап еткен. 1913-1918 жылдар аралығында 8000 дана таралыммен жарық көрген «Қазақ» газетінің бас редакторы бола жүріп те А.Байтұрсынұлы әліппе, оқулық шығару, сауат ашу, оқыту мәселелерін бір сәт естен шығармаған. 1913 жылы ақпанның 2-сінде шыққан газеттің тұңғыш нөмірінде-ақ «*оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жән көрсету*» негізгі көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыттарының бастыларының бірі екендігін айтқан.

Ал 1917 жылы желтоқсанның 5-13-і аралығында II жалпы Қазақ съезі өткені тарихтан мәлім. Зерттеуші Б.Қойшыбаев осы съездің 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрғанын, А.Байтұрсынұлының халық кеңесі құрамына ұсынылмағанын, оның оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланғанын жазады («*Көзқарас эволюциясы*», *Қазақ әдебиеті*, 1989, 27 қаңтар). Яғни, бұған дейін де сауат аштыру, оқыту бағытындағы әліппе, тіл құралдарын жарыққа шығарып үлгерген А.Байтұрсынұлының осы орайдағы халыққа ауадай қажетті ісін жалғастыруы орынды көзделген. Ал А.Байтұрсынұлы секілді ғұламаның қазақ жұртшылығы үшін жасаған өзге қызметтеріне қоса әйгілі оқулықтар жазуына да түрткі болған негіз – оның жансала айналысқан жұмысы ағарту ісі. А.Байтұрсынұлы туған халқын оқуға тек жалаң шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы, жан-жақты сөз етті. Бұл орайдағы жазбаларының өзі үлкен бір тізбек құрайды. Ал бұның өзі А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтарын құрастырып, жазуының баспалдағы, соған барар жолдағы сүрлеуі іспетті.

А.Байтұрсынұлы білім көзінің алғашқы сатысы бастауыш мектепке баса назар аударады. «Қазақ» газетінің бетіндегі «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласында автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керектігін мәселе етіп қойып, сол тұстағы қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы қиын екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі (мектеп режимі) жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтудан бастаған («*Бастауыш мектеп*», «*Қазақ*» газеті, 9 мамыр, №16). А.Байтұрсынұлы бірде «*қазақта балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ*» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «білімнің бас құралы – кітап» деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне атсалысуға болатындығын айтады. 1913 жылы «Қазақ» газетінің бетіндегі «Оқыту жайынан» атты мақаласында да осы ойын нақтылайды. Онда: «*Бұл күнде қазақша*

оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген программа жоқ, онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз», - деп түйеді [3].

Қазақша оқулықтар да бірден жазыла салмағаны белгілі. Сол кезеңде қазақтың көзі ашық зиялылары, ағартушылары осы орайда пікірталас жүргізіп, ой бөлісіп отырған. Соның бірі ағартушы әрі ақын Таһир Жомартбаевтың жоғарыдағы мақаладағы «Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар даяр ма? Даяр болмаса, ноғайша кітаптарды аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы? Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген программаларын сол күйінде аламыз ба? Яки қазаққа лайықтап, ыңғайлаймыз ба?» деген сауалдары. А.Байтұрсынұлы бұған жауап ретінде ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейтіндігін бірден айтады. Бірақ тап сол тұста қазақ мұғалімдерінің қолына ұстата салар оқулық та жоқ болатын. Амалдың жоқтығынан А.Байтұрсынұлы: «Сондықтан қазақта оқу құралы кітаптар болмаса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық, кемшілік көп, бірақ амалсыз ол кемшіліктермен келісеміз. Ноғай кітаптарымен оқытқан соң, олардың программаларын алмасқа болмайды. Программасын қазаққа ыңғайлаумен, қазақша құралдар сай болмаған соң, программа бір жаққа, оқу екінші жаққа – екеуі екі жаққа кетеді. Программада керек деген нәрселердің бірі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табыларға керек. Ноғайдың тәртіпті мектебіндегі программасын ала тұратын болған соң, оқу кітаптарын да сол тәртіпті мектептерінен аларға тиіс», - дейді [2; 4; 5; 6].

«Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрттың ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі – біздің қазақ. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. «Көш жүре түзелер» деген, түбінде түзелмей қалмас, түзетуге жұрт азаматы қам қылмаса», - деген ағартушы оқуға керек құралдар, ол құралдардың ішінде ең керектісі әрі қымбаты оқу кітаптарын шығаруды әріден ойлайды. «Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер еш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды», не болмаса, «Дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайды, мұғалімдер де,



қандай жақсы болғанмен, құралсыз балаларды оқыта алмайды» деген тұжырымға келеді.

Осы саладағы А.Байтұрсынұлының зор еңбегін ғалым Р.Сыздықованың сөзімен түйіндесек былайша өрілер еді: *«А.Байтұрсынұлы – қазақ арасында мектеп ісін (жалпы ағартушылықты) жолға қоюға күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған практик. Сонымен қатар ол оқу-ағартуды жолға қою үшін қажет өзге де шараларды қолға алған қайраткер болды. Бұл шаралар: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жазу, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танып оқытын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда А.Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып емес, ғалым-ағартушы болып көрінеді»* [2; 7; 8; 9; 10].

Өткен ғасырдың 10-жылдарынан бастап қазақ қоғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын *әліппе құралдарын жасау* қолға алына бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың (*М.Нұрбаев, М.Малдыбаев, З.Ергалиев т.б.*) қазақша әліппелері жарық көрді, бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппесі 40 беттік көлемде «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынбор қаласында М.Ш.Кәрімов, Ш.Құсайыновтар баспасында жарық көрді. Осы ретте ағартушы ғалымдарымыздың бірі Т.Шонанұлы: *«Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес. Дүмше молдалар әліппе жасай алмай, балаларды «Әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов, Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді»,* - деп жазды. Тұңғыш оқулық авторының өзі де қазақша әліппенің 1-кітабы деп көрсеткен. Оқу құралы сол кездегі ең алдыңғы оқыту әдістерінің бірі усул сотие жолымен тәртіп етілген. Оқу құралының титул бетіне алты тармақ өлең жолын келтірген (*«Балалар! Бұл жол басы даналыққа. Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та! Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп. Соларды көре тұра қалалық па? Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық. Жүріңдер іздеп тауып алалық та!»*). Соңына «А.Б.» деп көрсеткен. Қарап отырсақ, бұл өлең жолдары атақты Ыбырайдың күллі алаш еліне белгілі *«Кел, балалар, оқылық!»* атты әйгілі шумағымен үндес, тақырыбы бір – оқуға, өшпес жарық, кетпес байлық-даналыққа бастар жолға түсуге шақырады. Титулдың екінші жағына: *«Бұл алифбадағы қай харіф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз.* Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне

жазылатұғын харіптер алифбаға жалғас 2-кітаптан оқылады», - деген жолдармен сілтеме берген.

А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу ағарту жұмысында біршама ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланылады. Негізінен А.Байтұрсынұлы әліппелері Орынбор, Семей, Ташкент, Қызылорда қалаларында басылып шықты. Соның ішінде Орынборда-9, Семейде-2, Ташкентте-1 (2), Қызылордада-5 (6) реттен басылды.

Оқу құралының тұңғыш басылымы 1912 жылы 40 бет, екінші басылымы 1914 жылы 96 бет, үшіншісі 1916 жылы 98 бет, төртіншісі 1922 жылы 95 бет, бесіншісі 1922 жылы 70 бет, алтыншысы 1923 жылы 72 бет, жетіншісі 1925 жылы 72 бет көлемінде жарық көрген. Алғашқы бесеуінің титул беттерінде «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифа», «Бірінші кітап» не «Бірінші жылдық кітап» деп көрсетілсе, соңғы екі басылымда «Қазақша әліп-би» делінген. Оқулық бетінің санына қарап көзіміз жетіп отырғандай әліппелердің көлемі де әрқилы. Алғашқыда көлем мөлшері толықтырылып ұлғая түскен де, 1922 жылдан бастап қырланып ықшамдалған.

Ал 1913 жылы Орынбор қаласында басылған 52 беттік «Оқу құралын» «қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп еткен». Бұл еңбекті «Алифбаға жалғас кітап» деп көрсетеді. Яғни, әдіскер оқытудың, сауаттанудың бұл қырына да көз жүгіртіп, бойлап қараған. Сондай-ақ бұл тұста қара танымаушылар сапында тек бүлдіршін жасындағылар ғана емес, ересектер де бар екені белгілі. Ал олардың сауат ашу жолы да ерекше болары сөзсіз. Ендеше, А.Байтұрсынұлы да бұл үрдісті анық танып, ара жігін ажырата білген. 1921 жылы Семейде (30 беттік), Орынборда (90 беттік) басылған «Оқу құралы – осы бағыттағы алғашқы ұмтылыстан туған қадам. Біріншісінің титул бетінде «Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліп-би. Бірінші кітап. Үлкендер үшін». Екіншісінде «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-би. Бірінші кітап» деген жазу бар. Сауатсыздардың басым көпшілігі ересектер екеніне көзі анық жеткеннен кейін, А.Байтұрсынұлы бұл орайдағы әліппеге қайта оралып назар салған, өңдеп толықтырғанға ұқсайды. Нәтижесінде 1924 жылы Орынбор қаласында 144 бет, 1926 жылы Семей қаласында 83 бет көлемінде «Сауат ашқыш» атты әліппе оқулығы басылды. Екеуінде де «Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап» делінген. Семейдегі нұсқасы «Губиздаттың баспаханасы» (Семейдің губерnelік баспасы) арқылы 7400 таралыммен жарық көрді.

А.Байтұрсынұлы әрбір әліппесін шығару үстінде оны үнемі үздіксіз жетілдіру, толықтыру жұмыстарымен айналысты. Оның «Оқу құралы» тек

сауат ашып қоймайды, сондай-ақ шәкірттер үшін танымдық материалдар да қосымша ұсынылып отырылған. 1914 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» екінші басылымында автордың өзі құрастырған, шәкіртін алуан толғанысқа түсіретін 24 шағын әңгіме беріліп, оқулық «Балалық күй» өлеңімен аяқталған.

Бұл оқу құралдарына өз тұсында әртүрлі бағалар да берілген. Мәселен, әдіскер ғалым Т.Шонанұлы: *«... Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. ...Ал Ахметтің кітаптары болса қазіргі қазақ мектептерінде қолданылатын жалғыз оқулық. ...Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі еуропалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі»,* - деп жоғары бағалады.

А.Байтұрсынұлы үнемі ізденістің нәтижесінде 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады. Бұл жаңа құрал осы күнгідей түрлі суреттермен берілген оқулық еді. Кітап «Әліп-би» деген атпен 1926 жылы Қызылорда қаласынан 116 бет көлемде басылып шығады. Осы жолы «Жаңа мектеп» журналы бетінде жазған рецензиясында Т.Шонанұлы А.Байтұрсынұлы «Әліп-биін» «үлкен олжа» ретінде бағалайды: *«Бұл әліп-биі оқу құралдығы жағынан бір қымбат болса, ішкі маңызымен екі есе қымбат. Жаңа әліп-би Ахаңның бұрынғы әліп-билеріне тіпті ұқсамайды. Ахаң бұрынғы әліп-билері кезінде «әліп-екі үсін әннен», «Абжет әуестен», ескі молдалар оқыту әдісінен, ескі «қытай» жазуынан құтылдырса, бұл әліппе бізді бұл күнгі педагогиканың соңғы сөзімен таныстырып отыр, жазу әдісі жағынан да, мазмұн жағынан да педагогиканың үстіміздегі мақсаты мен бағытына үйлесіп шығып отыр»,* - деп жазады. Сондай-ақ, әліппе кітабының сапалы шығуы жөнінде де өз пікірін білдіреді. Бұл орайда рецензия авторы: *«Кітапта 126 сүгірет бар. Мұнан басқа диаграм және басқа түрлі сызықтар бар. Сүгіреттер жақсы, басылуы әдемі, әріптері ірі, сырты қолайлы»,* - дейді [2]. Ал 1927 жылы тап осы көлемде «Әліп-бидің» екінші басылымын Қызылорда – Ташкент баспалары бірігіп шығарды. Ақырында 1928 жылы Қызылорда қаласында оқулықтың үшінші басылымы 20000 таралыммен жарыққа шықты.

Тұңғыш қазақ кеңес библиографы Міржақып Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» еңбегінде А.Байтұрсынұлының оқулықтарына көрнекті орын берілген. Осы көрсеткіште 1926 жылы жарық көрген «Әліп-би» оқулығына Қазақстан мемлекеттік білім кеңесі былайша жоғары баға берген: *«Бұрынғы Әліпби қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Мынау жаңа Әліпби бұрынғылардан қай ретте болса да аса артық. Бұл Әліпбидің мазмұны,*

қазақ жағдайына қарай мемлекеттік білім кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына қолайлы тәртіппен құралған. Бұл Әліпби оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл Әліпби аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Сыртқы көрінісіне қарағанда тұтас сөздер әдісімен жазылған сықылды, бірақ тәжірибесі аз мұғалімдер мұнымен дыбыс әдісі бойынша да оқыта алады. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. Мазмұн жағынан, әдіс жағынан да артық кемшілік таба алмадық. Бұл Әліпби бұрынғысына жүдә ұқсамайды. *Көңілдегідей болып шыққан»* [3]. Осы іспетті пікірді әдіскер ғалым Т.Шонанұлы да былай білдіреді: «Бұл жөнінде ана тілі методикасының (методика – тарих жүзінде адам баласының үйрету тәжірибелерінің шығарған қорытындылары мен заңдарының жинағы) беті америка әдісіне қарай маңдайын аударған соң, Ахаң жаңа Әліпбиін дыбыс әдісімен де, америка әдісімен де оқытуға жарамды қылып шығарған. Бұл америка әдісімен оқыта алған тұтас сөз жүйесін қолдансын, әлі келмесе қалың мұғалім бұрынғы дыбыс әдісін қолдансын деген болар. Жаңа Әліпбидің бұл бір ұнамды жері» [3].

А.Байтұрсынұлы өзі де бұл «Жаңа Әліпбиді» шығарудағы талпынысын 1925 жылы қазанның 21-інде: «Бұл әліп-би кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақындастыру шарасын табу түрде шығарылып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа программа (Гувс программасына) болуы көзделді», - деп жазды [2].

Бұларға қоса, Ахмет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлы екеуі бірлесіп Қызылорда қаласынан 1926 жылы 412 беттік ерекше кітап шығарған. Ол мектептің III-IV сыныптарына арналған хрестоматия кітабы. Бұл да «Оқу құралы» деп аталады. Оқулыққа енген мәтіндер сан алуан тақырыпты қамтыған, 75 суреті бар. Бірақ ол әліппе түріндегі «Оқу құралынан» өзгеше. Бұл хрестоматияның 1927 жылы екінші, ал 1928 жылы үшінші басылымы Қызылордадан шығады.

Оқу-ағарту саласында өшпес із қалдырған А.Байтұрсынұлы әліппелері жеті рет басылым көрді. Осыншама таралымнан басылым көріп, ағарту саласында ұзақ қолданысқа ие болған өзге бірде-бір әліппе, оқулық жоқ. Басқа авторлардың әліппелері құрылымдық, әдістемелік жағынан енгізілген материалдары жағынан олқы соғып, бір рет басылым көруден аспайды. Ал А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтары сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, белгілі педагогикалық-дидактикалық

қағидаттарды сақтай білуімен, жасөспірімдердің психологиялық жас ерекшеліктерін, тіпті ұлттық ерекшеліктерін ескере жазуымен құнды болды. А.Байтұрсынұлы әліппелерін қазақ жұртшылығы ана тілінде жазылған аса қажетті тың құрал ретінде қабылдады. Ұлы ағартушының әліппе, оқулықтарының үсті-үстіне мол таралыммен басылып, ұзақ қолданылуының бір астары осында.

*II. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл - құралдарының» басылым көруі жайлы.* А.Байтұрсынұлының «Тіл құралдары» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатынан туған. «Тіл құралдарды» ұсынудағы алға қойған мақсаты жөнінде А.Байтұрсынұлы оқулыққа жазған «Сөз басында» жеткілікті баяндаған. Онда адамның *адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі ретінде тілді жоғары бағалай отырып: «Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғанынан жеңіл болмас еді»,* - дейді. Ендеше, жазу заманында, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден де артық дәрежеге жеткен заманда *«сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек»* деген түйінге келеді. Ал бұл күрделі түйінді шешетін бір-ақ нәрсе, ол – «Тіл-құралдары» [1; 2; 3]. Осы іспетті ойлардан келіп А. Байтұрсынұлы: *«Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін үйрету керек. Бастауыш мектептегі оқуға шама-лап қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін балаларға оқытуға осы «Тіл-құрал» деген кітапшаларды шығардық»,* - дейді.

Жалпы А.Байтұрсынұлының бастауыш мектепте балаларға арналған тіл таныту ісі дыбыс жүйесі мен түрлері, сөз жүйесі мен түрлері, сөйлем жүйесі мен түрлері сынды үш сатыға бөлінеді. Оқулық авторы бірінші тіл танытқыш кітаптың 1925 жылғы басылымында «Тіл-құрал» үшке бөлінгенмен, әрқайсысы әр жыл оқылмайды. Бұл үшке бөлу жылдық оқу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесі бойынша үйреткен уақытта әр жүйесінен балалардың шама-сына қарай әлі келерліктері алынып үйретіледі. Қандай қай жылда үйретілетіні бастауыш мектеп програмдарында көрсетілген», - деген пікір де келтіреді. Әрине, бұл қазақ тілін белгілі бір бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін аңғартса керек.

Қалай болғанның өзінде де А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралдары» - қазақ қауымы үшін бұрын-соңды болмаған соны дүние, тың құбылыс еді. Оқулық



авторының өзі де: «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана, онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа», - дегені бар.

А.Байтұрсынұлының тілдің дыбыс жүйесі мен түрлеріне (фонетика) арналған «Тіл-құрал» атты оқулығының I бөлімі 1914 жылы Орынбор қаласында жарық көреді. Кітаптың титул парағында «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) «бірінші жылдық» деп көрсетілген. Бұл жерде біз оқулық «дыбыс жүйесі мен түрлеріне арналған» дегенді шартты түрде алып отырмыз, себебі еңбек тек фонетикаға ғана арналмаған. Оны автор сөзімен былайша баяндауға болар еді: «Тіл-құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар, үйткені «Тіл-құралдардағы» заттар қазақша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе бірінші жыл оқылатын «Тіл-құралы» тіл білімінің негізі болғандықтан, нық үйретілуге керек» [4]. Байқап отырғанымыздай, мұнда А.Байтұрсынұлы өзінің әдістемелік тұжырымын да айта кеткен.

«Тіл-құралдың» фонетикаға арналған алғашқы кітабының көлемі 53 бет. Оқулықтың I бөлімінің кейінгі басылымдарының көлемі де, таралымы да өзгеріп, өсіп-кеміп отырған. Оқулық 1918 жылы Ташкенттен 32 бет (бағасы 50 тиын), 1920 жылы Қазан қаласынан 46 бет (Лито-Типография «Умид». Бастырушы: қырғыз-қазақ өзгеріс комитетінің оқу бөлімі. Бағасы 15 тиын), 1922 жылы тағы да Ташкенттен 90 бет (Таралымы 35 000 дана, бағасы 50 тиын), 1923 жылы (үшінші басылуы деп көрсетілген), 1924 жылы (алғашқысы төртінші басылуы, таралымы 10 000 дана, бағасы 15 тиын, ҚАСР Мем. баспасы) жылдары екі қайтара (кейінгісі бесінші басылуы, таралымы 5 000 дана, бағасы 30 тиын, титул бетінде орыс тілінде де «Издание 5-е, Грамматика киргизского языка. «Тиль-курал», часть 1-я, фонетика. Киргизское гос. изд. Оренбург, 1924г.» деп көрсетілген. Қазақстан мемлекеттік баспасөз бөлімі делінген) Орынбор қаласында 46, 48 бет көлемінде жарияланды. Бір қызығы осы кітаптың Қызылорда қаласында



1925, 1926 жылдары жарық көрген нұсқаларында да «5-ші басылуы» делінген. Мәселен, оқулықтың 1925 жылғы нұсқасының титул бетінде «Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1-інші тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімпаздарының 1-інші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 5-ші басылуы» (Орыс тілінде «Грамматика казахского языка», «Тиль-курал». Часть 1-я, фонетика, Казахстанское гос.изд.» деп те жазылған) деп көрсетілген. 39 беттік көлемдегі оқулықтың таралымы жөнінде айтар болсақ, кітаптың ішкі жағында 7 000 дана, сыртында 10 000 дана мөлшері берілген. Құны 35 тиындық «Тіл-құрал» оқулығының сыртқы ақшыл түсті қатты мұқабасы әлі де Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханасының сирек қолжазбалар бөлімінде сақталған. Ал осыншама көлемді 1926 жылғы нұсқасының титул парағында да «Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1-ші тіл танытқыш кітап. Өзгертпей бесінші басылуы» делінген. «Тіл-құралдың» өзгертілген алтыншы (таралымы – 20 000 дана), жетінші (таралымы – 15 000 дана) басылымдары 1927 жылы 39 бет көлемінде Қызылордадан жарық көрді.

Қазақ тілінің сөз жүйесі мен түрлеріне (морфология) арналған «Тіл-құралдың» екінші кітабы 1915 жылы Орынбор қаласында басылды. Көлемі – 120 бет. Титул парақта «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) «2-нші жылдық» деп жазылған. «Тіл-құралдың» II бөлімінің кейінгі басылымдары 1920 (Ташкент, көлемі 96 бет, құны 1 сом 50 тиын, Түркістан мем. баспасы, №6 баспахана), 1922 (Ташкент. 96 бет, екінші басылуы), 1923 (Орынбор, 128 бет, таралымы – 10 000 дана, үшінші басылуы), 1924 (Орынбор, 128 бет, 70 тиын, 10 000 дана, төртінші басылуы), 1925 (Қызылорда, 122 бет, 10 000 дана, түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші басылуы), 1927 (122 бет көлемінде Қызылорда қаласында алтыншы, жетінші басылымдары) жылдары жарық көреді. «Тіл-құралдың» соңғы жетінші басылымының титул бетінде орысша-латынша «А.Байтұрсунов. Грамматика казахского яз. «Тил-курал», книга II-я. Этимология УП издание» деп жазылған. А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралдары» әуелі Қызылордада басылып, кейін Семей баспаханасында көбейтіліп отырған. Оған оқулықтың жетінші басылымындағы титулдың ішкі бетіндегі «Типография Семипалатинского Губерн. Из-ва «Семгубиздат» Зак. №914», не болмаса, кітап соңындағы «Исполнено Семипалат. Губ. Издательством по заказу КазГИЗ-ЗА» деген мәліметтер айғақ. Жетінші басылым 5 000 таралыммен басылған.

А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралының» сөйлем жүйесі мен түрлеріне (синтаксис) арнаған бөлімінің 68 беттік басылымы 1923 жылы Орынбор қаласында жарық көрді. Оқулықтың титул парағында «Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап» делінген. Синтаксис тарауын баяндайтын III кітаптың екінші басылымы 1924 жылы Орынборда (67 бет көлемінде)

түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен жазылған үшінші басылымын 1925 жылы (таралымы – 7 000 дана, бағасы – 45 тиын), төртінші, бесінші басылымдары 1927 жылы 73 бет көлемінде Қызылорда қаласында басылып шығарылды. Ақшыл көк жұқа мұқабалы оқулықтың 73 беттік бесінші басылымы Семей қаласында (Семгубиздат. Зак. №666) 10 000 таралыммен көбейтіліп жарияланған. Құны – 40 тиын. «Тіл-құрал» оқулығының соңғы алтыншы басылымы 1928 жылы Ташкент-Қызылорда қалаларында 10 000 таралыммен басылған. Көлемі – 72 бет. Кітаптың титул бетінде қазақшаға қоса «Грамматика казахского языка «Тил-қурал». Книга III-я. Синтаксис. Издание 6-е» деп орысша, латынша көрсетілді. Біздіңше, бұл нақты деректерді білудің өз орны бар. Әйтпесе, «Тіл-құралдың» шыққан жылдарын әркім әрқилы айтып жүр.

Сонымен А.Байтұрсынұлының өз тұсында үлкен сұранысқа ие болған «Тіл-құралдарының» баспа бетін көруінің өзі бір сала екен. «Тіл-құрал» оқулықтарын өз кезеңінде тек Қазақстан территориясында ғана емес, қырғыз, түркімен, өзбек, татар жеріндегі бауырларымыз да пайдаланғаны бүгінде айқын. Тіпті, А.Байтұрсынұлы еңбектерін теріп жинақтап жүргенімізде, әдіскердің 1924 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл-құралының» мұхит асып, АҚШ-тың Нью-Йорк университетінің кітапханасынан шығуының өзі еңбектің құндылығына бір айғақ. Ғалымның «Тіл танытқыш» еңбектерінің тіл білімі ғылымындағы, практикалық ісіміздегі бағалылығы жөнінде өз кезінде де, бүгінгі тұста да алуан тұжырымдар айтылды, әлі де айтылуда. Соңғылардың бірер пікірін келтірер болсақ, ғалым Р. Сыздықова: *«Тіл-құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Бастауыш мектепке, яғни, алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық (морфологиялық-синтаксистік) құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы. Бұл оқулықтар – «қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі бастамасы және дұрыс, жақсы бастамасы. Өйткені, қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларының түрлерін көрсетуде де, сөздердің (септелу, тәуелдену, жіктелу) тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да – қысқасы, қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасын талдап-таныту күні бүгінге дейін А.Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізінде беріліп келеді. Тілдік әр категорияны классификациясынан бастап, бүкіл терминдеріне дейін (бірен-саран жеке сәттерде болмаса) қазіргі мектеп грамматикасы А.Байтұрсынұлы салған негізде ұсынылып отыр»,* - дегені өте орынды да дәл берілген баға. Не болмаса, белгілі ғалым Н.Оралбаева «Грамматика ілімінің бастау көздері» деген мақаласында: *«Қазақ грамматикасы*

жүйелі түрде зерттеліп, ғылым ретінде бірден қалыптаса қойған жоқ. Қазақ тілінің грамматикасын шын мәнінде жүйеге келтіру кеңес дәуірінде қолға алынғанын ескерсек, онда осы істің бастауында тұрған ғалымдарды естен шығаруға болмайды. Өйткені жүктің ең ауырын солар көтереді. «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалай бітіргендігінде емес» деп ұлы Абай айтқандай, қазақ тілінің алғашқы оқулықтарын, бағдарламаларын жазуды бастаған Ахмет Байтұрсыновтың, Құдайберген Жұбановтың игілікті істері мен үлгілі тәжірибелеріне дән риза ұрпақтары оны ұмытпай, маңызын түсініп отыруы парыз деп санаймыз», - деген құптарлық пікір айтады. Ал ғалым Т.Қордабаев: «Ахаңның бұл оқулықтары қазақ тіл білімінің қазақ тілінде алғаш баяндала бастаған заманында, бұдан сандаған жыл бұрын шыққанына қарамастан тілдік категориялардың терминдік ауытқуы жағынан да, классификациясы жағынан да қазіргі еңбектермен үйлесіп, үндесіп жатады. Бұл автор тұжырымының өміршеңдігін, терең де алғыр ойдан туғандығын байқатса керек», - деп жоғары бағалайды. Лингвист ғалымның оқулықтары туралы зерттеуші Аманқос Мектепов былайша баға береді: «Халық тарихында тұңғыш рет ол жазған үш томдық «Тіл құралы» мен «Әдебиет танытқышы» оның теңдесі жоқ еңбегі, ғылыми ерлігі десе де болады. Туған тіліміздің фонетикасын («Дыбыс жүйесі»), морфологиясын («Сөз жүйесі») және синтаксисін («Сөйлем жүйесі») тұңғыш рет, терең біліммен жазған Ахаң еңбектері күні бүгінге дейін қазақ тіл білімінің, ал «Әдебиет танытқышы» әдебиет теориясының мызғымас негізі болып келеді».

Демек, А.Байтұрсынұлы «Тіл-құралдарының» шынайы құнын аңғартар жоғарыдағы іспетті тілші-ғалым топшылауларын, орнымен берілген бағаларын соза беруге болады. Айналып келгенде, жоғарыда келтірілген үзінділер бірін-бірі толықтыра отырып, А.Байтұрсынұлы «Тіл танытқыштарының» теңдесіз рөлін аңғартса керек.

Ал А.Байтұрсынұлы әліппе, оқулықтарының өзге түркі халықтарына, соның ішінде қырғыз еліне үлкен әсері болды. А.Байтұрсынұлы әліппелері – қырғыздардың алғаш сауат ашқан оқулығы. Мәселен, ағартушының 1914 жылғы Орынборда шыққан «Казакча алибеси» оқулығын өз қаражатына көбейтіп бастырушы (1991, 5000 дана) қырғыз азаматы Қ.Дыйқанов кітаптың алғы сөзіне: «... 1911 жылы казак, қырғыз алфавиттен казак тилин бөлүч чыккан биринчи ғалым – Ахмет Байтурсунов. 1924 жылы кыргыз тилин бөлүч чыккан ғалым – Ешеналы Арабаев. Биз А.Байтурсуновдын 1914 жылы басылган «Казак алифбесин» окурмандарга сунуш кылабыз. Бул китепте араб тамгасы толык берилген. Буны 1924 жылдарга чейин кыргыз окурмандары да пайдаланып келишкен. Ел агартув ишинде бул китептен кызматы көп. Осы китепти окып, жазувны үйренгендер араб тамгасы менен жа-

зылган бардык китепти окый алады», - деп жазғаны көп айғақтың бірі. Осы үзіндідегі Ишанғали Арабаев А.Байтұрсынұлының талантты шәкірттерінің бірі, Ахаңның тікелей кеңесі мен бағыты негізінде қырғыз тілінің грамматикасын жазған. Бұл жөнінде М.Дулатұлы өмірбаяндық очеркінде баяндайды.

Кейін қырғыздың осы әдіскер ғалымы Мағжан Жұмабайұлының «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» атты әдістемелік еңбегін өз тілінде аударып бастырып, кітапқа жазған сөз басында: *«Оша уақытқа шеин қырғыз мектептерінде анық-шын тәртіп балбоған», - дей келіп, - «Кітапшаның талаптарын орындамаған мұғалім ұлт алдында қиянат жасаған болат. Анда мұғалімдер окомат алдында да, халық алдында да жоопқа тартылуға тиіш»*, - деп кесіп айтады. Шынында да, ол тұста қырғыз мұғалімдерінің әрқайсысы өзі оқып шыққан мектеп-медресенің жолын қуалап, татарша, қазақша, өзбекше дегендей өздерінің ыңғайына қарай оқытып келген. Өйтпеске амал жоқ еді. Қырғыз тілінде Ахмет, Мағжан еңбектеріндей жол сілтейтін кітап әлі жазыла қоймаған-ды. Мәселен, жоғарыдағы Мағжан еңбегі қазақша нұсқасы секілді 3000 дана таралыммен жарық көрді. Бұның өзі туысқан қырғыз елі балаларының тілін сындыруға, ұлт мектебінің негізі етіп ұлт тілін алуға Ахмет, Мағжан секілді әдіскерлердің шарапаты септігі мол тигенін көрсететін тағы бір дәлел.

Ал енді қырғыз елінің сауат ашу жолындағы қолға ұстар оқулық, әліппелері нендей жағдайда болды. Бұл мәселеге орайлас белгілі қырғыз ғалымы А.Э.Измайлов *«От сплошной неграмотности – к вершинам провещения»* деген зерттеуінде қырғыз жұртшылығының сауаттану жолындағы баспалдақтарын жан-жақты көрсетеді. Мәселен, ғалым: «В условиях Киргизии вопрос об учебниках был самым сложным вопросом для новой системы народного образования. Киргизский народ до революции не имел своей письменности. Поэтому в ближайшее время трудно было думать об издании учебников на родном языке. Не случайно в отчете Кара-Киргизского ревкома было указано: «В киргизских школах вместо учебников были одни богатыри: Алпамыш, Идига и т.д. Здесь очевидно, речь идет о собраниях эпических поэм и легенд, изданных в 1922 году казахском языке А.А.Диваевым: «Мирза Эдиге», «Алпамыс», «Шура Батыр» и др. Первые учебники на киргизском языке вышли в 1924-25 г., т.е. после национально-государственного размежевания Средней Азии», - дейді. Осы еңбектің енді бір жерінде бұл ойын былайша толықтырады: «Как известно, до 1924 года киргизской народ не имел своей письменности. 7 ноября 1924 года вышел в свет первый номер киргизской еженедельной газеты «Эркин-Тоо» («Свободные горы») на арабском алфавите. Это было началом установления киргизской письменности. В феврале 1925 года во Фрунзе организуется Киргизское государственное издательство,

которое приступает к планомерному выпуску учебников. За 1925-1926 годы на киргизском языке выпускается 12 названий учебников и учебных пособий: «Букварь», «Хрестоматия для чтения после букваря», «Начальный курс географии», «Методика родного языка», «Методика математики», «Букварь для взрослых» и др. Таким образом, киргизский народ получил письменность и приступил к созданию своей учебной литературы» [1; 2].

Зерттеуші А.Э.Измайлов «*Просвещение в республиках советского Востока*» атты тағы бір еңбегінде осы жоғарыдағы ойын сабақтай келіп, қырғыз елі мектептеріндегі шәкірттердің сауат ашуына, белгілі деңгейде білім дәмін тауына Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының да үлес қосқандығын жоққа шығармайды. Бұл ретте автор: «В те годы в школах Казахстана и Киргизии, например можно было встретить учебники А.Байтурсунова «Тил курал» (букварь и начальная грамматика на казахском языке), М.Дулатова – пособие по арифметике (на казахском языке), Б.Курбангадиева «Хисаб масалелери» (учебник арифметики для начальной школы на татарском языке), Г.Ибрагимова - книгу для чтения «Рахбар субян», куда входили отрывки из произведений Л.Н.Толстого, А.С.Пушкина и самого составителя. Не болмаса: «Многие учебники и учебные пособия, изданные в эти годы, были далеки от совершенства. Нередко они страдали серьезными недостатками в методическом и идейном отношении. Книга «Тиль-курал» А.Байтурсунова, напечатанная арабским шрифтом еще до революции, призвана была дать учащимся краткие сведения по грамматике казахского языка, но нередко предложения для грамматического разбора давались в ней на татарском, а иногда и на арабском языке, что затрудняло обучение детей. Больше того, в тексте учебника содержались такие «премудрые» афоризмы, как «Живая крыса лучше мертвого льва», «Стадо, вскормленное богом, волк не ест», «Нет человека, который не любит богатого» и т.д. [1; 2].

Бұл қырғыз ғалымы тарапынан айтылған сараң жолдар мен тоқырау кезеңінің лебі ескен бір сарынды солақай сындарының астарында А.Байтұрсынұлы секілді ұлы ағартушының қазақ-қырғыз елінің ағарту саласында атқарған телегей-теңіз еңбегінің орынды бағаланбай, ат үсті сыналғаны жатыр. Әрине, бұл тоқырау кезеңінің жаттанды да сүреңсіз стилі болатын. Сондай-ақ, жоғарыдағыдай кезеңде, яғни, қырғыз балаларын өз ана тілінде оқытар, сауат аштырар әліппе, оқулықтың жоқ тұсында қырғыз мұғалімдері арасында әдістемелік жұмыстың ойға да алынбасы белгілі ғой. Сөз соңында айтар нәрсе, қырғыз секілді туысқан елдің осы қиын да күрделі кезеңде тіл ерекшеліктері жағынан көп ұқсастық байланыстары бар қазақ елінің әліппелерін – А.Байтұрсынұлы жазған әліппелерді – пайдалануы да заңды. Демек, жоғарыдағы жолдардан шығар нақты тұжырым – 1924 жылға дейін



қырғыз елі А.Байтұрсынұлы жазған әліппелер арқылы сауатын ашса, сондай-ақ ағартушы-реформатор түзген қазақ алфавитіне сүйене отырып, өз қырғыз графикасын жасағандығының анық екендігі.

### *III. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы.*

А. Байтұрсынұлы алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтіруімен бірге, осы оқу құралдарын тәжірибеде қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкіртке қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің әдістемелік әдебиеттеріне сүйене, үйрене жүріп, төл әдістемелік нұсқау, әдістемелік мақалаларын жазып қалдырған. Бұл бағытта мол жазбаларының бірер санын “Баяншы”, “Әліппе астары”, “Нұсқаушы” (қай жылы жазылғаны белгісіз), “Тіл жұмсар” секілді әдістемелік нұсқаулары мен “Жалқылау (айырыңқы) әдіс”, “Баулу мектеп”, «Ана тілінің әдісі», «Жалқылаулы-жалпылау», “Қай әдіс жақсы?”, “Дыбыстарды жіктеу туралы” мақалалары кұрайды.

Бұлардың ішіндегі автордың “Әліппе астары”, “Нұсқаушы” деген екі кітабы әзірге қолға түспеуде. А.Байтұрсынұлы мұраларын жинаушылардың айтуына қарағанда, бұл еңбектер Мәскеу, Санкт-Петербург, Уфа қалаларының кітапханаларынан да кездеспеген. Еліміздегі Ұлттық кітапхана мен Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінен де ұшырата алмадық. Дегенмен аталған әдістемелік дүниелер қолымызға түспегенмен, деректерге сүйене келіп, бұл еңбектердің қандай бағытта өрілгенін аңғаруға болады. Мәселен, әйгілі жазушы Мұхтар Омарханұлы А.Байтұрсынұлы жұмыстан босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазып жүргенін айта келіп: “Бұрынғы оқушыларға белгілі “Тіл-құрал”, “Оқу құралдарынан” басқа, соңғы жылдарда “Әліппе астарын” һәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр” («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан), - деп хабарлайды. Бұл 1923 жыл болса, ал 1924 жылы “Әліппе астары” еңбегі Орынбор қаласынан 24 беттік көлемде басылып шығады. Нұсқаудың алғашқы бетінде “Оқу құралы” деген қазақша әліп-би бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы деп көрсетілген. Әдіскер ғалым Мағжан Жұмабайұлы да А.Байтұрсынұлы әліппесінің дыбыстық әдіспен құрылғанын сілтей келе: “Бұл алифба бойынша қалай хат танудың жолы А.Байтұрсыновтың “Баяншы” һәм «Әлифба астары» деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын» («Бастауыш мектепте ана тілі», Ташкент, 1923), - деп жазды. Ал ахметтанудың негізін салушы ғалым Р.Сәтіғалиқызы (Сыздықова): «Оқу құралын» пайдаланудың, жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» атты әдістемелік еңбегінде көрсетеді («Ахмет Байтұрсынов», А., 1990), - де-



ген. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті архивында сақталған 1929 жылы мамырдың 5-інде А.Байтұрсынұлының өз қолымен жазып берген “Газет және журналдарда жарияланған басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі” деген құжатта “Әліппе астары әліппеге методикалық нұсқау” деп көрсетілген [1, 2-б.].

А.Байтұрсынұлының “Баяншы” әдістемелік нұсқауы 1920 жылы Қазан қаласының алтыншы мемлекеттік баспаханасында жарыққа шықты. Көлемі 15 бет.Таралымы 8600 дана. Кіндік қазақ өзгеріс комитетінің оқу бөлімі бастырған. Еңбектің титул бетінде “Қазақ мұғалімдері үшін” деп көрсетілген. Әдіскер нұсқауға жазған сөз басында: “Жаңа оқу жолымен таныс емес оқытушылар төменгі “Қазақ дыбыстары һәм олардың жазылу белгілері” деген һәм “Дыбыспен жаттығу” деген екі сөзді оқып әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық емес. Бұл екі сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін жазылған” - деп те көрсетеді. Бұл еңбек ағартушының көп жыл бала оқыта жүріп жасаған әдістемелік тәжірибесінің түйіні, тұжырымы. Оған А.Байтұрсынұлының: “Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан 14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген, іс көргендігім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін (бұл жерде әліппені оқытуды айтып отыр деп білеміз). Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп-көп алғыс айтамын,” – деуі де дәлел [2].

“Баяншы” 1920 жылы баспа жүзін көрді дедік. Бірақ әдістемелік нұсқаудың жазылуы бұдан ертерек секілді. Бұны алғаш байқаған ғалым Р.Сәтіғалиқызы жоғарыдағы аталған еңбегінде былай деп жазады: “1912 жылы шыққан бұл “Әліппеден” біздің көңілімізді аударатын бір мағлұмат аламыз, ол – Байтұрсыновтың «Баяншы» атты методикалық кітапшасы сол кезеңде-ақ бар екендігі. Оған мына текст дәлел: «Бұл алифбадағы қай харф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз». Тілші ғалым пікіріне біз де қосыламыз. Келтірілген үзіндіге жүгінсек, сауат аштыру, тілді оқыту әдістемесінің негізін жасауға ұмтылыс нәтижесінде әзірленген «Баяншы» еңбегі 1910-1912 жылдары дүниеге келген болып шығады.

«Тіл жұмсар» әдістемелік нұсқауы екі кітаптан тұрады. Алғашқысы 1928 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақстан баспасынан жарық көрді. Көлемі – 46 бет. Әдістемелік титул парағында «Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-інші кітап. Білім ордасы 1-інші басқыш мектепте ұстауды ұйғарған» деп жазылған. 90 беттік көлемдегі «Тіл жұмсардың» екінші кітабы 1929 жылы (бірінші бетінде 1928) тағы да Қызылорда қаласында басылады. Еңбектің «Дәйектеме» деп аталған бөлігінде А.Байтұрсынұлы

– жетекші құралдың ерекшелігіне жан-жақты сипаттама береді. «Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен (тәжірибе арқылы білім алу) үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім – «Тіл құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін, түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын- ұсағынша, ірісін-ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсарту арқылы барып үлкен құралды танытады», - деп бастайды . Одан әрі әдіскер нұсқау бөлімдерінде қамтылған мәселелерді, оларды меңгертудегі алға қойған түпкі мақсатты айқындайды. «Тіл – жұмсардың» қазір екі бөлімі ғана шығып тұрғанын айта келіп, бірінші бөлімдегі жүргізілетін жұмыстарға мыналарды қосады: әріптер мен әріп белгілерін, түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз бөлшектері мен сөйлем бөлшектерін жаза білу; дәйекші керек қылмайтын дыбыстардың әріптерін білу; сөздің жекелік, көптік түрлерін тану; көбінесе айтылатын сұрау сөздермен танысу; жеңіл сұрауларға жауап жаза білу; жеңіл бүркеулерді аша білу; сөзге үйлесетін сөз теріп ала білу; оңай туатын сөздерді туғыза білу; сөзді сипырға (цифрға), сипырды сөзге айналдыра білу; тасымалдаумен танысуды қосады.

Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы: «Бұл бөлімде бақылау мен мәнісін білу жағынан тура тұтыну тәжірибе жағы басым болып отырады. Және бір ескертетін нәрсе 1-інші бөлімде берілген тілтану білімі «Әліп-бидегі» әңгімелермен байланысқан. Оны сол ретте басқа кітаптардағы әңгімелермен байластыруға болады. Мұнда тек байланыстыру жолы, жөні осы ретше болу тиістілігіне үлгі үшін байластырып көрсетілген», - дейді. «Тіл жұмсардың» екінші бөлімінде бірінші бөлімдегілердің көбі қайта келетіндігін, бірақ олар пысықтау ретінде емес, бұрынғы бөлімдерді тереңдетіп, аудандарын кеңейтіп білдіру ретінде ұсынылатынын ескертеді. Енгізілген жаңа жұмыс түрлері ретінде мыналарды атайды: 1) сөйлемдердің түрлерін тану; 2) сөздердің, дыбыстардың негізгі түрлерін тану; 3) орын талғайтын дыбыстармен танысу; 4) сыбайлас дыбыстардың бір-біріне ететін әсерлерімен танысу; 5) дауыс екпінін тануды атайды. А.Байтұрсынұлы бұл бөлімде істеу жүзінде байқаумен алған білім жұмсау жүзінде іске асып, бақылау мен жұмсау екеуі теңбе-тең бірдей жүріп отыратынын айтады. Әдіскер дәйектемеде «Тіл жұмсардың» берер пайдасы хақында да түйінді пікірін білдіреді. Аяғында айтып өтетінім емле үйретуге «Тіл – жұмсардың» екі бөліміндегі қолданыстық нәрсе (материал) жеткілікті. Соның бәрін балалар дұрыстап, түгел қолданып өтсе, емленің 90% шамасы білуге дыбыс

жүйелі. Оны білу үшін буынды жақсы тану, дұрыс буындай білу, сөздің буындарын біліп отырып жазуға әдеттену және керек. «Әліп-би» мен 1-інші «Тіл – жұмсар» көлеміндегі нәрсе де, мезгіл де, білім де жеткілікті. Онан арғысын 2-ші «Тіл жұмсармен» толықтырып, үшеуінің көлеміндегі нәрседен емленің 90% білімін толық алуға болады. Онан әрі қалған 10% білімін 3-ші «Тіл – жұмсар» беруге тиіс. Сөйтіп, бақылау мен жұмсау тәжірибе жолымен «Тіл – жұмсардың» үш бөлімінің беретін білімін алғанда, балалардың сауаты емле жағынан толық жеткілікті болмақ», - дегені оған айғақ. А.Байтұрсынұлы дәйектемесі 1928 жылы наурыздың алтысында Қызылорда қаласында жазылған. Берілген үзіктен және бір байқайтын мәліметіміз А.Байтұрсынұлы «Тіл – жұмсар» әдістемелік нұсқауының үшінші кітабын да шығаруға жоспарлағаны. Қынжылатыны, ол еңбектің жарық көріп үлгермеуі. Сонымен «Тіл – жұмсар» – ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс тұтыну жолдарын үйрететін әдістемелік құрал. Ғалым Р.Сәтіғалиқызы бұл еңбектің ерекшелігін дәл байқап, «қолданбалы грамматика» деп бағалады. Нұсқау «Тіл құрал» оқулығындағы грамматикалық ұғымдарға және «Әліпбидегі» мәтіндерге сүйенген.

А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің біраз бөлігі мақалалар тобынан құралады. Әдіскер еңбектерінің библиографиялық көрсеткішінде (А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992,443-445-б.б.) «Ана тілінің әдісі» мақаласы мен «Оқу құралы» еңбегі де аталған. Бұл «Оқу құралдың» өзге оқу құралдардан айырмашылығы, онда «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-биге баяншы» деп жазылған. Сондай-ақ, қызғылт түсті жұқа мұқабасы сыртында «Методические записки по родному языку (на кирг. яз.)» деп те көрсетілген. Ал бірінші бетінде «Балалар, бұл жолы басы даналыққа» деп келетін алты тармақты «Тарту» өлеңі берілген. Бұл шумақ алғаш рет А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынбордан шыққан әліппесінде жазылған. Көлемі 14 беттік әдістемелік еңбек 1921 жылы Ташкент қаласынан шығарылған. Таралымы 10 000 дана. Әдістемелік «Сөз басы» (2-3-бет), «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері» (3-9-бет) «Дыбыспен жаттығу» (9-14-бет) бөлімдерінен тұрады. Ал «Ана тілінің әдісі» мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының 9-нөмірінің 23-31-беттерінде жарияланған. Бұған қоса ағартушының «Баулу мектеп» («Трудовая школа») атты проблемалы мақаласы журнал бетінде 1925 жылы (№1, тамыз) басылған болатын.

Өкініштісі сол, жоғарыдағы айтылған екі мақала да А.Байтұрсынұлының қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері топтастырылған «Тіл тағылымы» («Ана тілі», А., 1992) деген бағалы жинаққа енбеген. Бұл құнды екі зерттеме «Тіл тағылымы» секілді оқу-ағарту, әдістемелік еңбектерінің

топтамасынан көріну керек еді. Аталған жазбалардың 1991 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Ақ жол» жинағына да ілінбегені мәлім. Әрине, бұнда өлеңдер мен тәржімелер, көсемсөздері мен әдеби зерттеулерінің басы қосылғандығын. Қысқасы, ілгеріде шығар А.Байтұрсынұлы жинақтарында бұл кемшіліктің орны толтырылуы тиіс.

Әдіскер ғалымның «Жалқылау (айырыңқы) әдісі» («Аналитический метод обучения грамоте») мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының он бірінші – он екінші нөмірінің 45-49-бет аралығында басылды. Журнал редакциясының басқармасы мақала соңында: «Тұтас сөз – сөйлем әдісінің негізі осы мақалада айтылған болса да, бұл күнде басқаша ұсталатын көздері де бар. Ахаңның жалқылаулы-жалпылау әдісі дегені осы тұтас сөз сөйлем әдісі. Мұның бүге-шүгесі келер санда басылады», - деп көрсеткен. Шынында да журналдың келесі санында, яғни, 1928 жылғы бірінші нөмірінің 31-37-беттерінде «Жалқылаулы-жалпылау әдісі» («Аналитико – синтетический метод обучения грамоте») атты мақаласы жарияланды.

А.Байтұрсынұлының еңбектерін жинаушы-тарамдаушылар ғалымның әдістемелік жазбаларының сапына «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы» деген мақаланы да қосады. Аталмыш мақала «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы 2-3-нөмірінің 44-бетінде жарияланды. Мақала шекесінде «А.Б.ұлы» деп авторы көрсетілген. Біздіңше, бұл бір беттік мақала А.Байтұрсынұлы қаламынан тумаған. Оған айтар дәлеліміз, біріншіден, жазбаның Ахаң стилінен өзгешелігі, екіншіден, осы журналдың соңындағы орыс тілінде берілген мазмұнында мақала «Исследовательский изобразительный метод» түрінде аударылып, авторы ретінде «Базаров» деп көрсетілген. Яғни, біздің айтпағымыз «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы» мақаласының авторы сол кезеңдегі тәжірибелі оқытушылардың бірі Базарұлы Абұлқасаб (Базаров) екендігі. А. Базарұлының «Жаңа мектеп» журналы бетінде бұдан басқа да мақалалары жарияланып тұрған. Мәселен, «Алқакөл болысында оқу күйі» (Кереку уезі), 1927, №3-4, 110-114-бет; «Ана тілінің әдісі жайынан», 1928, №1, 48-51-бет.

Ағартушының әдістемелік құнды дүниелерінің бірі – «Қай әдіс жақсы?» мақаласы. Мақала «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы 4-5-нөмірінің 3-11-беттерінде басылды. Зерттеудің көтерген жүгінің сонылығы хақында журнал басқармасы былайша жазады: «Жазушының дыбыс әдісі мен тұтас сөз әдісін сынаған ойларына, көзқарасына басқарма қосылмайды. Ол ойларын біржақты жаңылысы бар деп біледі. Мұндай мәселе әлі қазақ оқытушыларына соны болғандықтан, бұл мақала пікір алысу ретінде басылып отыр. Әдіс жұмысымен таныс адамдар, педагогтар бұл туралы пікірін жазуын өтінеміз. Басқарма соңғы нөмірлердің бірінде өз ойын жазбақшы» [3].

А.Байтұрсынұлының «Дыбыстарды жіктеу туралы» («Классификация звуков казахского языка») деген мақаласы да – өзіндік ой айтатын, ойлантатын зерттеу еңбегі. Мақала соңында дыбыстарды өзіндік жіктеуінің кестесін беріп, «Қызыл-Орда. 1927.28.IV.» деп көрсетілген. Мақала белгілі журналдың 1927 жылғы бесінші нөмірінде (60-70-бет) басылды. Әдіскер бұл жазбасын 1927 жылғы «Жаңа мектеп» журналының екінші нөміріндегі (61-67-бет) Елдестің (Елдес Омарұлы) «Қазақ дыбыстары» деген мақаласына пікір білдіру мақсатында жазылған.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлының аталған мақалаларының атауларынан-ақ көрініп тұрғандай оларда өз ортасына «әлі соны» әдістемелік мәселелер көтерілген. Ана тілімізді қандай әдіс-тәсілмен оқыту орындылығы айтылады, өзара пікір алысуға шақырады. Демек, қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі саласында синтетикалық, аналитикалық, аналитика-синтетикалық оқыту әдісі жөнінде алғаш әдістемелік тұрғыда пайымдау жасаған, түсінік берген, әдістердің анықтамасын қорытқан әдіскер – Ахмет Байтұрсынұлы. Сондай-ақ, аталған әдістердің жалпылау, жиылыңқы әдіс, жалқылау, айырыңқы әдіс, жалқылаулы-жалпылау, айырыңқы-жиырыңқы әдіс, көрнекілік әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарын(терминдерін) да тұңғыш қолданысқа енгізген де Ахаң. Бір ғажабы ғалым әрбір әдістемелік пікірін өзге алуан тілдің ерекшеліктерімен, қолдану тарихындағы тәжірибелерімен салыстыра қараған.

Демек, А.Байтұрсынұлының әдіскер ретіндегі жазған ғылыми әдістемелік еңбектерінің дүниеге келуі, олардың баспасөз бетінде жариялануының бір парағы осындай. Ал осынау әдістемелік нұсқау, көмекші құралдарының, мақалаларының құрылымы, көтерген мәселесі қандайлық деңгейде екендігі – өз алдына кең көлемді әңгіме.

Қорыта айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың дарабоз, бірегей тұлғасы. Демек, тұлғаны терең тануымыз керек. Ал, қазақ ғалымдарына сүйене айтсақ, тұлғаны тану дегеніміз – алдымен оның туған халқын, өмір сүрген дәуірін, еңбек еткен ортасын, айналасын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету. Десек те, Ахаңның сом тұлғасы, атқарған қыруар ісі, халқына сіңірген еңбегі дәл осындай кең көлемді контексте, белгілі бір жүйеде әлі жете танылмай келеді. Жинақтай айтар болсақ, бұл ретте, біріншіден, таразылау нысаны болар замандастарының Ахмет Байтұрсынұлына берген бағалары десек, екіншіден, Ахаң мұрасының бүгінгі таңдағы зерттелу жайы, үшіншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі таңдағы талдаулармен үндестігі, сабақтастығы.

Ал бұтарлай үңіле түссек, ахметтану баспалдақтары сапына алғашқы кезекте төмендегі мәселелерді аша, анықтай түсуді қосар едік:



1. А.Байтұрсынұлының қоғам қайраткерлік қызметіне қатысты кезеңін қосымша деректермен толықтыра түсу қажеттілігі айқын сезіледі. Әсіресе, Ахаңның қазақ мемлекеттілігін қамтамасыз етуде өлшеусіз еңбек сіңіргендігін кейінгі ұрпаққа таныту. Мәселен, қазақ автономиясын құру, бөлшектеліп, кеткен қазақ жерін түгендеу, аштарға көмек ұйымдастыру, халық азарту саласын жүйеге келтіру, қазақ мектептерін оқу құралдарымен қамтамасыз ету, тіл саясаты мен қазақ тілінің мәртебесіне ден қою, т.б.

2. Ғалымның 150 жылдық мерейтойы тұсында оны тіл маманы ретінде әр қырынан жан-жақты тани түсу де парыз болмақ. Осы тұрғыдан келгенде Ахаң мұрасы әлеуметтік лингвистика ғылымы саласынан арнайы зерделеуді қажет етеді. Бұл – Ахаңның тілді қарым-қатынас құралы ретінде орнына, тіл саясатына, тілдің әлеуметтік қызметіне (жазуды жетілдіру, қазақ тілін дамыту, ұлтты дамыту, терминдерді жаңарту, кірме сөздерге қатысты көзқарас, дұрыс емле түзу мәселесі т.б.), қазақ тілінің таза сақталуына, тілдердің байланысына, тіл болашағын болжауға қатысты ой-түйіндерінің астарына үңілу деген сөз.

3. Академик З.Қабдолов Ахаңның әйгілі «Әдебиет танытқышын» (1926) біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің «Поэтикасымен» теңдес сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу ретінде бағалайды. Сөзсіз, бұлардың «бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы әліпбилері». Осы түйіндерге жапсарлас айтар болсақ, Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге аса жауапкершілікпен қарау мәселесі күн тәртібінде. Яғни, Ахаң терминдерін жапа-тармағай жіпке тізе бермей, таңдау, талғау, талдау нәтижесінде екішеу, елеу, іріктеу, сұрыптаудың қажеттілігі.

4. Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің маңызды бір саласы – қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты зерттеулерінің ғалымдар тарапынан аз ескерілетіндігі. Ендеше, А.Байтұрсынұлының өз заманындағы әлемдік дәрежедегі ірі әдістемеші ғалымдардың еңбектерімен жетік таныс болғандығын, әлемдік деңгейдегі әдістеме теорияларымен қаруланып қана қоймай, оған сын көзімен қарап, пайдалысын әліппе, оқулық жазғанда қолдана білгендігін ескеру қажет. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының әдістемелік негізін талдап беру, оның қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолдану орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер ететіндігін білу. А.Байтұрсынұлының әдістемелік терең білімі, мұғалімдік тәжірибесі, оны қорыта білу қабілеті оқулықтарының әдістемелік негізде жазылуын



*ғана қамтамасыз етіп қоймай, оның әдістемелік ғылыми еңбектер жазуына негіз болғандығын тану.*

*Қысқасы, ғылымның дамуына орай ахметтану сатыларын соза беруге болар. Біздің тарапымыздан айтылғандары бірер бастылары ғана.*

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреже. алу үшін дай. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. -30 б.
2. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Монография. Орал: БҚМУ, 1998. - 132 б.
3. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №9-10, 1997. – 56-60-б.б.
4. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынов – әдістемеші// Жалын. – 1993. - № 3. – 52-54 б.б.
5. Қыдыршаев А.С. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті боу// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. - №10-11-12. – 28-34-б.б.
6. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 7-8. – 11-15-б.б.
7. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдіскерлігі// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 2. – 3-7-б.б.
8. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы// Ұлағат. – 1995. - №3. -47-53-б.б.
9. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. - №9-10-56-62-б.б.
10. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығы туралы// Поиск. – 1998. - №2.-4-8-б.б.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ЗЕРДЕЛЕНУІ

*Райхан Имаханбет*

*А.Байтұрсынұлы музей-үйі жетекшісі, Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ доценті м.а.*

### **Аңдату**

Ардақты да аяулы есімді бұл күні білмейтіндер некен-саяк. Өйткені ұлттығымыздың айғағы туған тіл туралы сөйлесек, Ахмет Байтұрсынұлының ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасқа құқымыз жоқ. Себебі қазақтың ана тіліне ғылыми жүйеде түрен салып, негіздеуші – АХМЕТ! Тізбелеп көрейікші: *Біріншіден*, ХХ-ғасыр басында жетілген жұрт тілінің жетегінде адасқан алаштың әліпбиі мен әліппесін ұлттық болмысқа ылайықтап түрледі, түзді. Дәлел – 1912-ші жылы Орынборда жарық көрген Оқу құралы: қазақша әліппе кітабы; *Екіншіден*, жұртымыз орыс патшалығына бодан болып тұрғанда «қырғыз» атанған еліне Қ А З А Қ деген төл атауын қайтарды. Дәлел – Орынборда 1913–1918-ші жылдары жарияланған «Қазақ» газеті; *Үшіншіден*, Қазан төңкерісімен келген «Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіндер!» дейтұғын бейнетқорлар көсемі Лениннің бұқараға беретін теңдігі кезінде ұлтына дербес ел болу үшін шекарасы анықталған автономия әперді. Дәлел – Орынбордың 1920–1924-ші жылдары қазақ елінің рухани ордабасы болуы. Тізе берсең, ұлт алдында тарихи істері таудай теңдессіз тұлға, кемел ер *кім?! Әлбетте*, ол – *Ахмет Байтұрсынұлы!* ХХ-ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары «*Қазақ халқының көсемі*», «*ұлттың ар-ұжданы*» деп ұлықтап, есімін тура атамай, «*Алаштың Ахаңы*» деп дәріптеген. Тәуелсіз мемлекет болып танылған Қазақ елінің *өткені, бүгіні, келешегі* туралы айшықты ойлар, келелі пікірлер Алаш Арыстары мұрасына тиесілі. Халқымыздың іргелі ел болып қалыптасуында ерен еңбек еткен ардақты тұлғалардың есімдері мәңгілікке жазылып, Отан тарихынан орнын алды. Жүзжылдықтар тоғысында егемен елінің тарапынан Қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымын негіздеуші Ахмет Байтұрсынұлы «*Ана тілдің айбары*» медалі және «*Ғасыр саңлағы*» алқа белгісімен марапатталды. Ғалым есімі оралғаннан бері, шығармалары бірнеше дүркін басылып, ұлттың көзайымына айналды. Мәселен, ғалым мұрасына қатысты тіл, әдебиет, тарих, заң, көсемсөз, философия, педагогика, психология т.б. мамандықтары бойынша 60-қа жуық кандидаттық, 30-дан аса докторлық диссертациялар қорғалды. Әлбетте, бұл жазылған зерттеулер біліктілігі жағынан қарастырылған салалары бойынша меңгерілген тақырыптар екені даусыз.

Бұл күні тұлғаның мұрасын зерделеп, кемеңгердің кемел ілім-білімін ұрпаққа таныту мақсатында жазылған зерттеулер легі жетерлік, тіпті жылдан-жылға толыға түсуде. Атап айтсақ, әдебиеттанушы Рымғали Нұрғали (Ахмет Байтұрсынұлы. 1990.-32 б.), тілші ғалым Рабиға Сыздық (Ахмет Байтұрсынұлы. 1990.-52 б.), тұлғаның немере інісі Самырат Кәкішев (Ахаң туралы ақиқат. 1992.-112 б.), өзбек елінің қазақ ғалымы Маханбет Джусупов (Ахмет Байтұрсын және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. 1992.-216 б.; Фономография А.Байтұрсынұлы и фонология сингормонизма. 1995.-176 б.); физик Мұхамет-Халел Сулейманов (Яркий носитель духа человечности. 1997.-18 с.), көсемсөзші Жаннат Байтелесова (Публицистика Ахмет Байтұрсынұлы. 1998.-78 с.; Роль публицистики Ахмет Байтұрсынұлы в формировании общественного сознания. 2002.-132 б.), тілші Шапағат Жалмаханов (Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. 1997.-68 б.), әдіскер-тілші Абат Қыдыршаев (Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. 1998.-132 б.), жазушы Байтұрсын Ілияс (Алтын бесік. 1998.-260 б.), педагог Р.Үсембаева (Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу. 1999.-150 б.), педагог Бақыткүл Иманбекова (Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларын колледждерде пайдаланудың жолдары. 2000.-130 б., Ахмет Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін оқу-тәрбие жүйесінде пайдалану. 2002.-150 б.), педагог Қ.Ыбырайжанов (Ахмет Байтұрсынұлының білім жайлы педагогикалық мұралары. 2001.-150 б.), ақын, көсемсөзші Назарбек Бектемісұлы (Ахмет ұшқан ұя. 2001.-128 б.), жазушы Қоғабай Сәрсекеев (Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі жайлы ой-түйін. 2003.-80 б.), философ Құралай Ашекеева (Ахмет Байтұрсынұлының философиялық көзқарастары. 2003.-129 б.), ақын, көсемсөзші Серікбай Оспанұлы (Ахмет өскен ақындық орта. 2004.-204 б.), тілші Қапар Ибраймов (Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері. 2005.-119 б.), мұратанушы Райхан Имаханбет (Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы: мұрағат құжаттары негізінде. 2006.-130 б.; Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. 2010.-304 б.), әдебиетші Өмірхан Әбдиманұлы (Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. 2007.-296 б.; Ахметтану: оқу құралы. 2015.-273 б.), әдебиеттанушы Ұлан Еркінбаев (Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының контекстінде. 2007.-125 б.; «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. 2008.-136 б.), жазушы Тұрсын Жұртбай («Ұраным – Алаш», 3 кітап. 2008.-472 б., 2011.-464 б., 2012.-648 б.), тарихшы Гүлфара Тұрғараева (Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. 2009.-155 б.), түрік ғалымы, тілші Нергис Бирай (Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерінің

тілі һәм стилистикалық зерттелуі. 2011.-446 б. / N.Biray. Ahmet Baytursınuh Şiirleri Üzerinde Dil ve Üslup İncelemesi. 2011.-446 v.), мемлекеттік қайраткер Кәрім Мәсімов (Судьба Учителя / Ұстаз тағдыры: Ахмет Байтұрсынұлы. 2011.-340 б.), әдебиетші Гаухар Абитова (Ахмет Байтұрсынұлы жариялаған «Ер Сайын» жырының поэтикасы. 2012.-115 б.), жазушы Амантай Ахетов (Рух тәңірі / Властелин духа: роман. 2015.-256 с.), тілші-ғалымдар: Маханбет Джусупов, Қапар Ибрайымов (Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. 2015.-215 б.), ақын Серік Тұрғынбекұлы (Ахмет – Іңкәр: Ғашықтар дастаны. 2016.-100 б.), әдебиетші Айсұлу Ойсылбай (Ахмет Байтұрсынұлы: «Әдебиет танытқышындағы» қазіргі әдебиет теориясы. 2015.-200 б.; Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. 2016.-288 б.), орыс ғалымы, тарихшы Татьяна Тугай (Оренбургский путь Ахмета Байтурсунова. 2017.-118 с.), музейтанушы Райхан Сахыбекқызы (Ахмет Байтұрсынұлы: фотожинақ. 2017.-240 б.; Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі: құрылымы, дамуы, жүйеленуі, зерттелуі. 2017.-288+32 ж.б.) және т.б. Сонымен қатар, тарихшылардың кең тақырыпта қарастырған ғылыми зерттеулері бір төбе. Бұдан бөлек академик-ғалымдар: М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, З.Ахметов, З.Қабдолав, Р.Нұрғали, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, К.Сағадиев, М.Қойгелдиев, М.Жұрыновтардың мақалалары бар. Ақиқатында, тұлғатану һәм мұратану мәселелері бойынша ахметтану тақырыбына жазылған барлық зерттеудің маңызы зор.

### **Зерттеудің көкейкестілігі**

Егемендік алғаннан бері ғылымда жүріп жатқан жаңару үрдісі өткен тарихымызды жан-жақты дұрыс бағалауға, рухани құндылықтарды қазіргі оқу-ағарту, тәрбие беру ісінде кеңінен пайдалануға жол ашты. Әсіресе ұлттық педагогикамыздың жаңғыруына байланысты ұлттық болмыстың бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажет екені анық. Осы бағыт бойынша ахметтану мәселесінің көкейкестілігі және оның ұлттық ғылым тұрғысынан зерттелуі кенде емес. Жоғарыда аталған 30 туындыгердің (кейбірінде бірнеше кітап) ағартушының мұрасына тікелей қатысты жазылған 38 еңбек бар. Оның 1-еуі роман, 1-еуі ғашықтық дастан, 1 фотожинақ, 1 ғылыми жинақ. Қалған 34 ғылыми зерттеулер. Мұнан бөлек, 1 энциклопедия, 3 библиографиялық көрсеткіш және 30-ға жуық халықаралық, 50-ден аса республикалық конференция материалдары бар. Және Алаштану тақырыбына орай жазылған барлық тұлғаға арналған жинақтарда Ахметтің шығармашылық мұрасына қатысты материалдар легі үздіксіз шығуда. Бұған ақпараттық, танымдық сипатта жазылған мақалалар мен арнау өлеңдерді қосыңыз.

Бұдан шығатын түйін Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы зерттеу нысанына айналғалы сан қырынан қарастырылып, ғылыми айналымға түсті.

Ендігі мәселе осы зерттеулер мен түрлі жинақтардағы тұлға мұрасына қатысты тақырыптың мәні мен мазмұнының қаншалықты ашылуында. Атап айтсақ, академик Р.Сыздық бағасын берген «Ахмет Байтұрсынұлы – тек қана лингвистика мен әдебиеттану салаларының емес, жалпы *«ұлттық ғылымның негізін салушы»* ретінде толық мойындалған тұлға» ретінде таныта алдық па?! Кейбір еңбектерді саралап көрелік. Мәселен, Қазақ ұлттық ғылымындағы ағартушылардың ірі өкілдері деп Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсаринді айтамыз әрі мақтан тұтамыз. Осы кемеңгер тұлғаларымыздай *ағартушылығы* өз заманында-ақ мойындалған Ахмет Байтұрсынұлын да келешекте Шоқан, Абай, Ыбырай есімдерімен қатар айту – ұлттық ғылымның мойнындағы парызы. Сөзіміз дәлелді болу үшін тұлға түрлеген Қазақ әліпбиінен бастап шығармашылық мұрасы туралы айтылған айшықты ғылыми тұжырымдарға жүгінелік. Мәселен, өзге ұлт өкілдерінің түркітанушы ғалымдары: А.Н.Самойлович «Байтұрсын Ахмет Байтұрсынұлы» (1919), Е.Д.Поливанов «Қырғыз-қазақ жаңа (Байтұрсын) орфографиясы» (1924), Н.Ф.Яковлев «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі» (1928) туралы ғылыми зерттеу мақалаларын жариялады. 1930-шы жылы Мәскеуде жарық көрген Әдеби энциклопедияның 1-томына Ахмет туралы қысқаша анықтамалық, 1931-ші жылы осы жинақтың 5-томына ағартушы түзген «Қазақ әліпбиі» енді. 1967-ші жылы Америка құрама штаты Нью-Йоркте «Орталық Азия Ресей билеуінде» / «Central Asia a Century of Russian Rule» атты ғылыми-зерттеу жарық көрген. Зерттеуді – Колумбия университетінің профессоры Эдвард Олуорттың жетекшілігімен шәкірттері: Ян Муррей Мэтли, Карл Х.Мэнгес, Джонна Спектор, Артур Спрагпен бірлесіп шығарған. Ғылыми зерттеуде Орта Азия халықтары мен қазақ халқының экономикалық, саяси, мәдени даму жолдары туралы, олардың ұлттық сезімінің оянуы, зияткерлік жағынан өсуі, әдебиетінің дамуы жөнінде, әсіресе, әр халықтың осы үлкен саяси істерде зор қызмет көрсеткен қайраткерлері туралы мағлұмат берген. Бір таңқаларлығы, осы 1967-ші жылы кеңестік жүйе «халық жауы» деп қаралаған Ахмет Байтұрсынұлы туралы «25 бетке» жуық мәлімдемелік деректер қамтылып, оның саясат, әдебиет, мәдениет саласындағы ерен істерін ерекше бағалайды. Ағартушының көзілдірікті (пенсне) сүгіретін беріп: *«Қазақ жазуының көшбасшысы»* деп жазған (176-б.). Мұнан бөлек, *«Байтұрсынұлы шын мәнінде, ең маңызды саяси тұлға болды»* деп, қазақ көсемін *«Ахмет Байтұрсынұлын кім өлтірді?»*, *«Ақиқатында, әрбір жойылған өмірлер үшін кім жауапты? Және кінәліні жария етіп, неге талқыламасқа?»* деген сауал қояды (Б.236, 389). Бұл қасіреттің 1956-шы жылы көтерілгенімен, кеңестік жүйедегі сталиндік режим: «жеке басқа табынудың» салдарынан, 1937–1938-ші жылдары жаппай «нақақ» жазаланғандардың *«ақ-қарасы»*

ашылмағанын» жазған. Ағартушының аяулы есімі ақталмаса да, 1974-ші жылы түркітанушы А.Н.Кононов «Байтұрсын Ахмет Байтұрсынұлы» туралы ғылыми анықтамалық сипаттама берген. Ал, 1985-ші жылы Оксфордта шыққан «Казахи о русских до 1917 года» атты жинаққа М.Дулатұлының Ахмет Байтұрсынұлы туралы биографиялық очеркі енді. Жоғарыда аталған А.Самойловичтің «Литература Востока» атты журналдағы «Литература турецких народов» (Түркі халықтарының әдебиеті) деген мақаласында Ахметтің ғалымдық қайраткерлігі жөнінде: «...Он – реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы», - дейді (78-б.). Яғни, Ахметті қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы деп нақты баға берді. Е.Поливанов «Бюллетень Среднеазиатского государственного университета» атты Ташкенттен шыққан журналдың жетінші басылымында Қазақ жазуы (орфография) мен таңбасының таласты мәселелері тақырыбы бойынша ұлт әліпбиіне «Байтұрсуновская графика» деген атау береді. Жаңа емле туралы: «...эту последнюю форму, которую приняла казах-киргизская графика в 1924 году, (...) считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы как крупным культурным завоеванием» деп, тарих алдында әділетті бағасын берген (53-б.). Лингвист ғалымдар әліпби таңдаудағы Ахмет Байтұрсынұлының «төте жазу: Қазақ емлесін» ұлттық таңбаның қалыптасып, мойындалуындағы ең ірі мәдени жетістікке теңеді. Орыс ғалымының «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деген ғылыми тұжырымы қазақтың қалыптасушы жаңа ұлттық ғылымына зор мақтаныш әкелді. 1933-ші жылы «Қазақ өлкелік баспасынан» жарық көрген, авторлары: М.П.Баталов пен М.С.Сильченконың «Очерки казахского фольклор и казахского литературы» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы қызметінің мәні мен маңызы, қазақ халқының әлеуметтік және мәдени санасын оятудағы сіңірген еңбегі атап көрсетілген (2-б.).

Тұлғаның замандастары Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Садуақас, Мұхтар Омарханұлы және тағы басқалар «...Ақаң түрлеген ана тілі», «...Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, ...әлемдік мәдениетпен араласуға, ...халық мектептерінің өркендеу жолына алып адым жасады», «Қазақ әліпбиі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі» атты оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі қазақ грамматикасына бөлекше реңк



әкелді» дейді. Отандастары сол тұста-ақ, Ахмет әліпбиінің жұртшылық тарапынан зор қошеметке бөленгенін айтып, ақпарат беттерінде жарыса жазды. Тіпті, осы төте жазуды негізге алып, көрші елдердің қырғыз, әзербайжандар тағы-тағы басқалардың «тіл көшін» түзегені тарихтан белгілі.

Тәуелсіздік кезең әдебиетінің ғалымдары: Ш.Елеуенов Ахметтің аудармаларын «*төлтума*», Ж.Ысмағұлов «*қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сіңді*», С.Қирабаев «*қазақтың тұңғыш революцияшыл-демократтар қатарындағы бірегей тұлға*», Р.Нұрғалиев «*қазақ әдебиетінің алтын ғасыры*», Т.Кәкішұлы «*Ахаңның азаматтығын айқын танытқан, интернационалистерді үркітіп, айғай-шу шығарған, ұлтшылдықтың манифесі*», тілші-ғалымдар: Р.Сыздық «*қазақ сөзінің икемділігін (сөз жасау қабілетінің), үндестігін (ұйқас, әуендес келетіндігін) шебер пайдаланған*», Ө.Айтбай «*қазақ терминологиясының атасы*», Е.Жанпейісов «*Байтұрсынұлы дәуірі*», «*Байтұрсынұлы ғасыры*» деп ғылыми зерттеулерінде талдап таратып, бағалады. Шындығында, Байтұрсынұлы негіздеген термин жасау ғылымының жалғасын таппауы, зерттеуші өзі айтып отырғандай 30-шы жылдары Алаш зиялылары кеңестік жүйенің содыр саясаты салдарынан қуғын-сүргінге ұшырауы себепті іске аспай қалды емес пе?! Ендеше, Ұлттық терминнің үзіліске ұшырауына Ахметтер емес, «*басқарушы биліктің сыңаржақ саясаты*» кінәлі екенін бүгінгі ұрпақ білуге міндеттіміз. Тіл маманы Ш.Құрманбайұлы «Алаш және терминтану» атты зерттеуінде, оның 10-15 жылда ұлтқа жасаған қызметін ғылыми дәйектемелер бойынша саралап, атқарған жұмыстарын былайша жіктейді: «1). Қазақ тілі білімінің терминологиясын жасаушы; 2). Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым, осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған; 3). Әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған; 4). Қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым; 5). Жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айырықша тұлға; 6). Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы; 7). Қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым» (Б.29-46).

Әлбетте, бұл тізбектелген салалар бір адамның басына аз жұмыс емес. Егер А.Байтұрсынұлы басқарушы билік тарапынан 5 рет сотталып, 2 рет жер аударылмағанда өзі сүйген өз ұлтты үшін тағы талай жұмыстарды атқарар еді. Зерттеуші қарастырып отырған терминология саласы бойынша Ахметтің

даралығы мен даналығын нақты көрсете алған. Ш.Құрманбайұлы түйін сөзін «аса көрнекті тілші ғалым» деп қорытыпты (53-б.). Бұған қосарымыз: Ахмет Байтұрсынұлы егемен елінің ұрпағы тарапынан «Ана тілдің айбары», «Ғасыр саңлағы» деп ұлықталған ұлы ағартушы, ғұлама ғалым һәм кемел тұлға. Нақтырақ, қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін салушы теоретик ғалым.

Енді ағартушы ұстаз А.Байтұрсынұлы оқулықтарының өміршеңдігіне қайта оралсақ. Мәселен, мемлекеттік мұрағаттарда қатталған тарихи деректермен қатар, өмір тәжірибесінде оқу-ағарту саласы бойынша ұрпақтың сауатын ашу үшін үнемі қолданып жүрген әліппе, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану оқулықтары дәлел. Сөзіміз дәлелді болуы үшін осы оқулықтардың ағартушының көзі тірісінде басылуын ретімен тізімдеп, баяндап көрейік:

- 1). Қырық мысал. 1909, 1913, 1922 – 3 рет;
- 2). Маса. 1911, 1914, 1922 – 3 рет;
- 3). Оқу құралы. Қазақша алифба. 1-кітап. 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922, 1923, 1925 – 9 рет;
- 4). Оқу құралы. Алифбаға жалғасты. 2-кітап. 1913 (2), 1923, 1924 – 4 рет;
- 5). Оқу құралы. Усул сотие жолымен, әліпбиге байаншы. 1913, 1921 – 2 рет;
- 6). Оқу құралы. 1-ші кітап: Үлкендер үшін. Семей, 1921 – 1 рет;
- 7). Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 1-ші жылдық. Дыбыс жүйесі һәм түрлері (фонетика) 1914, 1918, 1920, 1922, 1924, 1925, 1927 – 7 рет;
- 8). Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 2-ші жылдық. Сөз жүйесі һәм түрлері (морфология) 1914, 1915, 1920, 1922, 1923, 1924, 1925, 1927 – 8 рет;
- 9). Тіл – құрал. 3-жылдық. Сөйлем жүйесі һәм түрлері (синтаксис) 1923, 1924, 1925, 1926, 1927, 1928 – 6 рет;
- 10). Баяншы. Мұғалімдер үшін. 1920 – 1 рет;
- 11). Уголовный кодекс РСФСР. Баспаға 1921 жылы дайындалып, өндіріске жіберілгені туралы мұрағаттық мәлімет бар. Табылмады.
- 12). Ер Сайын (Жыршылар айтуынан өңдеп өткеруші А.Б.), 1923 – 1 рет;
- 13). Мәдениет тарихы. Қызылорда, 1923. Беті белгісіз. Табылмады.
- 14). Әліппе астары. Қазақша әліп-би үйретушілерге баяншы. 1924 – 1 рет;
- 15). Әліп-би. Жаңа құрал. 1926, 1927, 1928 – 3 рет;
- 16). Сауаташқыш. Сауатсыз үлкендер үшін. 1924, 1926 – 2 рет;
- 17). 23 жоқтау. 1926 – 1 рет;
- 18). Әдебиет танытқыш. 1926 – 2 рет;
- 19). Оқу құралы. Сүгіретті. (Т.Шонанұлымен бірге). 1927 – 3 рет;
- 20). Тіл – жұмсар. 1-ші бөлім. 1928 – 1 рет;
- 21). Тіл – жұмсар. 2-ші бөлім. 1929 – 1 рет;
- 22). Практическая грамматика. 2-ое стереотипное издание. 1929 – 1 рет;

23). Шаруашылық өзгеріс. /Қолжазба/. Әңгіме №4., Жылы белгісіз, беті белгісіз. Бұл мәліметтер Ұлттық кітапхананың Сирек кітаптар қорына тіркелген кітаптарды сараптау бойынша түзілді. Негізі, Ахмет Байтұрсынұлы 1929-шы жылы жазған «Өмірдерек» атты ресми баянатында жарияланым көрген кітаптарының санын – «14» деп көрсетеді. Біздің анықтауымызда ба-сылым көрген туындыларының саны – 20, басуға өткізген қолжазбасы – 2.

### Қорытынды

1988-ші жылдан бері, ғалым мұрасына қатысты ой-пікір білдірген зерттеуші-ғалымдар: Шәмшиябану Сәтбаева, Үшкілтай Субханбердина, Қайым Мұхамедханов, Зәки Ахметов, Ғалым Ахмедов, Гүлнар Дулатова, Нұржамал Оралбаева, Манаш Қозыбаев, Кеңес Нұрпейіс, Рабиға Сыздық, Рымғали Нұрғали, Темірбек Қожакеев, Су Бихай (*Қытай*), Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішұлы, Жұмағұл Ысмағұлов, Кенжеғали Сағадиев, Шерияз-дан Елеукенов, Өмірзақ Айтбайұлы, Бабаш Әбілқасымов, Ербол Жанпейісов, Нұргелді Уәлиұлы, Әлімхан Жүнісбек, Мәмбет Қойгелдиев, Өмірзақ Озғанбай, Бақытжан Хасанұлы, Серік Мақпыров, Сәрсенбі Дәуітұлы, Намазалы Омашев, Сәкен Өзбеков, Уямо Томохико (*Жапония*), Федор Ашнин (Ресей), Владимир Алпатов, (Ресей), Дмитрий Насилов (Ресей), Татьяна Тугай (Ресей), Ингеборг Бальдауф (*Берлин*), Серікбай Оспанұлы, Тұрсын Жұртбай, Лайла Ахметова, Владислав Григорьев, Ғалым Шойкин, Дихан Карбозов (*Қырғыз*), Маханбет Джусупов (*Өзбек*), Нергис Бирай (*Түркия*), Ахмет Ержиласун (*Түркия*), Байқазақ Бекетов (*Қарақалпақ*), Айгүл Ісмақова, Өмірхан Әбдиманұлы, Жандос Смағұлов, Анар Салқынбай, Шапағат Жалмаханов, Абат Қыдыршаев, Құрманғали Даркенов, Досалы Салқынбек, Аманқос Мектептегі, Ғарифолла Өнес, Бағдат Момынова, Сұлтан Хан Жүсіп, Дихан Қамзабекұлы, Алмасбек Әбсадық, Ербол Тілешов, Шерубай Құрманбайұлы, Шералы Білалов, Қайрат Сақ, Жаннат Байтілесова, Айсұлу Ойсылбай, Светлана Смағұлова, Роза Бақбергенова, Гүлжаһан Орда, Сағымбай Жұмағұл, Ұлан Еркінбаевтар болса, мұнан бөлек қалам тербеген ақын-жазушылар мен журналист-тілшілер легі қаншама десеңізші!

Осыдан 24 жыл бұрын ұлы ағартушының 125 жылдығына орай өткізілген салтанатты жиында халық жазушысы Әбіш Кекілбай: *«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға. Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер. Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынұлы оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кен-де қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді.*

*Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асан қайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иасауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек азартушылықпен шектелгісі келмеді» деп, күрескердің ұлт мүддесіне жасаған жұмыстарын ұрпақ жадына өшпестей етіп, шегелеп берді.*

Әбішше айтсақ, Ахмет *«ешқандай атланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген, көрген»*, елі үшін ерен еңбек еткен Ер. Әбішше толғансақ, *«Ұлттың Ұлы Ұстазы аруағы алдындағы шәкірттік арымыз таза, иманымыз кәміл болуы»* үшін біз де Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде берген батасын жадымызда ұстап, халық қамы үшін жұмыс жасауды – ұрпақ парызы деп білуіміз керек екен.

Байтұрсынұлының батасы: *«Төңірекке қарасаң, түнерген бұлттар әлі бар... Түбі қандай болады деп қобалжымалық... Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйімізді үй етіп, шашылмай қалудың қамын желік... Дүниенің төріне ұмтылғандар төрден орын алып жатыр. Ұмтылмағандар есікте қалып жатыр... Қалмайық десек, қарап жатпалық... Көп ісіне көп болып жабылайық... Қолымнан не келеді деп қорынбайық. Ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылады. Көп жұмыстың ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Әркім әлінен келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын, аз нәрсе көпке сеп болмақшы. Сәл демеу зорға сүйеу болады. Ұлы іс ұсақтан ұлғаяды... Ұлт үшін деген күштің ұлғаяуына үлес қосу қазақ баласына міндет».*

Ақиқатында, әр дәуірдің замана ауанына қарай, адам баласына жүктер жұмысы көп. Сол жұмыстың атқарылуы – әуелі, адалдықтан бастау алса, адамзат игілігіне айналары анық. Ата-баба жолын мұрат тұтқан Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының ұстанымы бүгінгі ұрпақтың да мақсат-мұраты һәм темірқазығы болуы тиіс.

Ұлт ұстазының шығармашылық мұрасын зерттеп-зерделеген еңбектер легі жетерлік. Ендеше, оқу-ағарту саласындағы білім беру үдерісінде Ахмет Байтұрсынұлының оқулықтарын негізгі ПӘН көзіне айналдыруға еш кедергі жоқ. Ал да пайдалан, алға ұлттық болмысыңмен жылжы. Алаш мұрасын заманауи форматқа салып, жаңа үлгіде оқыту – бүгінгі тәуелсіздік кезең ғылымының қалауындағы формалді дүние. Дүниеге кім ие екендігі аян. Ендеше, ахметтану мәселесіндегі қордаланған материалдарды ұрпақ тәрбиесіне жаратпау – ғылым саласында жүрген сіз бен бізге сын.

## ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

*Қайрат Сақ*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің деканы, ф.ғ.к, алаштанушы-ғалым*

Ұлтқа адал қызмет етудің хас үлгісін өз еңбегімен тарихымызға тасқа қашағандай етіп, өшпестей таңбалап кеткен Ахмет Байтұрсынұлының халқымыздың жоғын түгендеп, барын бүтіндеуге, ұлтымыздың сана-сезімін кемінде елу жыл алға оздыруға сіңірген өлшеусіз қызметін түгел айту үшін том-том кітап жазсақ та, түгесе алмайтын шығармыз. Бір ғана қыры – ұлттық журналистикамыздың қалыптасуына қосқан үлесінің өзін таратып айтуға бір ғылыми мақала тұрмақ, тұтас монография арнасақ та сыйғыза алмайсымыз анық. Сол себепті бұл жолы тақырыпты толық ашу үшін ғылыми тұжырымдарымызбен ғана бөлісуді жөн көрдік.

Әу баста айтарымыз, бар саналы ғұмырын халқының қамын күйттеуге арнаған, сол жолда қуғын-сүргіннің жеті атасын көріп, әуелі патшалық Ресейдің, кейіннен Кеңес Одағы аталатын алып империяның саяси қуғын-сүргін, зорлық-зомбылығын бастан әбден шегіп, ақырында ату жазасымен үлкен жүрегі мәңгілік дамыл тапқан Ұлт Ұстазына арнап талай шара ұйымдастырылар, Тәуелсіз Қазақстанның әр қаласынан алып ескерткіш ашылар, ерен еңбегіне қарай бар сый-сыяпаты жасалар. Ел егемендігін сақтап тұрар болсақ, ол күн де туар, оған ешқандай күмәніміз жоқ.

Дей тұрсақ та, ең үлкен құрмет Ұлт Ұстазының ұлы идеяларын, уақыт сынынан өткен асыл ойлары мен ұрпаққа қалдырған өсиеттерін бұлжытпай орындап, шынайы жүзеге асырсақ, басқаша айтқанда, аманатқа адалдық танытсақ, әруақ алдындағы парызымыздың ең үлкен өтемі сол болар еді-ау деген ой санамызда жаңғырады.

Ахмет Байтұрсынұлы – шын мәнінде ұлт журналистикасының негізін қалаушы ұлы тұлға. Ол – талас туғызбайтын аксиома. Осы тұста «оған дейін де газет-журнал шығарушылар болды ғой, олардың еңбегін еш етіп отырған жоқсыз ба?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Оған қайтарар жауабымыз, айтар уәжіміз дайын.

Ол рас, қазақ тіліндегі тұңғыш баспасөзіміз ХІХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келді. «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газетінің» қазақ журналистикасы тарихынан алар орындары айрықша. Оны теріске шығара алмаймыз. Бірақ бұл басылымдар ұлттық мүддені көздеп шығарылмағанын, патшалық Ресейдің қазақ даласын билеп-төстеуге жіберген генерал-губернаторларының тікелей басшылығымен, солар бөлген қаржы-қаражатпен жарық көріп,



отаршыл империяға қызмет еткенін жасыра алмаймыз. Сондықтан аталған газеттер ұлттық журналистикамыздың бастауы бола алмайды.

Ал ХХ ғасыр басында жарық көрген газет-журналдар туралы әңгіме бөлек. Қазақтың басына қара бұлт үйірілген алмағайып заманда алаштың оқыған-тоқыған азаматтары халықты жойылудан аман алып қалудың амалын ойлағанда бұрынғыдай білектің емес, білімнің күшімен күресу керегін терең түсінді. Қолдарындағы жалғыз қару қаламдары екенін ұқты. Ал сол қаламмен өрілген құнды ой-толғамдарын қалың жұртқа жеткізудің жалғыз жолы баспасөз болатынын еуропа елдерінің тәжірибесінен түйді. Сол себептен де газет-журнал шығару қамында күрес көрігін қыздырды. Ол оңайшылықпен орындала қоймағанына кәрі тарих куә.

Алаш зиялылары 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының ықпалымен қазақ халқының қордаланып қалған ұлттық мәселелерін шешу күресінде жаңа жол сайлады. Ол халық атынан патшалық Ресей үкіметіне арыз-талап (петиция) ұйымдастыру түрінде көрініс тапты. «Бүкілелдік наразылықтың қазақ қоғамына бұрын тән емес петиция түрінде көрінуіне түрткі болған тұңғыш россиялық революция болғанда, ал оны жазған азаматтық қозғалыстың басына келген жаңа әлеуметтік күш – ұлт-азаттық интеллигенция өкілдері еді» [1] - деп жазады бұл жөнінде көрнекті алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелдиев. Қазақ даласының түкпір-түкпірінен уезд бастықтарына, байтақ жерімізді губернияларға бөліп тізгіндеген генерал-губернаторларға, Ресей Ішкі істер министріне, тіпті император Николай екіншінің атына жолданған петициялардың ірісі 1905 жылдың 25 шілдесінде Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесіне жиналғандардың арыз-талабы болды. 12 мыңнан аса (тағы бір деректерде 16 мыңға жуық) адамның қолы қойылған петицияда, профессор Зарқын Тойшыбаевтың аудармасы бойынша, «қазақ, татар, араб тіліндегі діни кітаптарға цензураны жою», «қазақ балаларына пансион ашылсын, кәсіби мектептер мен жоғары оқу орындарына түсу үшін стипендиялар көбейтілсін», «қазақ тілінде газет шығарылсын», «қазақтардың иелігіндегі жерлер олардың меншігі деп танылсын», ««Далалық ереже» қазақ депутаттарының қатысуымен өзгертілсін», «судьялар қазақ тілін білуі шарт және де қазақ даласына присяжной сот жүйесі енгізілсін» т.с.с талаптар қойылған. «Петицияны дайындап, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Тоғысов, А.Аяғанов болған» [2]. Осы дерекке жүгінсек, ұлт мүддесіне қызмет ететін газет шығару идеясы қашан және кімдердің қатысуымен туындағанын пайымдау аса қиындық туғызбайды. Алаш зиялылары «қазақ тілінде газет шығару» жөніндегі талап-тілектерінің орындалуына атандай 8 жыл талмай күрес жүргізгенін, нәтижесінде 1913 жылы ақпан айында Орынборда Ахмет Байтұрсынұлының «бас жазушылығымен», қазіргі тілмен айтқанда,



бас редакторлығымен «Қазақ» газеті шыққанын отандық баспасөз тарихын зерттеуші ғалымдар растайды.

Ұлтымыздың ұлы жазушысы Мұқтар Әуезов айтқандай, «қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газетінің» [3] өзінен бұрын жарық көрген басылымдардан артықшылығы көп болды.

Біріншіден, ХХ ғасыр басында ұлттық сананың ұйытқысы болған газет-журналдардың ішінде ең ұзақ өмір сүргені «Қазақ» екені баспасөз тарихын зерттеушілерге жаңалық емес. 1907 жылы жарық көрген «Қазақ газеті» мен «Серке» журналының ғұмыры тым қысқа болды. Бар болғаны 2-3 нөмері ғана басылып шығып, патша үкіметі жендеттерінің қолымен жөргегінде тұншықтырылды. Ал 1911 жылы қазақ оқырманына жол тартқан «Қазақстан» газеті мен «Айқап» журналының тағдыр талайы бірінші дүниежүзілік соғыс салдарынан 3-4 жылдан аспады. Олардың ізін ала дүниеге келген «Қазақ» газеті болса, 1913 жылы Қазақстанның тұңғыш астанасы Орынбордан атойлап үн қатып, ә дегеннен қаймана қазақтың жүрегін жаулап алды да, 1918 жылы Алашорданың бас қаласын большевиктер жаулап алғанға дейін 6 жыл бойы үзбей шығып тұрды. Ахмет Байтұрсынұлынша айтсақ, шын мәнінде, «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» қызметін абыроймен атқарды.

Екіншіден, таза қазақ тілінде жарық көрген басылым «Қазақ» газеті болды. Оған дейінгі газет-журналдарда араб, парсы, татар, башқұрт, орыс тіліндегі сөздер араласып, тіл шұбарлығына жол берілсе, «Қазақтың» бірінші санынан бастап Ахмет Байтұрсынұлы оған қатаң тыйым салды. Соның арқасында таза ұлттық баспасөз тілі қалыптасты. Оның үстіне, араб таңбасынан алынған, ел ішінде Ахмет әліпбиі атанып кеткен 28 әріптен тұратын жазумен шығуы оқырманына керемет ұнады. Газетті жаздырып алушылар қатарының жылдан-жылға еселеп артуының бұл да бір себебі болды.

Үшіншіден, «Қазақ» газеті ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының шынайы шежіресі, ұлттық сананың ұйытқысы және жаңа үлгідегі қазақ баспасөзінің негізін қалаған энциклопедиялық басылым болды. Сол кезеңдегі бірде-бір уақиға «Қазақ» газеті оқырманының назарынан тыс қалмады. Қазақ ұлтына қатысты бар мәселе осы басылым бетінде талқыланды. «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың әруақты аты» [4, 11-б.] өшпесін, әрі «киргиз» болып шатаспасын деген мақсатта «Қазақ» деп атаған газеттерінде алаш азаматтары «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» халқының қамы үшін аянбай қызмет етті. Олардың «білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген аталы сөзді алдарына тұтып, өздерін күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырып, жанкештілікпен ұлтқа сіңірген еңбектері зая кеткен жоқ.

Ұдайы «қазаққа деген игілік нәрсені енгізу жолында» болған, «сырттан келер қазаққа жамандық болса, күзетші орнына жұмсалған» [4, 423-б.] газет өз заманында халықтың көшбасшысы болып, қараңғы түннің пердесін түрген күн іспетті ұлт азаттығы ақ таңының жарқырап атуына ықпал етті. Оған газет тігінділерінің кез келген бетін сөйлету арқылы көз жеткізу аса қиын емес. «Қазақта» жарияланған материалдар деректілігімен және терең мазмұндылығымен ұлттық тарихымызды «ақтандақтардан» арылтып, қазақ руханиятының алтын арқауы болуға әбден лайық.

Төртіншіден, «Қазақ» газетінде оқырман талқысына түспеген тақырып жоқ десек, әсіре айтып, ауа жайылғандық болмайды. Бір кереметі және өнеге алуға болатыны, басылым қай мәселені көтерсе де, елдік мүдде бірінші орында тұрады. Газетте жарық көрген ұлт саясаты, ұлт экономикасы, ұлт идеологиясы: тілі, діні, ділі, ұлт өнері, ұлттық білім мен ғылым мәселелері туралы жарияланымдар бүгінгі күнмен өзектес, өміршеңдігімен маңызды. Көсемсөз авторлары мәселені көтеріп қана қоймай, оны оң шешу жолдарын көрсете білгендіктен, ол материалдардың жарияланғанына жүз жылдан аса уақыт өтсе де, құны жойылған жоқ, қазір де пайдалануымызға жарап тұр.

Айталық, кезінде қазақ жастарын жаппай оқуға шақырып, білім-ғылым жолына салған, өнер үйренуге жетелеген «Қазақ» газетінің ұстанымы бүгін де маңызын жойған жоқ. Бұдан ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру идеясы алаш заманынан бастау алатындығын көруге болады. Басылымның сол бастамасы өз жемісін бергені де ақиқат. Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов сынды ұлтымыздың әлем мойындаған таланттары – Ахмет Байтұрсынұлы бас редакторы болған «Қазақ» газетінің шәкірттері. Ұлтымыздың жүз жылда бір туар ұлыларының білім мен ғылым, өнер көгіне көтерілуі – «Қазақтың» оқырман жүрегін жаулап алып, сана сәулесін ашуының жемісі. Бұған Мұхтар Әуезовтің мына сөзі бұлтартпас айғақ: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығынан жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр» [3]. Бұдан түйетініміз, алаштың бас басылымы қазақ жастарының рухани өсіп, кемелдену мектебі болғаны тарихи шындық. Өкінішке қарай, кешегі кеңестік тоталитарлық қоғамда сол мектептің есігі тарс жабылып, елге қызмет етуі өктемдікпен тоқтатылды. «Қазақ» газеті туралы ақиқатты айтуға қатаң тыйым салынып, оның шындығы шыңырауда шынжырлап ұсталды. Шығарушылары түгел атылып, олардың есімдері мен ерен еңбектерін тілге тиек еткендер саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Соның салдарынан ұлылар мектебі шәкіртсіз тұл жетім күйін кешті. Ұлы тұлғаларымыздың айшықты жолы жалғасын таппай, адасуымыздың себебі сол. Тек КСРО атты алып державаның күйреуіне

себепші болған 1985 жылғы сәуір жылымығы – жариялылық туралы тарихи шешім қабылданғаннан кейін ғана Алаш баспасөзі мектебінің сығырайып есігін ашып, ішіне енуге мүмкіндік алдык. Содан бермен ғана «Қазақ» газетінің тұнық бұлағынан ішінара сусындауға қолымыз жете бастады. Бірақ нарықтық экономика қыспағынан ол мектептің берерін толық қажетімізге жарата алмай келеміз. Ендеше, ендігі жерде сол асыл қазынамызды ұрпақ игілігіне міндетті түрде пайдалану аса көкейкесті деп білеміз.

Бесіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы басшылық еткен басылымда сол кездегі қазақ оқығандарының, көзі ашық, көкірегі ояу алаш зиялыларының үн қатпағаны жоқтың қасы. Осыдан-ақ газеттің арқалаған жүгінің қаншалықты ауыр әрі жауапты болғандығын аңдау қиын емес. Алдымен, патша үкіметінің, кейін келе кеңес өкіметінің газет соңынан шырақ алып түсіп, ізін аңдуы, жөн-жосықсыз айыпқа тартуы, ақыр соңында үні жұрт құлағына жетпестей зынданда тұншықтырылып, тар қапаста «құлыпталып» ұсталуы бекерден-бекер емес. Халықтың көзі, құлағы һәм тілі қызметін адал атқарған «Қазақ» газетін санадан өшірмей, қазақтың ақыл-есін жаулау босқа төгілген термен тең екендігін жақсы ұғынған отаршыл пиғылдағы жүйе басылым үнін өшіру арқылы ойлаған мақсаттарына қол жеткізуге тырысып бақты. Белгілі бір дәрежеде ол армандары орындалды да. Қазірге дейін мәңгүрттік дертінен айыға алмай келе жатқанымыз, тіліміз бен дініміздің нашар халі, керек десеңіз, ел тәуелсіздігінің қадыр-қасиетін жете бағалай алмай отырғанымыз сол сепкен ұрықтың жемісі деп білеміз. Күні кеше ғана халқымыз көз жасын көлдей төккен, бейкүнә жандар қиянат көрген «қаңтар оқиғасы» да сол қасіреттен айыға алмай келе жатқанымыздың салдары демеске лажымыз жоқ.

Аурудан құлан-таза айығудың амалы кеселдің неден болғанын біліп, соған қарай ем қолдануда екенін «Қазақ» газеті көсемсөзшілері оқырмандарына жете түсіндіріп, жиі тілге тиек етіп отырады. Олай десек, кезінде соқыр саясат салдарынан жөн-жосықсыз жабылып қалған ұлттық рухани бұлақтардың көзін ашып, шөліркеген жұртына сусынын қандыра қызмет етуіне мүмкіншілік туғызсақ, елдік рухтың артуына септігін тигізерінен үмітсіз емеспіз, сеніміміз мол.

Алты жыл бойы алашына адал қызмет еткен «Қазақ» газетінің бай мұрасынан бүгінгі тірлігімізбен үндес, әлі де қоғамдық мән-маңызын жоймаған көптеген дүниелерді молынан кездестіруге болады. Олардың ішінде ел егемендігінің іргетасы қаланып жатқан бүгінгідей алмағайып заманда жолсыздан адаспай, өз даңғылымызды салып, ілгері озуымызға жол көрсетіп, ақыл қосатын құнды өсиет көп. Сөзіміздің жаны бар екенін сездіру үшін бір мысал келтірейін. Газеттің 1917 жылғы 226-санында «Ел еркі өзінде» деген бас мақала жарияланған. Авторы көрсетілмесе де, сөз саптау мәнеріне қарап,

туындының Ахмет Байтұрсынұлы қаламынан туғанын айыруға болады. Онда айтылар ойдың бүгінгі күнмен үндес, әлі де құнын жоймағанын дәлелдеу үшін мақаладан үзінді келтірейік: «Хакімдердің айдауынан, хакімдердің түрткісінен басқа түк көрмеген біздің қазақ не берсе, хакім береді, не істесе, хакім істейді деп мұрнын тескен тайлақтай жетекшіл болып қалған. Әлі де болса әркімнің жетелеуіне қараса, онда бостаншылықтың игілігін дұрыс көре алмайды. Өз тіршілігін өзі істеп, өз шаруасын өзі жөндеп, өз күнін әркім өзі көрген сияқты бостаншылық болған соң әр жұрт өзіне керек істің бәрін өзі істеу керек» [4 379].

Міне, ардақты алаш азаматының халқына арнау сөзі, ұрпаққа қалдырған өсиеті. «Айтылған айтқан жерде, жазылған жазған жерде құр сөз күйінде қалып, іс жүзінде көрінбесе, онан түк өнбейді» (А.Байтұрсынұлы) деп аманаттап кеткен ақыл-кеңесі. Осыны жадымызда ұстап, «бұл бостаншылық – көп жұрттың ер жетіп, іс білген-білмегеніне емтихан» екені туралы айтқан пікірін есте ұстап, санаға сіңірсек, ұтарымыз ұшан-теңіз болар еді-ау! «Жібекті ұстай алмаған жүн етеді» деген Ұлт Ұстазының сөзін ұмытып, «жақсы нәрсе жаманға айналуы оп-оңай екенін» санаға тоқымағандықтан еліміз кешегідей бүліншілікке ұшырағанын айтпасқа лажымыз жоқ. Ештен кеш жақсы деген, қателіктен сабақ алуды ел болашағын ойлаған басшылар мен қосшылар қаперде ұстаса игі.

Мың өліп, мың тірілген қаймана қазаққа қалтқысыз қызмет еткен «Қазақ» газеті қолымыздағы деректер бойынша патшалық Ресей монархиясының жергілікті жеметтерінің тарапынан алты рет сотталған. Соның бірінде генерал-губернатор Сухомлинов: «Қазақ» газеті редакциясы 3 500 сом (рубль) айып төлесін, я болмаса бас редакторы 2 ай абақтыда отырсын» деп шешім шығарғанын архив құжаттары растайды. Сонда Ахмет Байтұрсынұлының ол айып пұлды төлесек, онда қолдағы бар қаражатты тауысатындықтан газет шығуын тоқтатады, өйтетін болсақ, 6 миллион қазақ «көз, құлақ һәм тілінен» айырылып, залал шегеді, түрмеге қамалсам өзім ғана зиян көремін деп шешіп, абақтыға отыруға бел бууы ұлт жолында жанын құрбандыққа шалған нағыз көсем екенін айғақтайды. Ұлт журналистикасының негізін қалау оңайға соқпағанын, оның жолы ауыр болғанын, сол қиындықты жеңіп, ұлы даңғылды аманаттап кеткен Ахмет Байтұрсынұлы екенінің бұл да бір дәлелі. Ертеңгі ұрпақ оның жанкешті еңбегі мен ерлікке толы ісін ұмытпай, әрдайым үлгі тұтуы тиіс.

Осы орайда, тоқсан ауыз сөздің түйінін айтсақ, бұған дейін де бір емес, бірнеше жерде тілге тиек етіп келе жатқан мына тұжырымымызға тағы да бір назар аудартқанды жөн көреміз. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген Ахмет Байтұрсынұлы ілімінің маңызы зор. Бұл – теория. Оның мәнісі өте терең. Оны түсінетін уақыт туды. Алаш заманының қаруы болған газетті

кейіннен радио, телевидение толықтырып, қазір олардың қатарына интернет журналистика деген заманауи құрал келіп қосылды. Бір сөзбен бұларды бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) деп атаймыз. Бірақ, аты айтып тұрса да, олардың бұқаралығына маңыз бере бермейміз. Басқаша айтқанда, шын мәнінде «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып тұр ма, сол қызметіне адал ма дегенге көңіл бөлмейміз. Шындыққа тура қарасақ, қазір оларды бұқаралық емес, топтық ақпарат құралдарына айналдырып алғанымызды көрер едік. Бүгінгі БАҚ халықтан ажырап қалған, ат төбеліндей биліктің, одан қала берсе, қолында қаржысы бар байшыкештердің құралына айналғанын ел көріп отыр. Көпшіліктің газет-журнал оқымайтынының, радио тыңдап, телеарналардың бағдарламаларын көрмейтінінің түпкі себебі сонда. Олай болса, миллиардтаған қаржы шығарып, шаш етектен шығынға батудың, халық жеріген ақпарат құралдарын шығарудың қажеті қанша? Бұл ел қамын жеген жайсаңдарымыз бен жақсыларымызды қатты ойландыруы керек. БАҚ-тан қажетін таппаған халықтың еріксіз әлеуметтік желіге ойысып кетуінің мәнісі сондықтан. Ал әлеуметтік желі деген өте қауіпті қару. Оның ар жағында кім отырғанын, кімнің тапсырысы орындалып жатқанын біліп бола алмайсың. Дамыған елдердің халқы әлеуметтік желіні өсек аяңның, жалған ақпараттың алаңы деп қабылдап, шындықты дәстүрлі БАҚ-тан іздесе, бізде керісінше жағдай қалыптасқаны қорқынышты. Кешегі «қасіретті қаңтар» бүліншілігінің бір ұшы сонымен сабақтасып жатқанын айтудың өзі артық. Ендеше, қателіктен сабақ алудың өзі жақсылықтың бастауы десек, еліміздегі БАҚ-ты халыққа қайтарып, әлеуметтік институт ретінде дербес қызмет етуін қамтамасыз етуді күн құрғатпай қолға алу маңызды. Отандық БАҚ «Қазақ» газетінің тарихи тәжірибесін негізге алып, биліктің, я болмаса байлықтың қолжаулығы болмай, шын мәнінде «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» қызметін адал атқарса ғана халықты өзіне қаратып, ел тыныштығы мен тұрақты дамуына септігін тигізететінін ұғатын уақыт туды. Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының журналистика туралы ілімі осынысымен құнды.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қойгелдиев М. Оянған сана үні // «Ана тілі» газеті, 1990 жылдың 12 сәуірі;
2. Тайшыбай З. «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат // «Ақиқат» журналы, 2003 ж. №7;
3. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы // Ақ жол, 1923 жылдың 4 ақпаны;
4. «Қазақ» газеті материалдарының жинағы // Құрастырғандар: Сұбханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж. – 560 бет.

## А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ: БЕСТАМАҚ – ҚОСТАНАЙ - ҚАРҚАРАЛЫ

*Алмасбек Әбсадық*

*филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай университетінің профессоры*

*Альфия Хасенова*

*А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай университетінің магистранты*

Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырнамасында ерекше орын алатын кезең – ұстаздық-ағартушылық қызмет. Ұстаздықтың мерзімдік тұрғыдан ең ұзақ кезеңі – 1895-1909 жылдар аралығындағы ауылдық мектептердегі мұғалімдік қызмет. Ол Торғай облысының ауыл мектептерінде алдымен Ақтөбе уезі Бестамақ болысынан бастап, Қостанай уезінің Аманқарағай, Меңдіғара болыстары мен Қостанай қаласында ұстаздық етіп, 1902 жылы Ақмола облысына қоныс аударады. Мұнда ол 1904 жылдан бастап 1909 жылға дейін Қарақаралы уездік мектебінің меңгерушісі әрі мұғалімі болады.

Мұғалімдік мамандықты ол Орынбор мұғалімдер мектебінде 1891-1895 жылдар аралығында игереді. 1895 жылы жас маманды оқу әкімшілігі Торғай облысы, Ақтөбе уезінің Бестамақ болысындағы №2 ауылда 1894 жылдың 13 ақпанында ашылған «Арынғазиев мектебіне» мұғалімдік қызметке жібереді (Васильев, 1896, 160).

1895 жылы Аринғазиев мектебінен басталған мұғалімдік қызмет сатылап өсіп, ауылдан соң болыстық, одан соң екі кластық уездік мектеп мұғаліміне дейін жалғасады: «Начиная с 1 июня 1895 г., - писал А.Байтұрсынов в Жизнеописании», - служил учителем в разных местах Казахстана, в разных школах – сперва в аульных, потом в волостной и наконец, двухклассных» (ҚР ОМА, қ.81, тіз.1, іс.1652, п.11), Аринғазиев бастауыш мектебі Ақтөбе уезі басшысының кіші көмекшісі қызметін есаул әскери шенінде атқарған (Aitmuhambetov и другие, 2017, 98-99) сұлтан Аринғазиевтің қолдауымен ашылған деп жобалаймыз. Біздер есаул Аринғазиевті патша үкіметінің шешімімен Калугаға жер аударылған (Пиралиев, 1862, 5-6). Аринғазы ханның ұрпағы деп пайымдаймыз.

Бестамақ болысы «Арынғазиев мектебінде» ұстаздық еткен жылдары А.Байтұрсынұлы мұғалімдікпен қоса мерзімдік басылым беттеріне мәдени, әлеуметтік мәні бар алғашқы мақалаларын жариялай бастайды. 1895-1896 жылдары оның «Тургайская газета» бетінде (әзірге бізге белгісі) оның бірнеше мақалалары жарық көреді.



«Тургайская газета» басылымында қазақ фольклорына, этнографиясына, тарихына қатысты деректер мен танымдық мақалалар тұрақты жарияланып тұрды. Газет 1895 жылдың №25 санында далалық өлкелерде тұратын өз тілшілеріне қазақ арасынан ауа-райы туралы болжам сөздерді жазып алып, түпнұсқада немесе орыс тіліне аударып жіберулерін сұрайды. Газеттің бұл бастамасына жас ұстаз А. Байтұрсынұлы үн қатып, қазақтың күн райына қатысты айтылатын 36 түрлі болжам сөзін басылымға жолдайды (Байтұрсынұв, 1895, №39).

1896 жылы жас ұстаздың «Тургайская газетада» келесі бір мақаласы жарық көреді. Мақаланың атауы - «Корреспонденция (от нашего корреспондента) Бистамакская волость, Актюбинского уезда». Мақаланың мазмұнда ұлттың қамын тұтас ойлайтын ағартушы қайраткердің бейнесі белгі береді.

Газет «өз тілшіміз» деп айдар таққан автор қазақ даласында фельдшерлік пунктердің ашылып, онда жұқпалы шешекке (оспа) қарсы екпе егетін мамандардың қызмет ете бастағанын қуана хабарлайды (Байтұрсынұв, 1895, №60).

Мақаланың жазылған жері бізге ағартушының алғашқы ұстаздық еткен мекенін нақты белгілеуге мүмкіндік береді. Бұған дейін Ахметтанушылардың алғашқы буыны М.Дулатұлы ағартушының ауылдық мектептердегі қызметі Ақтөбе, Қостанай, Қарақаралы уезінде болғанын жалпылама түрде атап өткен болса (Дулатов, 1922, 20), М.Әуезұлы «Ақаңның елу жылдық тойы (юбилей)» деп аталатын мақаласында «Оқу бітірген соң әуелде мақсұт қылған жолмен ел ортасына барып қазақ балаларын оқытпақ ниетпен Ақтөбе уезі, Батпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылындағы ауылный школда барып оқытушы болған» (Әуезов, 1991, 18) – деп жазған еді.

Анықтамалық тарихи жазба деректерде Ахметкерей Косваков Бестамак болысының управителі ретінде белгіленген (Памятная книжка, 1899, 40)

А.Байтұрсынұлы Бестамак болысының №2 ауылындағы мұғалімдік қызметті, біздің болжауымызша, 1897-98 жылдарға дейін атқарады. 1899 жылға арналған, демек 1988 жылдың мәліметі енген, «Торғай облысының жадынамалық кітабындағы» деректе ол - Қостанай уезі Аманқарағай болысының Әуликөл ауылында (патшалық әкімшілік жүйесіндегі таңба бойынша №2 ауыл) болыстық мектеп мұғалімі. Мұнда аталмыш мектептің меңгерушісі болып Г.Е. Лапшин қызмет атқарады (Памятная книжка, 1899, 52).

А.Байтұрсынұлының Әуликөл мектебінде қанша уақыт қызмет жасағаны және оның нендей шығармашылықпен айналысқаны бізге беймәлім. Ел арасында оның осы кезеңдегі ғұмырнамасына қатысты ауызша деректер бар.

Әуликөлдегі болыстық мектептен кейін А.Байтұрсынұлы Қостанайға ауысады. М. Әуезовтің «...Қостанай уезіндегі Әуликөл деген жерде екінші рет оқытушы болған. Әуликөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласы...» (Әуезов, 1991, 18) деген ақпараты – осы ауыс-түйіске байланысты жазылған болса керек. Бірақ ұстаздың қай жылы Қостанайға ауысқанын нақты айта алмаймыз. 1902 жылы арналған «Адрес-календарь Тургайской области на 1902 год» атты статистикалық анықтамалықтағы деректерден оның Қостанай уезі Меңдіқара болысының №4 аулында орналасқан «Орынбаев (Урумбаев) мектебінде» және Қостанай педагогикалық класында мұғалім болып қызмет атқарғанын көреміз (Адрес-календарь, 1902, 76; 80). Демек, аталмыш деректерді саралай келе, ол Әуликөл болыстық мектебінде, шамамен, 1898-1901 жылдар аралығында қызмет атқарды деп болжаймыз.

Меңдіқара болысындағы Урумбаев мектебі қай жылы ашылды, мектепті ашқан Урумбаев деген кісі кім екендігі туралы ақпарат жоқ. А.Васильевтің 1896 жылы шыққан тарихи очеркіндегі ауылдық мектептер картасында «Орынбаев мектебі» аталмайды. Демек, Орынбаев мектебі 1896 жылдың 1 қаңтарынан кейінгі мезгіл-мерзімде пайда болған деп есептейміз.

Патшалық Торғай облысының статистикалық есептерінде Урумбаев мектебі 1898 жылдардан бастап «қылаң» бере бастайды. Мектептің орналасқан – Қостанай уезі, Меңдіқара болысы, № 4 ауыл.

А.Байтұрсынұлы «Урумбаев мектебінде» мұғалім бола жүріп Қостанай Педагогикалық класында оқытушылық қызметті қоса атқарады. Педагогикалық класс – ауыл мектептеріне жеделдетіп мұғалім дайындайтын курс. Екі жылдық мерзімге (курсқа) негізделген Педагогикалық класс ашу мәселесі Торғай облыстық әкімшілігі тарапынан 1894 жылы мәселесін көтеріліп, оны ашу үшін жергілікті қаражаттан 3000 руб. бөлу жоспарланады (Васильев, 1896: 157-158).

Жоспарланған оқу мекемесі 1897 жылы Қостанай қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебі жанынан ашылып, өз жұмысын бастайды. Оқу орнының ашылуы туралы «Тургайская газета» 1897 жылдың №108 санында арнайы хабарлама жазады. Онда Орынбор мұғалімдер мектебіне бөлінген 17 стипендияны Қостанай Педагогикалық класына ауыстыру мәселесі көтеріледі (Тургайская газета, 1897: №108).

Қостанай Педагогикалық класының айтулы түлектері ретінде С.Көбеев, М.Дулатовтарды атауға болады. А.Байтұрсынұлының Қостанай педагогикалық класында оқытушы болған кезінде оның кейінгі өмірбаянына үлкен өзгеріс жасаған бетбұрыс болады. Бетбұрыстың мазмұны мынадай: Педагогикалық класта мұғалім болған кезінде ол Торғай облысы халық мектептерінің инспек-

торы (1894-1902) атақты А.Е.Алекторовпен жақынырақ табысып, жолдас-жора болады.

А.Алекторов пен А.Байтұрсынұлының таныстығы алғашқыда сол мерзімді баспа бетіндегі мақалалар арқылы басталған деп санаймыз. Себебі жас ұстаз А.Байтұрсынұлының «Киргизские приметы и пословицы» атты тырнақалды туындысы жарық көрген «Тургайская газета» бетінде А.Алекторовтың «Құрманбай» атты мақаласы да жарияланады (Алекторов, 1895: №39).

А.Алекторов Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы қызметін атқарған тұста Қостанай қаласын мекен етеді. Бұл дәстүр тұңғыш инспектор Ы.Алтынсарин қызметі кезеңінен бастау алған еді (Әбсадық, 2021: [https:// www.abai.kz/post/137404](https://www.abai.kz/post/137404)). Ы.Алтынсариннен кейін инспектор болған А.Васильев те, оны 1894 жылы ауыстырған А.Алекторов та инспекторлық қызмет тұсында Қостанайды тұрақты мекен етеді.

Торғай облысының халық ағарту саласындағы қарқынды істері, әсіресе, көшпелі тұрмысқа қолайлы ауылдық мектептерді көптеп ашу тәжірибесі қазақ даласының өзге аймақтарының да назарын аударып, қызығушылығын тудыра бастайды. Ауыл мектептерінің жұмыс тәжірибесі мерзімді баспа бетінде де талқыланады. Облысқа тиісті «Тургайские областные ведомости» мен оның жексенбілік қосымшасы «Тургайская газетаны» былай қойғанда, Омбыдан шығатын Ақмола облыстық «Дала уалаяты газетасы» Торғай өңірінде оқу-ағарту ісінде атқарылып жатқан игі істі үлгі етіп жазады (Дала уалаяты, 1994: 545).

Халық ағарту министрлігі Торғай облысының білім саласындағы тәжірибесін Ақмола және Семей облыстарына қолдану үшін 1902 жылдың 4 наурызында А.Алекторовты Ақмола және Семей облысы халық мектептері директоры қызметіне бекітеді (ТОМА, қ.126, тіз.4, іс.1588, п.219).

А.Байтұрсынұлы 1902 жылдың 1 сәуірі күні Ақмола және Семей облысы халық мектептері директоры А.Алекторовтың атына директордың ісжүргізушісі қызметіне алу туралы өтінішін жазады. Өтініштің мазмұны екі бөліктен құралған. Бірінші бөлікте Орынбаев мектебі және Қостанай педагогикалық сыныбының мұғалімі А.Байтұрсынұлы директордан ісжүргізуші лауазымына өз кандидатурасын Батыс-Сібір оқу округінің басшысына ұсынуды өтінеді. Екінші бөлікте ол өзінің білімі туралы ақпарат береді және Торғай облысында 6 жылдық ұстаздық қызметті өтелгенін хабарлайды. Құжаттың соңына «Мұғалім Ахмет Байтұрсынов» деп қол қояды (ТОМА, қ.126, тіз.4, іс.385, п.2).

Өз кезегінде А.Алекторов А.Байтұрсынұлының өтінішіндегі ақпараттарды тілге тиек ете отырып, оның кандидатурасын Батыс-Сібір оқу округінің бас-

шысына ұсынады. Ұсыныстың хатталған мерзімі – 1902 жылдың 17 сәуірі, құжаттың жазылған мекені – Қостанай қаласы.

Ұсыныста ол мұғалім А.Байтұрсынұлының басқа мамандыққа және басқа облысқа ауысуына ешқандай кедергі жоқ, себебі ол 6 жылдық мерзімді өтеген деп жазады: «К сему считаю долгом присовокупить, что обязательный срок на должности учителя им высмержен и прияпятствий к его перемешению не имеется» (ТОМА, қ.126, тіз.4, іс.385, п.1).

Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы жұмысын тапсырған А.Алекторов 1902 жылдың 2 мамыр күні Омбыға келіп, Батыс Сібір оқу округінің басшысы Лаврентьевке ауденцияға рұқсат сұрап телеграмма жолдап, одан оң жауап алады (ТОМА, қ.126, тіз.4, іс.168, п.40). А.Алекторов жаңа қызметке жалғыз келмейді, оның қасында тамыр-досы ісжүргізуші А.Байтұрсынұлы болады. Бұған А.Байтұрсынұлының 1904 жылы Ішкі істер министрлігіне Торғай облысы тұрғыны ретіндегі салықтан босату туралы жазған өтінішінде «Распоряжением г.попечителя Западно-Сибирского учебного округа от 3 мая 1902 года за №1674 я определен на государственную службу с 1-го того же мая» (РМТА, қ.1291, тіз.84, іс.89, п.1), - деп жазған сөздері куә.

Омбы қаласында А.Байтұрсынұлының ғұмырнамасындағы жаңа кезең басталады. 1902 жылдың 1 мамырынан бастап 1904 жылдың күзіне дейін ол Омбы қаласында тұрады. Мұнда ол Алаш қоғалысының лидері Әлихан Бөкейханмен тығыз байланысып, оның баспаға дайындап жүрген Абай Құнанбаевтың қолжазба өлеңдерімен танысады (Байтұрсынов, 1991: 217).

Ә.Бөкейхан Байтұрсынұлының ақындық талантына тәнті болып, оның И.Крыловтан аударған мысал өлеңдерін баспа бетінен жариялау жолдарына көмектеседі. Бұл тұста ол Н.Потаниннен көмек сұрайды және оған А.Байтұрсынұлының бойында ақындықпен қоса суретшілік талант бар екендігін таңданыспен атап өтеді (Аққұлы, 2021: <https://abai.kz/post/132972> ).

1909 жылы ақынның И.Крыловтан аударған аудармалары «Қырық мысал» атты атаумен Петерборда жарияланады. Сол жылы Абай Құнанбаевтың тұңғыш рет өлеңдер жинағы, М.Дулатұлының «Оян, қазақ» кітабы жарыққа шығады. Бұл игі істерге жанашыр болған, оны ұйымдастырған, тікелей қолғабыс тигізген Ә.Бөкейханов екендігі сөзсіз.

1904 жылдың 9 қыркүйегінен бастап Батыс Сібір оқу округінің басшысының №124 бұйрығымен А.Байтұрсынұлы Қарқаралы уездік мектебіне ұстаз әрі меңгеруші болып тағайындалады.

Қарқаралыдағы ұстаздық қызметі кезеңінде А.Байтұрсынұлы саяси-қоғамдық қызметке араласа бастайды. 1905 жылы Ресей патшасы «17 қазан» манифестін жариялап, заң қабылдайтын парламент институтын

құру, азаматтарға саяси құқық пен еркіндік, атап айтқанда, сөз, ар-ұят, жиналыс, жеке тұлға еркіндігі мәселеріне рұқсат беріледі.

Қарқаралы уездік мектебіндегі қызметі тұсында А.Байтұрсынұлы аталмыш саяси өзгерістерге байланысты қоғамдық қайраткерлік қызметке араласа бастайды. Оның Қарақаралы кезеңіндегі күрескерлік қызметін М.Дулатов былайша баяндайды: «В начале XX в. живя в Каркаралах А.Б. принимает участие в революционных движениях: работая в первое время нелегально, а затем после обнаружения манифеста 17 октября 1905 г. являясь одним из видных и активных руководителей киргизских масс. Вскоре наступает реакция, революция уходит в подполье, а А.Б. продолжает работу в подпольных организациях. Однако подходит расплата: среди товарищей оказывается провокатор (Т.Чингисов), который и выдает А.Б. и других» (Дулатов, 1922: 20).

ҚР мемлекеттік орталық архивінде М.Дулатов «арандатушы Т. Чингисов» деп атаған кісінің «Жеке ісі» сақталған. Онда Семей губернаторына Қарқаралы уезі Ақсары болысының Итаяқ Саптыаяқов деген кісінің 1911 жылдың 20 қазанында жазған арызы тіркелген.

Онда Қарқаралы қаласының фельдшері Тәтімбет Чингисовті алаяқ, арандатушы, үкіметке қарсы кісі деп көптеген дәлелдер келтіре отырып, фельдшерлік қызметке Ж.Ақбаевтың көмегімен орналасқанын, 1904 жылы мұғалім А.Байтұрсынұлымен жақын қарым-қатынас орнатып, үкіметке қарсы насихат жүргізу үшін қаржы жинағанын, министр Булыгинның атына арыз жазған деп айыптайды (ҚР ОМА, қ.15, тіз.3, іс.410, п.122 айн.)

Арызға қол қоюшының аты-жөніне қарап арыздың анонимдік екенін болжауға болады. Қалай болғанда да, арандатушы Т.Чингисов өзі жасаған арамдығының құрбаны болған сынды.

1909 жылдың 1 шілдесінде А.Байтұрсынұлы Семей түрмесіне жабылып, онда жеті ай бойы жазықсыз отырады. А.Байтұрсынұлын түрмеден босатуға, оны арашалауға дос-жарандарымен қатар жұбайы Б.М.Байтұрсынова да белсене араласады (Имаханбет, 2010: 41).

Кадет партиясының мүшесі, I Думаның депутаты Ә.Бөкейхан Санкт-Петербургтегі «Речь» газетінде «Киргизский народный поэт в тюрьме. Из Семипалатиска» атты шағын мақала жариялауды ұйымдастырады. Мақала басылымның 1909 жылғы 19 қарашасындағы №318 санында жарияланады. Онда «Вздешней тюрьме томится 5-й месяц Ахмед Байтурсунов, талантливый киргизский поэт. В 1909 году он издал книгу «Крык Мысал – Сорок басен», перевод в стихах 40 басен Крылова», - деп басталған мақала түрмедегі А.Байтұрсынұлына айып тағылмағанын, Семей губернаторы Тройницкийдің айтуынша, ол мектеп жұмысында жіберген кемшіліктері мен 1905 жылы болған петицияға қатысқаны және I Дума депутаты Ә.Бөкейханов пен выбор-

щик Ж.Ақбаевтармен таныс болғандығы үшін жауапқа тартылып жатқаны туралы баяндай келіп, оны босату жөнінде жазылған арыздар губернатор тарапынан жауапсыз қалып отырғанын хабарлаумен аяқталады (Речь, 1909: №318).

1910 жылдың 21 ақпанындағы Ішкі істер министрлігінің қаулысымен оны қазақ даласынан тыс жерге 2 жыл мерзімге жер аударылсын деп әкімшілік жаза шығарылады. Қарқаралыдан кетерде А.Байтұрсынұлы орыс ақыны Ю.Лермонтовтың «Прощай, немытая Россия» деген атақты өлеңіне еліктеп:

Қош сау бол, Қарқаралы жуылмаған,

Айдай бер, қалса адамың қуылмаған, - деп басталатын өзінің туындысын жазады.

Үкімет тарапынан шыққан әкімшілік жазаны орындау ол 1910 жылдың 10 наурызында А.Байтұрсынұлы Орынбор қаласына келеді (ООМА, қ.21, тіз.9, іс.14, п.70-71 айн.). А.Байтұрсынұлының Орынборға екінші мәрте оралған кезеңінен бастап оның ауыл мектептеріндегі қызметі аяқталып, қайраткердің жаңа саяси мазмұнмен астасқан ағартушылық күрескерлік қызметі басталады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Алекторов, 1895 - Алекторов А. Курманбай // Тургайская газета. – 1895. 24 сентября. –№39

2. Адрес-календарь, 1902 - Адрес-календарь Тургайской области 1902 год. Издание Тургайского областного статистического комитета. Оренбург, Тургайская областная типо-литография, 1902 г.

3. Aitmuhambetov, Bekmagambetov и другие, 2017 - Aitmuhambetov, Bekmagambetov и другие, Formation of the Kazakh Employees in the Conditions of Russian Management Military-Administrative Model// Bylye Gody, 2017, Vol. 43, Is. 1.

4. Аққұлы, 2021 – Аққұлы С. «Қырық мысал» жинағы. «Тар жол тайғақ кешкен» тарих // <https://abai.kz/post/132972>

5. Әбсадық, 2021 Әбсадық А. Алтынсаринның отбасылық суреті қайда түсірілген? // <https://www.abai.kz/post/137404>

6. Әуезов, 1991 - Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы (юбилей) // А.Байтұрсынов. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев.-Алматы: Жалын, 1991.-464 б.

7. Байтұрсынов, 1895 - Байтұрсунов А. Киргизские приметы и пословицы //Тургайская газета. – 1895. 24 сентября. –№39.

8. Байтұрсынов, 1895 - Байтұрсунов А. Корреспонденция (от нашего корреспондента) Бистамакская волость, Актюбинского уезда. // Тургайская газета. – 1895. 21 февраля. –№60.



9. Васильев, 1896 - Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. Издание Тургайского областного статистического комитета. Оренбург, Типо-литография Н.Н.Жаринова, 1896.

10. Дала уалаяты, 1994 - Дала уалаятының газеті.-Алматы: Ғылым, 1994.-816 б.

11. Дулатов, 1922 - Дулатов М. Ахмед Байтурсунович Байтурсунов (Биографический очерк). Труды общества изучения Киргизского края. Вып. III, Оренбург, 1922 г.

12. Имаханбет, 2010 – Имаханбет Р. Человек века: творческая биография Ахмета Байтурсынова (по архивным данным). Монография. - Астана: «Педагогика-ПРЕСС», 2010.-304 с.

13. ҚР ОМА – ҚР Орталық мемлекеттік архиві

14. ООМА – Орынбор облыстық мемлекеттік архиві

15. Памятная книжка, 1899 - Памятная книжка Тургайской области. 1899 год. Оренбург, Типо-литография Н. П.Жаринова, 1899 г.

16. Пиралиев, 1862 - Султан Мендали Пиралиев. Из Зауральской степи // «День», 1862, №28.

17. РМТА – Ресей мемлекеттік тарихи архиві

18. Речь, 1909 - «Киргизский народный поэт в тюрьме. Из Семипалатинска» // Газета «Речь», 19 ноября 1909, №318, с.5

19. ТОМА – Томск облыстық мемлекеттік архиві

20. Тургайская газета, 1897 - Тургайская газета, 1897, №108.

## ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ РЕНЕССАНСЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

*Ербол Тілешов*

*Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық  
ғылыми-практикалық орталығының директоры,  
филология ғылымдарының кандидаты*

Қазақтың мұнын жеткізетін, әлеуметтік жайын, қоғамдық қарым-қатынастарын көрсететін басты халықтық мінбер сөз өнері болғандықтан, олардың баршасы әдебиеттен көрініс тауып жатты. Сондықтан да Қазақ Ренессансы өзінің толық мазмұнын осы сөз өнерінен тапты. Дегенмен Ренессанс сияқты аса ірі құбылыстың бір ғана сөз өнерінен байқалуы аздық ететін еді. Осы құбылыстың барлық негізгі сипаттарын көрсетуі үшін ол басқа салаларды да қамтымақ. ХХ ғасыр басында қазақ ойы өрісінің кеңеюі, жазба әдеби жанрлардың қалыптасуы, ғылымның тууы, театр өнерінің дүниеге келуі, ең бастысы, осыларды қалыптастыратын қазақ зиялы қауымының жалпы ортақ ұлттық мүдде жолында шоғырлануы ренессанстық белгілер болатын.

Әрбір халық тарихи даму үдерісіне және деңгейіне орай Жаңғыру дәуірін өткізеді. Әлемдік тарихнамада ол «Ренессанс» атауымен белгілі. Ренессанс әсіресе, өркениетті елдердің тарихында толығырақ зерттелген. Осыларды зерделейтін болсақ, онда Ренессанс құбылысының үш түрлі типін аңғарамыз. Біріншісі – VIII ғасырдан XIII ғасырға дейін жалғасқан Ислам дінінің адамгершілік қағидаларына негізделген және мәдениет пен ғылымның көптеген салалары ерекше дамыған «Исламның алтын дәуірі» немесе «Мұсылман Ренессансы» деп аталатын Еуропаға тікелей ықпал еткен Жаңғыру дәуірі. Екіншісі – антропоцентризмге негізделген XIV ғасырдан XVI ғасырдың ортасына дейін созылған Батыс Еуропадағы Ренессанс. Үшіншісі – отарланған халықтардағы алдымен ұлттың жағдайына, содан кейін адамның хәліне гуманистік көзқарас танытқан ренессанстық құбылыс. Әлемдік тарихтағы қалыптасқан осындай даму ерекшеліктерін ескеріп, біз қазақ жеріндегі жаңғыру құбылысын үшінші типіне енгіземіз. Сол себепті де оны «Қазақ ұлттық Ренессансы» деп атаймыз. Оны саяси-қоғамдық және мәдени үдерістері контекстінде қарай отырып, Алаш қозғалысымен тікелей байланыстырамыз. Бұл ұлттық Ренессансты ұғыну мен оған баға берудің ең басты алғышарты десе болғандай.

Мұсылман Ренессансы дәуірінде араб әлемінде білім беру, ғылым, әдебиет, өнер, мәдениет айрықша дамыды. Бағдат, Каир, Дамаск, Бұхара, Газна, Самарқанд, Хорезм, Исфахан, Нишапур, Балх, Кордова, Тебриз

сияқты қалалар әлемнің аса ірі білім мен мәдениет ошақтарына айналды. Әлемдегі ең алғашқы университет те Мұсылман елінде ашылды. Ол 859 жылы мароккалық ханшайым Фатима аль-Фихри Фесе қаласында ашқан алғашқы университет. Ал оның алдында IX ғасырдың 20 жылдары Бағдатта «Бейт аль-Хикма» атты Ислам академиясының негізі қаланды. Халиф әл-Мамұн ашқан бұл «Даналық үйіне» ғалымдардың айтуынша, Орта Азиядан, Иранныан көптеген оқымыстылар келіп жұмыс істеген. Білім мен ғылымның ренессанстық дәуірде шамшырағы болған бұл қалаларға Еуропаның, Азияның, Африканың көптеген елдерінен оқымыстылар жиналды. Солардың бірі қазақ даласынан келген әл-Фараби. Энциклопедиялық білімі, ғылыми еңбектері оны Исламның Алтын Дәуірінің көрнекті ренессанстық тұлғасы етеді.

Жалпы Мұсылман Ренессансы Батыс Еуропадағы Ренессанстың тууына, қалыптасуына айрықша ықпал жасады. Бұл жөнінде американ ғалымы Г.Тернер: *«Мұсылман суретшілері және ғалымдары, жұмысшылары мен князьдары бірегей мәдениетті жасады, ол барлық құрлықтарға тікелей және жанама әсер етті»* деп баға берді [1].

Еуропадағы Ренессанс тұсында адамзат баласының халықаралық қатынастары ерекше дамыды. Бұл ұлы географиялық жаңалықтардың дәуірі болғаны белгілі. 1492 жылы Христофор Колумбтың Американы, 1498 жылы Васко да Гаманың Үндістанға баруы, 1522 жылы Фернан Магелланның бүкіл жер шарын аралап шыққан атақты экспедициясы секілді мысалдардың өзі-ақ ренессанстық дәуірдің адамзатқа не бергенін жақсы түсіндіре алады деп ойлаймыз. Оларға қоса, Ренессанс өкілдері қатарында Данте, Галилей, Коперник, Бруно, Монтень, Роттердамский, Макиавели, Кампанелла, Шекспир, Сервантес, Микеланджело, Леонардо да Винчи сияқты адамзаттың ақыл-ойына, танымына аса зор үлес қосқан тұлғаларды атасақ, бұл дәуірдің өркениет тарихындағы маңызы аңғарылатын болады.

Мұсылман Ренессансында, одан кейінгі Батыс Ренессансында алдыңғы қатарға адам, адамның адамгершілігі, моралі, ойы, әрекеті, сезімі шықса, қазақ сияқты отарланған халықтың Жаңғыру дәуірінде ұлт пен адам тығыз сабақтастықта көрінді. Бұл отарланған Азия, Еуропа, Америка халықтарының барлығына да тән ерекшелік. Мысалы, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы Үндістандағы Бенгал Ренессансын айтуға болады. Оның басты тұлғасы Р.Тагор болды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдағы Болгариядағы осындай жаңғыру «Болгар Ұлттық Ренессансы» деп аталды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге боларлық. Жалпы мұндай халықтардағы Ренессанс дәуірі негізінен, ұлт-азаттық қозғалыспен бірге жүретінін аңғару қиын емес.

Алаш қозғалысы өзіне дейінгі барлық қозғалыстардан басты айырмасы, қажет болса, тіпті артықшылығы – оның интеллектуалдық-мәдени қозғалыс болуында. Әлбетте бұл Алаш қозғалысы саяси бағыттағы күрес дегенімізбен, оның негізінде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында заманауи білім алған қазақ зиялылары тұрды. Олардың ішінде гуманитарлық білім алғандардың үлесі үлкен болды. Егер қозғалыс жетекшісі Әлихан Бөкейханды ұлттық Ренессанс дәуірінің саяси көсем дер болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы оның рухани көсемі дейміз. Жалпы осы екі реформатор тұлға ұлтымыздың саяси және мәдени тарихына бетбұрыс жасаған тұлғалар болды. Осы арада біз қазақ Ренессансының бастапқы ерекшеліктері Абайдан кеңінен байқалғанын айтуға тиіспіз. Себебі, Қазақ ұлттық Ренессансының антропоцентристік, адамгершіл мұраттарын Ислам діні мен қазақ халқының ізгі дәстүрлерін синтездеген Абай тұлғасы және оның шығармашылығы дайындағаны белгілі. Бұл жөнінде біз «Абай және қазақ Ренессансы» еңбегімізде баяндағанбыз.

Әлемдік тарихтағы Ренессанстың тууы мен қалыптасуының формациялық алғышарттарына келсек, ол жалпы қоғамдық және мәдени құбылыс ретінде феодалдық қатынастардың капитализмге қарай бейімделе бастаған кезеңімен тұспа-тұс келеді. ХХ ғасыр басында қазақ даласында буржуазиялық қатынастардың орныға бастауы да Жаңғыру дәуірінің орнығуына тікелей ықпал еткен фактор.

ХХ ғасыр басындағы қоғамдық және мәдени үдерістерге баға беруде бұл кезенді «Ағартушылық» деп атап жүрміз. Бұл кеңестік кезеңде Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абайлардан бастап ХХ ғасыр басындағы М.Серәлин, С.Көбеев, С.Торайғыров және т.б. ақын-жазушыларға берілген анықтауыш. Оларды «Қазақтың демократ ақын-жазушылары» деп атадық. Оны олардың халықшылдығымен, сол кездегі түсінік бойынша «үстем тапқа» қарсылығымен түсіндіріп, маркстік – лениндік ілім негізіндегі соцреализмнің қағидаларын басшылыққа алдық. Осыдан жалпы қоғамдық, оның ішінде әдеби-эстетикалық дамудың табиғи үдерісін қасаң идеологияға бағындырдық. Бірақ тәуелсіздік тұсында бізде ғылым әдіснамасы қалыптаспағандықтан да сол бұрынғы үйреншікті танымнан әлі де толық шыға алмай жүрміз. Әлбетте, аталған кезеңде әдебиетте ағартушылық идеялардың болғаны рас. Дегенмен мұндай идеялар әдебиеттің бірден-бір даму жолы емес еді. Абайдың өзін ағартушы деңгейінде ғана қалдыру дұрыс емес. Бұл жөнінде Ғ.Есім: *«Ағартушылық» ұғымын санамызға сіңірген – большевизм идеологтары. Себебі олар өздерін қараңғы қазаққа өнер-білім әкелген ағартушылармыз деп жария еткен. Сонымен қатар олар қазақтар ішінен де ағартушылар іздестіре бастады... Сонымен тез арада ағартушылық*

концепциясы жасалып, шығармаларында әділеттілік туралы ой толғаған қазақ ұлдары ағартушылар болып шыға келді» деп жазады [2, 80]. Шынында да кеңестік кезеңде барлығын да жетекші идеологияға таңу, бейімдеу жайттары көп болғанын білеміз. Біз осы ескірген идеологиялық құрсаулардан шынайы ғылыми танымды аршып, тазалап алуымыз қажет. Қазақ ғылымында әсіресе тілтану, әдебиеттану, философия және ұлттың танымымен байланысты гуманитарлық-қоғамдық ғылымдардағы әдіснаманы қалыптастырмайтын болсақ, онда әлі де біржағынан ескі сұрлеуден шыға алмай, екінші жағынан қазіргі әртүрлі креативті деп саналатын идеялардың етегіне жармаса беретін боламыз. Мұндай жағдай қазір аталған ғылымдарда байқалып жүр.

Ағартушылық Абайдың шығармашылық болмысын толық таныта алмайтын сияқты Алаш зиялыларының да күресі мен шығармашылығын сипаттауға жете бермейді. Мәселе одан әлдеқайда кең. Соған орай ол кезеңге және сол кезеңге өмір сүріп, шығармашылық еткен тұлғаларды тек ағартушылық аясында ғана емес, кең ұғымдағы ұлттық Жаңғыру контекстінде қарастыруымыз қажет. Оның атауы халықаралық терминологияда «Ренессанс» делінеді. Бұл арада түсінікті болуы үшін мынадай жайтты ашып алуға тиіспіз. Батыс Еуропада Ренессанс жеке бір дәуірді, Ағартушылық жеке бір дәуірді сипаттайды. Осыдан тікелей келіп, «қазақ қоғамында да осы екі дәуір жеке болмады ма екен» деген орынды сауал шығады. Оған жауабымыз мынадай. Араб елдері, Батыс Еуропаның мемлекеттері көне дәуірлерден бастап қазірге дейін өздерінің ұлттық даму эволюциясымен өмір сүріп келеді. Ал, қазақ сияқты тарих жүзімен алғанда жасырақ және өзге мемлекеттердің отарында болған халықтар дамудың классикалық эволюциясынан толық өтпейді. Оның көптеген саяси, әлеуметтік және мәдени себептері бар. Сондықтан да мұндай халықтар тарихи үдерісте жоғарыда аталған халықтар ретімен, сатылап жүретін кезеңдерді толық емес ішінара ғана өтуі немесе белгілі бір уақытта бірнеше кезеңдерді қатар өткізуі мүмкін. Айталық, қазақ қоғамында Жаңғыру кезеңі аясында Ағартушылыққа тән барлық дерлік ерекшеліктер көрінді. Әдеби дамуға келер болсақ ХХ ғасырдың басында реализмнің сыншыл және ағартушылық формалары, романтизмнің әлеуметтік-консервативті, философиялық, төңкерістік ағымдары, сентиментализм, символизм, натурализм қатар жүрді. Халқымыздың даму тарихына және соған орай танымына орай Батыс Еуропа халықтары сан ғасырлар бойы басынан кешкен дәуірлер біздің әдеби үдерісте мейлінше сығымдалды. Қазақ Ренессансы мен Ағартушылығы сияқты үдерістер де осылайша жүрді. Сол себепті біз алдымен Абай шығармашылығында байқалған Ренессансқа тән белгілердің ХХ ғасыр басында тұтас үдеріске айналғанын айта келіп,

бұл кездегі ағартушылықты осы тұтастың бөлшегі ретінде қарастырамыз. Екеуін ортақтастыратын факторлар: халықтың мәдениетін көтеру, білімге үндеу, еңбек культін насихаттау, мінезін түзеу. Ал Ренессансты сипаттайтын факторлар: ұлтты ояту және біріктіру, ұлттық болмысты сақтау және дамыту, теңдік, бостандық, азаттық идеялары, өркениетті елдерден үлгі алу және солармен интеграцияға түсу, ғылымды қалыптастыру, мәдениетті күшейту, кәсіби білімге ие болу, ұлттық тарихты қорыту және одан сабақ алу. Міне, осындай міндеттер Қазақ ұлттық Ренессансын сипаттайды. Ренессанстың ағартушылықтан түбірлі айырмасы - Алаш зиялылары ұлт мәселесін тек әдеби-мәдени, философиялық тұрғыдан ғана қарастырмай оған саяси мазмұн дарытты. Себебі, халықтың азаттығы, адамның еркіндігі ғана шын мәніндегі Жаңғыру болатын еді.

Қазақ ұлттық Ренессансы өзінің тарихи миссиясына тән, біздің ойымызша, бірнеше ренессанстық тұлғаларды тудырды. Ренессанстық тұлға дегеніміз кім және қандай сипаттарымен ерекшеленеді деген сауалды қояр болсақ, онда былай деп жауап беретін едік. «Ренессанстық тұлға» дегеніміз адамның, халықтың адамгершіл болмысын бейнелеген және оны кеңінен насихаттаған, гуманистік идеяларды шығармашылығы мен күресінің арқауына айналдырған ұлттың тарихы мен мәдениетіне, өнеріне, білімі мен ғылымына үлкен дәуірлік бетбұрыс жасаған тұлға.

Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік, шығармашылық тұтас өмірбаяны оны аса ірі ренессанстық тұлға етеді. Егер Ақанның Алаш қозғалысы тұсындағы зор қайраткерлігін, ұлттық мектепті қалыптастырудағы ұстаздығын, ғылымның негізін салушы болғандығын, дәуір ұранына айналған көркем шығармалар мен публицистикалық еңбектер жазғандығын жіктейтін болсақ, онда оның жан-жақты тұлғалық қасиеттері Ренессанстың ең негізгі бағыттарын анықтағанын аңғарар едік. Ақанды «Ұлт ұстазы» деуіміздің астарында оның осындай дәуірлік көшбасшы болғанына лайықты бағамыз жатыр. *«Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын»* деген Мұхтар Әуезовтің бағасы оның ренессанстық тұлғасын танытады деп ойлаймыз [2, 69]. Әуезовтің осы мақаласында Алаш қозғалысына байланысты еш нәрсе айтылмаған. Кеңестік кезеңдегі заманның райы Мұқаңа оны айтудан сақтандырған.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихи тұлғасын қалыптастырған алғышарттар оның ренессанстық тұлға болуына тікелей қатысты. Біздің ойымызша, он-



дай алғышарттар қатарында мыналарды атауға болады. *Біріншіден*, ол бала кезінен отаршылдықтың зардабын көріп өскенін «Анама хат» өлеңінен және зерттеулердегі өмірбаяндық деректерден жақсы білеміз. Ақанның ат жалын тартып азамат болып қалыптаса бастаған кезеңінде ұлт оқығандары шоғырланып, отаршылдыққа қарсы күресті бастады. 1905 жылғы Ресейдегі төңкеріс, бостандық идеялары, қазақ жеріндегі алғашқы құзырхаттар, саяси басқосулар және осылардың нақ ортасында Ахмет Байтұрсынұлының болуы, оған белсенді түрде қатысуы оны қайраткерлік жолға түсірді. Мысалы, «Қарқаралы құзырхаты», «Қарқаралы шеруі». Осы кезеңде оның Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбаев, М.Дулатов сияқты ұлтының тағдыры үшін күрес бастаған тұлғалармен адами, рухани және саяси серіктігі ортақ мүдде үшін қайраткерлік тұлғасын қалыптастыра бастады. Бұл мәдени, ағартушылық күреске ұласып, 1913 жылы «Қазақ» газеті бетінде саяси-қоғамдық күреске, 1917 жылдың көктемінен бастап нағыз саяси күреске ұласты. Нәтижесінде аталған Алаш көсемдерінің және тағы да басқа қайраткерлердің күресі арқасында саяси мазмұндағы облыстық, уездік қазақ сиездерін, I, II жалпықазақ сиездерін өткізуге, «Алаш» ұлттық партиясының бағдарламасын жариялауға, партияның Семейден бастап бірнеше өңірде комитеттерінің ашылуына, Алашорда үкіметінің құрылуына, Алаш автономиясына алып келді. *Екіншіден*, Ренессанс тұсында ұлттық тілдер мен әдебиет жаңа деңгейлік сатыға көтеріледі. Айталық, VIII ғасырдың II жартысында және IX ғасырда араб тілінің әдеби стильдері қалыптаса бастады. Араб әдебиеті идеялық, жанрлық, эстетикалық жағынан жаңа белеске шықты. Осындай дамуды Батыс Еуропа Ренессансынан да аңғарамыз. Ортағасырлық латын тілінің орнына еуропалық тілдер ғылым мен мәдениетте қолданылып, олардың әдеби тіл ретіндегі нормалары жүйелене бастады. Дантенің өзі латын тілінің «жасандылығын» көрсетіп, итальян тілін мейлінше табиғи тіл ретінде бағалады. Әдебиет пен театр өнері айрықша дамыды. Қазақ ұлттық Ренессансында да Ахмет Байтұрсынұлы еңбегі арқасында қазақ тілі білімінің өмірге келгенін білеміз. Соның нәтижесінде алғашқы ұлттық әліпби, емле ережелері жасалды. Ахаң бастаған Алаш зиялылары қазақ тілінің тазалығы және сақталуы үшін аянбай күрескенін білеміз.

*Үшіншіден*, Ренессанстың басты белгілерінен саналатын білім мен ғылымның қазақ даласына кеңінен таралуына, қалыптасуына Ақаң тікелей атсалысқанын баршамыз білеміз. Оның ана тілінде білім беруді насихаттауы және тікелей соның мазмұнын жасауы, тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме сияқты ұлттық ғылымдардың негізін қалауы, сондай-ақ ғылыми мектеп қалыптастыруы нағыз ұлттық Жаңғыру болды. *Төртіншіден*, «Қырық мысал», «Маса» поэзиялық жинақтары арқылы гуманистік идея-

ларды, атап айтқанда тұтас халық пен жеке адамның болмысы мен бейнесін адамгершіл мұраттар негізінде көрсетті. Бұл ретте Абайдың ұлы гуманизмін Ахмет Байтұрсынұлына ықпал еткен идеялық-көркемдік фактор екенін атауға тиіспіз. *Бесіншіден*, ол халықтың мәдени деңгейі артып, басқа халықтармен мәдениет жағынан теңескенде ғана рухани бостандық пен саяси азаттық болатындығын еңбектерінде жиі жазды. Бұл да Ренессанстың үлкен ерекшеліктерінің бірі.

Әрі қаламгер, әрі қайраткер тұлғалардың өмірлік мұраты олардың жазғандарынан айқын көрініс табатыны сияқты, Ақаңның да азаматтық болмысы оның шығармаларында баяндалды дейміз. Қайраткер ақын:

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым,*

*Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.*

*Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім...* [3, 105]

дейді әйгілі өлеңі «Адамдық диқаншысында». Жалпы осы өлеңнің атауы сияқты оның мазмұны да Ақаңның ренессанстық тұлға ретіндегі автопортреті. Сондай-ақ: *«Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі», «Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы», «Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар: адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер»* [4, 220]. деген және тағы да басқа қаншама сөздері оның зор адамгершіл тұлғасын аңғартады. Егер Ақаң ұлтын соншалықты сүймесе және ондай перзенттік махаббат телегей білім, зор жігер және қажырлы қайратқа сүйенбесе, дүрбелең кезеңде туған елі мен халқы үшін өмірін қатерлі тәуекелге тікпес еді. Ұлт мұраты үшін әлдеқайда күшті, зорлықшыл үкіметке қарсы күреске шыққандардың барлығы да үлкен тәуекелшіл тұлғалар. Осы тәуекелдің арқасында Ақаң сияқты реформатор тұлғалар халқының даму бағытын тың арнаға бұрып, жаңаша тарих жасағандар. Бұл әлем тарихындағы барлық Ренессанстарға тән құбылыс.

XX ғасыр басындағы Қазақ ұлттық Ренессансының гуманизмі отаршыл Ресей империясының антигуманизміне деген қарсы реакция. Бұл жөнінде Ақаңның саяси және рухани серігі М.Дулатов: *«Бізді ұлтшыл қылған – кемдікте, қорлықта жүргеніміз көрінгеннен соққы жегеніміз еді»* деп жазған еді [5, ].

Отаршылдық антигуманизмнің бастапқы кезеңінде қазақ сан рет көтеріліске шығып, халықтық абыройы мен намысын қарудың күшімен қайтармақ болғанын да тарихтан жақсы білеміз. Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы және тағы да қаншама жүздеген көтерілістер жеңіліс тапты. Алаш зиялылары осындай оқиғалардан қорытынды шығарып,

XX ғасыр басында саяси және мәдени күресті таңдады. Бұл сол кездегі тарихи мүмкіндіктер шегіндегі ең дұрыс таңдау болатын.

Тарихи деректерден Алаш қозғалысына тыйым салынған уақыттан соң тағы да туған халқының амандығы мен тағдыры үшін Ахмет Байтұрсынұлының төңкерістік комитет құрамына енгенін білеміз. Осы кезде ол кешегі империалистік мазмұндағы сияқты тағы да большевиктік антигуманизмді көрді. Бұл қазақ сияқты халықтарға әлі де шекесінен қарайтын, сонымен бірге таптық платформадағы антигуманизм еді. Билікке жаңадан келген большевиктердің осындай антигуманизмі Ақанның «Төңкеріс және қырғыздар», «Ленинге хат», «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» еңбектерінде жан-жақты баяндалды. Айталық, орыс тілінде жазылған «Төңкеріс және қырғыздар» мақаласында қазақтың жағдайын баяндай келе: *«Олар бірінші төңкерісті қанишалықты шаттықпен қарсы алса, екінші төңкерісті соншалықты үреймен қарсы алды... Бірінші төңкерістің дұрыс түсіністікпен, қуанышпен қарсы алынуы, ол қырғыздарды патша үкіметінің езгісі мен зорлығынан құтқарса, екіншіден, олардың мәңгілік арманы – өзін-өзін басқаруға деген үмітін күшейтті... Қазан төңкерісі өзінің сыртқы әрекеттері арқылы оларға қорқыныш билетті»* деп жазды [6]. Большевиктік антигуманизмді айыптау, оның жоғарыда аталған еңбектерінде тікелей жалғасын тапты. Мысалы «Ленинге хатында»: *«...жергілікті коммунист жолдастар қазақтарды ешнәрсе түсінбейді деп ойлайды, құйтырқы саясатқа салып, еңбекші қазақ халқына олардың тұрмысын кеңестер негізінде құруына туысқандық көмек көрсетуді ұсынбай, қайта оларға әр түрлі қулықпен өз үстемдігін танытып отыр»* десе [7,23 ], «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» мақаласында: *«Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни, халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес»* деп ұлт зиялыларының шынайы азаматтық болмысын дәл сипаттайды [4,182].

Қазақ ұлттық Ренессансын қалыптастырған тұлғалардың көпшілігі әмбебап тұлғалар еді. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханнан бастап жас буын өкілдері Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгерұлы, Мұхтар Әуезовке дейін ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, әсіресе, мәдени күресте туған халқы үшін тарихи үлкен дәуірлік жұмыстар атқарған қаламгер қайраткерлердің табиғи дарыны жан-жақты болғанын баршамыз жақсы білеміз.

XX ғасыр басындағы Алаш әдебиетінің өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі де әдебиеттен үлкен айырмашылықтарының бірі – ондағы көркемдік әдістердің, соған орай әдеби ағымдар мен бағыттардың алуандығы. Мұндай әдеби құбылыс қазақ ойының өмір шындығын бейнелеудегі алуан көркемдік және идеялық тәжірибелерін аңғартса керек. Адамды, қоғамды әр қырынан ғана емес, әртүрлі көркемдік әдістер арқылы бейнелеу ұлттық сөз өнердің өскенін көрсетеді. Осы кезеңде туып қалыптасқан сентиментализм, символизм, натурализм һәм дәуірдің ең басты көркемдік әдістері болған романтизм мен реализм және олардың ішкі ағымдары әдебиет өкілдерінің өмірді әртүрлі ракурста, әртүрлі көркемдік шешімдер арқылы танығанын паш етеді. Осы кезеңде жарық көрген жалпы адам құқығына, әйел теңдігіне арналған өлең, поэма, әңгіме, повесть, роман жанрларының пайда болуы да қазақ қоғамындағы гуманистік идеяның өрістеуімен тікелей байланысты екенін айтуға тиіспіз.

Ұлттық Ренессанс тұсында алғашқы жаңа әдеби, публицистикалық жанрлар қалыптасты. Сөз өнерінің өскендігін байқататын әдеби сын пайда болды. Қазақ баспасөзі, қазақ театрының негізі де осы кезеңде қаланды. Алғашқы тарихи мақалалар жазылды. Кеңес дәуірінде жарық көрген тарихи кітаптардың авторлары да Алаш қозғалысына қатысқан Мұхаметжан Тынышбаев, Санжар Асфендияров сияқты қайраткерлер болды. Математика, медицина, физика, геометрия, география, биология, химия тағы да қаншама ғылым салалары Алаш зиялыларының ойы мен еңбегінің жемісі екені бүгіндері бағалануда.

Ұлттық ғылымның туып қалыптасуы сол халық үшін қашанда аса ерекше құбылыс. Ол халықтың есейгенін, ақыл-ойының жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін айқын көрсететін мысал. Білімі мен ғылымы бар халық әлемдегі заттар мен құбылыстардың сырлары мен құпияларын тани бастайды, оның өмірі мейлінше жеңілдеп білімінің арқасында жаңа кәсіптер мен мамандықтарды игереді. Оны өміріне жарата бастайды. Бұл үлкен прогрессивті қадам. Жүздеген жылдар бойы таза аграрлық ұлт болып келген қазақтың халықтық санасы ұлттық Ренессанс кезеңінде айрықша өсті. Алаш қозғалысын қалыптастырған зиялылар Мәскеу, Петербор, Ыстамбұл, Каир, Варшава, Қазан тағы да басқа ондаған қалалардың жоғары оқу орындарында білім алды. Олар тарихымызда жоғары білім алған ең алғашқы кәсіби мамандар еді. Алған білімі мен білігін халықтың қажетіне риясыз барынша арнау сияқты саналы әрекет Алаш зиялыларының барлығына тән азаматтық, қайраткерлік кредо іспетті болды.

Ренессанстық белгі ретінде қазақ баласының жалпы әлемдік кеңістікті тануы да осы кезеңнен басталады. Бұл үдеріс ең алдымен қалыптаса

бастаған жазба әдебиетінен көрінді. Атап айтқанда, публицистикалық мақалаларда, ғылыми еңбектерде, ал әдебиетте аудармалар арқылы аңғарылады. Ұлт-азаттық көтеріліс қайраткерлері Жапония, Германия, Америка тағы да басқа мемлекеттер жөнінде танымдық еңбектер жазды. Олардың мақсаты өнерге, білімге, кәсіпке бет қойған жұрттарды қазаққа үлгі ету еді. Көркем әдебиетке келсек, Алаш көсемдері Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлынан бастап барлығы дерлік аудармамен шұғылданды. Осы кезеңде орыс әдебиетін айтпағанның өзінде Будда, В.Шекспир, Гете, Шиллер, В.Гюго, Мопассан, А.Дюма, Р.Тагор, Дж.Лондон және тағы да басқа шетел классиктері қазақ тіліне аударылды. Алаш зиялыларының публицистикалық, танымдық, ғылыми еңбектерімен танысу барысында олардың дүниежүзінің тарихынан мол мағлұматы болғанын және сол дәуірдегі саяси, қоғамдық, мәдени оқиғалардан жақсы хабардар екенін анық аңғаруға боларлық.

Қазақ ұлттық Ренессансы қоғамдық ой мен мәдениеттің жаңа дәуірін бастады. Оның тууы мен қалыптасуындағы Ахмет Байтұрсынұлының, жалпы Алаш зиялыларының тарихи рөлі алдағы уақытта байыптала беретініне сенім мол. Себебі, қазақ тарихындағы осынау аса ауқымды үдерістің себебі мен сипатын қаншалықты танысақ, біз соншалықты сол дәуірдің және соны жасаған тұлғалардың қайраткерлік және шығармашылық ерекшеліктерін толық тани алмақпыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Золотой век Ислама // <https://ru.wikiquote.org/wiki/>
2. Есім Ғ. Хакім Абай. Астана: Фолиант, 2012
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы: «Ел шежіре» – 2013
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 5 т. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.
6. Дулатов М.Бес томдық шығармалар жинағы.
7. Байтұрсынов А. Революция и киргизы. Жизнь национальностей. №3, 1919
8. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 6 т. – Алматы: «Ел шежіре» – 2013

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

### ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

<b>Қойгелдиев М.</b> Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызметіндегі бірзділік туралы.....	5
<b>Құрманбайұлы Ш.</b> Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасын зерттеудің бүгінгі мен болашағы.....	21
<b>Ісімақова А.</b> Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш әдебиеттануы.....	29
<b>Қамзабекұлы Д.</b> Алаш ағартушылығы және Ахмет Байтұрсынұлы құбылысы.....	43
<b>İbrahimov E.</b> Qazax milli-әdәbi düşncәsinin inkişafında Әhmәd Baytursunoğlunun rolu.....	51
<b>Фазылжан А.</b> Ахмет Байтұрсынұлының пассионарлық тұлғасы: ғалым, ғалым-ағартушы, ғалым-қайраткер.....	56

### СЕКЦИЯ 1

#### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<b>Жақыпов Ж.</b> Ахмет Байтұрсынұлының синтаксистік іліміндегі көрегендік.....	76
<b>Biray N.</b> Ahmet Baytursinuli ve bir milletin geleceği: çocuklar ile gençler.....	82
<b>Тугай Т.</b> Ахмет Байтұрсунов и наркомат просвещения КАССР в первые годы советской власти.....	90
<b>Жалмаханов Ш.</b> Ахмет Байтұрсынұлы және лингвистикалық түркітану.....	105
<b>Салқынбай А.</b> Ахмет Байтұрсынұлы және әлемдік тіл білімі.....	111
<b>Күдерінова Қ.</b> Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамасы.....	122
<b>Жұбай О.</b> Қазіргі қазақ тіл біліміндегі инновациялық парадигмалардың Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерімен сабақтастығы.....	133
<b>Момынова Б.</b> XX ғасыр басы: төте жазу алғаш сыналған «Қазақ» (1913-1918) газетіндегі кейбір орфографиялық ерекшеліктер және тыныс белгілері туралы.....	146



<b>Ермұхамет М. Ахметтанудың жаңа көкжиегі.....</b>	<b>156</b>
<b>Еркінбай Ұ. Жаһандық сөз өнері контекстіндегі Ахмет Байтұрсынұлы тұлғалары.....</b>	<b>161</b>

## СЕКЦИЯ 2

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

<b>Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы әдеби үдеріс және Ахмет Байтұрсынұлының әдеби мұрасы.....</b>	<b>177</b>
<b>Смағұлов Ж. Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық танымы.....</b>	<b>189</b>
<b>Шаңбай Т. Еркіндік фәлсафасы: хакім Абай және Алаш алыптары.....</b>	<b>197</b>
<b>Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және «Қазақ» газетінің феномені.....</b>	<b>219</b>
<b>Әнес Ғ. «Азамат» серіктігі – «Алаш» саяси партиясының ұйытқысы.....</b>	<b>235</b>
<b>Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік мұрасы.....</b>	<b>241</b>
<b>Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының зерттелуі мен зерделенуі.....</b>	<b>264</b>
<b>Сақ Қ. Ахмет Байтұрсынұлы ұлт журналистикасы теориясының негізін қалаушы.....</b>	<b>273</b>
<b>Әбсадық А. Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық жолы: Бестамақ – Қостанай – Қарқаралы.....</b>	<b>280</b>
<b>Тілешов Е. Қазақ ұлттық Ренессансы және Ахмет Байтұрсынұлы.....</b>	<b>288</b>

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЛАШТЫҢ  
РУХАНИ КӨСЕМІ»**

*халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының материалдар  
жинағы*

Корректор – А.Қадырхан  
Компьютерде беттеген – С.Баубек

Беттеуге берілген күні 11.02.2022 ж.  
Басуға қол қойылған күні 22.02.2022 ж.  
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 24,4  
Таралымы 200 дана